

Есенғазы Қуандық

Қазақстан тарихы



Есенғазы Қуандық

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

*(XX және XXI ғасырдың алғашқы жылдарындағы
республика тарихының өзекті мәселелері
бойынша лекциялар)*

**Жоғары оқу орындарында несиені жүйесі
бағдарламасымен оқитын студенттерге
магистранттарға арналған оқулық**

Толықтырылған екінші басылымы

Н. Мұқаметханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор
С. Өзбекұлы – ҚР Заң ғылымдары академиясының президенті және академикі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай сыйлығының лауреаты.

Қуандық Е.С.

Қ 71 Қазақстан тарихы (Кеңес дәуірі және тәуелсіз Қазақстан): Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК “Дәуір”, 2012. - 512 бет.

ISBN 978-601-217-316-1

Кеңес дәуірінде жазылған Қазақстан тарихы ғылымының негізін құраған көптеген тұжырымдар мен болжамдардың уақыт сынынан өте алмай қалғандығы ақиқат. Қазіргі тәуелсіздікке жеткен тұста қазақ тарихын біртұтас дүниежүзілік тарих ғылымының ажырамас бөлігі ретінде қарастыру кезек күттірмейтін міндетке айналды. Өйткені мұндай қадам жас ұрпақты жадағай идеологиялық ұрандардан, жалған түсініктерден арылтып, оларды өз халқының ұлттық мүддесі туралы ойлауға жетелейді.

Ұлттық сананың іргетасын әрқашан тарих ғылымы қалайды. Бертінге дейін ол әртүрлі саясат пен идеологияның тапсырмаларын орындаумен шектеліп, құрсаудан шыға алмай келді. Өткен тарих кеңестік кезеңнің ыңғайына жығылып сыңаржақты марапаттау әдісімен ғана жазылды. Автор осы еңбекті жазу барысында аталған кемшіліктерден мүмкіндігінше арылуға, бұрын оқулықтарда жазылмай келген көптеген мәселелерді уақыт талабына сай шамашарқынша көтеруге тырысты. Әрине, көтерілген мәселелер толық зерттеліп бітті, жазылған пікірлердің барлығы ақиқат деуден аулақпыз. Өйткені тарихи оқиғаларды толық етіп зерттейтін кейбір фактылар, құжаттар мен мұрағат деректерін әлі де еркін, қалағанынша пайдалануға болмайтын жағдайдан шыға алмай келеміз... Оқулыққа енбей қалған материалдар, толықтыруды қажет ететін тақырыптар, дәлелдей және нақтылай түсуді керек ететін тұстары әлі де жетерлік...

Оқулық жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, тарихшы-оқытушыларға және жоғары оқу орындарына түсуші-талапкерлерге ұсынылады.

УДК 94(574+07)
ББК 63.3(5Қаз)я7

© Бағиева Ш. М., 2012
© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2012

ISBN 978-601-217-316-1

АЛҒЫ СӨЗ

Тарих деген мазмұны терең рухани ұғымның адам санасының, дүниетанымының, елдің, ұлттың хал-ахуалының дамуына, қоғамдық қарым-қатынастардың дұрыс қалыптасу дәрежесіне тигізер әсері ерекше. Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болуы да тіпті де мүмкін емес.

Ал осы тарихтың маңызы қандай екендігін Алаштың ардақты азаматы Міржақып Дулатов кезінде дәлелдеп кеткен.

Ол «тарих дейтін-бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын; бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын ғылым. Қазақтың көбі оны «Шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарих атауын ең оңды атау деп біледі. Тарих-түзу жөнді үйретуші. Тарих-халықты түзу жөнге сілтеуші болса, оған дүниеде түзушіліктің кітабы (әділеттіліктің барометрі, қосқан мен Е.Қ.) тіршіліктің жолбасшысы деуге болады». Келешек күннің қандай болатындығын білуге тарих анық құрал болады.

Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ұлт қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Егер бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар қатарында кем, қор болмайтын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс.

Тарихтың айтатыны мынау: біздің бұрынғы бабаларымыздың кім екендігі, олардың дүниеде не істеп, не бітіретіндігі, қандай құты барлығы, ол құтты не орынға жұмсағандығы; істеп жүрген ісінің қайсысынан пайда, қайсысынан зардап көргендігі; бұрынғы бабаларымыздың досы-дұшпаны кімдер болғаны, не себептен бағы тайғандығы және осыған ұқсас істердің барлығын тарих түсіндіріп тұрады. Бұрынғы бабаларымыздың басынан кешкен жақсы-жаман қандай уақиға бар болса, оның бәрінің өзіндік себебі болған. Со секілді келешекте біздің басымызға түсетін сондай бір оқиғалар осы күнде қылып жүрген ісіміздің нәтижесі болмақ.

Тарихты оқысақ, онда қандай істен қандай нәтиже туатынын анық білеміз. Жақсы істен - жақсылық, жаман істен - жамандық тұмақшы.

Егер тарихты оқып білсек, пайдалы істің қандай екенін білеміз. Залалды істен қашамыз. Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз. Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады».

Күні бүгін дүниеде ешбір нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Әр нәрсенің түбі тексерілді, асылы білінді. Білімі артық, көзі ашық жұрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін тексеріп болып, барлығын кітапқа жазды. Бөтен жұрттар қатарында ала бөтен біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы толық жазылған жоқ. Бүгін Азия картасының төрттен біріне ие болып тұрған қаншама миллион қазақтың тарихы көмескі қалып та тұрған жайы бар.

Тарих ғылымында қанша тарих жазушылар шығып, қаншама кітап жазып шығарды. Солардың арасында қазақтың асылын анық қып айтатыны жоқ. Арабша, түрікше, орысша біз көрген кітаптарда қазақ турасында жазылған сөздердің бәрі де хақиқатқа хараб, шіп-шикі өтірік, - деп жазуы тегін болмаса керек.

(М.Дулатов. Түрік баласы. «Қазақ», 1913ж. №2, №7)

Қазақ зиялысының тарихқа берген бұл сипттамасы, Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихын ол жерді мекендеуші барлық ұлт өкілдерінің, яғни республика азаматтарының барлығының оқып білуін міндеттейді. Сондықтан бұл пән мемлекеттік маңызы бар үлкен шара ретінде бағаланып, барлық жоғары білім беретін оқу орындарында оқытылып отыр. Біз өткенімізге үңіліп одан сабақ алмасақ, онда келешектегі бағыт-бағдарымызда қателіктерге ұрындыратын жағдайларға жол беруіміз мүмкін. Сондықтан осы қағиданы терең түсініп, оны бағалай білуіміз қажет.

КІРІСПЕ

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі әміршіл-әкімшіл жүйе ықпалымен қалыптасқан тарих ғылымын, ондағы ақиқатты бұрмалап, біржақты көрсетіп, ақты - қара, қараны - ақ дегізген оқиғаларды, қызыл идеологияның тегеурінімен жасалған теориялық қорытындыларды қайта қарауды талап еткен жаңа тұжырымдардың көбеюіне ықпал етті.

Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттері аз болмаған, ол туралы қызыл идеологияның дәурені жүріп, дәуірлеп тұрған кезінде ашық айтылмады, бәрі де бұркемеленіп көрсетілді. Айтуға, жазуға талпынғандар жазаланды. Кеңестер дәуіріндегі әкімшіл-әміршіл жүйенің билігі кезінде тарихи оқиғаларға, қоғамға, сол кездегі тіршілікке, басшы қызметкерлердің іс-әрекеттеріне, кісілікке, көсемдікке, әділдік пен зорлыққа берілетін баға кесіліп-пішіліп, өңі айналдырылып, өзгертіліп берілгендігі бүгінде ешкімге құпия емес-ті. Осы шырылдаған шындықты халқымыз тек тәуелсіздігін алған сәттен бастап қана оқып, білуге мүмкіншілік алды. Бүгінде өз тарихымызды жан-жақты білу және зерделеу, тәлімінен үйрену, одан сабақ алудың келешек үшін маңызы зор болып отыр. Осы өткен тарихи оқиғалардың маңыздылығы туралы өзінің «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген еңбегінде Елбасы Н.Назарбаев: «Яғни өткенімізді тұтас күйінде, ешқандай боямасыз, қоспасыз, қаз-қалпында қабылдағанмыз ләзім. Ал өткен жылдар шежіресін үнемі әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену үшін қажет»-деп баға берген болатын.¹

Міне, сондай көкейкесті шытырман оқиғаларға, саяси науқандарға толы тарихи кезең-ол XX ғасыр оның ішіндегі Кеңестер Одағының социализм құруды іс жүзіне асыруды қолға алған жылдар. Тарихшы ғалымдардың осы кезенді жан-жақты зерттеп, оның тағлымынан ұрпақ игілігіне жарататын құнды жаңалықтар ашуға талпынулары да заңды құбылыс болып есептеледі, өйткені бұл кезеңнің тарихи маңыздылығы оның тәуелсіз Қазақстанның өткендегі, алдағы тағдырымен тікелей байланыстылығында.

Сталиндік тоталитарлық билік моделінің Кеңестер Одағында үстемдік құруы, ондағы халықтарды қорқытып-үркітіп, үрейлендіріп, ұлттардың табиғи бейнесін жоюға тырысқан казармалық социализмді өмірге әкелді. Жалған интернационалистік қағидалармен қаруланған әміршіл жүйе өз саясатын жүргізуге лайықты, оны қолдап-қолпаштайтын жасанды идеологияның қызметіне сүйенді. Билік басындағыларға халық мұңын жеткізу мүмкіндігі болмады. Шындық бұрмаланды. Тарихтағы сол бұрмалаушылықтың зардабы күні-бүгінге дейін осы халықтың қоғамдық даму жолына зиянын тигізіп келеді.

Қазақ халқы адамзат қоғамына өз дүние танымымен ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрлерінің даралығымен енгендігі тарихтан белгілі. Тек бертін келе ғана ол белгілі бір объективті және субъективті себептерге байланысты көршілес жатқан алып империя Ресейдің боданына айналған. Осы үш жүз жылдық бодандық дәуірде, әсіресе Кеңестер заманында қазақ халқының ұлттық бет-бейнесі жан дүниесі, психологиясы өзгертіліп, алғашқы рухани байлықтарынан, болмысынан ажыратыла басталды. Бұл халықтың ұлттық, мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сақтауы, «ұлтшылдыққа» баланды. Кеңестер дәуірінің осы 20-30 жылдарында социалистік қоғам құруды желеу еткен большевиктердің коммунистік идеологиясы ұлттық болмысқа ақау түсірді. Қазақ халқының дүниетанымына жат пиғылға толы «жаңалықтар» енгізіліп, зиян келтірілді. Ұлттың табиғи болмысын еріксіз өзгертетін, оны біртіндеп білдіртпей тоздыратын әккі саясаттың идеологиясының күшімен халық санасына сына қағылған да осы жылдар еді. «Ерікті республикалар Одағы» деп аталған КСРО-ны өмірге әкелген сталиндік басқару жүйесі өз қарамағындағы одақтас республика Қазақстанның, ондағы халықтың бей-берекетін шығарды. Осы саяси жүйе социализм құру барысында қазақтарға ұлттық салт-дәстүр жолымен өмір сүруге тиым салып, кедергі жасады. Аталған жылдары қазақ ұлтының тұтастығына дәнекер болып келген тіл мен дінге шабуыл басталды. Ғасырлар бойы өмірлеріне рухани азық етіп келген мұсылмандарды дінінен аластау мақсатымен Кеңес үкіметі «Құдайсыздар қоғамын» құрып, бұрында тарихта болмаған қиянатқа барды. Тәуелсіздігі жоқ халық осылай тәуірінен айырылып, Орталыққа жалтақтап екінші сортты ұлт күйінде өмір кешті. Өркениет төрінен орын алуға лайықты ұлттық тәрбиенің нәрлі тамыры, жасанды идеологиямен қоректендіріліп, социалистік

қоғамның жаңа адамдарын тәрбиелеуге бағытталған саясаттың тапсырмаларын орындаумен ғана шектелді. Осындай тәрбие көргендер Отанды сүю, имандылық, үлкенді қадірлеу, ата-ананы сыйлау секілді қазақ халқына тән асыл қасиеттерді діншілдікке, ұлтшылдыққа жатқызып одан шошынып өсті. Сөйтіп социализм қазақ халқының дәстүрлі дамуына кедергі жасады. Қазақ даласында ел басқару жүйесі ғасырлар бойы сұрыптальп, өз қисынын тауып келсе, большевиктердің оны қиратып, социалистік басқаруды (пролетариат диктатурасын) енгізуі бұл халықтың табиғатына мүлде жат болды. Мұндай әнербақан бассыздық әрекеттер сол кездегі әміршіл-әкімшіл жүйеден қолдау тапты. Социализм демократияға қарсы келді. Ондағы «бостандық», «теңдік» ұғымдары жай жалаң ұрандар күйінде қала берді. Осындай жалғандық аясында өмір сүрген қазақ елінің, өз билігі өзінде болмауынан және бодандық саясаттың кесірінен оның ұлттық келбетіне дақ түсе бастады. Қазақтар өз бетімен өмір сүруге қаблетсіз халық ретінде танылды.

Өткен тарихымыздан, оның ішіндегі халықты күйзеліске душар еткен жоғарыда аталған «ақтандақтарынан», хабарсыз болу немесе оған немқұрайды қараушылық, қазіргі саяси өмірде де дұрыс жолдан адастырып сол бір қателіктерді қайталауға әкеп ұрындыруда. Сондай-ақ, ұлттық саяси санамыздың жетілуі үшін де тарихты танып, білу әбден қажет екендігін бүгінгі өмірдің өзі көрсетіп отыр. Осы орайда сталинизмнің қазақ халқы үшін отаршылдықтың жаңа бір формасы болғанын, оның ең ауыр зардабы сол, олардың санасын тұмшалап тұншықтырып тастауы еді. Осындай бодандық психологияның салдарынан күні-бүгінге дейін халқымыз өзінің ұлттық мүддесі жолындағы күресте дәрменсіздік танытып, жалтақтық көрсетуде. Мұндай дәрменсіздікті тудырып отырған тағы бір фактор-ол ұлттық алауыздық. Сонымен бірге социалистік қоғам құру барысында Кеңестер тәрбиелеп шығарған «шолақ белсенділердің» өз халқына жасаған қиянаттары да аз зардап шектірмеді. Тоғышарлық пен надандықты бойына сіңірген олар халық, ұлт мүддесін ойлағансып, өз қара бастарының қамын ғана күйттеді. Бұл жолда олар ағайынын, ұлтын, тіпті Отанын сатудан да тайынбады. Осындайлардың кесірінен сол жылдары қазақтың бас көтерер азаматтарының басынан «ұлтшылдар» деген жала кетпей, халқы зобалаңға ұшырады. Мұндай пиғылға ұрыну қауіпі әлі де бар. Ол қауіпті Кеңестік идеологиядан тәрбие алған биліктегі басшылар туғызуда.

Кезінде сол басқару жүйесінен қолдау-қолпаштау көріп, жа-

ғымпаздықпен өскендердің ізбасарларының пиғылдары бүгінде бұрынғылардан да асып түсуде. Бертін келе ол «шолақ белсенділер» билікке қолдары жетіп заман тудырған демократияны паналап, «демократияшыл» болып, ұлт мүддесін тағы аяққа басып, оларды жүзге бөліп өз құлқындарымен қоса руластарының жағдайын жасаумен шұғылдануда. Міне, Кеңестік дәуірдегі эміршіл-әкімшіл жүйе қалыптастырып дара билік тудырған, халықтың санасына әбден сіңген зиянды әдеттер мен басқару тәсілдері, бүгінде қазақтардың өз ішіндегі жаңа алауыздыққа жол салатындай қауіп туғызуда. Сол жылдардағы большевизмнің адамдардың сана-сезіміне, көзқарасына тигізген ықпалының зияндылығы бүгінде ұлттық бірлікке сызат түсіріп отырғандығын ескермесе болмайды.

Өткен тарихтың ақ пен қарасын ажырата білмеушілік, бұл бағыттағы таным таяздығы мен сана саяздығы қашан да ұлттық қадір-қасиеттерден адастырып, рухани жұтандыққа ұрындырары сөзсіз. Бұл орайда өз ұлтының, елінің өткенін парықтай алмаған халық оның келешегіне қам қылмасы анық. Осы тұрғыдан келгенде қаншама қилы замандар мен қиын кезеңдерді бастан кешірген қазақ халқы, бүгінде ұлттық саяси тәуелсіздігі қолына тигенде болашақтағы асыл мұраттарға жету үшін өткен тарихтың ащы сабақтарын естен шығармауы абзал.

Осындай оқиғалардан хабардар ететін бұл оқулық қазақ халқының тарихындағы осы уақытқа дейін сынаржақ зерттелген күрделі кезеңдерінің бірі болып саналатын, Кеңес дәуірі кезінде коммунистер билігі тұсындағы жүргізілген сұрқия саясаттың саяси келбетін ашады.

Мұндай қадам Отан тарихының Кеңес дәуірінде «ақтаңдақ» беттерін жаңа көзқараспен уақыт талабына сай қайта зерттеуден туындап отыр. Өйткені өткендегі тарихи процесстер мен құбылыстарға бүгінде басқаша бағалар беріліп, жалғандық пен көзбояушылық халық талғамын қанағаттандыра алмауда. Тарихи құбылыстарға деген осындай жіті көзқарас, бұрын зерттеу объектісі бола қоймаған көптеген оқиғаларға тоқталып, ұлттық тарихымызды кешенді түрде қарастыру мақсатына жетеледі.

Коммунистік идеологияның қамытын киіп, оған қызмет еткен тарихшы-ғалымдар аталған тақырыпты сол өздері өмір сүрген кезеңнің талабына сай зерттегені белгілі. Осы зерттеулер барысында жарық көрген ғылыми еңбектер, тарихи кітаптар, жасалған тұжырымдар, қазіргі қоғам дамуындағы болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты бүгінгі күннің қажетіне жараудан қалып барады. Өйткені бұл тарихи шығармалар мен еңбек-

тер өмір шындығын бұрмаламай, болған оқиғаларды бүкпесіз сол қалпында көрсетуге жарамады. Қазіргі қоғам, оның мүшелерінің рухани сұраныстары өткендегі тарихи оқиғаларды кеңестік дәуірде жазылғандай қалыпта қабылдаудан бас тартып, өркениетке бет алған тәуелсіз ел ретінде соған сай өскелең талап қойып отырған жайы бар.

Тоталитарлық империяның күйреуі, саяси тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, жалпы адамзаттық құндылықтарға жасалған ұмтылыс рухани өмірді де, адамдардың болмысын да айтарлықтай өзгеріске ұшыратып, пікір алуандығына жол ашып берді және осылардың ықпалымен күрделі тарихи оқиғалардың ақиқаты айтыла бастады. 90-жылдарға дейін қоғамтану ғылымдарында әлеуметтік процестерді тану тәсілі ретінде таптық редуccionизм, яғни барлық қоғамдық, рухани, мәдени, саяси тағы басқа құбылыстарды таза таптық қалыпқа салып бағалау тәсілі үстемдік етіп келді. Мұндай таптық белгілеріне қарай сынаржақ бағалау тарихи оқиғалардың бұрмалануына әкелгені мәлім.

“Кіші Қазан” секілді қатерлі бағыт тек саяси тәуелсіздігі жоқ елге ғана қолданылатын, ондағы халықтарды кемсітіп, басынудан туындаған саясат екендігі белгілі болды. Коммунистік құрылысты қызғыштай қорғаған партия ұйымдары, қауіпсіздік органдары тарапынан оның мүддесіне қайшы келетін “жетістіктеріне” көлеңке түсіріп, күмән келтіретін деректердің бәрі дер кезінде жойылып, ондай фактілердің жариялануы жіті бақылауға алынып келді. Осындай қуыстанудың себебін, тарихи оқиғалардың объективтілігін көрсететін мәселелер жазылмады, ол қауіпті болды. Жазылған деректердің көбі жойылып, бүгінгі ұрпақтың қолына тимеуде.

Осы күрделі тарихи оқиғаларды жаңа жағдайда объективті зерттеуге ұмтылушылық өткендегі өз билігі жоқ Одақтас республика емес, дербес, саяси тәуелсіз, мыңдаған жылдық тарихы бар өзге ұлттармен терезесі тең халқы бар мемлекет болғандығына көз жеткізіп отыр. Бұл бағытта Кеңес өкіметі тұсында, тарихтың мемлекет тарапынан әдейі құпия сақталып келген беттерінің сыры ашылып, ақиқатқа жетудің жолдары жан-жақты қарастырылуда.

Тарих дегеніміз-халықтың зердесі. Ол болып өткен, оны түзете алмайсың және оның бір түсін екіншісімен ауыстырып, алмастырып жаңадан жаза алмайсың. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен және қайғылы беттерімен қоса, ол қандай болса нақ сондай, бүкіл алуан түрлі, тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз.

Тарих ғылымы қасиетті- ғылым. Ол бұра тартуды да, әсіресе бояуды да, “ақсақты тыңдай, өтірікті шындай” еткенді де көтермейді. Оның өлшемі – шындық, ақиқатқа жүгіну.

XX ғасырдың басындағы Қазақ елі

І-тақырып.

XX ғасырдың басындағы Ресей империясының құрамындағы Қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайы

- 1.1 *XX ғасырдың басындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық ахуалы. Қоныстандыру саясаты*
2. 1. *Қазақ елі 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде*
3. 1. *Қазақ халқын азат ету жолында күрескен Ұлт зиялылары. Думаға сайланған қазақтар.*

1.1. XX ғасырдың басындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық ахуалы. Қоныстандыру саясаты

XX ғасырдың басында Қазақ елінің экономикалық дамуында XIX ғасырдың екінші жартысымен салыстырғанда бірқатар өзгерістер болды. Өнеркәсіптің кейбір жеке салаларының дамуы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына өз әсерін тигізбей қоймады. Әсіресе шойын жол құрылысы өлкенің Сібірмен іргелес орналасқан өңіріне салынуы, бұл аймақтың жаңа экономикалық қатынастарға тартылуын жылдамдатты. 1893-1895 жылдары салынған ұзындығы 3138 шақырым Сібір шойын жолының 178 шақырымы қазіргі Қазақ жерін (Ақмола мен Қызылжарды) басып өтті. 1893-1897 жылдары салынған Рязань-Орал шойын жолының 194 шақырымы Қазақ жерінің батыс аудандарын басып өтті. Сөйтіп бұл шойын жолдар Қазақ елінің жалпы империялық шаруашылыққа тартылуына жағдай жасады. Алайда, өлкенің бірқатар аудандары, әсіресе оңтүстік өңір, шаруашылық жағынан оқшау қалды. Патша үкіметі бай өлкенің шикізат көздерін игеру мақсатында

жаңа шойын жол торабтарын салуға белсене кірісті. Ұзындығы 1656 шақырым Орынбор-Кубек, Ташкент-Кубек бөлімдерінен тұрған осы шойын жол 1906 жылдың қаңтар айында пайдалануға берілді. Бұл магистралдар Қазақ елінің негізгі экономикалық аудандарын Ресейдің өндірістік аудандарымен байланыстырды. Шойын жол салынған аймақтардан қазақ шаруалары қуылды, олардың ауыр тұрмыстары, мұқтаждықтары ескерілмеді. Жерінен айрылған қазақтар еріксіз жалданып, жұмысшылардың санын көбейтті. 1902 жылы Қазақ жерінде 8887 өндіріс орындары болып, онда 25392 жұмысшы еңбек етті. Оның ішінде 18095 жұмысшы 197 кен өндірісінде істеді.

1905-1907 жылғы буржуазиялық-демократиялық революцияның қарсаңында 300-400 жұмысшы шоғырланған ірі өнеркәсіп орындары да болды: Успен кеніші, Қарағанды көмір шахтылары, Риддер түсті металлургия өнеркәсібі, Спасск мыс қорыту зауыты. Ал 1902-1904 жылдары Орынбор-Ташкент шойын жолына жұмысқа тартылғандар саны 30 мыңға дейін жеткен. Алайда олардың ішінде мусымды жұмысшылар басым болды.

Ресейде XIX ғасырдың 80 жылдарында өнеркәсіп төңкерісі реформамен аяқталды. Сол дүрбелеңнен кейінгі 40 жыл ішінде елдегі фабрика мен зауыттардың саны 2,5-3 мыңнан 9 мыңға дейін өсті. Шойынжол ұзындығы 1,5 мың шақырымнан 50 мың шақырымға жетті. Бұл кезде Ресей өнеркәсіп өнімдерінің көлемі жағынан әлемдегі 5-орынға шықты. Ірі өндіріс орындарында монополиялар - трестер мен концерндер-пайда бола бастады. 1914 жылы ірі синдикаттар мен монополиялардың саны 150-200-ге жетті. Реформадан кейінгі кезеңде жалданбалы жұмысшылардың саны 3 есе өсіп, 14 миллионға көбейді.²

1913 жылы Қазақстандағы жұмысшылардың саны, шамамен жасалған есептеулер бойынша, 75 мыңдай адамға жетті. 1913-18 жылдарда жүргізілген Бүкіл ресейлік өнеркәсіп және кәсіптік санақтың деректері бойынша, Қазақстанда 1913 жылы 675 фабрика-зауыт кәсіп-орындары болып, оларда 51104 жұмысшы істеген.³ Кен өнеркәсібінде ғана жұмысшылардың саны 18 мыңға жетті, ал темір жол көлігінде 30 мың адам, жұмысшы және

қызметші болып істеді, 1917 жылғы қазан революциясы қарсаңында жұмысшылар саны 90 мыңнан асты.⁴ 1915-16 жылдарда Спасск зауытында-919, Қарағанды кен орындарында-930, Қарсақбай зауытында-499, оның кенішінде-486, Екібастұз кен орындарында – 410, Успен кенішінде –336 адам жұмыс істеді.⁵ XX ғасырдың басында жалпы кен өнеркәсібінің кәсіпорындары, алғашқы кезекте мыс өндіретін кәсіпорындар шетелдік кәсіпкерлердің акционерлік қоғамдарының қолдарына көшті.

Ал елдегі аграрлық сектор жартылай крепостниктік сипатта дамыды. 30 мың ірі жер иеленушілерде (помещиктер) 70 миллион десятин жер (әр қайсысына 2333 десятиннен) болды. Бұл жағдайда орыс отаршылдары тарапынан қанаудың өте қатаң түрі қолданылды, олар саяси және азаматтық құқықтарынан да жұрдай болып, азғана құқықтарының өзінен айрылды. Осындай қайыршылық тұрмыс жұмысшыларды билік басындағы буржуазиялық тәртіпке қарсы күреске итермеледі.

XX ғасырдың басында Қазақ жеріне Ленин мен Сталин жазған және РСДЖП Орталық Комитеті мен РСДЖП-ның Баку комитеті басып шығарған листовкалар (үнпарақтар) мен прокламациялар таратыла бастады. Бірінші орыс революциясы қарсаңында Қазақ жерінде тау-кен, зауыт жұмысшыларының толқуы басталды. 1901 жылы Қарағанды көмір кенінің кеншілері жұмысқа шығудан бас тартты. 1902 жылы Екібастұз жұмысшыларының, 1903 жылы 22 тамызда Воскресенск тау-кен өндірісінде үлкен ереуілдер болды. Ереуілге шығудың басты себебі - еңбек жағдайының ауырлығы болды.

Орталық өнеркәсіптік аудандардан алшақ жатқан Қазақ жері секілді орыс отарындағы аймақта революциялық көзқарастың қалыптасуына белгілі бір дәрежеде әсер еткен-жер аударылып келген бұрынғы халықшылдар, кейінгі социал-демократиялық ағымдардың өкілдері: Румянцев, Богомолов, Михаэлис, Кочерова, т.б. қазақ өлкесінде алдыңғы қатарлы идеяларды таратушылар болды. Атбасарда, Көкшетау мен Павлодарда алғашқы марксизм идеясын таратушы Петербургтен келген Благоев тобының өкілі В.Г. Харитонов, Қарқаралы мен Семейде социал-

демократ И.С.Домашевич, Верныйда А.С.Кочаровскаялар болды. Жер аударылғандар Петропавл қаласында 1902 жылдың аяғында маркстік үйірме құрды.

1905-1907 жылдардағы революцияға алғышарт болған мәселелердің бірі-патша үкіметінің жүргізген аграрлық отаршылдық саясаты болды. Орталық губерниялардан Қазақ жеріне орыс шаруаларын күштеп қоныстандыру ХХ ғасырдың басында бұрынғыдан да күшейе түсті. Бұл аграрлық реформа «стольпин реформасы» деген атпен тарихта қалды. Реформаның мақсатының бірі саяси-әлеуметтік, яғни деревняда самодержавияның мықты тірегі болатын жеке меншік иелерін кулактарды қалыптастыру еді. Осы мықты шаруашылықтар арқылы деревняда өрістеп келе жатқан революциялық толқуға қарсы тұру болды. Патша үкіметі орыс шаруаларын Қазақ жеріне қоныстандыру арқылы революциялық қозғалыстарды басуды көздеді. Қоныс аудару саясатының тағы бір мақсаты Патша үкіметінің Қазақ жерін отарлауды жеделдету болатын.

Реформа бойынша шаруалар қауымнан шығып жеке хуторлар құруға тиесілі болды. Әсіресе, Қазақ жеріне қоныс аударған шаруалар үшін жеңілдіктер көзделіп, оларға шұрайлы жерлер бөлініп берілетін болды. Патша өкіметі жүргізген аграрлық саясаттың салдарынан орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы жаппай сипат алды. Үкімет тарапынан қазақтардың жерлерін басып алуына тосқауыл қойылмады. Керісінше Қазақ жері қоныс аударушыларды орналастыратын аудандарға бөлінді. Ондай аудандарға Торғай, Орал, Семей, Сырдария және Жетісу аймақтары жатты. «Артық» жер қорын есепке алатын қоныс аударушылар басқармасы деп аталатын мекемелер құрылды. Әрбір қазақ отбасы тек 15 десятин жер ғана иемдене алатын болды. Ал қалған жерлер қоғамдық жер қорына жатқызылды.

П.А.Столыпин байырғы дворян тұқымынан шыққан, Виленск гимназиясын, Петербор университетінің физика-математика факультетін тәмамдайды. Еңбек жолын Мемлекеттік мүлік министрлігінен бастайды. 1906 жылы сәуірде Столыпин Министрлер Кеңесінің төрағасы

болып тағайындалады. Ол 1906 жылы 9-шы қарашада шаруаларды қауымнан хуторға бөліп шығару туралы жаңа жер иелену заңын шығарды.

Ресейдегі аграрлық реформаның жаңа кезеңі 1906-1911 жылдары П.А.Столыпиннің деревняда аграрлық буржуазияның жаңа буыны кулактарды құрумен байланысты болды. “Столыпин реформасы” бойынша шаруаларға өздерінің жер үлесімен бірге қауымнан шығып хутор құруға рұқсат етілді. Столыпиннің аграрлық саясатының құрамды бөлігі болып саналатын басты мәселе ол Сібір мен Қазақ жеріне орыс шаруаларын жаппай қоныстандыру еді. Егер 1893-1905 жылдары, яғни 12 жыл ішінде Ресейден қоныс аударған мұжықтар үшін қазақтардың 4 074 170 десятина жері тартып алынса, одан кейінгі 1906-1912 жылдары 17 млн. астам десятина жер тартып алынды. Қоныс аударудың мұндай әрекеттері қазақ шаруаларын қатты күйзелтті. 1917 жылға дейін Қазақ жерінің 45 млн. десятина жерін иемденіп көшіп келгендердің саны 1,5 миллионға жетті. Сөйтіп патша үкіметінің қоныс аудару саясаты қазақ еліндегі жер мәселесін шиеленістіріп, жергілікті халықты жерсіз қалдырып күйзелтті. Қоныс аудару нәтижесінде жергілікті қазақ халқының өз еліндегі үлесі айтарлықтай кеміді. Мысалы, Сырдария облысында байырғы халықтың үлес салмағы 1897-1917 жылдар аралығында 29,1%, 88,8%-дан дейін, 59,7%-ға дейін, Жетісу облысында-35,2%, 77,6%-дан 42,4%-ға дейін, Семей облысында-21%, 88,3%-дан 57,3%-ға дейін, Торғай облысында-22,4%, 90,6%-дан 58,2%-ға дейін, Орал облысында- 18,8%, 71,3%-дан 52,5 %-ға дейін қысқарған.⁶ Бұл мәліметтер облыстардағы қазақ халқының санының кеми бастағандығын дәлелдейді.

1897-1917 жылдарда ғана, яғни Ресей империясының Бірінші жалпыға бірдей санағынан кейінгі алғашқы екі онжылдықта, Қазақстан халқының саны (оның қазіргі аумағына жақын аумақта), 4147,7 мың адамнан 5045,2 мың адамға, яғни 25,7 пайызға көбейген болатын.

Столыпин реформасының Қазақ жеріндегі нәтижесі бір жағынан, орыс-қазақ шаруалары арасындағы байла-

ныстарды шиеленістіріп жіберсе, екінші жағынан, сол келімсек элеуметтік топтардың да жағдайын біршама қиындатты. Жер өңдеу үшін ауылшаруашылық құрал саймандары, азық-түліктің жетіспеуі келімсек шаруалардың бір бөлігінің патша үкіметіне қарсылығын тудырды. Қазақтардың “артық” жерлерін алу деген желеумен, патша үкіметі, шын мәнінде, қазақ руларының ғасырлар бойы көшіп-қонған ата-бабаларының жерлерін басып алуды жиілетті.

Келімсек шаруалардың арасындағы мүліктік айырмашылық күннен-күнге тереңдей түсті: 1 десятина егіні бар - батырақ, 4 десятинаға дейін-өте кедей шаруа, 5-8 десятинаға дейін кедей, 10 десятинаға дейін-шамалы орта шаруа, 15 десятинаға дейін-ауқатты орта шаруа, 15 десятинадан аса жер иеліктері барлар - кулактарға жатқызылды. Қазақ жерінде келімсек шаруалар арасындағы жікке бөлінушілік әрқалай қалыптасты. Шымкент уезінде батырақтар мен кедейлер орыс шаруаларының - 4 пайызын құраса, Жетісу өңірінде кедейлер мен батырақтардың үлесі 28,3 пайыз, кулактар 25 пайыз болды. Сонымен ХХ ғасырдың басындағы Қазақ елінің элеуметтік жағдайы патша үкіметінің ұлттық езу мен қанау саясатына қарсылықтың басталуына алғышарттар қалыптастырды.

2.1. Қазақ елі 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде

1905-1907 жылдар аралығында Ресейде болған бірінші орыс революциясының жалыны патшалық ресейдің отары болып келген шет аймақтарды, оның ішінде Қазақ жерін де шарпыды.

Өлкеде жұмысшылардың, шаруалардың және басқа да халықтың элеуметтік топтарының жергілікті өкімет орындарының, байлар мен өнеркәсіпшілердің озбырлығына қарсы жекелеген стихиялы бой көрсетулер болды. Ереуілдер саны көбейіп, олар неғұрлым бұқаралық және табанды сипат алды. Қазақстандағы революциялық қозғалыстың айтарлықтай өрлеуі 1905 жылғы қазан-

қараша айларында өтті, ол кезде 17 қазандағы патша манифесінің жариялануы Қазақстанның көптеген қалаларында көп адам қатысқан митингілерге, демонстрацияларға және халықтың қалың тобының басқа да бой көрсетулеріне ұштасқан болатын. Оларды дала өлкесінде Омбы қаласындағы 19 қазанда өткен митингі мен басқа да оқиғалар бастап берді, оларды ұйымдастырушылардың бірі ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханов болатын. Оның бастамасымен манифест қазақ тіліне аударылды және вице-губернатордың рұқсатымен облыстық баспаханада басылып, 10 мың данасы қазақ ауылдарына таратылды.

Бұл Қарқаралы оқиғаларының кең әлеуметтік базасы болатынын дәлелдейді, дегенмен оларды ұйымдастырушылар қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері: Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Көлбай Тоғысов (бітістіруші судьяның хат жүргізушісі), Ережеп Итбаев (Щербина экспедициясына қатысушы, 1896-1906 жылдары Ә.Бөкейхановтың көмекшісі) және басқалар болды.⁷ Ж.Ақбаев саяси «бостандықты манифест бойынша патша өз еркімен беріп отырған жоқ, одан күшпен тартып алынды» деп атап көрсетті. Және халықты отаршылдық әкімшілікке бағынбай, қайта оған қарсы күресуге шақырды.⁸ Кейінен Қарқаралы оқиғаларының басшылары қуғынға ұшырады, кейбір шенеуніктер жұмыстан бостылды немесе басқа жерлерге ауыстырылды, ал Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Бірінші орыс революциясы кезінде, патша езгісінен әбден титықтаған ұлт аймақтарындағы отарлық езгідегі халық да көтерілді. Петроградта 1905 жылы 9 қаңтарда болған қанды оқиғаға бірінші болып РСДЖП-ның Ташкент тобы үн қосты, ол өзінің прокламацияларында Петроградтың қарусыз еңбекшілеріне царизмнің жасаған айуандығы туралы Түркістан мен Қазақ жеріне хабар жеткізді. Өскеменнің тау-кен, завод кәсіпорынының, Екібастұздың таскөмір кенінің және Ақмола уезі алтын приискісінің қазақ және орыс жұмысшылары сондай-ақ, Перовск станциясындағы теміржол жұмысшылары ара-

сында болған революциялық бас көтерулер пролетарлық тілектестіктің айғағы болды.

Бүкілресейлік саяси ереуіл (стачка) кезінде жергілікті социал-демократиялық топтар басшылық еткен теміржолшы-жұмысшылар тұңғыш рет “Перовск революциялық комитетін” құрды. Перовск жұмысшыларының көрсеткен революциялық дүмпуінің тегеуріні соншалықты, қожайындары бас сауғалап, станцияға біраз уақыт өздері иелік жасады. 1905 жылы 16 қарашада Мәскеу мен Петроградтағы ереуіл жасаушы баспа жұмысшыларына тілектестік белгісі ретінде Семейдің почта-телеграф қызметшілерінің ереуілі басталды. Ереуіл бірнеше күнге созылып, оған қатысушылар жалақының көбейтілуін және тұрғын үй жағдайының жақсартылуын талап етті. Ереуілдің тегеурінен қорыққан жергілікті өкімет оны басу үшін Қарқаралыдан әскер алдыруға мәжбүр болды. 1905 жылғы Мәскеудегі желтоқсан қарулы көтерілісінің ықпалымен 11 желтоқсанда Успен (Нілді) кенішінде (руднигінде) қазақ және орыс жұмысшыларының ірі ереуілі болды. Бұл кезде Успенск кеніші француз концессионері Сади-Карноның меншігі болып саналды. Ақмола облысындағы осы кен өндірісінде 300-ден астам жұмысшы болды. Оның 265-сі қазақтар еді. Ереуіл барысында “Капиталға қарсы орыс-қырғыз одағы” құрылып, оны П.Топорин мен қазақ А.Байшағыров басқарды. Ереуілге жалақының тапшылығы, жұмыс істеу шарттарының аса ауырлығы, шетел капиталистерінің, әсіресе ағылшын инженерлері Мессен, Гиббердің қатыгездігі және т.б. жәйттер себеп болды. Желтоқсанның 11 күні кеніштің шетелдік қожайындары жұмысшылардың талаптарын ішінара ғана қанағаттандыруға мәжбүр болды. Ереуілге дем беруші ретінде айыпталып С.Невзоров пен П.Топорин жұмыстан қуылды. Успен кенішіндегі ереуілді ізінше Спасск заводы мен Қарағанды тас көмір кендеріндегі жұмысшылар ереуілмен жалғастырды. 1906 жылы 3 шілдедегі Семей жұмысшыларының ереуіліне 500-ге жуық адам қатысты. Ереуілдің негізгі талаптары жұмыс уақытын азайту, ауырғандарға өтемақы төлеу, жалақыны көбеіту; әйелдер

мен балалар құқығын қорғау т.б. болды. 1906 жылы жұмысшылар қоғалысы одан әрі өрістеді. Жұмысшылар ереуілдері Жетісу, Орал, Сырдария облыстарын қамтыды. Ол қозғалысты ұйымдастыру жолында Семейде Ә.Бөкейханов, Торғайда А.Байтұрсынов, Жетісуда М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Дулатов, Б.Қаратаевтар белсенді қызмет атқарды.

Революцияның алғашқы айларында бұрын болған маркстік үйірмелер негізінде Петропавл мен Оралда РСДЖП ұйымдары Петропавлда, Қазалы мен Түркістанда, ал сәл кейініректе – Ақмолада, Көкшетауда, Ақтөбеде, Павлодарда және өлкенің басқа да қалаларында социал-демократиялық топтар құрылды. 1906 жылы Семейде РСДЖП ұйымы құрылды. Петропавл ұйымында-147, Орал ұйымында 150 адам болды. Шамамен бірінші орыс революциясы жылдарында Қазақстанда барлығы 500-ге жуық социал-демократтар болды.⁹

Большевиктер партиясының өкілі В.В.Куйбышевтің басшылығымен 1907 жылы басылып шыққан «Степная жизнь» газеті Қазақ жеріне таратылды. Өзі тікелей Көкшетау мен Петропавлда революциялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясы кезінде РСДЖП Омбы комитетінің петропавлдық тобы 1906 жылы «Бәріңізге» және «Петропавл жұмысшыларына» деген атпен прокламация таратты. Петропавл темір жол депосының жұмысшыларына арналған бұл листовкаларда жұмысшылар царизмге қарсы белсенді революциялық күреске шақырылды. «Петропавл жұмысшыларына» листовкасында: «Бүкілхалықтық құрылтай жиналысы үшін, демократиялық республика үшін, езушілер мен байларға қарсы күрес бостандығы үшін, кедейлер үшін, теңдік пен әділеттілік үшін-социализм үшін күреске аттаныңыздар»-деген ұрандар жазылды. 1906 жылы Семей социал-демократиялық тобы жұмысшыларды жаппай стачкаға шақырып «Жолдастар» деген листовка таратты.

С.М.Киров басқарған Сібір социал-демократиялық ұйымы Қазақстанға күшті ықпалын тигізді. Бұл кезде Қазақ жеріне В.И.Лениннің кітапшалары: «Деревня кедейлеріне», «Жұмысшы партиясының аграрлық про-

граммасын қайта қарау» кең тарай бастады; «Соғыс туралы шындық», «Орыс халқына қандай саяси бостандық керек», «Барлық азаматтарға», «Шығыстан шығар күн» және басқа социал-демократиялық прокламациялар таратылды. Лениндік брошюралардың, социал-демократиялық ұйымдардың прокламацияларының революцияшыландырушы зор маңызы болды. Ол прокламациялар Қазақ еңбекшілерін самодержавиеге қарсы саналы революциялық күреске шақырды. Қазақ интеллигенциясының демократияшыл бөлігі большевиктік партияның аграрлық және ұлт мәселесі жөніндегі бағдарламасын ішінара қолдады. Олардың аталған мәселе бойынша жазылған үндеулерін, прокламацияларын және листовкаларын қазақ тіліне аударып, еңбекшілерге таратып, қалың бұқара арасында насихаттады. Олардың демократияшыл бөлігінде М.Сералин, С.Көбеев, т.б. есімдері жұртқа мәлім зиялылар болды.

Қоныс аудару саясатын жүргізу барысында патша өкіметі Павлодар уезінің Баянауыл ауданындағы жерлерді Шормановтарға бекітіп берген болатын. 1906-1907 жылдар жерсіз қалған қазақ кедейлері Шормановтардың жерін тартып алуға әрекеттенді. Қазақ шаруаларының мұндай стихиялы көтерілістері Верный уезінде болды. 200-ден астам кедейлер өздерін күйзелткен болыс Бейсенбиннің ауылын тонап өзін өлтіреді. Кедейлер Шығыс-Шалқар болысындағы болыс Саймас Үшкемпіровтің ауылын шабады. Ақмола облысындағы шаруалардың революциялық көтерілісіне Спасск зауытының жұмысшысы Бекжасаров Тұрымбек басшылық етті. Бұл фактілер қанаудың шектен тыс жүргізілгендігін дәлелдейді.

Қазақтардың 17 қазандағы манифесінің жариялануына қарсы, Перовскіде, Оралда, Павлодарда наразылықтар болды. Наразылық шеруі ретінде өткізілген Қарқаралы аймағында тұратын еңбекшілердің 15 қарашадағы шеруі, белсенді болды. 1905-1907 жылдардағы революция кезінде Қазақстанда дербес қалыптасқан социал-демократиялық ұйым әлі жоқ болатын. Бұл кезеңде қазақ қауымында көкірегі ояу деген азаматтардың өздерінің саяси көзқарастары әлі тиісті дәрежеде айқындала қой-

маған еді. Дегенмен бірінші орыс революциясы қазақ еңбекшілерінің революциялық күшін және оның царизм мен жергілікті қанаушыларға қарсы белсенді күреске әзір екенін көрсетті.

1905 жылы 25 шілдеде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласына жақын жер) Қарқаралы петициясын жазған қазақ зиялылары қайткен күнде де Манифестің мүмкіндіктерін шамалары келгенше пайдаланып, оның конституциялық-демократиялық жобаларын патша үкіметіне ұсыну арқылы қазақ халқына бостандық, тең құқылық, дін еркіндігін беруді талап етті.

3.1. Қазақ халқын азат ету жолында күрескен Ұлт зиялылары. Думаға сайланған қазақтар

Ұлттық демократиялық бағыттағы зиялылардың сол кезде ақ танымал болған өкілдері Әлихан Бөкейханов (Семей облысы), Мұстафа Шоқай, (Ақмешіт), Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов (Торғай облысы), М. Тынышбайұлы, (Жетісу облысы), Жүсіпбек Аймауытов (Баянауыл) қазақ еңбекшілерінің заңды мүдделерін қорғауда, талаптарын түсіндіруде белсенді күрес жүргізді.

Қазақ халқының тағдырын өз тағдырындай көрген **Әлихан Бөкейхановтың** қазақ тарихындағы алатын орны ерекше. Көрнекті қоғам қайраткері, саясаткер, ғалым, публицист қазақ халқының көсемі атанған ол бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезінде 1866 жылы туған. Оның арғы атасы Шыңғыс ханның ұрпағы Барақ сұлтан еді. Ол Омбыдағы техникалық училищені 1888 жылы тәмамдап, одан кейін Санкт-Петербургтағы орман техникалық институтының экономика факультетін бітіреді. Ұлттық мемлекет құру Бөкейханов және басқа буржуазиялық-демократиялық бағыттағы интеллигенция өкілдерінің түпкі мақсаты болды. Олар 1905-1907 жылдардағы орыс революциясынан кейін алғашында радикалды бағытта көрінген буржуазиялық конституциялық-демократиялық кадет партиясының құрамына еніп, конституциялық демократия шеңберінде қазақ ұлтына автономия алмақ болып үміттенді. Кадеттер партиясына үміт артқан тә-

жірибесіз ұлттық интеллигенция өкілдерінің, онымен түпкі саяси-идеялық алшақтығы ақпан революциясынан кейін біржола айқындала түседі. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық деп ол өзінің адасқанын мойындайды.

1905 жылы Әлихан Семей округі бойынша 1-ші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. 1905 жылы патшаның қазақтардың ығыстырылуына наразылық білдірген «Қарқаралы қозғалысына» қатынасып, 14500 адамның қолын жинауды ұйымдастырады. Бұл тарихта «Қарқаралы петициясы» деген атпен белгілі. 1908 жылы Семей түрмесіне отырып шыққаннан кейін Әлихан Бөкейханов Самара қаласына жер аударылып, сыртынан полициялық бақылау қойылды. Бұл оған күрестің жаңа түрлерін игеруге ықпал етті. Ол енді саяси сенімсіз адам ретінде Орынборға айдалды. Мұнда ол Ахмет Байтұрсыновпен бірігіп, жалпы қазақ ұлттық газетін шығару ісін қолға алады. Ондай газет «Қазақ» деген атпен 1913 жылы 2-ақпанда жарық көрді. Газет 1918 жылдың ортасына дейін шығып тұрды. Газет надандықтың құрсауында жатқан қазақ жұртын ояту ісіне қызмет етумен бірге, өз кезегінде шығарушылардың да тезірек саяси кемелденуіне игі ықпалын тигізді. «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен «Думадағы партиялар», «Дума және Қазақстан», деген мақалалары жарияланды. Ақпан революциясынан кейін ол кадет партиясы қатарынан шығады. Әлихан Бөкейханов «Алаш Орда» - Ұлт Кеңесі үкіметінің төрағасы қызметін атқарды. Әлихан Ленин бастаған большевиктер партиясының өкіметті қарулы көтерліспен басып алуын террорлық әрекет деп айыптады.

Ол 1937 жылы 14 шілдеде Мәскеудегі пәтерінде тұтқындалып, 1938 жылдың мамырында 68 жасында атылады.

Тек қазақ тарихында ғана емес, бүкіл түрік әлемінде ерекше орын алатын, дара да ерекше тұратын тұлға **Мұстафа Шоқай**. Ол 7 қаңтар 1890 жылы (кейбір деректе 25.12.1886ж), сол кездегі Ақмешіт-қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Сұлутөбе елді мекенінде дүниеге

келген. Тегі-орта жүздің қыпшақ әулетінен. Әкесі Шоқай дәулетті, мәдениетті, білімді, сөзге шешен елге танымалы тұлға болған. М.Шоқай қазақ халқының мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, журналист, көсемсөзші.

Мұстафаның әкесі Шоқай би атақты әулеттен тараған. Оның әкесі Торғай Сыр қазақтары Ресей патшалығының қол астына кірмей тұрғанда, Хиуа ханының датқасы міндетін атқарған.

Мұстафа сауатын ауылда ашады да, Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде оқиды. Ол орта дәрежелі білімді таза орыс тілінде Ташкент қаласындағы гимназияда, 1-ші дәрежелі марапатты дипломмен тәмамдап, Петербор университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1917 жылы бітіреді.

Студент шағында ол Петербордағы отандастары Серапы Лапин, Әлихан Бөкейхан, Махмұдқожамен пікірлесіп, араласып тұрды. Ә.Бөкейханның ұсынуымен Ресей Мемлекеттік думасындағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалып, ол міндетті 1917 жылғы революциялық өзгерістерге дейін атқарды. 1917 жылы Түркістанның саяси орталығы Ташкентке келіп, Түркістан мұсылмандарының Ұлттық Орталығына басшылық етіп, қазақ тілінде шығатын «Бірлік туы» газетін ұйымдастырып, түркі және мұсылман халықтарының тұтастығы жолындағы күресті басқарды. Қоқан қаласында өз жұмысын бастаған 4-Түркістан мұсылмандарының құрылтайы Қоқан автономиясын жариялап, оның уақытша үкіметін сайлайды. Мұстафа алғашында сол Үкіметтің Сыртқы істер министрі, одан соң Бас министрі міндетін атқарады. Аз уақыт ішінде 12 министрлік құрылады. Екі ай ішінде 2 мың адамнан тұратын армия жасақталып оған әскери киім де тігіледі. Судьялар тағайындалды. Франциядан, Ыстамбұлдан ақша түсе бастайды. 1918 жылы қаңтар айында Кеңес өкіметі әскерлері Қоқанға басып кіріп, Түркістан автономиясын күшпен таратады. Содан ол Алаш Орда үкіметінің құрамына кіреді. Азамат соғысы жылдарында кеңестік билікке қарсы күрескен Мұстафа 1919 жылы Маңғыстау арқылы Тбилисиге өтіп, «Вольный горец», «Борьба» деген газеттерде істеп, «На рубе-

же» деген журналдың редакторы болады. Онда ол Кавказ халықтарының демократиялық қозғалысына белсене атсалысты. 1920 жылы Қызыл армия Грузияға кіргенде Мұстафа Түркияға қоныс аударуға мәжбүр болады, одан әрі Берлин асып, кейін Парижге келіп орнығады.

Шетелде жүріп ол алдымен «Жаңа Түркістан» (1927-1931жж), содан кейін «Яш Түркестан» (1929-1937жж) журналдарын шығарып, Сталин құрған тоталитарлық тәртіпті жан-жақты әшкереледі. Газеттің 117 саны шыққан. «Автономия-біздің басымыздан өткен бір үзік ғұмырымыз. Ол-біздің орыс төңкерісіне, орыс демократиясына сенген аңғал дәуірімізден қалған бір белгі. Ал «Яш Түркістан»- біздің болашағымыз. Түркістанның азаттығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресіміздің туы»-деп атап көрсетті.¹⁰ Ол Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске ғұмырын арнаған, сондай-ақ, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн, сипат беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген қайраткер. Оның өмір жолы Ұлы Отаны-Түркістан үшін кешкен, соған өмірін арнаған ұлы азаматтың жолы. Оның бүкіл өмірі түркі әлемі үшін белді бекем буып, ұлты үшін алған бағытынан қайтпаған жалғыз тұлға ретінде өнеге. Кез келген төңкерістің Бостандық пен Зорлық сияқты екі тамыры барын терең пайымдаған ол зорлыққа қарсы тұрды. Ол большевизмнің империялық саясатына қарсы күресті. Ресейдің бұрынғы отар халықтарын қорлайтын жәдігөйлік нәсілшілдік кемсітушілігіне қарсы болды.

М.Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда Германияның Берлин қаласындағы «Виктория» ауруханасында дүниеден өтті. Мұстафаның аз ғана өмірі, бар ғұмыры болашаққа арналды. Сондықтан Мұстафа өлген күні ол армандаған болашағы басталды.

Халық қадірлеп Ақаң деп ат қойған-Ахмет Байтұрсын **СЫНОВ** 1873-1937жж. өмір сүрді. Әкесі-Байтұрсын Шошақұлы Үмбетей батырдың немересі. Руы арғын. Ахмет бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысының 5-ауылында Сарытүбек деген жерде 5 қыркүйекте туған. Енді бір де-

ректе Ақкөл деген елді мекенде туған деп көрсетіледі. Ол - қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаушы ғұлама ғалым, «Алаш» партиясы мен «Алаш Орда» мемлекетін негіздеп құрушы қоғам қайраткері.

Ауыл мектебінен сауат ашып, Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, одан соң Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын семинарияны 1895 жылы тәмамдаған. Ол Омбыға барып қазақ халқының тарихын, этнографиясын, ауыз әдебиетін зерттей жүріп, өзі сияқты зерттеумен айналысқан боп жүріп, жасырын қазақтарды шоқындыру жұмысының құпия міндетін атқарып жүрген А.Е.Алектровпен танысып, орыс империясының «ішкі сырын» біледі. Бұл жағдай оны саясатпен айналысуға итермелейді.

Ол басқарған «Қазақ» газеті халқымыздың ұлттық азаттық күресі мен әлеуметтік-мәдени дамуының қуатты орталығына айналды. Газет көтермеген қазақ өмірінің бірде-бір көкейкесті мәселесі қалған жоқ. Патшаның отарлау саясатын әшкерелеп, оған қарсы аянбай күрес жүргізді. 1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болды. Сары маса болып ызыңдаған өзі екенін Ахаң 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалындағы», «Малшы мен маса» деген туындысында ашық айтады.¹¹

Мысалы, қазақ-малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле дедік аңдып жатқан.
Пәленің түрін көрген мен-Сары маса-
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Ахаң қалғыған халқын тым болмаса маса боп шағып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай соққы жеп, тауқымет шегерін де, тіпті өлім те кетерін білген. Ондай бір сәтте:

Жанға көңіл қалып тұр,
Жан бұл күйге салып тұр.
Тәнге көңіл қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр.
Жұртқа көңіл қалып тұр,
Жұрт жалғанға нанып тұр.

деп кеңестік саясаттың жалғандығын түсінбеген халқына налиды. Ол өзінің еңбектерінде құқықтық демократиялық мемлекеттердің принциптерінен, тоталитарлық мемлекеттің негізгі айырмашылығын көрсетіп берді. Ондағы мемлекетті басқару күш қолдану арқылы ғана жүзеге асады дейді. Халықтың мүддесіне сай келмейтін саясат жүргізген мемлекет, қоғам мүшелеріне қарсы «күш жұмсар, ол күшті законға сүйеніп істер»- деп тұжырым жасайды.¹² Енді-енді революциялық күрестің оңы мен солын біле бастаған қазақ жұрты үшін «Қазақ» газетінің атқарған қызметі ұшан теңіз болды.

1916 жылы Бөкейханов пен Байтұрсынов окоп қазу жұмысына қазақтарды алу туралы шыққан паша жарлығына қарсы шығады. Ол сол кездің өзінде бүгінде айтылып жүрген құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері болып табылатын барлық азаматтардың теңдігін, діни-наным сенімдеріне, жынысына, ұлтына қарамай заң алдында тең болу қажет деген ұсыныс айтып, оны «Алаш» партиясының бағдарламалық құжаттарына енгіздіреді. Гуманизм мен демократияны жақтайды.

Ол жаңа үкіметтің мүшесі, Қазақ автономиялы республикасының оқу-ағарту халық комиссары, соның жанындағы ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы, Бүкіл-ресейлік Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Кирвоенкомның мүшесі, сондай-ақ академиялық Орталықтың төрағасы қызметтерінде болды.

1934 жылғы тамыз айында атақты жазушы Максим Горькийдің жұбайы Пешкованың көмегімен Ахмет Байтұрсынұлы түрмеден босайды. Ол 1937 жылы 8 желтоқсанда «халық жауы» деп қайта айыпталып, сол жолы атылады.

Ахмет Байтұрсыновтың араб әріптері негізінде жасалған, тарихқа **«Байтұрсынов алфавиті»** деген атпен енген және осы алфавитті күні бүгінге дейін Қытайдағы 2 миллионға жуық қазақ бауырларымыз пайдаланып келе жатыр.

Ахаң орыс қызы Александраға үйленеді, некесін мұсылманша қидырады. Оған Бадрисафа деген ат береді. Ол

1878 жылы Орал облысында туған. Ахметтің өзінен бала жоқ, туған інілері Қали, Кәкіш, Мәкендердің- Шолпан, Кәтез, Аумат, Қазихан атты балаларын бауырларына салады.

Міржақып Дулатов (1885-1935жж) ақын, жазушы, публицист, ағартушы-ұстаз. ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық сана сезімін қайта жаңғыртуға ат салысып сол жолға өмірлерін арнаған үш қазақ зиялысының бірі. Ол бұрынғы Торғай облысының сол кездегі Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында Қызылбел деген жерде 25 қарашада дүниеге келген. Арғын руынан шыққан Міржақып жалынды публицист, қоғам қайраткері дәрежесіне дейін жетті. «Алаш» партиясын, өкіметін құрушылардың бірі болды. Міржақып екі жасында шешесінен, 12 жасында әкеден айрылады. 8 жасында ауыл молласынан оқиды. 1895 жылы ауыл мектебіне түсіп, қазақ-орыс тілдерінде білім алады. 1897 жылы Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ училищесін бітіріп ауылда мұғалім болады. Міржақыптың «Оян, қазақ!», «Азамат» атты өлеңдер жинағы Қазан қаласында басылып шығады. Ол өзінің «Азамат» атты өлеңінде:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаға, жараса Алаш!

- деп бар өмірін ұлтына арнағанын ашық білдіреді. Саналы өмірін отаршылдыққа қарсы күреске бағыттайды. «Алаштың» бағдарламасын жазып, ала туын көтерген, Алаш мемлекетін, оның әскерін құрысқан саналы ғұмырының әр минутын халқының азаттығы үшін күреске арнаған ол 1909 жылы:

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты,
Жар кетті, дін шашырап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты!

-деп еліне жар салады.¹³

Міржақып араб алфавитін реформалауға қарсы шығып, бұлай істеу ұрпақтың рухани сабақтастығына бал-

та шауып, өз тарихын ұмыттырып, ұлттық ана тілінің жоғалуына әкеледі дейді. Ол өмірінің ақырына дейін «мен адассам халқыммен бірге адасам» деген принциптен айнамайды. Ашаршылыққа ұшырағандарға қол ұшын беріп арнайы қор ұйымдастырады.

Міржақып 1928 жылы тұтқынға алынып 2 жыл түрмеде отырады, содан 1935 жылы Балтық жағасындағы Соловецк лагеріне айдалып 11 наурызда кейбір деректе (5 қазанда) дүниеден озады. Артында Гүлнәр есімді қызы қалады, одан 4 жиені бар.

Мұхамеджан Тынышбаев - қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш теміржол инженері, тарихшы ғалым, II-мемлекеттік Думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы, Алаш Орда үкіметінің мүшесі. Туған жері-бұрынғы Жетісу облысының Лепсі уезіне қарасты Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының етегі, Қазіргі Алматы облысының Қабанбай ауданы. Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда туған, руы Найманнан тарайтын Садыр.

Оның әкесі Әлдекеұлы Тынышбаев Лепсі уезінде би болған, ел ішінде беделді, қайсар мінезді жан атанған. Азамат соғысы жылдарында қарт Тынышбай қызылдар қолынан қаза табады. М. Тынышбаев 1890 жылы 14 тамызда Верный қаласындағы Ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Оның бұл оқу орнына қабылдануы туралы бірнеше естеліктер бар. Олардың бірінде, бала Мұхамеджанның есеп-қисапқа жүйріктігін кездейсоқ (қой санағы кезінде) байқап қалған уезд бастығының жәрдемі тиген деп айтылады. Гимназияны бітіргенде педагогикалық кеңестің шешімімен ол ғылымда, әсіресе, математикада үздік жетістікке жеткені үшін алтын медальмен марапатталады. Гимназияның алтын медалі мен педагогикалық кеңестің жоғары бағалаған мінездемесі, 20 жасар Мұхамеджанның Жетісу әскери губернаторының кеңсесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, император І Александр атындағы Петербор Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын институтқа түсуге тілек білдіреді. Өзінің мұғалімі, гимназия директоры

М.В.Вахрушевтің көмегімен қазынадан 360 сом жылдық степендия алып, Петерборға аттанады. М.Тынышбаев 1900 жылы 21 жасында Петербордағы император І Александр атындағы Жол қатынасы инженерлерін даярлайтын корпусы институттың студенті атанады. Мұнда да ол ерен қабілетімен ұстаздарын таңғалдырып, институтты үздік бағамен бітіреді.

Ол студент кезінде түрлі тарихи жағдайлардың куәсі болды. Институттың соңғы курсына жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономистердің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды, өз халқының мұңын жеткізіп, Министрлер комитеті атына өтініш жолдайды. Онда қазақтарды басқарудың басты принциптерінің қазақтардың мүддесімен сай келмейтіндігін ғылыми тұрғыдан негіздеуге күш салады және басқарудың әскери жүйесінен азаматтық жүйеге көшуді талап етеді. Жас саясатшының бұл талабының атақты «Қарқаралы петициясы» талабымен үндесіп жатуы-халқым деген қазақ азаматтарының әр жерде жүрсе де, бір мақсатқа қызмет еткендерін көрсетеді.

Жалпы М.Тынышбаев 1905-1907 жылдары Ресей империясының қоғамдық саяси өміріне белсене араласады. Ол осы жылдары баспасөз беттерінде отарлық билікті сынайтын мақалаларымен көріне бастайды. Сонымен бірге М.Тынышбаев патшалық билікке қарсы оппозициядағы Ресейдің түрлі саяси партияларының қатарында (кадеттер, эсерлер партиялары), түрікшілдік және мұсылмандық қозғалыстарға қатысты. Сондай-ақ, ол Ресейдің ІІ-Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан 28 жасында депутат болып сайланады. Ақпан төңкерісіне дейін Мұхамеджан өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша Орталық Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет етеді. Ол 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісудағы қанда қырғынды, халықтың Қытай асуын) күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты. Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісіне белсене ат салысты.

Оның бұл кезеңдегі қызметі Уақытша үкіметтің Түркі-

стан комитеті құрамында болуымен тығыз байланысты. Жаңа үкіметтегі тым шектеулі, шағын билігін пайдалана отырып М.Тынышбаев босқын қырғыз-қазақтарды Қытайдан атамекендеріне оралтуға күш салады. Жетісу оқиғасына көңіл бөлмеген Петербордағы орталық билік алдына, аш-жалаңаш елге қаржылай көмек беру туралы мәселе қойған да М.Тынышбаев болды.

Ол 1916 жылғы көтерілістің ең басты себебі жер мәселесі болып табылатындығын, оны туындатқан отарлық биліктің әділетсіз саясаты екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, босқындыққа ұшыраған халық жайында тарихқа өте құнды деректер жазып қалдырды.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен өзге қазақ зиялылары сияқты ол да үлкен үміт күткен еді. Сондықтан да бұл кезде бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады.

Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерімен бірге М.Тынышбаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласып, 1917 жылғы желтоқсан айында жариялаған Алаш автономиясы үкіметінің он бес мүшесінің бірі болады, «Алаш» автономиясы аумағындағы уақытша жер пайдалану туралы Ереженің жобасын қабылдауға қатысады.

Осының алдында ол бүкілтүркістандық IV мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады.

М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметінің келелі бір өте маңызды кезеңі - Түркістан, және Алаш Орда автономиялық үкіметтері тарихымен байланысты. 1917 жылғы ақпан төңкерісі М.Тынышбаев тәрізді халқының тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткерлерге өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік жасады. Соның бірі М.Тынышбаев төраға болған, түркі халықтарының өз болмыстарын, тілі мен дінін, мәдениетін сақтауға тырысқан

табиғи талпыныстарының жемісі-Түркістан автономиясы еді. Алайда империялық пиғылдан арылмаған Уақытша үкімет те, оны алмастырған большевиктік билік те, «бұратана» халықтардың мұндай белсенділігін қабылдай алмады. Түркістан автономиясын большевиктер жойып жіберді.

М.Тынышбаев бұдан соң Алаш Орда үкіметіндегі қызметін бастады. 1917 жылдың соңында құрылған, құрамында М.Тынышбаев бар Алаш Орда үкіметі 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы кезінде, екі жаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, ең алдымен, елдің амандығын сақтауға бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. Бірақ күн тәртібінде алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған шақта, Алашорда үкіметі көздеген мақсатқа жете алмады. Сондықтан оларға күннен-күнге күш алып келе жатқан кеңестік билікке берілуден басқа жол да қалмады.

Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі, армяндардың қызыл дашнактары күшімен талқандағаннан кейін М.Тынышбаев Алаш Орда қайраткерлерімен тізе біріктіре отырып, азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Бірақ одан күткендей нәтиже болмайтынын көргеннен соң 1920 жылдан бастап, кеңес өкіметінің жағына шығып, «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әр деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етеді. 1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір темір жолын салуға қатысады.

Ұлтына азаттық әпермек болған істерінен нәтиже шықпай, кеше өзі қарсы болған қызылдарға қызмет етуге мәжбүр болған ол, енді бар күшін халықтың тарихи санасын қалыптастыруға жұмсап, ғылыми - зерттеу жұмысымен айналысады.

Идеалдары туған елінің өркениетке жетуі болған, сол үшін өмірлерін құрбан еткен М.Тынышбаев және оның серіктері кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясатты күшейген қайшылықты жылдарында халықтың тұрмыс жағдайын, экономикасын, мәдениетін көтеруге зор үлес

косты. М. Тынышбаев өзін осы тұста ұстаз, тарихшы-ғалым ретінде көрсетті. Ол Ташкенттегі Қазақ Халық Ағарту институтында дәріс оқып, ғылыми жұмыспен белсене айналысты. М. Тынышбаев халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, деректі еңбектер жазды.

Қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартып, бүгінгі күндері де маңызын жоймаған зерттеу еңбектерін жариялайды, қазақ шежіресін жазады. Мәселен, оның «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі», «Ақтабан шұбырынды» және т.б. еңбектерінің ғылыми маңыздылығы өте жоғары.

Алайда қара тізімге алып, әр қадамын қалтқысыз баққан қызыл жендеттер оған халқының тарихын жазуға мүмкіндік бермей, Түріксібтің бойында 1930 жылы 3 тамызда қамауға алып, Ресейдің қара топырақты аймағына (қазіргі Воронеж облысы) бес жылға жер аударады. Айдауда жүрген кезінде М.Тынышбаев зайыбы Әмина Ибрагимқызы Шейх - Әли және кішкентай ұлы Дәулетпен келіп Мәскеу-Донбасс темір жолын жобалау бөлімінде жұмыс істейді. Жер аударылу мерзімі 1935 жылдың жазында аяқталған соң М. Тынышбаев қуғын - сүргіннің мұнымен тоқтамайтынын түсініп, зайыбы мен баласын Уфа қаласындағы Әмина Ибрагимқызының туыстарына жібереді. Өзі Батыс Қазақстанның территориясы арқылы Ташкентке, үлкен қызы Фатанад-бануға келеді. М. Тынышбаев Ташкентте көп болмай, Қандыағаш Гурьев темір жолы құрылысына жұмысқа орналасады. Бірақ денсаулығының нашарлауына байланысты көп ұзамай Ташкентке қайтып оралды. Оны 1937 жылдың 21 қарашасында Өзбек ССР-і Ішкі Істер Халық Комиссариаты тұтқындайды. 1938 жылы 20 сәуірде М.Тынышбаев атылады.

Кеңес өкіметі М.Тынышбаевты ғана қуғындаумен шектелген жоқ. Оның балаларын, туыстарын, жерлестерін, тіпті М.Тынышбаевты өмірі көрмеген адамдарды да қуғын сүргінге салды. Мәселен, оның 1921 жылы тырысқақ ауруынан қайтыс болған алғашқы зайыбы Гүлбаһрам Шәлімбаевадан туған тұңғышы Ескендір Ты-

нышбаев Алаш Орда «тапсырмасын орындаушы» деген айыппен 10 жылға сотталды. М.Тынышбаевтың осы зайыбынан көрген қыздары Фатанад - бану мен Динарзада да зұлмат жылдардың зұлымдығын көп көрді.

М.Тынышбаев 1925 жылдары өзінің досы, дәрігер Сәдуақас Шәлімбаевтың жесірі Әзиза Шәлімбаеваға үйленіп, одан Еңлік есімді бір қыз балалы болған. Еңлік Мұхамеджанқызы әкесі туралы шындықты анасынан 1976 жылы ғана білген.¹⁴

М.Тынышбаевтың үшінші зайыбы-өзінің жақын серігі, студенттік жолдасы, Дәуд Махмұдұлы Шейх-Әлидың (ұлты-құмық) қарындасы Әмина Ибрагимқызы болатын. Бүгінде ұлы Дәулет Мұхамеджанұлы техника ғылымдарының докторы.

Тірі кезінде де, қайтыс болғаннан соң да әділетсіз кеңестік жүйе соңына «шам алып түскен» қазақ халқының ардақты ұлы М.Тынышбаев туралы нақты шындық осындай.

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл деген жерінде кедей отбасында дүниеге келген. Арғыннан тарайтын Сүйіндік руының Айдабол тұқымынан. Мәшһүр Жүсіп Көпеевке жетінші атадан, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа сегізінші атадан қосылады. Бұл жер қазақтың атақты ғұламалары шыққан өлке еді. 15 жасқа дейін ол ауыл молласынан оқиды. Содан өзі молла болып 2 жыл ауылында бала оқытады. 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне оқуға түседі. 1911 жылы Керекуге келіп, екі кластық орыс-қазақ мектебіне түседі. 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқиды. Онда ол Мұхтар Әуезов және Қаныш Сәтбаевтермен танысады. Ол 13 жасынан өлең шығарады. Әр жанрда көркем туындылар берген жазушы. Ғалым. Ағартушы. Психолог.

Екі ғасыр шекарасында саяси-қоғамдық дамудың ең күрделі жылдарында өмір сүрген халқының ұлттық мүдделері жолында, азаттық қозғалысы жолында күрес жүргізген асыл тұлғаларымыздың бірі.

Ж.Аймауытов Алаш-Орда Үкіметінің мүшесі болады. Кейінен большевиктер партиясына мүшелікке өтіп,

Кенес өкіметін орнатуға ат салысады. Ол 1920 жылы Семей губерниясының білім беру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейді. Ол Семейде «Абай» журналын шығарады. Кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып істейді. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-1926 жылдарда Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакторы, 1926-1929 жылдарда Шымкент педагогтық техникумының директоры қызметтерінде болады. Ол «Тәрбиеге жетекші»(1924), «Психология» «(1926), «Жан жүйесі және өнер тандау» «(1926) атты елеулі кітаптардың авторы.¹⁵

Ол қазақ драматургиясының атасы болып есептеледі. Сахнаға арнап бірнеше пьесаларды өмірге әкелген. Оның «Қартқожа» романы сол кездегі қазақ ауылының өмірін баяндайды. Ал «Ақбілек» романында өзі басынан кешірген кезең азамат соғысының оқиғаларын баяндайды. Ол Торғай уезінде ашыққандарға жәрдем ұйымдастырып, соған жиналған малды «өзі пайдаланып кетті» деген жаппамен жауапқа тартылып, артынан ақталады. Содан 1929 жылы «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен қайтадан тұтқындалады. ОГПУ Жүсіпбекке қолдан жасалған жала жауып, сырттай үкім шығарып, 1931 жылы оны 42 жасында қыршынынан қияды.

Қазақ ұлтының «ақыл-ойы» болған Әлихан бастаған жоғарыда аталған бұл арыстар, нағыз тәуелсіздікке жету жолын көрсетушілердің көбі, қызыл идеологияның жазықсыз құрбандары болды.

Патша үкіметі революциялық белсенділік танытқан халықты бұл қозғалыстан аластау үшін, олардың өкілдері қатысатын Мемлекеттік Дума шақыру туралы шешімге келді. Ресей басшылары халықтың үнін тыңдамай бұл мемлекеттің ұзаққа бармасын ұққан соң, алпауыт империяның әрбір губерниясын мекендеген ұлттардың санына қарай мөлшерде Думаға адам сайлауды жөн санады. 1905 жылы желтоқсан айында I Мемлекеттік Думаны шақыру жөнінде патша үкіметінің жарлығы шығып, оған Қазақ елі атынан Торғай облысынан Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжанов, Орал облысынан Алпысбай Қалменов, Се-

мей облысынан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов, Ақмола облысынан-Шаймерден Қосшығұлов депутат болып сайланды. Бұлардың алдыңғы үшеуінің жоғары білімі болса, соңғысы дін иесі, молда болатын. Аталған депутаттардан А.Бірімжанов пен А. Қалменов қана бар болғаны 72 күн (1906ж. 27 сәуірден-9 шілдеге дейін) жұмыс жасаған дума мәжілістеріне қатысып үлгерді. Ал Ш.Қосшығұлов дума мүшелігіне сайланғаннан кейін «орыс тілін білмейді, яғни сайлау ережесінің 55-бабына сай келмейді», деген желеумен сайлау комиссиясы оның кандидатурасын бекітпей тастады. Ә.Бөкейханов дума жұмысына қатынаса алмады. Өйткені, ол дума жұмысы кезінде генерал-губернатордың негізсіз жарлығымен сот тергеуінсіз үш ай Павлодар абақтысында отырған еді. Ол абақтыдан босатылып, Петерборға барғанда бір айдай уақытта I Дума патша үкімімен таратылып жіберілді. I Мемлекеттік Дума мүшелері қатарында тысқарыдан сайланған қазақ азаматтары да болды. Олар Дәуіт Санжипұлы Ноян-Тұндыт (Ставрополь өңірінен) пен Сәлімгерей Сейітқанұлы Жантөриндер (Уфа губерниясынан) еді. Заң бойынша 524 депутат болу керек еді, шынайы қатысқаны 448 ғана болды.

Осы кезеңдегі Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси белсенділігінің жарқын бір көрнісі - I Мемлекеттік Думада бүкіл империя мұсылмандарының мүддесін қорғау қажеттігінен туындаған мұсылман депутаттардың парламенттік фракциясының құрылуы болды. Фракция құрамы дума жұмысына қатысқан 24 мұсылман депутатынан тұрды. Оның ішінде А.Бірімжанов пен А.Қалменов болды. Фракция мәжілісінде олар жерге байланысты бағдарлама талқыланғанда сөз алып, жер халықтың өз меншігі саналсын, әрі мал бағушылардың жері кеңейтілсін деп қазақ халқының мүддесін білдіреді. Мұсылман фракциясы елдегі ресми билікке қарсы оппозицияда тұрған саяси күштермен бірге болды. Олар думаның құқын кеңейте түсуді, заң шығару ісімен қатар үкіметті де дума қолына тапсыруды талап етті. 1906 жылы 8 шілдеде I Мемлекеттік Дума таратылды. Саяси топтардың, партиялардың арасында өзара талас, пат-

ша үкіметіне қарсы күрес, әсіресе екінші Мемлекеттік Думаға сайлау кезінде ерекше болды. Өз жұмысын 1907 жылы 20 ақпанда бастаған ІІ Мемлекеттік Думаға сайланған 518 депутаттың 35-і мұсылман өкілі болды. Олардың жетеуі қазақ депутаттары еді. Олар-Орал облысынан Б.Қаратаев, Ішкі Ордадан Б.Құлманов, Семей облысынан Т.Нұрекенов, Торғай облысынан А.Бірімжанов, Ақмола облысынан Ш.Қосшығұлов, Жетісу облысынан М.Тынышбаев, Сырдария облысынан Т.Аллабергенев болды. 103 күн (1907 жылдың 20 ақпанынан 3 маусымға дейін) қызмет еткен ІІ Дума жұмысындағы басты мәселе-жер мәселесі болды.

Қазақ депутаттарының дума трибунасынан Столыпиннің аграрлық саясатын сынаған үндері естіледі, әсіресе Бақытжан Қаратаевтың жасаған баяндамасы үлкен шу тудырады. Патша өкіметінің аграрлық және отаршылдық саясатын сынау мінбесіне айналған дума-үкіметтің 1907 жылғы 3 маусым күнгі жарлығымен таратылды. Өйткені патша ІІ Николайға таза орыс рухындағы дума қажет еді. 3 маусым жарлығымен сайлау заңына өзгерістер түбегейлі енгізіліп, Түркістан мен Қазақ елінің халықтары сайлау құқығынан айрылды. Патша өкіметі бұл аймақтарда пәрменді отарлау саясатын жүргізе отырып, думада бұл аймақтардан депутаттардың болмағанын қолайлы санады. Бұл жөнінде Әлихан:»1907 жылдың 3 июніндегі заң төрт жарым миллиондық қазақ халқын сайлау правосынан айырды»-деп жазды.¹⁶

2- тақырып.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары мен ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңіндегі және одан кейінгі Қазақ елі

- 1.1. *Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақ елі. 1916 жылғы халық көтерілісі оның ошақтары*
- 2.2. *Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қос өкімет жағдайындағы Қазақ елі. «Алаш» және «Үш жүз» партияларының құрылуы*
- 3.2. *XX ғасырдың басындағы Қазақ мәдениеті мен оқу ағартуы*

1.2. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақ елі. 1916 жылғы халық көтерілісі оның ошақтары

Бірінші дүниежүзілік соғыс, соғысушы екі әскери-саяси топқа бөлінген елдердің экономикалық және қоғамдық жағдайын ғана шиеленістіріп қойған жоқ, сонымен қатар соғыс майданынан алыста жатқан Қазақ еліне де салмақ салып зиянын тигізді. Дүниежүзілік империалистік соғыстың салдарынан патшалық Ресей мен оның қол астындағы отарлық езгідегі ұлттардың, оның ішінде Орталық Азия халықтарының арасындағы қарама-қайшылық ерекше шиеленісіп кетті.

Қазақ елі майданды шикізатпен қамтамасыз ететін ірі өңірлердің бірі болды. Мысалы, 1914-1916 жылдары Түркістан өлкесі соғыс қажетіне 13000 түйе, 70000 жылқы, 14000 киіз үй берді. Соғыстың бірінші жылында тек Жетісу облысынан, майданға жіберілген мал мен мал шаруашылығы өнімдерінің құны 34 миллион сомға жеткен. 1914 жылы қазақтардан жиналатын шаңырақ салығының мөлшері 600 мың болса, 1917 жылы 100209 сомға ұлғайды. Қарағандыдағы көмір өндіру, Ембідегі мұнай өндіру көлемі бірнеше есеге кеміп кетті. Сонымен қатар Қазақ жеріне Үштік Одақтың әскери тұтқындары орналастырылды. Мысалы, Омбыда 20000 тұтқын, Ақмолада 8612 тұтқын, ал Түркістан өлкесінде екі жүз мың әскери тұтқындар болған. Олардың ауыр жағдайы, үлкен наразылыққа ұласты. Патша үкіметінің ер адамдарды әскер қатарына шақыруы шаруашылықтағы жұмыс күшін азайтты. Ақмола облысындағы жұмысшылардың 50 проценті әскер қатарына алынды. Соғыстың тауқыметі сонымен қатар еңбекшілердің қал-ауқатының төмендеп кетуінен ерекше байқалды. Әсіресе XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында шетелдік капиталистер бақылауында болған өнеркәсіпте жұмысшылардың жағдайы мейілінше ауырлады. Ешқандай бақылау болмаған, әсіресе ауыр қара жұмысты пайдаланатын өндіріс орындарында, жұмыс мерзімінің ұзақтығы 12-15 сағатқа созылды. 12-14 жастағы жасөспірімдердің еңбегін қана жалпы үйреншікті іске айналды. Күніне еңбегіне алатын 20 тиын олардың тамағына да жетпеді. Түркістанда

1916 жылы орыс поселкелері мен станцияларының иелігінде (барлығы 941 елді мекен) 1900 мың десятина немесе 57,6 пайыз игерілген жер болды. Басқаша айтқанда, Түркістанда тұратын орыстардың әрқайсысы игерілген жердің 3,17 десятинасына, ал жергілікті халық өкілдерінің әрқайсысы 0,21 десятина ғана, яғни 15 есе кем жерге ие болған. Қазақ елі бойынша 1916 жылы 40 миллион гектар пайдалы жер тартып алынып, қоныс аударушыларға және мемлекет иелігіне өткізілген. Соғыс кесірінен болған элеуметтік ауыртпашылықтан титықтаған жұрт жер-жерде бой көтере бастады. 1915 жылы Екібастұз шахтасында, Спасск кенішінде, Орынбор - Ташкент теміржолында, 1916 жылы Семейде, Верныйда жұмысшылар ереуілдері болды. Мұның бәрі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың алғышарттары еді. Осылай қазақ даласында жалпы ұлт-азаттық қозғалысқа жол салынды.

Көтерліске патша үкіметінің 1916 жылғы 25-маусымдағы «Қорғаныс және әскери байланыс үшін қажетті құрылыстарды салу жұмыстарына әскерге шақырылудан босатылған «бұратана» және Түркістан өлкесінің жергілікті халықтарын шақыру» жарлығы негіз болды. Ондағы саясат мынандай еді: тылда қара жұмыс істеп (окоп қазуға) жүрген орыс солдаттары мен жұмысшыларын майданға жіберіп, ал олардың орнына жұмыс күші ретінде «бұратана» халықтарды пайдалану болды. Қазақ елі мен Орталық Азиядан қара жұмысқа 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамның алынуы көзделді. Көтерліс патша империализміне қарсы ашық сипатта өтті: бас көтергендер империалистік соғысқа жұмыс күшін беруден бас тартты. Көтерліске көбіне қазақ зиялыларының революцияшыл-демократияшыл бөлігі және өзге ел сыйлаған азаматтар басшылық жасады. Мысалы, Ақмола даласында Сәкен Сейфуллин, Атбасарда Әділбек Майкөтов, Жетісуда -Тоқаш Бокин, Маңғыстауда -Жалау Мыңбаев, Орал облысы мен Бөкей ордасында Сейітқали Меңдешев, Сырдария облысында Тұрар Рысқұлов, Торғай облысында -Аманкелді Иманов және басқалар болды.

Қазақтың ұлттық-демократиялық зиялылары (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар) бұл көтерліске өзгеше көзқараста болды. Олар бұл көтерліс мықты қаруланған үкімет әскеріне қарсы тұра алмайды, халықты бекер шығынға ұшыратып аламыз деп басу айтты. Қарсыласпай бұйрықты орындауға, соғыс аяқталған соң, қазақ ұлттық автономиясын құруға шақырды. Алайда бұл талаптарға әбден ашынған халық құлақ аспады. Шілде - тамыз айларында көтерліс Қазақ елінің барлық ауданын қамтыды. Ол патша өкіметінің отаршылдық және орыстандыру саясатына қарсы, ұлттық және саяси тәуелсіздік жолында жүргізілді. Көтерлісшілер қатары күн санап көбейді. Олар патша отрядтарымен қақтығысып, болыстар мен патша шенеуніктерінің арам ойларын әшкерелеп, көбін өлтірді. Көтерлісшілер бұрынғы дәстүрлі басқару жүйесін қайтадан орнатып, Шерубай - Нұра болысында - Нұрлан Қияшевті, Қарашақ болысында Оспан Шоңовты, Жайылмыш болысында Бекболат Әшекеевті хан етіп сайлады. Торғай-Ырғыз уездерінде 9 хан сайланды. Болыстық басқару жүйесі қалпына келтіріліп, әкім-ел бегі, сот алқасы-жасақшы, қазына билеушісі-қазынашы, көтерліс - қолбасшысы-сардарлар тағайындалды.¹⁷

Көтерлістің қозғаушы күші қазақ шаруалары, жаңа қалыптасып жатқан жұмысшылар, демократиялық интеллигенция өкілдері болды. Көтерліс Сырдария облысының Әулиеата уезінде, әсіресе Мерке ауданында күшті болды. Жоспар бойынша Әулиеата уезі майданға 22675 жұмысшы жіберу керек болған, тамыздың аяғында 3 мың ғана адам жиналды. 25 тамызда көтерлісшілер Мерке Пішпек телеграф желісін үзіп, Меркеге шабуыл жасады. Қантөгіс шайқастардың бірі Ново-Троицк ауданында болды. Күші басым Бондаревтің отряды 150 қазақты тұтқынға алып, жолда олардың бәрін атып кетеді. Зайсан уезінде бірнеше көтерлісші топтар әрекет етті. Өскемен уезінде 3 мың адамнан құралған, Ақмола уезінің Қорғалжың көлі жағасында - 30 мыңдық, Ерейментауда - 5 мың, Атбасар уезінің Ұлытау маңында - 7 мың, Қосағаш ауданында - 2 мыңдық топтар құрылған.¹⁸

Семей уезінің көтерлісшілері әскерге-тыл жұмыс-

тарына адам алуға қарулы қарсылық көрсетті. Олар күзетшілерге-өздерін алып кетуге келген әскерлерге шабуыл жасады. 31 шілдеде Өскемен уезінің Тоқты болысының 3 мыңға жуық қазақтары, әскери-тыл жұмыстарына тарту жөнінде жарлық алып келген патша отрядына лап қойған. 60 қазақ оққа ұшқан. Ақмола облысының Алексеевка болысында 10 мыңға жуық көтерілісшілер, патша отрядтарына шабуыл жасаған. Ақмола, Орал, Семей, Сырдария облыстарындағы көтерілістерді қыркүйек-қазан айларында жақсы қаруланған патшаның жазалаушы отрядтары басты. Бірақ қазақтардың көбі қара жұмысқа бармай қалды. Көтерілістің басылмай көпке дейін патша отрядтарына қарсылық көрсеткен өңірі Жетісу мен Торғай облыстары болды.

Қазақстанның осы өңіріндегі болған стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алды: Жетісуда (басшылары-Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар мен басқалар) және Торғайда (басшылары-Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде де соғыс жағдайы жарияланды. Патша өкіметі мұнда әскери күш әкелумен бірге, Жетісудағы қоныс аударушы халықтың ауқатты топтарынан қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін қарулы отрядтар құрды. Жетісу облысы Жаркент уезі көтерілісшілердің Асы жайлауында, Қарқараның таулы алқабында, Самсы станциясында, Қастек, Нарынқол, Шырын, Жалаңаш, Құрам елді мекендері аудандарында, Лепсі уезінің Садыр-Матай болысында және басқа жерлерде патша жазалаушылармен ірі қақтығыстары болды.

1916 жылы 7,8 шілдеде Верныйдан 40 шақырымдай Үшқоңыр деген жерде қазақ халқының өкілдері бас қосу съезіне жиналып, әскери-тыл жұмысына адам беру мәселесін талқылады. Онда жігіттер қара жұмысқа жіберілмесін, жұрт таудан төмен түспесін, тізімдер жойылсын, телеграф бұзылсын деген шешім қабылдайды. Съезде қабылданған шешім «бата» берумен бекітілді.¹⁹

Болыстық кеңселерде әскер жұмыстарына шақырылатындардың тізімдері жойыла бастады. 10 шілдеде Ұзынағаш болысының Үлкенсаз деген жерінде Жетісудың 11 болысының 5 мыңнан астам адамы жиналысқа қатынасып пәрменді күрес жүргізуге уағдаласты. Жетісуда болған ұлт-азаттық қозғалыстың бір ошағы-Қарқара көтерлісі болды. 10 шілдеде Қарқара өңірінде Таңбалытас деген жерде Ұзақ батырдың үйінде елдің игі жақсыларынан жиналған 19 адам кеңес құрды. Оны Мәмбетұлы Жәменке мен Саурықұлы Ұзақ басқарды. Айтқандарына көнбейтіндігіне көзі жеткен соң полиция жеңдеттері 7 тамызда Мәмбетұлы Жәменкенің тамағына у салып өлтіреді. Бұған болмаған соң 10 тамызда қазақтар жатқан камераның терезесінен төрт солдат оқ жаудырады. Камерадағы Өмеке Ыстамбайұлы, Біләл Разақұлы, Құрман Әділбекұлы, Қағазбек Тоқтамысұлы, Жанпейіс Отыншыұлы, Құдайырбек Шотаманұлы, Кәрібоз Қаңтарұлы мерт болды. Қазбек Шорманұлы, Бекайдар Сұлтанқұлұлы, Жанабай Құдайбергенұлы, Сыбанқұл Арғынұлы камера ішіндегі нардың жуан тақтайларын суырып алып, есікті бұзып, терезеден атқылып тұрған төрт солдатты өлтіреді. Жүзден аса тұтқындарды босатып, қарауылдардағы күзетшілерді өлтіріп, дарбазаны қиратып сыртқа шыға бергенде әскери батальон үлгеріп келіп бұлардың бірін қалдырмай пулеметтен оқ жаудырып қырып тастайды.²⁰

Жетісудың басқа өңірінде Нарынқолда 8 тамызда Ұзақбайұлы Монай мен Ұзақбайұлы Мұқан бастаған қарулы жасақ патша үкіметінің қолшоқпарлары казактардың тас талқанын шығарды. 11-тамызда көтерлісшілер Жалаңаш станциясын, 12-тамызда Қарқара жәрменкесін Ұзақбайұлы Монай бастаған көтерлісшілер басып алды. 16 тамызда олар Қырғызсайды, 20 тамызда Сүмбені және Қалжатты босатады. 15 қыркүйекте Нарынқол-Шарын аймағы тұтасымен көтерлісшілер қолына өтеді. 6 қазанда әскери губернатор Фольбаум ротмистр Кравченко басқарған ірі әскери бөлімді көтерлісшілерді басуға Қарқараға жібереді. Монай жасақтары мен Кравченко әскерлерінің арасында қанды шайқастар Сарыжазда,

Үлкен Қақпақта, Үкіршіде, Байынқолда, Сарықапталда, Ноғай Толағайда және т.б. жерлерде болады. Алайда патша әскерімен ұзақ соғысуға күш тең келмей Қарқара көтерілісшілері жеңілді. Көтерілісшілердің көбі Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды.

1916 жылы 13 тамызда Жайылмыш болысының Бекболат бастаған көтерілісшілері жазалаушы отрядпен қақтығысады. Нашар қаруланған көтерілісшілер жеңіліс табады. 7 қыркүйекте Верный қаласында әскери горнизонның соты болып, ол Бекболат Әшекеевті өлім жазасына кесіп, дарға асу туралы үкім шығарады. Үкім бір күннен соң, яғни 1916 жылғы 9 қыркүйекте Верный жанындағы Боралдай деген жерде орындалды. Бекболаттың ең жақын 23 серігі Түркістан әскери-округтік сотына берілді. Оларға сот 1917 жылғы 17 ақпанда Верный қаласында болды. Бекбатыров, Бүзембаев, Аманжолов, Сатыханов, Әшекеев, Қараксин, Әбішов, Сұлтанов, Нұраев, Аманбаев, Екейбаев, Әбдірәшевтер дарға асылды. Б.Әшекеевтің баласы Әбділда Бекболатов барлық құқықтары мен дәулетінен айрылып, 20 жылға каторгалық жұмысқа айдалды. 8 адам соның ішінде болыс басқарушысы Сәт Ниязбеков көтеріліске қатысуы дәлелденбеуі себепті ақталды.²¹ Қыркүйек пен қазан айының басында жазалау отрядтары тықсырған Жетісу көтерілісшілерінің көбі табанды шайқаса отырып шегініп, Шыңжанға кетуге мәжбүр болды.

Жетісудағы көтерілісті басуға Фольбаум жасақтаған әскери бөлімдерден басқа екі казак полкі мен атты әскер батареясы, 35 рота, 24 жүздік, 240 атты әскер барлаушылары, 16 зеңбірек, 47 пулемет қатысты. Бұған қаруланған шаруа дружиналары және қаланың «еріктілері» қосылып, сұрапыл күшке айналды. Олар Жетісу халқының қанын судай ағызып, ауылдарын талқандап, мал-мүліктерін тонап, туған жерінен қуып зар еңіретті.²²

Көтеріліс Ақмола және Семей облыстарын да қамтыды. С.Сейфуллиннің айтуынша, Ақмола уезінің барлық 48 болысында үкіметке қарсы толқулар орын алған. Көтеріліс Торғай облысының Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерінде болып оған 50 мыңға жуық адам

қатысқан. Торғай уезі негізінен 13 болыс елден тұратын қыпшақтар болатын. Көтерлістің бастапқы кезеңінде толқулар қыпшақтар мекендеген Қойдауыл, Аққұм, Қараторғай, Сарторғай, Қарақопа болыстарын, сондай-ақ негізінен арғындар мекендеген Тосын, Майқарау, Сарқопа, Наурызым, болыстарын қамтыды. Құрылтай шешімімен Кенесары Қасымовтың серігі болған атақты Иман батырдың немересі-Амангелді Иманов Үдербайұлы көтерлісшілердің сардарбегі (бас қолбасшы) болып тағайындалды. Көтерлістің етек жаю барысында Әбдіғапар Жанбосынов қыпшақ көтерлісшілерінің ханы, ал Шолақ Оспанов арғын көтерлісшілерінің ханы болып сайланды.²³ Ә.Жанбосынов пен А.Иманов олардың серіктері көтерлісшілерді ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөліп тәртіпті әскер құрды. Әрбір қолды басқаруға тиісінше онбасы, елубасы, жүзбасы мыңбасы тағайындалды. Кейкі Көшкінбаев бастаған арнаулы мергендер тобы құрылды. Сардарбек жанында әскери кеңес жұмыс істеді. А.Имановтың көтерлісшілер армиясының бақылауындағы аудандарда, төменгі ауылдық-болыстық әкімшілік жойылып, азаматтық билік көтерлісшілердің қолына көшті. Ә.Жанбосынов, А.Иманов және олар басқарған әскери кеңес тыл қызметін ұйымдастырып, арнайы тағайындалған адамдарға көтерлісшілерді азық-түлікпен, ат көлікпен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер және т.б. жасауды тапсырды.²⁴

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерлістің ең ұзағы және ұйымдасқаны Торғай даласында болды. Шілденің бірінші жартысында басталған көтерліс Ақтөбе, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерін қамтыды. Көтерлісті Аманкелді Иманов басқарды. Аманкелді 1873 жылы 3 көкекте Торғай уезінің Қайдауыл болысында Терісбұлақ деген жерде Үдербай Иманұлының отбасында дүниеге келген. 7 жасында әкесі қайтыс болады. Алғашында ауыл молласынан білім алады. Әділетсіздікке жастайынан қарсы ол, 1906 жылы Қойдауыл болысындағы қазақтарға патша салығының салған мөлшері қисынсыз үлкен деп оны

төлеуден бас тартады. 1908 жылы Торғай қазақтарының көтерілісіне қатысқаны үшін тұтқындалады. Абақтыда ол әр түрлі пікірдегі адамдармен танысып, өзінің дүниетанымын кеңейтеді. 1916 жылғы патша жарлығын Аманкелді де бүкіл қазақ халқы секілді ашу-ызамен қарсы алды. Ол Ақтөбе, Атбасар, Қостанай, Перовск, Ырғыз уездеріне өз өкілдерін жіберіп, патша жарлығының мәнін түсіндіріп, жергілікті халықты көтеріліске шақырды. Мұны естіп жұрт жан-жақтан ағылып келеді. Ауыл кедейлерімен қатар Байқоңыр руднигінен, Шоқпар тас көмір кен орындарынан, Орынбор-Ташкент темір жолынан және т.б. жерлерден көптеген жұмысшылар келді.

Ақмола, Семей, Сырдария облыстарынан да келіп қосылды. Алғашында 5 мың адамнан тұрған көтерілісшілер саны 15-20 күнен кейін 50 мыңға жетті. Көтерілісті Аманкелді, оның серіктері Әліби Жанкелдин, Кейкі Көкембайұлы басқарды. Әскер қатарында Қарағанды шахтылары, Спасск заводы, Успен кен орны, Жезқазғанның, Қарсақпайдың жұмысшыларынан тұратын бөлімдер жасақталды. Көтерілістің штабы Торғай даласындағы Батпаққарада орналасты. Көтерілісшілердің әскери тәртіпке, соғыс өнерін үйренуіне үлкен мән берілді. Сап құру, мылтық ату, шабуылға шығу, қорғана білу әдістері үйретілді. Ұстаханалар ұйымдастырылып, онда қару-жарақтар жасалды. Аманкелді ұрыс жүргізудің өзіндік тактикасын пайдаланды: мергендерден жасақталған отрядтар құмның арасына орналастырылды, жазалау отрядтары жүретін жолдар үнемі бақылауға алынды. Үгіт-насихат жұмыстары жандандырылды, көтерілісшілердің рухы көтерілді. Көтерілістің мақсаттары мен міндеттері түсіндірілді. Әскери кеңес ұйымдастырылды.

13 қазанда Ырғыз уезіндегі Қызылжар болысының көтерілісшілері Жаманқұм деген жерде патша әскерлеріне көмекке жіберілген байлардың бөлімшесін талқандады. 18 қазанда Ақтөбе уезінің 2500 адамнан тұратын көтерілісшілері Көкжал көлінің маңында жазалаушылар бөліміне шабуыл жасап, табанды ұрыс жүргізіп, патша әскерлерін шегінуге мәжбүр етті. 21 қазанда 4 мың

көтерлісші Татыр көлі маңында казак жүздігімен және полиция бөлімімен шайқасқа түсті. Жазалаушы отряд жеңіліп, Торғай қаласын паналады.

Торғай облысының генерал-губернаторы М.М.Эверман көтерлісшілерді басу үшін майданнан арнайы алдырған генерал-лейтенант А.Д.Лаврентьев басқарған ерекше экспедициялық корпус құрды. Ол Қазан, Саратов, Вятка, Пермь, Симбирск, Орынбор әскери бөлімдерінен алынған әскерлермен толықтырып, 17 жаяу әскер ротасы, 18 казак жүздігі, 18 зеңбірегі мен 17 пулеметі бар 11 атты әскер эскадронымен жасақталды. Көтерлісшілер 1917 жылдың 13 қаңтарында Шошқалықопа деген жерде, 14 қаңтарда Күйікқопа деген жерде жазалаушы отрядтарға соққы берді. Қатты ұрыс нәтижесінде көтерлісшілер шегінуге мәжбүр болды. Шегіне отырып олар Ақшыған, Күйік, Татыр, Доғал - Үрпек деген жерлерде шайқасып Ақпан революциясын қарсы алды.²⁵ Көтерлісшілер аяусыз жазаланды. Халықты жазалаудан құтқару мақсатында патша үкіметіне өз еркімен берілген. Әбдіғафар Жанбосынов (1870-1919жж) қыпшақ руынан шыққан Нияз бидің немересі. 1916 жылы көтерлісшілердің қолдауымен Торғай қыпшақтарының ханы болып сайланған.

Жәмеңке Мәмбетов (1838-1916жж) Жетісудағы Қарқара болысындағы көтерлісті басқарған. 1916 жылы Пржевальск түрмесінде атылады.

Ұзақ Саурықов (1851-1916жж) - Қарқара болысындағы көтерліс басшыларының бірі. 1916 жылы Пржевальск түрмесінде атылады.

Кейкі (Нұрмағамбет) Көкімбайұлы (1873-1919жж.) қыпшақ руынан шыққан, 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерлістің басшысы, Аманкелдінің серігі. Ел - жұртының азаттығы жолында арыстанша айбат көрсетіп күрескен батыр, құралайды көзге атқан, оғы мүлт кетпейтін мерген. 1919 жылы Кейкі батырды аңдығандар оны қапылыста Жыланшық өзені бойындағы Жалаулы жайлауында қолға түсіріп, қолын бұтарлап, басын кесіп алып Торғай қаласындағы алаңға сырыққа іліп қойып, мазақ еткен.

Атқа салдым терлікті,
Жауға қылдым ерлікті.
Мен кеткен соң халқым-ау,
Көресің жаудан қорлықты!

деп азаттық жолында шейіт болған Кейкі батырдың бас сүйегі Санкт-Петербургтегі Кунсткамераның антропологиялық қорында сақталуда...

Ресейдің Қазақ жеріндегі жүргізген саясаты шовинистік бағытта болды. Ұлт кеңесінің мүшесі ақсүйек Марков: «Қазақ, қырғыз - Шыңғыс хан мен Ақсақ Темірдің елі, бұларға Америкадағы қызыл тері-сондағы жер иелеріне істегенді істеп, оларды қырып жерін тартып алу керек» деген.²⁶

Генерал-губернатор Куропаткиннің бұйрығымен құрылған жазалаушы отрядтар Ақсуда тұтқынға түскен 500 қазақты таспен ұрып өлтірген. Бейбіт елді қырып салғандарды «ер» деп бағалаған. Өз еркімен келген қазақтарды бұлар мылтықпен, қамшымен қорқытып, жартастан құлатып өлтірген.

Алайда, 1916 жылғы көтерілістің қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысындағы орны ерекше. Ол халыққа ұлттық мүдденің ортақ екендігін ұғындырып, оның сана-сезімінің жетілуіне ықпал етті. Ол Ресей империализміне үлкен соққы болып тиді, патша өкіметінің соншалықты керемет, «құдіретті» күшке ие емес екендігін көрсетті.

1916 жылғы Қазақ жеріндегі қазақтардың саны 446 мың адамға, Орталық Азияда 121,7 мың адамға, Астрахань губерниясында-51,8 мыңға, ал бүкіл Ресей империясы ойынша 617,5 мыңға кеміді.²⁷ Патша әскері ойран салған жылдардағы қазақтардың тағдыры осындай болды. 1916 жылғы көтеріліске қатысып жеңілген халық лажсыз көніп, 19-31 жас аралығындағы жігіттерді окоп қазуға аттандыруға мәжбүр болды. Олардан «бұратаналық жұмысшы топтары» (инородческие рабочие партии-ИРП) деген құрылды. Топтар үш түрлі болды: 2000 кісілік, 1000 кісілік және 500 кісілік. Кейбір жерлерде топтар отрядтарға бөлініп, тіпті 250 кісілік отрядтарды

құраған. Топтардың жалпы саны 33 кейбір деректерде 42-281-ге дейін деп көрсетілген. 1916 жылы тамыздың 29 да Терістік және Түстік батыс майданға және сол маңайдағы жол қатынасының Вильно, Варшава және Киев округтеріне (аймақтарына) 33 топ, барлығы 74250 адам жіберілетіні айтылған. Келесі бір ақпаратта Кавказ бен Түркістаннан тек Түстік Батыс майданға 180 мың бұратана бөлінген, оның 90 мыңы түркістандық болған.

Жалпы осы жылдары: Түркістан өлкесінен-90 мың, Семей облысынан-50 мың, Ақмола облысынан -69834, Маңғыстаудан-3 мың, Торғай облысынан-50 мың. Барлығы: 262834 Орал облысы мен Бөкей ордасын қоспағанда Қазақ елі мен Орталық Азиядан 250 мыңнан астам адам реквизицияланған. Олар майданда оқ астында жүрген, атқораларда тұрған қыс кезінде жер қазумен айналысқан. Ұрып-соғуды, қорлауды, аштықты, ауру-сырқауды, өлімді окоп қазғандар бастарынан өткізген.²⁸

Жетісу, Сырдария қазақтары 16 жылғы қырғынның салдарынан 1917-1918 жылдары ашаршылыққа ұрынып, М.Шоқайдың есебі бойынша Түркістан өлкесінде 1 млн.114 мың адам аштан өлген.²⁹

2.2. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қос өкімет жағдайындағы Қазақ елі. «Алаш» және «Үш жүз» партияларының құрылуы

1917 жылы 27 ақпанда Ресейде Ақпан буржуазиялық - демократиялық революциясы болды. Патшаның монархиялық билігі құлатылып, елде Қос үкімет орнады:

1. Уақытша үкімет;
2. Жұмысшы, солдат депутаттарының Кеңесі.

1917 жылы наурыз және сәуір айларында Семей, Верный, Омбы, Ташкент, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Петропавл т.б. жерлерде жұмысшы, солдат депутаттарының Кеңестері құрылды.

Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясы империализм бұғауындағы халықтар өміріндегі аса елеулі оқиға болды. Патша өкіметінің құлауын отарлық тәуелділіктегі елдер қуана қарсы алды. Империя езгісінде азап шеккен

оларға енді жаңа әділетті дәуір туатындай, өздерін кемсітіп «бұратана» деп жүре тыңдайтын патша шенеуніктері біржолата жойылатындай көрінді. Өзге халықтар секілді қазақтар да Уақытша үкіметке барынша қолдау көрсетті. Қазақтың оқыған білімді азаматтарының өкімет билігіне қол жеткізулері, қазақ қоғамындағы ұлттық қоғамдық-саяси ұйым-Қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұңғыш ұлттық саяси партияның құрылуы және оның дербес автономия үшін күресі т.б. саяси оқиғалар осы Ақпан революциясы нәтижесінде өмірге келген Уақытша үкімет тұсында жүзеге асты. Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылдың наурыз айының ортасынан бастап құрылған Қазақ және Мұсылман комитеттері болды. Бұл кезде жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық мақсат-мүдделері қарама-қайшы күштер саяси күрес алаңына шықты. Қазақ халқының Ақпан революциясын қалай қабылдағаны туралы А. Байтұрсынов: «Қазақтар алғашқы революцияны зор қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді»- дейді.³⁰

Ақпан революциясынан кейін Қазақ жерінің көптеген елді мекендерінде қоғамдық-саяси ұйымдар пайда болды. Мысалы, Омбы қаласында «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» мен «Бірлік» ұйымы, Ақмолада «Жас қазақ», Спасскіде «Жас жүрек», Меркеде «Қазақ жастарының революциялық одағы», Семейде «Жанар», Қызылжарда «Талап» және т.б.

Қазақ зиялылары алғашында Уақытша үкіметке, оны басқарушы кадет партиясына сенім артты. Бірақ ол сенім ақталмады. Уақытша үкімет ұлттық-мемлекеттік құрылыс, жер, дін сияқты негізгі саяси-әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешпей, бұрынғы патша үкіметінің саясатын одан әрі жүргізді. Сондықтан Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары кадет партиясынан қол үзіп, өздерінің ұлттық-саяси партиясын құру қажеттілігіне көздері жетті.

Ұзақ жылдар бойы ұлттық азаттықты аңсап, өзімізді-

өзіміз басқарсақ деген Ресей мұсылмандарының мүддесін қорғаған IV Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы мен оның жанындағы бюро мүшелері Ақпан революциясынан кейін жүзеге асқан саяси өзгерістердің алғашқы күндерінен бастап-ақ, халықтың саяси белсенділігін арттыруға тырысты. Мысалы, 1917 жылы 6 наурызда IV Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының жанындағы бюроньң мүшесі С.Мақсұдов Орынборға келіп мыңға жуық адамдар алдында баяндама жасады. Ол Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысының негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни автономия алуға, жер мәселесін мұсылман халықтарының мүддесі тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге және басқа да міндеттерді шешуге жұмылдырды.

1917 жылы 15-17 наурыз аралығында Петроград қаласында мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен мұсылмандар мәжілісі өтеді. Мәжіліске қазақ зиялыларынан Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Сейдалин, А.Кенжин, Н.Құрбанғалиев және М.Бозтаев қатысады.³¹

IV Думадағы мұсылман фракциясының мүшесі И.Ахтямовтың төрағалық етуімен өткен мәжіліс Ресей мұсылмандарының Уақытша орталық бюросын құру және жалпыресейлік мұсылман съезін шақыру қажет деген шешім қабылдайды. Осы мақсатта көкек-мамыр айларында Орынборда, Оралда, Семейде, Жетісуда, Омбыда облыстық сиездер өткізілді. Бұл сиездер күн тәртібіне дін, жер, соғысқа көзқарас мәселелерімен қатар, Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы туралы да мәселені қойып, қарарлар қабылдайды. Ақмола облыстық қазақ съезі Мағжан Жұмабаев, Әбіубәкір Дауылбаев, Хасан Қожанбердин, Байсейіт Әділов, Олжабай Нұралин, Құрманәлі Қосшығұлов, Ақан Әбілхайдаровты делегат етуге ұйғарым жасайды. Сондай-ақ Орал облыстық қазақ съезі Жаһанша және Халел Досмұхаметовтарды, Ғабдолла Әлібеков, Мұғалім Сұхбановты және алты молланы делегат етіп жіберу туралы шешім шығарады. Жалпыресейлік мұсылман съезінің өткізілу қарсаңында мұсылман зиялыларының басым көпшілігі Ресейдің федеративтік республика болуын жақтайды. Ал мұсылман халықтарының

ұлттық қозғалысында Ақпан революциясынан кейін автономия алу мәселесінде екі ағым бой көрсетті. Біріншісі-орталықтанған үкімет билігі бар Ресей республикасының шеңберіндегі мәдени ұлттық автономияны жақтаған унитарлық ағым, екіншісі-федеративтік негіздегі Ресей республикасы құрамындағы территориялық автономияны қолдаған федеративтік ағым еді. Орынбор қаласында 1917 жылы 21-26 шілде аралығында жалпы қазақ сиезімен қатар, Қазан қаласында жалпыресейлік екінші мұсылман сиезі өз жұмысын бастады. Жалпықазақ сиезінің күн тәртібіне мемлекеттік басқару формасы, қазақ автономиясы, қазақ саяси партиясы, жер, дін, сот, әйел, сондай-ақ Киевте өтетін федералистер съезіне және Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне («Шуро-и-ислам») өкілдер сайлау мәселелері талқыланды.

Бірінші жалпықазақ съезі Ресей федеративтік республика болсын, қазақ облыстары қоныстану жігіне қарамай облыстық автономия алуы тиіс, «қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін, заңсыз алынған жерлер кері қайтарылсын, халық милициясы құрылсын, дала облыстары қазақтардың діни ісі Орынбор муфтилігіне қосылсын, оқу ісі ана тілінде жүргізілсін» деген маңызды қаулылар қабылдайды. Тамыз айында Киевте өткен федералистер съезіне қазақ өкілдерінен Ә.Бөкейханов, Ж.Досмұхаметов, У.Танашев сайланды.³²

Жалпыресейлік екінші мұсылман съезі ішкі Ресей және Сібір мұсылмандары үшін платформаны қабылдаған қаулысында қойылған бірінші мәселеде «Ішкі Ресей және Сібір мұсылмандары үшін ұлттық-мәдени автономия берілсін, ал екінші мәселе бойынша Түркістан, Қазақ елін, Кавказ және Қырымдағы басқару формасы туралы мәселені шешу осы аймақтардағы халықтың өз еркіне берілсін. Сонымен қатар, бұл мәселені шешу барысында ішкі Ресей және Сібір мұсылмандары аталған шеткі аймақ өкілдерінің ұсынысын қолдауға шақырады» делінген. Бұл кезде ұлттық мемлекет және ұлт саясатында таптық негізді басшылыққа алған большевиктер мұсылман халықтарының ұйымдарына қырын қарады. Нәтижесінде

1918 жылы 5 қаңтарда ол Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесінің атқару комитеті таратылды. Кеңес өкіметі өз билігі орнаған жерде бұл ұйымдарды жоюға кірісті. Осындай жағдайда М.Шоқай, З.Валиди сияқты Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысының қайраткерлері алдағы кеңестік мұсылмандардың тәуелсіздігі үшін күресті шет елдерде жалғастыруға мәжбүр болды.

1917 жылы сәуірден бастап Қазақ елінің жер-жерінде «Алаш» партиясының съездері өте бастады. 1917 жылы сәуірде Жетісу облыстық съезі өтті. Онда әлеуметтік, аграрлық, ағарту мәселелерімен қатар сырттан қоныс аударуға жол бермеу, Қытайдағы босқындарды қайтару мәселелері талқыланды. 1917 жылы 27 сәуірде Семейде өткен съезде Ұлттық автономия құру мәселесі талқыланды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда жалпықазақ съезінде ұлттық демократиялық саяси «Алаш» партиясы құрылды. Ол 1905 жылы пайда болған алаш қозғалысы негізінде құрылды.

Съезде қаралған мәселелер:

- мемлекеттік басқару формасы;
- қазақ облыстарының автономиясы;
- жер мәселесі
- халықтық милиция;
- земство;
- халық ағарту;
- сот;
- дін мәселелері т.б.

«Алаш» партиясы құрылып, оның жұмыс істеу бағытын бекітті.

Олардың мақсаты қазақ елін отарлық езгіден құтқарып, өз алдына ұлттық автономия құру болды.

Партияның Семей, Омбы, Торғай, Орал облыстық комитеттері құрылды. 1917 жылы «Қазақ» газетінің 21 қарашадағы санында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Ғұмаров т.б. қайраткерлер қол қойған «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Бірақ Алаш партиясы өз мақсатына жете алмады. 1917 жылдың аяғынан бастап 1918 жылдың наурыз айы-

на дейін Кеңес өкіметі негізінен алғанда Қазақ жерінің барлық ірі елді мекендерінде орнады. Петропавл, Перовск (Қызылорда), Әулие-Ата сияқты қалаларында, қызыл империяның жандайшаптары билікке келген жерлерде, Алаш белсенділері жаппай тұтқындалды.

Социалистік «Үш жүз» партиясы оппозициялық балама пікір ұстанған ұйым болды. Тағы бір есте болатын жағдай, ол «Қазақ социалистік партиясы» ұғымының біз жүріп өткен «социалистік» қоғаммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығы. Бұл прогресс жолымен әлеуметтік әділеттікке жетуді көздеген, саяси, рухани, діни, тағы басқа салаларда бостандықты ұран қып ұстаған солшыл демократиялық партия болды, қазақ зиялыларының осы саяси ағымды қолдайтын елеулі тобының идеялық орталығына айналды. Ұйымның негізін қалаушылардың бірі Көлбай Төгісов мамандығы бойынша заңгер, әрі талантты журналист, драматург, публицист, ақын және ірі қоғам қайраткері болды. Ол халқын өнер - білімге, бастаған адам еді. Оның «Надандық құрбаны» спектакілі-қазақ драматургиясының ішіндегі өзіндік орыны бар туынды болды. Шығарма арқауы қазақ халқын ілгері бастырмай жүрген кейбір кертартпалық қылықтарды көрсету еді. Автордың өзі: «қырда болып жатқан көп надандықтың біреуі жарымын қолдан келгенше «ойын кітабына» жазып, қазақ жастарына ұсынып отырмын, қазақтың өз көздеріне көрсетсе, бәлкім мұндай жолдан тиылар ма еді деп үміт қыламын»-деп жазған. Бұл партия туралы Сәкен Сейфуллин «Қазан төңкерісінен кейін солшылдар (үш жүзшілер) барған сайын солшыл болып қалыптасып, ал оңшылдар (алашордашылар) мүлдем оңшыл және «реакцияшыл» болды» –деп көрсетті. «Үш жүзшілер» қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылдыққа бейімдеу, ұлттар арасын ушықтырмау сияқты гуманистік пікірлер басым болды. Демек, үш жүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық, ағартушылық бағытынан жаңылмағанын аңғаруға болады. Көлбай Төгісов пен

оның партиялас серіктері Ы.Кәбеков, Т.Арыстанбеков, Ш.Әлжанов, Н.Құлжанов, Ж.Сәдуақасов, Ә.Досов тағы басқалары осы жылдары әртүрлі бұқаралық ұйымдар құрумен айналысады. Азамат соғысы жылдары Т.Арыстанбеков «қазақ демократиялық оқушы жастар» кеңесін басқарса, Ә.Досов «Үш жүз» партиясы орталық комитетінің тапсыруымен оқушы жастарға материалдық көмек ұйымдастыру міндетін атқарды. Ысқақ Кәбеков жер бөлімін басқарса, Көлбай Төгісовтың өзі Батыс Сібір облыстық заң комиссары болды.³³

Тарихи шындыққа жүгінер болсақ «Алаш» партиясының да, «Үш жүз» партиясының да, олардың басшыларының да көздеген бір-ақ мақсаты болды. Ол өз халқын бостандыққа жеткізу, бақытты ету еді. Бұл екі партияның мүшелерінің қай-қайсысы болмасын жұрт секілді 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің жеңісін, ондағы орыс империясының патша ағзамы Николайдың тақтан тайдырылуын енді халыққа бостандық тиеді деген үмітпен қарсы алып еді. Міне, осындай кезеңде екі партия да тарих аренасындағы күресті қатар бастады. Бірақ, бұлардың ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт-бағдарламасы екі басқа, біріне бірі кереғар, қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қайшылықтың болуы аласапыран, аумалы-төкпелі қиын кезеңде, қиян-кескі тартыстың барысында кездесетіні заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатыны да заңдылық. Қай партияның да өзінің ұстаған саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысы мен өзара күресіне кінә тағу қиындау. Бұл тақ тартысы емес, ұлтының мақсат-мүддесі мен тәуелсіздігі үшін күрес қана.

3.2. XX ғасырдың басындағы Қазақ мәдениеті мен оқу ағартуы

XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті өзіндік ерекшеліктерімен дамыды. Мәдениеттің жаңаша сипатпен дамуына ең алдымен 1905-1907 жылдардағы рево-

люциялық толқулардың әсері көп болды. XX ғасырдың басында кітап басып шығару ісі Омбы, Орал, Семей, Орынбор қалаларында жолға қойылып, қазақ кітаптарын басу ісі Петербор, Қазан, Ташкент қалаларында да қолға алынды.

XX ғасырдың басындағы қазақ ауыз әдебиетінің дамуына Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Әріп Тәңірберген және т.б. сол сияқты қазақ әдебиетінің өкілдері үлес қосты. Н.Байғаниннің халық дастандарын ел арасында насихаттауда, жыршылық өнерді жаңа сатыға көтерудегі үлесі зор болды. Ал музыка саласына өз үлестерін қосқан атақты сазгерлер мен әншілер: Дина Нұрпейісова, (Көңіл ашар), Балуан Шолақ Баймурзин, Үкілі Ыбрай Сандыбаев, («Гэкку»), Қазанғап Тілепберген, Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Естай Беркімбаевтар еді. («Майдақоңыр»).

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуына А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов т.б. әдебиет өкілдерінің үлесі айтарлықтай болды. 1909 жылы Абайдың шығармалар жинағы және А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың, С.Дөнентаевтің шығармалары да басылып шықты. С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Адасқан өмір», «Бір адамға», «Қамар сұлу», «Алты аяқ», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», т.б. шығармалары осы кездегі әдеби туындылардың озық үлгісі болып саналды. Онда қазақ ауылының өмірі сипатталды.

А.Байтұрсынов-қазақ әдебиетін және лингвистика ғылымын дамытуға үлес қосқан ғалым. 1913 жылы А.Байтұрсынов «Қазақ» газетін шығара бастады. Алаш Орда үкіметінің ұнқағазы болған «Қазақ» газетінің редакторы қызметін 1917 жылға дейін атқарған. 1913 жылы Қазақ жерінде 11 газет басылып, 4 мың тиражбен 13 кітап жарық көрген. 139 шағын кітапханалар мен 2 кәсіби емес театрлар болды.

Хат танымайтын Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен Әлемдік этнографиялық концертте екінші орын алып, күміс жүлде иемденді. Арнайы музыкалық

білім алмаған Күләш Байсейітова небәрі 24 жасында КСРО халық әртісі атағына ие болды. Сауаты жоқ Дина Нұрпейісова 1939 жылы 77 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен бүкілодақтық байқауында бірінші орынды жеңіп алды.

1906 жылы патша үкіметі оқу-ағарту ісінің ережелерін бекітті. Ереже қазақ жерінде орыс мектептерінің көбеюіне жол ашса, медреселердің жұмыс істеуіне шек қоя бастады. Ал бұл үрдіс 1920 жылы Қазақ АССР-ның құрылуына байланысты Оқу ағарту Халық Комиссариаты (Наркомпрос) дүниеге келуімен өзгеріске түсті. Оқу ағарту Халық Комиссариатының міндетіне барлық ағарту мекемелеріне идеялық-саяси және бағдарламалық-әдістеме жағына жетекшілік жасау балалардың әлеуметтік тәрбиесі мен политехникалық білім алуына қолғабыс тигізу, халық шаруашылығы мен кеңес құрылысы үшін мамандар даярлау кірді. Оқу Комиссариатының жергілікті жердегі келесі буыны Уездік Халық Ағарту бөлімі (УОНО) болды.

1924 жылы елде «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы ұйымдастырылды. 1921-1927 жылдар аралығында Қазақ жерінде 200 мыңға жуық адам әр түрлі дәрежедегі оқумен қамтылды. 1928 жылы республикадағы барлық халықтың 28 пайызы сауатты болды.

1926 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АКСР біртұтас мектептердің жарғысын» қабылдады. Көптеген қалаларда арнаулы білім беретін және соның ішінде қазақ қыздарын оқытатын мектептер ашылды. Білім беру ісін дамыту бағытында ана тіліндегі оқулықтарды жасаған қазақтың ұлттық зиялылары үлкен үлес қосты. Мысалы, А.Байтұрсынов суретті әліппе, Ж.Аймауытов ана тілі оқулықтарын жазды. Қ.И.Сәтбаев орта мектепке арнап алгебра оқулығын, Ә. Бөкейханов география оқулығын жазды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының бірі, **Шәкәрім (Шаһкерім) Құдайбердіұлы**-Абайдың немере інісі, Құнанбайдың Құдайберді деген баласынан туған. (11. 07. 1858 ж.) Өскенбайдың бәйбішесінен Құнанбай жалғыз екен де, Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден (Сыбан, Жәңгөбек қызы) Құдайберді

жалғыз екен. Құдайберді 1866 жылы 37 жасында қайтыс болған. 7-жасында жетім қалған Шәкерімді Абай бауырына салып тәрбиелейді. 1874 жылы қажылыққа барған Құнанбай бабасының өсиетін орындап, Абай өлген соң 47 жасында Шәкерім де қажылыққа барып қайтады. 1905-1906 жылдары Ыстамбұл, Каир, Бағдат, Мекке шаһарларының кітапханаларында болған. Лев Толстоймен кездесіп хат жазысып тұрған. Дүние танымы философия, этика, тарих, психология, теология сияқты ғылым салаларын терең меңгеруі оны ғұламалық дәрежеге жеткізді. Оның «Үш анық» деген еңбегінде қоғам дамуы туралы мәселелер сөз болады. Шәкерім шахмат ойнаған, ол кезде оны «Шатыраш ойыны» деп атаған. Шәкерім оны қате қойылған ат ол «Хан қамау» ойыны деп өзгертіпті. Оның философиялық ойлары: 1.»Адам өлмейді, себебі дүниеде бір рет бар болған, жаратылған зат мүлдем жоғалып кетпейді. Ол тек химиялық өзгеріске ғана ұшырайды» деген ғылыми қағида бар, ол дұрыс олай болса адам да өліп жоқ болып кетпейді. Адам өлген соң оның жаны, яғни демі барлық ауаға тарайды, денесі жерге беріледі. Топырақ болады, суға араласады. Ол топыраққа шыққан шөпті мысалы, мал жейді, суды ішеді, малды адам жейді немесе сүтін ішеді, болмаса топыраққа шыққан өсімдіктен адам нәр алады, осы нәрден барып дүниеге екінші бір жаңа адам пайда болады. Демек әлгі өлген адам өзгеріп екінші жаңа адам болып, дүниеге қайтадан келеді, әрбір жаңа ұрпақ бұрынғы ұрпақтардың жалғасы, яғни солардың өмірінің қайталамасы.

- Дүние жүзіндегі барлық адамзат ең басында бір ата бір анадан тараған.

- Әрбір ереже, заң-тек сол дәуірге ғана, сол дәуірдегі өз қоғамына ғана тән. Басқа қоғамға басқа дәуірге көшкен уақытта оның түгі де қалмайды.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде ерекше орны бар парсы, түрік, араб, орыс тілдерін меңгерген. Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (1911ж) атты тарихи еңбегі, «Қазақ айнасы» (1912ж) атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Поэмалары: «Қалқаман-Мамыр», «Еңілік-Кебек». Бұл туындылары

оны демократияшыл, ағартушы, гуманистік бағыттағы ақын, тарихшы, философ ретінде танытты.

Ол гуманистік демократиялық мемлекеттік құрылым мен өркениетті қоғам құру үшін рулық қақтығыстар мен трайбализмді жойып, арнайы социум ретінде ұлттық прогреске жол ашу қажеттігін дәлелдейді. Ұлттық бірлікті қалыптастыру және нығайту өркениетті, демократиялық мемлекет құрудың ірге тасы, негізі деп білді.

Кеңестік өмір шындығының сұмдығына төзе алмай, жападан-жалғыз өмір сүруге бекінген ойшылды, өкіметке қарсысың деп айыптап 1931 жылы 2 қазан күні Шәкерімді Қарақойтастың Керегетас деген жерінде сайдың ішінде атқан Абзал Ғабдоллаұлы Қарасартов (1908-1979жж) бастаған ОГПУ қызметкерлері оның төрт сандық кітаптары мен толып жатқан қолжазбаларын және кейбір қымбат заттарын тәркілейді. Көптеген қағаздарын отқа жағады. Шәкерім қажыға «Бұл жауыз құранды қазақ тіліне аударып, халыққа діни үгіт таратқан» деп айып тағады.

Әміре Қашаубаев 1888 жылы, бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Абыралы болысына қарасты Дегелең тауының сілемінде дүниеге келген. Руы тарақты. Әміре табиғатынан әнші болды, балалық шағы Тоқырауын өзенінің жағасында өтті. Бұл ән-күйге, әншілерге бай өңір болатын. Әміренің үлкен атасы Жанай әнші болған. Ел қариялары Әміреге ән салдырып отырып: «Атаңа тартыпсың, сен де айтулы әнші боласың», - деп сүйсініп баталарын береді екен. Ал әкесі Қашаубай Жанғұтты байдың жылқысын бақты. Бір жолы бай оған: Сенің ұлың менің үй шаруаммен айналыссын. Ән оның не теңі? - дейді. Сонда Қашаубай тұрып: - Әмірені қол бала етіп ұстарсыз, ал бірақ оның әні сіздің үйге сия қоймас! - деп жауап береді.

Жанғұтты бай әкелі-балалы жалшыны сол күні-ақ қуып жібереді. Күнкөрістің қиындығынан Әміренің әкесі Қашаубай туған жерін тастап, Семейге келіп, Ертістің қыр жақ қабағындағы слободканың моласын күзетеді. Он жастағы Әміре қала саудагері Қаражан Үкібаевтың жинаған терісін күзетеді. Жоқтықтың азабын тартушы

Қашаубай мола басында сарғайса, балдырған бала Әміре бай қорасында тау-тау болып үйілген қаңсыған терінің үстінде сарғаяды. Күздің сұрғылт, қыстың аязды ұзақ түндерінде көз шырымын алмай, зарыққан баланың ермегі ән ғана болды. Оның әнінен ұзақ түннің, сылбыр өмірдің, сарыны естілгендей болады. Қағілез жас баланың үніндегі зар мен шырқай көтергендегі қоңыр, сазды даусында қымызшының үйін жағалаған басқа әншілердің әндерінен гөрі жүрекке жылы, көңілге жағымды тиетін ерекшелік болыпты.

Арқасын аяз сорған Әміре тері күзетіп отырып, ағасы Серіктен үйренген әндерін айтса, бертін келе тері күзетуден құтылып, Қаражан саудагердің қолында ат айдаушы болып тұрған кезде, қыр әншілерінен атақты Жарылғапберлінің шәкірті, Нұртаның әндерінен үлгі алады. Нұрта жуан ата, шонжарларға кіріптар болмай, оларға тілемсектеніп өлең айтудан гөрі, өзінің бойына біткен әншілік өнерін, көптің жиналған жері базарда көрсету мақсатымен, Әміренің жас албырт кезінде Семей қаласына жиі келеді. Жаңа «пері», жас талап Әміре бала әнші болып қасына ереді. Жарылғапберлінің орындауындағы «Ардақ», «Алтыбасар», «Қанапия», «Әудемжер» тәрізді әндерді осы Нұртадан үйренеді.

Ақыры табиғи таланты Әмірені байдың жалшылығынан азат етті. «Әнші бала», «әнші жігіт» атанған шағында Әміре өнер жолын қуады, ел аралап, ән салады. Ол Қоянды жәрмеңкесінде: қараөткелдік Сәтмағанбет, Ғазиз, баянауылдық Қали Байжанов, керекулік Майра т.б. әншілермен танысып, талай өнер жарысына қатысады. 1924 ж. Семейде өткен өнерпаздардың байқауында Әміре өзгелерден үздік шығып, Қалимен қатар түседі. Төреші комиссия 1-2 бәйгені қосып, екеуіне тең бөліп береді. Бұл кез Әміренің әншілік өнерінің шар-тарапқа танылған шағы еді. 1925 ж. Семей губерниясының халық ағарту бөліміне РСФСР Халық Ағарту комиссары А.В. Луначарскийден екі рет телеграмма келеді. Оның бірінде: «Қазақ әншісі «Семей қаласы, Восточная көшесі, 78-үйде тұратын Әміре Қашаубаев Парижде болатын Жер жүзілік көрмеде қойылатын этнографиялық концертке

қатысуға келісім бере ме екен? Жол қаражаты және концертке қатынасқан еңбегіне ақы төленеді. Соның хабарын тез білдіруіңізді сұраймын... РСФСР Халық Ағарту комиссары Луначарский» десе, екіншісінде «Әнші қазақ Әміре Қашаубаев туралы менің берген телеграмма жауапты тездетулеріңізді сұраймын. Парижде болатын біздің концерттің мемлекеттік маңызы бар» деп жазған. Парижде болатын өнер жарысының дайындығы есебінде өткен Мәскеудегі, Үлкен театрдағы концертте Әміренің орындаушылық өнердегі суреткерлігіне Мәскеу жұртшылығы таң қалады. Әміре Парижде берілген концертте «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Қос барабан», «Қызыл бидай», «Смет», «Жалғыз арша», «Ағаш аяқ», «Ардақ», «Қанапия», «Бес қарагер», «Екі жирен», сияқты қазақтың асыл әндерін Еуропаның талғампаз тыңдаушылары алдында шырқады. Осы әндермен ол өз халқының болмысын, кең даласын, асқар таулары мен шалқар көлдерін таныстырды. Француздың атақты жазушысы Ромен Роллан: «Мен Шығыста әншісін бұлбұл құсқа неге теңейтінін енді түсіндім; онда әншілік қабілет өте керемет екен», - деп қайран қалса, енді бір жазушысы Анри Барбюс: «Мен Әміредей әншіні сирек кездестірдім», - деп жазды. Аса көрнекті партия және мемлекет қайраткері А.В.Луначарский Әмірені қазақ даласының бұлбұлы атады. «Париж апталығы» газеті, «Ле мюзикаль» журналы Әміренің сирек кездесетін талант екенін мойындауға мәжбүр болды. Бұл сапарда Мұстафа Шоқаймен кездесіп, үйінде қонақта болады. Осыдан соң ол сезікті адамдар қатарына жатқызылып бақылауға алынады.

Әміре осы жолы екінші орын алып, күміс медальға ие болды. 1927 ж. Мәскеуге шақыртылып Советтер съезінің делегаттары үшін берілген концертке қатысты. Сол жылы Германияның Майндағы Франкфрутте болатын дүниежүзілік әншілік көрмеге жіберілді. Профессор Г.Любимов басқаруындағы этнографиялық ансамбль құрамында барған, Әміре Франкфрутте берілген концерттерде де өзгеше өнерпаз әнші ретінде ерекше көзге түседі.

Әміре - қазақтың ұлттық театрының ірге тасын қалас-

қан өнерпаз. Ол 1925 жылдың күзінде Қызылордаға келіп, жаңа ашылғалы жатқан театр тобына кіреді. 1933 жылға дейін театрда әнші-артист болған Әміре «Еңлік-Кебекте» Жапалдың, «Айман-Шолпанда» Жарастың бейнелерін сомдайды, концерттерде жиі шығып, халықтың ән шығармашылығын жалықпай насихаттайды. 1934 жылдың басында музыкалық театрға (кейін опера театры) ауысады, бірақ көп ұзамай осы жылдың күзінде жұмбақ жағдайда, ауырмай қайтыс болады. Оның орындауындағы әндер қашанда сәнді ырғағын, нәзік нақышын, әсемдік сазын тапқан. А.В.Затаевич Әміренің осындай суреткер-әншілігін аса жоғары бағалаған, Әміреден Арқа әндерінің небір тамаша үлгілерін жазып алған. 1931 ж. Алматыда музыка зерттеушісі, композитор А.В.Затаевич «Қазақтың 500 ән-күйлері» деген жинағын шығарды. Бұл жинаққа Әміреден жазылып алынған он бір ән кірді. А.В.Затаевич кейін: «Қашаубаев ән айтқанда тынысы кең, даусы сұлу да көркем, күшті тенор еді», - деп жазды. Ал Әміренің үні екі октаваға емін-еркін жеткен. Бұл табиғатта сирек кездесетін ерекше құбылыс еді. Әміре тек әнші ғана емес, аса дарынды актёр де болатын.

Әміренің ғажайып үні Мәскеуде 1925-27 ж. фонографқа жазылған-ды. Бірақ, ол 1974 жылға дейін белгісіз болып келді. Әміре фонографқа «Үш дос», «Балқадиша», «Смет», «Жалғыз арша», «Бес қарагер», «Дударай», «Ағаш аяқ» әндерін жаздырыпты. Оны тауып елге әкелген белгілі музыка зерттеушісі **Жарқын Шәкәрім**. Осыдан кейін Әміренің даусы енді эфирден де жиі беріле бастады, оның қызықты өмірі көптеген көркем шығармаларға өзек болды. Әміренің үздік әншілік өнері қазақ халқының бай өнерін дүние жүзіне паш етті. Сол жылдары Қазақ өнерінің дүлдүлдері халық әншілері Ғаппас Айтбаев, Қали Байжанов, әншілік дарынмен қазақ әндерінің сұлулық қасиетін шебер жеткізген, әсіресе, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Құрманбек Жандарбеков, Дәлилә Оңғарбаева, Елубай Өмірзақов, Қалыбек Қуанышбаев, А.В.Затаевичтер болды. Әміре ұлан-байтақ қазақ жерін әнге бөледі. Халықтың атақты әнші-ақындары Біржан Сал, Ақан Сері, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбы-

рай, Естай, Әсет, Жарылғапберлі мен Мәдидің әндерін асқақ сезіммен шырқады. Сөйтіп ол қазақ халқының ән мұрасының ұлы жыршысы атанды.

Қажымұхан Мұңайтпасов 1871-1948 жылдары өмір сүрген қазақтың аты аңызға айналған палуаны. Ол Ақмола облысы Қараөткел ауылында дүниеге келген, қыпшақ-алтыбас руынан. Кедей Мұңайтпастың бұл баласы жастайынан өзінің дүлей қара күш иесі екенін көрсетіп, бір қойдың етін жалғыз өзі жеп, елді талай рет таңқалдырып жүрді. Бірде ол ми батпаққа батып кеткен өгізшені арқанмен орап алып, иығына салып тартып шығарады. 1889 жылы он сегіз жасар Қажымұхан боранда шөп әкеле жатып шанаға жеккен қос аты жүре алмай қалғанда, біреуін шананың үстіндегі шөптің үстіне артып, екіншісін шананың соңына байлап, өзі шананы шөбімен ауылға сүйреп әкеледі. Омбы циркінде атақты орыстың палуаны Андрей Злобинды таза ұтып атағы шығады. Омбыда ол аты әлемге әйгілі орыс палуаны Иван Поддубныймен кездеседі. 1904 жылы Париждегі жарыста екеуі де бірінші орын алады. Ол өмірінде атақты орыстың үш Иванын - Иван Поддубныйды, Иван Заикинді, Иван Шемякинді жеңген. Сондай-ақ, оның күшіне төтеп бере алмай жеңілгендер Георг Гаккеншмидт, аттары әйгілі палуандар Алекс Аберга, Георг Лурих, француз Раул де Руан, темірдей мықты дат палуаны Иесса Петерсен, түрік Нуруллах, поляк Збышко-Цыганевич, Тома Кеннеди, Поплавскийлердің барлығы әлемге әйгілі мықтылар еді.

1910 жылы Персияның падишахының тағайындаған «Алтын арыстан және күн» орденін, осы елдің бойы 2,5 метр, салмағы 170 килограмм алып палуаны Машуртты жыққаны үшін алады. Ыстамбұлдың билеушісі Шакир-паша Қажымұханға өзімен бірге Қасиетті Меккеге қажылық сапар шегуге шақырады. Ұсынысты қабыл алған ол, Меккеге жақын Жидда қаласында өткен жарыста 25 мұсылман елдерінің палуандарын жеңіп қайтады. Қажымұқан өмірінде өз басын бәйгеге тіккен сәттері болды. Ол Жапонияның чемпионы, өмірі ешкімнен жеңіліп көрмеген Саракики Джин До Фу мен күресіп оны да жеңеді.

Қажымұқанның алғашқы жары цирк актрисасы Надежда Чепковская болды, оны алғаш ат үстінде шабандоздық көріністер жасап жүрген сәтінде байқаған Қажымұқан Надеждаға бірден көңілі кетеді. Олар Омбы қаласында мұсылман дәстүрі бойынша некеге тұрып, қосылады. Надежда өзіне жаңа Фатима деген мұсылманша ат алады.

1927 жылы Қазақстан Үкіметі Қажымұқанға «Қазақ халқының батыры» деген құрметті атақ береді. Ол өз басынан екі соғысты кешіреді. Ұлы Отан соғысы жылдары жетпіс жасар Қажымұқан оңтүстік Қазақстан аймағына гостролдік сапарға шығады. Жасы егде тартып қалған ол жерге жатып, өзінің үстіне тақтай төсеп, адамдарға лық толған жүк машинасын өткізген. Содан оның үстіндегі бар адамды иығына мінгізіп көрермен жұртты аралап жүрген. Осылай халықтың көп жиналатын жерлерінде базарларда, тойларда 3 жыл бойы өнер көрсетіп жиналған ақшаға, 1944 жылы 100 мың сом қаржыны майданға самолет жасатып, оған халық батыры Аманкелді Имановтың есімін берген. Осы КСРО әуе күштеріне жасаған қамқорлығы үшін 29 қазанда Қажымұқанға рахмет айтқан Сталиннің жедел хаты келеді. Хатты оқығанда Қажымұқанның көзіне келген жас халқына деген сүйіспеншілігі болса керек. Тірі пенде қайталай алмайтын тағдыр берген өз елінің адал презенті бола алған Қажымұқан, өмірінің соңғы жылдарын жоқшылықта өткізеді. Ол өз халқынан ерекшеленген жоқ, олар тартқан өмір азабын бұл да көріп өтті.

Қазақ жері мен Орталық Азия өңіріне есімі мәлім болған, жарқырап жанған шоқ жұлдыздарының бірі **Санжар Жағыпарұлы Аспандияров** 1889 жылы қазан айында Ташкент қаласында әскери тілмаштың отбасында дүниеге келген. Санжардың әкесі оқыған, көзі ашық кісі болған. Кезінде Сырдария облысы әскери округінің командашысы, облыстың әскери губернаторы, генерал Гродековтың тілмашы, ұзақ жылдарғы әскери қызметінің нәтижесінде полковник шеніне жеткен патша армиясының офицері, ол балаларының тәрбиесіне ерекше мән берген парасатты жан болған.

Санжар 1907 жылы реалдық училищені үздік тәмамдап, Петербург әскери медициналық академиясына оқуға түседі. 1912 жылы бұл жоғарғы оқу орнын да бітіріп, шекара Термезге полк дәрігері ретінде жіберіледі. Жас полк дәрігері емдеу жұмыстарымен қоса, негізінен, халық мүддесі үшін күрес жолына түседі. Бұқараның көзін ашсам, көңілін оятсам деген арман оған күндіз - түні маза бермейді. Бұл армандарын жүзеге асыруға бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс кедергі болады.

Санжар Жағыпарұлы 1913 жылы майданға жіберіледі. 1917 жылы тұтқынға түсіп, Германияда бір жыл азапты өмір кешеді. Көзбен көргендері мен бастан кешкендері Санжардың дүниетанымын, озық көзқарасын шындай түсті. Ол қарапайым халықтың ауыр тұрмысы мен нақақ төгілген қанын көрді, әлеуметтік әділетсіздіктермен бетпе-бет кездесіп, қараңғылық жайлаған туған өлкесін жан-жақты тани бастады. Әскери дәрігер көп ұзамай «қауіпті және сенімсіз жанға» айналады. Оның әр қадамын бақылау патшалық сақшыларға тапсырылады.

Қазан төңкерісі жеңісінен кейін, ол Түркістанда Қызыл Армияны жасақтауға қатысты. Әскери дәрігер Аспандияров жалынды үгітші және саяси жетекші де болды. Бұхара, Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары облыстық, кейін өлкелік кеңесінің мүшесі болып сайланды. Черняев полкінің қатарында ол 1918 жылы Бұхара, 1919 жылы Закаспий майдандарында шайқасқа, контрреволюциялық бас көтерулерді талқандауға қатысты. 1919 жылдың мамырында ол большевиктер партиясы мүшелігіне қабылданды.

Аспандияров 1919 жылы Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау Халық комиссары боп тағайындалды. Ұзамай оны Түркістан Компартиясы орталық Комитетінің мүшесі, атқару бюросының мүшесі, жауапты хатшы етіп сайлайды. Ал, 1920 жылы Егіншілік халық комиссары етіп тағайындады. Өлке жағдайын жақсы білгендіктен ол 1921 жылы республиканың Мәскеудегі тұрақты өкілі қызметіне ауыстырылады. Мұнда ол сондай-ақ, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының коллегия мүшесі болады. Қазақ, өзбек, қырғыз халықтарының жер-суды

пайдалану тәртібіне жетік болғандықтан, көп ұзамай оны білікті маман ретінде ВЦИК тің Жерге орналас-тыру жөніндегі айрықша комиссиясының мүшелігіне сайлайды. Ал, 1923 жылы қайтадан Ташкентке жіберіліп, Екіншілік, Денсаулық сақтау халкоматтарындағы басшы-лық жұмыстарымен қоса Түркістан Компартиясы Ор-талық Комитетінің хатшысы болды. 1924 жылдан бастап С.Аспандияров Бүкілодақтық большевиктер партиясы Орталық Комитеті Азиялық Бюросының мүшесі болып сайланды.

Советтердің Бүкілроссиялық XII съезінде Аспандия-ров ВЦИК Президумының мүшесі және ВЦИК секре-тарының орынбасары болып сайланды. Сөйтіп, 1925 жылдан бастап тағы да Мәскеуде қызмет істейді.

Санжар Жағыпарұлы 1927 жылы біржолата ғылыми жұмысқа ауысып, РСФСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Н. Нариманов атындағы Шығыстану инсти-тутының директоры болып тағайындалады. Осыдан кей-ін ол көп ұзамай Мәскеу Мемлекеттік университетінің Шығыс тарихы бойынша профессор атағына ие болады. Бұл қазақ және Орталық Азия жерінде берілген тұңғыш атақ еді.

Санжар Аспандияровтың өз қолымен толтырған ан-кетасына қарасақ және орталық мұрағатта сақталған материалдарға жүгінсек, ол кісі Шығыстану инсти-туты ректоры, ММУ-дың профессоры жұмысымен қоса, Этникалық және ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу инсти-тутының директоры қызметін атқарыпты.

1928 жылы Санжар Аспандияров Алматыға көшіп келді. Орталық Азия республикаларын межелеуден кейін Алматы Қазақстанға қараған, бірақ әзірге аста-на бола қоймағанды. Тұңғыш Қазақ мемлекеттік Уни-верситет ректорлығына орталықтан профессор Ас-пандияров шақырылған еді. Республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетін көтеретін білікті кадрлар-ды Қазақстанның өз ішінде дайындауды жолға қоюға, сонымен республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға орасан зор үлес қосты. Аспандияровтың ұшан-теңіз еңбегінің нәтижесінде сол жылы зоотехникалық-

малдәрігерлік институты отау тікті. Қазақ пединституты Қазақ университеті деп өзгертіліп, профессор Аспандияров институт директоры, әрі тарих кафедрасы меңгерушісі қызметін атқарды. Алайда, ол көп ұзамай Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Енді Халком Аспандияров бар қажыр-қайратын республика халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту ісіне жұмсап, бұл салада да айтулы еңбек сіңірді. Медицина институтын ашты, оның алғашқы директоры өзі болды.

Санжар Жағыпарұлы ағылшын, француз, неміс, латын және шығыс халықтарының тілін білген. Ол 1928 жылы жарық көрген «Исламның шығу себептері» атты еңбегінде жаңа қалыптаса бастаған ислам мен кейінгі кезеңдердегі ислам арасында принципті айырмашылықтар бар екенін дәлелдеуге тырысты.

«Қазақстан тарихы» 1935 жылы жарық көреді. Бұл еңбек біздің эрамызға дейінгі III ғасырдан 1917 жылға дейінгі қазақ елінің тарихын қамтыды. Оның «Причины возникновения ислама» (Самарканд – Ташкент, 1928 ж.) деген еңбегінен кейін 1935-1936 жылдары «Қазақ тарихының очерктері», «Шығыстың ұлттық революциялық қозғалыстар тарихы» деген кітаптары жарық көрді.

Автордың тағы бір құнды кітабы «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі». Бұл ғылыми еңбектің негізгі маңызы - патша үкіметінің қазақ жерлерін отарлау саясатының бет пердесін жеріне жеткізе ашқанында.

М. Қаратаев: «Ол ол ма, дәргерлігінің, педагогтігінің, ғалымдығының, қоғам қайраткерлігінің үстіне Санжар Аспандияров жазушы, филолог еді. Ол - шығыс елдері өмірінен «Шатер мира» атты орыс тілінде повесть жазған кісі, қазақ эпосы, ұлт мәдениеті, колхоз-совхоз театрлары туралы еңбектер жазды» деген дәлел айтады.

Санжар Аспандияров сойқан нәубеттің құрбаны болып кеткенімен ұрпақ оны ұмытпайды. Ол 1958 жылы 26 мамырда ақталды. 1989 жылы Алматы медицина университетіне С.Аспандияровтың есімі берілді.

Қысқа да нұсқа сөйлеп, көп шаруа тындыруға дағдыланған **Темірбек (Темкен) Қараұлы Жүргенов** Қазақ

АКСР-іне 1933 жылы Ағарту жөніндегі халық комиссары болып тағайындалды, әрі Өлкелік партия комитеті бюро мүшелігіне сайланады. Бұған дейін ілім-білім жинауда біраз ілгерілеп, шын қайраткерлік, ірі мемлекеттік ұйымдастырушы дәрежесінде шындалғандығын көрсетіп, Түркістан уәлаятына түгел танылып та үлгерді. Ауыл молдасынан хат тануы, Сыр сүлейі, атақты шайыр Тұрмағанбет Ізтілеуұлынан дәріс алу, Аламесектегі бастауыш мектеп, Перовскідегі орыс-қазақ училищесі, Орынбордағы жұмысшы факультеті, Орталық Азия университеті-оның ой қазынасын байытқан оқу ордалары болды.

Алматыға ауысқанға дейінгі он жылын Жүргенов Түркістан өлкесінде өткізді. Қатардағы студенттен Өзбек КСР-і секілді ірі одақтас республиканың үкімет мүшесі - Халық комиссары дәрежесіне жетті.

Жүргенов 1917 жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде студент боп жүрген кезінде, дүниені дүр сілкіндіре жөнелген дүрбелең оқиғалар иірімі, он тоғыздағы отты жігітке ой салды. Ол бірде Торғайдағы советтердің облыстық съезін өткізуге күш салған төтенше комиссар Әліби Жангелдиннің қасынан, енді бірде Кенжеқара болыстық, сосын Ырғыз уездік ревкомдары мен атқару комитетінің басынан табылды.

Оның «Еңбекші қазақ» газеті беттерінде жарияланған очерктері жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігін, Түркістанның этнографиялық картасын жасау мақсатымен зерттеу жүргізген арнайы комиссияның жұмысына қосылған елеулі үлес болды. Ол өзінің еңбектерінде қазақ халқының жалпы жағдайын, санын, кәсібін, шаруашылығы мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді, атқарылуға тиіс міндеттерді жеке-жеке қарастырып, орын алған жаңсақ пікірлерді батыл сынап отырған. Патша отаршылдарының кезіндегі «Бөліп ал да, билей бер» деген әйгілі ұранын әшкерелейді.

Жүргенов тұңғыш рет 1926 жылы Ташкентте арнайы орта білімді мұғалімдер даярлайтын халық ағарту институтының орнына ашылған Қазақ педагогика институтының бірінші ректоры болды.

Педагогика институты ұзамай Алматыға көшіріледі де, ол САГУ-дің мемлекеттік право бойынша ғылыми қызметкері болды. 1929 жылы Жүргенов Тәжік АКСР-інің Қаржы жөніндегі халық комиссары (бұл кезде Тәжікстан Өзбек КСР-інің құрамындағы автономиялық республика еді, 1939 жылдың қазан айында одақтас республикаға айналды), 1930 жылы Өзбек ССР Ағарту жөніндегі халық комиссары болды. Осы қызметінде ол Қазақ АКСР-іне шақырылғанға дейін істеді.

Т. Жүргенов көсемсөз шебері, халық ауыз әдебиеті мен мәдени-этнографиялық мұраларды жинап, зерттеуші, қазақ тілінің қамқоршысы, тамаша тәржімеші, артына «Меруерт» атты әдемі көркем әңгімелер де жазып қалдырған қабілетті суреткер боп тарихта аты қалды.

«Бір үлкен жиналыста Жүргеновтың қара көздері ұшқындап кетті...- дейді көргендер. Жұрттың бәрі бүкшіе түсіп, тым-тырыс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!»- деген ашу найзағайы саңқ етті. «Сіз қайда жүрсіз өзіңіз!»-деп қайталап, Жүргенов даусын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: Сіз Қазақстанға келдіңіз, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! ...Сіз Қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе...!» -деген қазақ осы Темкең еді.

Құрманбек Жандарбековтің: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен мәдениетінің білімдары ретінде білеміз. Біз оны қазақ оқу ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз». - деуі оның қазақ халқы үшін өмірін арнаған тарихи тұлға екенін дәлелдейді.

Қаныш (Ғабдулғани) Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Шешесі Әлима бұл дүниемен ерте қоштасады да, Қанышты Имантайдың үлкен әйелі Нұрым тәрбиелейді. Қаныш та сол кездегі білім алудың жолы молладан сауат ашып, ауыл мектебінде оқиды. Содан Павлодардағы орысқазақ училищесін бітіреді. 1918 жылға дейін ол Семейдегі атақты оқу орны мұғалімдер дайындайтын семинарияда оқиды. Оқуын өкпе ауруына шалдығуына

байланысты аяқтай алмайды. Еліне барып халық судьясы қызметін атқарады. 1921 жылы Баян ауылға қымыз ішіп емделуге келген, Томск технология институтының профессоры геолог Михаил Антонович Усовпен танысады. Қаныш оған жер аралатып қасында жүреді. Оның кеңесімен Қаныш 1921 жылы Томск Сібір технология институтының геология факультетіне оқуға түседі. Ол Томскде Таисия деген қызбен танысып оған үйленеді. 1931 жылы Жезқазған өлкесінің жер қойнауынан мыс рудасының мол қорын табады. Бұл кен орны сол кездегі КСРО-дағы бірінші орында болады. 1941 жылы Сәтбаев КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының төрағасы болады. 1942 жылы «Қазақ АКСР-ның Жезқазған ауданындағы кен орындары» деген іргелі ғылыми еңбегі үшін КСРО-ның мемлекеттік сыйлығы беріледі. Геология-минералдық ғылым саласының докторы Қаныш Сәтбаев 1943 жылы КСРО-ның Ғылым Академиясының мүше-корреспонденттілігіне сайланады. 1946 жылы 1 маусымда Қазақстанның Ғылым академиясы ашылып, ол оның тұңғыш Президенті болып сайланады. Сол жылы ол Орталық Азия өңірінен тұңғыш рет КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі болып бекітіледі. 1958 жылы Орталық Қазақстанның геологиялық картасын жасағаны үшін өзге ғалымдармен бірге Сәтбаевқа Лениндік сыйлық беріледі.

Академик ағамыз 1964 жылы 31 қаңтарда Мәскеу қаласында дүниеден өтті. Бүгінде оның есімімен Алматыдағы Қазақ Ұлттық Техникалық университет, Қарағанды облысындағы қала аталады.

II-БӨЛІМ

Қазақстан КСРО құрамында. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы

3-тақырып.

1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісі. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы және азамат соғысы

- 1.3. Кеңес өкіметінің елдегі жүргізген алғашқы саяси шаралары. Жалпықазақтық екінші съезд. Алаш Орданың құрылуы.*
- 2.3. Қазақстанның азамат соғысына тартылуы. «Әскери коммунизм» саясаты. /1918-1920жж./*
- 3.3. Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы (ҚазАКСР). Қазақ жерлерінің ҚАКСР -ің құрамына бірігуі*
- 4.3. Жаңа экономикалық саясат. (ЖЭС). 1921 жылғы ашаршылық. Жер-су реформасы.*
- 5.3. КСРО-ның құрылуы. Орталық Азияның ұлттық-мемлекеттік межеленуі.*

1.3. Кеңес өкіметінің елдегі жүргізген алғашқы саяси шаралары. Жалпықазақтық екінші съезд. Алаш Орданың құрылуы

1917 жылғы 7 қазанда Ресейде Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, Уақытша үкімет жеңілді. Билікті қолға алған Большевиктер «Бітім туралы», «Жер туралы» декреттер қабылдап, «жер шаруаларға, зауыт-фабрикалар жұмысшыларға берілсін» деген ұрандар тастап, халықтың көңілінен шықты. 1917 жылы 2 (15) қарашада “Ресей халықтары құқығының декларациясы” жарияланып, онда езілген ұлттарға өзін-өзі билеу құқығы берілсін делінді. Бұл ұран ғасырлар бойы отаршылдық қамытын киіп келген «бұратана» ұлттарға ұнады. Сонымен қатар бұл құжат ұлттарды бөлінуге емес, бірігіп одақ құруға, Кеңестік Ресейдің құрамында автономия түрінде қала бе-

руге шақырды. “Декларация...” большевиктердің ұлттық бағдарламасына заңдық сипат берді.

1917 жылы наурыз айының басында Дала өлкесінде және Түркістанда Кеңестер құрыла бастады. Қазақстандағы кеңестік социалистік жүйе Кеңестік Ресейдегі жүйенің құрамдас бөлігі ретінде және Ресейдің орталық мемлекеттік органдарының басшылығымен жасалды. Қазақстанда облыстар мен уездерде құрылған жұмысшылар, шаруалар және солдаттар Кеңестері жаңа биліктің алғашқы өкілдері болды.

Жаңа сот жүйесі құрылды. Қазақстанның ерекшеліктеріне сай РКФСР Халкомкеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі декретіне сай мынадай соттар болды:

- третей соты;

- уездік халық соты және оның жанындағы тергеу комиссиясы;

- өлкедегі ревком жанындағы округтік халық соты;

революциялық трибуналдар. Алғашқы кезде ескі тәртіппен жұмыс істейтін “ақсақалдар” соты да қызмет етті. Сот ісімен Қазревкомның әділет бөлімі айналысты.

Түркістан республикасында:

- жергілікті халық соты;

- халық соттарының облыстық кеңесі;

- округтік халық соты;

Түркістан кассациялық соты сияқты жүйесі жұмыс істеді.

Кеңестік құқықтық жұмыстың үлкен бағытының бірі - ескі әдет-ғұрып құқығына негізделген қалыңмал, құн төлеу, көп әйел алушылық, әменгерлік, барымта сияқты институттарды тезірек жою болды. Осы орайда 1920 жылы ҚазОАК пен Халкомкеңестің “Қалыңмалды жою туралы” декреті қабылданды. Қалыңмал жойылып, қалыңмал төлеп, әйел алғаны үшін бас бостандығынан айыру немесе бір жылға дейін еріксіз жұмысқа салу көзделді. Қалыңмал алу да айыпқа тартылды. Осылай қалыңмалды төлеу де, алу да қылмыс болып танылды. Бұл декрет қазақ әйелдерінің теңдігін қамтамасыз етуге бағытталды.

1921 жылы 17 қаңтарда Халкомкеңес “Қырғыздардың некелік құқығы туралы” декрет қабылдады. Некелік-отбасылық қатынастарды реттеудің жаңа заңы болған бұл декрет қыз алып қашуды, әменгерлікті немесе жесір алуды жойды. Неке тек азаматтық түрде бекітілуге жатты. Әдет-ғұрып құқығы мен шарифат жолымен қиылған некенің заңды күші болмады.

Сондай-ақ, 1921 жылы 9 қарашада Халкомкеңестің “Көп әйел алушылықты жазалау туралы” декреті шықты. Көп әйел алу заң түрінде жойылды. Көп әйел алғаны үшін бір жылға бас бостандығынан айыру қарастырылды. Некелі адамға күйеуге шыққан әйел де жазалануға жатты. Көп әйел алу қоғамға қауіпті қылмыс ретінде қаралды.

1922 жылы РКФСР-дің Еңбек заңдары туралы жаңа кодексі қабылданды (Алғашқысы 1918 жылы қабылданған). Мұнда жаңа еңбек тәртібі, 8 сағаттық жұмыс күні, еңбекті қорғау т.б. қарастырылды. Ерекше жағдайдағы еңбек міндеткерлігі қарастырылды. Осы кодексті басшылыққа ала отырып, ҚАКСР Халкомкеңесі “ҚАКСР-дің еңбек органдары жоқ егінші және малшы аудандарындағы батрақтар мен малшы қазақтардың еңбегін реттеу туралы” декрет қабылдады. Малшы, батырақ қазақтардың еңбегін байлар мен кулақтардың қанауына жол бермеуді реттеу ауылдық, селолық кеңестерге тапсырылды. Осылай 20-жылдардың басында Қазақстанда социалистік құқықтық жүйенің негіздері қаланды. Қазақстанда негізінен РКФСР заңдары қолданылды, ал өлкенің ерекшеліктерін ескерген заңдар Кеңестік Ресей Конституциясын, заңдарын басшылыққа алды.

1917 жылы 5 желтоқсанда Орынборда жалпы қазақ-қырғыз съезі ашылды. Оған барлық қазақ облыстарынан, Алтай губерниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан барлығы 82 өкіл қатысты. Съездің күн тәртібінде 10 мәселе қойылды. Соның алтауы таза мемлекеттік-құқықтық мәселелер болды. Олар: 1. Сібір-Түркістан автономиясы һәм юго-восточный союз туралы. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы. 3. Милиция. 4. Ұлт Кеңесі. 8. Народный сот. 9 Аульное управление.³⁴

Съездің негізгі мәселесі ұлттық автономия түріндегі мемлекеттікке қол жеткізу болды. Съезд қаулысында:

1. Бөкей елі, Орал Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы һәм Әмудария бөлігіндегі қазақ уездері. Закаспий облысындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері біріңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, тұрмысы, діні, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық өз жері бар автономия құруға.

2. Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын. Осылай жаңа «Алаш» автономиясы құрылды. Алаш автономиясы партия бағдарламасында көрсетілгендей қазақ мекендеген облыстардың бәрі біріккен, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының бір ағзасы болуы тиіс делінді. Өйткені Ресейдің құрамынан шығып кететіндей тарихи мүмкіндіктің жоқ екенін Алаш көсемдері жақсы түсінді. Жоспардағыдай етене жақын қырғыз халқымен бір автономия ретінде құрылды. Съезде Алаш автономиясының орталық атқарушы-өкімші органы Ұлт Кеңесі – Алаш Орда үкіметі құрылды. Үкіметте барлығы 25 орын белгіленді. Соның 15-і съезде сайланды. 10 орын басқа ұлт өкілдеріне қалдырылды. Мұндай көзқарас Алаш автономиясында ұлт мәселесінде дұрыс бағыт ұстанғандығын көрсетеді.

Алаш Орда Ұлт Кеңесі үкіметінің төрағасы болып Ә.Бөкейханов сайланды. Бұл орган автономияның орталық билігі болып табылды. Алаш Орда үкіметі мен Кеңес арасындағы қатынас бірден-ақ күрделі болды. Кеңес үкіметі ұлттарға кеңестік үлгідегі автономия беруді жоспарлаған еді. Кеңестік автономия пролетарлық интернационализм типіндегі жұмысшы табы мен шаруалардың диктатурасына сүйенген билік болуы қажет болды. Ал Алаш автономиясы мұндай принципке қарсы болды. Алаштың идеалы ұлттық-демократиялық билік болды. Кеңес өкіметі Алаш үкіметін байлардың, қанаушылардың, капиталистердің мүддесін көздеуші билік деп бағалады. Дегенмен азамат соғысы жағдайында өмір сүріп жатқан Кеңес өкіметі Алаш басшылармен келіссөздер жасауға мәжбүр болды. 1918 жылдың күзінде Алаш Орда үкіметі

атынан РСФСР Халкомкеңесі төрағасы В.И.Ленинмен және Ұлт істері халық комиссары И.В.Сталинмен Халел және Жәһанша Досмұхамедовтар келіссөз жүргізді. И.Сталин 1918 жылы 19-20 мартта Алаш басшылары Ә.Бөкейхановпен және Х.Ғаббасовпен кездесті. И.Сталин Алаш Орда үкіметін мойындауға мәжбүр болып, Алаш Орданың да Кеңес өкіметін мойындауын шарт етіп қойды. Сонымен қатар И.Сталин саясатқа салып Алаш Орда үкіметін жариялаған қазақ-қырғыз съезінің шешімдерінің толық құқылы екендігін құптай отырып, сонымен бірге автономия, федерация алу немесе түбінде “басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығару” үшін Қазақстандағы кеңес өкіметін мойындап және жалпы қазақстандық съезд шақырып, ортақ тұжырымға келіп, оны орталыққа табыс етуді ұсынады. И.Сталиндікі тактикалық әрекет еді. Оған уақыт ұту үшін қажет болды. Ал Қазақстанда кеңес өкіметінің органдары әлі де нығаймаған болатын. Бір орталықтан басқаратын Казревкомның өзі 1919 жылдың ортасынан ауа құрылды.

Алаш Орда Кеңесі И.Сталиннің ұсынысын талқылап, “тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялаймыз” деп, Алаш автономиясына кіретін облыстарды, уездерді көрсетіп, 11 тармақтан тұратын өз шешімін қабылдап, Мәскеуге жолдады. Онда “Закон шығаратын һәм ел билейтін өкімет Алаш Орда болады”, “бұған областной советтер жәрдемші” есебінде ғана, Алаш әскері құрылады деген тармақтар болды. Бұл, әрине, Кеңес өкіметі Алаш Ордамен келісе алмайтынын түсініп, Қазақстанда Кеңестік тұрғыда автономия құру жолына түсті. Кеңес өкіметімен байланыстан күдер үзген Алаш басшылары, енді ақ гвардияшыл Сібір Уақытша үкіметі мен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің Самара комитетіне сүйеніп, автономияны сақтап қалуға әрекет етті. Бірақ Уақытша Сібір үкіметі 1918 жылы 4 қарашада Алаш Орда үкіметін таратып жіберді.

Қазақстанда бір орталықтанған Кеңестік биліктің орнауы Қазақ (Қырғыз) революциялық Комитетінің (Казревкомның) құрылуымен байланысты. 1919 жылы 10 шілдеде РКФСР Халкомкеңесінің декретімен Қазақ

өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды. Бұл Казревком Қазақ автономиясын құрғанға дейінгі қолына барлық жоғары әскери және азаматтық билікті шоғырландырған орган болды. Казревком өлкедегі үкіметтің функцияларын атқарды. Оның төрағасы С.Пестковский, мүшелері: Ә.Жанкелдин, Б.Қаратаев, М.Тұнғаншин, С.Мендешев, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Сералин, В.А.Радус-Зенькович т.б. Алаш Орда тараған соң оның кейбір мүшелері Кеңес өкіметінің жұмысына тартылып, Казревкомның құрамына кірді.

2.3. Қазақстанның азамат соғысына тартылуы. «Әскери коммунизм» саясаты. /1918-1920жж./

1917 жылдың соңы мен 1918 жылдың басында Қазақстанның барлық облыстарында Кеңес өкіметі жеңіп, билікті қолға алды.

1918 жылы 20 сәуірде Ташкентте Түркістан Кеңестерінің V съезі өтті. Съезде құрамында Жетісу облысы бар Түркістан автономиялы Кеңестік социалистік республикасы құрылды. 1918 жылы Кеңес өкіметі көптеген өнеркәсіп орындары мен банкілерді мемлекет қарамағына алды.

Ұзамай 1918 жылдың көктемінің соңына қарай Ресейде азамат соғысы басталды. Билікті қолдан жібергісі келмеген бұрынғы капиталистер, помещиктер, патша әскерлерінің генералдары, шет ел интервенттерімен бірігіп, Кеңес өкіметін құлату үшін сұрапыл соғыс бастады. Бұл басталған соғыс сипаты жағынан бір елдің шеңберінде жүргізілген азамат соғысы болды, ол Қазақстанды түгелге жуық қамтыды. 1918 жылы мамырда Чехословак корпусы әскерлері бүлік бастап, Антанта империалистерінің қолдауымен олар Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы кеңес органдарын басып алды. Осымен бірге ақ гвардияшылар 1919 жылы 31 мамырда Петропавлды, маусым айында Ақмола мен Павлодарды, Семей мен Көкшетауды, Омбы мен Қостанайды басып алды.

Алаш Орда үкіметі ақ гвардияшылардың Кеңес өкіметіне қарсы интервенциясын қолдады. Контрревол-

юцияға Антанта империалистері көп көмек көрсетті. Мысалы, АҚШ Колчак армиясына түрлі қару-жарақ, Англия 200 мыңдай әскерге қару-жарақ және киім берді. 1918 жылы 29 наурызда ақгвардияшылар Орал қаласын басып алды. 1918 жылдың аяғына қарай Колчактың басқаруындағы Анненков дивизиясы Жетісу жеріне басып кіреді.

Қазақстан жерінде жергілікті халық әскери құрылысқа тартылды. 1918 жылы 29 мамырда құрамы біріңғай ұлттан жауынгерлік топ құруға рұқсат етілген декрет шықты. 1918 жылы Бөкей ордасында қазақ атты әскер полкі құрылды. Түркістанда халықты әскерге ықтиярсыз күштеп алды. 1919 жылы Қостанайда 3000 адамы бар дала бригадасы құрылса, 1920 жылы Жетісуда қазақ бригадасы, 15 дүнген полкі құрылды. Жалпы 1920 жылы майданға жергілікті ұлттардан 19-35 жасқа дейінгі 25000 адам алынды.

Көпшілік облыстарда Кеңес өкіметі құлап, билік ақ гвардияшылардың қолына қайта өтті. Тек орталығы Ташкент болған Түркістан республикасының орталық бөлігінде ғана кеңестер билігі сақталып қалды. Қазақстанда Ақтөбе, Жетісу, Орал сияқты ірі майдандар құрылды. Әскери бөлімдерді құру барысында Ә.Жангельдин (Дала майданы әскери комиссары), А.Иманов (Торғай майданы әскери комиссары), Б.Қаратаев (Атты әскер бригадасының политругі), М.Масанчи, О.Исаев, А.Розыбакиев, А.Оразбаева т.б. еңбек сіңірді. Ә.Жангельдин басқарған экспедиция Еділ, Каспийді жүзіп өтіп, Ақтөбе майданына қару-жарақ жеткізді.

1919 жылы қаңтарда Қызыл Армияның шығыс майданындағы бөлімдері Орынбор мен Оралды ақ гвардияшылардан босатты. Б.Анненковтың казактары 1918 жылы Солтүстік Жетісудағы Лепсі уезінің Подгорное ауылында 250 адамды өлтірген. Бұл зұлымдық қазақтарды жаппай партизандық соғысқа шығуға мәжбүрледі. Оны ұйымдастырушылар: Оралда Ә.Әйтиев, С.Арғыншиев; Ақмолада Ә.Майкөтов, М.Жәнібаев; Шығыс Қазақстанда И.Эльбе т.б. Солтүстік Жетісу өңірінде партизан қозғалысы ерекше өріс алып 1918 жылы маусым айын-

да Қапал, Лепсі уездерінде 13 ауылды қамтыған әйгілі Черкасск қорғанысы басталды. Бұл шайқас 13 айдан астам уақытқа созылды. Ондағы жауынгерлер саны 10000-ға дейін жетті. Черкасск қорғаны Орталық Азия ақгвардияшыларының Сібірдегі сыбайластарымен бірігуіне тойтарыс берді.

Қостанай жеріндегі партизандардың да тегеуріні күшті болды, бір ғана Боровской ауданындағы партизан саны 25000 болды. Партизан отрядтары 1919 жылы 5 сәуірде Қостанайды басып алғанымен, оны ұзақ ұстап тұра алмады, қаланы қайта басып алған ақ гвардияшылар 1800 адамды өлтірді.

Қазақстандағы Колчак әскерлерін талқандауға М.В.Фрунзе басқарған Шығыс майданы кірісті. 1919 жылы шілдеде Орал қаласы ақтардан азат етілді. Қаланы азат етуге В.Чапаев дивизиясы мен қазақ атты әскерлері қатысты. 1919 жылы қыркүйекте Ақтөбе майданында шабуыл басталды. Колчак армиясының оңтүстік бөлігінің жеңілуіне байланысты Ақтөбе майданы жойылып, Ресей мен Түркістан арасындағы байланыс қалпына келтірілді. 1919 жылы 5 қаңтарда Гурьев қаласын Қызыл Армия бөлімшесі басып алғаннан кейін, Орал майданы жойылды. 1919 жылы тамызда М.Н.Тухачевскийдің басқаруымен шығыс майданның 5-бөлімі Солтүстік, Шығыс Қазақстанды ақгвардияшылардан азат етеді. 1919 жылы 19 тамызда Қостанай, 30 қазанда Петропавл, 14 қарашада Омбы Колчак әскерлерінен босатылды. 1919 жылы 12 қарашада Көкшетау, 26 қарашада Ақмола, 29 қарашада Павлодар қалалары Кеңестердің қолына көшті. Қызыл Армия мен «Алтайдың қызыл тау қырандары» партизан отряды 1 желтоқсанда Семейді контрреволюцияшыл күштерден босатты. 1920 жылы наурызда Семей облысы ақтардан босатылғаннан кейін, Жетісу майданы жойылды. Осылай 2 жылға созылған азамат соғысы аяқталды. Ол Қазақстан халқына үлкен шығын әкелді.

Өте кескілескен жағдайда жүрген азамат соғысы Қазақстанда бірден жаңа кеңес билігінің орталықтанған органдарын құруға мүмкіндік бермеді. Аз уақыт билікті

өз қолына алған Алаш Орда үкіметі де 1918 жылдың күзінде тарады. А. Байтұрсынов бастаған ұлттық демократиялық зиялылар тобы Кеңес өкіметі жағына шықты. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті 1919 жылы 4 сәуірде Кеңес өкіметіне қарсы болған қазақтар мен Алашорда үкіметінің мүшелері жазаға тартылмайтыны туралы қаулы шығарды.

Қазақстанда облыстар мен уездерде құрылған жұмысшылар, шаруалар және солдаттар Кеңестері жаңа биліктің алғашқы өкілдері болды. Азамат соғысы жылдарында Кеңестер мен контрреволюциялық күштердің бірін - бірі ауыстырып тұрған кезендері аз болмады.

Азамат соғысы мен шетелдік әскери интервенция жылдары жаңа қоғамдық-саяси жағдайды туындатып, әскери коммунизм саясатын жүргізуге алып келді. Азамат соғысы жылдарында Ресейде “әскери коммунизм” саясаты жүргізілді. 1919 жылы қаңтарда астық монополиясына азық-түлік салғырты енгізілді. Бұл саясат бойынша азық-түлік салғырты немесе басы артық астықты өкіметке өткізу және жаппай еңбек ету міндеттелді. Қалалардағы өнеркәсіп орындарында жұмысшылар ақысыз еңбек етіп, тегін азық-түлік, тегін көлікті пайдаланды. Астық саудасына тиым салынды. Ірі, орта, шағын кәсіпорындар мемлекет бақылауына алынды. Национализациялау күшейді. Әскери коммунизм саясаты барлық қаржы, шаруашылық салаларын мемлекет меншігіне алды. Қазақстан халқы майданды азық-түлікпен, басқа да тұтыну заттарымен қамтамасыз етті. Бұл соғыс жағдайындағы уақытша саясат деп түсіндірілді. Азық - түлік салғырты шаруалардың артық астығын зорлықпен тартып алу ашаршылыққа да себеп болды. Мұның арты Кеңес өкіметіне қарсы көтерілістерге де ұласты.

«Әскери коммунизм» деген түсінігінің өзі көп жайдан хабардар етеді. Бұл саясат жоғарыдан тізеге салу арқылы социализмге бірақ жетуге болады деген қиялдан туындаған. 1918-1920 жылдары орын алған тауарсыз социализм жөніндегі идея қайтадан жаңғыртылды. Экономикалық тұрғыдан алғанда бұл идея азық-түлік салғыртын (продразверстка) жүргізуден көрінді. Мемле-

кеттік билік тарапынан күштеу, мәжбүр ету басты қағидаға айналды. Еңбек армиялары құрыла бастады. Халықты еңбекке баулитын алғашқы концлагерлер пайда болды. Осылайша армияларды еңбек ететін қылып, барлық еңбекке жарамды халықты әскери тәртіпке салған большевиктер, бір жағынан билікті қолдан шығып кетуіне тосқауыл қойса, екіншіден, өндіріс мәселелерін осы әдіспен оңай шешкілері келді. Еңбек етуге міндеттілікті жұмыс стимулы ретінде пайдалану қарастырылды. Жұмысшылар фабрикалар мен зауыттарға, шаруалар шаруашылық мекемелеріне бекітілді де, олардың басқа мекендерге ауысуына рұқсат етілмеді. 1920-1921 жылдары еңбекке шақырылғандар армиясында 6000 адам болды. Сөйтіп, күштеп кооперациялау жүзеге асырылды. Саясат әскери коммунизм мазмұндас болғаннан кейінгі жерде тауар-қаржылық қарым-қатынастар өзгертілді. Мүліктік байлықтар мемлекеттік органдарға шоғырландырылды да, теңгермерлік қағида бойынша тегін таратылып берілетін болды.

Бұл жылдары елдің экономикасы ауыр жағдайға душар болды, өйткені азамат соғысы онда жүргізілген “әскери коммунизм” саясаты азық-түлік салғырты, басы артық астықты өкіметке өткізуді міндеттеді. Жүргізілген зорлық әрекеттері жұртты қатты қиналтты. Мал басы 10,8 миллионға азайды. Партия, кеңес органдары азық-түлік салғыртын орындау үшін күш қолдану арқылы халықтан 1,5 миллион пұд астықты тартып алды. Мұндай зорлыққа қарсы ел ішінде наразылық күшейіп, ол Семей облысында, Қостанай, Ақмола, Петропавл, Көкшетау уездерінде ашық қарсылыққа ұласты. Олар “коммунистерсіз кеңестерді” талап етеміз деген ұран тастады.

3.3. Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы (ҚазАКСР). Қазақ жерлерінің ҚАКСР-нің құрамына бірігуі

Қазақтың шекарасы

Қазақ автономиясын құру, шекарасын анықтау, ол туралы ұсыныстарды жинақтау, талапкер жақтың дәлел-

дерін сараптау, комиссия мәселесін ұйымдастыру ісін Әлімхан Ермеков тікелей жүргізді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлының тікелей қатысуымен Әлімхан Ермековтің жасаған баяндамасы бойынша жаңадан құрылатын қазақ автономиясының аумағына Астрахань, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқанд, Ферғана облыстары және Алтай аймағы да кіруге тиіс болатын. Сондай-ақ, кешегі Құлынды даласы арман әнімізге айналған Қорланның мекені, соның ішінде Барнауыл, Би, Құлынды, Қуат, қалалары Қазақ автономиясының аумағына кіруі керек болған.

Аталған аумақтың жалпы жер көлемі-3 миллион 467 мың 922 шаршы шақырым. Осы жердің 81 пайыз аумағында 5 жарым миллион қазақ мекен етіп, өмір сүрген. Ол – жалпы халықтың 54 пайызы болған. Әлімхан Ермеков өз сөзінде. «Қазақстан шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ерекше ескерген. Егер қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын назарға ілсек, онда бұл облыстардың өзара тығыз байланысы көзге анық көрініп тұр. Сондықтан да, қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады.» деп атап көрсетті. Бұл мәселе керісінше шешілген жағдайда **автономия тіршілік көзінен айрылады.** Сонымен қатар мәдени, экономикалық және аралас облыстық орталықтарда талап етіп отырған аумақтың құрамында қалып қояды. Бұл орталықтарсыз оңтүстік облыстар экономикалық, шаруашылық, мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. Осы пайымауларды ескере отырып, Қазақ автономиясының шекарасын көсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық ретінде қарастырылуы керек». Яғни мұндағы басты мәселе – егер Сібірревкомның ырқына көнетін болсақ, бүгінгі Қазақстанның бес облысы: Шығыс Қазақстан, Семей, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау Ресейдің аумағында

қалуы керек болды. Егер астрахандық делегацияның сөзіне сенетін болсақ, онда қазіргі Орал, Атырау, Маңғыстау облыстары Ресейдің құрамына кетуі керек болатын. Ал Тұрар Рысқұловтың өтініші өтіп кетіп, Түркістан мемлекеті құрыла қалған жағдайда онда қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, облыстары Түркістан мемлекетінің, яғни қазіргі Өзбекстанның құрамында қалып қоятын еді. Осы мәселелерді нақтылау Әлихан Бөкейханның кеңесімен Әлімхан Ермековке жүктелген болатын. Қарсы шығушылар Түрік комиссиясының өкілі Сафаров: «Қазақ автономиясын құруға және оның аумағын белгілеуге әлі ерте екенін айтты.» Осы пікірді Ресей, Алтай құрамалары, Астрахань, Сібір өкілдері де қостады. Тіпті Қазревкомның төрағасы Пестовскийдің өзі: «Қазақстанда өзгелер сияқты ұлттық автономия құруға болмайды. Тек аумақтық принципті ұстану ғана ақылға сияды»-деді. Яғни ұлттық мемлекет деп жариялауға қарсы болды. Әлгі Сафаров: «Орынборда отырып, Жетісу мен Сырдарияны басқарамын деу-мазақ қана емес, арандату. Мұндай саясат-ұлттық утопия», -деді Әлімхан Ермеков. Міне, 9-11 тамыз аралығында өткен пікірталастар осылай өрбіді.

Кейін Ленинмен бір-екі мәрте кездескен Ахмет Байтұрсынұлы республика құрудың қажеттілігі бар ма жоқ па деген мәселені шешкен соң, оны басқаратын күштерді қолға ала бастады. Осыдан кейін ғана комиссия төрағасы Каменский автономия міндетті түрде құрылуы керек деген Лениннің нұсқауын негізге ала отырып: «Қазақ республикасын құру – шешілген мәселе қорытындысы дайындалып, тиісті мекемелер өкімет билігін республиканың басқаруына берудің жолдарын қарастырсын», - деп жариялады. Егер осы тұста Әлихан Бөкейханның, Әлімхан Ермековтің, Лениннің тікелей ықпалы болмағанда және осы сөзді Лениннің нұсқауына тіреп, «Лениннің нұсқауын орындайсыңдар ма, жоқ па!» - деген Ахмет Байтұрсынұлының зілді сөзінің нәтижесінде ғана қазақ автономиясын құру туралы мәселе шешілген. Ол дауға түспейді. Енді осы белгіленген аумақтың нақты шекарасын анықтау керек деген шешім түсті.

Қазақ автономиясын құру және оның аумағын белгілеу туралы жұмысы ушығып бара жатқанын сезген Ленин 12,14,18 және 19 тамыздағы комиссия отырыстарын өзі басқарды. 24 тамызда Ленин: «Қаулы дайын. Әлімхан Ермеков қайта баяндама жасағаны дұрыс. Осы бойынша заңдастыру керек», деп шешім шығарды. Шешім қабылданған сәтті есіне алған Ермеков: «Өзімнің табысыма масаттанып, риза болып шықтым. Ол кезде бар – жоғы 29 жаста едім. Қазақстан делегациясының құрамы 15 адам бәрі қолымды алып, құттықтап жатты.» Біз: «Сталинге кіру үшін сізді тосып тұрмыз деп едік, Ермеков салқындау қарап: «Сталин не шешер дейсің? Оның я ойы, я білімі көлемді емес. Қанша бір жетіскен жоба бар дейсің. Одан да өзіміз жеке шешкеніміз дұрыс», – деп жүріп кетеді. Мүмкін, бармағанымыз дұрыс болар ма еді. Өйткені онсыз да дау – дамай, таласқа түсіп жатқан облыстардың бастықтары жерді пұшпақтап–пұшпақтап өзерту туралы жаңа ұсыныстар жасап, Сталинге кіргізуі мүмкін екен. Ал Әлихан Ленинге бекітілген шекараға тездетіп қол қоюға өтініш жасапты, Ленин айтқанын орындап қойылған құжат 26 тамыз күні баспасөзде жарияланған».³⁵ Міне содан бастап қазіргі Қазақстан аумағы заң жүзінде қалыптасқан. Саясат сахнасында өзіндік орны бар Әлімхан Ермековтің жер үшін таласта батыл әрекет еткенін тарих ұмыттырмайды. Жерге қоныстандыру туралы Лениннің сұрағына ол: «Қазақстанда жерге байланысты ұлтаралық қатынастың шиеленісіп тұрған қазіргі жағдайында қазақтардың өздерін жерге орналастырып алмай, шаруаларды қоныстандыруға мүлдем қарсымын және қоныстандыру әрекеті шұғыл тоқтатылуы керек» – деп талап еткен болатын.

Екінші ұстанымда: **«Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Әлихан Бөкейханның айтуынша: «Оның әрбір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек»**,³⁶ деген болатын.

1920 жылы 26 тамызда РКФСР Халкомкеңесінің төрағасы В.И.Ленин және БОАК төрағасы М.И.Калинин «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік

Республикасын» құру туралы декретке қол қойды. Осылай РКФСР құрамында Қазақ АКСР-і құрылды. Декретте ҚАКСР - іне қажетті қаржылардың барлығы РКФСР қаржысынан бөлінсін делінді.

1920-1924 жылдары Орынбор қаласы ҚазақАКСР-ның астанасы болды. Декрет бойынша ҚАКСР дің құрамына мына облыстар кірді:

а) Семей, құрамындағы уездер: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы;

б) Ақмола, құрамындағы уездер: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл және Омбы уезінің бір бөлігі ;

Ескерту: Омбы уезінің Қырғыз (қазақ) және Сібір бөлігін дәл бөлу Қырғыз (қазақ) революциялық комитеті мен Сібір революциялық комитетінің келісімімен анықталды.

в) Торғай, құрамындағы уездер: Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай;

г) Орал, құрамындағы уездер: Орал , Ілбішін, Темір және Гурьев;

д) Закаспий облысының Маңғышлақ уезі: осы облыстың Красноводск уезінің 4 ші және 5 ші Адай болыстары ;

е) Астрахан губерниясынан: Синеморск болысы, Бөкей ордасы және 1 - ші және 2 - ші Приморск округінің бұрынғы қазыналық оброктік территориялары.

1920 жылы 22 қыркүйекте “Известия ВЦИК” журналында осы деректің 1 не БОАК қабылдаған мынадай қосымша жарияланады .

ж) Орынбор қаласы және Орынбор губерниясының мына аудандары: Орынбор-Покровск, Краснокамск, Илецк, Шарлық, Исаевск және Петровский.

Міне осы территориялар жаңадан құрылған ҚазАКСР -нің құрамына кірді. Сырдария және Жетісу облыстары Түркістан АКСР-нің құрамында қала берді. Декретте бұл жерлер ҚазАКСР - нің құрамына оның халқының қалауы бойынша өте алады деген тармақ жазылды.

Кейінірек Қазақстанның оңтүстік өңірінің Қазақ мемлекетіне қосылғандары: Сырдария облысының Ақмешіт, Түркістан, Қазалы, Шымкент, Әулиеата уездері,

Ташкент, Мырзашөл уездерінің біраз жерлері; Жетісу облысының Алматы, Лепсі, Жаркент, Қапал уездері.

Республиканың жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырым.

Республиканың халқы **5 миллион 230 мың** адам.

Республика халқының **61,3 пайызы** қазақтар болды.

Қазақ автономиясының құрылуы сөзсіз аса маңызды тарихи және саяси оқиға болды. Қазақ халқының автономия түрінде болса да мемлекеттілгі қалпына келтірілді, оның территориясы белгіленді. Тіпті Сырдария, Жетісу облыстарының қазақтарын бірыңғай республикаға біріктірудің құқықтық негізі қаланды.

Сондай ақ В. И. Ленин және М.И. Калинин қол қойған декретте ҚАКСР-дің орталық органдары Қазақ Орталық Атқару Комитеті (ҚазОАК) мен Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесі екендігі анықталды, 12 халық комиссариаттарын және Завольже әскери округіне бағынышты қазақ әскери комитетін құру белгіленді.

ҚАКСР-нің РКФСР орталық органдарымен, Сибревком және Түркістан АКСР - мен қарым - қатынасы анықталды. Сибревком мен ТүркАКСР ОАК - ның Президиумы құрамына Қазревком өкілдері енгізілді.

1920 жылы Орынборда Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы өтті. Съезд ҚАКСР -нің орталық мемлекеттің органдарын Қазақ Орталық Атқару комитетін құрып, оның төрағасы етіп С.Меңдешевті бекітті. Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып В.А.Радус-Зенкович тағайындалды. Қазақстанның астанасы болып Орынбор қаласы жарияланды.

Құрылтай “ҚАКСР-дің еңбекшілері құқығының декларациясын“ қабылдады. Бұл конституциялық мәні бар ҚАКСР - ның мемлекеттік құрылымын, территориясын, сайлау жүйесін анықтаған құжат болды. Декларация 1926 жылы қабылданған ҚАКСР - дің 1 - ші конституциясының жобасына кірді. Құрылтайда “Қазақ АКСР-де Кеңес өкіметін ұйымдастыру туралы“ қаулы қабылданды. Қазақстандағы жоғарғы өкімет билігі Кеңестердің бүкіл-қазақтық съезі болып саналды. Бұл съезд Қазақ Орталық Атқару комитетін сайлады. ҚазОАК-і 75 адамға

дейін мүшеден және 25 мүшелікке кандидаттан тұрды. Бүкілқазақтық съезді ҚазОАК жылына бір рет шақырады. ҚазОАК бүкілқазақтық съездер аралығында жоғары билік органы болып есептелді. Бүкілқазақтық съезд мемлекеттегі бүкіл билікке басшылық жүргізді. ҚазОАК - ты сайлады, үкіметтің есебін тындады, заңдар қабылдады. Бүкілқазақтық съездер аралығында жоғары заң шығарушы, өкімші және бақылаушы билік съезд сайлаған Қазақ Орталық Атқару комитетінің қолында болды. ҚазОАК - нің құрамын бүкілқазақтық съезд белгіледі.

ҚазОАК үкіметті-Халық Комиссарлар кеңесін құрады, үкіметтің жұмысына жалпы бағыт берді, барлық өкімет билігі органдарының жұмысын басқарып, біріктіріп және өзара келістіріп, бақылайтын болды.

“ҚазОАК барлық Қазақ Халқының Комиссариаттарының жұмыстарын біріктірді, оларды өзінің бөлімі ретінде, сондай - ақ Қазақ ішкі істер халық комиссариатын ҚазОАК-тың басқару бөлімі деп қарады. ҚазОАК - тың осындай аппарат құрылысы және жұмыс тәртібі жағдайында Қазхалкомкеңес ҚазОАК-тың іс басқармасы болып есептеледі. ҚазОАК халкомкеңеспен бірге отырып салаларды басқаратын халық Комиссариатын құрды. ҚазОАК өз жұмысын сессия түрінде жүргізді. Сессия әр 3 ай сайын шақырылып тұрды.

ҚазОАК сессиясының арасында мемлекеттік биліктің жоғары заң шығарушы, өкімші және атқарушы билік ҚазОАК-тың Президиумы болды. Президиумды ҚазОАК сайлады. Ол ҚазОАК-тың атынан декреттер мен өкімдер шығарды. ҚазОАК Президиумы орталықта да, жергілікті жерлерде де барлық жұмыстар жөнінде нұсқаулар беретін басшы орталық рөлін атқарады. Халық Комиссарлар Кеңесі - ҚАКСР -дің үкіметі және өзіне берілген құқық шеңберінде ҚазОАК-тың заң шығарушы, атқарушы және өкімші органы болды. Халкомкеңесті төраға, оның орынбасарлары және Халық Комиссарлар құрамында ҚазОАК құрды. Халкомкеңес өз жұмысында ҚазОАК-қа сессиялар аралығында оның Президиумы алдында жауапты және есепті болды. Халкомкеңеске ҚАКСР дың жұмыстарына жалпы басшылық жүргізу құқығы берілді.

Халық комиссариаттары автономды және біріккен болып бөлінді. Біріккен халық комиссариаттарға РКФСР - дің халық комиссариаттарына тікелей бағынышты халық комиссариаттары жатты. Бұл халық комиссариаттары сондай - ақ ҚазОАК пен Қазхалкеңесіне де бағынды. Бірақ РКФСР басшылығымен келісіп отырды. Біріккен халық комиссариаттарына БОАК пен Халкомкеңестің 1920 жылғы 26 тамыздағы декреті бойынша мыналар жатты: азық - түлік, қаржы, жұмысшы шаруа инспекциясы, қатынас жолдары сонымен қатар халық шаруашылығы кеңесі, почта және телеграф басқармасы, қазақ статбюросы, төтенше комиссия.

Автономды халық комиссариаттары РКФСР дың осындай халық комиссариаттарына тәуелді болды. Олардың басшыларын ҚазОАК пен Қазхалкеңестің өздері тағайындап, орнынан алатын құқығы болды. Жоғарыда айтылған деректер бойынша автономды халық комиссариаттарына: ішкі істер, әділет, халық ағарту, денсаулық сақтау әлеуметтік қорғау, жер шаруашылығы жатты. ҚазАКСР - і құрылған кезде барлығы он үш халық комиссариаты болды. Бірақ олардың саны мен бағыныштылығы кеңінен, жиі өзгерістерге ұшырап тұрды.

4.3. Жаңа экономикалық саясат. (ЖЭС). 1921 жылғы ашаршылық. Жер-су реформасы

1921 жылы РК(б)П-ның X съезінің шешімімен елде Жаңа экономикалық саясат енгізілді. Азаматтық-құқықтық заңдылық осы саясатты басшылыққа алып, жалдамалы еңбекті пайдалануға және жеке капиталды, халық шаруашылығын қалпына келтіруге негіз қалады. Азық-түлік салғырты азық – түлік салығымен ауыстырылды. 1921 жылы әскери коммунизмнен жаңа экономикалық саясатқа көшу жүзеге асырыла бастады. Нарықтық қатынастар жолға қойылып, кәсіпкерлік пен кооперация және жеке меншік түрлері орныға бастады. Концессия саясаты, шетелдік капитал енгізілді. Шарауашылық есеп, кәсіпорындардың өзін-өзі қаржыландыру және рентабельдік қағидалары жолға қойылды. Мұның бәрін

жолға қою демократияны дамытпайынша мүмкін емес еді. Тап осы кезеңде партия мен мемлекеттің функцияларын шектеуге талпыныс жасалды. Алайда ол кезде оған мүмкіндік берілмеді.

1921 жылы БОАК-тың “Негізгі мүліктік жеке құқықтар туралы декреті”, 1922 жылы БОАК-тың IV сессиясы РКФСР-дің Азаматтық кодексін қабылдады. Азаматтық кодекс негізгі өндіріс қорларын тек мемлекеттік меншік ретінде бекітті. Социалистік меншікті жетекші меншік ретінде мойындап, кодекс оның мемлекеттік және колхоздық-кооперативтік болып бөлінетінін заңдастырды. Кодекс ұсақ сауда, өндіріс кәсіпорындарына жеке меншіктің және жеке-шаруашылық қызметтің болатынын да заңдастырып бекітті. Бірақ жеке меншік пен жеке шаруашылық қызмет мемлекеттің бақылауында болды. Сондай-ақ, кодекс жаңа экономикалық саясат жағдайындағы сауда-саттық келісімдерді, еркін айырбас, еңбекті жалдау мәселелерін де шешті.

Ең алдымен салық мөлшері жеңілдеді. Мысалы, 1927-1928 жылдары өнімнің 1/13-і салық ретінде алынды, салықтың ауыртпалығы байлардың мойнына түсті. Мемлекет халыққа ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға көмектесті. Мысалы, 1924-1925 жылдары 415 трактор сатып алынды. Қазақстанның егістік көлемі 1928 жылы 4 миллион гектарға жетті, мал саны 41 миллионға жетті. ЖЭС нәтижесінде республикада 650 ауыл шаруашылық артелі мен 103 коммуна жұмыс істеді.

1921 жылдың жазында Қазақстанда жаппай қуаңшылық болып, егін шықпай қалды. Республика халқының 1/3-аштыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Қостанай облыстарының астығы күйіп кетті. Осы жылдары республика бойынша ашаршылыққа ұшырағандар көбейді.

Аштықтың тағы бір себебі азық-түлік отрядтарының ауылшаруашылық өнімдерін шет жерге алып кетуі болды. Ауылшаруашылық өнімдерін Мәскеу, Петроград, Қазан, Самара сияқты орталық қалаларға жіберіп отырды. Мысалы, Семей, Ақмола губернияларындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің 80 пайызын жоғарыда аталған қалаларға алып кетіп отырған.

Кеңес өкіметі Қазақстандағы аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсете бастады:

БОАК егіннің өнімі аз өңірлеріндегі халықты азық-түлік салығынан босатты;

1924 жылдың 14 маусымында көшпенді, жартылай көшпенді халық ет салығынан босатылды;

1922 жылы 4 тамызда Қазақстанға ауыл шаруашылық техникасын сатып алу үшін 25 миллион сом, мал сатып алу үшін 2 миллион 131 мың сом бөлінді;

Түркістан үкіметі ашыққан адамдарға 2 миллион пұт астық беріп, 20 мыңдай аштыққа ұшыраған халықты қабылдады. Астыққа деген зәрулік 1923 жылдың күзіне дейін созылды. 1922 жылы республика халқы 1914 жылмен салыстырғанда 1 миллион адамнан астам адамға қысқарды. 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы ескі жүйені жойды.

1923 жылы ҚазОАК РКФСР Азаматтық кодексін Қазақстанда қолдану жөнінде қаулы қабылдады. Мұнда өлкенің ерекшеліктерін еске алу туралы нормалар болды. Мәселен сауатсыздықтың көлемін ескеріп келісімдер жасау жеңілдетілді.

1919 жылы 14 ақпанда БОАК “Социалистік жер шаруашылығына өту туралы шараларды қабылдап, онда жерді бөлудің тәртібі көрсетілді. Жер бөлу әр бір адам басына қарай жүргізілді. Кеңестердің жергілікті органдарында жер бөлімдері жұмыс істей бастады.

Түркістан ОАК-тың 1919 жылғы 4 тамыздағы “Түркістан республикасында суды пайдаланудың уақытша ережесі” қабылданды. Бұл өлкедегі алғашқы суға қатысты құқықтық құжат болды.

1921-1922 жылдары Қазақстанда жер-су реформасы жүргізілді. Оның мақсаты Орал, Сібір казак әскерлерінің алған Оралдың сол жақ жағалауы мен Ертіс бойындағы сондай-ақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлерлерін қайтару болды. Осы шара негізінде қазақ шаруалары 1,385мың десятина жерді қайтарып алды. 1921 жылы кедейлердің “Қосшы” Одағы құрылып, жер-су реформасын жүргізуде олар белсенділік көрсетті. 1921 жылы сәуірде бұрынғы казактарға берілген жерді қазақтарға

қайтару туралы декрет нәтижесінде Ертіс өңірінен 177000 десятина жер қазақтарға берілді.

1922 жылы РКФСР-дің Жер туралы кодексі қабылданды. Онда барлық жер мемлекеттің меншігі деп жарияланып, еңбек және шаруашылық ұжымдарына мезгілсіз пайдалануға беріледі деп көрсетіледі:

Кодекс жерді пайдаланудың негізгі институты жерді еңбек арқылы пайдалану деп атап өтті. Дегенмен кодекс жерді серіктестікпен пайдаланудың жеке пайдаланудан артықшылығын мойындады. Жерді уақытша жалға беруге рұқсат етілді. БОАК және РКФСР Халкомкеңесі 1924 жылы 17 сәуірде Қазақстанның ерекшеліктерін ескеріп “Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасының көпшілігі, жартылай көшпелі және отырықшылыққа өтуші халқын жерге орналастыру туралы” декрет қабылдады. Көшпелі, жартылай көшпелі қазақ ауылдарының көшіп-қону бағыттары анықталды.

5.3. КСРО-ның құрылуы. Орталық Азияның ұлттық-мемлекеттік межеленуі

1922 жылы 30 желтоқсанда Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) құрылды.

Түркістан Республикасы құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстарының қазақ жерлері ҚазАКСР - нің құрамына өтті. Бұл орталықтың күштеп жүргізген шаралары Орталық Азия мен Қазақстандағы әкімшілік - территориялық межелеу деп аталды.

Орынбор қаласы мен губерниясының бір бөлігі Ресейдің қарамағына өтуіне байланысты, астана 1924 жылы Перовск (Қызылорда) қаласына көшірілді.

Қарақалпақ автономиялы облысы құрылып, Қазақстан құрамында болып, Мәскеудің біржақты шешімімен 1932 жылы Өзбек КСР-нің құрамына өтті. Осылай қазақ жерлері біртұтас Қазақ АКСР -і құрамына топтасты. Бұл аса ірі тарихи - саяси мәні бар оқиға болды. Ежелгі Қазақ жерлері бір мемлекеттің аумағына қайтарылып, шекаралары белгіленді. Осы кезеңде Қазақстанның жер көлемі 2. 927.614 кв. км, халқы шамамен 6, 5 млн. адам болды,

олардың 55, 5 пайызы қазақтар, 25,3 пайызы орыстар, 9 пайызы украиндар, 3,7 пайызы өзбектер, қалғандары басқа халықтар болды.

1924 жылы Орталық Азия мен Қазақстанда үлкен тарихи - саяси маңызы бар оқиға болды. Түркістан АКСР -і, Бұхар және Хорезм кеңестік республикалары таратылды. Олардың орнына одақтас республика мәртебесінде Өзбек КСР -і мен Түркімен КСР -і құрылды. Тәжік АКСР -і Өзбек КСР-нің құрамына кіріп, 1929 жылдан одақтас республика болды. Қырғызстан алдында РКФСР құрамындағы автономия облыс болып, 1926 жылдың басынан автономиялы республика мәртебесін алды.

1924 жылы Өзбек, Түркімен республикалары, 1929 жылы Тәжік республикасы одақтас республика мәртебесін алғанымен, Қазақстан 1936 жылға дейін автономиялы республика болып қала берді. Орталық осылай шешті. Бірақ Қазақстанның одақтас республика болатындай қажеттіліктің бәрі бар еді. Осы жағдайды пайдаланып, 1924 жылы Кирибкомның (қазақ обкомының) басшылары В. Нанейшвили, С.Қожанов, ҚазОАК-тың уақытша төрағасы Ә.Жангелдиндер Мәскеудегі орталықтың алдына Қазақстанды одақтас республика етіп қайта құруды негіздеп ұсыныс қойды. Бірақ бұл ұсыныс қолдау таппады. Осыдан кейін 1926 жылы Мәскеуде Т.Рысқұлов өткізген ұлт өкілдерінің Жеке кеңесі атынан сол кездегі БОАК - тың Ұлттар бөлімінің меңгерушісі С. Аспандияров дайындаған Қазақстанды автономиялы республикадан одақтас республикаға айналдыру туралы ұсынысы да қаралмай қалды. Қазақстанның одақтас республика болуына әлі де 12 жыл қажет болды.

1925 жылғы сәуірдің 15-19-да республиканың сол кездегі жаңа астанасы Ақмешітте (Қызылорда) Қазақстан Кеңестерінің V құрылтайында қабылданған қарарлардың ішінде үлкен саяси мәні бар шешімнің бірі-қазақ халқының бұғанға дейін бұрмаланып келген, патша отаршылдары XVIII ғасырдан бастап зорлап таңған теріс атын -«қырғыздар» атауын өзгертіп, оның тарихи шын атын -«қазақтар» деген атауды қалпына келтіру болды. Сонымен қатар Қырғыз АКСР-ін Қазақ Автономиялы

Кеңестік Социалистік Республикасы деп қайта атады, Ақмешіт қаласы Қызылорда болып өзгертілді.

Бұхар, Ташкент, Жызақ және Сырдария облыстарында тұратын қазақтар үшін ұлттық мәселелердегі шектеулер сонау 1924 жылы-ақ басталды. Сол кезде Ташкент және оның төңірегіндегі тұрғындардың көпшілігіне командалық әдіспен және арандатушылық пиғылмен өте қысқа мерзімде күш қолдану барысында өзбек ұлты боп жазылу ұсынылды, құжаттар “өзбек” деп берілді, ал шын мәнінде олардың бәрі қазақтар болатын. Осыдан кейін Орталық Азиядағы ең ірі Ташкент қаласы Өзбекстан астанасы болды. Ол кезге дейін бірнеше ғасырлар бойы Самарқан пен Бұхара кезек-кезек Өзбекстан орталығы болып келген. Өзбек КСР-ның Қазақ КСР-ы аймақтарын өзіне қаратып алу әрекеттерінің екінші кезеңі 30-жылдары Қазақстан аймағында Шыршық ГЭС-і салынарда байқалды. Өзбек КСР-ның басшылары алғаш құрылыс салуға ұлықсат алып, одан кейін шовинистік оймен Бостандық ауданын тұтас беруді талап етті.

1931 жылы Қарақалпақ АКСР-ның Қазақстан құрамынан Өзбек КСР-ының құрамына берілуін, өзбек басшылары: «Қазақстан территориясы өте көлемді және ол басшылық үшін қиындық туғызады» деп түсіндірді. Басшылықты жеңілдету үшін қарақалпақ халқы Өзбек республикасына берілді.

Осының алдында 1922 жылы 30 желтоқсанда Кеңестік Социалистік Республикалар одағы (КСРО) құрылған еді. Түркістан республикасы құрамындағы Сырдария және Жетісу облыстарының қазақ жерлері ҚАЗАКСР-нің құрамына өтті. Бұл орталықтың күштеп жүргізген шаралары Орталық Азия мен Қазақстандағы әкімшілік-территориялық межелеу деп аталды.

1926 жылы 18 ақпанда ҚАКСР ОАК-ті ҚАКСР-нің Конституциясының жобасын қабылдады. Конституция жобасы 7 бөлім, 18 тарау, 103 баптан тұрды. Жобаның бірінші бөлімі ретінде 1920 жылғы бүкілқазақтық Құрылтайында қабылданған “ҚАКСР-ның еңбекшілері құқығының декларациясы” енді. Декларацияда ҚАКСР-дың РКФСР құрамындағы автономиялы мәртебесі көрсетіліп, оның басқару органдары жергілікті совдептер,

ҚазОАК және Халкомкеңес екендігі атап өтілді. Патша заманындағы езу мен тонаудың жойылып, халықтардың бірігіп жаңа қоғам құруға бағыт алғандығы, бұл қоғамда адамды қанаудың барлық түрлерінің жойылғандығы атап өтілді.

4-тақырып.

20 жылдардың II-ші жартысы мен 30 - жылдардағы Қазақстан

- 1.4. Қазақстанда жүргізілген «Кіші Қазан» бағыты және ауылды жаппай кеңестендіру*
- 2.4. Дәстүрлі шаруашылықты жаппай күштеп ұжымдастыру. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, жерге орналастыру саясаты. Ірі қазақ байларын тәркілеу.*
- 3.4. Индустрияландырудың Кеңестік нұсқасы. Түріксіб.*
- 4.4. Ауылдың таптық жіктелуі. Ашаршылық нәубеті.*
- 5.4. Мәдени құрылысты идеологияландыру және байырғыландыру (коренизация) саясаты.*
- 6.4. «Интернационализм» негізінде жүргізілген ұлт саясаты.*
- 7.4. Комсомол-жастар мен әйелдер арасындағы саяси жұмыстар*
- 8.4. Тоталитарлық жүйенің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы. Оппозицияны саяси «ауытқушылыққа» айыптау науқандары. Бұқара және оның саяси құқығы.*

1.4. Қазақстанда жүргізілген «Кіші Қазан» бағыты және ауылды жаппай кеңестендіру

Уақыт, заман Кеңес үкіметі тұсындағы ел басқару кезінде билікте жіберілген «ақтандақтарды» тарих қойнауынан аршып алып, шынайы бағасын беруді бүгінде біздің алдымызға сансыз сауал, аса жауапты міндет етіп қойып отыр. Өркениетке бет алған қоғамда оң-солын танып, етек-жеңін жиып, тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыз сол міндеттердің дұрыс-бұрысын, жақсы-жаманын таразылауға бет бұрды. Осы күрмеуі мол қиын мәселелерге оң-теріс баға беруімізге қарай біздің

болашағымыз да анықталмақ. Оған көз жеткізетін уақыт келген сияқты. Міне, сол жоғарыдағы міндеттердің бірі-өткендегі ел басқарудағы орны толмас олқылықтар. 20 - жылдардың ортасы мен 30 жылдардың басында Қазақстандағы социализм құру барысындағы тұтас бір халықты жойып жібере жаздаған сұрқия саясаттың негізінде жүргізілген қатерлі бағытты, сондай-ақ, республика билігінде жіберілген өрескел қателіктерді болашақта қайталанбайтындай етіп, танып - білудің маңызы зор.

Аталған кезеңмен тікелей байланысты тарихи оқиға ол Ұлы Қазан төңкерісі. Егер тарихи шындыққа жүгінер болсақ Қазақстанның бұл Ресейдегі Ұлы Қазан төңкерісіне ешқандай да қатысы болмаған. Алайда, Ресей отары болып келген қазақ жерін Ұлы Қазан төңкерісінің нәтижесінде билікке келген большевиктер партиясы, бұл өлкенің қоғамдық әлеуметтік дамуын ескермей кеңестендіруге кіріскені, оның жергілікті халықтың еркінен тыс өте дөрекі, зорлықпен жүргізілгені мәлім. Әлем халықтарының тарихи даму жолына сүйене отырып, өзге де халықтар секілді қазақ ұлтының Ұлы Қазан революциясын оның саясатын өз еркімен қабылдай алмауы табиғи құбылыс екендігіне тағы да көз жеткізіп отырмыз. Кеңестік дәуірде жазылған еңбектерде көрсетілгендей, Қазақстан мен Орталық Азияда Ұлы Қазан революциясына деген көзқарастың өзгеше болуын, оның жеңістерінің үлкен қиыншылықпен күш қолдану барысында жүзеге асқандығын тек жалаң әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен ғана байланыстыру да негізсіз екендігін уақыт дәлелдеп отыр. Бүгінде біз сол кездегі большевиктік идеяның осы “бұратана” деп аталған ұлт аймақтардағы халықтардың ұлт-азаттық мүддесінен тыс тұрғандығына, оның тек сөз жүзінде ұлт қамын ойлағансып жүргізген жасанды әрекеттерге байланысты болғанын біліп отырмыз. Осы большевиктік идеяның ішкі мәні туралы ұлт-азаттық күрестің жаршысына айналған Мұстафа Шоқай: “бұл өзі қандай “пролетариат диктатурасы” деген сұрауға, әрине “орыс пролетариатының диктатурасы” деген жауап сәйкес келеді” - деп пролетариаты жоқ бұл өңірге осы қағиданың жат екенін сол кезде-ақ көрсетіп берген болатын ³⁷

Осылай дүниені екі системаға бөлген Ұлы Қазан революциясын өмірге әкелген большевиктер партиясының өз ішінде бірауыздылық болмай, әртүрлі сойқандарға жол берілді. Партияның беделін өз атымен тікелей байланыстыруға жанталасқан Сталиннің өз қарсыластарын саяси биліктен аластау жолында неше түрлі айлаға барып, олардың бір тобын “оңшыл” уклонға айыптап талқандағаннан соң, оның партия мен мемлекеттегі дара билігіне ерік беріліп, тоталитаризмге тура жол ашылды. Соның нәтижесінде Саяси бюродағы ұжымдық басшылық толығымен дара билікпен алмастырылды. Бұл Сталиннің партия тұрмысының лениндік принциптерінің нормаларынан өрескел ауытқуына, оны өзінің қалауынша дамытуына мүмкіндік туғызды. Оның осылай экономикалық және саяси салада ленинизмнен бас тартуы, жұмысшы табы мен шаруалар одағының күйреуіне итермеледі.

Лениннің ауылшаруашылығын кооперативтендіру идеясы шаруаларды біртіндеп социалистік құрылысқа бейімдеу еді. Зорлықсыз эволюциялық жолмен дамуға тиіс бұл шараны тек Н.Бухарин секілді бірен-саран большевиктер партиясының басшылары ғана түсінді. Ол шаруалардың социализмге өтетін жолы тауар айналымы негізінде ғана болатынын ескертті. Ал кулактарға қарсы күресте жедел күштеу шараларынан бас тартып, оларды салық салу арқылы әлсіретіп жеңуге болатынын дәлелдеп берді. Сөйтіп ол шаруаларды социалистік құрылысқа жұмылдыруда күш қолдану емес, тәрбиелеу жолын ұсынды. Бұлай болмай зорлық әдісі қолданылатын болса, кедейлер мен орташалар кулактармен қосылып тегеуірінді әлеуметтік жікке айналып қауіп төндіреді³⁸ деген болжамы да шындыққа айналды. Сол кездегі барлық мәселені таптық тұрғыдан ғана шешуге машықтанған Сталин бастаған топ Н.Бухариннің өзін оңшыл уклондық жасадың деп айыптап кінәлады.

Ұжымдастыруды (Коллективтендіруді) күштеп таңу, жаппай қуғын-сүргін жүргізуге әкеп соқтырды. Партия саясатын коллегиялды шешуден бас тарту, келешектегі қоғамдық дамуды еркін талқылауға жол берілмеуі, эконо-

мика саласында балама жолдарға шын мәнінде тиым салынуы, біржақты сұрыптап алынатын хабарлар сталиндік басшылықты дәріптеп, кез-келген адам оны қолдайтындай етіп көрсету әдетке айналды. Оның ішінде, әсіресе, саяси және шаруашылық шешімдері волонтаристік қысыммен жасалды. Бұл әдіс жаңа қалыптасып келе жатқан социалистік мемлекеттің даму процесін, экономикалық және қоғамдық өмірді демократияландыруды аяқтан шалып, осы теорияны, яғни социалистік құрылысты жүргізу барысында дағдарысқа ұрындырды. Сталин, керісінше, социализм мен демократияның арасын бір-бірінен алшақтатуға барынша күш салды. Демократиялық бостандықтарды тұншықтыру сталиндік социализмді тек үрей мен қорқыныш туғызатын сүреңсіз кейіпке әкелді. Ал ресми идеология болса, сталинизмді марксизм-ленинизмнің классикалық үлгісі ретінде көрсетуге жаталасып бақты. Сөйтіп, бұл ұлы ілім Сталин тарапынан өрескел бұрмаланды. Ал сол кезде Сталинге қызмет еткен әміршілдік- әкімшілік басқару жүйесі зорлыққа, күшке негізделген, биліктің бұл түрінде басқаша болуы мүмкін болмайтын жүйеге айналды. Оның өзі партияның қолымен жасалған социализмнің туындысы еді.

Құрамындағы демократиялық институттар, еңбекші депутаттары советтері, кәсіподақтар, кооперативтік, жастар ұйымдары, тағы сондайлар өз міндеттерін атқаруда дәрменсіздік танытты. Олар тек халықтың мүддесін көздеуші ұйымдар ретінде сөз жүзінде ғана көрсетіліп, көзбояушылыққа салынды. 20-30 жылдары КСРО-да мемлекеттік биліктің негізі Кеңестерде делінгенімен, шынайы билік тұтқасы партияның қолында болды. Олар ең алғаш пролетариат диктатурасының органы ретінде дүниеге келіп, демократиялық мазмұнға ие болуы керек болатын. Олай болмай, керісінше мемлекеттегі заң шығарушылық пен атқарушылық міндеттерді де партия өзі иемденіп алды. Сондай-ақ, Жоғарғы Кеңестің халықтық өкімет қызметінен гөрі орталықтан партияның нұсқауын, яғни дара билікті орындаушы ғана болғаны белгілі. Сөйтіп, кеңестер сөз жүзінде ғана кез-келген мәселені шеше алатындай көрінгенімен, шын мәнінде барлық

билік партияның қолына топтастырылды. Социалистік қоғам өз атына жат демократиялық емес басқару жүйесін осылай өзі таңдап алды. Оның аяғы КСРО мемлекетін дара билеп төстеген әміршіл-әкімшіл жүйеге ұласты. Бұл Қазан төңкерісін жасаған большевиктердің бүкіл одақ көлеміне күштеп енгізген социалистік құрылысының сталиндік моделі болатын. Ал осы большевиктер партиясы қоғамдық қатынастар жүйесінде ықпалды болып, оның ішкі қатынастарында өзі “базис” рөлін атқарды. Ал теория, бағдарлама партия тұрмысы нормаларының стратегиясы мен тактикасы тәріздес өз “қондырмасын” жасап өмірге әкелді. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтарын қолына тұтастай жинақтап алған партия осылай өзі би, өзі қожа болып шыға келді. Осындай жағдайда әлгі аталған партия туындылары бір орында өзгеріссіз күй кешіп, догмаға айналды, қатып-семіп, яғни “дербестенді” Міне, осындай басқарудағы дара биліктің неге әкеп соқтырғанын 20 жылдардағы Орталық Комитет арнайы жіберген Голощекиннің Қазақстандағы “қызметі” дәлел.

Ф.И. Голощекин 1925 жылдың күзінде Қазақстанға келісімен, көп ұзамай бұл өлкеге (Қазақстанда) Ұлы Қазан төңкерісінің лебі де жетпегенін, оның ауылға соқпай өткенін «дәлелдеп» жанталасты. Сондықтан дереу Қазақстанда да “кіші Қазан” бағытын жүзеге асыру керек деп жанталасуы босқа кетпеді. Ол бұл ойын “теорияға” айналдырып, әртүрлі құйтырқы әдістер арқылы сол кездегі республика басшыларына да мақұлдатып үлгерді. Кеңес өкіметі социализм туралы мағлұматтардан бейхабар қазақ халқына осы “кіші Қазан” бағытының “қажеттілігін” дәріптеп оны барынша дәлелдеп бақты. Бұл дәлелдеулер көбінесе сол кездегі партияның пәрменді идеологиялық құралы болып табылатын бұқаралық баспасөз, газет журналдардағы жаппай үгіт-насихат жұмыстары арқылы жүргізілді. Ф. Голощекиннің бұл қадамын қолдап жүзеге асыруға құлшына кіріскен, оның сол кезде шашбауын көтергендер қатарында, Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаұлы, Өлкелік партия Комитетінің хатшысы Ізмұқан Құрамысұлы, Қазақстан Орталық Кеңесі Комитетінің төрағасы Елтай

Ерназаров және т.б. басшы қызметтегі қазақтар болды. Бұлар Голощекиннің қазақ жеріне жасаған ылаңына жәрдемші болған, ұлттық мүддені қара басының қамына айырбастаған, өз халқына опасыздық жасауға дейін барғандар еді. Бұларды Мұстафа Шоқай: “Олардың бәрі де Голощекиннің саясында жүріп, Түркістан даласының қызыл “жетекшілері”, “жолбасшылары” деген атаққа ие болғандар деп бағалады. Олай болса Голощекин жасаған қылмыстардың бір бөлігі оларға да тиесілі”-деп³⁹ берген бағасы тарихи ақиқат болса да, әлі бұған қажетті дәрежеде мән берілмей келеді. Сөйтіп 20-шы жылдардың екінші жартысында Қазақстандағы жоғары биліктен түрлі айыптаулар тағылып, ең қабілетті және беделді басшылар қуылып, олардың орнына Голощекиннің айтқанынан шықпайтын функционерлер топтастырылды. Бұлар жөнінде алаш зиялысы Мырзағазы Есболұлы 1929 жылы ОГПУ-ға берген түсініктемесінде: “партиядан “ұлтшыл” немесе тағы бірдеме деген айыптар тағылып ең қабілетті қазақтар қуылып, ал олардың орнын түкке тұрғысыз біреулер басып, солар арқылы қазақтар өзін-өзі басқарып отыр деген пікір тарауда”, - деп жазды.⁴⁰

Қазақстанда билікке Ф.Голощекин келгеннен кейінгі уақытта басқару аппаратына ол топтастырған басшылар “кіші Қазанды” іс жүзіне асыра жүріп, 1932-1933 жылдардағы халық басына түскен зұлматқа жол ашып бергендер еді. Ал, зұлматқа ұрындырған сол теориясымағын жүзеге асыруды Голощекин Қазақстандағы ауылдарды жедел кеңестендіруден бастағаны белгілі. Қазақ жерін аттап баспай жатып, ол 1925 жылғы 1 желтоқсанда өткен Бүкілқазақстандық V конференцияда: “Шындығын айтсам, ауылда кеңес өкіметі жоқ, байлардың, рулардың үстемдігі ғана бар”,-деп мәлімдеме жасайды⁴¹. Жазылған мәлімдемедегі аталған кемшіліктерді жоюдың айла-тәсілдерін де белгілеп, оларды бұл өлкеге “кіші Қазан” жасау арқылы шешпек болды. Арнайы жоспары болмаған, мерзімі белгіленбеген, бірақ жүргізу қолға алынған “кіші Қазан” бағытының белең алуына Ф. Голощекиннің Қазақстанның саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайының мүшкіл халін айтып, 1927 жыл-

дың күзінде И. Сталинге жазған хаты басты рөл атқарды. Оның: “ауылда еңбекшілердің шын мәніндегі кеңестерін құру, “қосшы” одақтарын ұйымдастыру, ауыл коммунистерін қалыптастыру, аппаратты жергіліктендіру, мәдениетті көтеру, ауыл мұғалімдерін даярлау, сауатты және мәдениетті қазақты ауылдарға аттандыру, дала қазағының өмір салтына ықпал жасау-оларға қасықты, шанышқыны қалай ұстауды, таза іш-киім киюді, үйлеріне терезе, мұржа орнатуды т.с.с. шаралар жүргізгісі келетіндігін, оны бастап та кеткендігін, бірақ кедергі көп екенін бұл қадамға өз көзқарасын білдіруді сұрап, оның өзі ауылда жүргізілетін үлкен саясат болып табылатынын айтып жазған хатына, “Жолдас Голощекин! Менің ойымша хатта белгіленген саясат, негізінен, бірден-бір дұрыс саясат болып табылады. И.Сталин”⁴² - деген кесімді жауабы Голощекинге қазақ жерінде ойына келгенін істеуіне мүмкіндік берген, әрі ол әрекеттеріне жол ашқан жағдайдың бірі болды.

Аталған кемшіліктердің орын алуы бұл аймақтың Ұлы Қазан революциясының “тынысын қазақ ауылдары тіпті сезбегендіктен”⁴³ - дей келіп, осы олқылықтардың орнын толтыратын ауылдарда дереу революциялық шаралар жүргізуге кірісті. “Бірінші кезеңде 1920 жылдан 1925 жылға дейін ауылға Октябрь революциясы жетпеді, бұл кезде тек алғышарт ғана әзірленді, тек екінші кезеңде ғана біз ауыл мәселесіне жақынырақ келдік. Біз енді назарымызды шын теңдікке жеткізетін экономикалық шараларға ғана емес, бірінші кезеңге қарама-қарсы қазақ интеллигенциясының басшылары – Алашордашылар жүргізген барлық шараларға қарсы бағыттадық. Сөйтіп, көпшілік қазақ арасына, турасын айтсақ, 1925 жылға дейін ауыл және ондағы жұрт Қазан революциясы міндеттері қойған жағдайлардың мүдесінен шыға алмағанын байқадық”-деп,⁴⁴ бұл қатерлі бағытты жүргізер алдында, оған өзінше негіз жасап баға берген. Осы бағытты негіздей келіп, ол қазақ ұйымдарында екі ағым өмір сүрді: 1-і “солшыл” ағым шешуші революциялық шараларды плебейлік әдіспен дереу бастырмалатып жүргізушілер. Олардың тарапынан Қазақстандағы партия және кеңес органдарының

да, ауылдың да бұған дайындығы жете бағаланбады. 2-і ағымның алғашқыдан гөрі ықпалы күштірек, Сәдуақасов бастаған “оңшыл”, ұлтшыл ағым. Бұл ағым ауылдағы кез келген революциялық шараларға қарсылық білдірді, ауылды тапқа бөлуге, ауыл мен деревняның ерекшеліктерін ескеруге қарсы болды деп кінә тағып: “Біз бай мен кулактар арасына Қытай қорғанын салмай-ақ қояйық, олар бірдей. Біздің жолымыз бұл ағымдар ұсынғандай емес, қалыпты, әрі батыл, ауылдағы кәмпескелеудің ірі шараларына даярлық және нағыз социалистік құрылыс орнату болып табылады”, - деуі “кіші Қазанның” нені көксегенін байқатты⁴⁵.

Арасына жыл салмай-ақ, Голощекин өзімен саяси пікір таластырған Смағұл Сәдуақасовқа айтқан болып және республикадағы жоғары биліктің иесі тек жалғыз өзі екенін көрсеткісі келіп, өткен конференциядағы ойын былай жалғастырады: “Сәдуақасов жолдас, екеуіміздің арамыздағы пікір қайшылығы тұп-тура Октябрь мәселесіне келіп тіреледі. Мен: ауылға “кіші Октябрь” жүргізу қажеттігін айтсам, сіз, тіпті Октябрь атаулының барлығына қарсысыз. Біздің қазіргі жүргізіп жатқан жер реформамыз Октябрь емес пе?... Осылай ауылдағы экономикалық жағдайды өзгерту керек. Біз, қазір қалыптасқан, жетіліп келе жатқан, даму үстіндегі таптық қарым-қатынасты өшірмеу туралы көзқарасты, кедейлердің байларға қарсы таптық күресін қолдаймыз, егер мұны азаматтық соғыс деп түсінсеңіз, онда біз сол соғыс жағындамыз”, - біз басында өзіміз отырған өкіметке қарсы бағытталған азамат соғысына емес, кедейлердің байларға қарсы соғысы жағындамыз деп қазақ ұлтына “азаматтық соғыс” жариялады⁴⁶. Жоқ жерден қазақ даласынан “жау тап” тауып, орыс деревнясына еліктеді.

Ол, БК(б)П-ның Қазақстандағы кезекті міндеттері туралы мәселені қараған 1926 жылғы 30 сәуірдегі Өлкекомның II пленумында осы мәселеге қайта оралып: “Біздің еліміздің деревняларында Октябрь болды, қанаушыларды кәмпескеледік, кедейлер комитеттері болды, ал бұл жерлерде (ауылдарда-Е.Қ.) сол Октябрьдің тіпті тынысын да сезбедік. Сондықтан орыс деревнясы-

мен жай салыстыру дұрыс емес, ауылды және оның ерекшеліктерін бұлай танып білудің жөні жоқ олай түсіну, маркстік әдіске жатпайды”-⁴⁷ деп өзгеше емеурін білдірді. Қазақ ауылында элеуметтік-экономикалық қатынастарды өзгерту барысы кедейлердің пайдасына шешіледі деп жасалған алғашқы қадам, шабындық және егістік жерлердің бөлінуі, кеңестік аппараттың бірен-саран “қанаушы және ұлтшыл” элемент деп танылған бөлігінен тазаруына қарамастан, Қазақстанның басшы органдары 1928 жылға дейін ауылда Октябрь жүзеге аспады деумен келді. Оның олай болу себебін ауылдағы әбден қалыптасқан экономикалық рулық-патриархалдық қатынастың оңайшылықпен бұзылмай сақталып қалуы және байлардың ел ішіндегі бір-бірімен туыстық қатынастарының берік болуынан іздеді.

Ауылдағы осы ерекше жағдайды Қазөлкеком өзінің 1928 жылдың көктемінде БК(б)П Орталық комитетіне жолдаған хатында көтеріп, пролетарлық революцияның ауылдағы міндеттерінің әлі де болса барлығы бірдей ойдағыдай шешілмегенін оның мазмұнын кеңінен насихаттаудың жеткіліксіз болғандығынан деп есептеді. Ауылда партияның берік ұйымдастырушы болатын тірегі әлі де құрылмағанын, партия ұялары жетекші күш ретінде ауылдың күнделікті өміріне араласа алмай отырғанын, батырақ ұйымдары ауылда жаппай саяси күрес арена-сына шыға алмағанын хабарлады. Қазақстан үкіметі де БОАК-нің сессиясында жасаған өзінің есебінде қазақ ауылдарында 1928 жылдарға дейін ірі бай-феодалдардың саяси және экономикалық үстемдігі сақталып келгенді-гін, олар жүздеген мың бас малы бар ең шұрайлы жайы-лымдарды иемденгенін, бұларға Октябрь революция-сы ешбір соқтықпай өткенін, сондықтан бұл жартылай феодалдар мен байлар өз шаруашылықтарының едәуір бөлігін жартылай крепостниктік, рулық-патриархалдық қатынастарда дамытып, барлық қазақ еңбекшілерін аямай қанап, ауылдың өндіріс күштерінің дамуын тежеуде-деп айыптап, бұл түйінді шешудің жолы ретінде “кіші Қазан” жүргізу қажет деген ниетінен айнымады. Ал бұл жерде барлық қазақ еңбекшілері, тәркілеу тізіміне іліккендерінің

жалпы саны мыңға жетпеген байлардың қанауында болды деген сол кездегі пікір шындықпен жанаспады. Сонымен бірге, “еңбекшілердің таптық саясатын жүргізуге басшылық жасайтын үкімет органы ретіндегі ауылдық Кеңестер-соңғы уақытқа дейін мұнда болмаған”-деп, саяси науқан жүргізуге де қалайда бір сылтау іздеді⁴⁸. Сондай-ақ, Қазөлкеком 1929 жылғы 9 сәуірдегі хатында БК(б)П Орталық комитетіне байлардың мүлкін тәркілеу барысы туралы: “Октябрь революциясы ауылдағы үстемдік жүргізіп келген бұрынғы сословиелік артықшылықтары бар топтарға (байларға, төрелерге, ру басыларына, билер мен дін басыларына) мүлдем соқтықпаған. Осындай жағдайда Коммунистік партияның алдында ауылдағы экономикалық қарым-қатынастарды еңбекші көпшіліктің пайдасына өзгертетін, оны “кеңестендіру” үшін алдын-ала алғышарт жасайтын “Октябрь” өткізу міндеті тұр”,-деп жазды⁴⁹. “Кәмпеске науқаны-бұдан 11 жыл бұрын болған ұлы Октябрьдің шарпуы тимеген қазақ ауылында Октябрь төңкерісі есебінде жүрді”-деп, зұлмат қорытындысын жасаған белсенділер жиылысында Ф.И.Голощекиннің миығынан күлуінің сыры да осы бағыт туралы мәселеге байланысты еді⁵⁰. Осы “кіші Октябрь” туралы 1928 жылғы 16 қазанда Ф.Голощекин Қызылорда партия активінің жиналысындағы баяндамасында: “Жолдастар, біз қазір ауылда шын мәніндегі Октябрь өткізудеміз, осы кәмпескелеу біздің әдеттен тыс, ерекше, өте маңызды ұранымыз болуы тиіс, ол ауылдың экономикасын, біздің партияны, Қазақстандағы барлық кеңестік құрылысты қайта құру үшін жанжақты алғышарт жасайтын болады”-деген⁵¹ сөзі “кіші Қазан бағытының” тек бір ғана шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқанымен ғана шектелмегенін оның ауқымы одан да кең болғанын, қоғамның барлық саласын қамтығанын және сол кездегі мемлекет тарапынан жүргізілген күштеу әдістерінің пәрменділігі дәлел бола алады. Бұл шара “ауылдағы Октябрь” деп орынды аталған. Оны өткізу барысында біздің ұйым өз қатарындағы ұлтшылдар тарапынан күшті қарсылыққа да тап болғаны есімізде-деп, Голощекин 1930 жылғы маусым

айындағы партияның VII Бүкілқазақтық конференцияда жасаған баяндамасында қазақ ауылындағы 1928 жылғы байларды тәркілеу науқанын да “кіші Қазан” жатқызған⁵².

Голощекиннің Қазақстандағы “кіші Қазан” бағыты ғылыми теориялық тәжірибелерге сүйенбай-ақ жүргізілген авантюристік бағыт болды. Маркстік теорияға сүйеніп, адамды адам қанамайтын жаңа қоғамды өмірге әкелген Ұлы Октябрь төңкерісінің қағидаларын жасаған В.И.Лениннің, оның “ізбасары”, Ресейде социализмді тікелей орнатушы Сталиннің өзі де “кіші Октябрь” бағыты деген терминді қолданбағаны белгілі. Алайда Қазақстандағы бұл “кіші Қазан” бағыты тапсыз қоғамды құруды теориялық жағынан барынша дәлелдеген, марксизм-ленинизм классиктерінен де “асып түскен”, саяси сауаты шала, БК(б)П Орталық Комитетінің республикаға, оны басқаруда айрықша құқық беріп жіберген өкілі Ф.Голощекиннің ойлап тапқан “қағидасымағы” еді. Оның бұл “сандырағы” қағидадан гөрі, керегінде пайдалана қоятын жалаң ұранға ұқсас болды. Ол ұранды бірнеше жүздеген жылдар патшалық Ресейдің отары болған, қоғамдық дамуда мешеу қалған Қазақстанды, капиталистік қатынастары әлдеқайда бұрын қалыптасқан Ресейдің соңына ертіп жүруді ойлаған, зорлыққа сүйенген “әрекетіне” желеу етті. Сөйтіп, ол осы ұран арқылы ғасырлардан бері жасап келе жатқан, ұлты, тілі, діні, ділі, салт-санасы бар тұтас бір халыққа ойына келгенін істеп, тағдырын тәлкек етіп, тоздырып жіберді. Оның арам ойының ең қатерлісі де, зорлыққа сүйенген қауіптісі де, осы жалған ұрандардан тұратын “кіші Қазан” бағыты болды. Бұл бағыт жергілікті халыққа қарсы жасалған, оларға азап әкелген, соңы зұлматқа ұласқан әр түрлі науқандар арқылы жүргізілді. Құйтырқы тәсілдер арқылы жеке меншік иелерін олардың ата-бабасынан қалған байлықтарынан, меншіктерінен, мал-мүліктерінен айырды. Оларға бұрын-соңды естімеген зорлықтар жасалды, Кеңестер үкіметінің өз беделіне нұқсан келтіретін, адамгершілікке сыймайтын заңсыз әрекеттерге жол берілді. Бұл бағыт жергілікті халықтың мүддесіне мүлдем қайшы келді. Ол ғасырлар бойы

калыптасқан дәстүрлі шаруашылықты, қазақ халқының байырғы тұрмыс-тіршілік болмысын дереу өзгертуді талап етті.

Ресейде қоғам дамуындағы тарихи эволюциялық процестердің нәтижесінде пісіп жетілген төңкеріс сорабын Қазақстан жеріне оның ерекшеліктерін ескеріп жатпай-ақ бірден көшіріп, тықпалады. Бұл-Орталық комитет пен Сталиннің алдында бедел алып, жағыну ниетімен жасалған, жеке-дара билікке сүйенген, жергілікті халықтың тілек-мақсатынан тыс істелген асығыс қадам болды. Ұлы Октябрь төңкерісі бірнеше жылдар бойғы таптық күрестің нәтижесінде жасалса, “кіші Қазан” бағыты қолдан, сол төңкерістен кейін болған оқиғаларды, ондағы социалистік құрылысты құру барысында өзге жерде болып жатқан өзгерістерді байыпсыз салыстыру арқылы өзінше пайымдалған, қысқа “пішкен” тұжырым болып шықты. Оған Голощекиннің Сталинге жазған хаты дәлел. Бас хатшының сеніміне әбден енген, республика басшылығында дара билікті иемдене сала Ф.Голощекин қазақ халқының тарихи даму ерекшеліктерінен бейхабар болса да, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс тіршілігінен, салт-дәстүрінен айырып, бұрынғыдай өмір сүру феодализмнің қалдығы деп санап, оларды жаңа қоғам-социализмге шұғыл енгізбек болып асықты. Сөйтті де өз ойындағы Қазақстанды Октябрь дауылы жанап қана өтіпті, онда нағыз революция болмаған көрінеді деген сылтаумен авантюристік ұран көтеріп, “кіші Қазан” зұлматына жан бітірді. Бұл әрекеті мұқым бір халықтың тағдырын тәлкек етті. Шындығында, бұл “кіші Қазан” бағыты социалистік қоғам орнатудағы революциялық күрестің бір бөлігі болса, онда неге ол Ресейдің қарамағындағы басқа республикаларда жүргізілмеді?!-деген заңды сұрақ та күні бүгінге дейін толық жауабын ала алмай келеді. Сол жауапсыз сұрақ болып келген “кіші Қазанның” тек қазақ жерінде ғана жүргізілуінің себептері бірнешеу болды.

Ең бастысы-жүздеген жыл отары етіп келген шикізат көздеріне бай өлкені қайткен күнде де уысынан шығармауды көздеген империялық саясат болды. Екін-

шіден, сол кездегі КСРО-ны басқарудағы әміршіл-әкімшіл жүйеге сүйенген большевиктер партиясының дара басшылығының ығына жығылып, бас шұлғып қызмет еткен, өз қара бастарының қамынан аса алмаған республиканың басшы қызметтерінде болған кейбір қайраткерлердің сатқындық әрекеттері. Үшіншіден, қазақ халқының жаратылысынан қанына- сіңген қасиеттері жуастығы, көнбістігі, шыдамдылығы, сенгіштігі, кейбір оғаш мінез-құлықтары, өзара алауыздығы өздерін “қақпанға” түсіруге жағдай жасап отырды. Осындай жағдайлар Қазақстанда бірнеше мәрте саяси қуғын-сүргін жасауға мүмкіндік берді.

Сөйтіп жоғарыда аталғандай бұл “кіші Қазан” бағыты Ф.Голощекиннің қазақ ауылын социалистік құрылысқа тартуды тездетпек болған ниетінен туындаған авантюристік қадамы, 1925-1929 жылдар аралығындағы партия тарапынан жүргізілген үлкенді-кішілі саяси шаруашылық науқандар барысында іс жүзіне асырылды.

Жаңа қоғам орнату Ленин дүниеден өтісімен оның идеяларының негізінде жүргізілді делінгенімен, сол кездегі социалистік қоғам құрудың түрлері мен әдістерін іздестіру, осындай қатаң идеялық және саяси күреске ұласып отырған. Сондай бір саяси күреске толы идея Сталиннен қолдау тапқан, Голощекин ойлап шығарған осы “кіші Қазан” бағыты еді. Бұл-жаңа бағыт болып көрінгенімен, негізі әміршіл-әкімшіл жүйені тудырған “сталиншілдікпен” тамырласып жатқан соның сойылын соғушылық болатын.

Өкінішке орай, аталған идеялар өрескел бұрмаланып, әміршіл-әкімшіл жүйе өмірге әкелген, соған сүйенген, атына заты сай емес казармалық социализмді құрды. Осы жасанды казармалық социализм өз мазмұнын өзі жойған, бірінен соң бірі жалғасқан көптеген қолдан жасалған тәжірибелерден көз аштырмады. Қазақ халқы әміршіл-әкімшіл жүйенің құзырымен өзі сияқты басқа да ұлттар қатарында “мешеу қалған халықтардың капитализмге соқпай, бірден социализмге өту мүмкіншілігі бар” деген маркстік-лениндік догманың “ғылымилығын дәлелдеу” үшін “таңдап” алынған “құрбандық” іспетті

болды. Зорлық жасауды ауыл шаруашылығындағы жеке меншік қожалықтарын экономикалық реформалар арқылы ретке келтірумен алмастырып, ешкімді құрбандыққа ұшыратпай-ақ, өкімет мүддесіне де, халық мүддесіне де тиімді жолмен жүруге болатындығын айтқан маман-экономист ғалымдар, мемлекет қайраткерлерінің ұсыныстары, Кеңес өкіметіне қарсы жасалған қастандық ретінде қабылданды.

Сол кездегі билік, басқару ұлттық мүддеге қызмет ететін мемлекеттік құрылым бола алмады. Әміршіл-әкімшілдікке салынған «күштеу» саясатының өмірге аса қатыгез террорды әкелуі, қазақ жерінде халық мүддесіне қарама-қарсы қатерлі «кіші Қазан» бағытын тугызды. Ол болса қазақ халқының табиғатына жат тіршілікті күшпен тықпалап енгізді. Сайқал саясат сарсаңы мұнымен бітпей, оның зардаптары бүгінгі күнге дейін қазақ халқына өз дегенін істетуде. Ол-сол жылдары тағдыры қиянатты шешілген қазақтың ата-бабасынан қалған жерлерді, оның бас қаласы болған Орынбордың, Ақтөбе, Қостанай Орал облыстарының қалың қазақ тұратын оншақты өнеркәсіпті аудандарымен қоса Ресейге берілуі⁵³. Ондағы 100 мыңнан астам ұлты қазақ тұрғындарының ықтиярсыз басқа мемлекеттің қарамағына өтуі ұлт саясатындағы отаршылдықтың көрінісі болды. «Байлар», «ұлтшылдар» деп ат қойып, айдар тағып, қазақтың маңдай алды оқыған азаматтарын құртып жіберу – ұлттық мемлекет ретінде өркендеуіне ғылым, білімнің, әдебиеттің, мәдениеттің, діннің дамуына үлкен кедергі болды.

«Кіші Қазан» бағыты барысында мәдени мұраға, жер-суға, дүние-мүлікке, мал-жанға, ақыры рухани өмірге де кәмпескелік шаралар жүргізілді. Бұл шаралар, зорлық-зомбылыққа ұштасқан күш қолдану әдістері арқылы іс-жүзіне асырылып отырылды. Негізінен саяси, шаруашылық науқандар түрінде жүргізіліп, кейінгі кезеңі оның зардаптарымен жалғасып жатты. Сол жылдары жасалған қиянаттың қасіретке ұласуы халықтың тарихи дамуына орны толмас залал әкеліп, кедергі жасады. Одан ұлттық санаға ақау түсіп, халық арасында

құлдық мінез қалыптасты. Елді иесіз, халықты көмусіз қалдыру мақсаты іс-жүзіне асырылды. «Қалпыңды сақтағың келсе, салтыңды сақта» деген қағида, қалыпты тіршілік бұзылып, әдет-ғұрыпынан, дінінен, әділеттіліктен айрылған қазақ салтын да сақтай алмайтын халге душар болудың аз-ақ алдында қалды. Дінсіздендіру, ділсіздендіру, тексіздендіру жоспарлы түрде жүргізілді. Арнайы нұсқаудың 30-тармағында араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған кітаптар мен тарихи және географиялық маңызы ерекше көне қолжазбалардың, ру шежірелердің, қолжазба еңбектердің, тарихи грамоталардың, археологиялық мұралардың, сәндік бұйымдар мен киім-кешек үлгілерінің есебі алынған. Бірақ олар ұлттық мұражайға өткізілмей билігі бар әркімнің қолында кете барды. Большевиктік идеологияның ұраны болған: «Адамдар ұлттық төлтума ерекшеліктерінен айрылған сайын тату өмір сүреді» деген алдамшы үстем пікірді пайдалану барысында ортақ құндылықтарды бетке ұстап, осылай ұлттық қасиеттерді аяққа басу дағдыға айналды.

Империялық көзқарасты отаршылдық әрекетпен ұштастырып жымысқы, залым саясат жүргізген Кеңестер өкіметінің Қазақстандағы өкілі Ф.Голощекиннің қатерлі «кіші Қазан» бағыты қандай науқандар арқылы жүргізілгендіктері, қалай өткізілгені, қандай мақсат көздегені, ол әрекеттердің қазақ халқына тигізген зардаптарын жас ұрпақ білуге тиісті. Осы қатерлі бағыт тұтас бір халықтың өзіндік эволюциялық даму процесіне кедергі келтіріп, оның келешегіне қиянат жасады. Зерттеу барысында қолында саяси-экономикалық тәуелсіздігі жоқ халықтың өмірі, мұқым тағдыры қандай күйде болатындығына көз жеткізілді. Басқа ұлттың, өзге мемлекеттің, қазақ елінің ішкі ісіне, тұрмыс-тіршілігіне қол сұғып, оны өз арнасынан күшпен бұрып алып, өз айтқандарын орындатудың неше түрлі зымиян әдіс-тәсілдерінің қолданылғаны мұрағат деректерін талдау барысында мәлім болды. Қазақ жері, оның халқы осы жылдары бұрын-соңды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін қолайлы полигонға ай-

налдырылды. Дамуы кенжесе қалған халықтардың капитализмге соқпай, социализмге өту мүмкіндігі туралы қатып қалған маркстік жорамалды іске асыруда қылмысты әрекеттерге жол беріліп, ол қазақ этносы тіршілігінің негізі көзі болып қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп тынды және оның нәтижесі адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген апатқа-зұлматқа әкеп соқтырды.

Зұлматқа ұрындырған осы “кіші Қазан” бағытының тек қазақ жерінде ғана жүргізілуінің объективті және субъективті себептері болды.

1. Кең байтақ қазақ жері Ресей үшін ежелден аса маңызды өздерінің ішкі және сыртқы саясаттарын жүргізуге қажетті, ыңғайлы аумақ деп есептелген. Жүздеген жылдар қазақ елімен етене араласып, бұл жерді әбден отарлап, меншіктеп алуы, байырғы халықты «бұратана» деп басынуы білгенін істеуге жағдай жасады. «Жаман үйдің қонағы билейдінің» кебі киілді.

2. Қазақтардың табиғатына тән өзара рулық кикіл-жіңдерге әуестігі олардың бастарының бірікпеуіне себеп болды. Қанына сіңген алауыздық, сырттан енгізілген саясаттың қандайына болмасын қарсылық көрсетіп, бірлік таныта алмады. Керісінше ондай саясатты ойдағыдай жүргізуге жергілікті басшылар тарапынан қолдаулар жасалып отырылды.

3. Орталық Азияның өзге мемлекеттері сияқты Қазақстанда жергілікті халықтың ұстанатын ислам дінінің рөлі мүлдем төмен әрі әлсіз болды. Халықты топтастыратын біріктірушілік рөл атқаратын сол дінге деген қазақтардың көзқарастары немқұрайды болып, селқостық танытты.

4. Халық арасында шен-шекпенге, мансапқа қызығып, ұлттық мүддені сатушылар да аз болмады.

5. Қазақ халқының қанына сіңген көнбістік, момындық тіпті, кейде ынжықтыққа балауға дейін жететін қасиеттер өз тағдырларын өздері шешуде кедергі болып дәрменсіздік танытты.

Міне, осындай олқылықтар мен кешірілмейтін кемшіліктер халықтың ұлттық дамуына кедергі жасап отырды.

Ұлы Қазан төңкерісі жеңісінің нәтижесінде өмірге келген жаңа өкімет-пролетариат диктатурасын іс жүзіне асырушы орган Еңбекші депутаттары Советтері деп аталды. Бұл Советтер-Кеңестер 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Иваново-Вознесенскінің жұмысшылары құрған Советтерден өзгеше болып шықты.

Өйткені бұл Кеңестер өтпелі кезеңдегі пролетариат диктатурасының органы ретіндегі социалистік құрылыстың бірден-бір тетігі болып табылды. Ал мәні жағынан мемлекетті басқаруды кеңесіп шешуге мүдделі Кеңестер болғанымен, ол алғашқы қадамынан бастап-ақ өзінің негізгі мазмұнына қайшы шықты.

«Советтер билігі-бүкіл халық билігі. Бюрократизмге қарсы ымырасыз күрес. Коллективизм, өндірістің дамуын адам мүдделеріне, оның қажеттерін қанағаттандыруға бағындыру. Социалистік демократияға, бұқараның өзін-өзі басқаруына, халықтың мәдени жағынан өсуіне және жеке адамның жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған, қызмет ететін билік»-деп айтылғанымен, шын мәнінде мемлекетті басқарудағы билік тұтқасы, тіпті, жасанды түрде сайланатын еңбекшілер өкілдерінің қолында да емес, керісінше ат төбеліндей аз ғана топтың, яғни большевиктер партиясының басшыларының қолында болды. Сөйте тұра олар мемлекетті 70 жылдан астам уақыт осылай жасанды түрде халық атынан басқарып келді. Кеңестер, біріншіден, пролетариат диктатурасының органы ретінде дүниеге келсе, екіншіден, демократия тірегі-парламенттік басқару әдісіне қарама-қарсы болды. Сөйтіп, олар заң шығарушылық және атқарушылық міндеттерді қатар иемденді. Биліктің мұндай формасы сөз жүзінде халықтық деп айтылғанымен, іс жүзінде демократиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын еді. Шын мәнінде, Жоғарғы Кеңестің халықтық өкімет формасынан гөрі орталықтанған дара билікке әуестенуі басым болды. Биліктің мұндай әдісін Кеңестер өз қызметінің алғашқы жылдарында-ақ қолдана бастады. Соның сал-

дарынан билікке тартылуға тиіс халық өкілдерінен сайланған Кеңестердің ешбір рөлі болмай, билікке араласа алмай, тек аты бар, заты жоқ күйде өмір сүріп келді.

Қазақстандағы ауылды кеңестендіру ұзақ та, әрі күрделі кезендерден өткен процесс болды. Сол кезде жаңа құрылысты нығайту жолындағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып саналған басты мәселе шаруаларды Кеңес өкіметін басқаруға тарту болып табылды. Бұл мәселелерді шешу «демократиялық» деп аталған социалистік қоғамды құруға жол ашады деген тұжырым жасалды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін азамат соғысынан кейін жергілікті жерлерде осы істі дереу қолға ала бастады. 1924 жылы 1 желтоқсанда РК(б)П Орталық Комитетінен Қазақстанның партия ұйымына, республика большевиктеріне социалистік құрылысты одан әрі жан-жақты дамытудың бағдарламасы көрсетілген хаты түсті. Орталық Комитет Қазақстан большевиктерінің алдына өте маңызды мәселенің бірі ретінде ауылдағы кеңестік құрылысты ойдағыдай жүргізу міндетін қойды. «Қырғыз республикасында кеңестердің жағдайы ерекше ауыр, шын мәнінде, ауылда кеңестер жоқ» деп атап көрсете келіп, Қазақстан большевиктеріне Кеңестері жоқ ауылдар мен қышлақтарда нағыз Кеңес өкіметін құру, ал бар жерлерде олардың жұмысын жандандыру туралы барлық шараларды қолдануды ұсынды⁵⁴. Осы хат қазақ ауылдарын кеңестендіру жолында байларға қарсы жаппай күрестің бастамасы болып, оларды рулық патриархалдық және жартылай феодалдық қатынастардан толық арылтуға жол сілтеуі қажет еді...

Осыдан кейін ауылды кеңестендіру мәселесі партия ұйымдарының күн тәртібінен түскен емес. Мысалы, өлкелік партия комитетінің III пленумы (1926ж.) «Ауылдағы Советтер құрылысы туралы» мәселені талқылап, ауылда совет демократиясын дамыту-ауылды кеңестендірудің, еңбекшілерді кеңестердің жұмысына тартудың, сөйтіп, жұмысшы табы мен қазақ шаруаларының одағын нығайтудың қажетті және міндетті шарты болып табылатындығы жөнінде барлық партия ұйымдарына директива берді.⁵⁵ Сөйтіп, қазақ ауылдарын кеңестендіру

Қазақстандағы социалистік құрылыстың басты міндеттерінің біріне айналды. Кеңестендірудің мақсаты демократияны кеңінен және дәйектілікпен өрістетуге, Кеңестерді жандандырып, нығайту, сөйтіп, олар пролетариат диктатурасының неғұрлым жауынгер органдарына айналып, партия жолын берік және бұлжытпай жүргізуі керек деп есептелінді. Ауылды кеңестендіру саясаты кеңестерді бай-феодал элементтерден біржолата тазартуды еңбекшілердің қалың бұқарасының саяси белсенділігін арттыру арқылы жүргізуді көздеді. Осы орайда Қазақстан партия ұйымдары мен республика үкіметі осы саяси міндетті шешуде қандай да болмасын партияның сара жолынан ауытқушыларға қарсы аяусыз, табанды күрес жүргізе отырып, қазақ халқының тарихи қалыптасқан ерекшеліктерін, одан туындайтын қиындықтарды батыл жоюға бағытталған большевиктік жұмыс стилін талап етті. Кедергі болған ондай ерекшеліктердің бірі-«ауыл еңбеккерлерінің таптық сана сезімдерінің төмендігі» делінді. Сол себептен ауылда тап күресінің дамуы да өте баяу болды деп түсіндірілді. Мұндай жағдайда Қазақ Кеңес мемлекетін, жергілікті өкімет органдарын, атап айтқанда, ауылдық Кеңестерді нығайтпайынша, еңбекшілерді социализм құру ісіне тарту мүмкін емес деген қорытынды жасалды. Сөйтіп, ауылдағы кеңестерді жандандыруды партия, оның құрамына еніп кеткен бай-кулактардан тазартудан бастаймыз деп даурықты. Шындығында, ол айтылғандар бай-кулактар емес, керісінше Кеңес өкіметінің саясатын жатырқаған қарапайым жұрттың өкілдері еді. Кеңестерді нығайту үшін шаруалардың саналы, белсенді бөлігін кеңес жұмысына тарту қажет болды. Мемлекетті басқаруға еңбекшілерді міндетті түрде тарту-Коммунистік партияның бағдарламалық талабы болатын. Бағдарламада мынадай шаралар белгіленді:

1. Мемлекетті басқарудағы нақты жұмысты атқаруға әрбір кеңес мүшесін міндетті түрде тарту;

2. Олар басқарудың барлық саласын біртіндеп меңгеруі үшін бұл жұмыстарды үзбей алмастырып отыру;

3. Мемлекетті басқаруға еңбекші халықтың барлық жігін әр қайсысын біртіндеп тарту.⁵⁶

Алайда бағдарламада көзделген бұл шаралар мен міндеттер қазақ жерінде жүзеге аспай, аяқсыз қалды. Оның басты себептері-қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің өзгешелігі, тарихи дамудағы мешеулігі, орысша сауатсыздығы еді, сондай-ақ, Кеңес өкіметінің сырттан әкеліп таңылуы, жергілікті халық пен санаспаушылықтар және т.б.себептер болды. Мұның бірде-біреуі біле тұра ескерілмеді.

Керісінше Кеңестерді жандандыруда мынадай мәселелер қамтылуы тиіс болды: шаруаларға Кеңес өкіметі ұйымдары арқылы пролетариаттың басшылығын күшейту, сөйтіп, жұмысшы-шаруа одағын нығайту; кеңестер жұмысына, яғни мемлекетті басқаруға көпшілікті, әсіресе, шаруаларды кеңінен тартып советтік ұжым болып бірлесіп істейтін орган ету; Кеңестердің секцияларының жұмысын өрістету және жаңадан құру; Кеңестерде сын мен өзара сынды дамыту; олардың қатарынан мейлінше бюрократтанған, жат қанаушы элементтерді аластау; Кеңестерді социалистік құрылысқа басшылық жасайтын, нақты жұмыс істейтін органдарға айналдыру; осы аталғандардың негізінде пролетариат диктатурасын нығайтуға, бай-кулактарды жойып, партияның жетекшілік рөлін қалың еңбекшілер арасында-деревняда, ауылдарда т.б. жерлерде көтеруге тиіс болды. Бұл саясаттағы негізгі бағыт-ауылда «шынайы кеңестер» құру болып табылды. Осы «шынайы кеңестердің» көмегі арқылы ауыл кедейлерінің саяси белсенділігін арттыру, байларға қарсы бітіспес тап күресіне жұмылдыру, оларды тап ретінде жою, сол сияқты барлық кеңестерге және батырақтар мен орташалардың өз өкілдерін сайлауын қамтамасыз ету қажеттілігі тұрды. «Ауылды кеңестендіру» ұранын жүзеге асыру міндеті, негізінен, кеңестердің қайта сайлауына жүктелді. Ауылда, деревняда, қыстауларда кеңестік билікті қолға алып, оның қызметін еңбекшілердің өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, шаруашылық және мәдени құрылысты тездетуге бағыттау керек делінді. Бұл шара дәл осы қайта сайлау науқанынан басталып, партияның «Кеңестерді жандандыру» ұранын іске асыруға тиіс деп есептелді.

ҚазОАК-тың Төралқасының 1925 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен 1925 жылғы 1 қарашадан бастап 1926 жылғы 28 ақпанға дейінгі аралықта Қазақстанда сайлау науқанының мерзімі белгіленіп, сайлау алдындағы дайындық жұмысына екі айдан кем емес уақыт берілді.⁵⁷ 1925 жылы 21 қарашада ҚазОАК барлық губернияларға Қазақстандағы қайта сайлаудың маңыздылығын көрсетіп, жаңа сайланатын кеңестердің міндеттерін айқындап, қазақ халқының шаруашылық және мәдени тұрмысын қайтадан құруға, олардың бұл жолда патриархалды-рулық құрылыстан социализмге тікелей өту қажеттілігі жөнінде ашық хат жолдайды.

Қазақ халқының негізгі бөлігі мекендеген жартылай көшпелі ауылдарда сол кезде көпшілік ұйымдар ретінде құрылуға тиісті шаруашылық барысына күнделікті басшылық жасайтын кеңестері болмады. Көп жағдайда кеңестердің міндетін оның төрағасы өзі жалғыз атқаратын болды. Осындай жағдайда көпшілік арасындағы жұмыс жүргізуге тиіс кеңестер милициялық сипаттағы атқару органдарына айналды. Кеңес өкіметінің осылай басқару әдісі көптеген сорақылықтарға әкеп соқтырды. Бірсыпыра жерлерде рулық әкімшілік үстемдік етіп, Кеңес өкіметі жекелеген адамдардың бассыздық әрекеттеріне жол беріп, өз беделіне жиі нұқсан келтіріп отырды. Мысалы, Жезқазған облысына қарасты Шет ауданының Шөладыр мекеніндегі №15 ауылдық Кеңесінің төрағасы етіп аудандық партия комитеті кедей Иса Бабажановты тағайындайды. Аудандық партия комитетінің қолдауына сүйенген ол, ауылда ойына келгенін істеп шексіз билік жүргізді. Кедейлерге мөлшерден артық салық салып күйзелтеді. Ол өзінің көзі түскен қыздардың әкелерін кеңсеге шақырып айтқанын істеуді талап етіп, көнбеген жағдайда орындай алмайтындай етіп салық салып, түрмемен қорқытатын болған. Бұл әрекеттерінің бәрін Кеңес өкіметі мен партия атынан істеп отырған. Осы жағымсыз қылықтары үшін орнынан екі рет алынып аудандық партия комитетінің қолдауымен № 12,13-ауылдарға қайтадан ауылдық кеңестің төрағасы болып тағайындалады. Ол, халықтың жағдайымен санасып жұмсақтық жасадың деп орнынан

алынған бұрынғы ауылдық кеңестің төрағасы Әзербек Тасыбековты қарсы шыққаны үшін інісі Нұрланмен, әкесі Тасыбек Бакинді атқызады да, әйелі Сақайды зорлап, омырауын кесіп алып азаптап өлтіреді.⁵⁸ Жергілікті кеңестердің мұндай әпербақан басшылары кедейлерден сайланса да, олар атқамінерлер немесе байлардың ықпалындағылар ретінде айыпталды.

Сөйтіп, мемлекеттік биліктің тұтқасын ұстағандардың жүргізген сұрқия саясатының негізінде тарихи даму да кенже қалған қазақ ауылдарына еріксіз таңылған «кеңестендіру» саясаты олардың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігін ту-талақай етті. Ұлы Октябрь төңкерісі әкелген өкімет билігінің бұл формасы қазақ ауылдарына зорлықпен енгізілді.

Кеңестерді құру барысында жергілікті халықтың дамуындағы әдет-ғұрпы, салт-санасы, ұлттық ерекшеліктері де керісінше, «шебер пайдаланылды». Өзіндік даму ерекшеліктері бар қазақ халқына Ресейде жүргізілген тапқа бөлу саясаты сол қалпында қолданылды. Сөйтіп, басында билігі жоқ, «бұратана» деп аталып келген қазақ жұрты өздері қаламаса да бай-кедейге, орташаға «бөлінді». Оларды езуші және езілуші таптарға бөлгенде меншігі, яғни қолдарындағы малдың мөлшеріне қарай долбармен сырттай жобалап бөлді. Ғасырлар бойғы даму барысында қалыптасқан рулық туыстық белгілері бойынша бірігіп өмір сүріп келген ауылдар мен болыстардағы жұртты осылай бір-біріне қарама-қарсы қойып таптарға бөлу оңайға соқпады. Сол себептен кеңестерге сайлау өте қиын жағдайда, әкімшілік күштеу әдісімен жүргізілді. Қазақ халқы жатырқап қараған бұл кеңестердің құрамына тек ыңыршағы айналған, сіңірі шыққан тақыр кедейлерді ғана өткізу мақсатында жұмыс жүргізген партия ұйымдары 4 жыл ішінде сол кеңестерге үш рет қайта сайлау өткізуге мәжбүр болды. БК(б)П өз саясатын бұлжытпай орындайтын, тап күресін белсенді жүргізетін кедейлерден тұратын кеңестерді құру үшін неше түрлі құйтырқы әдістерге барды. Ол әдістердің бірі қолдан жасалған, әр түрлі ұсақ-түйекті сылтауратып, өздеріне тиімсіз азаматтарды сайлау құқығынан заңсыз

айыру еді. Сайлау құқығынан көбінесе, астық тапсыру жоспарын орындамағаны үшін, сотталған адамның әйелі болғаны үшін, жиналыстарда белсенділік көрсетіп сөйлегені үшін «басбұзар» делініп сайлау құқықтарынан айырса, ешбір заңда көрсетілмеген 55 жастан асқандығы үшін де құқықтарынан айырған⁵⁹. Сөйтіп, республикада ауылдық кеңестерге қайта сайлау науқаны жүргізілген кезеңде 18 жастан асқан ересек ауыл тұрғындарының сайлау құқығынан айырылғандар саны пайызға шаққанда төмендегідей болған:

1926 жылы- 0,9 пайыз,

1927 жылы -3,3 пайыз,

1928 \29 жылдары- 3,8 пайыз,

1930\31 жылдары- 5,2 пайыз.

Ал, Семей, Ақмола губернияларының кейбір ауылдарында азаматтарды сайлау құқығынан айыру тіпті 40-50 пайызға дейін жеткен.⁶⁰ Сайлау құқығынан айырылған адамдардың санының жыл сайын себепсіз өсуінің өзіндік сыры болды. Ол кеңестерге тек большевиктер саясатын бас шұлғып қабылдайтын адамдарды-«шолақ белсенділерді» ғана іріктеп алудың таптырмайтын әдісі түпкі мақсатқа мүлтіксіз қызмет етіп отырды. Сөйтіп, большевизм бұл «бұратана» халықтарды езгіде, тәуелділікте ұстап отыруға негізделген өзінің империялық саясатының жаңа отаршылдық формасын осылай жымысқы түрде жүзеге асырып отырды. Қазақстаннан, тап күресі жоқ елден жау тап іздеп оны қолдан жасаған, қағидаға қалтқысыз қызмет еткен заман болды. Ауылдағы Кеңес өкіметіне тек байлар ғана емес, жалпы жұртшылық та шошына, жатырқай қарады.

Ауыл халқын жікке бөліп, тап жасау оңайға соқпады. Кеңестерге қайта сайлау науқанында жүргізілген таптық саясат көпке дейін өз нәтижесін бере қоймай, оның есесіне ру тартысын күшейтті. Бұл жағдайды Қазақстанның ОАК-нің өзі мойындап РСФСР-дің Бүкілодақтық ОАК-не мынандай мәлімдеме жасады: «Қайта сайлау кезіндегі қазақ жұртының белсенділігі ру тартысының негізінде болды. Қазақ халқының барлық топтары-батырақтар, кедейлер орташалар-қайта сайлау кезінде жоғары белсенділік

көрсетті. Бірақ бұл белсенділік таптық емес, рулық сипатта жүруде»⁶¹ - деуі ауылдарда тап күресі оңайшылықпен пісіп-жетілмегенін байқатады. Ал осындай жағдайда ауылда кеңестендіру саясатын ойдағыдай өткізу мүмкін болмады. Ру тартысының ықпалы мен тәжірибесінің терең тарағаны соншалықты сол кезде рулық кеңестер құру «қағидасы» жиі айтыла бастады. Бұл «қағида» бойынша кеңестер таптық емес, рулық белгілері бойынша құрылуы керек делінді. Ол «қағиданы» жақтаушылар сайлау округтары мен учаскелерін, болыстық және ауылдық кеңестерді, олардың аппараттарын бір рудың өкілдерінен ғана тұратын етіп құру тиімді деп дәлелдеді. Өйткені, олардың ойынша бір рудың ішіндегі байлар мен кедейлерді бір-біріне қарсы қоя отырып рулық емес, таптық күресті жандандыру оңай деп есептелді. Оның үстіне олар тек бір рудың кедей адамдарынан ғана сайланып құрылған кеңестерде руға бөлінген өзара талас жойылады деп дәмеленді.

Бұл сол қазақ халқымен бірге жасап өмір сүріп келе жатқан рулық қатынастар, тарихи қалыптасқан құбылыс екендігі, әрбір рудың өз дәстүрі, тұрмыстық ерекшеліктері болатындығы, рулар арасында таптар да, тап күресі де болмағандығы, тек қауымдық ортақ мүдде ғана өрістеп, әр руда рулық коммунизмнің қалдықтары басым екендігі есепке алынбады. Сол жағдайлардың, керісінше, қазақтардың социалистік идеяны басқа ұлттарға қарағанда тез қабылдауына қатты әсерін тигізгені елеп-ескерілмеді. Қазақ халқының өмірінде патриархалдық-рулық тәртіп сақталған және ол рулық қатынастар бүгінгі күні ауылдық жерлерде үстемдік жасауда деген бұл қағиданың авторлары мынандай қорытындыға келді. «Рулық құрылыста таптар болмаған, соған қарағанда онда тапқа бөлетін саясаттың тіпті алғышарты да байқалмаған, ал ол жағдай бүгінгі кеңестердің таптық ұйымдарына да қатысты. Сондықтан кеңестерді рулық белгілеріне сай құру қажет. Сонда социализм идеясын қабылдау тездетіледі» деген жорамал жасалды⁶². Кеңестерді осылай етіп құру тап күресін тұншықтыру үшін емес, керісінше оны өршітіп, байларды кедейлерден бөліп, алшақтатуды тездету үшін

қажет болды. Байлар тап жауы ретінде қарастырылды, олардың ауылдың едәуір бөлігін өз идеологиясының ықпалында ұстайтындығын ескере отырып, кеңестерді рулық белгілері бойынша құру байларды еңбекшілер алдында әшкерелеуді тездету үшін қажет деп танылды. Осындай әдіске көшу кеңестердегі байлар мен кедейлерді бір-біріне қарама-қарсы қою үшін керек болды. Ал бұлай құрылмаған жерде кеңестердің күнделікті жұмысында кедейлер өздерінің тап жауының кім екенін танымайтын болады. Тек осылай құрғанда ғана ауылда тап күресі кең етек алып, байлар көпшіліктен аластатылып, одан соң тап ретінде жойылатын болды деп дәлелдейді.

Осы «рулық кеңестер» қағидасы туралы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің III пленумында сөйлеген сөзінде ҚазКСР ХКК-ның төрағасы Нұрмақов: «Қай жерде болмасын ауылдық кеңестің төрағасы - белгілі бір рудың өкілі-сол рудың басшысының-өз адамы болып табылады және сол ру басшысының, қолындағы қолшоқпары ретінде пайдаланылады. Әкімшілік ауылдарды құрғанда бір әкімшілік ауылдың аумағында мүмкіншілігінше бір рудың ғана адамдарын біріктіру орынды деп есептелді. Егер біз бір әкімшілік ауылдың жерінде бір рудың өкілдерін ғана біріктіре алсақ, онда сол ру ішінде тап күресін жүргізуге және ру тартысының жойылуын да тездететін боламыз»,⁶³ - деген пікір айтты. Қазақ қоғамын осылай рулық белгілері бойынша бөлшектегенде ғана ру тартысы өзінен-өзі жоғалады және тап күресі жеңіске жететін болады деп, кеңес өкіметіне ағынан жарылғандардың өздері де партия билетімен бүркенген буржуазиялық ұлтшылдар, алашордашылар, «байтұрсыновшылар» мен «бөкейхановшылар» деп айыпталды. Олардың бірі жоғарыда есімі аталған Н.Нұрмақов болды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ауыл тұрмысына біртіндеп еніп, біте-қайнасқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, капиталистік құрылысқа дейінгі өндіріс қатынастары және байлар идеологиясы қарапайым халықтың санасынан берік орын алып, оларға өз билігін жүргізуін әлі тоқтатпап еді. Осы жағдайда қазақ ауылын

бірден жаппай кеңестендіруте ұмтылушылық оңай шаруа емес екендігін қайта сайлау науқанының қорытындысын шығарған 1926 жылғы 30 сәуір мен 2 мамыр аралығында өткен БК(б)П Қазөлкекомның II пленумы, БК(б)П Орталық Комитетінің ауылды кеңестендіру міндетін бұл жолғы сайлау науқанында орындай алмағанын еріксіз мойындап былай деді: «Уездерде және ауылдарда өткізілген Кеңестердің қайта сайлауында партия ұйымдары осы негізгі ұранды өмірге енгізуде бұл салада ешқандай табыстарға жете алмады⁶⁴. БК(б)П Орталық Комитетінің барлық ауылдық және болыстық кеңестерді нағыз пролетариат диктатурасының органдарына айналдыру қажет деген, осы нұсқауын орындау үшін Қазақстанның партия және кеңес органдарының алдында әлі де орасан көп жұмыс тұрды.

Байлардың саяси ықпалы бұрынғыдай басым болды, ауылдарда кедейлер таптық белсенділікті емес, рулық тартысты күшейте түсті. Кеңестерге қайта сайлау кезінде өзара бірігеді деген кедейлер, керісінше, руға бөлініп, бір-бірімен қырқысты. Ру арасындағы жанжал барысында жіктер пайда болып, топтар құрылды, оған орташалар да тартылды. Осылай билікке таласқан байлар тартысының шиеленіскені соншалықты, соңы қанды жанжалға дейін ұласты. Мысалы, Қарқаралы уезі Шұбартау болысындағы ру мен ру арасында болған қақтығыс еді. Ол қарулы қақтығысқа бірнеше ауылдың тұрғындары тартылды. Осындай жанжал Семей уезінің Ленинск болысында, болыстық Кеңеске сайлау кезінде билікке таласқан рулық топтар арасында 2 сағатқа созылған төбелеспен аяқталған, оған екі жақтан 200-адам қатысқан.⁶⁵ Осы ру тартыстарының өзі ауылда байлардың ықпалының әлі де күштілігін көрсетуде. Бұл жағдайда кедейлер тарапынан байларға қарсы тап күресін ұйымдастыру қиынға соқты деп санауы, қазақ ауылдарының тарихи-элеуметтік жағдайын ескермей барлық кінәні «байлардан» көруі үлкен қателік болды.

Ауылдық кеңестердегі ақсақалдардың ықпалы болыстық атқару комитетіне қарағанда едәуір күшті бол-

ды. Ауылдық кеңестердің халық арасында беделі болмады. Ол кеңестер тек жоғарыдан қысым жасалғанда ғана қимылдап, бірдеңе істеген болды, ал өздері тарапынан талпыныс жасауға қабілетсіз болды.⁶⁶

Сол кезеңдегі ауылдағы нақты саяси-әлеуметтік жағдайды тізбелеп жоғарыдағыдай кемшілік ретінде көрсетудегі мақсат, социалистік құрылысты жүзеге асыруда жаңа шаралар жүргізбейінше болмайтынын ескерту болатын. Ал, осы шаралар ірі-ірі науқан ретінде «кіші Қазан» бағытының аясында жүргізілді.

Ал «Ауылды кеңестендіру» ұранынан кейінгі осы 1927,1929 жылдары өткізілген қайта сайлау науқандары да, сайланғандар да бұл міндетті іс жүзіне асыра алмады. Соңғы сайлаудың нәтижесі бойынша ауылдық кеңестің әлеуметтік құрамы төмендегідей болды. 1928-29 жылдардағы кеңестерге сайлау қорытындысы бойынша:

1. Ауылдық кеңестердің барлық мүшелері-89732 адам. Олардың құрамында:

а) кедейлер- 45558 немесе 50,7 пайыз.

б) орташалар-23336 немесе 26,0 пайыз.

в) батырақтар-12139 немесе 13,5 пайыз.

г) жұмысшылар-2152 немесе 2,4 пайыз.

д) қызметкерлер және басқалар 6547 - 7,4 пайыз.⁶⁷

Осы келтірілген мәліметтер соңғы жылдарда жүргізілген ауыл кеңестеріне қайта сайлау нәтижесінің мардымсыз болғанын, тек сан жағынан ғана біршама өскенін көрсетті. 1929 жылғы селолық, ауылдық кеңестердің қайта сайлауының қорытындысын шығарған Қазақ өлкелік БК(б)П комитеті бюросынан 1929 жылы 16 шілдедегі қаулысы республика кеңестерінің аталған міндеттерді шешуде қабілетсіз болғандарын тағы көрсетті.

Кеңестерге өткізілген осы сайлаулардың алдын ала кесіп-пішіліп, жоғарыдан түсірілетін нұсқаулар негізінде өткізілуі оның бастапқы мазмұнына кереғар келіп отырды. Солай болса да кеңестерді еңбекші бұқараның мемлекетті басқару билігінің құралы ретінде көрсетуге тырысқан әміршіл-әкімшіл жүйе бұдан кейінгі жылдарда да осы бағытынан жаңылмады.

Ал, бірінғай қазақтар мекендейтін жерлерде бір

рудан тұратын шаруашылық-территориялық ауылдық Кеңестерді құруды болдырмау жөнінде нұсқау берілсе де, кейбір жерлерде бұрыннан бір рудан тараған адамдар тұратын тұтас шаруашылық аумақтағы ауылдық кеңестер сақталып қалды. Ал осы кеңестердің төменгі буындарын аудандарға бөлу 1930 жылдың 1 наурызынан 1932 жылдың соңына дейінгі уақытта жүргізу белгіленді. Жоғарыдағы шара Қазақстанның барлық аумағында бірдей өз дәрежесінде жүргізілмеді. Сонымен бірге Қазақстандағы жергілікті Кеңестерді нығайту мақсатында КСРО ОАК-ті 1930 жылы республиканың аудандық және ауылдық Кеңестеріне басшылық жұмысқа 300 адам жіберді⁶⁸. Олар Мәскеу мен Ленинградтың жұмысшылары, Қызыл Армияның әскерден қайтқан саяси қызметкерлері болатын. Осылай республиканың ұлттық ерекшеліктері, тілі, діні ділі ескерілмей жергілікті кеңестер, Орталықтың арнайы жіберген “кадрлары” арқылы басқарылды. Басқарудың мұндай жүйесі, әлі де болса саяси, ұлттық тәуелсіздігі жоқ халықты басыну және империялық пиғылдың әлі де күштілігінен туындап отырғанын көрсетті. Кеңестер еңбекшілердің өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ететін демократиялық орган деп айтылғанымен, оның жұмысы партияның жіті бақылауында болып соның нұсқауымен жұмыс істеді.

Ауылдағы өткізілген бұл сайлаулар және оның қорытындылары КСРО мемлекеті тарағанға дейін біржақты жазылып келген «шынайы кеңестердің» өз мәніне сай құрылмағанын дәлелдеп берді. Ал, сол кеңестер болса дара билікті қолына алған әміршіл-әкімшіл жүйенің күшейе түсуіне қызмет етумен ғана шектелді. Қазақстандағы Кеңестер ұлттық мүддеге қайшы келіп, бұл жылдары “кіші Қазан” саясатын жүргізуге белсене ат салысты. Міне, осы белсенді әрекеттер үнемі халық атынан жасалып, олардың өздерін мемлекетті басқаруға қатыстырмай шеттетіп отырды.

Адамзаттың әр дәуіріндегі ойшылдары армандаған әділетті әлеуметтік қоғам құру идеясы Кеңес Одағының үлесіне тиіп, солар тарапынан іс жүзіне асырылмақ болғаны-тарихи шындық. Алайда өмірде олай болмай шықты.

2.4. Дәстүрлі шаруашылықты жаппай күштеп ұжымдастыру. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, жерге орналастыру саясаты. Ірі қазақ байларын тәркілеу

Жер мәселесі - қазақ халқы үшін ежелден-ақ өмірлік маңызы бар ерекше мәселе болып келгендігі мәлім. Өйткені тіршілігінің көзі болған малды бағып-қағудың неше түрлі әдіс-тәсілін, өзіндік сырын меңгерген қазақтар төрт түліктің қамын ойлап, жайлы жер іздеп, жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға көшіп көшпелі өмір кешкен. Оның үстіне мұндай тіршіліктің рулық қоғамнан бұрын қалыптасып, бірнеше ғасырды басынан өткізген өзіндік тарихы бар, қолайлы дәстүрлі шаруашылық түріне айналғандығы тағы бар. Сондықтан қазақ халқы үшін жер мен мал мәселесі осылай бірімен-бірі тығыз байланысты өмір сүрудің негізгі көздері болып табылды. Қандас туыс болып, яғни бір рудан тараған адамдардың бірігіп өмір сүруде қалыптастырған бұл тәртібі бұлжымас заңға, ұлттық ерекшелігі бар дәстүрге айналған. Осы ата дәстүрдің негізінде сақталған қазақ ауылдарындағы ірі-ірі жайылымдар, шабындық жерлер, ормалар, өзендер ертеден ру басының атадан балаға мұра болып беріліп келе жатқан иеліктері болатын. Ол жерлер сонау ерте заманнан келе жатқан, ата-бабалары қан төгіп найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған қасиетті мекені, олардың сүйектері жатқан жерлер киелі топырақ деп бағаланды. Қазақтар туған жерде ата-бабаларының ізгілікті ізі, пірлік киесі, даңқты тарихы мен өнегелі өмірі және келешегі жатыр деп біледі. Бұл қасиетті ұғымдар қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқандығына ежелгі Әз-Тәуке хан тұсындағы «Жеті-Жарғы» заңының ең алғашқы тарауы болып жазылған «Жер дауы» бөлімі айқын дәлел болады. Ата-бабасының қыстауы, жайлауы, күзеуі, мал-мүлкі, құдық-бастауы, қорасы қазақ халқының өмір салтында атадан балаға мирас қып қалдыратын еншісі болған. Өйткені жер-ата мекен, кіндік жұрт, отан, жер тіршілік етер орта, бабалар қорымы, қасиетті тұрақ деген ұғымды бейнелеген. Міне, сондықтан да қазақтар үшін жерден киелі ештеңе болмаған. Осы себептен де сонау ерте кез-

ден бастап қазақ үшін «Жер дауы» өмірінің басты намыс шақыратын өткір мәселесіне айналған еді.

Міне ұлтымыз осылай бағалаған жерімізге-Қазақстанға қоныстану, әсіресе, 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін жалпы сипатқа ие болды. Патша өкіметінің Қазақстанның оңтүстік аймағына ынтасы ерекше ауды. 1910 жылы 19 желтоқсандағы заңнан кейін Сырдария қоныстанушылар басқармасы 100 мың десятинадан астам жер дайындап, оны екіге, хуторлық және үлестік участоктарға бөлді. Ал 1917 жылдан кейінгі кезде Сырдарияда 190 поселкеде 72,5 мың, Шымкент уезінде – 69, 22 мың, Ташкент уезінде – 28, 8,5 мың, ал Перовск уезінде – 7 шағын поселкеде 1600 келімсек тұрса, Әмудария бойында 2 поселкеде 600 қоныс аударушы орыс мекендеді.⁶⁹

Жоғарыда келтірілген фактілерден байқағанымыздай, орыс самодержавиесінің отаршылдық саясаты негізінде қазақ шаруаларының ең шұрайлы жерлері тартылып алынып, олардың өздері шөлейттерге ығыстырылған. Осы күнге дейін Қазақстан аумағында жоғарыда аталған бекініс-қалалар төңірегіндегі орысша аталып келген Антоновка, Николаевка, Маховка, Георгиевка, Семеновка және т.б. осыған ұқсас жүздеген орыс поселкелерінің ең шұрайлы, сулы жерлерде орналасқаны-сол солақай саясаттың салдары екендігі-тарихи шындық. Кеңестер дәуіріндегі ұлттарға берілген социалистік қоғам жариялаған құндылықтарға қарамастан, жергілікті халықты «бұратана» деп кемсітушілік пен жерді пайдаланудағы түрлі қысастық әрекеттер, патша самодержавиесі кезіндегі отаршылдық пиғыл, орыс большевиктері тарапынан да іштей қолдау тауып, одан әрі жымысқы әдістермен жалғастырылды. Мұндай бағытты сан алуан құйтырқы тәсілдермен жүргізген Кеңестер өкіметі қазақ даласындағы сол атадан мұра болып ауысып келе жатқан жер иеліктерін әділетсіз бөлінген деп танып, жерді бұлай пайдалану әлеуметтік теңсіздікті тудырып, байлардың кедейлерді қанауының көзіне айналған деп біліп, оны өз қалауларынан қайта шешуге кірісті.

Байлардың экономикалық күшінің негізі олардың малдары мен жер иеліктері дей келіп, Кеңестер өкіметі

кедейлерді қанаудан құтқарудың бір жолы байлардың жерлерін тартып алып, оны еңбекші қазақтарға бөліп беру деп білді.

Жер иесі ру басынікі–байдікі болғанымен, бұл иеліктерді сол руға кіретін адамдардың бәрі пайдаланатындығы есепке алынбады. Осы жерді пайдаланудың дәстүрге айналған тәртібін кеңестік заман тұсында большевиктер өз мүдделеріне сай қайта бөлуге кірісті. Оны тартып алу үшін, байлар бұл жерлерді қанаудың көзіне айналдырып отыр деген сылтау ойлап тауып, оны өз қалауларына «заңдастырды». Мұның ақыры Қазақстанда 20 жылдары большевиктер зорлықпен жүргізген көп науқандардың бірі «Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлумен» ұштасты. Орталық Атқару Комитеті мен Қазхалкомның бірігіп қабылдаған 1926 жылғы 26 мамырдағы қаулысында шабындық және егістік жерлерді бөлу науқаны туралы мәселе қаралып, оны жүргізудің мынандай жолдары белгіленді. Онда: жүргізілуге тиісті бұл науқанды ауылдық Кеңестер «Қосшы» одақтарын міндетті түрде тарту арқылы, ауылда жаппай жерге орналастыруды күтпей-ақ, ұжымдық шаруашылық пен жеке шаруашылықтар арасында шабындық және егістік жерлерді тең етіп бөлуге жедел кірісуі қажеттілігі міндеттелді. Мұны іске асыру кезеңінде әкімшілік ауылдың пайдаланып жүрген шекарасынан шықпау туралы да айтылған.⁷⁰ Егістік жерлерді қайта бөлу халыққа уақытша жүргізілген шара деп түсіндірілді. Оның өзі шаруашылықтарды жерге орналастыру басталғанға дейін ғана жүргізіліп, кейін жерге толық орналастыру аяқталғанда жойылады деп сендірді. Міне, осылай, әкімшілік ауыл шеңберінде бұрын бір шаруашылықтың пайдалануында болып келген шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу, шаруашылық ауылдың өз ішінде ондағы әр шаңырақтағы жан басына қарай бөлінетін болды. Рулық тәртіппен қалыптасқан қауымдар жерлерін пайдалану ендігі жерде осы әдіспен теңестірілмек болды. Жер иеліктерін теңестіріп бөлу ауылдық Кеңестермен «Қосшы» одақтарына жүктелді. Мұндай әдіске бару шабындық және егістік жерлерді бөлу ісін, ауыл адамдарының өздері

тарапынан, солардың ұсыныстарымен шешілген іс етіп көрсету пиғылынан туған әрекет болды. Бұл әдіс ауылдағы еңбек адамдарының таптық белсенділігін көтеріп, шындау үшін қызмет етуі тиіс-тін. Сондай-ақ, бұл науқанды жүргізушілер, оны іс жүзіне асыру барысында ауылдық Кеңестер мен «Қосшы» одақтарын керегінше пайдаланып, осы ұйымдар арқылы кедейлер мен орташалардың мүдделерін қорғағансып, оларды байларға қарсы айдап салды.

Шабындық және егістік жерлерді қайта теңестіріп бөлу аппараты құрылып, ол науқанды жүргізуге мыңдаған белсенділерді тартты. Ол аппараттар губерния мен уездерде бестіктерден, ал болыстар мен ауылдарда үштіктерден тұрды. Осы болыстық және ауылдық үштіктердің төңірегіне көптеген белсенділер топтастырылды. Жер иеліктерін қайта бөлу процесі мынадай тәртіппен жүрді: ең әуелі, ауылдық кеңес пен «Қосшы» одағының біріккен отырысында ауылдық үштік сайланды. Бұл үштік өз қатарына кеңес өкіметін жақтаған белсенділерді жинап, шаруашылық ауылдар мен ру-ру болып топталып отырған ауылдарды есепке алу жұмысын жүргізді. Тағы да сол біріккен отырыста ауылдардағы тұрғындардың әлеуметтік жіктері анықталды. Олар батырақтарға, кедейлерге, орташаларға және байларға бөлінді. Жиналыста жерді пайдалануға құқылы тұрғындардың құрамын осылай анықтаған соң, үштік құрамы жер басына барып, оны бөлуді тікелей жүзеге асырған. Олар байлардың жерлерін көрсетіп, оны өлшеуге, кедейлерге бөліп беруге көмектесті. Жерлерді өлшеу көз мөлшерімен, адамдардың не жылқының адымымен, кейде арбаның дөңгелегімен, не жіптермен өлшенді. Қайта бөлу барысында құнарлы, жақсы және жақын жерлерді кедейлерге беруде артықшылықтар қолданылды. «Қосшы» одақтарында әрбір ұжымдық шаруашылық ауылдар бойынша кедейлер тізімі жасалып, ол ауылдық Кеңестерде бекітілді. Ауылдық кеңестер мен «Қосшы» одақтарына, «Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу» туралы осы қаулыны іс жүзіне асыруды қатаң, әрі негізгі белгіленген бағыттан ауытқымай өткізу

жүктелді. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқанын жүргізуге 1926 жылы 20 мамырда кешіктіріліп шыққан Декрет біраз кедергі келтірді. Ол ауылға жер жыртылып, кейбір жерлердегі шөп шабылып қойылғаннан кейін барып жетті. Мұның өзі Қазақстан үкіметінің бұл жер иеліктерін қайта бөлу жұмысын тиянақты ойластырмағанын көрсетті.

1926 жылы 6 маусымда Кеңес өкіметі осы алғашқы декреттің кемшілігін түзету мақсатында тағы қосымша Декрет қабылдады. Сонымен бірге 1927 жылы 3 ақпанда Кеңестер өкіметі алғашқы декретке, яғни 1926 жылғы 20 мамырдағы заңның 1 тармағына: «Жаппай жерге орналастыруға жататын қазақ аудандарындағы территорияда шабындық және егістік жерлерді жеке шаруашылық ауылдардың үлесіне, оның ішінде әр шаңырақ басына міндетті түрде тең етіп бөлу керек»- деген өзгеріс енгізді.⁷¹ Бұл маңызды өзгерістерді іске асыру науқанын жүргізуге Қазақстан үкіметінің басшылығы да, ауыл да дайын еместіктерін көрсетті. Осы аталған кемшіліктер туралы БК(б)П Өлкекомның III пленумында арнайы сөз болып, ол науқанның ел арасында дұрыс насихатталмағанынан деп тапты. Науқанның асығыс жасалғандығы соншалықты, оған жерге орналастыру органдары, атқару комитеттері, партия ұйымдары, «Қосшы» одақтары әр округтардағы жергілікті жерлерден түскен мәліметтерде көрсетілгендей, дайын болмай шықты.

1927 жылы 6 сәуірде VI Бүкілқазақтық Кеңестер съезі Қазақстанның барлық еңбекшілеріне арналған жерге орналастыру мен шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу бойынша науқанға белсенді ат салысу қажеттігі туралы үндеу қабылдады. VI Бүкілқазақтық Кеңестер съезі шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу, байларды біршама әлсіретіп, оларды қарусыздандырады да, ауылдағы кедейлер шаруашылығының нығаюына мүмкіндік туғызады деп есептеді.

Қазақстан үкіметі жер иеліктерін қайта бөлудің екі мерзімін бекітті. Көктем мен жазда шабындық иеліктерінде егін жиналған соң және күзде егістік жерлер бөлінуге тиіс болды. 1927 жылғы 15 сәуірден, 1928 жылғы

15 мамыр аралығында қайта бөлу туралы оның мақсаты мен маңызы түсіндіріліп, үгіт науқаны жүргізілетіні хабарланды. Осы жылы Қазақстан үкіметі бұл науқанды өткізу үшін ауылға 200 жауапты қызметкерлер жіберді. Орталық өкіл ретінде Орал губерниясына 57 адамды, Ақтөбеге 30, Сырдарияға 48, Қостанайға 18 адам жіберді. Олардың ең көбін губерния мен уездік бестіктер және қатарында белсенділері бар болыстық үштіктер құрады. Губерниялық және уездік бестіктерді есептемегеннің өзінде тек ауылдық және болыстық үштіктер құрамына 10 мыңға жуық адам тартылды. Шаруалардың әлеуметтік жағдайларын анықтауда Орал губерниясындағы бестік шаруашылық мөлшерін есептеудің мынандай баламасын қолданған. Ірі қара малға шаққанда 5 малы болса, ол кедейге, 5-тен 25-ке дейін малы барлар орташаларға, ал 25 малдан артықтары-ауқаттылар қатарына жатқызылған. Бұл сапалық өлшем әрбір губернияда әркелкі белгіленгенімен, негізінен, бәрі осы оралдықтар өлшемімен шамалас болған.

Партия және Кеңес органдары ауыл кедейлерінің таптық сана-сезімін көтеруде үгіт-насихат жұмыстарына көп назар аударған. Ауылдағы партия ұяларының әлсіздігін ескерген өлкелік партия комитеті, Орталықтан 18 қызметкер, губерниялардан 71, уездерден 194 белсенді уәкілдер жіберген. Осы мақсатпен бұдан өзге де оперативті органдардан болыстарда 700 адам, ауылдарда 5420 адам осы науқанға ат салысқан.⁷² Ауыл белсенділері қайта бөлу науқанын ойдағыдай жүргізу үшін халық арасындағы түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарына үлкен мән беріп отырды. Мысалы, Петропавл округында жерді қайта бөлу науқаны кезінде ауылда 664 жиыналыс өткізіліп, оған 30 мың адам қатыстырылған, оның 1400-і әйелдер болған. Сонымен бірге «Қосшы» одақтарының болыстық конференциялары да өткізілген.⁷³ Орал губерниясында 2000-ға дейін жиналыстар өткізіліп, баяндамалар оқылған, әңгімелер өткізілген.⁷⁴ Осы губернияның Дуан болысындағы № 3 ауылының кедейлері жерді қайта бөлу кезінде қолдарына қызыл жалау ұстап шеру ұйымдастырған. Ал жалау көтеріп бұлай ұрандап шығу

кедейлер тарапынан болған белсенділік емес, жасанды саясат туындысы екенін ол кезде көпшілік біле бермеді. Кедейлердің, яғни көпшіліктің атынан бастама көтеру әдісі сол кезде жиі қолданылатын қызыл идеологияның үгіт-насихатының бір пәрменді түрі болды.⁷⁵ Мұндай жасанды белсенділік ауылдық кеңестер мен партия ұяларының жоғарыдан алған нұсқауын еріксіз орындау барысындағы әрекеттер еді. «Ауылдағы кедейлер қызыл ту ұстап салтанатты түрде жер иеліктерін бөлуге шықты. Осыған байланысты мереке өткізіліп, қызықты ойындар мен бәйге жарыстары ұйымдастырылды» деп жазды «Правда» газеті өзінің 1927 жылғы 12 тамыздағы санында.⁷⁶

Жер иеліктерін қайта бөлудің экономикалық тиімділігіне жету ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды революциялық тәсілмен өзгертуде деп есептелді. Оның барысында байлар экономикалық қуатының негізі болып келген жерлерінен айырылуға мәжбүр болады. Ал ол жерлерді иемденген кедейлер мен орташалардың жағдайы жақсарады деп сендіруге тырысты. Ауылда бірнеше ғасырда тұңғыш жүргізіліп отырған жер реформасы кедейлер үшін аспаннан түскен жаңалықтай болды, өйткені бұл реформа өте шұғыл түрде революциялық жолмен, яғни күшпен, зорлықпен жүзеге асырылды. Кедейлер болса мұндай жаңалықтарға дайын емес еді. Кеңес өкіметі байларға қарсы тап күресіне шақырған кедейлер мен батырақтардың өздері, солардың руластары, туыс жұрағаттары екендіктерімен санаспады. Сондықтан да ғасырлар бойы қандас руластық сезімдері айрылмастай болып қалыптасқан байлардың жерін қайта бөлу арқылы жеңу мүмкін болмады.

Езілген ұлттың жерін тартып алу деген марксизм-ленинизм классиктерінің қазғидаларында да көрсетілмеген, ол, тіпті, социализм туралы бір де бір әдебиетте жазылмаған болып шықты. Қазақ ауылдарында жүргізілген жер иеліктерін қайта бөлу науқаны орыс шовинистерінің ойдан шығарған, отаршылдық пиғылдарынан туған кезекті бір арам ниеті екенін көрсетті. 1926 жылы БК(б)П II пленумында шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу мәселесі талқыланғанда

Сәдуақасов ол науқанға қарсы шығып, азамат соғысының ауылды күйзеліске әкеп ұрындыратынын ескерткен еді. Ал Сәдуақасовтың бұл ұсыныс-пікірі еңбекші қазақтардың мүддесін жамылып байды қорғап қалушылық, яғни Кеңес өкіметіне қарсылық деп бағаланды. Ғасырлар бойы әбден қалыптасқан шаруашылық түрін, жерді пайдалану құқығын, аяқ астынан өзгеріске салу, оның өзінде оны күшпен жүргізудің тиімсіздігін жан-жақты дәлелдеген Сәдуақасов бастаған азаматтар «ұлтшыл-ауытқушы» элементтер, байлардың жақтастары деп бағаланды. Сырдария губерниялық партия конференциясында 1928 жылы жасаған баяндамасында Голощекин: «...Біздің ауылдың үстінен «кіші Октябрьмен» жүріп өту керек»-дегенімізге кейбір жолдастар қарсы болып, айғай шығаруға дейін барды. Оның бірі Сәдуақасов қазіргі ауылдағы экономикалық қатынастарды революциялық әдіспен күрт өзгерту қажеттігін жоққа шығарады. Ол оны қазіргі әлеуметтік-экономикалық қатынастар жағдайының өзінде-ақ өзгертуге болады деген уәж айтады. Ал, біз болсақ, қазіргі өмір сүріп отырған жағдайдағы өршіп келе жатқан «тап күресін» өшірмей, кедейлердің байларға қарсы «таптық» күресіне қолдау көрсетуіміз қажет. Ал, бұны егер азаматтық соғыс десеңіз, біз соның жағындамыз. Міне, біздің бұл бағыттағы басты айырмашылығымыз осында.⁷⁷ Ал, біз не істедік? Біз аудандарда шабындық және егістік жерлерді қайта бөлдік. Бұл дегеніміз не? Білгіңіз келсе, «Кіші Октябрь» дегеніміз-осы. Сіз айтқандай, бүлінетін ештеңе бола қойған жоқ. Бұның соңы тек біз үшін пайдалы болды. II пленумнан соң, біз теориялық айтысқа түсіп едік, ал енді мына науқанда оны іс жүзінде көрсеттік. Бұл іс әлі аяқталмаса да, сенімді жолдамыз деп айта аламыз. Негізінен, Қазақстанды біз «Октябрьмен» жүріп өттік. Ал нәтижесінде неге ие болдық? Біз байларды мықтап «сілкіледік», кедейлер тек революция ғана емес, алғаш рет одан өзіне тиістісін де алды. Біз, біріншіден, экономикалық негізде таптарды, яғни кедейлер мен байларды бір-біріне қарсы қойдық. Бұл-ең бастысы, екіншіден, кедейлер қайта бөлінген шабындық немесе егіндік жерлер байлардың мүддесіне қайшы келетінін

өз көздерімен көрді. Бұл жерде аяғына дейін жетпеген әлі көптеген істер бар. Оның бірі-кедейлер жер үлесін алып, оны игере алмауы. Біздің алдымызда кедейлердің осы жерлерді игеруіне көмектесу міндеті тұр. Бұл жұмыста орташаларға қатысты көптеген қателіктерге жол берілді. Біз олардың мүдделерін ескермегендіктен, олар зиян шекті. Ал мұны дәл қазіргі күйінде қалдыруға болмайды, өйткені бұл жұмыстар тек уәкілдердің қағаздарында ғана көрсетіліп, шындығында, байлар бұл жерлерді қайтадан тартып алу немесе кедейлердің өздерінің де қайтарып беру қаупі бар екендігінен де көрініс бере бастады.⁷⁸ Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуге қарсылық көрсеткендер де аз болмады. Мысалы, 1926 жылы Қостанай округы бойынша шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу қорытындысын шығарған хабарламасында айтылғандай Меңдіқара болысындағы байлар мен атқамінерлер өздерінің атадан мұра болып келе жатқан иеліктерін ғана қорғап қоймай, өз мүдделерін жүзеге асыру үшін кедейлерді ғана емес, ауылдық Кеңеспен «Қосшы» одағын да өз жағына қаратып алады. Ақтөбе губерниясының Шалқар уезінің Қарабұтақ болысының №10 ауылында кедейлер жер иеліктерін қайта бөлуге қарсылық білдірген. Ал Бөрлі болысының № 7 ауылында кедейлер бай Дошановты қолдап, соңынан ерген. Ал, Ембі болысының № 6 ауылында да кедейлер мен байлар қосылып, уезден барған бестік өкіліне жерлерінің мөлшерін кішірейтін көрсетсе, Сырдария губерниясында кедейлер уәкілдерге қарсы шыққан.⁷⁹

1926 жылы желтоқсанда өткен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің III сессиясында кедейлердің қайта бөлінген жерлерден бас тартқандығы туралы айтылды. Кеңестер өкіметі мұндай қарсылықтар ауылдағы байлардың идеологиясының күштілігінен, тұрмыстық дәстүрлердің ықпалдылығынан екенін мойындай келіп, бұл науқанды халық тарапынан қолдамаушылық, партия ұяларының дәрменсіздігінен деген қорытынды жасады. Жер иеліктерін қайта бөлуді жүргізушілер көбінесе сауатсыз адамдар болды. Осындай белсенділердің кеселінен кедейлердің бір бөлігі жерсіз қалды. Оған

Сырдария губерниясының Шымкент уезіндегі Қараспан болысының, №6 ауылында 200 шаңырақтың жер үлесінсіз қалуы дәлел.⁸⁰ Көбінесе жерден үлес алған кедей мен батырақтар оны қайтарып беруге мәжбүр болды. Оның себебі жерді өңдеуге, іске жаратуға жағдайы келмей, күші жетпегендіктен еді. 1927 жылы қаңтардағы Семей губерниялық VIII партконференциясының қарарында айтылғандай, егістік жер иеліктерін теңестіріп қайта бөлуден алған үлесті кедей шаруалар өндіріс құрал-жабдықтарының жетімсіздігінен, олармен қамтамасыз етілмегендіктен өңдей алмай, амалсыздан қайтарылды.⁸¹ Бұл байлардың қулығымен істелген әрекетке баланды. Мұндай жағдайлардың орын алғандығы туралы басқа да губерниялық партия және кеңес органдары мәлімдеді.⁸² 1926 жылғы жер иеліктерін қайта бөлу мүлдем қанағаттанғысыз өткізілді. Жерді пайдалануды теңестіру жөніндегі алға қойылған міндет шешілмеді. Міне, осы себептен Кеңестер 1927 жылы қайта бөлу науқанын тағы қайталап жүргізуге мәжбүр болды. Қазақстанның партия мен Кеңес өкіметі жүргізген бұл науқанының өте ауыр жағдайда өткізілгені жайлы 1926 жылғы 22 қыркүйектегі «Жетісу ұйымының жұмыс жағдайы» деген БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында: «Рулық құрылыстың сарқыншақтары, халықтың ұлттық құрамының әркелкілігі, европалық және жергілікті халық арасындағы өзара бір-біріне деген сенбеушілік кедергі болып отыр, бұл жәйттер патшаның отаршылдық саясатының салдары және партия белсенділерінің қабілетсіздігі»-деп мойындалды.⁸³ Ал осындай кедергілер Қазақстанның барлық жерлерінде кездесті.

1927 жылы ақпанда Ресейдің Бүкілодақтық Комитетінің төралқасы ҚазОАК пен Қазхалком кеңесінің 1926 жылғы 20 мамырдағы заңын қайта қарап, қазақтардың жерді пайдалану аймағындағы аудандарда жаппай жерге орналастыруға жататын шабындық және егістік жерлерді шаруашылық ауылдар арасында және жеке шаңырақтардағы адамдар санына қарай міндетті түрде тең етіп бөлу көзделді.⁸⁴ Жер иеліктерін қайта бөлу барысында бұл науқанның ойдағыдай жүрмеуін оны жүр-

гізуші үштіктер мен бестіктердің арасында жат элементтердің болуынан көрді. Ал жер иеліктерін қайта бөлу науқанының ауылдағы еңбекшілердің таптық санасын оятты деген бағасы әсіре айтушылық болды.⁸⁵

Шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу кезінде әлеуметтік таптардың ие болған үлестерінде береке болмады. Сөйтіп, орташалардың бір бөлігі өздерінің қолдарында бар жер иеліктерінен айрылып, оның орнына сапасы нашар жер алып, ұтылды. Орташалар кедейлерден аластатылып, олар жерді қайта бөлу жұмысына қатыстырылмады.⁸⁶

Осы 1927 жылы жер иеліктерін қайта бөлу науқаны барлығы 289 болыста өткізілді. Оның 222 болысында шабындық иеліктер, 67 болысында егістік жерлер қайта бөліске түсті. 1104509 шаруашылықтағы шабындық жерлер қайта бөлінді. Оны иемденгендердің әлеуметтік құрамы мынадай болды: Батырақтар 58772 шаруашылықты, кедейлер 661806 шаруашылықты, орташалар 294332 шаруашылықты, ауқаттылар 89399 шаруашылықты құрады. Барлығы 1136571 десятина жер берілді.⁸⁷

Ал 162674 шаруашылықтағы 853837 десятина шабындық иеліктер, 88656 шаруашылықтағы 963882 десятина егістік жер тек 1928 жылы ғана қайта бөлуге ұшыраған. Осы 1136000 гектар шабындық және 1250000 гектар егістік жер иеліктерін қайта бөлудің нәтижесінде байлардың экономикалық жағдайы әлсіреді де, кедейлер мен орташалардың шаруашылықтары нығайтылды делінді.⁸⁸ Бұл жолғы қайта бөлуде 1928 жылдың көктеміне қарай еңбекшілер бұрын байға тиесілі болып келген 1360 мың десятина шабындық, 1250 мың десятина егістік жерлер бөліске түсті.⁸⁹ Одан кедейлер 66,3 пайыз егістік және 61,6 пайыз шабындық жер иеліктерін алса, орташалар 26, 2 пайыз егістік, 29,8 пайыз шабындық жерлер алғанда, ауқаттылар қолында 7,5 пайыз жер қалған.⁹⁰ Ал, жалпы алғанда, осы қайта бөлудің барысында кедейлер мен батырақтар 700000 гектар шабындық және 741000 гектар егістік жерлер алды. Орташалар болса 436000 гектар шабындық, 508000 гектар егістік жерлерді иеленді.⁹¹

Ойыл ауданында шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу тек 1928 жылы ғана өткізілді. Бірақ ол алғашқыдай аса бір ерекше маңызды, саяси-экономикалық шара ретінде өткізілмеді. Бұл жердегі қайта бөлуге жоғарыдан міндеттеп таңылған соң ғана кірісті. Іс жүзінде Ойыл ауданы бойынша ешқандай да жер бөлінісі болған жоқ. Тек осы мақсатқа арналған қаржы ғана ысырап болып шашылды. Көптеген уәкілдер «Біз ешқандай қайта бөлісті қаламаймыз, бұл жөнінде ешқандай наразылығымыз жоқ» деген өтініштермен оралған.⁹² Ал қайта бөлу жүргізілген жерлердің өзінде де көбіне бұрынғы иеліктер сол қалпында қалған. Сөйтіп, ауылдағы кедейлердің тап күресін туғызуға тиісті болған бұл жұмыстары да нәтиже бермеді. Тіпті, кедейлердің көпшілігі бұл жүргізіліп жатқан науқанның өздеріне тиімді екендерінен де хабарсыз болған.⁹³

Төменгі партия, кеңес органдары жерге орналастыру ісімен айналысудан аластатылды. Осындай саяси және шаруашылық мәні жоғары, өте жауапты жұмыста жер өлшеушілер ғана бұл іске толық қожа болды. Қазақстанда ол кездегі жер өлшеушілердің барлығы дерлік орыс ұлтының өкілдері болуына байланысты ұлы державалық шовинистік пиғылдағылар жер бөлуде ұлттық бағытты өрескел бұрмалады. Мысалы, Ақмола уезінің Еңбекші қазақ, Азат ауылдарында өткізілген жер бөлу кезінде орыс ұлтының өкілдерінен болған жер өлшеушілерінің үстінен жер бөлуде еуропалықтарды қолдаған әділетсіздіктерін көрсетіп, қазақтар жиі шағымданған мәліметтер бар.⁹⁴

Орал губерниялық партия конференциясының жерді қайта бөлу туралы қорытындысында «Қосшы» одақтарының өз маңына кедейлерді топтастыра алмағаны сыналды. БК(б)П Орталық Комитетінің жауапты нұсқаушысы Сырдария губерниясы туралы өз баяндамасында: «Жер иеліктерін қайта бөлуде кедейлер мен батырақтардың ұтқандары шамалы» болғанына және оның төмендегідей басқа да себептеріне тоқталған.

1. Губерниялардың ерекшеліктері ескерілмеді.

2. Ауылдар арасындағы жерлерді теңестіріп бөлудің кесірінен бұл науқанның таптық мәні жойылды.

3. Губерниялық комитеттер тарапынан орташалар жөнінде нақты нұсқаулар берілмеді. Олар көбінесе бұрынғы жерлерінен айрылып қалды.

4. Науқанға дайындықтың сапасы нашар болды. Зерттеу барысында белгілі болғанындай, осы іске бас-көз етіп жіберілген уәкілдердің көбі сауатсыз болды.

5. Бұл науқанның саяси мәнін жете түсінбегендіктен, партияның төменгі буындарындағы жұмыстар жүрмей, ақсады.

6. Науқанды өткізуге партия ұялары мен ауылдық Кеңес, «Қосшы» одақтары қайта бөлу науқанында кедейлерді бұл іске топтастыруда белсенділік көрсете алмады. Болыстық комитеттер мен ауылдық кеңестер бұл науқанда жеткілікті ынта танытпады. Осы науқанды жүргізу барысында кедейлердің өздерінің байларды жақтап шығуы етек алды.⁹⁵ Ақмола ауданының № 1,5,8 ауылдарында жер иеліктерін қайта бөлу байлар мен атқамінерлердің қолымен жүргізілді.⁹⁶ Кей жерлерде комсомолдар ру тартысына қатысып, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқанын жүргізуге қарсылық білдірді деп солардан көрді.⁹⁷ Осы жылдары Қазақстанда шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуде жұртшылық арасында жаппай, көпшілік шаралар жүргізіліп, кедейлер мен батырақтарды ұйымдастыру қолға алынды. Бірақ та бұл шаралар айтарлықтай нәтиже бере қоймады. Кедейлер өздеріне тиген жерлерін түрлі себептерге байланысты толық игеріп кете алмады.⁹⁸ Шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу байларды экономикалық жағынан әлсірету үшін істелген алғашқы шара деп есептелсе, олардың ең негізгі басты, байлығы болып есептелетін малдарын тартып алу арқылы тағы да соққы беру жоспарланды.

Ауылдағы патриархалдық-феодалдық қатынастардың үстемдігі ондағы еңбекшілердің «таптық сана сезімдерін» тежеді. Ауылдағы бұл кедергіні Ұлы Қазан төңкерісі де бірден өзгерте алмап еді. Оны өзгерту үшін ауыл еңбекшілерінің жаңа үкімет қажет еткен «саяси санасының оянуына», ең алдымен, кедейлердің байларға қарсы шешуші күресі пісіп-жетілуіне алғышарт және

уақыт керек болды. Ал ондай алғышарттарды Кеңес өкіметі өзі қолдан жасауға әрекеттенді.

Қазан төңкерісінен кейін-ақ қазақтар бұрынғы патша үкіметі тартып алған жерлерін қайтаруды талап ете бастады. Бірақ мемлекеттік билік тізгінін ұстап отырған Орталық пен оның Қазақстанға арнайы жіберген өкілі Ф.Голощекин бұл мәселеде көпе-көрнеу өзгеше бағыт ұстанып, әділетсіздікке барды. Ол жерлер әртүрлі құйтырқы әдістер қолданылып, қазақтарға берілмеді. Бұдан өрбіген дау-дамай олардың арасында бір-біріне деген өшпенділігін туғызып, ұлт араздығының тұтануына түрткі болды. Осы наразылықтардың алдын алу мақсатында Қазақстан бойынша жерге орналастыруды мұқият жүргізу қажеттігі туындады. Байларды экономикалық жағынан әлсіретуді көздеген шарамен қатар патша самодержавиесінің отаршылдық саясатының зиянды зардаптарын жойып, Қазақстан аумағын тұрақты түрде егін егетін, мал бағатын уақыт талабына сай иеліктер ету міндетін шешу тұрды.

Қазақстандағы жерге орналастырудың міндеті патша самодержавиесінің отаршылдық саясатының барысында тартып алынған иеліктерді қайтару мен жерді пайдаланудағы рулық сарқыншақтарды жою болды. Жерді бөлуді ұйымдастыру арқылы ауыл шаруашылығында өндіргіш күштерді дамытып, оны социалистік жолға бағыттау; осы арқылы байдың, кулактың экономикалық күштерін шектеп, кедейлердің материалдық жағдайын жақсарту болды. Ауыл кедейлерінің сана сезімін ояту арқылы таптық күреске көтеру басты мақсат деп есептелді. Жерге орналастыру туралы мәселе шабындық және егістік жерлерді қайта бөлуден бұрын 1925 жылы сәуір айында өткен Кеңестердің Бүкілқазақтық V съезінде қаралған болатын. Съезде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Меңдешовтың баяндамасы тыңдалып, төмендегідей қаулы қабылданды: “ҚазАССР-нің барлық территориясын мал шаруашылығына қолайлы ету мақсатында табиғи-тарихи және экономикалық белгілері бойынша 3 ауданға бөлу қажет. Бірінші, егін және мал шаруашылығы үшін, ондағылар егін егіп, мал өсі-

румен айналысатындар, сондай-ақ, мал шаруашылығы мұнда интенсивті болуы тиіс. Екінші, мал шаруашылығы басым дамытылатын және егістікпен де айналысатындар. Үшінші, таза мал шаруашылығын жүргізуге лайықты жерлері бар аудандар болуы керек. Съезд жер құрылысы жұмысын 10 жыл мерзім ішінде аяқтауға нұсқау берді. Ол 1925 жылы басталуы тиіс болды.⁹⁹

Отырықшы жер шаруашылығымен айналысатын аудандарға барлық орыс және украин поселкелері енді. Қазақстан бойынша отырықшы аудандарға жататын жер көлемі 11,5 млн. гектар болып, ол жерлерде 167 мың шаруашылық орналасқан еді. Қазақстанның қалған жері көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға жатты. Бұл жерлер 230 млн. гектар жер болып, олар миллионнан астам шаруашылықты біріктірді.¹⁰⁰ Бұл территорияның барлығы мемлекеттік жерге орналастыру қорына жатқызылды. Съезд белгілеп берген жерге орналастыру жөніндегі шаралар қазақ халқының көпшілік бөлігін қамтуы тиіс болатын. Осыған қарамастан жаппай қоныстандырудан көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда орналасқан отырықшы жер иелері-селоардағы (орыстар) алынып тасталды. Жерді бұлай бөлудегі әркелкілік ұлттар арасындағы араздықты қоздырды. Сол 1925 жылы өткен Бүкілқазақтық V партия конференциясының ҚазАКСР-індегі жерге орналастыру жөніндегі шешімінде: «Жерді пайдаланудағы тұрақсыздық пен осы саладағы кемшіліктер Қазақстандағы ауыл шаруашылығында өндіргіш күштердің дамуын тежеуде» деп көрсете келе, конференция Қазақстандағы жерге орналастыруды таптық негізде емес, ұлттық негізде жүргізу қажеттігін ескертті. Партияның жер туралы саясатының кезек күттірмейтін міндетінің бірі, осы мемлекет тарапынан жүргізілетін жерге орналастыруда қазақ еңбекшілерін жермен қамтамасыз ету болды. Сөйтіп, конференция қазақ халқын жерге орналастыруды бірінші кезекке қойды да, қалған ұлттардың өкілдерін де назардан тыс қалдырмау керектігін тапсырды».¹⁰¹ Жерге орналастырудың бұл тәсілі Орталықтың стратегиялық бағытына қайшы келгендіктен, Қазақстанда жер иеліктерін меншіктену құқығы болмаса

да, келімсектерге жергілікті халықпен бірдей етіп жер үлесін беруді заңдастырып, оны тікелей өзі бақылауға алды. Бұл дегеніңіз кезінде патша самодержавиясы жүргізген отаршылдық саясатпен үндес келіп, соның жалғасын тауып жатқандығын көрсетті.

Қазақстандағы жерге орналастыру ісіне өзгеріс енгізіп, оған тікелей нұсқау берген Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Төралқасы 1927 жылы 28 ақпанда жаңа қаулы қабылдады. Мәжілістің осы №95 хаттамасында: Қазақстандағы жерге орналастыру әрекеттері жергілікті халық пен жерге орналастыруға жататын аудандардағы келімсектер тұратын селоларда бірдей жүргізілуі тиіс екендігі міндеттелді.¹⁰² Онда: «Қазақстандағы өндіргіш күштердің және кеңестік мемлекеттің талапқа сай дамуын қамтамасыз ету үшін ұлтаралық қатынастарды реттеу мақсатында губернияларды ауыл шаруашылық аудандарға бөлу қажет деп табады. БОАК 1928 жылдың 1 қазанынан қалдырмай, 1921-22 жылдардағы жер реформасының нәтижесінде жерсіз қалған, шындығында, тікелей ауыл шаруашылығымен шұғылданатындар және еңбек шаруашылықтары жермен қамтамасыз етілсін»-деген шешім шығарды.¹⁰³

Сондай-ақ, Бүкілодақтық Атқару Комитеті Қазаткомды Қазақстанда аудан-ауданға бөлуді жүргізуде, ең алдымен, ұлтаралық қақтығыс жиі болатын жерлерден бастауды міндеттеді. Осыған сәйкес бұл науқанды іс жүзіне асыруды Жетісу, Сырдария және Ақтөбе губернияларында, сондай-ақ, Қостанай округында 1928 жылдың 1 қаңтарынан 1 сәуіріне дейінгі мерзім аралығында өткізу көзделді.¹⁰⁴

Жер немденуден туған ұлтаралық араздықты бүркемелеп, оның себебін басқа жақтан іздеп жасырып, бай-кулактардан көріп, соларды кінәлап, ұлтшылдыққа салынды деп айыптады. Сонымен бірге асқынып бара жатқан наразылықтарды реттеу мақсатында Бүкілодақтық Атқару Комитеті Қазақ Орталық Атқару Комитетіне дереу шара қолдануға тапсырма береді. Бірақ жағдайға сай келмейтін, нұсқаумен жүргізілген бұл шаралардан дұрыс нәтиже шықпады. Осы бағытта істелген шаралар-

дың бірі-жерге өзара таласқан ауылдар мен селоларды назарда ұстаған губерния мен уездің қызметкерлерінің бақылауларынан мардымды ештеңе шықпады. Мұндай қазақ ауылдарында жүргізілген тәрбие жұмысының түпкі мәні келімсектерге де жер үлесін иеленуге жол ашу еді. Осындай әдістермен араздықты жоймаққа талпыныс жасалды. Алайда ұлтаралық араздықты шешуде мұндай тәсілдер қауқарсыз болып, нәтижесіз аяқталып жатты. Жалпы бұл бағыттағы маңызды деп есептелген жұмыстар өте сылбыр жүргізілді.

1927 жылы қараша айында өткен Бүкілқазақтық БК(б) П-ның VI партия конференциясына қатысқан БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы А.А.Андреев өз сөзінде өткен V партия конференциясының жер жөніндегі шешімін дұрыс емес деп сынады. Сондай-ақ, ол жерге орналастыруды ешқандай кезексіз, таптық негіздегі принципті ұстап жүргізуді талап етті. Ол орыстарды, да қазақтарды да жерге бір мезгілде орналастыру керектігін баса айтты. Бұлай ету арқылы қазақтар үлесінің есебінен орыс келімсектеріне “интернационализмді” желеу етіп, жер иеліктерін әперді. Тек ғана ұжымдастыру кезінде бес жүз мыңға жуық кулактар мен орта шаруалар батыс аймақтардан жер аударылып, көбі Қазақ жеріне орналастырылды. Сөйтіп, Орталықтың Қазақстанда “интернационализмді” желеу етіп жүргізген саясаты V партия конференциясының жерге орналастырудағы кезектілік принципі туралы шешімін жойып тынды. Ал мұндай сыңаржақ шешім шығару ұлттар мүддесіне мүлде қайшы келді. Қазан төңкерісі жеңістерінен туған ұлтаралық теңдікті кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің өзі осылай жоққа шығарды.

Бұдан былай Қазақстанды мекендеуші халықтарды жерге орналастыру ұлтына қарамай бір мезгілде жаппай жүргізілуі керек деп шешілді. 1928 жылы 19 қаңтарда БК(б)П Орталық Комитеті Қазақстанның VI партия конференциясының шешімін қуаттады. Сонымен бірге бұдан былай Орталық Комитет Қазақстанның партия және кеңес органдарына жерге орналастыруды жүргізгенде, ең алдымен, барлық ұлттардың кедейлері

мен орташаларының таптық мүдделерін ескере отырып жүргізуді және оларды бай-кулақтарға қарсы күреске топтастыруға міндеттеді. Осы шешіммен қаруланған Қазақстанның БК(б)П Өлкекомның бюросы 1928 жылғы 8 ақпандағы отырысында республика партия ұйымдарын БК(б)П Орталық Комитетінің шешімін дереу орындауды міндеттеді. Қазақстан Орталық Атқару Комитеті фракциясына, Кеңестік Халық комиссарлар советіне жер туралы шешімдерін тез арада қайта қарауды тапсырды. БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауы және VI Бүкілқазақтық партия конференциясының шешімдері бұл жолы да іс жүзіне асырылмады. Ал оның бұлай іс жүзіне асырылмауын жер бөлу органдарының қызметкерлерінен, ұлтшыл-ауытқушылардан көрді.

Орталық Комитетке жолдаған арыздарында Сұлтанбеков пен Нұрмақовтар өздерінің жерге қатысты бір-бірімен тығыз байланысты төрт мәселемен келіспейтіндерін хабарлады. Ол мәселелер: Қазақстанға қоныс аударушылар туралы; жерге орналастыру нормасын белгілеу; жерге орналастырудағы кезектілік; жер саясатындағы басшылық.¹⁰⁵ Бұл өзекті мәселелерді шешуді Орталық өз құзыретінен шығармады. Жергілікті ұлт өкілдері осындай республика үшін маңызды мәселелерді шешуден көпе-көрнеу шеттетілді. ҚазОАК-тің II сессиясы жүргізіліп жатқан жерге орналастыру ісі ешбір ұлтқа артықшылық жасамай-ақ, барлық халықты бір мезгілде кезексіз орналастыру барысы талапқа сай емес екендігін ескертті.¹⁰⁶

Осылай II сессияның бұл нұсқауынан кейін-ақ Қазақстандағы жерге орналастыру аталған бағытпен жүруі тиіс еді, бірақ олай болмай шықты. Бұл қаулы да іс жүзіне асырылмай, сол қағаз күйінде қала берді. Сессияның қаулысын, ең алдымен, Қазақстанның Жер ісі Халкомында істейтін шенеуніктердің өздері түрлі сылтау тауып, оны орындаудан бас тартты. Сондықтан кейбір тұстарда жерге орналастырудың сынға ұшыраған кезектілік жүйесі өмірде одан әрі жалғасын тауып жатты. Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Төралқасы 1928 жылы 29 наурызда арнайы шешім қабылдап, жер мәселесіндегі өзара

қатынастарды және ұлтаралық араздықты жоюды реттеу жағдайын жаңаша қойды. Онда:

1. ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетіне, Бүкілодақтық Атқару Комитеті Төралқасының 1926 жылғы 30 тамыздағы және 1927 жылғы 28 ақпандағы қаулыларына сәйкес Қазақстанға 1925 жылғы 14 қыркүйекке дейін көшіп келген және ауыл шаруашылығындағы келушілерді жергілікті халықпен бірдей жерге орналастыру ұсынылды.

2. ҚазАКСР-дегі жерге орналастыру ісі ұлтына қарамастан, бұрынғыдай кезекке қойылмастан, бірден-бір мезгілде жүргізілуі керек деп шешілді.

3. ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетіне жерге орналастаруда, ең алдымен, кедей және орташа шаруаларды ұлтына қарамай, жермен қамтамасыз ете отырып, оларды бай-қулактарға қарсы күреске топтастыру тапсырылды.¹⁰⁷

Осы уақытқа дейінгі Орталық Комитет пен Ресей Федерациясы үкіметінің жерге орналастыру жөніндегі атап көрсеткен қателіктері дер кезінде түзетілмеді. Сылбырлыққа жол берген Қазөлкеком сынға алынды. Орталық Комитет республиканың партия органдарынан кеңестер аппаратындағы жауапты қызметкерлердің құрамын дереу тексеруді, жат элементтерден тазарту жөніндегі тапсырманың орындалуын талап етті.

Алайда жергілікті халықтың өз елінде жерді пайдалану құқығын әр түрлі ойдан құрастырылған сылтаулар арқылы саналы түрде шектеу ұлт наразылығын тия алмады. Тексеру барысында жер ісі органында істеуші бұрынғы орыс мамандары Компартия мен Кеңестер өкіметінің саясатын мойындамады, олар ұлыдержавалық шовинизм рухындағы адамдар болды. Осының бәрі қазақ халқын жерге орналастыру жөніндегі жұмысты тежел бақты дегенге келтірілді. Жер ісі органдарының қызметкерлерін тексеру барысында 6 губерния мен округтен 116 адам немесе 19,5 пайызы орнынан алынды. Ал, Жер ісі халкомының аппаратында 28,5 пайызы жат элементтер ретінде қызметтерінен кетірілді.¹⁰⁸

Жерге орналастыру іс жүзінде мардымсыз болды. Жерге орналастырудың бірінші сатысында барлық ша-

руашылықтың 360000-ы немесе 33,1 пайызы жаппай жерге орналастырумен қамтылды. Бұл-Қазақстандағы жаппай жерге орналастыруға жататын жерлердің 10,8 пайызы. Жерге орналастырудың екінші сатысында оған 162000 шаруашылық тартылды немесе ол - барлық шаруашылықтың 14,5 пайызы, бұл дегеніңіз-Қазақстандағы жаппай жерге орналастыруға жататын жердің 3,3 пайызын құрайды.¹⁰⁹

Күн тәртібінен түспеген бұл мәселенің нәтижесі айтарлықтай көзге көрінбесе де, ҚАССР-ді мекендеуші барлық ұлттардың кедейлері мен орташаларының мүдделеріне сай шешілді деген тұжырым жасалды. Сөйтіп, жер ісі мәселесіндегі ұлтшылдық пиғылдар жойылды деп, большевиктер өздері ойлап тапқан «ұлтшылдықты» өздері жойған болды. Буржуазиялық ұлтшылдарға олардың жер ісін жүргізудегі бұрмалаушылықтары мен астыртын қастандықтары ашылмастан бұрын-ақ соққы берілді – деп айыптауы бұл істегі тарихи шындықты өз пайдаларына шешуге тырысқан билік басындағылардың зымияндық әрекеті болды. Ұлттық принципке сай кезек арқылы жүргізілмек болған талпыныс та жерге орналастыруда қазақ еңбекшілерінің жерге деген мұқтажын шеше алмайтын еді. Оның басты себебінің бірі-жерге орналастырудағы ұлттық ерекшеліктермен бірге, өзге халықтың мүддесіне немқұрайды қарап, билікті бір қолға жинақтаған Орталықтың, яғни КОКП-ның теріс саясаты еді. Екіншіден, Қазақстандағы жерге орналастыру мәселесіне жауапты қызметкерлердің көбі орыс ұлтынан болды. Жергілікті халықтың мұң-мұқтажын түсінгісі келмейтін олар жерді пайдаланудағы ұлттық ерекшеліктерді есепке алмады. Осы орайда қазақ шаруаларының мүдделерін жақтағандар түгелімен дерлік «ұлтшылдар» деп айыпталды.

Бұл кезеңде жерге орналастырудың соңын тоспай-ақ, байдың экономикалық негізін жойып, кедейлерге нақты көмек көрсету керек деп есептелді. Осы мақсатқа жету жолында өлкелік комитет пен Қазақстан үкіметі БК(б)П Орталық Комитетінің және Ресей үкіметінің нұсқауымен ауылдағы шаруашылықтардың жерін ондағы жан басына

шағып теңестіру үшін қайта бөлуді жүргізді. Қазақ тарихында ауылдық жерлерде алғаш өткізілген мұндай қайта бөлу бай мен ауқатты шаруалардың шабындық және егістік жерлерін тартып алып кедейлерге, батырақтарға, орташаларға үлестірумен аяқталды. Жер иеліктерін қайта бөлу арқылы Қазақстандағы партия, кеңес органдары байларға қарсы кедейлердің таптық күресін жандандырамыз деп жанталасты. Сөйтіп, кедейлерді байлардың ықпалынан шығарып алып, компартия мен пролетариаттың ықпалына бағындырамыз деуі шынайы жағдаймен санаспай, асығыс жасалған тұжырым болды. Бұл тұжырым өмір шындығынан алшақ жатты. Қайта бөлудің арқасында патриархалды-рулық сарқыншақтарды жойып, байлардың беделін түсіреміз деген жоспардың іске асуы қиынға соқты. Тұтас шаруашылық рөлін атқарған рулық қауымды бұзып, жерді қайта бөлу, оны пайдалануда бай мен кедейлерді теңестіреді деген үміт ақталмады. Өйткені кеңсе жағдайында қабылданған осынау әміршіл-әкімшіл үстірт шешім өмір шындығынан аулақ жатты және қазақ ауылының объективті, субъективті мүмкіндіктерін ескермеді.

Қазақ жерінде ірі байлардың мал-мүлкін, жер-суын кәмпескелеудің одақ көлеміндегі бай-кулақтарды тап ретінде жою саясатынан бұрынырақ басталуында да бір гәп болды. Оның мәні келімсектерге алдын-ала жол ашу еді. ***Кеңес өкіметі тұсындағы саясаттың басты мақсаты - әуелі келімсектерді қоныстандыру, сонан соң қазақтарды орыстандыру болған.*** Осы мақсатқа беріле қызмет етіп «кіші Қазан» бағытын жүргізу науқанына белсенді ат салысқан Бақытжан Қаратаев секілді ел азаматтары, ұлт мүддесін қара басының қамына айырбастап туған еліне опасыздық жасауға дейін барған. Ол: «Шелек ауданының Қорам тоғаны бойында 24 мың гектар жер, Оңтүстік Қазақстан уәлаятында 5 мың қожалық орналастыруға болатын 30 мың гектар жер, Шу өзені алқабында-Қордай ауданында 100 мың гектар, Қостанай, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан уәлаяттарында 200 мың қожалық сиятын 3 миллион гектар жер бар екенін көрсете келе, Қазақстан бойынша «91 миллион гектар бос жатқан жер бар»¹¹⁰ деп хаттап мәлімет берген. Міне

сол кездегі республика басшылығындағы азаматтардың көбі сұрқия саясаттың ығына жығылып, орыстардың қазақ жеріне баса-көктеп келіп орналасуына өздері осылай жол ашып отырған. Ал мұндай «интернационалист» басшылардың ағат қадамынан бүгін тұтас бір ұлт зардап шегіп отыр...

Төңкерістен кейінгі қазақтың «Жер туралы Декретінің» негізінде республикадағы барлық қоныстарымен қатар бүкіл жер иеліктері де халықтық меншікке айналды деп түсіндіріліп келуі де сол баяғы отарлау саясатының тікелей жалғасы еді. *Оған дәлел қазақтың игі жақсыларын кәмпескелеу мен тап ретінде жоюдың соңы олардың иелігіндегі жайылымдық, шабындық, егістік жерін келімсектер үшін аршу болып, ал жерсу реформалары «кетпейтін қонақтарымыздың» жер мен суды пайдалану құқығын мемлекеттік тұрғыдан заңдастыруға бағытталды. Осы «жер-бүкіл халықтық меншік» деген алдамшы қағида келімсектердің пайдасына, автохонның зиянына ғана сөйледі. Жер аманда жергілікті халықтың ұлттық меншігі екендігі ескерілмеді.*

Коммунистік партия қазақ халқын отырықшыландырмайынша Қазақстанның халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құрға болмайтынын түсінді. Бірақ көшпелі қазақтарды жерге орналастыру және отырықшыландыру коллективтендіру негізінде жүргізуі тиіс болды. 1929 жылы 6 қарашада Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы отырықшыландыруды ауыл шаруашылығын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлімі ретінде бесжылдық жоспарға кіргізді. Осы жылы 29 желтоқсанда республика Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан отырықшыландыруға ықпал жасайтын арнайы комитет құрылды. 1930 жылы 9 қаңтарда VII - шақырылған Қазақ Орталық Атқару Комитетінің II сессиясында «қазақ халқын отырықшыландырудың жолдары туралы» мәселе қаралды. Ол бойынша бесжылдықтың соңына дейін қазақтардың 808 мың шаруашылығы жерге орналастырылуы, ал 567 мыңы отырықшыландырылуы тиіс болды. Бірақ Голощекиннің қабылданған бұл шешімі асығыс ойластырылмай жасалған қадам болды. Онда «негізінен

мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі қазақтарды жерге тұрақтап қоныстануға қалай және қандай жолмен көндіруге болады» - деген басты сұраққа жауап болмады. Ұжымдастырудағы зорлық-зомбылық әрекеттері қазақтарды көшпелі күйден босқынға айналдырғаны, жаппай аштық қырғынға ұшыратты. Бұл қасіреттің болатынын Смағұл Сәдуақасұлы, Жалау Мыңбаев, Бөкейхановтар қаншалықты ескерткенімен Голощекин оларды тындамады.

Ірі қазақ байларын тәркілеу

Марксизм-ленинизм классиктері атанған Ленин мен Сталиннің өз заманының тарихи тұлғалары болғанын ешкім жоққа шығара алмас. Алайда олардың ойлап тауып, өмірге енгізген тапқа бөлу ілімінің Қазақстанға, оның жергілікті, байырғы тұрғындары-қазақтарға да сол кезде қажеті шамалы болған еді. ***Ал енді «бұл ілімге зәру» емес қазақ жеріне олар тіпті аяқ та баспаған болатын. Оның халқының ұлттық ерекшеліктеріне мән де бермеген және білуді мақсат та етпеген адамдар болған.*** Сөйте тұра сырттай долбарға сеніп, әр түрлі науқан жасау арқылы, халықты апатқа ұрындырды.

Езілуші таптың «ұлы көсемі-күн көсемі» атанған В.И.Лениннің басшылығымен Ресейде болған 1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісі, орыстар «бұратана» деп атаған қазақ халқының санасында жоқ, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тап деген ұғымды әкеп танды. Ал тап дегеніміздің өзі саяси бір мақсатқа жұмылған әлеуметтік күш деген мағынамен астасады. Қазақ жерінде мұндай әлеуметтік күш бұрын-соңды болған емес. Демек, ондай «ілім» әу баста-ақ қазақтарға мүлдем жат болған. Солай бола тұрса да, Лениннің осы ілімі Қазақстанға зорлықпен жоғарыдан енгізілді. Сөйтіп, жоқ жағдайдың өзі барға бағаланып, капиталистік қоғам-Ресейдегі жүргізілген таптар күресі қазақ жеріне ойланбастан көшірілді. Ол кездегі Ресейдің алпауыт капиталистері мен қазақтың ірі байларының арасындағы айырмашылықтар жер мен көктей екендігі тіпті ескерілмеді.

Қазан төңкерісіне дейін Ресейде әрқайсысында кем дегенде 16 жұмысшысы бар өнеркәсіп орындарының жалпы саны 1866 жылы 2,5-3 мың болса, 1903 жылы ол 9 мыңға дейін өскен.¹¹¹ Бұл өндіріс орындарының иелерін-капиталистерді қазақтың 20 жылдардағы байларымен салыстыру үлкен ағаттық болды. Қанаушы тап деп танылған бұл байлардың 6 миллионнан астам халқы бар Қазақстан бойынша саны бар-жоғы 696-ақ адам болған. Міне, саны мыңға да жетпейтін осы «байлардың» шаруашылықтарында жалшылықта жүргендердің әрқайсысының отбасымен есептегенде орта есеппен саны 10-15-тен аспады. Бұл жағдайда осы 696 «бай» Қазақстандағы тұтастай 6 миллион халықты қанады деген тұжырым қисынға ешбір сыймайтын. Осы «қанаушы таптар» туралы зерттеу жүргізген профессор Кушнер: «Мен қазақ ауылында «тап күресі мен әлеуметтік таптарды іздеп едім, бірақ оларды таппадым,»¹¹² өйткені «ауылда капиталистік қатынастар жоқ, яғни таптық жіктелу жоқ»¹¹³-деуі бұл мәселенің жасанды, саясаттан туған ұғым екендігін көрсетеді.

Ал осы кеңес дәуірінің 20-шы жылдары Қазақстанда қанша бай, қанша орташа немесе қанша кедей болды дегенге большевиктер көзімен қарасак, оны мына төмендегі кестеден байқауға болады.¹¹⁴

1-кесте

**Қолындағы мал басына шаққандағы
Қазақстандағы әлеуметтік таптар саны.**

	Мал саны бойынша (ірі қараға шаққанда)	Әр жылдардағы мал қожалықтарының саны пайыз есебімен			
		1924-25	1925-26	1926-27	1927-28
1.	5 малға дейінгілер	75,3	64,5	56,1	56,1
2.	5-тен 20 малға дейінгілер	23,5	31,9	37,8	37,0
3.	20-дан 50 малға дейінгілер	1,0	3,0	5,0	5,6
4.	50 малдан жоғарылар	0,2	0,6	1,1	1,3
		100	100	100	100

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, 1928 жылға қарай қазақ ауылындағы кедей мен батырақтар саны халықтың 60 пайызына жеткен. 50-ден астам малы бар ауқаттылар қазақтар арасында бір пайыздан сәл ғана жоғары. Бұдан сол кездегі барлық батырақ пен кедей атаулының байлардың қанауында болды деген тұжырымның ешқандай негізсіз екендігін аңғаруға болады.

Қазақ халқының ғасырлар бойғы дәстүрлі, көшпелі тіршілігінің, негізгі шаруашылығының тұтқасы болып келген байларды «қанаушы тап» деп тану, бұл мәселе төңірегінде қызу талас тудырды. Бұл бағыттағы соңы идеологияға айналған теориялық даудың күшеюіне 1923 жылғы III конференцияда сөйлеген Халық ағарту комиссары, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы С.Сәдуақасұлының байлар меншігін тәркілеуге байланысты айтқан пікірінің өзгеше мазмұнда болуы әсер етті. Онда ол: «Қазіргі кезеңде ел сілкіністерге емес, бейбіт еңбекке мұқтаж. Елді жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқармақ. Патша үкіметі тұсында мұндай дүрлігіс туғызу қызық болғанымен, қазіргі жағдайда бізге қазақ даласында ондай жасанды ушықтырулар туғызудың қызығы шамалы»¹¹⁵ - деп бұл саясаттың олқылығын атап көрсетті. «Ол байлар қаржысын пайдалана отырып, кедейлерге көмек қорын жасауды ұсынады. Сөйтіп, Смағұл ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды революциялық әдістермен өзгертуге қарсы болып, оның зияндылығын ашып көрсетті.

Ал С.Қожанов болса, ауылда орта ғасыр қалдықтары, феодалдық-патриархалдық ықпал әлі де күшті, текті феодалдар сан жағынан байлардан аз және оларды тікелей байлармен шатастыруға болмайды деп, ұлттық ерекшеліктерге де назар аударудың керектігін ескертеді.¹¹⁶ Сондай-ақ, жоғарыдағы пікірді жақтаған азаматтардың бірі ХКК-нің төрағасы Нығмет Нұрмақов болды. 1926 жылы қараша айында өткен Өлкелік партия комитетінің пленумында «Ауылда кеңестерді құру» деген тақырыпта жасаған баяндамасында: «Қазақ кедейінің жағдайы өте нашар, оның байға барып жалданудан басқа шарасы жоқ. Біз, Кеңес мемлекеті, бүгінге дейін кедейдің материалдық

жағдайын өзгертетін, сол арқылы ауылдағы байлардың ықпалынан құтылуға көмектесетін шараларды іске асыра алмай отырмыз. Біреулер ауылда жүргізілген бұл тығырықтан шығатын жол жоқ, егер болса, ол-біреу-ақ, яғни қазақ кедейін экономикалық тәуелділіктен құтқару үшін бай шаруашылығын экспроприациялау керек деп ойлайды. Менің пікірімше, Қазақстандағы Совет билігінің 9 жылдық өмірінен кейін қолымызда пролетарлық мемлекеттің барлық билігін ұстай отырып, біздің ауылдағы байға партия Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы күндері қолданған әдістерден басқа да әдістермен ықпал ете аларлық күшіміз бар».¹¹⁷

...Өлкелік комитеттің II пленумы байға салық саясаты арқылы ықпал етуді ұсынды. Биылғы жылы біз бұл әдісті қолданып байқамақпыз. Кедей қожалықтарының шамамен 30-дан 40-қа дейін, ал, қайсыбір аудандарда 60 пайызға дейінгі мөлшері салықтан босатылады, сөйтіп, ауыл шаруашылық салығының бар салмағы ауылдың ауқатты бөлігіне түседі. Менің пікірімше, біз алда да байларға салық салу жүйесін күшейту, оның есесіне кедейлерді мүмкіндігінше одан босату, орташалардың төлейтін үлесін жеңілдете түсу бағытын ұстануға міндеттіміз. Бұдан басқа, жергілікті бюджеттерде қазақ кедейлеріне көмек беретін мәдени-шаруашылық қорларын ұйымдастыру үшін ірі бай шаруашылықтарына ерекше салық салу көзделуде. Салық саясаты арқылы ықпал етуден басқа да біздің мүмкіншіліктеріміз жеткілікті.»¹¹⁸ - деп, оның жолын да көрсетті.

Ал, осындай замана ағымын ерте сезген азаматтар тек жоғарғы қызметтегілер ғана емес, жергілікті жерлерде де болды. Байларды тәркілеудің зиян екенін алдын ала болжап, қазақтың малдан басқа тіршілік көзінің жоқ екенін жоғары орындарға хабардар етіп, тәркілеуге өздерінің қарсылығын білдіріп бақты. Солардың бірі-Адай уезі «Қосшы» комитетінің төрағасы Сейітқазыұлы болды. Ол өлкелік «Қосшы» комитетіне 1926 жылдың 10-қазанында (яғни байларды тәркілеуден бір жыл 10 ай бұрын) «Қазақ елінің шаруашылығы тек малмен есептеледі. Фабрик, завод т.б. үлкен өнеркәсібі жоқ. Олай болғанда бай

мен ірі байдың айырмасын қалай ажыратамыз?-деген мазмұндағы хат жазады.¹¹⁹ Ал мұндай ел ішінен барған хаттар мүлдем назарға алынбады. Ондай пікірлердің барлығы кеңес өкіметінің саясатына қарсы деп есептеліп, «ұлтшылдық» әрекет ретінде танылды.

Жоғарыда айтылған пікірлердің түйіні қалайда алдағы жасалғалы отырған қасіретке апарар революциялық әдістерден бүгін, яғни дер кезінде, бас тартып, бұл мәселені бейбіт жағдайда шешудің әрекеті еді. Бөтеннің тіліне еріп, өз халқын қасірет жолына итермелеген пиғылды жақтаған азаматтардың бірі Ораз Жандосов болды. Ол осы пленумда ұлт ішіндегі таптық міндеттерді шешуге ең басты назар аударылу қажеттігіне арнайы тоқталып, қазақ ауылында байлармен күресті тек бейбіт экономикалық әдістер арқылы ғана емес, сонымен бірге саяси күш қолдану әдістері арқылы да жүргізуді ұсынды. Оның түсінігі бойынша, бұл шара қазақ қоғамын байлардың зорлығынан ғана емес, сондай-ақ, феодалдық, рулық қатынастардың сарқыншағынан да құтқару үшін керек болатынын атап өтті. О.Жандосовтың бұл бағытын О.Исаев, А.Мусин сияқты қайраткерлер қолдап, қолпаштады. Мәселен, Мусин: «Қазақстан үстімен Октябрь қан төгусіз жүріп өтуі керек», - деп Голощекиннің пікірін қайталады.¹²⁰ Ал, осындай адасушылыққа қарсы Смағұл: «Қазақ ауылы әлі соққы, Октябрьдің қысымын, көрген жоқ, сол бұрынғы күйінде. Қазақ ауылы 17 жылы орыс қалалары көрген тонаушылық пен шапқыншылықты көрген емес. Сондықтан да қазақ өлкесі үстінен кішкене Октябрьмен жүріп өту керек. Байларға кім екенімізді танытайық», - деген пікір бар. Ал мен болсам міне осындай пікірге қарсымын! Меніңше, қазақ ауылы үстімен дауылдатып өтпей-ақ, тап күресін басқаша жүргізуге болады. Егер коммунистік партия билікті алғанша мемлекетті қиратуға ұмтылса, енді билікті алған соң, оны қалпына келтіруге ұмтылғаны жөн. Қазақ шаруашылығын күйретіп, біз өз саясатымызды жүргізе алмаймыз» - дей келіп өз ойын былай жалғастырады: «Елдің байлығын арттыру, шаруашылығын көтеру-біздің негізгі міндетіміз. Еңбекшілердің мүддесі де осы мақсаттардың орында-

луына тәуелді болып отыр. Ал, бұл бағыттағы жұмыстар барысында мемлекет қаржысы жетпейтіні белгілі, міне, осы тұста байлар қаржысын неге пайдаланбасқа? Байлардың қаржысы арқылы неге кедейлерге көмек қорын жасамасқа? Ал осы шараларды дау-жанжалсыз, қиратусыз, салық салу арқылы істеуге болады ғой»¹²¹- деген бұл ұсыныстары, «ұлтшылдық» ретінде айыпталды.

Осындай «оңшыл» деп ат қойып, айдар тағылған қайраткердің бірі егіншілік Халкомы Ә.Әлібеков болды. Ол да бұл мәселе төңірегінде өкіметтің ауылдағы әлеуметтік және экономикалық саясатын талдай келе: «Біз кедейлерге кредит, ауыл шаруашылық өндіріс құралдарын беруде және мектеп құрылысын салуға көмек беруде шарасыздық танытып отырмыз, ал мұндай жағдайда кедейдің байларсыз да өз бетінше өмір сүре алатындығына көзі жетпей отыр... Жандосов ауылда кедей байды соншалық жек көреді дейді, ол бекер, егер солай болса бізге жергілікті жерлерде партия және кеңес ұйымдарын құру мұндай қиындыққа түспес еді»¹²² - деп, біріншіден, еңбекші бұқараға өз дәрежесінде қажет көмектің берілмей отырғандығына, екіншіден, ауылдағы таптық қайшылықты асыра бағаламау қажеттігіне назар аударды.

Міне, қазақ халқының тағдыры шешілетін осы тұста Смағұл және оның жақтастары қазақ халқына төнген бұл әлеуметтік апатты дер кезінде сезіп, оны болдырмауға әрекеттеніп бақты. Олар ірі байларға қолданылмақшы зорлық әдістеріне қарсы болып, жағдайды салық саясатымен реттеуді ұсынды. Алайда билікті бір өзі иемденген Өлкекомның хатшысы Ф.Голощекин партияның жалпықазақтық VI конференциясында “жартылай феодалдарды түп-тамырымен құрту, байға күшті қысым жасау негізінде ауылды орташаландыру және қазақ батырағы мен кедейіне, орташасына ерекше көмек беру” мәселесін партия мүшелерінің алдына негізгі міндет етіп қойды.¹²³

Сөйтіп, Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі 11 жыл уақыт бойы қанаусыз, тапсыз қоғам-социалистік құрылыста өмір сүріп келсе де, қазақ жерінде Кеңестер өкіметі жа-

надан «тап жауларын» қолдан жасап, оларды жоюды басты мақсат етіп қойды. Кеңес өкіметінің тап жаулары-қазақ байлары мен ауқатты шаруалары еді. Сөйтіп қызыл өкімет байларды жоюға бағытталған «кіші Қазан» төңкерісін жасау қағидасын іс жүзіне асыруға қызу кірісті. Тап жауы деп ат қойып, айдар таққан байлар қазақ халқының сүт бетіндегі қаймағындай болған, ауқатты, білімді, саналы тобы, бетке ұстар бөлігі болатын. Қазіргі саясаттану тілімен айтар болсақ сол халықтың бетке ұстар «элитасы» еді.

Ал большевиктер жүргізілген науқанның - «кеңестендіру саясатының» ойдағыдай болмауының себебін қазақтың осы бөлігінен, яғни «ауқаттылардан» көрді. Сөйтіп, олар қазақ зиялыларын Кеңес өкіметіне қарсы деген сыңаржақ пікірден таймады. Мұндай кінәлау, айыптау мүлде негізсіз еді, өйткені қазақтардың басым бөлігі, оның ішінде осы аталып отырған ауқаттылар, Кеңес өкіметін, оның саясатын көп жағдайда түсінбесе де қабылдады. Түсінбеушіліктің басты себебінің бірі-ең әуелде кеңес саясатының бұл халыққа аспаннан жай түскендей әбігерге түсіріп, бірден зорлықпен енгізілуі, оларды үркітіп, шошындыруы. Кеңес өкіметінің арам пиғылы мен оны жүргізген дөрекі саясаты бейқам өмір сүріп жатқан момын халықты әуелден өзіне қарсы қойып алды. Кеңес өкіметі өздері уағыздаған адамды адам қанамайтын қоғам құру қағидаларын өздері бұзып, оны көпе-көрнеу жоққа шығарды. Сөйтіп, тап күресі қағидасына әбден берілген кеңес мемлекеті шаруалардың жеке меншік шаруашылығын, байлар мен жартылай байларды жоюға 20-жылдың екінші жартысынан бастап кірісіп кетті. Оларды құртудың неше түрлі құйтырқы жолдары, әдістері таңдап алынды. Ол әдістің негізгісі олардың өмір тіршілігінің көзіне айналған малдарын тәркілеу еді.

Ірі байлардың малдарын, үй-жабдықтарын, заттарын тәркілеу қазақ ауылындағы жартылай феодалдық-рулық құрылысты жоюға арналған шара деп белгіленді. Осы шара 696 ірі бай шаруашылығының әл - сәтте тып-типылын шығарды. Бұл науқан төмендегі қаулы негізінде

жүргізілді. Осы Қазақстанның Орталық Кеңес комитеті мен Халық комиссарлар кеңесі Қаулысының «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы қыркүйек айының 5 күнгі санына шыққан бірінші нұсқасында: «Қазақстан Республикасы мәдениет, шаруашылық жағынан артта қалған ұлттардан құралған. Өкімет бұл уақытқа шейін бірсыпыра істер істесе де, қазақ елінің төңкерістен бұрынғы күйі әлі ойдағыдай өзгеріп кеткен жоқ. Оны Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағаннан бергі істелген жұмыс тәжірибесі көрсетіп отыр: осы күнге дейін ірі байлар, ақсүйек шонжарлар кеңес өкіметінің негізгі жұмысына кедергі болып келді, өкіметке қарсы үгіт таратты, ұлттардың арасын шиеленістірді. Ел арасында рушылдықты күшейтті, екінші жағынан, кедейлердің өзіне күні түсіп отырғанын пайдаланып, Қазақстан Республикасының шаруашылық, мәдениет жағынан ілгері басуына бөгет болып келді»,¹²⁴ деп жүргізілуге тиіс шараларды жан-жақты тізбектей көрсеткен.

Большевиктердің “Қазан” төңкерісінен бергі 11 жыл бойы қолдан жасалған негізсіз қағидаға сүйенген социализмнің іргетасын қазақ жерінде ойдағыдай құра алмай эуреге түсіп, тығырыққа тірелуі заңды құбылыс болды. Өйткені қоғам дамуының ерекшеліктерін ескермеген большевиктер халық мүддесіне қарсы шықты, заңсыздық пен қиянатқа жол беріп қазақтардың тіршілігіне зардабын тигізіп, орны толмайтын қасіретке ұшыратты. Өздерінің саясатын іс жүзіне асыру жолындағы кедергіні, оның әу баста қате екенін мойындамай, байлар мен көзі ашық оқыған қазақтардан көрді. Сөйтті де, осы жалған саясат тудырған тығырықтан халықтың оқыған, көзі ашық, ауқатты бөлігін аластау арқылы шықпақ болды. Бұл шешім төмендегі қаулыны өмірге әкелді. Кедей мен орташаларды ірі байларға, ақсүйек шонжарларға кіріптар етпей, олардың ықпалынан, қанауынан құтқарып, еңбекшілердің мәдениетін, шаруашылығын көтеріп, ілгері басуына жағдай туғызу үшін Қазақстан Орталық Кеңес комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі төмендегі қаулыны қабылдаған. Сол қаулының кейбір тармақтарының мазмұны төмендегідей:

1. Үлкен байлығының арқасында бұрынғы ата жуандығына, бектігіне, мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері басуына кеселін тигізіп келген Қазақстандағы ірі байлар жер аударылсын.

Бұл айтылғандарға Адай округі, Қарақалпақ облысы, Сырдарияның мақта егетін аудандары кірмейді.

Ескерту: 1. Осы ыстатиада айтылған жер аударылуға тиісті ірі байға қосылатындар: көшпелі аудандарда барлық мал санын ірі қарамен есептегенде 400-ден жоғары қарасы бар байлар, отырықшы аудандарда ретіне қарай 150-ден жоғары қарасы бар байлар. Отырықшы аудандарда ретіне қарай жоғарғы көрсетілген норманы кейбір байға 100 қараға шейін кемітуге Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің қақы бар.

Ескерту: 2. Кейбір малы бар адамдардың малы мына жоғарғы ескертуде айтылғаннан кем бола тұрып, өз қылығы, қылмысы жағынан бірінші ыстатиадағы жер аударылуға тиісті адамдардың қатарына кіретін болса, ондайларды Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің ерекше қаулысымен жер аударуға болады.

а) Осы қаулының бірінші ыстатиясына ілігіп жер аударылуға тиісті болған адамдар, олардың үй іші бұрынғы шаруашылық құрып тұрған жерінде енді тұра алмайды, ол құқықтан мүлде айрылады.

б) Осы қаулының бірінші ыстатиясына ілігіп жер аударылатын адамдардың, олардың үй ішіндегі жанның қандайы да болса, қай жерде болса да, шаруашылыққа қатысты барлық мал-мүлкі кәмпескеленеді (алынады). Кәмпескеленгенде еңбек етіп, кәсіп істеуге жетерлік қана мал, құрал-сайманы қалдырылады. Шаруашылыққа байланысы жоқ үй ішілік мүліктері (киім-кешек, көйлек-көншек, орындық, үстел қазан-ошақ сияқты нәрселер) және азық-түлік кәмпескеленбейді.

Осы ыстатияның 5 тармағында кеңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақсүйек сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірі қолынан шығармай патшадан айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының бірінші ыстатиясына тура келмесе де малы кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қонысынан қуылады.

9. Орталық кәмесиіе құрылғанда оған төраға болып Қазақстан Орталық Кеңес комитетінің ағасы, иә президумының бір мүшесі белгіленеді. Кәмесиіеге мүше болып кіретіндер-Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің төрағасы иа оның орынбасары, жер-су комиссариатынан біреу, мемлекеттік саясат мекемесінен біреу (саясат мекемесінің бастығы иа оның орынбасары), қосшыдан біреу, орман-тоғай қызметкерлері одағынан біреу.

10. Өкіріктік кәмесиіеге өкіріктік кеңес комитетінің ағасы иа оның орынбасары аға болып белгіленеді. Мүшелері өкіріктік жер-су бөлімінің меңгерушісі, саясат мекемесінің бастығы, қосшы мен орман-тоғай қызметкерлері одағынан бір-бірден өкіл енеді.

Ескерту: Орталық және өкіріктік комиссияларға кеңес беру дауысымен прокурор қатыса алады.

11. Осы қаулының 16 ғ-истатиаларында көрсетілген адамдардың малын алу, жер аудару, бұрынғы орын тепкен жерінен көшіру, алынған малдарын бөліп беру жұмыстары өкіріктік кеңес комитеттеріне тапсырылады”-деген әр тармағынан сұс көрінген нұсқаулардан құралған.

Байларды тәркілеп елді тоздырған, біле тұра ашаршылыққа ұшыратқан, әміршіл-әкімшіл жүйенің солақай саясатынан туған бұл Қаулы 1928 жылы 24 қаңтарда Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жасырын өткізген кеңесте қабылданған еді.

Жоғарыда аталған қаулы бойынша жер аударылатын байлардың малын кәмпескелеп, ол малды кедейлерге таратқанда, Қазақстан комиссарлар кеңесінің осы ұйғарған жолымен іс қылсын-деп төмендегі беріліп отырлған балама құжатты да жасаған. Ол бойынша:

1) екі жасқа толған жылқы, сиыр, өгіз, түйенің әрқайсысы бір ірі қара болып есептелді.

2) ұсақ малды ірі қараға есептегенде, мынадай сан қолданылсын деп жазылған. Онда:

Құлынның 3-еуі бір ірі қара болады,

Тайдың 2-еуі бір ірі қара.

Құнанның 1,5-і бір ірі қара.

Құнажын сиыр мен құнан өгіздің 1,5-і бір ірі қара болады.

Тайыншаның 3-еуі бір ірі қара болады.
Бұзаудың 5-еуі бір ірі қара,
Қойдың 5-еуі бір ірі қара,
Ешкінің 6-ауы бір ірі қара,
(түбіт жүнді) меринос қойдың 3-уі бір ірі қара, бота-
ның 3-еуі бір ірі қара, тайлақтың 2-еуі бір ірі қараға
баланған.

Ескерту: қойдың биыл туған тоқтысы ірі қоймен бірдей бо-
лып есептелген.

3) байдан алынған малды тиісті жолмен үлестіргенде
(құлын, бота, бұзау сықылды) сүт еміп жүрген түлік ене-
сінен айрылмайтын болсын.

Қазақстанның комиссарлар кеңесінің ағасы: Нұрмақ-
ұлы Нығмет.

хатшысы: Петрова деп қол қойылған.¹²⁵

Осы қаулы сол кезде қазақ байларын тәркілеу де-
ген сылтаумен жүргізіліп, халыққа қарсы айуандықтың,
қорлаудың не бір жан түршігерлік түрлеріне жол берді.
Соның бірі-«тәркіленушілерді» туып-өскен жерінен
аластау.

«Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Комис-
сарлар Кеңесінің 1928-жылғы 27 тамызда шығарған
Қаулысындағы жер аударылатын адамдардың баратын
жерлері алдын ала белгіленіп оны Республика көле-
мінде мынадай тәртіппен жүзеге асырған. Ақмолалықтар
Үйшікке (Гурип-Гурьев), үйшіктіктер Қызылжарға
(Петропауыл-Петропавл), қызылжарлықтар мен кере-
куліктер (Пауладар-Павлодар) Ақтөбеге, ақтөбеліктер
Қарқаралыға, қарқаралылықтар Қостанайға, қостанай-
лықтар Семейге, семейліктер Сырдария өкірігіне, сырда-
риялықтар мен жетісулықтар Оралға (Текеге), оралдық-
тар Жетісуға, қызылордалықтар Адай өкірігіне жер
аударылған. Ал Қазақстан бойынша тәркіленіп жер ау-
дарылғандар саны төмендегі кестеде көрсетілген.¹²⁶ Осы
науқанның салдарынан жүз мыңдаған бауырларымыз ата
жұртын тастап, шетелдерге кетуге мәжбүр болған.

Қазақстанда 1928 жылғы байларды тәркілеу мен жер аудару

Тәркіленген және жер аударылған шаруашылықтар саны									
	Округтердің атаулары	Тәркіленіп, жер аударуға ұсынылғандар	Тәркіге ұлырағандар	Аудандар бойынша тәркіленгендер			Оның ішінде декреттің баптары бойынша		Округтен басқа жаққа жер аударылқандар
				Отырықшы	Жартылай көшпелі	Көшпелі	Ірі байлар	Жартылай феодалдар	
1.	Гурьев	40	24		24		17	7	18
2.	Орал	66	71	11	60		56	15	71
3.	Ақтөбе	60	61	20	41		51	10	61
4.	Қостанай	65	65	19	46		55	10	61
5.	Петропавл	24	34	3	31		25	9	34
6.	Ақмола	45	46	28	18		37	9	43
7.	Павлодар	45	33	13	20		26	7	33
8.	Семей	88	64	13	51		44	20	60
9.	Қарқаралы	58	56		56		48	8	56
10.	Алматы	80	82		76	6	71	11	82
11.	Сырдария	89	106	20	52	34	88	18	97
12.	Қызылорда	40	54		33	21	42	11	53
Барлығы		700	696	127	508	61	560	135	669
% есебімен		100	99,4	18,2	73	8,8	80,6	19,4	96,1

Осылай кәмпескеге аса үлкен мән беріліп, бастапқы қаулы жариялана сала, күні ертесінде-ақ ол қосымша түзетіліп, толықтырыла түсті. Қазақстан Орталық комитеті мен Комиссарлар кеңесі науқан «өз міндетін толық атқарып», соңы қызыл қырғынға (қуғын-сүргінге) ұласқанша, яғни 1928 жылдан шамамен 1936 жылға дейін (нөмірі 86-1 актінің 4 беті) әуелгі қаулыға үздіксіз түзету енгізіп, қосымша тараулар мен тармақтар қосып,

олардың үстіне бұрынғы ұйғарымдарды мейілінше қуаттандыра түсетін нақты-нақты нұсқаулар шығарып, нұсқауларға үстеме құйтырқы жобалар жасап, жобаларды нықтап, қосалқы қаулы, оған үстеме қаулы, ал, сол үстеме қаулыларға да оңды-солды түзетпелер жасап, құрыққа сырық жалғап дегендей, қайысқан қалың қазақтың қарасы жартылай кемігенше жанталасуы да тегін болмаған. Тәркіге тартылғандарды екі категорияға (бірінші топ және екінші топ) жіктеу арқылы мал-мүлкі кәмпескелеуге ілікпейтін тектілер мен игі жақсыларды саяси айыптыға айналдырудың, әкімшілік бөліністерді көшпелі, жартылай отырықшы, отырықшы аудандарға бөлшектеудің де өзіндік мәні болған. Осылай бұрынғы әлеуметтік артықшылықтары бар ақсүйектерді, текті тұқымнан шыққан азаматтарды ата қонысынан, мекенінен жер аудару қажет деп табылды. Оған:

а) сұлтандар, хан тұқымдары, оның ұрпақтары;

б) патшадан ерекше сыйлық алған болыстар;

в) дін басылары, хазіреттер, ишандар, қазылар және олардың отбасылары жатқызылды.

Өзгелердің еңбегін пайдаланып, өздеріне тәуелді етушілердің барлығының қол астындағы мүліктерін, малдарын түгелдей тәркілеу ұсынылды.

Мал басын ірі қараға шағу тәсілін қолдану арқылы жаппай қырғынға ұшырату науқанын Голощекин тәрізді «мемлекет қайраткерлері» шебер пайдаланып, жойқын саясат ұстаған.¹²⁷

Осы саясат тоталитарлық тәртіпке негізделген Кеңестер өкіметінің халық билігі дегенді желеу етіп, мемлекеттік биліктің демократиялық тетіктерін бұрмалап, оларды диктатурамен алмастыруынан туындады. Билік басындағылар елді басқаруда әміршіл-әкімшіл жүйенің қорқытып-үркіту, қуғын-сүргінге салу секілді барлық мүмкіншіліктерін қолданып, қатаң бақылау орнатты. Тоталитарлық тәртіптің негізгі белгілері сол жылдары Қазақстан жерінде айқын көрініс тауып, халық өміріне орны толмас нәубет әкелді.

Аты Кеңестер, мазмұны социалистік деп аталған адамды адам қанамайтын қоғам деп әлемге жар салған

КСРО өз халқын өздері осылай қырғынға ұшыратты. Бұл науқанға жалпыхалықтық сипат беру мақсатымен оны жүргізуге жер-жердегі қазақтардың кедей-батырақтары жаппай тартылды. Қаулы-қарарларда көрсетілгендей, ауылдарда олардан «Жәрдемком» қолғабыс комиссиялары құрылды. 1928 жылғы тамыздың 27-ндегі қаулының «Ескерту» деп аталатын қосымшасының 9-тармағында мал-мүлік кәмпескеленген ауылдарда қолғабыс комиссиясы құрылады, оның мүшесінің саны 15-тен 25-ке дейін болады, олар сол ауылдағы кедей мен малайлардың жалпы жиналысында сайланады делінген. Алайда бұл комиссиялар қаулыда көрсетілгендей, сайланбай-ақ, «ауыл кедейлері мен батырақ, малайлардан», көбінесе олардың келісімінсіз күштеу барысында жасақталды. Комиссия мүшелері алынған-кәмпескеленген мал мен мүліктің есебін алып, сол малды аман сақтауға қолғабыс жасады, алынған мал-мүліктің дұрыс үлестірілуіне де бас-көз болып, ірі байлардың қарсылығын басуға көмек көрсетті. Ауылдың жалпы бұқарасына кәмпеске мәнісін түсіндіріп, олардың іске асуына жәрдемдесетін болды. Мысалы, Үйшік округінде әрбір ауданда құрамы 6 адамнан тұратын аудандық кәмпеске кәмесиесі құрылды. Теңіз ауданындағы №17 ауылға - 22, Қызылқоғадағы №34 ауылға 27, Доссордағы №14 ауылға 17, Есболдағы №27 ауылға-8, Қамысқаладағы №14 ауылға -13, округ бойынша барлығы- 98 өкіл бөлінген. Оның 71-і БК(б)П, алтауы комсомол мүшесі болған. Осындай кәмесиелерге осы округтың 6 ауданындағы 120 ауылда құрылған 48 қолғабыс кәмесиесін жатқызуға болады. Ал олардың құрамында 677 белсенді жұмыс істеген.¹²⁸ Жәрдемкомға енген белсенділер байлардың тыққан малын анықтау, кәмпескеленген малды ауданға айдап әкелу әрі оны ұрықарыдан қорғау, байлардың өз ағайындарына үлестіріп жіберген малдарын жинақтау тәрізді істермен шұғылданған. Осы науқанда төрт округқа-Гурьев, Орал, Қостанай, Семейге барлығы 992 уәкіл жіберілген. Онда 266 қолғабыс кәмесиесі құрылып, 4421 адам мүшелікке тартылған.¹²⁹ Ал, толық емес мәлімет бойынша, 10 округ бойынша 6898 ауылдық жиналыс өткізіліп, оған жарты

миллионнан астам адам тартылған болса, 8260 батырақ пен кедейлер қатынасқан 120 конференция өткізілген. Ол жиналыстарға Семей губениясында 47 пайыз, ал, Оралда-50 пайыз адам қатынасқан.¹³⁰ Осы жылдары халық атынан ұйымдастырылған мұндай көпшілік қатыстырылған саяси шаралар кеңес өкіметінің негізгі «мақсатына» жету жолындағы құйтырқы әдістерінің бірі болғанын көрсетеді.

Жалпы, бұл жүргізілген саяси-идеологиялық шаралар қазақтардың болмысын өзгертуде басты рөл атқарды. Өзге округтар секілді Қызылжар тәркіленушілерінің құжаттары күні бұрын дайындалып, ауылдағы кедей батырақтардың жиылысы әлдеқашан заңдастырылып қойылған «сценарийлер» бойынша жүргізілді. Көбіне «сценарийлердегі» айыптау құжаттары толық қуатталып отырылған немесе айыбына «айып» қосыла түскен. Осы әркімнің көрсетуімен алдын-ала жасалған мал басының санының жалған жоспарын орындамау сол кезде Кеңес өкіметіне қарсы шығу деп бағаланды. Осындай атқа ілігуден зәрелері ұшқан кәмпеске жүргізушілер бас амандығы үшін оларды қылмыстық әрекеттерге баруға итермелеген.

Бай деп тәркіленгендердің ішінде бұл санатқа жатпайтын тек оның туыстары, руластары болғаны үшін «кінәлі» болған немесе сауатты болғаны, дін тұтқандары үшін «жазықты» адамдар саяси қауіптіге бағаланып қоса кеткен. Өйткені осы науқанға арналып жасалған орталық кәмпеске кәмесиесінің жоспарын қалайда орындау қажет болды. Тіпті, ол жоспарда қай округтен қанша бас мал «тәркіленуі» тиіс екендігі де алдын-ала жазылып қойылатын болған. Мысалы, Ақмола округінде 46 шаруашылық кәмпескеленіп, ірі қараға шаққанда 12142 бас мал алыну көзделген көрінеді.¹³¹ Әуелде жекелеген отбасы иелеріне еншісі бөлек балалары мен немере туыстарын қосып, «бір түтін» ретінде есептеп, кәмпескелеп дәндеген шолақ белсенділер қыза-қыза келе бір адамның еншісіне түгелімен тұтас бір әулетті, кірме кедей-кепшігімен қосақтап тіркей салудан да тартынбаған.

Мұндай жағдай сол жылдары тәркіленушілердің үш-

тен бірінің басына түскен іс болды. Ақмола округінің Азат аудандық бюросының кәмпескеленетін байлар тізімін бекітуге жіберген ұсыныс-қаулысында тәркіленушілердің бәріне ортақ «атасынан байлығы арылмаған шынжыр балақ шұбар төстер» деген жалпылама айып таққан. Бұлай айыптау Орталық кәмесиіе мүшелерінің негізгі қағидасына айналғандығына мынадай дәлел келтіруге болады.

Бүкіл өмірін Ақмола ауданының төртінші ауылында мал бағып өткізген Құсайын Шүлембайұлының «отбасында 11 жан 75 бас қана малы барын, оның өзі де қолына жаңа үкімет тұсында біткендігін, ескі заманда ешқашан болыстық қызметке сайланбағандығын айтып»- жазған арызы, оны 454 (төрт жүз елу төрт) ауылдасы растап берген ақтау-тілхаты болса да, ол мүлде назарға алынбаған. Кәмпеске тізіміне нахақтан ілінгені, оның ішінде 2-топ бойынша айыпталуы, белсенділер тарапынан жасалған асыра сілтеушілік салдары екені төртінші ауыл партия ұясының кезектен тыс мәжілісінің хаттамасында айтылған. Онда Жамбылұлы деген белсенді: «Тізімге берген малы жетпегендіктен, Барлыбай Хасенұлын, Жүніс Шүленбайұлын, Құсайын Шүленбайұлын қостық», -деп көрсетсе, екінші біреуі М.Мұхаметрахымұлы, С.Сыпатайұлы дегендерді «... Салықты аз төлеу мақсатымен малды бөлген себепті» деп айыптағандарын айтады. Жоғарыдағы Шүленбайұлы Құсайынның кәмпескеден босатыңыздар деген шағымына Орталық кәмпеске кәмесиесі 1928 жылы желтоқсанның 15-і күні: «Өтініші қабылданбасын» деген «қысқа да нұсқа» шешім шығарған.¹³²

Ал, Мұхаметғали Нұрпейісұлы Қызылжар аймағынан ірі бай ретінде бірінші топқа іліккен 28 кісінің қатарына енгізілгенімен, нақты кәмпескеленген кезде кәмпеске мөлшеріне жетерлік малы болмағандықтан, ауылдық кәмпеске кәмесиесі оны әкесі Нұрпейіспен біріктіруге, ал аудан оған қоса інісінің-Таласбай Нұрпейісұлының мал-мүлкін ағасыныкімен қосуға қаулы алған. Нұрпейіс ақсақал Республика прокурорына бірнеше дүркін шағымданған. Ол: «Төрімнен көрім жуық уақытқа келдім... Көз

жасыммен сұраймын... туған жерімнен топырақ бұйыртуыңызды сұраймын»-деп де өтінгеніне қарамастан Алтыбаев Нұрпейіс баласы Мұхаметғалидан 1919-жылдан еншісі бөлек екендігін дәлелдеу мақсатымен шағымданған. Бұны Қазатком төрағасының орынбасары Ә.Жангелдин қайта қарауға нұсқау береді. Бірақ жергілікті жердегі кәмпеске кәмесиесінің мүшелері Залогин мен Валиниэк жолдастар: «Жер аударумен сабақтас хаттау актісін толтырған кезде Нұрпейісов Мұхаметғали, Таласбай және Нұрпейіс дүние-мүліктерінің заңды түрде бөлектігіне құжат көрсете алмады. Ауатком бұлардың шаруашылығы бірге екендігін қуаттап отыр. Сондықтан отырықшы ауданның ірі байы ретінде бірінші топпен жер аудардық, малының жыл басындағы саны 101 деген дәлел айтып, міз бақпаған. Сонымен тізімге енген бір кісінің мал санын жүзге жуықтату үшін 6 адамның орнына 11 жан басын біріктіріп, бір отбасының орнына 3 шаңырақты тәркіге салған.¹³³

Қызылжар аймағынан кәмпескеге іліккен Арбабайұлы Әбдірде де 4 шаңырақ, бір отау, бес түндік, отбасында 15 жан бар болып шықты. Жан саны он бес адамдық әкелі-балалыларды біріктіріп, тәркіге салғанда, науқаншылар бар болғаны 112 бас мал өндірген. Жан басына шаққанда оларда 6-7 малдан ғана бар екен. Сөйтіп, қызылжарлық белсенділер Нұрпейісұлы Мұхаметғалиға 11 жан, Алтыйұлы Сәдуақасқа 13 жан, Арбабайұлына 15 жан тіркеп жіберген.¹³⁴

Қызылжар аймағындағы Октябрь ауданының 1-ауылының (жартылай отырықшы) тұрғыны Шолтықұлы Нұрәліге қатысты кәмесие ұйғарымы мүлде қисынсыз жасалған. Кәмпескеге тартылған үш бөлек отбасы өкілдерін қай атадан барып қосылса, сол атаның атын фамилия етіп, біріктіріп, жетінші атада қыз алысатын қазақты, бесінші атада немене ағайынымен бір шаңыраққа тіркеген. Шөбере, шөпшек, немене боп қосылатын Жанайдар, Жанғазы және Нұрәліні ұлы бабалары Мүжікке апарып теліп, бір шаңырақтың астына қосып, жер аударған.¹³⁵ Оның үстіне, кәмпескеге тартылғандардың бәрі шетінен ірі бай немесе тектінің тұқымы болмаған. Мал-мүлкі кәмпескеленіп,

өздері жер аударылуға тиісті болған жамағаттың ішінде тышқақ лағы жоқ тақыр кедей де, ағайынымен ауыз жаласа алмаған «шетке шығар» да, жуанның сойылын соққан ұры-қары, барымташы да, ауыл белсенділеріне ұнамай қалған жарлы-жақыбай да, елге қадірсіз бұзақы да енгізілген. Тәркіленушілердің арасында жыл басында жүрген астық науқаны кезінде «ұрықтық дәнді тықты» деген жаламен істі болып, ақшалай айып төлеп немесе түрмеге түскендер де көп болды.

Осындай асыра сілтеушілікті Теңіз ауданының 11 кісісін-Жұмаханов, Құлшаров, Үмбетәлиев, Исмаилов секілді уәкілдер олардың мал-мүлкінің дерегінсіз-ақ, кәмпескеленушілер қатарына жатқызуынан көруге болады. Қамысқала ауданы бойынша тізімге түскен Шәменевке, тым болмаса бір ауыз айып да жазылмаған. Осының өзі-ақ Үйшік аймақтық кәмпеске кәмесиесіндегілердің науқанға қандай көзқараспен келгендігін көрсетеді. Анықтама ретінде ғана жасалған Роденконың тізімінде алғашқысында 34, соңғысында 25 адам кәмпескеге түсуі керектігі күні бұрын межеленген. Оның ішінде ірі қараға шаққанда 6 малымен Ғ.Қожаров, 16 малымен И.Әлжанов, 20 малымен Ө.Танашев, 44 малымен А.Жақатов, 50 малымен С.Адаев, 54 малымен С.Дүйсенғалиев, және тағы басқа мал-мүлкі кәмпескеге ілігерлік мөлшерге жетпейтін көптеген отағасы тартылған.¹³⁶

Соңғы, 25 адамдық екінші ақпарда, кәмпескеге тартылғандардың мал басының саны көрсетілмей-ақ, «бірінші топқа «ірі бай-шонжарлар» енгізілді, екінші топқа антисоветтік ықпал әрекеті арқылы әлеуметтік тұрғыдан қауіпті саналатындарды тұрмыстық деңгейіне қарамастан қостық», - деген сыпайы ғана анықтама берілген.¹³⁷

Міне, осындай өрескел қылмыстардың етек алып кетпеуі үшін оған тосқауыл қоюға тырысқан азаматтар да кездескен. Солардың бірі-сол кезеңде Халком кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Н.Нұрмақов болды. Ол өзінің бір нұсқауын жергілікті жерлерге жеделхат ретінде жіберген. Онда: «Келіп түсіп жатқан материалдардан Оқраткомдар мен Аймақтық кәмпеске комиссияларының кәмпескеге қатысты декреттерге кереғар, жүгенсіз істерге

бой ұрып жүргендік-терінің байқалғандығы айтылған. Аймақтық кәмпеске кәмесиелерінің істерінен мал басын әуелде мөлшерлеген деңгейге жеткізу мақсатымен бір жанға бірнеше шаруашылықты қосып тіркеу тәрізді келеңсіз жайттар етек алған. Осындай айла-шарғының салдарынан қырық бес немесе алпыс адамды бір отбасына қосақтап жіберу тәрізді қисынсыз мысалдарды көруге болады. Мұндай ұйғарым бұған дейінгі науқанға қатысты декреттерде де, оның қосалқы нұсқауларында да атымен жоқ болғандықтан, әрі қаулы-қарарларымызға мүлде қайшы келгендіктен, Оқраткомдар мен өкілдер жауапкершілікті өз мойындарына алып, мұндай тығырықтан шығудың басқа ақылға сыйымды жолдарын қарастыруы керек!»-делінген.¹³⁸ 1928 жылы қазан айының 6-сы күні қағазға түскен аталмыш нұсқау дәл сол күні 12 округтегі кәмпеске кәмесиесі жетекшілерінің бәрінің қолына тигенімен, аймақтық кәмпеске кәмесиелерінің басшылары Совнарком төрағасы Нұрмақовтың бұл нұсқауын ғана емес, іле-шала осы жылдың қараша айының 30 жұлдызында «Кейбір округтегі белсенділер көйлек-көншек пен іш киімді де қаттай бастапты. Мұндай ерсілікті тоқтатып, нұсқауды басшылыққа алыңдар»-деп жолдаған жеделхатына да міз бақпаған.¹³⁹ Олардың, тіпті, Қазаткомның төрағасы әрі Орталық кәмпеске кәмесиесінің төрағасы Е.Ерназаровтың өзінің мұндай ұйғарымдарына да елең етпеуінің де өзіндік гәп болған. Өйткені науқанға белсене араласып жүрген әрбір өкімет өкілі Голощекиннің өзінен тікелей тапсырма алып, соның қолдауына сүйенген. Сол жылдардағы мемлекеттік биліктегі азаматтар арасында бір-біріне деген сенімсіздік пен алауыздық, көзқарас пен мақсат-мүдде қайшылығы жиі қылаң беріп отырған. Осындай ішкі егестердің салдары тәркіге түскен адамдар тағдырының тауқыметке айналып кетуіне де ықпалын тигізген. Сол кезде ел амандығын, оның игілігін көксеген қайраткерлердің бірі індетті-асқынып бара жатқан жүгенсіздікті-сабаға түсіргісі келсе, қара басының қамын күйттеген екінші бір сілімтіктері індетті жараны одан сайын ушықтыра түскен. Көп ретте тізімге нақақтан ілігіп кеткендерді ақтағысы келгендердің өздеріне саяси айып тағып отырған. Соның салдарынан бас көтерер

дерлік азаматтарымыздың бойын үрей билеп, дәрменсіз күй кешкен. Таптық санасы “бұлыңғыр” кедей-кепшіктің ол кезде ортақ мүлікке деген түсінігі өзгеше болған.

Міне, осындай жағдайда Қазатком мен Орталық кәмпеске кәмесіесінен үміт үзе бастаған ел-жұрт енді В.И. Сталин мен М.И.Калининге дейін шағымданған. Ал Сталиннің қолына тиген осы науқанға қатысты бірер іс тікелей Голощекинге қайтарылған. Калинин өзі қараған істердегі кейбір отбасына ішінара жеңілдік жасауға дейін барған. Кәмпескеге Мәскеудің араласа бастағандығын байқай сала Голощекин ішкі іске басқалардың араласуын тоқтату мақсатымен айла-шарғыға көшкен. Ол 1928 жылы қыркүйек айының 4-і күні Мәскеуге: «Қазатком Бүкілресейлік Ортаткомның кәмпескелеу мақсатында шығарған Қазатком декретіне наразы бай-шонжарлардың арыз-шағымын қарап жатудың мәні аз, басы артық іс деп біледі. ВЦИК алдында кәмпеске қорытындысы бойынша арнайы баяндама жасалатындықтан, кәмпескеге қатысты түскен наразылық пен арыз-шағымды Қазатком төралқасы тікелей шешуі қажет деп біледі» деген жеделхат-өтініш жолдаған.¹⁴⁰ Ол Қазаткомның төрағасы Елтай Ерназаровтың атынан жолданған. Өтініштің алғашқы үлгісі Орталық кәмпеске кәмесіесі атынан даярланып, соңына Қазаткомнан Ерназаров, Халық комиссарлар кеңесінен Нұрмақов, Өлкелік комитеттен Исаев қол қоюға тиісті болғандығы байқалады. Бірақ Голощекиннің аталған үшеудің екеуін өз қолымен сызып тастап, өтінішті жоғарыдағы нұсқаға келтіріп, редакциялап, жауапкершілікті Ерназаровқа жүктеуінде де біраз мән болған. Оның қолымен Орталықтағы сыбайласы Киселевтің атына жөнелте салған. Осы өтініштен соң орталықтағылар Қазақстанда жүргізіліп жатқан кәмпескеге араласуға онша ықылас танытпаған. Бұл өтініштің қандай рөл атқарғанын ақмолалық Дәндү Рақымжанұлының Сталинге жазған шағымынан байқауға болады. Онда Қазаткомдағылар кәмпескеге қатысты бірде-бір арыз-шағымды 1929 жылдың наурыз айының 1 жұлдызынан бастап үш жылға дейін қарамайтындықтарын мәлімдеуіне қарағанда, шындығында, солай болған тәрізді.¹⁴¹

Орталық кәмпеске кәмесиесіндегі азаматтарымыз өз қолымен жасаған қаулы-қарарларына иелік ете алмай қалған тұста, науқанды төңкерісшіл тәсілдермен өрістету міндетін Голощекиннің итаршы қолшоқпарлары мен олардың жетегіндегі көрсоқыр белсенділері жаны қалмай атқарған. Мысалы, Мерке ауданына барған уәкілдер кедейлерді, байларды көрсетіндер деп қорқытып үркіткен, оларға айтпағандары үшін зорлық жасаған. № 5 ауылға барған уәкіл Жаппаров: «кедейлерге егер сендер байларды көрсетпесендер, онда өздерің Кеңес өкіметінің жауы ретінде жауап бересіңдер деп қоқан-лоққы жасаған».¹⁴² Осындай қиянатты Нұрәлі әулетіне өшіккендердің бірі Дайырбайұлы деген белсендінің айыптауынан көреміз. Кәмпеске кәмесиесінің хатшысы: «Нұрәлі тұқымдарын тамырымен құртып жоқ қылу керек екендігін осы жалпы кедейдің жиылысында айтып отырмын», - деп жазған. Нұрәлі тұқымын не үшін жоқ қылу керектігіне комиссия мүшелері де, ОГПУ қызметкерлері де дәлелді уәж келтіре алмаған. Елдегілердің Барлыбайға да емес, Олжабайға да емес немесе олардың басқа ұлдарына да емес, сонау Қызылордада жүрген Төлеубайға шүйлігінде өзіндік сыр болды. Төлеубай Барлыбайдың төрт ұлының ішіндегі ең үлкені, орысша-қазақша сауатты болған. Әуелі Петропавл округтік сотында, науқан тұсында Наркомфинде қызмет атқарған. Анығында, сыртта оқып, елден тысқары өңірде қызметте жүрген Төлеубайға жерлестерінің соншалықты жауығар қисыны жоқ болатын. Алайда аймақтық кәмпеске кәмесиесі Төлеубайдың еншісі, әкесі Барлыбаймен бірге деп санап, мал-мүлкін кәмпескеге алып, өзін жер аударуға шешім шығарады. «Бұл жерде Төлеубайды қалдыратын болсандар, біз, кедейлер, мал алуға риза еместігімізді білдіреміз», - деген жасанды ұйымдастырылған жалаға сүйеніп, оны әкесімен бірге жер аударуға үкім шығарған.¹⁴³ Комиссия мүшелерінің арасында көзқарас алшақтығы туған кезде Көшкінов тыңғылықты хабарлама жасап, Төлеубайды антисоветтік әрекет жасап жүрген Кеңес өкіметінің жауы қылып шығарған да, Ерназаровтың шешімін өзгертіп, қараша айының 26-сы күні Үйшікке жер аударуға екінші

рет шешім шығарған.¹⁴⁴ Жергілікті жерлердегі халықтың ығырын шығарған осындай қатыгез әрекеттер жоғарыдан қолдау таппаған күнде мұндай сипатқа ие болма-сы түсінікті. Міне, осылай науқан барысында Кеңес өкіметі ұстанған бағытты іс жүзіне асыру барысында халыққа жасаған опасыздығымен «еңбекшілер мүддесін қорғайтын» үкімет екендіктерін тағы да «дәлелдеп берді».

1928 жылы қыркүйек айының 8-і күні өткен Аймақтық кәмпеске кәмесиесі мен қалалық партактивтің біріккен мәжілісінің күн тәртібінде кәмпескеге түсуге тиісті байлардың тізімі қаралған. Онда кәмпескеленуге тиіс 65 адамның аты-жөні, мал-мүлкі, әлеуметтік жағдайы қысқаша көрсетіліп, алдын-ала даярланған. Жиылысқа қатысқан 30 адамның көбі дабырдың ішінде жүрген жандайшап белсенділер болды. Олардың ішіндегі Мәмбетәлиев, Қарпықов, Үмбетәлиев, Тілегенов дегендер кәмпеске тізіміне бір-бір адамнан ұсынса, Ахтанов, Жұмақанов, Құлкенов, Келмембетов 4-5 кісіден, Едігенов пен Жұмағалиев 7-8 кісіден, Жұмағазиев 13 отағасын, ал, Измаиловтың өзі бір жиылыста-ақ бірден 30 азаматты кәмпеске тізіміне қостырған. Айрықша белсенділігімен көзге түскендердің бірі осы Измаилов деген агроном болған. Ол-округтен жауапты өкіл ретінде Қамысқала ауданына бөлінген екі адамның бірі. Бар болғаны-Қамысқалаға аймақтан уәкіл ретінде тағайындалған Қарпықовтың көмекшісі. Көмекшісі 30 кісіні көрсеткенде, басшысы-БК(б)П округтік комитетінің нұсқаушысы Қарпықов тізімге бір ғана кісіні іліктіріп, науқанға «салғырттық» танытқан.¹⁴⁵

«Еңбекші қазақ» газетінде «37 адамды ғана кәмпескелеуді ұйғардық» деген өте ұстамды мағлұмат беретін Ақмола аймағына бөлінген өкімет уәкілі сол жылдары Өлкекомның саяси бөлімінің бастығы қызметін атқарған Сапарбекұлы Садықбек округ ішінде 608 жерде жиылыс ұйымдастырып, ол жиылыстарға 36080 адамды еріксіз қуып-тығып (оның 6817-сі әйел), округтің әрбір ауданында ұйымдастырылған кәмпеске кәмесиелеріне 1537 кедей батырақты зорлықпен тартып, Арқа жеріне ойран салған.¹⁴⁶

Сол жылдары жалғыз аты ғана бар тақыр кедей Демесіновті тізімге қосқан Едігенов, тышқақ лағы да жоқ Нұрмановты діндар деп науқанға тартқан Жұмағалиев сияқтылар да аз болмаған. Аймақтық кәмпеске кәмесие-сіндегілер Голощекиннің зымияндығына сүйеніп, ілік тапқан қандасының отбасында аша тұяқ қалдырмай, малына үйі мен қора-қопсысын, қолға ілігерлік мүлкі мен жиһазын қоса сыпыра қаттап, жоспарды төңкерісшіл тәсілмен 110 пайызға артығымен көтере орындап шыққан. Тәркілеу барысындағы асыра сілтеушілік өзге округтарға да жайылды. Осы зорлықтың күшімен республика бойынша (ірі қараға шаққанда) 144474 бас мал тәркіленді бұл жоспардың 64 пайызы болатын.¹⁴⁷

3-кесте

Тәркіленген малдардың саны (ірі қараға аударғанда).¹⁴⁸

р/с	Округтер	Тәркіленуге ұсынылғандар	Нақты тәркіленгендер	Оның ішінде аудандар бойынша			Аудан бойынша қожалыққа шаққанда		
				Отырықшы	Жартылай көшпелі	Көшпелі	Отырықшы	Жартылай көшпелі	Көшпелі
1.	Гурьев	7063	4957		4957		207		
2.	Орал	15410	10310	1446	8864		181	148	
3.	Ақтөбе	27230	15018	2478	12540		124	306	
4.	Қостанай	17834	13849	2020	11890		106	306	
5.	Петропавл	6000	4883	200	4683		66	151	
6.	Ақмола	12142	8829	3926	4903		140	272	
7.	Павлодар	3120	2783	1021	1762		78	88	
8.	Семей	12000	9113	1152	7961		89	156	
9.	Қарқаралы	16027	12702		12702			227	
10.	Алматы	33436	18918		17869	1069		235	158
11.	Сырдария	48139	24736		11584				
12.	Қызылорда	27571	18376			6792		351	324
	Барлығы	225972	144474	12243	99715	7641	784	2447	482
	% есебімен	100%	64%	10,2%	83,3%	6,5%	11 округ бойынша 100%		

Кестеде көрсетілгендей жоспарлы түрде жүргізілген бұл науқанның лаңы қазақ халқының рухани тірлігіне де жағымсыз өзгеріс әкелді. «Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садағасы» дейтін қазақтың малын жаны үшін, жанын ары үшін құрбан ететін адамгершілік қасиеттеріне де бұл науқан, кеңестік идеология осылай өз шимайын салып отырған. Жаратылысынан арлы, намысты, ұлағатты қазақ халқының арасынан кеңестік жаңа жүйе өздеріне қолайлы, жағымпаз, белсенді, сатқын, жандайшаптарды тәрбиелеп шығарды. Олардың саны қазірде азаймай отыр. Осы өз ұлтымыздан шыққан «бұл сарбаздар» аудан-ауданға бөлініп, «тап жауларын» бөріше талады. Мысалы, Ақмола аймағы бойынша ауылдарға жіберілген 131 белсендінің бәрі қазақтар болған. Барған ауылдарында оларға кеңестер даярлаған ауыл кедейлері мен батырақ, малайлардан тұратын қолғабыс комиссиялары көмек көрсеткен. ГПУ (Государственное Политическое Управление) қызметкерлерін қоспағанда Ақмола аймақтық кәмпеске кәмесиесінде оның төрағасы болған ұлты басқа Козлов деген бір-ақ азамат болған. Кәмпескеден өндірілген 12142 мал басын анықтамалық көрсеткіш бойынша айқындалған 524 жан басына шақсақ, әрбір кісіге 22-ден ғана келеді екен. Алайда бұл дәйектеменің өзі жан санының нақты мөлшерінен төмен, себебі жоғарыдағы көрсеткіш кәмпескеге нақты ілікті делініп жүрген 76 істен ғана шығарылған.¹⁴⁹

Әуелгі қадамын елдің мәдени мұрасын қазына меншігіне көшіруден бастаған отаршыл ел өз атынан бұрынды-сонды жүргізілген шаралардың бәрін кәмпеске тұрғысында таныған. Сондықтан кәмпескеге мәдени мұраны мемлекеттік тұрғыда тонау, жер-талапай, дүние-мүлікті қазынаға алу шараларының бәрі қатысты. Бұл шаралар елдің ұлттық болмысына залал келтіріп, рухани кәмпескеге ұрындырды. Большевиктердің кеңестендіруден кәмпескеге жалғасқан, күшпен, зорлықпен енгізген шаралары қазақтың игі жақсылары мен жайсаңдарын мал-мүлкі мен ата қонысынан айырып қана қоймаған, халықтың сандаған ғасыр бойы қалыптасқан ұлттық болмысындағы ізгі қасиеттерін түп-

тамырымен жойып жіберуге дейін барған. Сондайлардың бірі-отағаларының өз шаңырағынан, әйелдің күйеуінен безінуі, яки отбасының бұзылуы, баланың әкені сатуы, ағайынның туысты, ауылдасты ауылдастың ұстап беруі, азаматтарымыздың ұлттық мүддені аяққа басуы түрінде көрініс берген. Бұл секілді рухани азғындау-өткен тарихи оқиға ғана емес, ол тәуелсіз еліміздің келешек тағдырымен де сабақтас екенін бүгінгі өмір дәлелдеп отыр. Байларды кәмпескелеудің саяси жағымен қоса оның ұлттық қадір-қасиетімізді бұзған осындай да залалды салдарлары болды. Алдынала ойластырылған ұлттық мүддемен санаспай, олардың тіршілігіне қиянат жасалды. Байларды кәмпескелеу кезінде қазақ ұлты рухани да «кәмпескеге» ұшырады. Ұлтымызды қанына сіңген адамгершілік қасиеттерінен жұрдай еткен Кеңес өкіметінің саясаты мен зорлықпен жүргізілген идеологиясы Байділдің сияқты әкесін көрсеткен, түріктік түп қазығына қарамай ұлтын саудалаған жексұрын Сұлтан Ғабдолрахманыш секілділерді тәрбиелеп шығарды. Ақмолалық Байділдің Әбдірахман үстімнен шағым түссе, іс насырға шауып кетер деп, оқиғаның алдын ала қимылдаған. 1928 жылы қараша айының 11-і күні Орталық комиссияға өзінің туған әкесі Құлмұхамедов Байділданы, қайын атасы Қуанышев Дәулетшенің Смағұл және Мұқыш атты екі бауырын көрсеткен. Ол орталық кәмпеске комиссиясынан аталған адамдардың мал-мүлкінің алынып, өздерінің жер аударылатын тізімге енгізуін өтінген. Әкесін саудамен айналысқан алыпсатар, болыс, ауылнай болмағанымен, ру аралық тартыстар мен тағы басқа дау-дамайға белсене араласқан атқамінер, ірі қараға шаққанда 50-ден астам малы бар, өзімді және менің отбасымды қоспағанда 10 жан деп көрсетеді де, өзі оны 4-5 десятин егістік жері бар орташа шаруа деуге болады деп баға береді. Екіншісі, менің әйелімнің туысы-Қуанышев Дәулетше төңкеріске дейін дәулетті ірі бай әрі алыпсатар болған. Қуанышевтер үш ағайынды. Смағұл-менің әйелімнің әкесі, Мұқыш пен Дәулетше соның бауырлары деп опасыздыққа барған.¹⁵⁰ Қызыл идеологияның пәрменінің арқасында кейбір қандастарымыз осылай өз басының амандығы

үшін туған әкесін, атасын көрсетсе енді бірі Сұлтан Ғабдолрахманыш Сталинге шағымданған хатында «Қаулы бойынша кәмпеске қазаққа ғана қатысты, менің тегім татар, мені бұған былықтырмандар деп» опасыздық танытқан.¹⁵¹ Рас, қаулыда қазақ жерінде тұратын өзге ұлттардың кәмпескеге қамтылатындығы айтылмаған.

Сөйтіп, кәмпескеге жататын шаруалардың коммунист туыстары олардың мал-мүліктері туралы жан-жақты ақпарат беріп, оларды тәркілеуге белсенді қатысып, көмектесуге міндетті болған. Бұл науқанда, әсіресе, қазақ коммунист белсенділерінен жоғары белсенділік көрсету талап етілген.¹⁵²

Би деп аталғандары үшін, Ақсақал деп құрметтелгендері үшін де айыпталғандар да болған. Ал ақсақалдықтың таптық жікке нендей қатысы бар болғанын да ешкім түсіндірмеген. Бұл жерде осы ақсақалдыққа қарсы шығушылықтың да өзіндік сыры болды. Олай дейтініміз-қазақ ауылында ата-бабадан келе жатқан үлкенді сыйлау, оны құрмет тұту, көпті көрген, ақыл-тәжірибесі мол ауылдастары алдында беделді қарттарды ақсақалдар деп қадірлеу дәстүрге айналған. Ақсақалдардың руластарының, жалпы жұртшылық арасында беделдері жоғары болып, айтқандарын істететін ықпалдары да аз болмаған.

Ал большевиктер партиясы болса, оларды феодалдық-рулық қоғамның сарқыншақтары, ескілікті қорғаушылар деп кінә тағып, жаңа құрылысқа, яғни Кеңестер өкіметінің қас жауы ретінде көрсетіп жанталасқан. Міне, осындай жағдайда көпті көрген көреген қарттардың жұртшылық ортасындағы беделін қызғанып, осы ықпалынан айыру үшін оларды қатаң жазалап отырған. Мысалы, Ақмола аймағынан Смағұл Қарпықбайұлын ел ішінде сыйлы ақсақалдығы үшін айыптап, жан басы жайлы дерек келтірмей-ақ, тізімге қоса салған.¹⁵³ Өтебайұлы Бәйдәліге ашылған істе: « 6 жыл би болған, өз руының беделді ақсақалы. Бұрын да, қазір де ауылдың кедейлері мен батырақтары осының ықпалынан шыға алмайды. Билік үшін рулар арасына жік салып жүр. Қазірдің өзінде өз «құйыршықтарын» жергілікті кеңеске тығып жіберуге тырысып келеді», -деген секілді еш дәлелсіз, тіпті де

қисынсыз «айыптаулардың» өзі-ақ істің жасандылығын байқатады.^{154/144/} Сыйлы ауыл ақсақалын, ел қадірлісін кәмпескеге тартындар деген нұсқау, тіпті, қаулының өзінде де жоқ болып шықты. Соған қарамастан көзі ашық, оқыған азаматтар қауіпті антисоветтік элемент ретінде қуғындалды. Науқан кезінде 47 жастағы ғалым Ахмет Әділбайұлының 51 бас малы мен 45 пұт тартатын көне кітаптары үшін кәмпескеленіп, отбасымен Үйшікке жер аударылғаны-соның дәлелі. Заңсыздықпен келіспеген Ақмола округі Асан қайғы ауданы №5-ауылдың тұрғыны, жартылай отырықшы Әділбайұлы Ахмет кәмпескеге нахақтан іліктірілгенін айтып 1928 жылы қарашаның 17-сі күні Бүкілресейлік орталық Атқару Комитетінің Президиумына, БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросының бас секретары Сталин жолдасқа төмендегі арызын жолдаған. Онда әуелі 2 жыл Араб еліндегі Мәдина шаһарының “Ишфха” медресесінде, Мысырдың Каир қаласындағы “Жәми Асхари” медресесінде дәріс алғандығын, елге арабтың Ибн халдун, Ибн әл Асыр, Талфикул-Ахбар, Ибн Халекен секілді тарихшы ғұламаларының шығармаларын ала келіп, Ислам тарихын жазғанын, ОГПУ-дің Ақмоладағы қызметкерлері оның 45 пұт кітабын, Мәдина мен Каир қалаларынан дәріс алғандығын куәландыратын дипломдарын тартып алғанын жазған.¹⁵⁵

Белсенділер, әсіресе, осындай көзі ашық азаматтарға жаудай тиген. Мәселен, олар: «Ерғали Жармағанбетов-бабасы Жәңгір ханға уәзір болған тектінің тұяғы»-деп, Жақып Жантазиев деген жалшыны айдап салып, соған көрсеттірген. ГПУ мәліметінде Ерғали жайлы: «... Жаңа өкіметке қарсы үгіт жүргізеді. Интеллектуалдық тұрғыдан өрісі биік. Газеттерді үзбей оқиды. Совет заңына жетік», - деген анықтама келтірген.¹⁵⁶ Осылай, озық ойлы, оқыған азаматтарды байлардың туыстарына жатқызып, жер аударып, қуғын-сүргінге ұшыратты. Қала берді оларды халық жауы ретінде 1937-38 жылдары жаппай «қызыл қырғынға» іліктірді.

Отаршыл ел тарапынан бұрынды-сонды жүзеге асырылған осы кәмпескелік шаралардың ішіндегі ұлттық

мәдениетімізге орны толмас зардап тигізгені-мәдени мұра кәмпескесі болды. Төрт түлікке бағытталған 1928 жылғы кәмпеске ойластырылмай жасалғандықтан, мәдени мұраға қатысты тармақ қаулыда аталмай, жол-жөнекей қосалқы шара ретінде енгізіліп отырған.

Жаманы бар елдің жақсысы болары да заңдылық. Ел басына түскен бұл апат тұсында шама-шарқынша қиянатқа қарсы тұра білген азаматтар да кездескен. Мысалы, сол сұрапыл жылдары Жанқожин Жұмағалидың Қамысқала ауданындағы Бекайдар ауылының тұрғындары кәмпеске тізімінен біржола алынып тасталуын бірауыздан талап етсе, Есбол ауданындағы Жетінші ауылдың қазақтары өзге ауылдарда болмаса, бізде бай деген пәле атымен жоқ деп қарсылық білдірген. Осы секілді Қызылқоға ауданы Жетінші ауыл тұрғындары да тізімге іліккен бауырларының сөзін сөйлеген. Семей округының алыс аудандарының бірінде байды жанұясымен тәркілеп, жер аударылғанда оларды 500-ге тарта ауылдастары жиылып қимастықпен, жылап-сықтап шығарып салған.¹⁵⁷ Жаңа үкіметтің қорқытуымен қолғабыс комиссиясына кіргендер жұртқа қиянат жасаудан жиі бас тартқан. 1928 жылғы қазан айының 1-дегі байларды және жартылай феодалдар шаруашылығын тәркілеу туралы Ақтөбе округынан түскен мәліметтерде Шалқар ауданындағы қолғабыс комиссиясының мүшесі кедей Ибраев елге қиянат жасайтынын айтып, өзін осы комиссия құрамынан шығару туралы өтініш бергендігі осыған мысал бола алады. Темір ауданының № 27 ауылындағы қолғабыс комиссиясының мүшелері-кедейлер, батырақтар, комсомолдар мен мұғалімдер-Қалменов деген байды тәркілеуге қатысудан бас тартқан. Осы аудандағы комсомол ұясының хатшысы Майдағазы Жарасов бай Қалменовтың малын жасыруға көмектескен. Ақтөбе ауданында комсомол Дарбаев болса бай Жұбаевты тәркілеу барысында зорлыққа шыдай алмай жылаған. Көптеген жерлерде ауыл комсомолы, партия ұялары, байларды тәркілеу науқанында онша белсенділік таныта қоймаған. Осы аталған ауданның ауылдық кеңес мүшелері, оның төрағалары мен хатшылары байларды тәркілеумен шұғылдану орнына байлардың

ыңғайына көніп, оларға неше түрлі мазмұндағы анықтама қағаздар берген. Гурьев округының Қызылқоға ауданының №9,24,25 ауылдарының Кеңес төрағалары байлардың малдарын жасыруға көмектескен.¹⁵⁸

Алайда кәмпескеші белсенділер кедейлердің дәулеттілерді қуаттауын насихат жұмысының төмендегенінен деп тауып, дүркін-дүркін жиылыс өткізіп, ұзын сонар үгіт-насихат жүргізіп, халықтың шырқын бұзған. Мысалы, Қарқаралы округы Қу ауданының №3 ауылында байларды тәркілеуге арналған осындай жиналыста Сұлтанғазина деген әйел «әйелдер ерлермен құқығы тең дейсіңдер, сол рас па?» - деген сұрағына, «иә, тең» деген жауап алысымен оның «онда біз бір де бір байды тәркілеу тізіміне және оларды елден жер аударуға келіспейміз»-деген сөзін жақтаған, әйелдер, уәкілдердің байлар неге тәркіленетінін түсіндірмек болғанына қарамастан, Сұлтанғазинаның соңынан еріп жиналысты тастап кетіп қалған. Ол жиналысқа 60-шақты әйел қатысқан.¹⁵⁹ Қарағанды ауданының байы Тілебекті тәркілеп жер аударуға қарсы болғандарға ауылдық кеңес те, басқа да қоғамдық ұйымдар да тосқауыл бола алмаған. Осы Қарқаралы округындағы 90-ға жуық ауылдық кеңестің 20-дан астамы ашық түрде байларды жақтап шыққан.¹⁶⁰ Мұндай қарсылықтар Қостанай округының Меңдіқара, Обаған, Жетіқара аудандарында болған. Ал Жетіқара ауданында байларды жақтап 150 кедей қол қойған.¹⁶¹

Зорлық-зомбылықтың қандай түрін қолданса да, ұлттық салт-сана оңайшылықпен бұзылмай, өзіндік қасиетін сақтай білген. Қазақтар соның арқасында өздерінің бір-біріне деген бауырмалдығын, ағайыншылықтың үлгісін көрсетіп отырған. Қызылқоға ауданына бөлінген уәкіл Ерімов (аудандық милиция басшысы, БК(б)П мүшесі) Елубаевты кәмпескелеуге барған жерінде 3-4 күн қона жатып, Елубаевқа кәмпескеден босатылды деген куәлік көрсетіп, адайлардың қарулы тобына тап болып, кері қайттым”,-деген сылтау айтып, қайтып оралғаны үшін істі болған. Ауылдағы партия ұяларының хатшылары, ауылдық кеңестің төрағалары, сондай-ақ, аудандық және округтық комитеттердегі қызметкерлер

де байларды тәркілеу науқаны барысында солқылдақтық танытқан. Мысалы, Семей, Қостанай, Орал округтарында байларды тәркілеу науқанын өткізудегі декретті орындамағаны үшін бірнеше коммунист қызметкерлер жұмыстарынан алынған.¹⁶² Өкілдердің сәресілік асқа бір қой, түстікке бір қой, қонаға тағы бір қой сойдыртуына, тәтті қымыз, шәрбәт шұбат, тәуір қыз талап етулеріне қарағанда, тәбеттері де, тояттары да жаман болмағанға ұқсайды. Кенес қызметкерлерінің қолымен жинақталған құжаттарда белсенділердің мұндай жүгенсіздіктерін атап өтіп, өкілдерді байлардың жыртысын жырты деп кінәлаған. Мысалы, аймақтан ауыл-ауылға бөлінген партия мүшелері мен жауапты қызметкерлердің сегізі қызметінен алынып, ісі сотқа тартылған, екеуі жайлы материал партия ұйымының қарауына тапсырылған, үшеуіне сөгіс берілген, тағы бір үшеуіне ескертпе жасалып, төртеуіне түрлі шара қолданылған.¹⁶³

Ауыл коммунистері ғана емес, көптеген жауапты қызметкерлер арасында да тәркілеу кезінде байларды белсенді қолдаушылар болған.¹⁶⁴ Науқанды іс жүзіне асыруда белсене кіріскен ақмолалықтарға қарағанда Үйшік өкірігі науқаншыларының елеулі тобы хал-қадірінше елдің игі жақсыларын сақтап қалу үшін басын қатерге тіккен. Науқаншылар арасында Измайлов тәрізді бірінсараны болмаса, қандастарының мал-мүлкін талан-таражға салғысы келгендердің саны көп болмаған. Бүкіл бір өңірден мыңғырған малы бар бірде-бір байдың болмай шығуы осының айғағындай көрінеді. Әуелде Орталық комиссиядағылар Үйшік округы бойынша бірінші топпен 35, екінші топпен 10, барлығы-45 отбасын кәмпескеге тартуды межелепті. Мұндағы белсенділер болса тізімнің бастапқы орталық жоспарлаған көрсеткішінен де асырып берген. Мәселен, Теңіз ауданы 20 шаңырақты, Есбол ауданы 28 түтінді, Доссор ауданы 25 отбасын тәркіге салуға ұсыныс жасаған. Қысқасы, алты аудан 150-ден астам кісіні кәмпескелеуді ұсынған. Округтегілер бұл тізімдерді қайта қарап, жамап-жасқап 49-ын қалдырған. Ірі бай ретінде ұсынылған сол 49-дың тең жарымының дерлік сүйегі татымайтын, әрі-сәрілеу екендігін көргенде,

Орталық комиссиядағылар оның 15-ін алып тастап, 25-ін ғана бекіткен. 25-тің 19-ы бірінші, 6-уы екінші топқа жатқызылған.¹⁶⁵ Мысалы, Бәйетұлы Ермағамбеттің мал басының саны агенттіктің санағы бойынша, 392, белсенділер мәліметтерінде 141, науқан кезінде 99 бас қана болып шыққан.

Орталық кәмпеске кәмесіесі әуелде бекіткен 25 отбасының ішінен 6 адамды науқан соңында алып тастап, олардың орнына жаңадан 5 кісі қосқан. Сонымен, Үйшік округі бойынша заңды түрде ашық кәмпескеленушілердің нақты саны-24 болып шыққан. Осылармен біріктіріліп тәркіге түсірілген 54 түтіннен небәрі 21 жеркепе қыстаудағы баспана, 19 кілем, 18 текемет қана алынған.¹⁶⁶

Кәмпескеленген мал байлардың қолынан кедейлердің қолына ауысқаннан бастап-ақ қырыла бастаған. Байлар өз малынан күнкөрістік үлесін алды делінгенімен, іс жүзінде олардың еншісіне бөлінген малдың «шаруашылық салығын төлемеген» деген сылтаумен қайтадан ортақ малға қосылып кеткенін де, яки Үйшік округі бойынша қатталып алынған 14948 бас (ірі қараға шаққанда-4592) малдың 1977-сі (ірі қараға балағанда-485) байларға берілген үлестен қайта өндірілген түлік болған. Мұның соңы ақ ішпей, қызыл тістемей қалған сорлылардың аштыққа ұрынуына әкеп соққан.

Қызылжарлықтар Орталық комиссияның қыркүйек айының 25-і күнгі кестелік көрсеткішінде науқан жоспарын 62 пайызға орындап, республика бойынша бесінші орынға көтерілген. Ал, шын мәнінде, олар міндеттеме бойынша 35 отбасынан 9241 ірі қара кәмпескелеп алуы керек еді. 35 отбасының 34-ін кәмпескелегенде, бар болғаны 5735 ірі қара ғана өндіріп алған. Ал, қалған бір отбасынан олар жоспардағы қажетті 3506 бас ірі қараның орнын қалай толтыратындығы белгісіз күйде қалған. 5735 ірі қараны 34 отбасына шаққанда 168-169 бастан әрең келеді екен. Осы 168 малдың өзі 3-4 түтіннен әрең жиналып отыр. Сонда ірі бай саналған әр шаңырақтан 56 бастан ғана мал алыныпты. Қызылжарлықтарға кәмпескені 100 пайызға жеткізу үшін әлі 3338 бас ірі қара керек болған. Көрсеткіштің олқы болып тұрған осы жерін толтыру үшін

әлі, шамамен, 110-120 шаңырақты тәркіге салу керектігі байқалады. 110-120 шаңырақ деген-ол кездің мөлшері бойынша-ең кемі мыңнан астам адам.¹⁶⁷ Бұл мысалдар сол кезде қазақтарға жасалған қиянаттардың қалай жүзеге асырылғандығын көрсетеді. Қазақ шаруаларын саясаттың жетегіне еріп байларға балап асыра сілтеушілікке баруы республика бойынша жүргізілген. Оған дәлел, сол жылдары Қызылорда округі орта есеппен әр шаңырақтан 690-нан, Сырдария аймағы 630-дан, Қарқаралы 542-ден мал өндіріп алуды жоспарлаған көрінеді.¹⁶⁸

Кереку округінде дәулеттілердің мал-мүлкі бір ғана 1928 жылы түрлі желеумен үш дүркін осылай талапайға түскен. Сондай-ақ, 9146 бас ірі қараға жеткізу үшін Ақмола аймақтық кәмпеске кәмесиесіне алғаш жоспардағы 46 «ірі байдың» үстіне әуелі 166 отбасын үстемелеп тіркеу керек болса, енді оны 12142 басқа көтеріп, міндеттемені асыра орындап шығу жолында орта есеппен 100-150 бас малы бар 30-40 отбасын тағы да құрбандыққа шалуға тура келген. Іс қағаздарында бір жан басына бір әулеттің, кейде 40-60 адамның тіркеліп кету себебі де осымен сабақтас екендігі байқалады. Межедегі 46 отбасының орнына бір ғана Ақмола аймағынан 220-230 түтіннің кәмпескеге ілігуі-осындай белсенділіктің салдары.¹⁶⁹

Мұндай қаныпезерліктің аймақ-аймақта кең қанат жайғандығын республика басшылары да, «төңкеріс» ошағында отырған «көсеміміз» де білген. Саясаттың бағытын жақсы түсінген аймақтық комиссиялар кейінгі ұрпақтың қырағы көзінен сақтанып, кәмпескеленушілердің сандық көрсеткішін бастапқы қалпында қалдырып, оны әр түрлі құйтырқы әдістермен бүркемелеуге тырысқан. Әккіліктен алдына жан салмайтын Голощекин отты өз қолымен емес, көбіне жандайшаптар мен шолақ белсенділердің қолымен көсейтін әдісіне салған. Оның ұрда жық қолшоқпарларының бірі-сол уақыттағы Қазақстан Орталық кеңес комитетінің төрағасы-Елтай Ерناзарұлы болған. Ұлы кәмпеске науқанын қанды қол жендет осы шала сауатты тоңмойынның «тікелей басшылығымен» жүзеге асырған. Орталық кәмпеске кәмесиесіне төрағалық еткен Ерназарұлы алапат науқанның ашылуына орай

өткізілген өлкелік «Қосшы» комитеті пленумында:»...өте зиянды бай-ірі бай... Бұларды төңкеріс қимылымен ғана жеңе аламыз. Бұларға ерекше төңкеріс жолын қолданып, бұларды мүлде әлсіретуіміз керек әлсіреткен емес-ау, мүлде ата жуандығына, мықтылығына, байлығына балта шабуымыз керек! Жоқ қылуымыз керек! Деп, желпіне, лепіре сөйлегенінен «кіші Қазанды» жан-тәнімен қолдағанын көреміз.¹⁷⁰

Сөйтіп, науқан барысында барлығы 694 шаруашылық тәркіленіп, 669 адам бай-феодал ретінде жер аударылды. Оның 562-і топ, 132-сі ІІ-ІІІ топқа жатқызылып тәркіленгендер. Осы шаруашылықтардан толық емес мәліметтер бойынша (ірі қараға шаққанда) 142737 бас мал тәркіленген.¹⁷¹ Келесі бір толық емес мәлімет бойынша тек Қарқаралы, Семей, Орал округтарынан 269826 бас мал тәркіленген, оның 5300-і -жылқы, 13000-ы-ірі қара мал, 10000-ы- түйе, 192000-ы- қой мен ешкі болған.¹⁷²

Ірі қараға аударғанда 144774 бас мал, 1960 үйлер, оның жабдықтары, жер кепелер т. б. құрылыстар 2433 әр түрлі ауыл шаруашылық құралдары және 2479 үй-ішінің жабдықтары, жиһаздары басқа да мүліктері тәркіленді. Тәркіленген дүниелер малдардың 25,7 пайызы ұжымдық шаруашылықтарға, 74,3 пайызы жеке кедейлер мен батырақтар шаруашылығы мен әлсіз орташаларға таратылып берілген. Мұндай шаруашылықтардың саны 24991-ге жеткен.¹⁷³

Кәмпескелеудің жалпы “халықтық алапатқа” айналғаны соншалық, Кеңес өкіметінің жауапты қызметкерлері істі болғандардың аты-жөнін емес, тек қана сандық көрсеткішінің бес күндік ақпарын шығарып отыруға әрең үлгерген. Ол көрсеткіштер ақылға сыйымсыз, мөлшерге жеткен дүние-мүлкі кәмпескеленгендердің 1929 жылғы мамыр айындағы көрсеткішінің өзі миллионның үстіне шығып кеткен. Көрсеткіштің мұншалықты болуы науқаншылардың бір отбасын бірнеше дүркін кәмпескеге ұшыратуынан болып еді. Мәселен, 1928 жылғы «мамыражай» кәмпеске тұсында Шорман әулеті бір жыл ішінде үш рет кәмпескеге, он шақты рет тінтуге түскен.¹⁷⁴ 1929 жылы істі болғандардан біреуді түстеп

айту мүмкін емес жағдай болған. Көрсеткіштер аты-жөні көрсетілмей бай, орташа, тақыр кедей түрінде ғана толтырылып отырылған. Кеңестер Одағының үлкен энциклопедиясында «Дүние-мүлік кәмпескесі» деген бұл термин таптық қоғамға пиғылы бөтендерге үкімет тарапынан қолданылған қосалқы қылмыстық шара түрінде түсіндірілген. Қаулы-қарарлардың нұсқасы жалаң беріле салмаған. Қаулыны жасауға міндетті түрде қазақ ұлтының өкілдері қатыстырылған. Бірақ сол кезде оны дәл кімдердің жасағандығы беймәлім. Қаулы-қарар жүзеге асырылған кезде оның қай тармағы қауқарсыз қаперсіз қазақ халқының қабырғасын қалай сөгетіндігі, алдын-ала әбден ескерілгенге ұқсайды. Оған өз ұлтына қарсы қиянатқа барған белсенді Сапарбекұлы Садықбектің мына әрекеті дәлел: әуелгі межеленген көрсеткіште Ақмола округі бойынша кәмпескеге тартылған 46 отбасының 9-ы екінші топқа ілігуі керек болса, Садықбек Сапарбекұлы оларға саяси тұрғыдан кінә тағып, екінші топқа енушілердің санын 22 отбасына көтерген. Ал 46 отбасының орнына енген 203 түтіннің 23 отағасынан өзгесінің қай топ бойынша жазаға тартылуы керектігіне себеп таба алмаған.¹⁷⁵

Сонымен, большевиктердің бұл 20-жылдардың аяғында ірі қазақ байларын тәркілеуі, сонау 1917 жылғы Қазан төңкерісінің нәтижесінде Ресей капиталистерін жеке меншіктерінен айыру процесімен бірдей бағалануы тұтас бір халықты зобалаңға әкеп соқтырды. Он жылдан астам уақыт өткен халыққа жат шараны құйтырқы сылтаумен қазақ жеріне қайта қолдануын Қазақстан өлкелік комитетінің жауапты хатшысы болған Ф.И. Голощекин: «Кәмпеске науқаны-бұдан он бір жыл болған Октәбір төңкерісі есебінде жүргізілді»¹⁷⁶-деп түпкі ойын жасырып өзінше түсіндірмек болса да ірі байларды тәркілеу науқанының саяси астары басқа болды. Ресей боданы болып келген қазақтарды Кеңес өкіметі де өз иелігінен шығармауды мақсат етті. Осы мақсатты жүзеге асырудың ең бір тиімді әдісі ретінде жергілікті халықтың ең ауқатты, оқыған, беделді бөлігін қанаушы тапқа жатқызып, жаппай аластауды қажет деп тапты. Сол кездегі деректерде көрсетілгендей, *Қазақстан жерінде тұратын орыс*

ұлтының ауқаттылары бұл саяси науқаннан саналы түрде сырт қалдырылып отырған. Яғни бір жерде тұратын екі ұлт өкіліне билік тарапынан екі түрлі саясат қолданылған. Мысалы, округтерден аудандарға бөлінген уәкілдердің тізімдік көрсеткішінде: «Жаманқала ауданы бойынша кәмпескеге тартылуға тиіс делінген 14 елді мекеннің біреуі-№7 ауыл ғана-қазақ ауылы, қалған 13 поселкенің бәрінде де орыстар. Оларға тек үгіт-насихат жасаумен ғана шектелдік»,¹⁷⁷ деген түсініктеме берілген. *Бұдан біз байлығына емес, орыстығына қарап тәркілеуге ілінбеуін отаршы халықтың өкілі екендіктерінен деп түсінгеніміз дұрыс. Сонда бір аудандағы 14 елді мекеннің 13-і орыстар болғандықтан ғана бұл қаулының күші жүрмеген.* Біз бұл оқиғадан қазақ байларына қарсы жүргізілген тәркілеудің Орталықтың белгілі бір мақсатты көздеген соны жүзеге асыру үшін ойлап тапқан арнайы саяси науқаны екендігіне толық көз жеткіземіз.

Кәмпеске науқанының ізін ала 1929 жылдың аяғынан «Кулактар мен байларды тап ретінде жою саясатына көшу» деп аталатын тағы бір науқан ұйымдастырылды.

Осылай байлар мен кулактарды саяси-шаруашылық науқандарында сергелдеңге салумен шектелмеген Орталық, оларды тап ретінде жоюды 1930 жылдың қаңтар айының өзінде-ақ қолға алып, нақты іске кірісуге нұсқау берді. Ал осы айдың соңына дейін астық және мақта өсіруші 60 ауданда 3,1 мың байлар мен кулактар қожалықтары тап ретінде жойылды.¹⁷⁸ Осы жылдың сәуір айына дейін ауқатты деген шаруалардан айып салу жолымен 11,8 мың бас жылқы, түйе және ірі қара малы, 36,9 мың бас ұсақ мал, 8,2 мың пұт астық кәмпескеленген.¹⁷⁹ Жыл ішінде «қанаушы тап» атанған 5500 адам жер аударылды.¹⁸⁰ Ал мұның өзі БК(б)П ОК саяси бюросының «Жаппай коллективтендіру аудандарындағы кулактар шаруашылықтарын жоюға байланысты шаралар туралы» қаулысынан бастау алып еді. Голощекин бастаған Қазөлкеком басшылары Смағұл Сәдуақасовқа қазақ халқының құрамына байларды да қосып отырсың деп кінә таққан. Сонда қалай, бай-бай болғаны үшін қазақ

халқының құрамына кірмей ме, деген орынды сұрағы жауапсыз қалған. Қазақ ұлты өз халқының ішіндегі әлеуметтік құрамының әртүрлігімен өлшенбейтіндігі ақиқат. *Тұтас ұлтты бай мен кедейге, екі жікке бөліп және одан екі халық, екі ұлт жасау арқылы тану ғылыми дәлелденбеген, қоғамдық әділеттілікке жасалған қиянат еді.*

Міне, Қазақстанда байларға қарсы жүргізілген «таптар күресінің» саяси мақсаты осындай болды.

Ауқатты шаруаның мүлкін тәркілеу, оны жаппай жер аудару жөніндегі озбырлық акциялары, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды ұжымдастыру мен отырықшыландыру, халықтан ауылышаруашылық өнімін тартып алу жөніндегі зорлық-зомбылық науқандары, заңсыз, адам құқықтарына қайшы жасалды және олар мемлекеттің өз халқына қарсы істеген кешірілмес қылмысы болды. «Ауылды кеңестендіру» деген ұранмен тап күресін шиеленістірудің қатерлі бағытын ұстанды. Сол арқылы Қазақстанда «жаңа Қазан» өткізу үшін идеялық-саяси негіз жасалды.

Қазақ ауылындағы 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдардағы жүргізілген саяси-әлеуметтік, экономикалық шаралардың бүгінгі таңда да және келешек өмір үшін де тағылымының маңызы ерекше.

3.4. Индустрияландырудың Кеңестік нұсқасы

20 жылдары Одақты шикізатпен қамтамасыз ету көзі ретінде Қазақстанның рөлі, оның стратегиялық маңызы зор деп танылып, керісінше, жергілікті жерлерде өндіріс орындарын салу негізсіз сылтаулармен екінші қатарға шегеріліп отырылды. Осы кемсітуді көре білген **Смағұл Сәдуақасұлы** Қазақстандағы индустрияландырудың қалай жүргізілу қажеттілігін ұлт мәселесін талқылаған партияның XII съезінде көтеріп, Октябрь революциясы алып берген ұлттардың тең құқылығы халықтардың ұлы жеңісі болып табылатынын, бірақ мұның өзі ұлт мәселесін түгелдей шешіп бере алмайтынын алға тартты. Бұл теңсіздіктің себебін осы халықтардың тарихи даму жолдарынан ғана емес, сонымен бірге шет аймақтарды

өндірісі дамыған орталық аудандардың езгісіндегі тек қана шикізат өндіретін аудандарға айналдырғысы келген патша өкіметі мен орыс буржуазиясы саясатының жалғасуынан іздеу керектігін дәп басып айтты. Смағұл айтып дәлелдеген пікірлер қаншалықты ақиқат болғанымен, заман талабына, Орталықтың саясатына сай келмеді. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ елінде Кеңестер өкіметінің жүргізген саясаты сол кездегі аласапыран кезеңде жергілікті халықты мүлдем күйзелтіп, бей-берекетін шығарды. *Сол тұста, өтпелі кезеңнің өтіне зорлықпен әкелінген қазақ халқының мүддесін ойлап, оның келешегіне жаны ауырып, жүрегі сыздаған, сол кездегі Орталықтан жүргізілген жалған саясатқа, қиянаттарға қасқайып қарсы тұрған алаш азамттарының бірі Смағұл Сәдуақасұлы еді.* Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр кешкен, оның өзін туған елінің болашағы үшін күреске арнаған Смағұл сезімтал Мағжан ақын жырлағандай шынында да, “асыл туған” ардақты азамат болды. Ел намысын ту етіп көтерген Смағұлдай азамат сол аласапыран заманда өзі тұстас көпшілік сияқты бас шұлғып, Голощекин секілді мықтылардың шылауында кете бармай, өз халқына, ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігін, ұлтжандылықтың үлгісін көрсетті. Әділеттілік деген қасиетті де, киелі ұғымның шегінен шықпай, халқына адал қызмет еткен 20-шы жылдары Қазақстанның саяси өмірінде белсенді рөл атқарған, туған халқы үшін жанпидалыққа барған Смағұл өз оппоненттеріне: *“Қырғыз (қазақ-Е.Қ.) халқының тағдыры үшін тарих алдында ең алдымен қырғыз коммунистері жауап береді”, - деген ұлағатты сөз қалдырған қайраткер.* Алайда ол Кеңестік идеологияның жасандылығына қарсы тұрғаны үшін қудалауға ұшырап, 1933 жылдың күзінде жырақта жүріп жұмбақ жағдайда дүниеден өтті.

20-жылдардың II-жартысында КСРО көлеміндегі халық шаруашылығының барлық саласы бойынша алғанда елді индустрияландыру социалистік құрылысты жүргізудің негізі деп есептелді. Өнеркәсіпті жылдамдатып дамыту, әсіресе, оның “А” тобын қарқынды жүргізу үшін

қажет болды. Бұл салаға жалпы өнеркәсіпке жұмсалатын қаржының 78 пайызы бөлінді. Нәтижесінде ірі индустрияның жалпы өнімі 3 есеге артуы тиіс болды.¹⁸¹ Міне, КСРО-да социализм орнатудағы кезек күттірмейтін міндетке баланған елді индустрияландыру мәселесі 1925 жылғы 18 желтоқсандағы БК(б)П-ның XIV съезінде арнайы қаралды. КСРО-дағы индустрияландыру ауыр өнеркәсіптен басталып, бұрын ешбір елдің тарихында болып көрмеген қарқынмен мейілінше жеделдетіліп жүргізілді. Бұл шараларды жүзеге асыру ауылмен деревня халқын қанау есебінен жүргізілді.

БК(б)П XIV съезі индустрияландыру ісін социализмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың негізі деп есептеп, КСРО-ны аграрлық елден дамыған индустриялы елге айналдыруды қамтамасыз ету үшін ауыр индустрияны, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді шапшаң қарқынмен дамытуды көздеген еді. Партия социалистік индустрияландыру саясатын белгілеп, жүзеге асырғанда, елдің шет аймақтарында да, әсіресе, табиғи шикізаттың аса мол көздері бар, бұрын артта қалып келген ұлт аудандарында қуатты өнеркәсіп орындарын құру қажеттігін есепке алған еді.¹⁸² Мұның өзі, тұтасынан алғанда, өндіргіш күштерді орналастырудың социалистік принциптерінен, партияның лениндік ұлт саясатынан туындады және бұрын езіліп келген халықтардың экономикалық мешеулігін, іс жүзіндегі теңсіздігін жою үшін шешуші маңызы болады деп есептелінді. Сөйтіп, Қазақстанды индустрияландыру КСРО-ны социалистік жолмен индустрияландырудың құрамдас бөлігі деп белгіленді, бірақ ол іс жүзіне ойдағыдай асырылмады. Оның басты себептерінің бірі Қазақстанды одақтас республика деп тек сөз жүзінде танығанымен, іс жүзінде оның әлі де Ресей мемлекетінің ұлы державалық пиғылының ықпалында болуынан еді. Осындай кемсітушілік Қазақстанда жүргізілген «кіші Қазан» бағытымен үндес жүргізілді.

Одақты шикізатпен қамтамасыз ету көзі ретінде Орталық Азия мен Қазақстанның рөлі, оның стратегиялық маңызы зор деп танылып, керісінше, жергілікті жерлерде

өндіріс орындарын салу негізсіз сылтаулармен екінші қатарға шегеріліп отырылды. Осы съезд шешімдерін негізге ала отырып, Смағұл Сәдуақасұлы Қазақстандағы индустрияландырудың қалай жүргізілуі қажеттілігін ұлт мәселесін талқылаған партияның XII съезінде көтеріп, Октябрь революциясы ұсынған ұлттар жөніндегі программаны жүзеге асыру үшін ұлттарды аяусыз қанауға салған патша заманынан санамызға берік орныққан, бірақ оңайлықпен құтыла алмайтын кедергілерден арылу керектігін айтып, ол кедергілер республикалар одағына енген ұлттардың шаруашылық және мәдени салалардағы теңсіздігін туғызатындығын көрсетті. Ал Сәдуақасов болса, Октябрь революциясы алып берген ұлттардың тең құқылығы халықтардың ұлы жеңісі болып табылатынын, бірақ мұның өзі ұлт мәселесін түгелдей шешіп бере алмайтынын алға тартты. Бұл теңсіздіктің себебін осы халықтардың тарихи даму жолдарынан ғана емес, сонымен бірге шет аймақтарды өндірісі дамыған орталық аудандардың езгісіндегі тек қана шикізат өндіретін аудандарға айналдырғысы келген патша өкіметі мен орыс буржуазиясы саясатының жалғасуынан іздеу керектігін көре білді. Өткеннің оспадар мұрасынан бірекі жылда құтылу мүмкін еместігін мойындай тұра, бұл әділетсіздікті азғана уақыттың ішінде жойып одан қалайда арылу керектігін батыл айтқан қайраткер болды. Сөйтіп, Сәдуақасов тарапынан партияның XII съезінің ұлт мәселесі жөніндегі қаулысының орындалу барысындағы кемшіліктер мен қателіктер сынға алынды.¹⁸³ Дәлелдерге сүйене отырып Смағұл ең әуелі шаруашылық мәселелеріне үлкен мән берді, өйткені оның дұрыс шешілуі одақтағы ұлттардың шын мәніндегі теңдігінің орнауына әсер ететін еді. Қазірде шаруашылықты қалпына келтіру дәуірін бітіріп, енді оны қайта құру кезеңіне кіргенде, әр түрлі ұлттар мекендеген шет аймақтардың шаруасының жай-күйі туралы мәселе көтеретін кез келгендігі айтылды. Миллиондаған орыс пролетариатының сапына жыл сайын шет аймақтарда тұратын жергілікті ұлт өкілдері көптеп қосылған сайын елді индустрияландыру тез жүріп, ұлттардың одағы да

нығая береді ғой деген Орталықтың үміті бекер болып шықты. Мұның өзіндік себептері болды. Оның негізгісі ұлт өкілдерінің біраз бөлігі болмаса, көпшілігі пролетариат қатарына өте алмады. Мысалы, индустрияландыру кең етек алған 1929 жылдың аяғына таман Қазақстан халық шаруашылығында 280 мыңға жуық жұмысшылар мен қызметшілер жұмыс істеген. Бұлардың 90 мыңдайы ғана өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындарында және құрылыстарда еңбек еткен.¹⁸⁴

Жалпы Қазақстан пролетариатының ішінде қазақтардың саны өте төмен болды. Мысалы, 1928 жылы Байқоңыр тас көмір кенішінде істейтін қазақ жұмысшылары 57,7 пайызды құраса, Ембімұнайда-52,2 пайыз, Жезқазған мыс рудниктерінде-44,4 пайыз, Қарсақпай мыс қорыту зауытында-30,2 пайыз, Риддерде-19 пайыз болды.¹⁸⁵ Ал 1932 жылдың тамыз айында Қарағандының №3 шахтасында 500 қазақ жұмысшысы болса, қазан айында оның 80-і ғана қалған. Сол жылдың күзінде Шымкенттің ірі қорғасын зауытын салу құрылысынан орыстардың қысымымен жұмыстан 485 қазақ жұмысшысы шығарылған.¹⁸⁶ Қазақ жұмысшыларының арасындағы сауатсыздықты жою дұрыс жолға қойылмады. Мысалы, мұнай өндірісінде істейтін қазақ жұмысшыларының арасындағы сауатсыздық 72 пайызды құраған.¹⁸⁷

Қазақстанда шикізат көздеріне жақын тиімді өндіріс орындарын салуға құлық танытпаған Орталық осы ниетімен ұлт аймақтарында пролетариат пен шаруаның одағын нығайту ісіне де өрескел зиян келтірді. Шикізат өндіру саласында және одан басқа да бірен-саран ғана шоғырланған өндіріс орындарындағы азын-аулақ жұмысшылардан басқа Одақтың өзге жерлеріндегідей, ірі-ірі өндіріс орындары салынбағандықтан, жұмысшы табы да аз болды. Мысалы, бірінші бесжылдық жылдарында ғана Одақ көлемінде 4500 ірі өндіріс орындары салынған болса,¹⁸⁸ мұның ішінде Қазақстанның үлесі мардымсыз болды. Қазақстанда бірлі-жарымды Шымкент қорғасын, Қарсақпай мыс қорыту зауыттары, Байқоңыр көмір кеніштері, Жезқазған мыс рудниктері секілді кен өндіретін шикізат көздерін ғана игеріп, Түріксіб теміржолы сияқты

құрылыстарын салумен шектелді. Бұдан біз Қазақстан жерінде индустрияландыру жылдарында ірі зауыт-фабрикалардың салынбағанын көреміз. КСРО-ның одақтас республикасы бола тұрса да, Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстан жеріне өндіріс орындарын салуға шектеу жасаған. Сол кездің өзінде-ақ, қазақ жерінің қойнауы сан алуан темір рудаларына, минералды тыңайтқыштарға және басқа да табиғи элементтерге бай екендігі мәлім еді.

Тек фашистік Германияның кенеттен соғыс ашуына байланысты жау қолына қалдырмау мақсатымен және соғысқа қажетті қару-жарақ, оқ-дәрі шығаруды, киім-кешекпен қамтамасыз етуді тоқтатпау үшін батыстағы зауыт, фабрикалар елдің шығысына, оның ішінде Орталық Азия мен Қазақстанға көшірілді.

Деревнядағы кедей шаруалардың жағдайы жерге ие болумен қатар фабрика-зауыттардың көптеп салынуына қарай жақсара беретін болса, ұсақ ұлт өкілдерінің жағдайы да сондай болады ғой деген сенім басым болды. Кедейлердің тұрмысын көтеру жөнінде жүргізіп отырған саясатымызбен қатар, олардың бірқатарының сол тұрған жерлерінде салынатын кәсіпорындарға жұмысқа орналасу қажеттігі артуда. Кезінде империалистік орыс буржуазиясы шет аймақтардан шикізатты ішке жөнелтіп, ал фабрик-зауытты өзінің қолы жететін жерге салдырса, социалистік өнеркәсіп шаруашылыққа қай жер тиімді болса, сол жерде салынып дамытылуы тиіс. Сондықтан шаруашылықты қалпына келтіру дәуірі бізге патша заманынан қалған “қарғыс атқан мұраның” салқынынан арылып, қоймай, әртүрлі ұлттардың іс жүзіндегі теңсіздігінің сақталып келуін бұдан былай дереу жоюды міндеттейді. Бұл міндеттің артта қалған шет аймақтарды социалистік құрылысқа жұмылдыру жолындағы бір іс, екенін айтқан Смағұл, оның шет жерлерде кеңес өкіметін нығайта түсудің басты кепілдігі де бола алатындығына бұлтартпайтын дәлелдер келтіріп, ұлттық мүддені алға тартты.¹⁸⁹ Смағұл Сәдуақасұлы еліміздегі индустрияландыру мәселесі Кеңестер Одағын Батыс Еуропа мен Американың капиталистік кіріп-тарлығынан азат ететінін, сонымен бірге сол одақтың

ішінде ұлтаралық қатынастарды да социалистік жолмен шешуге тиістігін көрсете білді. Қазақ Республикасының сол кездегі Одақтың толық құқығы бар бір мүшесі болғандығы рас болса, онда олар енді сырт қақпай көрмеуі тиіс екендігін дәлелдеуге тырысты. Оның құқықтары, Смағұл айтқандай, шындық бола тұрса да, сол кездегі билік басындағылар тарапынан көпе-көрнеу зорлықпен бұрмаланып отырды. Мысалы, БК(б)П Орталық Комитеті Орталық Азия бюросының төрағасы Исаак Абрамович Зеленский жолдастың “Сара бағыт” деген мақаласындағы,¹⁹⁰ “КСРО-ның экономикалық саясатының негізгі міндеті-кеңестік шаруашылықты капиталистік дүниеге тәуелділіктен біртіндеп құтқару мүмкіндігін қамтамасыз ету керек деген пікіріне, “Бұл бағыттағы Орталық Азия республикаларының міндеті ең алдымен, бізді капиталистік әлемге кіріптар етпей, оларға шикізат өндіретін шаруашылық салаларын дамыту болып табылады”-деген пікіріне қосыла отырып, бұл пікірдің зиянды жақтары бар екенін, онымен мүлде келіспейтінін де білдірген Смағұл: “кеңес шаруашылығы капиталистік әлемге кіріптарлықтан арылуға тиіс. Орталық Азия буржуазиялық әлемге кіріптарлыққа түспейтіндей, одан құтқаратын жағдай туғызатын шикізат өндіретін шаруашылық салаларын дамытуы тиіс. Алайда мұның бәрі-мәселенің бір жағы ғана. Мұнымен шектелу ұлттық республиканың келешек дамуына зиянын тигізетіні сөзсіз. Мәселенің екінші жағына келетін болсақ, Кеңестер Одағының, оның ішінде Орталық Азияның шаруа жағдайы қай бағытта дамуы керек деген сауал туады, басқаша айтқанда, біз зауыт-фабриктерді қай жерден салуымыз керек екендігі. Бұл мәселеге келгенде Зеленский жолдас бәз-баяғы ұлыдержавалық “сара” жолдан шықпай отыр. Ол жергілікті жерлерде шикізат көздеріне таяу өндіріс орындарын салуды томаға-тұйықтық, жалпы социалистік шаруашылықты дамыту тұрғысынан алғанда зиянды әрі қауіпті деп баға берді.¹⁹¹ Бұлай топшылаудың өзі-ескі сұрлеу дей отырып, ұлттық республикалардың экономикалық дамуының келешегіне көз жіберіп, оның шынайы бет пердесін ашып берді. Өкінішке орай бұл сын, пікір уақытында ескерілмеді.

Біріншіден, Зеленский жолдастың әр республиканың шаруашылығын ешкіммен қатысы жоқ жабық шаруашылық етіп құрғысы келетіндер (бұнысы жергілікті ұлт өкілдері ғой) бар дегені шындыққа жанаспайтын ой екендігін, екіншіден, Орталық Азиядан мақта әкету жақсы да, ал дайын мата әкету томаға тұйық шаруашылықтың белгісі ретінде қарау деген пікір қандай теориядан туындайды? Бұл-негізсіз айтылған пікір, адасушылық. Өнеркәсіп шикізат көздеріне нақ осы жүйелі шаруашылық тұрғысынан алғанда қажет. Сол шаруашылық пайдалы болсын десек, өнеркәсіп орындары шикізат өндірілетін жерге мейлінше жақын болуы тиіс деп, ұлттық мемлекет үшін тиімді жолды көрсетіп, соның қажеттілігін барынша дәлелдеді. Бірақ Зеленский жолдас өзінің “сара бағытына” берік, одан қайтар емес, өйткені оның сыртында тұрғандар сол кездегі саясатты жасаушылар, мүдделестер еді. Оның соңғы дәлелі: “Бұл жерде шаруашылық қисынды ғана емес, сондай-ақ, саяси қисынды да ескеруге тура келеді деп ауытқи қалуы. Шындыққа төтеп бере алмай, қалайда Орталықтың мүддесін қорғап қалудың амалына көшкендігі. Томаға-тұйық шаруашылық идеясын жақтаушылар бізге таптық тұрғыдан жау элементтер болып отыр... Орталық Азияда шаруашылықты дербес дамытудың идеологы да, панисламның белгілі қайраткері де Мұстафа Шоқаев”¹⁹² болған деп бұл есімді көтеріліп отырған мәселемен қосарлай айтуынан оның, бұл жерде сендіру әдісінен ықтиярсыз көндіру әдісіне дәлірек айтқанда, қорқыту әдісіне көшкені байқалады. Шоқаев деген “контра” бар көрінеді, национал-жігіттер, байқандар, болмаса, біз сендерді соның қатарына жатқыза саламыз деп, индустрияландыру туралы көзқарасын, ойдан құрастырған саяси қисынымен байланыстырып осылай көлденең тартып отырған.»¹⁹³ Осы қисынды “қиыстырып” тұрған әміршіл-әкімшіл жүйе өз дегендерін істетпей қоймады. Смағұл айтып дәлелдеген пікірлер қаншалықты ақиқат болғанымен, заман талабына, Орталықтың саясатына сай келмеді. Тәуелділік өз дегенін істетті...

Осы маңызды мәселеде сол кездегі республиканың жауапты қызметкерлері де опасыздыққа барып, шет аймақтардағы индустрияландырудың рөлін қасақана “түсінгілері” келмеді. Смағұл Сәдуақасұлының жергілікті халықтардың болашағына ауадай қажетті осы индустрияландыруды қазақ жерінде де жүргізу туралы маңызды пікіріне аш бөріше жабылды.

Сәдуақасұлының жергілікті жерді индустрияландыру туралы пікірін жоққа шығарушылардың бірі БК(б)П Орталық Комитетінің жауапты хатшысы Ф.И.Голощекин болды. Ол 1927 жылы қараша айында өткен БК(б)П-ның VI Бүкілқазақтық партия конференциясындағы жасаған өлкелік партия комитетінің есепті баяндамасында Смағұлға қарсы: “Оның (Смағұлдың) ойынша, Қазақстанның социалистік дамуы жайында қашан өзіміздің дамыған өнеркәсіптеріміз, өзіміздің дамыған қалаларымыз болғанда ғана сөз етуге болады” және ол Қазақстанның социалистік жолмен дамуы туралы емес, керісінше өнеркәсіп туралы айтып қоймады”-деп,¹⁹⁴ бір-бірімен тығыз байланысты социалистік даму жолы мен өндіріс орындарын салу мәселелерін бөлек алып қарап шатасты. Онымен қоймай, Сәдуақасовты КСРО-ның мәнін және пролетариат диктатурасының артта қалған ұлт республикаларының дамуына тигізетін ықпалын түсінбейді, не түсінгісі келмейді, ол Қазақстанның дамуын КСРО-дан тәуелсіз дербес мемлекет ретінде көргісі келген буржуазиялық ұлтшылдарша ойлайды деп кінә тағады. Бұл-қателік, оның мәні мынада: “әзірше бұл жерде жоғарғы биліктің қажетті тұтқаларын жасақтамайынша, Қазақстан социализмге қарай дами алмайтындай көрінуде” деп, дұрыс қойылған мәселені пролетариат диктатурасымен шатастырады. КСРО-ның өз ішінде осылайша қойылған бұл мәселе әрбір аудан елді индустрияландыруға бүкілодақтық еңбек бөлінісінің негізінде, Кеңестер Одағын индустрияландырудан, яғни әрбір ауданның өзіндік және экономикалық ерекшеліктері ескеріле отырылып қатыстырылады. Егер біз осы мәселені Сәдуақасов айтқандай, немесе өз кезінде ұлтшылдардың жиналысы шешкендей, барлық шет аймақтарды бөліп

алып, оларды индустрияландырып және үлкен зауыттардың құрылысын жүргізсек не болар еді? Онда ешқандай индустрияландыру болмаған болар еді, біз онда тек “Төрткүл Ленинград болғанша, Қызылорда Мәскеуге теңелгенге”¹⁹⁵ дейінгі ондаған жылдарды тосумен болар едік деген қисынсыз баламаны мысалға келтіреді. Және 5 жылдыққа Қазақстан дамуының сипатына қарай, жалпы міндеттері және жергілікті ерекшеліктеріне сәйкес, шикізат базасы ретінде ғана кіруі тиіс деп кесіп-пішеді. Осылай алалау сұрқиялылық, шындықты бұрмалау болды.

“Қазіргі мал шаруашылығының дамуын оның товарлылығы жөніндегі және өзара айырбас мәселелерін алыңыздар, осылар КСРО-ның даму мүддесіне сай келе ме? Иә, келеді. Бұл сонымен бірге одақтық өнеркәсіпке пайдалы болып табылады. Одақтық өнеркәсіп бізде бар техникалық дақылдар жүн, ет, тері саласына және тағы басқаларға тәуелді болуы мүмкін және біздің бұдан әрі дамуымыз үшін үлкен маңызы болады. КСРО-ның көлеміндегі индустрияландыру дегеніміз, яғни ауыл шаруашылығының мәдени түрлерінің дамуы, оның товарлылығын ұлғайту, одақтық өнеркәсіпті қамтамасыз ету үшін және елдің ішкі қажеттілігін қанағаттандыру үшін азық-түлікті молайтатындай етіп қаржыландыру және бұл көпшілік тұрғындардың пролетарлық бөлігінің мүддесіне сай келуі деген сөз. Сондықтан ірі зауыт пен фабрикаларды емес, ұсақ және орта шаруа қожалықтарын дамытып және оларды ұжымдастыру қажет”, - деген байлам жасалды.¹⁹⁶

Жауапты хатшының бұл амалдарының негізсіз екендігін дәлелдей келіп, Смағұл: “Голощекин жолдас өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының соңына апарып тіркеп, сол арқылы Қазақстанның ауыл шаруашылығымен мәңгі-бақи айналысатынын алдын-ала кесіп-пішуі және өнеркәсіп туралы айта тұрып, жөндеу шеберханаларын ғана ұсынуы қалай? Жұрт атам заманнан кебісін жамап, күрегін жөндеп келеді, бірақ мұны әлі күнге дейін “өнеркәсіп”, оның үстіне “өнеркәсіп саласындағы негізгі кәсіп” деп атаған емес. Шұға фабрикаларын ұйымдастыру өзінен сұранып тұрған кезде Голощекин жолдас неге жүн

жуатын машинадан әріге бара алмайды, дәлірек айтқанда, барғысы келмейді? Жуылған жүнді бір алып кетіп, осы жүннен тоқылған “москвалық” шұғаны қайта алып келіп жүргеннен гөрі Қазақстаннан дайын шұғаны бірден алып кету темір жолдарға да жеңіл емес пе? Жүйелі шаруашылық біздің тұжырымдарымызды жақтайтын сияқты, ал Голощекин жолдас өзінің мүдделесі Зеленский жолдастан үлгі алып, бізді “Қазақстандағы томағатұйық шаруашылықтың” қорғаушылары немесе, оның (Голощекиннің) сөзімен айтқанда, “қазақ ауылының әлеуметтік-экономикалық құрылымына қол сұқпауды жақтаушылар”¹⁹⁷ дейді.

Сол кезде Сәдуақасов жанталаса дәлелдеген Қазақстанның КСРО-ның толық бір мүшесі ретіндегі құқығы сақталуын, негізінде, социализмнің ірге тасының негізгі буыны болып саналған елде жүргізілген индустрияландырудан шет қақпай көрмеуін айтып, осы мәселе төңірегінде қызу саяси айтысқа түсті. Егер де кезінде республика басшылығындағы басқа да қайраткерлер отаншылдық сезім танытып, Смағұлды қолдаған күнде сол жылдарда қолдан жіберіп алған мүмкіншіліктер жүзеге асып бүгінгі күнгі ұрпақ игілігіне қызмет еткен болар еді. Бірақ олай болмай, қоғам қайраткерлері деп саналған ел билеген қазақ азаматтары өздерінің жеке бастарының мүддесін халық мүддесінен жоғары қойғандықтан, “кіші Қазанның” теоретигі Голощекиннің жетегінде кете барды.

Туған жеріне, өз еліне өнеркәсіп орындарын салуға қарсы шығушылардың бірі, сол кездегі БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы Ораз Жанұзақұлы Исаев болды. Ол “Сәдуақасовтың айтуынша, біздің Одақтың ішіндегі ұлтаралық қатынастар әрбір шет аймақтағы республикаларда, әрбір ұлттарда кішкентай зауытсымақтар, шойынжол бөлігі, ең болмағанда қандай да болмасын фабрикалар т.б. салынса, сонда ғана шешіледі. Осы жерде Сәдуақасов “ортақ өгізден жеке бұзауым артық” деген қазақ мәтелін ұмытпай, соны басшылыққа алыпты. Сәдуақасов, бұл мәтел ескірді! Сен өткен күнмен өмір сүреді екенсің, ұлтаралық

қатынастар бұлай шешілмейді. Пролетариат диктатурасы жағдайында дәл бұлай істеу социализмге қарама-қайшы. Пролетариат диктатурасы, егер ұлтаралық мәселені шешсе, онда социалистік құрылыстың табысты болуы сөзсіз, ол жаңа Коммунистік қоғамның негізін біржолата нығайтады, сонда керісінше болады-”ортақ өгіз” бәрінен артық болады” – деп, көрегендік танытқансыды.¹⁹⁸ Ал сол, “ортақ өгіз” принципінің келешегі жоқ екенін уақыт көрсетті, оған өзіміз және бүгінгі күн куә.

“Біздің Одақты индустрияландыру, біріншіден, біз үшін, Одақта іс жүзінде социализмді орнататын мәселе болып табылады, өйткені елдің өндіргіш күштерін жетілдіру, біздің мәдени және техникалық жағынан артта қалған еліміздің ұсақ өндірістерін социализмге жеткізу тек индустрияландыру арқылы ғана жүзеге асады. Екіншіден, халықаралық революцияның қазіргі жағдайында біз тек индустрияландыру арқылы ғана Одақта социализм орната аламыз, Еуропа мен Американың буржуазияларынан тәуелсіз болып, олардың экономикалық және саяси тіміскілеулеріне төтеп бере аламыз. Сәдуақасов Қазақстанның осы тұрған қазіргі қалпын дәлел ете отырып, оны дереу өзгелермен іс жүзінде “теңестіру” мәселесін қояды. Қазақстанды Қазан революциясы өмірге әкелгені және ол Кеңестер Одағының бір бөлігі екендігі Сәдуақасовтың басына келмеген бе? Қазақстан бұдан бұрын дәл осындай болмағанын, ол орыс буржуазиясының шикізат алатын отары болғанын ол біле ме екен? Сондықтан біз үшін ең бірінші және негізгі мәселе болып табылатын Қазақстанның өзінің аяғынан тік тұрып кетуі біздің революцияның, біздің Одақтың нығаюымен байланысты екені оған түсінікті бола қояр ма? Біздің жау қоршауында тұрғанымыз, біздің Одақ әлемдегі бір жалғыз Кеңестер елі екені немесе бізді қоршаған капиталистер ол үшін мүлде жау болып табылмай ма, оның осыдан хабары бар ма? Одағымызды нығайту, осы жағдайдағы оның қорғаныс қаблеттілігінің болуы-біз үшін басты мәселе”¹⁹⁹ деп негізгі ойды басқа жаққа аударған. Жүргізілетін шаралардың бәрі осы мақсатқа икемделе жүргізілуі тиіс. Бұл әрине, Одақтың

өз ішіндегі таптық мәселелердің де дұрыс шешілуіне әсер етеді деп оның маңыздылығына да сипаттама беруге тырысты. Одақтың жалпы ішкі және сыртқы жағдайларымен байланысу мүмкіншіліктері және шет аймақтарды одақтың алдыңғы бөлігімен “іс жүзінде теңестіру” тоғышарлық болып табылады деп бұл қадамға басқаша қарайды. Біршама артта қалған біздің елімізде индустрияландыру жеңіл шаруа емес екендігін айтып қорқытпақ болады...-деп, негізгі мәселені талқылаудан тайсақтап, оны өзге арнаға бұра тартып отырған. Осы мәселені шешуде Сәдуақасовтың қарсыластары империалистік Ресей кезінде Қазақстанның шикізат көзі болғанын оның дұрыс еместігін мойындайды. Сол өлкені индустрияландыруға келгенде сынықтан сылтау тауып, сырғақтауларының басты себебі олардың, сол отаршылдық көзқарастан арылмауы, Қазақстанды баяғы пифылмен қабылдауы болып табылады.

Орыстың империалистік буржуазиясы шет аймақтарды бірінғай арзан шикізат байлығын соратын және товарды өткізетін аудандар ретінде ұстағаны рас. Мұндай үрдіс пролетариатқа жат екендігі де шындық. Пролетариат жаңа социалистік қоғам орнатуға және шаруашылықты мақсатқа сай жүргізуге мүдделі. Бірақ орталық фабрикаларға Орталық Азиядан мақта әкету, Қазақстаннан шикізат тасу, барлық фабрикаларды Орталық Азияға көшіруден гөрі, нағыз шаруашылық мақсатқа сай келеді. Орыс өнеркәсібінің революциялық пролетариаты жалғыз КСРО-ның емес, дүние жүзі еңбекшілері армиясы құрамының алдыңғы қатарлы бөлігі болып табылады. Бүгінде қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, біз Иваново-Вознесенскінің, Мәскеудің және Ленинградтың маман пролетариаттарын шашау шығармай сақтап, ал шет аймақтардағы өнеркәсіп пролетариатын қалыптастыруды әзірше қоя тұруды көздеп отырмыз. Ертеректе жұмысшылар империалистер салған зауыт пен фабрикаларда шоғырландырылса, оған олар кінәлі емес қой деп, мәселені басқа қажетсіз мысалдармен дәлелдемек болады. Өз дәлелдерін дұрыс деп есептеген Голощекин пролетариаттың ұйымдасқан

тобын бытыратуға, олардың арасына іріткі салуға жол бермейміз” деп, өздеріне пайдалы негізсіз сылтауды, бұл мәселеге қатысы шамалы саяси мысалдарды тықпалайды. Іс жүзінде сол шет аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда, өнеркәсіп орындары жандануда, пролетариат өсуде²⁰⁰ деп жоғарыдағы өз сөзіне қарсы шыққан ол: “Сәдуақасов Қазақстанды Орталықтан бөліп алып, Россиямен экономикалық байланысты мүлдем үзгісі келеді”-²⁰¹ деген айып тағуға көшеді.

Смағұлдың осы жергілікті жерде де индустрияландырудың жүргізілуі өте қажет деген көзқарасына қарсы Голощекиннің шашбауын көтеруші БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің мүшесі Құрамысов Измұқан Мұқашұлымен бірге сол жылдары РСФСР-дің экономика кеңесінің мүшесі қызметін атқарған Сейітқали Меңдешовтер де өре тұрып қарсылық білдірген.

Г.Ф.Голощекиннің сойылын соғушы белсендінің бірі І.Құрамысов 1928 жылғы 20 ақпандағы “Советская степь” газетінің № 42 санындағы жарияланған мақаласында: “ұлтшыл-демократияның” Қазақстандағы әйгілі “Дон-Кихоты” Смағұл Сәдуақасұлы» деп айғайлатып айдар тағып, кінәлай тиісіп, индустрияландыру мәселесіне арнаған мақаласына негізсіз шүйлігеді. Осы мәселеге өздерінің азын-аулақ болса да тоқтағысы келетіндіктерін ескертіп, егер мына Смағұл большевиктердің таңдаулы өкілдерін жамандамаса, Қазақстандағы партиялық бағытқа қарсы күрес жүргізбесе, “сәдуақасовшылдық” партияға қарсы ағым деп айыпталмаған болар еді деп жол көрсетпек болады. Оның нені аңсайтыны түсінікті, Смағұлдың айтуынша, Қазақстандағы шығатын шикізаттың барлығы сол жергілікті жерде өңделуі тиіс. Яғни ол мұнысымен Қазақстан шикізатын өңдейтін барлық зауыт-фабрикалардың жабылуы туралы мәселені қоюшы болып табылады. Мәселені осылай қою ұлтшыл-демократтардың таяу уақытқа арналған шағын бағдарламасы (программа-минимумы) екені талассыз деп көрсетсе, ал бағдарламаның түпкі мақсаты (программа-максимумы) Кеңестер Одағынан ұлт аймақтарды және ең бастысы Қазақстанды бөліп алу ұраны болып

табылатындығы сөзсіз деген деңгейге дейін барды. Ал, шындығында олар бұл бағыттың дұрыс-бұрысын еңбекшілерден сұрамай, олардың еркінен тыс қазақтың ұлтшыл зиялылары, (алаш-ордашылар) оның ішінде Сәдуақасов та, Қазақстан еңбекшілеріне билік жүргізуде өздерін осы өлкенің заңды мұрагеріміз деп қарауға әдеттенген” - деп жала жабуға тырысады.²⁰²

“Сәдуақасовтың индустрияландыруына қайтып оралсақ – дей келіп, Құрамысов жолдас “егер партия осы жолға түссе не болар еді” деп өкінішін білдіреді”. Онда орталық аудандарда бірнеше зауыт, фабрикалар тоқтап қалып, онсыз да белең алған жұмыссыздықты одан сайын өсірер еді. Ең ақыры осындай ұрандар көтерген Сәдуақасов панисламистер Шоқаев, Исқақов және Валидовтардың қатарына кіріп кеткендерін өздері білер ме екен?-деп астарлайды” Біздің партия осы мәселелердің бәрін елімізді индустрияландыруға бет алған бағыты бойынша шешеді, оның ішінде ауыл шаруашылығын арнайы аудандар құру арқылы үйлестіруді күшейту жолымен, демек, кейбір аудандардың бір-біріне өзара тәуелділігін сақтап, сонымен қатар біздің импортқа тәуелділігімізді барынша азайтуды көздейді. Сәдуақасовтың бұл қадамы біздің шаруашылықта социалистік элементтердің өсуіне қарсы бағытталған бай элементтердің әрекеті”-деп түйіндеп, оны “халық жауы” атандырды²⁰³

Ал, С.Мендешов болса 1928 жылғы 17 наурызда Мәскеуден “Большевик” журналының редакторы Е.Ярославскийге арнайы коммунистік сәлеммен хат жолдайды. Ол осы журналдың №1 санындағы жылдың басында жарық көрген Смағұл Сәдуақасұлының аталмыш мақаласын өзінше сынап “ұлттар мен ұлт өкілдері туралы мәселелер” атты оған қарсы мақаласын жазады. Онда Мендешов Смағұлдың пікіріне негізсіз тиісіп, оған күйе жағуға тырысып бағады. “Менің, дейді-Сейітқали Мендешев, Қазақстанда жүргенде “Сәдуақасовшылдықпен” ымырасыз күрес жүргізгенім сізге белгілі. Бұл жолы да ол индустрияландыру мәселесі төңірегінде Зеленский мен Голощекин жолдастарды ұлыдержавалық шовинистер, партия бағытынан ауытқушылар деп кінәлауды негізсіз

деп санап, оларды ақтамақ болады. С.Сәдуақасұлын осы мақаласында ол өзін ұлтшылдардың нағыз саяси идеологымын деп отыр деп ғайбаттайды.²⁰⁴

Осындай басшылардың арқасында ел тағдыры тәлкекке түсіп, ұлт келешегі кері шегерілді. Түріксіб сияқты бірен-саран құрылысты есептемегенде, ұзақ жылдар қазақ жері сол баяғы қалпында “шикізат көзі” ретіндегі күйін кешті.

Ел ағасы ретінде мемлекеттің басшы қызметінде болған, көзі ашық осы азаматтар Смағұлдың озық ойын түсінбеді дей алмаймыз. Олар түсінгісі келмеді, Голощекинге бас иіп, ол жүргізген саясаттың құлы болды, халық, ұлт мүдделерін өздерінің қара басының қамдарына айырбастай салды. Осылай жағымпаздану, сатқындыққа бару неге апарып соғарын біле тұра көз жұмып, құлшына кіріскен, өз елінің өткен тарихына, тұрмыс-тіршілігіне тәкәппарлықпен қарап, қазақы мәдениет, салт-дәстүрден өздері жеріп шошынған, ел үміт артқан “ағаларымыз” болғандығы-шындық. Сонымен бірге солар секілді халқын сатуға ойланбай-ақ даяр тұратын, оның тағдырына немқұрайды қарайтын, жеке басының күйін күйттеп, опасыздыққа оңай бара беретін “азаматтар” әлі де баршылық. Келешекте тарихтың өзі олардың кім болғандығын таразылап берері ақиқат.

Бүгінгі ұрпақ Смағұлдай ардақты азаматтың әруағына тағзым етіп, оның ғибратты өмірінің бір сәтін еске алып, одан тәлім алуы керек. Өйткені бүгінде Смағұл ағамыздың ұлтжандылық қасиеті біздерге ауадай қажет-ақ болып тұр.

Ардақты ағамыз 1933 жылдың күзінде елден жырақта жүріп дүние салады. Осы суық хабарды естіген ақиық ақын Мағжан Жұмабаев оның өлімін аза тұтып, қазақтың жанашыры болған Смағұлды былайша жоқтайды:

Жас Смағұл үздік туған бала екен,
Байтақ елге асқар таудай пана екен.
Сол баладан, сол панадан айрылған,
Қайран қазақ, орны толмас жара екен.
Кім біледі ердің асыл туған баласын,
Байтақ елдің асқар таудай ағасын.
Ажал шіркін, қарамайсың ажарға,

Тағдыр тартып, жыртқызыпты жағасын.
Аққуы жоқ, қаздары жоқ көл жетім.
Смағұлдай баласынан айрылған,
Қайран қазақ болдың бүгін сен жетім,

-деп қабырғасы қайыса, өзегі өртене күңіренуі тегін емес екен. Мағжандай ақынның көріпкелдік қасиетіне бүгінгі ұлтжанды ұрпағы тәнті. Сол орны толмас жара жазылмай, сол жетімдіктен әлі құтыла алмай жүрген сияқтымыз. Смағұл Сәдуақасұлының сол 20-жылдардың ішінде көтерген өзекті мәселелері күні бүгінге дейін өзінің маңыздылығын жоғалтпапты. Оған сол кезде айтқан: «Қазіргі уақытта еліміз күйзелістерге емес, творчестволық және қалыпты, бейбіт еңбекті қажет етуде, елімізде жаңа экспроприациялар емес, еңбек пен ғылым құтқарады»,²⁰⁵ - деген сөзі дәлел.

Жаппай индустрияландыру бағдарламасында көрсетілген мәселелерді орындау барысы мен одан туындаған азық-түлік ресурстарының тапшылығы шаруаларға қасіретке толы ауыртпашылық әкелді. Шаруашылық саласындағы пікір таластардың Қазақстан үшін ең маңыздысы елді индустрияландырудағы республиканың орны еді. Патша өкіметінің заманынан бері жалғасып келе жатқан қате көзқарастың бірі-ұлт республикаларына, оның ішінде қазақ жеріне, шикізат шығаратын ел ретінде қараушылықты тоқтату қажеттігі болатын. Өз шикізатын өңдеп шығаратын өндіріс орындары жоқ ел ешуақытта да өзгелерге тәуелді болудан құтыла алмайтындығын алғаш айтып, сол жолда жанын «садаға» қылған С.Сәдуақасұлы болды. Оның жас республика Қазақстанға ауыр өнеркәсіп орындарын салу қажеттігі жолында күресінің сол кезде өзге әріптестері тарапынан қолдау таппауы бүгінгі ұрпақты тиісті үлесінен айырып, әлі де сол кіріптарлықтан шыға алмай отыруы сол бас сауғалаудың салдары еді.

Бүгінде тарихи оқиға ретінде ғана жетіп отырған С.Сәдуақасұлының отаншылдық қасиетін үлгі тұту, содан гизрат алу. С.Сәдуақасұлын ұлттық мүддені қорғаушы мемлекет қайраткері ретіндегі дәрежеге көтеріп бағалау, оның бұл үлгілі ісі мемлекет тарапынан өз дәрежесінде елеп ескерілмей келеді.

Түріксіб

1926 жылы 25 қарашада БКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Мемлекеттік жоспарлау комитеті ұсынған Одақ көлеміндегі маңызы бар жұмыстардың ең кезек күттірмейтін мәні бары Сібір мен Орталық Азияны қосатын Жетісу теміржолы мен Днепрге салынантын электростанция деп саналды». Бұл аталған теміржол құрылысы 1926 жылы 3 желтоқсанда басталды. Теміржол құрылысын еліміздегі теміржол құрылысының білгір маманы бұрынғы революционер В.Шатов басқарды. Ресей Федерациясы Үкіметі бұл құрылысқа басшылық жасауды сол кездегі РСФСР Совнаркомының Төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловқа жүктеді. Бұл жұмысқа Қазақстан тарапынан Республика Совнаркомының Төрағасы Н.Нұрмақов жауапты болды. Түріксібтің негізгі мақсаты Сібір мен Орталық Азия арасындағы жүк тасмалын іс жүзіне асыру болды. Түріксіб құрылысы басталған алғашқы станция Арыс елді мекені болды. Ал Арыс пен Ташкент қаласы аралығы 200 шақырым болатын. Осы Арыстан оңтүстікке Ташкентке, шығысқа Луговой станциясына қарай темір жол тартылды. Бұл жол құрылысы 1924 жылы салынған еді. Кейін Түріксібтің негізгі құрылысы Осы Луговой станциясынан Барнаул қаласы арқылы Новосибирскіні жалғастырды. 1927 жылы 23 қаңтарда Луговойда алғашқы костыль қағылды. Бұл Түріксіб құрылысының бастамасы болды. Сөйтіп Түріксіб белгіленген мерзімнен 17 ай бұрын 1 май мейрмына 2 күн қалғанда аяқталды. Түріксібтің аяқталуына арналған салтанатты жиын 1930 жылы 28 сәуірде Айнабұлақ станциясында өткізілді. Жолдың ұзындығы 1442 шақырым болды. Теміржол құрылысында 100000 адам жұмыс істеді.

4.4. Ауылдың таптық жіктелуі. Ашаршылық нәубеті

«Таптардың өмір сүруі өндіріс дамуының белгілі бір тарихи фазасына ғана байланысты» деген Маркстің²⁰⁶ ілімін жалғастырған большевиктер көсемі В.И.Ленин: «Таптар, деп адамдардың үлкен топтарын, қоғамдық өндірістің тарихи белгілі бір жүйесінде олардың алатын

орнына қарай, өндіріс құрал-жабдықтарына, олардың (көбінесе заңмен бекітіліп, қалыптасқан) қатынасына қарай еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастырудағы олардың рөліне қарай, ал олай болса, қоғамдық байлықтан олардың алып отырған үлесінің мөлшеріне және ол үлесті алу әдістеріне қарай айырылатын топтарын атаған ...»²⁰⁷

Сөйтіп, марксизм-ленинизм классиктері таптар арасындағы негізгі айырмашылықты өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастың бірдей болмауымен байланыстырады. Таптар туралы осы анықтама 20 жылдары рулық-патриархалды құрылыстан әлі арыла қоймаған қазақ ауылдарына еріксіз таңылып, бұл мәселедегі Ресей тәжірибесі оларға өзгеріссіз көшірілді. Ауылдағы таптық жіктелудің жаңа процесі осылай большевиктердің мемлекеттік билікті иемденуімен тікелей байланысты болды. Бұл мәселе көтерілген кезде-ақ, қазақтың ұлттық көсемдеріне айналған, біртуар азаматтары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақта бай мен кедей арасында таптық қайшылық жоқ, оларда рулық мүдде немесе жалпықазақтық мүдде ғана бар және ол таптық мүддеден басым түсіп отырады»- деген тарихи дәлелденген ғылыми тұжырымдарына әу бастан шошына қараған Голощекин бастаған топ тарапынан ол «ұлтшыл реакциялық теория» ретінде бағаланды.²⁰⁸

Жаңа үкіметті өмірге әкелген большевиктердің қағидалары бойынша тап күресінсіз жаңа қоғамның ауысуы мүмкін емес болатын. Тап күресін жүргізу үшін оған тиісті алғышарт керек болды. Большевиктер ондай алғышарт болып табылатын қазақ даласында бұрын мүлде болып көрмеген, антагонистік таптарды қолдан жасауға кірісті. Ондай таптық жіктелу өздігінен болған жоқ. Оған қазақ ауылдарындағы жоқтан бар етіп жасалған жасанды таптық жіктер пайдаланылды. Осы таптық жіктелу ауылдарда жоспарлы түрде жүргізілген екі науқан, шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу мен байлар және жартылай феодалдарды тәркілеу барысында, тіпті, қарқынды түрде жүзеге асырылды. Қазақ ауылдарындағы халықты таптық жіктерге бөлу бұл науқандарға дейін-ақ, қолға алынған болатын. Ал аталған

науқандар нәтижесінде қазақ ауылдарындағы жалпы халық әр түрлі әлеуметтік жіктерге бөлінді. Олардың ең негізгілері большевиктер, байлар мен ірі феодалдар деп айдар таққан қазақ ауылының ауқатты бөлігі, дін басылары болса, екіншісіне кедейлер жатқызылды. Сондай-ақ, бұл екінші топ кедейлер, яғни «қаналушылар» қатарына батырақтар мен жалшылар да кіргізілді. Сонымен VI партия конференциясында Ф.Голощекин айтқандай: «... ауылда екі мықты полюс қалыптасты, бірі-62-70 пайызды құраған кедейлер де, екіншісі-байлар мен жартылай феодалдар.²⁰⁹

Ал енді, осы аталғандарға тоқталар болсақ, ірі байлар мен жартылай феодалдар 1925 жылдың 21 қарашасындағы ҚазОАК-тің берген түсініктемесінде былай деп сипатталған. «Табын-табын малдары бар ірі байлар»-деп, меншігіндегі мал санының мөлшері ең кем дегенде бір адамның еңбегін қанайтындай дәрежедегі шаруашылығы барлар жатады деп түсіндірілді.²¹⁰ Ал енді осы «қанаушы» тапқа мал басы жоғарыдағы деңгейге жетпесе де, діни ұйымдардың өкілдері, имамдар, ишандар, хазіреттер, қазилар, қарилар, мүфтилер де жатқызылды.

Осы өтпелі кезеңде ауылдың еңбекші жұрты жалпы кедейлер болып аталғанымен, олар (кедей, жарлы) батырақтар (малайлар, жалшылар) және орташалар (күнкөргіш, дәулетті шаруа, ауқатты, орта шаруа) болып келді. Бұлар бір-бірінен өздерінің шаруашылық жағдайларының дәрежесі бойынша ерекшеленді.²¹¹

Ауыл халқын таптық жіктерге бөлуде басты рөл атқарған қағиданың былай қарағанда шаруашылық мәні бар болып көрінгенімен, ал ақиқатына келгенде, оның саяси астары одан да тереңірек болған. 1926-27 жылдары жүргізілген шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқаны осы мақсатты жүзеге асыруға жұмылдырылды. Бұл науқан 1926 жылғы 20 мамырдағы қабылданған ҚазАКСР-нің Орталық Атқару комитеті мен ХКК-нің барлық жергілікті Кеңестерді шабындық және егістік жерлерді шаруашылық ауылдар мен жеке шаруашылықтарға өздерінің әкімшілік территориясы шеңберінде тең етіп бөлуге жедел кірісуге міндеттеген

декреті негізінде жүргізілді. Бұл декретті іс жүзіне асыруға республиканың 218 болысындағы партия, кеңес органдарының ең таңдаулы бөлігі жұмылдырылды.²¹²

Науқанды жүргізу үшін барлық қазақ ауылдарында құрамында ауылдық кеңестің бір өкілі, жергілікті “Қосшы” одағы ұясының төрағасы, еңбекшілер атынан кеңес органдарының уәкілдері бар үштіктер құрылды. Бұл үштіктердің міндеті шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы ауыл халқының таптық жіктерін ажырату болды. Осы науқан жүргізілетін мәселенің негізіне көз жүгіртер болсақ, қазақтар көшпелі ғұмыр сүріп, көбінесе мал шаруашылығымен айналысқандықтан, олардың көпшілігінде тек шабындық және жайылымдылық иеліктер ғана болған. Ал егістік жерлер отырқышылыққа ертерек бейімделген кейбір аудандарда ғана кездесті. Науқан алдында жоғарыда сөз болған шабындық және жайылымдық жерлердің көп бөлігі байлар мен жартылай феодалдар деп аталғандардың, яғни ауқатты шаруалардың, олардың руластарының, сондай-ақ, орыс мұжықтарының иеліктерінде болып келді. Жүргізілген науқан нәтижесі бойынша қанаушылар деп есептелген байлар мен жартылай феодалдардан 1136 мың гектар шабындық және 1250 егістік жерлер тартып алынып, қазақ еңбекшілеріне қайта бөлініп берілді. Кеңестер өкіметі осы жерлерді өздері мөлшерін қолдан жасаған әдістер бойынша, белгілей отырып, әр түрлі таптық жіктерге бөлді. Олардың арасында 61,6 пайыз шабындық иеліктер мен 59,3 пайыз егістік жерлер алған кедейлер мен батырақтар да, 38,4 шабындық және 40,7 пайыз егістік жер иеліктеріне ие болған орташалар да болды.²¹³ Ауылдағы таптық жіктелуі барынша қарқынды жүргізілді. Таптық жіктелудің мұндай шапшаң жүргізілуі, осы істі қолдан жасаған Кеңес өкіметінің күштеу, зорлық жасау әдістерін жаппай қолдануының нәтижесі еді.

Шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу науқаны барысында тиісті жер үлестерін алған әр түрлі тап жіктерінің жалпы саны, тек есеп үшін шартты түрде ғана көрсетілді. Ойдан құрастырыла салған таптардың сандық көрсеткіштері де сол кездегі саясат үшін ауадай

қажет болған секілді. Мысалы, қайта бөлу нәтижесінде жер алған орташалар туралы мәліметтің жорамал дерек екенін, сол кезде мемлекеттің жоғары лауазымды қызметінде болған А.Асылбековтің сөзінен байқауға болады. Ол: “1928 жылға дейін ауылдағы таптық жіктердің өзіндік ерекшеліктері болды, ол бір-біріне қарама-қарсы қойылған ауыл кедейлері мен батырақтары (ауыл халқының 60 пайызға жуығы) да, екінші жағы байлардан тұрды. Ауылда орташа басты тұлға болып, шешуші рөл атқармады.”-деген пікір білдірген.²¹⁴

Бұл пікірді БК(б)П VI Бүкілқазақстандық партия конференциясында “Ауыл орташасы туралы” жасаған баяндамасында Ф.Голощекиннің өзі де растап: “Кейінгі кезде біздегі ауыл орташасы туралы мәселе, басқа жерлердегідей деп айтатындар табылды. Бұл дұрыс емес. Бізде орташа бар ма? Бар, бірақ ол шешуші рөл атқармайды және ауылда басты тұлға да болып табылмайды”-деген болатын.²¹⁵ Міне, солай бола тұрса да, сол кездегі осыған қатысты көптеген ерекшеліктер ескерілмей, ауылдың көбі орташалар еді деген мүлде қате пікір қалыптастырылды. Осы негізде ауылдың тап жіктерін әркім өзінше әр түрлі бағалап, қателесті. Сол жылдары жұрттың көбі екі-ақ тап бар, олардың бірі байлар да екіншісі пролетариат деп білген. Ал шаруалар осы екінші тапқа қосылады деп түсінген. Кейбіреулер байлар табы пролетариат және кедей мен орта шаруалар табы бар деп адасты. Бұл көзқарас дұрыс емес, өйткені кедей мен орта шаруалар қосылып жеке бір тап бола алмайтын еді. Себебі өндіріс құралдарына олардың қатынастарының арасында үлкен айырма бар болатын, ол айырма мынау: орташаны ешкім қанамады, қайта кейбір жерлерде орта шаруа өзі кісі еңбегін пайдаланатын кездері де болған. Ал кедейлерде ол мүмкіншілік болмады. Ол қашан да кісіге жем болып, еңбегінің игілігін әлдекімдер көрді. Пролетариат пен орта шаруаның (орташаның) қоғамдағы өндіріс қатынасы жағынан алатын орындары да бөлек. Пролетариаттың меншігі жоқ та, қара шаруаның (орта шаруа) меншігі бар. Бірақ жалпы алғанда бұл екеуінің (пролетариат пен орта шаруа) көп жағдайда тілектері бір-

бірімен үйлеседі. Сондықтан араларында қайшылықтары болса да, ол лезде-ақ жойылып отырады. Ол қара шаруа мәселесіндегі қайшылықтар, Лениндік саясатты жүргізу арқылы жойылады деп есептелінді.

Қазақ ауылын таптық жіктеу әр жерде әр түрлі болғаны белгілі. Оны Сырдария губерниясындағы таптық жіктелудің қалай жүргенінен байқауға болады.

4-кесте

Қазақ ауылын таптық жіктерге бөлу

Шаруашылықтар	Мал басына шаққанда	1924/25ж	1925/26ж.	1926/27ж.
Кедейлер шаруашылығы	1 - топ, малы 5 басқа дейінгілер	22,6 пайыз	20, 2 пайыз	15,2 пайыз
Орташалар шаруашылығы	2 - топ, малы 10 басқа дейінгілер	19,4 пайыз	19,6 пайыз.	17,0 пайыз.
	3 - топ, 20 басқа дейінгілер	19,8 пайыз	20,4 пайыз	23,0 пайыз
	4 - топ, 40 басқа дейінгілер	17,0 пайыз	17,0 пайыз	19,2 пайыз
Байлар шаруашылығы	5-топ, 40 бастан жоғарылар	21,2 пайыз	22,8 пайыз	25,6 пайыз

Кестеде көрсетілген жылдары 3 топқа бөлінген орта шаруалар саны бұл губернияда 59,2 пайызға жеткен көрінеді. Ал байлар мен ірі феодалдарды тәркілеу науқаны алдындағы бұл таптық жіктелу науқан өткеннен соң, үлкен өзгеріске ұшырағаны да белгілі.²¹⁶

Ал М.Қайыпназаровтың зерттеуі бойынша ауылдағы таптық жіктер былайша ажыратылып топталған:

1-топ, кедейлерге 7-ге дейін ірі қара малы барларды;

2-топ, орташаларға 35-ке дейін ірі қара малы барларды;

3-топ, байларға 35-тен асқан ірі қара малы барларды жатқызған. Осылай топтаудың өзі де тұрақты болмаған.

Егер бір ауылда 20-30 ірі қара малы барлар ғана тұрып, өзгелерінде одан басы артық малы барлар болмаған кезде онда алғашқылардың өздері байлар деп есептелген.²¹⁷

Ал, белгілі ғалым М.Сириус 25 ірі қараға дейін малы бар шаруаларды кедейлерге жатқызып, 25-бестен 55-ке дейін ірі қара малы барларды орташаларға, ал одан жоғары малы барларды байлар шаруашылығына жатқызады.²¹⁸

Енді бір жерлерде, таптық жікке бөлу мүлдем басқа әдіспен жүргізілген. Оған мысалы, 1927 жылы Қызылжар уезінің қызыл әскер болысындағы тап жіктері дәлел (отырықшы ауданның бірі). Бұл ауданның шаруаларының барлық саны 3712 болды. (100 пайыз) Осыларды таптық жікке бөлгенде: Меншігінде малы жоқтар 26-0,7 пайыз; 3-тен ірі қара малы барлар-701-18,86 пайыз; 3-тен -5-ке дейін қара малы барлар-827-22,28 пайыз; 5-тен-10-ға дейін қара малы барлар 1255- 33,82 пайыз, 10-нан-15-ке дейін қара малы барлар-509-13,72 пайыз; 15-тен-25-ке дейін қара малы барлар 300-8,0 пайыз; 25-тен-35-ке дейін қара малы барлар 62-1,67 пайыз; 35-тен жоғары малы барлар 32-0,87 пайыз болды.²¹⁹

Міне, осы қолдарындағы мал санына сәйкес бөлінген сегіз түрлі шаруаның қайсысының орта шаруаға жататынын анықтау мүмкін болмаған. Аталған шаруалардың қайсы бір түрін орта шаруаға жатқызған күнде де олардың бірде-бірінің пайыздық саны аталып жүрген мөлшерге сай келмейді. Бұл жағдай сол кездегі қазақ ауылдарының көпшілігіне тән құбылыс болды. Ал, орыс деревнясының жағдайы мұндай емес, онда 60-65 пайызға дейін орта шаруалар болды, яғни басым көпшілігі. Қазақ ауылдарында жағдай басқаша. Егер жоғарыдағы мал саны бойынша бөлу тәсілімен белгілеуге жүгінсек, қазақ ауылындағы орта шаруалар 21 пайыз шамасында ғана болады. Сонда малдың көпшілігі кімде деген сұрақ туындайды? Қазақ ауылдарында бір қарадан 3-ке дейін малы барлар 701 шаруа десек, осы шаруалардың қолдарындағы барлық малдың саны-1941 тұяқ болады. 3-тен 5 -ке дейін малы барлар-827, бұлардың қолындағы барлық саны-4777, 5-тен 10-ға дейін қарасы барлар-1255, бұлардың қолындағы барлық мал басы 13404 тұяқ. 10-нан 25-ке дейін малы

барлар-809, бұлардың қолдарындағы мал-19838 тұяқ. 25-тен әрі қарай малы барлар-94 бұлардың қолдарындағы мал саны-5868 тұяқ.²²⁰ Осы цифрларды салыстырып қарағанда да орта шаруалардың малы айтарлықтай көп емес болып шығады. Бұл сол кездегі отырықшы аудандарға тән ортақ жағдай болды. Ал, көшпелі аудандарды алсақ, онда орташалар саны бес есе кем, көшпелі аудандарда кедейлер 75-80 пайыз да, қалғандары байлар болды. Өйткені бұл 75-80 пайызға кіргендер салықтан босатылған кедейлер екендігі көрсетілген.²²¹ Сөйтіп осы бір ауданның тұрғындарын қол астындағы малдарының саны бойынша таптық жікке бөлу барысы, Қазақстан бойынша қарастырып отырған жылдарда, орта шаруалар бұдан бұрын беріліп жүрген әдебиеттердегідей, ол шаруалардың тең жартысынан астамы болмағанына көз жеткіземіз.

Бұл жөнінде БК(б)П өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісі Ораз Жандосұлы 1928 жылы «Қызыл Қазақстан» журналына ауылдың ахуалын, ондағы халықтың әлеуметтік мәртебесін зерттеген материалдарын жариялаған. Онда ол жергілікті халықты 6-7 тапқа бөледі. Ол ауыл халқын байға, кедейге, орта шаруаға бөлу жеткіліксіз дей келіп, оларды былай бөледі: 1). ауыл пролетариаты, 2) ауыл кедейі, 3) ауылдағы ұсақ шаруа; 4) орта шаруалар, 5) ауқатты шаруалар, 6) ірі байлар мен ақсүйектер. Ауылда осы сияқты тап жіктерінің барлығы шындық және оны Ораз Жандосұлы одан да көп, тіпті 10-нан да асыра бөлуге болатынын ескертеді.²²²

Аталған мәселе келесі бір деректерде тіпті басқаша берілген. Қазақ мемлекеттік жоспарлау бюросының мәліметтеріне, ҚазАССР-Жер істері Халкомының экспедициясының және басқа да деректерге сүйеніп есеп жүргізген ғалым А.П.Кучкин Қазақстанда байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанына дейін ауылдарда 60 пайыздан астам кедейлер, 30 пайызға жуық орташалар және 10-12 пайыз байлар болып, тәркілеу науқаны барысында ауылдың таптық бейнесі өзгеріп, орташалар 76,3 пайызға өсіп, ал кедейлер 18,2 пайызға төмендеді десе, Г.Ф.Дахшлейгер бұл деректерді асырылып берілген

мәлімет деп есептейді. Ал Г.Ф.Дахшлейгердің өз есебі бойынша байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқанынан кейін кедейлер шаруашылығы 50, орташалар мөлшермен 43-44 пайызға көбейді деген мәлімет келтіреді.²²³

Кеңес өкіметі ауылда өткізілген қос науқаннан кейін-ақ, таптық жіктелуді өздерінше сұрыптап шығарды. Оның ішінде орташаның шынайы бет-пердесін ашу мүмкін болмады. Өйткені орташаландырудың өзі Кеңес өкіметінің белгілі бір мақсатқа жетуі үшін ойластырылып жасаған кезекті шарасының бірі еді. Ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу нәтижесіне қанағаттанбаған Орталық Атқару комитетінің Бақылау комиссиясы өз қорытындысында өлкеком ірі байлар, жартылай феодалдар, және кулак типтес байлардың, бәрі бірдей емес және олардың кедейлерге қатынастары да әркелкі дей келіп, олардың екеуі де қанаушылар, қазақ еңбекшілерін сүліктей сорушылар болғанымен, олардың бір-бірінен үлкен айырмашылықтары бар деп ақталған. Ірі бай-жартылай феодал қазақ кедейлерін тек капиталистік қатынастар негізінде ғана қанамай, оларды жартылай крепостниктік, патриархалды-рулық қатынас арқылы қанады. Және мұндай жартылай феодал өз ауылында ғана үстемдік етпей, мұқым ауданды, кейде тұтас уезді өз қарамағында ұстады деп дәлелсіз тұжырым жасаған. Ал, енді оған оның шыққан тегін, ақсүйектігін қосып, олардың қанаушылық мүмкіндіктерін одан да асырып көрсеткен. Кулак типтес байлар ауылдағы капиталистік-товарлы қатынастар негізінде пайда болған деп өзгешелейді.²²⁴ Сол кезде қазақ даласындағы ауқатты шаруаларды осылай ірі бай, жартылай феодал, кулак типтес байлар, орташалар кедейлер, батырақтар деп айдарлап таптық жіктерге бөлу, «кіші Қазан» бағытын іс жүзіне асыру үшін қажетті, қолдан жасалған алғышарт болды.

Ауылда тап жіктерін, оның ішінде орташаны анықтау өте қиынға соқты. Тап тұрмысында тұрағы жоқ орташалардың саяси бет-бейнесін айқындау үшін, Лениннің орташаға берген анықтамасына сүйенсек, онда: «Орташа деп қара шаруаларды айтамыз. Олардың шаруасы

есепшілдік түрде болса, өз есебімен өзі күн көріп отырса және өзінікі өзіне жетіп, басқаларға жалынышты болмаса, міне осыларды біз орташа дейміз» делінген. Алайда бұл қағида басшылыққа алынбады.²²⁵ Сонымен бірге орташаларды анықтауда мына төмендегі мәселелер де назардан тыс қалып қойып отырған. Олар:

1. Әр ауданды жеке-жеке алып, олардың ерекшелігімен санасу. (ол отырықшы ма, әлде көшпелі ме?)

2. Шаруашылық түрі: диканшылық, малшылық және т.б.

3. Мал-мүлік, жер-судың мөлшері, шаруашылық саймандары.

4. Әр ауыл тұрмысының, кәсіпшілігінің өзгешеліктері т.б.

Бұл жағдайлардың көбі ескерілмей, сол кезде қазақ ауылдарындағы орташалар, қолдарында қанша малы барлығымен ғана өлшенген. 1927 жылы кедейлер мен орта шаруалардың шаруашылығы Қазақстан бойынша барлық шаруашылықтың 94 пайызын құрады. Сөйтіп, орта шаруа аграрлық сектордағы басты тұлғаға айналды делінген асығыс пікір де жасалады. Бірақ орта шаруа туралы айтылған бұл тұжырым күдікті болып, әр түрлі пікір таласын да туғызды.²²⁶

Кеңес өкіметінің ауылды орташаландыру саясаты шабындық және егістік жер иеліктерін қайта бөлу мен ірі байларды, жартылай феодалдарды тәркілеу барысында жүзеге асырылды. Бұл жөнінде «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы 285 санында: «Рас бұдан бірер жыл бұрын қазақ халқының көпшілігі кедейлер болғаны рас. Орта шаруаның саны да, «сапасы» да аз болғаны-шындық. Орта шаруалардың байлардан жігі бөлініп, көзге көрінерліктей болмағаны да белгілі. Бірақ әлі де осындай жағдайда деуге болмайды, соңғы кезде, әсіресе, тәркілеу науқаны кезінде ауылдағы орташа шаруалар байлардан жігін бөлді»²²⁷-деп жазылған.

Байлардың малдарын азайту немесе кедейлер мен батырақтарға байдың малын үлестіру арқылы олардан «орташа шаруа» жасау, шаруашылықтары орташаланды деушілер арасында, көптеген түсінбеушіліктер туды. Солардың бірі қазақ даласындағы таптардың, қол-

дарындағы жиі өзгеріп тұратын малдарының санына қарай бөлінетіндігі. Ал бұл жағдайда мыңғырған малдары болмаса да, «қанаушылар» қатарына жатқызылған дін өкілдерінің осы сапқа енгізілуі көпшілік тарапынан түсінбестік тудырды. Мұндай әдісті сынай келе, өлкекомның екінші хатшысы І.Құрамысов: Малдарды үлестіру нәтижесінде ауылда біз орташалар табын жасай алдық па? Менің ойымша, орташаларды тек кедейлер шаруашылығына бұлайша мал үлестіру арқылы орташаларды жасауға болмайды. Мұндай әрекеттен олар орташа болып кетпеді. Бұл бағытта үлкен үміт артылған тәркілеу науқаны да ауылды кеңестендіруге кедергі жасаған патриархалды сарқыншақтарды жоя алмады деп, кемшіліктерге тоқталады.²²⁸ БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісі Ораз Жандосов ауылдағы жұмыстың осы жаңа әдістеріне көңілінің толатынын білдіре келіп, социалистік құрылыс мәселесін шешуге көпшілікті тарта бастағандықтарын атап өтті. Ол орташа мәселесі туралы қойылған сұраққа орташа туралы әңгіме жүргізу бос сөз дей келіп, жалпы алғанда қазір ауылда орташалар өте көп деп өзінің бұл мәселе төңірегіндегі пікірін ашып айтпай, екіұшты қисық жауаппен ғана шектеледі.²²⁹

Ғ.Тоғжанов болса, осы мәселеде ең алдымен, тарихшы Тимофеевтің атауларымен толық келісетінін, ал Голощекиннің «Правда» газетінде жазған атауларымен келісе алмайтындығын көлденең тартып: «Менің қарсы болғаным, оның ауыл орташаландырылды деген пікірімен келіспейтіндігім және ауылда көптеген байлар тәркіленуден қашып, малдарын сатып, сойып, шаруашылықтарын орташаның мөлшеріне дейін түсірді деген жалған алып-қашпа сөздер негізінде құрылған тұжырымды жақтауы болды. Кедейлердің тәркіленген малдан мал алуы, олардың шаруашылықтарын орташаларға теңестірді деп айтуы да дұрыс емес, керісінше барлық фактілер жағдайдың дәл осылай болмағанын көрсетіп, жоққа шығарады» деп шындықтың бетін ашуға тырысады.²³⁰

Тарихшы Ғ.Тоғжановтың дәлелді уәжіне және сол жылдардағы құжаттар мен басқа да баспасөз беттерінде

басылған пікір таластарға сүйене отырып, кеңес дәуірінде жарық көрген ғылыми әдебиеттерде жазылғандай, қазақ ауылдарында орташа басты тұлға бола алмағандығын байқаймыз. Оларға мұндай дәрежеге жетуге мүмкіншілік те берілмеген. Орташаларға қамқорлық жасау қажеттігі туралы қанша қаулы қабылдағанымен, оларды іс жүзіне асыру барысындағы кедергілердің көбі сол кезде үкімет органдарының өз тарапынан жасалып отырылды.

Ал, партия тарапынан бұл бағытта орташаларға қатысты мәселелерде жіберілген жоғарыдағыдай бұрмалаушылықтар мен қателіктерді жою жолындағы қадамдар тек талпыныс күйінде ғана қалды. Кулактарды тап ретінде жою және ұжымдастыру барысында, орташа шаруаларға қатысты қолданылған асыра сілтеушілік - бұл істегі ең бастысы, ең негізгісі, ең маңыздысы, ең зияны болды. Орталық Комитеттің өзі осы мәселеге ерекше мән беріп, (2 сәуірдегі үндеуінде) республика партия ұйымдарына мұндай асыра сілтеушілікті, ең алдымен, орташа шаруаларға күштеу әдістерін қолдануды доғаруды дереу тоқтатуды талап етеді. Іс жүзінде орташалар осы жылдары бұрмаланушылықтарға жиі ұшырап, ауыр зардап шегіп жатты.

Деректерге жүгінер болсақ, одан сол кездегі орташалардың үкіметке деген көзқарастарын да байқауға болады. Мысалы, Ақмола губерниясының «Революция» атындағы болысының Александровск селосының орташасы Николай Еремин: «Шаруаны жан-жақтан тонауда, оған өз жағдайын жөндеуге мұрша берілмеуде. Бұрын ешқандай салық төлемесек те, мемлекет өмір сүрді ғой, ал енді қазір қанша төлесек де құдыққа құйғандай жоғалып жатыр»- дегенді ашына айтса, екінші орташа Василий Коптев оны қостап: «Кеңестер үкіметі барлық шаруаларды бірдей етіп кедейлендірмек қой» деген наразылығын білдірген. Петропавл уезінің Пресно-Горьковский болысының, Пресно-редутский станциясының орташасы Шилов Парферий «Кеңес үкіметі шаруаларды үнемі алдауда. Олар, ең алдымен, салық салудың бір мерзімін белгілесе, кейіннен оны сан өзгертіп, салықты үсті-үстіне салып, ақшамызды, нанымызды да тартып алуда» деген

ашулы сөзін қалғандары да қостаған.²³¹ Семей губерниясы Бұхтарма уезінің Қатонқарағай болысының Березовск поселкесінің кедейі Дмитрий Реут «... өздері шығарған кітаптары мен газеттерінде кеңес өкіметі үнемі өздерін дәріптеп барлық халықтың өмір сүруін жеңілдетеміз, олар еркіндікте болады деп жазғанымен шындығын, айтар болсақ кез-келген мұжық осы кеңес өкіметінің саясатынан қан жылап отыр».²³²

Ақтөбе губерниясының Темір уезінің Ленинск поселкесінің шаруасы Лычко Филипп «Кеңес өкіметі өзі шығарған заңдары сияқты өздері де әділетсіз» десе, Атбасар уезінің Социалистік болысының Владимир-Борисов селосының кедейі Василий Давыденконың өздерінің селоластары арасында «Біз енді коммунистерге сенбейміз, олар бізді тәуір алдап келді, үкімет уәкілдерінің көздері жоқ па?»- деген наразылығын былайғылары да қолдаған.²³³ Міне, бұл оқиғалар сол кездегі қызыл идеологияның құрбаны болған Қазақстандағы шаруалардың шынайы өмірін бейнелейді. Орташалардың кеңестер тарапынан күштеу әрекетіне ұшырап, соншалықты зардап шеккендігі туралы және ол жасалған қиянаттарды үкіметтің өзі мойындағанын, сол қателіктерін түзету барысындағы 1930 жылғы 10 мамыр айындағы шешімінің нәтижелерінен байқауға болады.²³⁴

5-кесте

Орташаларға Кеңестер тарапынан жасалған заңсыздықтар

Р/с	Орташаларға қолданылған шаралар	Нәтижесі
1.	Орташалар шаруашылығына қайтарылған мүліктер.	9533 зат.
2.	Қамаудан босатылған орташалар	4073 адам.
3.	Сайлау құқығы қалпына келтірілгендер	1618 орташа
4.	Орташаларға салынған айыптардың күшінің жойылғаны	1266 шаруашылықта.
5.	Қылмысты істердің тоқтатылғаны	2664 орташаға байланысты.
6.	<u>Жер аударудан қайтарылғандар</u>	1160 орташа

Орташаларға көрсетілген осындай зорлық-зомбылық, күш көрсету әдістері, әсіресе, олардың шаруашылықтарын ұжымдастыруға байланысты жүргізілген науқан барысында етек алды. Өйткені билік басындағылар бұл шараны халық мүддесіне қарсы, олармен санаспай жүргізді. Сол себептен де Кеңес өкіметінің жергілікті органдары бұл шараларды жоғарыдан түскен нұсқау бойынша іске асырды. Науқан барысында еріктілік принципі бұйрықпен, нұсқаумен, жиналыспен, сырттай дауыс берумен, қысым жасаумен ауыстырылды. Орташаларға қолданылған бұл әкімшілік әдістер олардың мүдделеріне орасан зор нұқсан келтірді. Шаруалардың заңды талаптары Кеңес өкіметіне қарсы бас көтерулер ретінде бағаланды. Мұндай «Кеңес өкіметіне» қарсы бас көтерулер Семей округының Зырян ауданында, Орталық Қазақстанның бұлтық ауданында болды. Олар дін жолын сақтауды талап етіп, ұжымдастыру барысында жеке басқа жөнсіз салық салуға қарсылық білдірді.²³⁵ Халық наразылығын басу мақсатымен 1929 жылғы желтоқсанда өткен өлкекомның III пленумы партия ұйымдарына «ауылдағы орташаға барынша көңіл бөліп, олармен жүргізілетін жұмыста ешқандай күштеу түрлері қолданылмауын ескертті».²³⁶

Алайда өмірде бұл нұсқаулар орындалмай аяқсыз қалды. Орташалардың шабындық жерлер мен егістік алқаптарды қайта бөлу кезінде бірде байлар, бірде кедейлер жағына шығып, тұрақсыздық көрсетуінің өзіндік себептері болғаны белгілі. Оның бастысы қайта бөлу науқаны жүргізілгенде орташалардың негізгі мүдделерінің ескерілмеуінен еді. Жер үлестері тең бөлінеді деген принцип оларды да экономикалық жағынан тәуелді етті. Бірақ іс жүзінде құнарлы, шұрайлы жер үлестері көбінесе кедейлерге бөлініп, орташалар үміттенген тиісті үлестерін де ала алмай, тіпті, бұрынғы өз жерлерінен де айырылып қалу жағдайлары жиіледі. Олардың бұрыннан иемденіп келе жатқан меншік жерлерінің өзі байлардың жерлері сияқты бөліске түсті. Сөйтіп, орташалар жер үлестерін қайта бөлу кезінде қатты ұтылды.²³⁷ Мысалы, республиканың көпшілік жерінде бай шаруашылықтарымен қоса орташалардың да

шаруашылықтары тәркіленіп өздері тұтқындалды. Казкрайсоюздың 1930 жылғы 18 наурыздағы хабарламасында көрсетілгендей, Сырдария округының Үржар, Петропавл округының Красноармейск селосында орташалар колхоздарға қабылданбаған, олардың тұрған жерлерінен басқа аудандарға көшулерін талап еткен.²³⁸

Өлкелік партия комитеті жаппай ұжымдастыру кезінде бай мен жартылай феодалдардың үлес салмағы 5-7 пайыз деген жаңсақ деректі басшылыққа алып шатасты. Осындай жалған дерекке сүйенгендіктен, 10 мыңнан астам орта шаруашылықтар ешқандай негізсіз бай мен жартылай феодалдардың қатарына еріксіз әкеп таңылып, нақақтан тәркіленген жағдай да болды. Бұларға Кеңес өкіметінің қызметінде жүргендердің тарапынан зәбір көрсетіліп, қысым жасалды. Тек 1929 жылы ұжымдастырудың алғашқы кезінде ғана 56498 шаруа жауапқа тартылып, оның 34 мыңнан астамы сотталды. Сотталғандардың 58 пайызы ғана кулактар еді.²³⁹

Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары ауылда жүргізілген тапқа бөлу шаралары ақыры жергілікті халықтың негізсіз әлеуметтік жіктелу процесін іске асырып тынды. Қазақ ауылдарында зорлықпен, күшпен тап жасаудың қате саясат екендігі сол кезде-ақ сынға ұшырады. Сондай сынның бірін Шәкәрім Құдайбердіұлы айтқан болатын. Ол: «Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру-кедейді еріншектікке, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол, жалғыз тәрбиемен де адам өмірін түзете алмаймыз дейді. Өйткені адамның мінез-құлқының қалыптасуына сыртқы ортаның да әсері зор болады» деп, оның себебін де көрсетіп береді.²⁴⁰ Қазақтың дәстүрлі өмір сүру әдістері мен оның сырын жақсы білетін Шәкәрім ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрден оп-оңай арылу олардың жеке бастарына байланысты еместігін ескертеді.

1928 жылғы 19 желтоқсандағы өлкекомның III пленумында жасаған баяндамасында Голощекин: «Біз, біріншіден, ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу арқылы феодализм мен патриархалдық қатынастарға соққы бердік, рулық қатынастардың ұйтқысы

болып келген ауылдан ірі, ең жау таптарды қудық. Екіншіден, ауылдың әлеуметтік құрамы үлкен өзгеріске ұшырап, кедейлер мен батырақтар дербес күшке айналып, өздерінің мүдделерінің Кеңес өкіметімен бірге екендігін түсіне бастады»²⁴¹ деп көрсетті. Ірі байларды тәркілеу ауылда тұтас бір сандық, сапалық өзгерістерге әкелді. Сандық жағын алсақ, орташалар көбейді. Ірі қара малға шаққанда 5-7 мал алған, тіпті 3-4 мал тиген кедей шаруашылықтары орташа шаруаларға біршама жақындады делінді. Осы өзгерістердің бәрі қазіргі кезде «орташаның» ауылда негізгі тұлға екендігін дәлелдейді» деп жалған тұжырымға жол берілді.²⁴² Бұл тұжырымның ұшқары айтылғандығын мына мәліметтер растайды. 1929 жылдың шілде айының 1-дегі мәлімет бойынша, кедей-батырақтар шаруашылығының республика шаруашылығы бойынша үлес салмағы 85,2 пайызды құраса, ал орташалар шаруашылығы тек 9,5 пайызын ғана құраған деген мәлімет келтіріледі.²⁴³

Сөйтіп, голощекиншілер большевиктердің көсемі В.И. Лениннің антагонистік таптар өмір сүретін қоғамға арналған теориясын рулық қауымдастықтан әлі арыла қоймаған қазақ ауылдарына зорлықпен енгізді. Ауылды таптық жікке бөліп, оларды бір біріне қарсы қою арқылы большевиктер бұл халыққа қатысты жымысқы әрекеттерін іске асыруға белсене кірісті. Жоспарларының ең бастысы-қазақ даласында өз қалауларынша Кеңес өкіметін орнату болды. Бұл саясат ауылда тұңғыш рет халықты тапқа бөлуді жүзеге асыруда көрінді. Оның бір көрінісі 1926-27 жылдары партия басшылығымен кедейлер топтастырылып, «Қосшы» одақтары, яғни кедейлер ұйымдарының құрылуы еді. Қазақстанның оңтүстігіндегі губернияларда бұл одақтар байларды жақтаған элементтерге қарсы күрес жүргізсе, қалған губернияларда байларды қосшы одақтарына енгізеу жолында күрес жүргізді.²⁴⁴ Қосшыға кірген қазақ кедейлерінің ұйымдары Оңтүстік Қазақстанда ғана құрылды. Қазақстанның басқа жерлерінде мұндай ұйымдар оңайшылықпен құрыла қоймады. Бұл жағдайдың өзі ауылда таптық жіктелудің оңайшылықпен, жоғарыдан түсетін нұсқаусыз

жасалмайтындығын көрсетті. Оңтүстікте құрылған бұл «Қосшы» одақтары өзі өмір сүргеннен бергі уақытта таптық ұйымға емес, ұлтшыл шаруалар ұйымдарына айналған деген баға берілді.²⁴⁵ Осыған байланысты өлкеком, біріншіден, бірнеше нұсқаулық құжаттар даярлады. Қайта құруды жүзеге асыратын хат, жарғы секілді құжаттарды әзірлеп, солар бойынша оңтүстіктегі қосшы одақтарын қайта құрумен айналысты. Кейіннен әкімшілік жолмен «Қосшы» одақтары Қазақстан бойынша да құрыла бастады. Кеңес дәуірінде жарық көрген әдебиеттерде көрсетілгендей, екі жыл ішінде ауыл кедейлері «Қосшы» одақтарына біріктіріліп, оның мүшесі 230000 адамға жеткізілді. Әлеуметтік құрамы жағынан ондағы батырақтар 14,1 пайыз, кедейлер-54 пайыз, орташалар-23,1 пайызды құраған.²⁴⁶ Кедейлерді социалистік құрылыс жолындағы таптық күреске тарту мақсатымен құрылған бұл «Қосшы» одақтары ұйымдастыру барысында-ақ, өзінің құрамында қарама-қайшы мүддедегі адамдардың болуынан, олардың бірі жер алуды, енді бірі алған жерлеріне ие болуды ғана көздегендіктен, өз мәнін жоғалтып алды»²⁴⁷-деген Ораз Жандосовтың берген бағасынан-ақ бұл науқанның тиісті нәтиже бермегенін көреміз.

1927 жылғы 12 қазанда БК(б)П өлкекомның бюросы шабындық және егістік алқаптарды қайта бөлу жөнінде және кезектегі міндеттер туралы қабылдаған қарарында: «қайта бөлу барысында кедей-батырақ белсенділері таптық күресте шыңдалып, партия мен бұқара арасын жалғастырып тұратын міндет атқарды»²⁴⁸ - деп атап көрсетсе де, қайта бөлу барысында байқалғандай, бұл екі әлеуметтік таптың - байлар мен кедейлердің арасындағы күрес күткендей дәрежеге жетпеді. Таптық күрес көбінесе ру тартысы мен ауыл арасындағы дау-жанжалдармен ғана шектеліп отырды. Кеңес өкіметі жоспарлаған жүргізілуге тиіс тап күресінің ойдағыдай болмауының өзіндік объективті себептері болды. Оның негізгілерінің бірі қазақ байы мен кедейінің арасындағы бірін-бірі қанайтындай алғышарттардың болмауы, керісінше, олардың арасындағы рулық қатынастардың беріктігі. Ке-

дейлер мен батырақтардың тұрмыс-тіршіліктері, оның дәрежесі байлардың «қанауынан» емес, сол кездегі Ресей империясының отары болып, қоғамдық даму сатысында кенже қалуынан еді. Екіншіден, байлар мен кедейлер рулас туысқан адамдар болғандықтан, олардың араларында таптық қанау деген түсінік болған емес, керісінше, рулық мүдде басым тұрғандығы ежелден келе жатқан тарихи құбылыс болатын.

Сондықтан ауылда байларға қарсы тап күресін ұйымдастыру, барлық күштерді біріктіру жүзеге аспады. Шабындық және егістік алқаптарды қайта бөлуде кедейлер мен орташалардың байларға қарсы бірыңғай майданын құру да мүмкін болмады. Орташалар деп аталған шаруалар бірде кедейлер, бірде байлар жағында болып, бұл «күресте» тұрақтылық көрсетпеді. Сондай-ақ, оның әлеуметтік «келбетін» анықтау да жасанды болды. Сол себептен де Лениннің партияның VIII съезінде: “Тұрмысын түзеп, жеңілдік берсек қана коммунист қоғамында орта шаруа біздің жаққа шығады. Әуелі жәрдем көрсетіндер, сонан кейін сеніндер. Орта шаруаға шаруа ретінде қысым көрсетудің өзі қате, мақсат-орта шаруаны әлсірету емес, мақсат-қара шаруа тұрмысының өзгешеліктерін есепке алып оны тұрмысқа көшуге үйрету”-деген нұсқауы бұрмаланып, оларға әр түрлі қысым жасалынды.²⁴⁹

Ашаршылық нәубеті

Кеңестендіру тұсындағыдай адамзат баласының әділет жолын айуандықпен аяққа басқандығы тарихта ешбір мемлекеттік жүйеде болмаған. Голощекин жүргізген толассыз науқандардың соңы тұтас бір ұлтты ашаршылыққа ұрындырып тынды. Ашаршылық қақпанына түскен қазақтарды бірінің етін бірі жеуге дейін апарған. Осы нәубет адамдарды аздырып, тіпті, өзінің туған баласын жеуге дейінгі жағдайға мәжбүр еткен.²⁵⁰ Сол «кіші Қазанның» зұлматын өз көзімен көрген Төлепқали Зейінғалиұлы: «Ішкі-бауырымыз омыртқа-қабырғамызға жабысып, бәрі тұтасып бұралып, тізелеріміз бүгіліп, буындарымыз босап, отыра кетсек дейміз, отырсақ жата кетсек дейміз, жатсақ осыдан мәңгі тұрмай, тып-тыныш ұйықтай берсек

дейміз»²⁵¹-деп сол жылдардағы қазақтың басына түскен қасіретті еске алады. Мұндай қасірет, шарасыздық сол жылдары мұқым қазақтың басында болған жәйт еді. Ал осы апаттан шейіт болғандар қазақ халқының тең жартысына жуығын қамтыды. Қазақ елі «кіші Қазан» бағытын жүргізуден туындаған аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ, сол жылдардағы әлеуметтік тұрмыстың ауыртпалығына тікелей қатысты табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамынан, яғни барлық қазақ халқының 49 пайызынан айрылды.²⁵² Сол орны толмас адам шығынынан болған зардаптар күні-бүгінге дейін 70 жылдан астам уақыт өтсе де, мемлекеттің дамуына айтарлықтай залалын тигізуде.

Көршілес елдерге оның ішінде қазақ өлкесіне отаршылдыққа апаратын революцияны енгізу үшін Кеңес өкіметі партиялық жікті ретті кезінде орынды пайдалана білген. Міне осындай әдіспен ауыл таптарға бөлініп, жоғарыдан большевиктер партиясының қалауы бойынша жіктелді. Ұлттың тектісі мен зиялысы, жақсы мен жайсаңы, оқығаны үстем тап ретінде қудаланды. Бұл қудалаулар белгілі бір мақсатқа жету үшін жүргізілді.

Осы жүргізілген әр түрлі қысымдардың күшіне шыдай алмаған қазақтар Жайық бойына, Солтүстік Кавказға және Закавказьеге, Оралға, Сібірге, Алтай мен Орталық Азия республикаларына көшуге мәжбүр болды. Жүз мыңға жуық қожалық шет елге-Монғолияға, Қытайға (тек Шыңжанның өзіне 70 мыңдай қожалық көшіп барған), Ауғанстанға, Иран мен Түркияға да жер ауған. Тек қана 1932-1933 жылдарда ғана Қазақстаннан Қытайға 1 миллион 300 мың адам ауған. Қазақтардың туған жерлерін тастай қашуына республикадағы жергілікті халыққа «кіші Қазан» жүргізген науқандардағы қиянаттар түрткі болды. Алтайдан Маңғыстауға дейінгі аралықта Кеңес өкіметіне қарсы шаруалар көтерілістері мен наразылықтары бой көтерді.

1930-1932 жылдары Қазақстанды әйгілі ұлы жұт аштық жайлайды. 1930 жылы аштықтан 313 мың адам, 1931 жылы аштықтан 755 мың адам, 1932 жылы аштықтан 769 мың адам өлді. Ауыл халқының 40 пайызы ашар-

шылықтан өлді, (1 миллион 750 мың адам) 1 миллионнан астам адам шетелге көшіп кетті. Оның 616 мыңы Отанына оралмады. 1931-1933 жылдары аштықтан 6,2 миллион адамның 2, 1 миллионы өлді.²⁵³

КСРО-ның өз ішінде бір өлкеден екінші өлкеге қоныс аударған босқындар да аз болмады. 1935 жылдың басына қарай босқындарды қайтару жұмысы негізінен аяқталды. 1933 жылдың соңына қарай 50 мыңнан астам босқындар отбасы республика шаруашылықтарында орналастырылған болса, бұл көрсеткіш 1935 жылға қарай 160 мыңға жетті. Үкімет күштеп ұжымдастыру барысында шаруалардан еріксіз тартып алынған малдарды, босқындарға қайтаруға мәжбүр болды. 1933 жылы ғана колхоздардан, товарлы фермалардан және республикадан тыс жерлерден 600 000 басқа жуық мал алынып бұрынғы босқындарға таратылып берілді.

Қажетті экономикалық алғышарт жасамай-ақ, сталиндік тоталитарлық режим ұлттық-шаруашылық ерекшеліктерін ескеріп жатпай-ақ, қазақ ауылын отырықшы-егіншілікке, яғни орыс деревнясының үлгісімен өмір сүруге күштеп көндірді. Бұл бастама күш қолдану нәтижесінде тез қарқын алды. 1930 жылы-87136 қожалық, 1931 жылы-11508, 1932 жылы-77674, ал, 1933 жылы-242208 қожалық отырықшы өмірге «көшті».²⁵⁴ Бұл қисынсыз күштеу әрекеттері мал шаруашылығын орны толмас апатқа ұрындырды. 1928 жылы 6 миллион 509 мың ірі қара болса, 1932 жылы оның 965 мыңы ғана қалды. 18 миллион 566 мың қойдан 1932 жылы 1 миллион 386 мың ғана қой қалды. 1928 жылы Қазақстандағы 3 миллион 516 мың жылқының 3 миллион 200 мыңы шығын болды. 1929 жылғы Қазақстандағы 40,5 миллион малдан 1933 жылы 4,5 миллион ғана қалды. Малдың осылай күрт төмендеуіне Қазақстанда жүргізілген «кіші Қазан» саясаты және өнеркәсіп орындарына қажетті орталықтандырылған ет және астық, басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін даярлауды талап еткен орталықтан түсірілген нұсқаулар себеп болды.²⁵⁵ Ал қазақтардың малдан айырылуы теңдесі жоқ демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс туғызып, тұтас бір халықтың қырылуына әкелді.

1932 жылғы аштық, оның себептері туралы мемлекет қайраткерлері Ғ.Мүсірепов, Қ.Қуанышев, М.Ғатауллин, Е. Алтынбеков, М. Дәулетқалиев Ф.И.Голощекинге хат жазды. Бұл хат «Бесеудің хаты» деп аталды.²⁵⁶

5.4. Мәдени құрылысты идеологияландыру және байырғыландыру (коренизация) саясаты

Қазақстан тарихындағы мемлекеттік маңызы бар, ең өзекті, күні бүгінге дейін өзінің шынайы бағасын ала алмай, кеңестік дәуір тұсындағы тұжырыммен шектеліп қалған, ғылымда жаңаша зерттеле қоймаған мәселелердің бірі 20-30 жылдардағы мәдени құрылысты идеологияландыру, ондағы интеллигенцияны «ұлтшылдыққа» айыптау.

Қазан төңкерісіне дейін патша отаршылары шешіп-пішкен «қазақтарда зиялы қауым болған жоқ» деген қате пікір сауатсыз, қараңғы халық деген жалған тұжырыммен заңдастырылды. Ал 20-30 жылдары большевиктер өмірге әкелген әміршіл-әкімшіл жүйенің жалған идеологиясы қазақ халқының санасын улап, жан дүниесін лайлап, оларға еркінен тыс зорлық жасап, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр жораларынан, мәдени жетістіктерінен еріксіз айырып, кеңестік қалыпқа салып, ұлттық бет-бейнесін өзгертуге шұғыл кірісті. Олар «көшпелі ел ХХ ғасырда өмір сүруге тиісті емес» деген «теориямен» қаруланып, қазақтарды өз «қамқорлықтарына» алды.

Көшпелі елді «қараңғы болды, мәдениеті төмен еді» деген жасанды тұжырымдар әлі күнге дейін қазақтардан көлеңкедей қалмай келеді. «Қазақтардың көшпелі ел болып өмір сүруі-өркениеттен артта қалушылық емес, ата кәсіп» - деген осы саланы зерттеуші орыс профессоры С.П.Швецовтың ғылыми пікіріне де ешкім құлақ аспайды. Ал, кейін сол пікірдің ақиқат екенін уақыттың өзі дәлелдеп шықты. Көшпелілер атанған қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, қолөнер мәдениеті, материалдық рухани байлықтары, сондай-ақ басқа халықтарда қайталанбайтын өзіндік дала этикасы болды. «Бұл-

көшпелілер өркениетінің этикасы. Ол-он үште ұлын ұлан етіп ер жеткізген, он алтыда қызын бұлан еткізіп бой жеткізген халықтың этикасы. Ол-сұлулыққа, батырлыққа, парасаттылыққа бас иіп, әдептілік пен тәрбиелілікке үлкен мән беріп, басына көтерген халықтың этикасы», -деген академик М.Қозыбаевтың берген бағасын сол халықтың тарихы дәлелдейді.²⁵⁷ Ал осындай дала этикасының тамаша үлгілерін ғасырларға созылған жаугершілік заманда, одан қала берді отаршылдық бұғауы жүздеген жылдар мойнынан түспеген кезеңдерден бері сақтап келуі, қазақ халқының дамуында осындай қиын-қыстау заман болмағанда өркениетті елдер қатарынан кенже қалмаған болар еді деген ойға жетелейді. Бұл халықтың мәдени салт-дәстүрлері өзгеше, яғни шығыстық болды, ал оны Батыс елдерімен салыстырып, бір өлшемге салып бағалау әділетсіздік болар еді. Көшпелі ел атанған қазақтардың қонақжайлылығы, сөзге шешендігі, зеректігі, алғырлығы, үлкенді құрмет тұтатын асыл қасиеттері өркениет төрінен орын алған халықтардан кем соқпады.

Өзге халықтар секілді тарихта қазақтардың да елінің, жерінің бет-бейнесін, болмысын, қадір-қасиетін өзіндік ұлттық ерекшеліктерін айшықтап тұратын, жұртының мақтанышына айналған, маңдайына біткен тума талант, оқыған, өмірде тоқығаны көп аяулы перзенттері аз болмағаны ақиқат. Олар өздері өмір сүрген кезеңдерде халқының бетке ұстар зиялылары болды. Мәдениеттің әр саласының өкілдері болған олардың өз халқының мақтанышына айналғанына тарихта, ел аузында қалған есімдері дәлел. Тек соңғы екі ғасырдағыларын атасақ олар: ғалым-этнограф Шоқан, ағартушы Ыбырай, қазақ поэзиясының классигі, данышпан Абай, ақын-философ Шәкәрім, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Әлихан, Ахмет, Мағжандар сияқты ұлт мақтаныштары және Мұстафа, Тұрар, Смағұл, Сұлтанбек, Ыдырыс секілді қоғам қайраткерлері т.б. болды. XX ғасырдың басында қазақтардың 20 пайызынан астамы оқи да жаза да білген. Мұның ішінде мұсылманша оқығандары да бар, олардың біразы Ыстамбұлда, Францияда, Петерборда, Мәскеуде, Қазанда, Уфада, Омбыда

оқығандар еді, олардың көбі парсы, араб, орыс және басқа да шет тілдерін білді. Мысалы, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әріп Тәңірбергенов, Нәзір Төрекұловтар бірнеше тілдерді меңгергендер.

Ал 1926 жылғы халық санағы мәліметі бойынша Республика халқының 25 пайызы сауатты болған.²⁵⁸ Елдегі мәдени саладағы қайта құрулар социалистік құрылысты орнатудың маңызды буыны деп есептелді. Оның ішінде әдебиет пен өнер саласындағы өзгерістердің жаңа қоғамның адамдарын тәрбиелеудегі рөлі баса көрсетілді. Сол кездегі Кеңес елінің, оның ішінде Қазақстанның идеялық өмірінде БК(б)П Орталық Комитетінің 1925 жылғы 18 маусымдағы қаулысының ықпалы күшті болды. «Көркем әдебиет саласындағы партия саясаты туралы» деген бұл қаулыда жат идеологияға қарсы күресті күшейту қажеттілігі айтылды. Қаулыда «пролетариат жазушыларының үстемдігі жоқ, партия бұл жазушыларға осы үстемдікті алудың тарихи құқығын иемденуге көмектесуі керек»–делінген.²⁵⁹ Сонымен бірге партияның Орталық Комитеті жаңа әдебиеттің негізгі міндеттерін, оның социалистік қоғам құрудағы күресінің орнын белгілеп берді. Сөйтіп, партия көркем әдебиеттің еркін дамуына тұсау салып, оны айтқанына көніп, айдауына жүретін жағдайға бейімдеді. Оған дәлел буржуазиялық идеологияға қарсы күресу мақсатында пролетариат жазушыларын біріктіретін ұйым-Пролетариат жазушыларының ресейлік ассоциациясы (РАПП) құрылды да, оның үлгісімен дереу 1926 жылы (ҚазАПП) пролетариат жазушыларының қазақтық ассоциациясы құрылды. Оның «Жыл құсы» атты баспа органы болды. Бұл альманахтың беттерінде теориялық маңызды мәселелер бойынша қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілдері мен әдебиет сыншыларының мақалалары басылды. Партия тарапынан тапсырма бойынша жазылған олардың бұл мақалалары өмір шындығынан алшақ жатты. Ол мақалалардың басты мақсаты ұлтшыл-буржуазиялық идеологияның өкілдерін мұқатып, талқандау болды.

РАПП басшылығы да кез келген ұлт әдебиетінің революцияға дейінгі мұрасы буржуазиялық мұра болып

табылады, өйткені оны буржуазиялық ортадан шыққан жазушылар жасаған деген идеяны басшылыққа алуды ұсынды. Бұл тұжырымдамаға орай, пролетарлық әдебиетті тек пролетарлар әулетінен шыққан жазушылар ғана жасай алады деген бір жақты бағыт ұстады. Ал ҚазАПП-шылардың (Қазақстан пролетар жазушыларының ассоциациясы) орталыққа еліктеген өз мақсаттары мен ұрандары болды. Олар Абайды ұмытуға, шығармаларын өртеуге шақырды. Оны «енді туып келе жатқан қазақ буржуазиясының идеологы»⁻²⁶⁰ деп кемсітті. М.Жұмабаев сияқтыларға қара бұлт төндірді. «Пролеткульт» идеологтары пролетариат мәдениетін классикалық мұрадан айырып алу ұранын, біздің революцияға дейінгі мәдениетіміздің демократиялық дәстүрлерін нигилистікпен жоққа шығару ұранын жария етті. Сол кездері туып, уағыздалған пролетарлық мәдениетті тек пролетариаттың өзі ғана жасауы керек деген ұғымның түп-төркіні, міне, сонда жатты. Осы бір идеяның түр-түсін сәл ғана өзгертіп, РАПП-шылар «пролетар теңінен» шықпаған талантты жазушыларды социалистік мәдениеттен аластамақ болды. Ол солай болды да. Ал жас ұлт әдебиеттері топырағына егілген бұл «бағалар» сұмдық зиянды болып шықты. ҚазАПП-шылар, қазақ әдебиетінің негізін салған Абайды және оның барша ізбасарларын, сол сияқты екі революция арасындағы ұмытылмайтын ауыр жылдарда терең із қалдырған әдебиетке қосылған жазушыларды түгелдей «буржуазия жандайшаптары», «буржуазиялық ұлтшылдар» деп жариялап, өткеннен қалған бай мұрадан біржолата аластап тастауға тырысты. Бұл шабуылға ең алғашқылардың бірі болып ұшырағандар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтар болды.

Алаш Орданың басшысы Ә.Бөкейхановқа қазақ әдебиетінің ескі, күні өткен шығармаларын (Кенесары, Наурызбай және Абылай туралы) поэмаларды басып шығаруды кеңінен жүргізді, діни феодалдық-патриархалды тақырыптарға жазылған хан мен байлардың өмірін мадақтайтын ертегілерді басып шығарды деп негізсіз айып тағады. Алашордашылар мәдениет пен

өнер саласында өздерін қожайын санап, өздерін қазақ халқының өкілетті өкілдері ретінде сезінеді деп кінә тағып, оларды қудалады.²⁶¹

Сол кездегі бұл азаматтар Орталықтан жүргізілген большевиктер саясатының түшкі мәнін дер кезінде түсіне біліп, оның халыққа түбінде ешбір жақсылық әкелмейтінін, тек отарлаудың жаңа бір түрі екенін сезіп, оған қарсылық жасап бақты, жандары ауырып, жүректері сыздады. Мысалы, осы аласапыран кезеңде ауылдағы тап күресін және идеологиядағы таптық принципті жоққа шығара отырып, А.Байтұрсынов: «Қазақтың қаламұстаған отаншыл қайраткерлері әрі интернационалист болып, әрі өз Отанына қарсы шығушылар қатарында қала алмайды. Олар сырттай өзгеруі мүмкін, бірақ ішкі жан дүниесі өзгермейді. Олар қазақ халқын құрбандыққа апаратын отаншыл рухтағы емес өкіметпен бірге бола алмайды» - деп ашық айтты.²⁶² *Ал, большевиктер партиясының халық мүддесінен алысқа тұрғанын көре білген Мағжан коммунистерді еңбекші халық деген атауды жасалу еткен түпкі мақсаты бұлыңғыр, жалған идеологияның жалауын көтеруші топ деп баға берді.* Өлкелік партия ұйымы оған қарсы болып, оны өшіп бара жатқан өмірді, пантюркизмді, Алашты, билерді жырлады деп айыптады. М.Жұмабаевтың Ташкентте өлеңдер жинағының басылып шығуына байланысты Шығыс Коммунистік университетінің және рабфактың тыңдаушыларының 1924 жылы қараша айында Мәскеуде ұйымдастырылып өкізілген жиналысы болды. Ал 1925 жылдың басында іле-шала «Еңбекші қазақ» газетінде сол жиналысқа қатысушылардың сөздері басылып, ақынның творчествосына баға берілді. Бұл баға оқырман көпшіліктің әділ бағасы емес, партия ұйымдарының шындықты бұрмалаған жалған сұрқия саясаты еді. Осы жиналыста әдебиет таптық ұғымнан жоғары тұратын құбылыс, саясаттан тыс болуы керек деген Мағжан тұжырымдарына кеңестік идеологияның жанашырлары қарсы шығып, ол саланы бас аяғына дейін өздерінің қалауларынанша идеологияландырды. Мағжанның өлеңдері байлардың әдебиеті, кеңестік пиғылға қарсы бағытта деп сипаттама беріледі.²⁶³

Осы Мәскеуде өткен жиналыста қазақ студенттерін Жұмабаевқа қарсы айдап салудағы мақсат, сол кездегі партияның ұлттық әдебиетті өз ықпалына түсірудегі кезекті әккі әрекеттерінің бірі болатын. Бұл жиналыста студенттер бірауыздан Жұмабаевтың поэзиясы формасы жағынан көркем болғанымен, ол кеңестік саясатқа қарсы зиянды, ұлтшыл деген пікір «білдірді».

Қазақстан партия ұйымдары мәдени мекемелерді, оның ішінде баспасөз бен баспа ісін дереу өз ықпалында ұстау мақсатында батыл шаралар жүргізді. 1925 жылғы желтоқсандағы V өлкелік партия конференциясының қарарында былай деп көрсетілді: «Баспа қызметкерлерінің құрамын сан және сапа жағынан да қанағаттанарлықсыз деп есептеп, конференция баспа қызметкері қатарындағы партия мүшелерінің пайызын ұлғайтуды ұсынады, баспа қызметкерлерінің біліктілігін көтеру үшін қысқа мерзімді курстар ұйымдастырып, әсіресе, қазақтарды көптеп тарту көзделді».²⁶⁴

Өлкелік партия ұйымы «буржуазия идеологтарына» қарсы жас ақын жазушылар Сейфуллиннің, Мұқановтың, Майлиннің, Жансүгіровтердің қазақ кедейін білімге, өз қанаушыларына қарсы күреске, социализм құруға шақырған шығармаларын бастырып шебер пайдаланды.

Жаңа қоғамға жатырқай қарап, оның келешегіне күмәнданушылар «ұлтшыл буржуазия» өкілдеріне қосақталды, бірен-саран Б.Майлин, С.Мұқанов сияқтылар, еңбекші халықтың мүддесін көздеп, оларды жарқын болашаққа жеткізетін жаңа қоғамды өз шығармалары арқылы насихаттай бастады. Алғашында жаңа өмір жақсылық әкелер, әділеттік орнап, ел теңелер деп үміттенген Бейімбет, өзінің Жалбыр, Раушан, Азамат Азаматыч сияқты өзі жасаған кейіпкерлері арқылы есімі мәтелге айналған, елге мәлім Мырқымбайы арқылы жаңа өмірді бірге құруға шақырды. Бірақ басқалар сияқты ол халқына, ел азаматтарына опасыздық жасап, жағымпаздыққа бармады. *Кеңестік саясатты уағыздауға ат салысқанымен де, өмір шындығынан аттап кете алмады. Басын бәйгеге тіге жүріп, замана сырын ашып берді, тұтас бір дәуірдің гажайып картини-*

насын, сол кезеңдегі қазақы мінездердің қайталанбас, керемет бейнесін жасап беріп кетті. Ол өзі туралы: «Менің жақсы нәрселерім еленбей, оны аяқпен асыра салған секілденіп, бұдан 15-20 жыл бұрын жазғандарым болса, соны сүйреп әкеп, додаға салу басталды. Бұл-ҚазАПП-тың қыспағының үдеп тұрған кезі еді. Мен сол кезде көзге шыққан сүйелдей көріндім» деп жазуы сол бір аласапыран кезеңнен белгі береді.²⁶⁶

Міне, осы жоғарыда есімдері аталған екі тұлғаның тағдырлары да өзгеше болды. Қазақ әдебиетіндегі біз атаған екінші алып тұлға - С.Мұқанов болса, ол саяси жүйенің алдамшы идеологиясының жетегінде кете барды, оның айтқанынан шықпай «жан-тәнімен беріле» қызмет етті. Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі ағымдар туралы мәселеге келгенде идеологияның ығына жығылған С.Мұқанов оны төмендегідей үш бағытқа бөлді.

Ең бірінші бастысы-«Еңбекшілер бағыты» деп есептелінді. Оған Коммунистік партияны, Кеңес өкіметін, қазақ еңбекшілерін қорғап жазған жазушылар мен ақындар, ұлтшылдар мен отаршылдарға қарсы шығып, қазақ еңбекшілерінің тағдырларын Кеңес өкіметімен байланыстырғандар жатқызылды. Ұлтшыл жазушылар ұсынған әдебиетті С.Мұқанов ірі байлардың, молдалар мен ақсақалдардың мүддесін көздейтін «Кеңес өкіметіне қарсы бағыт» деп бағалады. Олардың жақтастары панисламизм мен пантюркизмді ақтаушылар, Коммунистік партияға, барлық орыстарға қарсы деп жазықсыз кінәлап, екінші бағытқа жатқызды... Нақты тұрақты көзқарастары, принциптері жоқ күш, билік әкімдер жақта, солардың соңынан еруші жазушылар мен ақындарды Мұқанов үшінші бағытқа жатқызады.

Осылай, қазақ әдебиетіндегі әр түрлі ағымдарға баға бере келіп, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжановқа қарағанда ұлтшылдарға қарсы дәйектілік көрсетіп, үлкен ымырасыздық танытты. Тіпті, С.Мұқанов А.Байтұрсыновты да менсінбей, «Ахметті тек букварь (әліппе) құрастырғаны үшін ғана бағалауға болады. Әйтпесе қазақ еңбекшілеріне ол ешқандай да қымбат емес»²⁶⁶ дегенге дейін барды. Осы-

лай айтаққа еріп, ұлттың атын жамылып, өз қандастарының сорын қайнатқандар да аз болмады, олардың басым көпшілігі басқару-әкімшілік биліктерде және әдебиет саласында отырып ауызды аштырмады, адамның мысын басып тұратын бір дүлей күшке жанталаса қызмет етті. Ол күш империялық саясаттың идеологиясы болатын.

Партия ұйымдарын жат элементтерден тазартуға ауыл кедейлерін саяси белсенділікке шақырумен қатар идеологиялық майданның барлық учаскелерінде пәрменді шабуылдар басталды. Бұл қадам 1929 жылы өткен Казкрайкомның V пленумының шешімінде ашық айтылды: Қазақ пролетариаты әдебиетін нығайту мен дамыту және барлық көркем әдебиетте жетекшілік рөлді жеңіп алу үшін коммунист-қазақтар мен шығыс ұлттарының арасындағы осы дәуірдің пролетарлық көркем әдебиеттерін жасау мүмкіндігі туралы күдік пен сенімсіздікті батыл жеңу талап етілді. Пленум партия және творчестволық ұйымдардың маңызды міндеті әдебиет пен өнердің басқа да саласында «барлық ұлтшыл-буржуазиялық» (Алаш-Орда) ықпалдарға қарсы аяусыз күрес жүргізу деп есептеді. ҚазАПП-қа өз мүшелері арасында топшыл элементтердің күшін жою бағытында қызметін кеңінен өрістетуге қажет екендігі, пролетарлық жазушылар арасындағы өз ықпалын олардың революциялық марксистік көзқарастарын қалыптастыруда мәдени және саяси жұмыстарды барынша соған бейімдеу керектігі айтылды.²⁶⁷

Алайда бұл идеологиялық бағыт бұдан былай партияның жіті бақылауымен жүргізіліп отырылды. Оған қазақтың пролетар жазушыларының 1932 жылғы сәуірде өткен I съезіндегі «Қазақтың көркем әдебиетінің жағдайы және ҚазАПП-тың міндеттері туралы»²⁶⁸ деген тақырыпта жасалған Қайып-Назаровтың баяндамасының қарары дәлел. Қарар сол кездегі большевиктер партиясының осы саладағы жұмысының бағытына жан-жақты нұсқау берді. Социализм кезеңінде пролетарлық әдебиет, бұрын-соңды болмаған пролетариаттың тап күресіндегі Кеңестер Одағының барлық еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беретін қуатты құралы болуы тиіс

делінді. Қазақтың пролетарлық әдебиеті өзінің алғашқы қадамынан бастап, Алашорда мен байлардың әдебиетін біртіндеп, ойдағыдай ығыстырып шығара отырып едәуір көпшілік әдебиетіне айналды деген пікір қалыптасты. Сондай-ақ, қазақ пролетарлық әдебиеті алдындағы таяу арадағы міндет, барлық қазақ әдебиетіндегі үстемдікті жеңіп алу деп, өзінің идеологиялық сұрыптауын да жүзеге асырып отыруды ұмытпады. Біраз жазушылардың шығармаларында (Сейфуллинде) бай-феодалдардың идеологиясы, жергілікті ұлтшылдық, контрреволюциялық троцкизм сияқты белгілер пайда бола бастады. Қазақ шаруалары ескіліктің сарқыншақтары шеңберінен, ұсақ буржуазиялық идеализм пиғылынан шыға алмауда (Жансүгіров, Майлин, Тұрманжанов және басқалар.) және көркем әдебиетке топшылдық күресті таратуы байқалды. Сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі жолбике жазушылар тарапынан сын және өзара сын дегенді желеу еткен кеңес аппаратына, коммунистерге, колхоздарға тоғышарлық сындар айтылуда деп атап көрсетті. (М.Дәулетбаев, Шанин және басқалар).²⁶⁹

Сынның жағдайы мүлдем қанағаттанарлықсыз болып, алашордашылар, ұлтшылдар және троцкишілердің сындарының әшкереленуі әлі әлсіз көрінеді. Аймауытов, Кемеңгеров, Әуэзов, Екеу, Мәметовалар және Сейфуллин сияқты Алаш Орда агенттері мен олардың жақтастары қазақ партия ұйымдарының ішінен сына қағуда. ҚазАПП-тың «Әдебиет майданы» (бұрынғы «Жаңа әдебиет») журналы мүлдем қанағаттанарлықсыз шығарылады деп танылды. Журнал редакциясы партиялығы жоқ мақалалармен идеологиялық сапасы жағынан жат әңгімелер басуға әуестенуде. Партияның тура нұсқауына қарамастан ҚазАПП-тың өз ішінде сын мен өзара сын соңғы уақытқа дейін өз дәрежесінде болмады деп баға беріліп, дереу осы съезд шешімдерін басшылыққа алу міндеттелді. Онда «РАПП-тың V пленумының РАПП-ты қайта жасақтаудағы алдында тұрған кезекті міндеттері туралы қарары оған нақты бағдарлама және нұсқау болып табылатынын ескертті. ҚазАПП-тың таяу арадағы негізгі міндеті шығармашылық айтысты кеңінен өрістету керектігі

айтылды.²⁷⁰ Шығармашылық айтысты және ҚазАПП-тың шығармашылық міндетін шешуде, әдеби мұраға сын көзбен қарамай оған маркістік-лениндік талдау жасамай өрістетуге мүмкін емес. Қазақ әдебиетіндегі ұлтшыл-буржуазиялық ықпалды, контрабандалық, контрреволюциялық троцкистік концепцияны, топшылдықты аяусыз әшкерелеу және кез-келген уклондармен нақты күрес бұдан кейінгі ҚазАПП-тың басты міндеті болуы тиіс делінеді. ҚазАПП күнделікті қызметінде әдебиет пен искусствоға жат ықпалды тықпалаған кез келген әрекетке большевиктік қырағылық және идеялық ымырасыздық көрсетуі қажет. Сынды маркстік-лениндік деңгейге көтеріп, оны партияның жауынгерлік қаруына айналдыру қажет. Съезд қазақтың ұлттық театрының дамуына үлкен мән бере отырып, оны көпшілікке идеологиялық және мәдени тәрбие берудің қуатты үгіт құралы (V пленумының қарары) ретінде ҚазАПП басшылығына қазақ театрына нақты көмек көрсетуді күшейтуді, социалистік құрылыстың міндеттеріне лайықты идеологиялық ұстамды репертуар құруды ұсынды. Әсіресе ұлттық революциялық музыка шығаруға осы саладағы қандай да болмасын бұрмалаушылықпен (шовинизм, жергілікті ұлтшылдық т.с.с.) батыл күрес жүргізуге ерекше назар аудару көзделді».²⁷¹

Республикада 20-жылдардың ортасынан бастап-ақ қызыл идеологияның қысымымен қазақ ұлтының бетбейнесі, жан-дүниесі өзгертіліп тілі, психологиясы «интернационаландырылды». Сөйтіп, біртіндеп, олардың өзінің ұлттық психологиясы өзгертіле бастады. Осы ұғымды жергілікті халыққа мойындату арқылы бұл процесті жасанды түрде тездетуді көздеген әрекеттер жаппай жүргізілді. Әдетте мұндай әрекеттерге қарсылық білдіретін зиялылар тарапынан болатын кедергіні болдырмау үшін, оларды бұл ортадан дереу аластау керек болды. Халықты айтқанына көндіру үшін алдымен ұлт қамын көксеген осы ел ертеңін ойлаған зиялыларды жою күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, 20-30 жылдарда қазақ интеллигенциясы Кеңестер өкіметі тарапынан бұрынсонды болып көрмеген жалақорлыққа, жауыздыққа тап

болды. Қазақтың ағартушы-интеллигенттерінің алғашқы буынының есімдері халық арасында өте беделді болды, сондықтан олардың соңынан халық ойланбастан ерді. Осы орайда Кеңестер өкіметі олардан сескенгендіктен, ОГПУ органдары арқылы әрекетке кірісті. Кезінде қазақ интеллигенциясы Ресейдің Қазақстанның «бос жерлеріне» 55 миллионнан астам орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы отарламақ болған әрекетіне қарсылық білдірген еді.²⁷² Шындығында, ондай бос жерлер болмаған, солай болса да жерлердің иелері-қазақтар, жергілікті тұрғындар қарудың күшімен қуылып, жер босатылған болатын. Қазақ интеллигенциясының өз жерлерін Ресей империясының осылай отарлауына жол бермей, қарсылық көрсеткен кезі әлі ұмытылмап еді.

Тұтас бір халықтың бетке ұстар маңдай алды тұлғаларын тұншықтыру, құрту, «ел сеніміне енген даралардың» көзін жою арқылы ұлттық сананы жою-империялық саясаттың патша заманынан келе жатқан сенімді тәсілі болған. Оған мына бір оқиға дәлел. Әлихан Бөкейханов Алаш Орда үкіметі Ресейден дербес мемлекет болғысы келетінін мәлімдегенде, патша адмиралы Колчак оларды қалай уыстан шығармаудың тәсілін айтып: *«Маған салса, қазақтарды бағындыру қиынға соқпас еді: ол үшін халыққа сөзі өтетін, халық сенетін 500 интеллигенттің көзін жойса, жетіп жатыр-қазақтар тағзым етті деп есепте»*-деген екен.²⁷³ Осы әккі тәсіл іс-жүзіне асырылды. Расында да, қазақ ұлтының ең осал жері сол болатын. Сол осал жерден ойып кірген «қызыл идеология» сан-алуан құйтырқы әдістер арқылы көзі ашық, оқыған азаматтарды өздерінің жымысқы саясатын жүзеге асыруға бөгет болады деп қорқып, оларды орталарынан аластап қуғын-сүргінге ұшыратты.

Қазан төңкерісінен кейін тарихи аренада көрінген ұлтының шынайы жанашырларына, большевиктер жүргізген әккі саясатқа қарсылық білдіргендері үшін «халық жауы» деген айдар тағылып қудаланғаны белгілі. Осы жылдары Қазақстанның оқулықтары мен ғылыми әдебиеттерінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтардың есімдері үнемі Кеңес өкіметіне қастандық жасаушы зиянкес жау ретінде берілді. Бұл

фамилиялардан кейін таптауырыңға айналған «ұлтшыл-буржуазиялық элементтер» деген құбыжық сөздер қосарланып жазылатын болды.

Негізсіз тағылған осы айыптар сол кезде жұртқа найзағайдың жарқылындай әсер еткен «халық жауы» деген анықтамамен байланыстырылды. Кеңес өкіметімен ашық күресте жеңілген олар идеологиялық майданда зиянкестік жасауға көшті деген пікір таратылды. Ал мұрағат материалдары бұл айтылғандарды жоққа шығарады. В.И.Лениннің өзі кешегі алашорда өкілі болған қырғыз әскери ревком мүшесі А.Байтұрсыновпен кездесіп әңгімелескеннен соң, қырғыз өлкесінде кеңсе жұмысын қалай жақсарту керектігі туралы бірнеше кеңестер берген.²⁷⁴

Алайда әдебиет пен өнер саласына партия ықпалын жүргізу оңай болмады. Сондықтан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық санаға большевиктер ұсынған жалған идеологияны сіңірту зорлықпен жүргізілді.

1928-1930 жылдары Қазақстанда ПП ОГПУ-дың (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың өкілетті өкілдігінің) үштігімен қазақтың алғашқы интеллигенттеріне «ұлтшылдар» деген айып тағып «ұлтшыл-буржуазия» өкілдері деп аталған қылмысты іс ашады. Революциядан бұрынғы алғашқы ағартушы-ғалымдардың барлығы бұл атауға жатқызылды десек қателеспейміз. Олар: алғашқы қазақ оқулықтарының авторлары, ағартушы-ғалымдар, ақын-жазушылар, заңгерлер, дәрігерлер, саяси қайраткерлер, Алаш Орда ұйымының мүшелері-яғни қазақтың ылғи зиялылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, Е.Омаров, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Ж.Күдерин, Ж.Ақпаев және басқалар еді.

Қазақстанда ағарту ісімен шұғылданған осы жайсаңдар қуғынға ұшыраған соң-ақ, қазақ ұлты тұтасымен Ресейге тәуелді болып қалды. Ғылым мен мәдениеттің дамуы да партияның жіті бақылауында жүзеге асырылып отырылды. Бұдан былай қазақ балалары тек орыс тілінен аударылған оқулықтармен ғана білім алатын болды. Олар өз тарихын ұмытып, барлық оқиғаларды бұрмаланған

қысқа тарих оқулығы бойынша оқып, білім алды. Қоғам дамуы туралы «кезеңдер», ұлттар арасындағы «интернационализм» секілді «жаңа аңыздарға» табынып, соған сеніп, жаттап, «жарқын болашаққа» жетеміз деп даурықты. Кім де кім партияның айтқанына көнбесе, олардың алдарынан да тиісті жаза күтіп тұрды. Өмір өзгеріп, жалғандық жалаңдаған заман келіп, халық оған мойынсынып, тіршілік мәні кете бастады. КОКП-ның сұрқия саясатының арқасында зиялылардың жаңа ұрпағы «қалыптасып», олардың көпшілігінің балалары өз ана тілін білмейтін, ата-дәстүрден шошынған, ауылдағы қазақша сөйлейтін туыстарынан жерінген «жаңа қазақтарды» құрады. Ұлттық санадан, психологиядан жұрдай, түрі қазақ, жан дүниесі, ойы, тілі орыс бұл қандастарымыздың келешегі әлі де бұлыңғыр күйде қалып отыр. Міне, «қызыл идеологияның» құдіреттілігінің нәтижесі осындай болды...

Алғашқы қуғынға ұшыраған ғалымдардың бірі Күдерин Жұмахан болды. Оны «1927-28 жылдары Ташкентте Тынышбаевтың астыртын ұйымының мүшесі болып, онымен үнемі байланыста болғансың. Ұйым жетекшісімен бірігіп «Орта шаруалардың одағын» құрдың» деп (өмірде ондай ұйым болмаған) айыптайды. Осы әрекеттері үшін Күдерин Жұмаханды өмірде болмаған ұйымның өзге де 15 «жетекшісімен» 5 жылға Орталық-қаратопырақты облыстарға Воронеж бен Льгов қалаларына жер аударды.

Қазақ интеллигенциясын осылай жою кезең-кезеңмен жүргізілді. Бірінші: 1928-1931 жылдары; екінші 1937-1938 жылдары; үшінші 1949-1953 жылдары. Қаншама әуреленгенмен де алғашқы интеллигенттердің «қылмыстарын» мойындарына қоя алмады, бірақ олардың халық арасына ықпалы тиіп, іріткі туғызуы мүмкін деген күдікпен Ресейдің Орталық-қаратопырақты облысына, Карелияға, Соловкиге әкімшілік жолмен бес жылдан он екі жылға дейін мерзімге жер аударды.²⁷⁵ 1931 жылы дұшпан топтың өкілі деген желеумен 10396 адам тұтқындалды, соның басым көпшілігі интеллигенция өкілдері болды.²⁷⁶

Осындай зобалаңдардың асқынуына идеология, әсіресе, 1932 жылы 10 қаңтарда БК(б)П Қазақ өлке-

лік комитетінің Мәдениет және Насихат бөлімдері мен Қазақстандық марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институты «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майданындағы күрестің міндеттері туралы» қабылдаған қаулысы себепші болды. Қазақтың көркем әдебиеті мен әдеби сыны социалистік құрылыстың қазіргі талабына сай емес, олар Алаш Орда ықпалында болып, әлі өз дәрежесінде жүргізілмей отыр. Бұл мәселелерді жүзеге асыру партияның теориялық күштерін топтастыру арқылы орындалуы қажет деген нұсқау берілді.²⁷⁷ Осы қаулы интеллигенция өкілдеріне қарсы қуғын-сүргіннің күшеюіне үлкен әсерін тигізді. Сөйтіп, алғашында ғылыми қателіктерден басталған ой-пікірлер бұдан былай бұлжымас саяси қағидаға айналып, ресми сипат алды. Бұл тұжырымдардан басқа ой-пікірлердің барлығы саяси-ғылыми қателіктерге бағаланып қуғындалды. Осындай теріс көзқарас ақыры зиялылардың түбіне жетіп тынды. Қудалаудың осы идеологиялық әдісі әлі де жалғасып келеді.

Сол кездегі зиялыларды жаппай қудалау қазақтардың патриархалдық-рулық қоғамдағы сипатына тән, қанға сіңген рушылдық пен жікшілдік ел билігіне араласқан азаматтар арасындағы бақталастық, күншілдік, іштарлық, көреалмаушылық сияқты әдетті әрекеттері өршіп, оған себепін тигізуінен де болды. Осы жағымсыз қылықтар партия тарапынан зымияндықпен қолдау тауып, ушықтырылып отырылды. Осындай айлакерлікті әбден меңгерген Голощекин қазақтарды бірін-біріне әшкерелетіп, оларды жаппай айыптап, қуғындауға кірісті. Бұл жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға идеологияның сенімді құралы баспасөз органдары айтарлықтай «үлес» қосты. Мысалы, «Лениншіл жас» газетінде Еселбаев деген «Семей театры ұлтшыл Бековтің бөлтіріктерінен әбден тазартылсын» деп шу көтерді. Ол мақаласының аяғында алашордашыл, ұлтшыл Бековтың бөлтіріктері Қиялов, Көкібаев, Қалтаевты театрдан қуу керек»- деп ұсыныс білдіреді.²⁷⁸ Міне осы жылдардан бастау алған қазақтардың өздерін өздері халық жауы етіп көрсетуші әдеті кейінгі жаппай қуғын-сүргін жылдарына ұласты.

Ш.Өржанов деген «Наркомпростағы халық жауларының ұяларын» тауып «қырағылық» көрсетті. Бірімжанов, Байдәулетов, Сейітханов, Қарымсақов, Садықов, Аспандияров, Үсенов, Айтметов, Есембаев, Әубәкіров, Игенов, Мырзабекова, Ахметова, Назаров сияқты бір топ адамды «халық жауы» Жүргеновтің сілімтіктері деп өзінше «дәлелдеді». «Егер де бұл бай-манаптардың істеген зиянкестік зардаптарын тез жоюды ойласақ, әлгі халық жауы Жүргеновтің сыбайластарын Наркомпростан қуу керек»- деп «ақыл» береді.²⁷⁹ Сол кездегі қалыптасқан «қағида» оқу-ағарту халық комиссары Т.Жүргенов жау екен, ендеше оның қарамағында істейтіндердің бәрі жау болды. Саяси сауаты жетерлік философ І.Қабылов өзінің «Троцкишіл, оңшыл, ұлтшыл сұмырайларды түгел құртайық» деген мақаласында Рысқұлов пен Қожановты, Жолдыбаев пен Сұлтанбаевты, Сәдуақасов пен Мұстамбаевты «предатель», «сұмырай», «ұлтшыл», «алашордашыл», «фашист», «агент» деген ғайбат сөздермен қорлауы оның өз пікірі емес, сол кездегі идеологияның арандатуы екені де айдан анық.²⁸⁰

Идеологияның негізгі құралы болып саналатын баспасөзде партияның арнайы тапсырмасымен осылай өртке май құйылып отырылды. Бұл орайда, әсіресе, сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің редакторы З.Тұрарбеков ерекше белсенділік көрсетті. «Комсомолға кіріп кеткен жауды толық жоямыз».²⁸¹ «Бухариншіл контрабанда» және «Ауыл мұғалімі» журналының редакциясындағы ашық ауыздар», «Комсомолдағы халық жауларын түгел әшкерелеп, тұптамырымен құртайық!».²⁸² «Комсомолдағы халық жауларын бірін қалдырмай, әшкерелейік!».²⁸³ «Буржуазиялық ұлтшылдардың ұясын тас-талқан жасау керек!»²⁸⁴ деген сияқты редакциялық нұсқауға толы мақалаларды қаптатып жіберді.

Ұзақ жылдар «Еңбекші қазақ» газеті редакторының орынбасары болған идеологиялық майданның жауынгері Сүгіров Рахым: «ұлтшыл-фашистер өздерінің қастық әрекеттерін ешуақытта тоқтатқан жоқ. Өлкенің жаңа басшылығымен бірге ескі перегибті сөккен болып, сұрқия сөзді бетке ұстап, Құлымбетов, Жүргенов, Жандосовтар-

түлкі құйрықты шошқалар-өздерінің фашист қожайындарының тапсырмаларын орындау үшін үнемі астыртын жұмыс жүргізіп келгендігі айқындалып отыр. Халық жаулары Асылбеков, Нұрсейітов, Ғатауллин бастаған контрреволюцияшыл ұлтшыл топ Орталық Қазақстанның мал шаруашылығын өсірмеуге, кері кетіруге аз қастандық істеген жоқ».²⁸⁵ Осындай жала жапқан материалдарды басу үлкен науқанға айналды. «Партияның X съезі қарсаңында,-деп жазды Кеңес өкіметіне «жаны ашығандар», «Социалистік Қазақстан» газетінде-Қожанов, Аспандияров, Жандосов және басқалары троцкистік-ұлтшылдық тезис жасап, ол тезистерін Сталин жолдастың тезистеріне қарсы қойды... Бұл тезиске Досов пен Төртқұлов та қол қойды...» Міне, кеңес дәуіріндегі өзіндік пікір білдіріп, ұсыныс жасағандарды осылай талмау жерден оңдырмай ұрып отырды. Кешегі жолдас, сырлас адамдардың бір-бірін жау етіп көрсетулерінің басты себептерінің бірі большевиктер жүргізген «қызыл идеологияның» қармағына ілінуінен еді.

Пролетариат жазушысы атанған С.Мұқанов: «Б.Майлиннің 1925 жылы жазған «Ел мектебі» деген революцияға қарсы пьесасын көрдік. Ол бұл пьесасында ауылдың тұрмысын жамандап, халық жауын мақтаған, жазған өлеңдері революцияға қарсы» деп²⁸⁶ көрсеткен. Қазақстан совет жазушыларының 1-пленумында ол тағы да: «Әдебиет майданы» журналына жылдан артық редактор болған жолдас Сәкен Сейфуллин еңбек ақы алғаннан басқа еңбек сіңірмеді. «Троцкийдің бандасының бандиткасы Галина Серебрякованың «Маркстің жас кезі» деген революцияға қарсы романын аударып басты»-деген ауыр сөздермен ғайбаттауға дейін барған.²⁸⁷

Ал, ол Ілияс Жансүгіровті «ұлтшылдық туралы кітап басып шығарды, онда қырғыз бен қазақтың арасына от салатын мәселе көтерген» деп кінәлайды. Академик ағамыздың Ілиясты да, бұл кезеңге ешқандай қатысы жоқ Сүйінбайды да, ұлтшылдар етіп шығаруы сол жылдардағы билікке жағынудың айласы болса керек. Кеңестік жүйеге беріле қызмет еткен С. Мұқанов сияқты қуғын-сүргіннен аман қалған жазушының тағы

бірі Ж. Саин болды. Белгілі жазушы атанған ол: «Халық жаулары, фашизмнің қарғылы төбеттері шаруашылық, мәдениет құрылысымыздың бір ғана бөлігіне зиян жасап қойған жоқ, олар өздерінің екіжүзділік сұрқиялығын пайдаланып, әр жерге-ақ қанат жайғысы келді. Олар «сұр күшіктерің» Тоғжанов, Жансүгіровтер осы күнге дейін көркем әдебиет майданында жүр. Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің секретарлары О.Кенжеғараев, Ұ.Құлымбетов, С.Есқараев, Ж.Сәдуақасов, тағы басқа Жапон империализмінің агенттері бастаған ұлтшыл фашист бандылары Қазақстанды ұлы Советтер Союзынан бөліп алуға тырысты. Қазақтың бостандық алған Советтік Социалистік Республикасын жапон империализмінің колониясына айналдырып, феодалдардың, байлардың, молдалардың үкіметін қайта орнатпақшы болды. Қазақ еңбекшілерін аштыққа, қайыршылыққа ұшыратпақшы болды. Зұлым ұлтшыл-бандалары жастарға да өздерінің арам қолдарын созды, жастардың ішіндегі тұрмыс жағынан бұзылған, саяси табансыз элементтердің ішіне шпиондар, диверсанттар, зиянкес мамандарды таратты. Өлкелік комсомол комитеті өзінің басшылығында ұзақ уақыт халық жауы, ұлтшыл-фашист Тәштитовтың отырғандығы осыны көрсетеді» деп соқты.²⁸⁸ Сол кезеңдегі партияның саясатына құлай берілгендер осылай оның айтқанын екі етпей орындауға тырысты. Міне, осындай кезекті бір тапсырма Алматы пединститутының бір топ студенттеріне де жүктелді. Олар өз ұстазы, әдебиет теориясы пәнінен сабақ беретін Әмина Мәметованың үстінен шағым ұйымдастырады. «Бізді дұрыс оқытпайды. Алашордашыл ақындардың зиянды өлеңдерін айтады... Тіпті контрреволюционер, алашордашыл ақын, соңғы кезде бандит болып, талай еңбекшілердің қанын жұтқан Шәкәрімді де мақтайды. Шәкәрім алашорданың әрі ақсақалы, әрі соты болып, контрреволюцияның жырын жырлаған ақын екенін кім де болса біледі»²⁸⁹ деп «жаңалық» ашты. Жапония, Германия қайда екенін білмейтін, тіпті ол мемлекеттерді картадан көрсете алмайтын толып жатқан адамдарды солардың агенттері етті.

«Ұстаздың көлеңкесін де басуға болмайды» деген қағиданы бұзып, біртуар ғалым ағаларының қаламынан шыққан еңбектерді іздеп жүріп оқитын шәкірттері М.Ақынжанов, С.Әбішев, Қ.Әбдірахманов, И.Сариев, З.Бұлақбаев, М.Мұхаметжановтар 1937 жылғы 29 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетіне «Японский шпион в роли историка» деген мақала жазады. Бұл мақалада олар өздерінің ұстазы, профессор С. Аспандияровты қаралайды.

Қолдан жасалған бұл зұлмат творчество адамдарын сенім мен үміттен айырып, мүлде су жүрек етті. Олардың бойын үрей биледі. «Байтал түгіл, бас қайғы» күйге душар етті. Қызметкерлерді «тыныш жүріп, жан бағып аман болайықшы» дегізді. Ақын-жазушылар тарапынан творчествоға селқостық туды, оларды бұқарадан аулақ болуға мәжбүр етті. Зиялы қауымнан жасанды «ұлтшыл-фашистер» жасаудың тағы бір себебі-көп адамдардың жалтақтығы, жағымпаздығы, айтқанды орындай қойып жақсы атануы болды. «Мынаны құрт», «мынаны жаз» десе-ақ болды «ләппай, тақсыр», деп құлдық ұрып тұрды. Жалақорлардың енді бір тобы бас сауғалау қамында болды. «Қырағылығың кем деген айыптауға ұшырап, мансабымнан айрылып қалармын» деп сақтанғандарының түрі осы болды. Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, қорлауға, айдатып, аттыруға дайын тұрды. Өзгелерді «әшкерелеп», өздері ғана Кеңес өкіметіне адал еңбек сіңіріп жүрген берілген адам ретінде көрініп, жау болмауға, мансаптарынан айрылмау үшін жанталасты. Сөйтіп, өз бастарының амандығын күйттеуден аса алмады.

Осылай «қызыл идеология» адамдардың моральдық жағынан азғындауын тездетіп, кісілік қасиеттен жұрдай етті, ар-ожданға қаяу түсірді, саналы, адамгершілік қылықтарды жоғалтты, адамшылдық іс істеуден айырды.

Голощекин кезінен бастау алған интеллигенцияны куғын-сүргінге ұшырату «1937-38 жылдарға дейін созылып, тағы қазақтың оқыған 66 мың адамына жапа шектірді. Бұл шығын алдыңғы шығыннан кем соқпады.

Бұлар халықтың интеллектуалдық әлеуетін әлсіретіп, психологиясын жасытуда алдыңғы трагедиядан да асып түсті».²⁹⁰

Зиялы қауымынан айрылған қазақ халқы «тілсіз», «мылқау», күй кешіп, есеңгіреп, есінен танып қалды. Халық басына төнген бұл зұлмат Кеңестер империясының тұтастығын, беріктігін қамтамасыз ету үшін Орталықтан жоспарлы түрде жасалған шара болатын. Ондағы тағы бір мақсат өкіметке қарсы бас көтерер интеллигенция өкілдерінен құтылу еді. Өйткені көзі ашық оқыған зиялылар большевиктер жүргізіп отырған саясаттың жалғандығына көздері жетіп, олардың осылай бұра тартуларына қарсылық білдіргендер еді. Сол кезде-ақ билік басындағылар өздеріне кедергі болатын осындай ұлтжанды азаматтарды жасырын түнделетіп келіп ұстап, шетінен топ-тобымен жалған жала жауып тұтқындауды әдетке айналдырды.

Осы саяси науқандардан соң-ақ, қазақтар революциядан кейінгі кезеңде жүргізілген жаңа саясатты, тұрмыстың басқа саласына қарағанда тезірек меңгерді. Оны сол кездегі мына бір Мақаншыдан (бұрынғы Семей облысының ауданы) келген жеделхатта жазылған оқиғадан білуге болады: «Қарағанды облысында ашылған контрреволюциялық бандиттердің, ұлтшыл-фашистердің ұйымы турасындағы айыптау қорытындысын оқысымен, осыған байланысты Мақаншы селосындағы колхозшы, жұмысшы және қызметшілердің қарашаның 19-ында 1275 адам қатынасқан митингісі болды. Митингіге жиналған адамдар әшкереленген халық жауы Асылбеков, Нұрсейітов, Ғатаулин, Избасаров тағы басқа азғын иттердің істеген зиянкестік ісіне қатты ызаланып, Отанымызды сатпақшы болғандарды жер бетінен мүлдем жоюды пролетариат сотынан талап етті».²⁹¹

Митингіде шығып сөйлеген колхозшы-жұмысшылар, қызметшілер өздерінің сүйікті Отанына, Ленин-Сталин партиясына шын берілгендігін, КСРО-дағы туысқан көп ұлттардың мызғымайтын берік достығына адалдығын көрсетті. Митингіге қатысушылар өзінің қаулысында: «Біздің ұлы Отанымыз-КСРО-да көп ұлтты елдердің

туысқандық достығы әбден бекіп нығайды, халық жауларының қандай әрекеті болса да олар біздің совет елінің туысқандық бірлігін бұза алмайды. Бұған ұлы көсеміміз, данышпан әкеміз Сталин жолдас бастаған Орталық партия Комитеті басшылық етіп отырған біздің большевиктер партиясының күші, беделі толық кепіл»-деп қол қойған.

«Ұлтшыл-фашист сатқындардың бандасын әшкерелеп, олардың талқанын шығарған НКВД (Народный Комиссариат Внутренних Дел) орындарына, оның айбынды басшысы Ежов жолдасқа алғыс айтатындарын, осы азғын иттердің істеген істеріне ызаланып қана қоймай, Ленин-Сталин партиясының, оның данышпан көсемі Сталиннің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, жаңа табыстармен жауап беретіндерін, аудандағы стахановшылар қатарын бұрынғыдан да көбейтіп, еңбек өнімділігін арттырып, Советтер Союзының күшін бұрынғыдан да нығайтумен жауап беретіндіктерін жазған. Сондай-ақ, олар пролетариаттық әділ соттан Отанды сатпақ болған троцкийшіл, бухариншіл ұлтшыл-фашист сұмырайларды атуға үкім шығаруды талап еткен. Митингінің тапсыруы бойынша: Смауллаев, Кизеев, Қордашев, Шернисов, Ыбыраев, Сағитов, Санкина, Погрерицкийлер қол қойған».²⁹²

Биліктерін іс жүзіне асыру жолында большевиктер партиясы халық атынан сөйлеу тәсілінің тиімділігін шебер меңгергені соншалықты, өз жоспарларын, іс-шараларын «көпшіліктің талап етуі» ретінде көрсетуге әуес болды. Осы жасанды идеологияға сеніп өздерін-өздері ұстап берген аңғал қазақтар туралы сол кезде-ақ А.Байтұрсынов: «Жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр» деп олардың адасқан дәрменсіз күйін, бұлыңғыр келешегін дөп басып ескерткен еді.²⁹³

Халықты алдап-арбап, қорқыту тәсілдерін қолданған большевиктердің жаңа қоғам құру идеологиясы, пролетариаттың социалистік революциядағы жеңісімен, яғни саяси билікті алысымен басталып, ол қоғамның барлық саласындағы қайта құрулардың «қуатты құралы» ретінде қолданылып отырылды.

Республикадағы алғашқы мәдени ошақтар

Республикадағы 1928 жылы алғашқы ашылған жоғарғы оқу орыны Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына, 1935 жылы Абай есімі берілді. Одан кейін 1929 жылы Алматы малдәрігерлік институты, 1930 жылы Қазақтың ауылшаруашылық институты, 1931 жылы Алматы медицина институты, 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. 1926 жылы Ж.Шаниннің басқаруымен алғашқы ұлттық қазақ театры ашылды. 1934 жылы музыкалық театр ашылды, қазіргі Абай атындағы опера және балет театры. Алғашқы қойылған опера Е.Бурсиловскийдің «Қыз-Жібек» спектаклі болды. 1934 жылы атаұты композитор А.Жұбановтың басқаруындағы Құрманғазы атындағы оркестр құрылды. 1938 жылы Мәскеуде қазақ мәдениетінің онкүндігі өтті. Әнші Күләш Байсейітоваға КСРО халық артисі құрметті атағы берілді. 1934 жылы Қазақстанда көркем фильмдердің алғашқы студиясы ашылды. 1938 жылы алғашқы дыбысты көркем фильм «Амангелді» түсірілді. Композитор А.В.Затаевич 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні», 1931 жылы «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» жинағын шығарды.

Байырғыландыру /коренизация/ саясаты: себептері, мәні, салдары

Тарих тағлымына жүгінсек, Ресей империясының отаршылдық саясатының нәтижесінде кең-байтақ қазақ жеріне келімсектер әр түрлі сылтаумен жымысқыланып келіп, әбден сіңісіп, жайлап алғандығы белгілі. Осылай ұзақ жылдар бойы ассимиляция арқылы ұлттарды жұтып қою саясаты жүргізіліп, славян ғұрпы мен мәдениеті күштеп таңылды. Кейіннен түрі кеңестік, заты интернационалистік жаңа отарлаудың құрбаны болған Қазақстанда 20-жылдары «қазақтандыру», яғни байырғыландыру (коренизация) саясаты жүргізілді.

Ресей империясының мұрагері Кеңестер Одағы деп аталған алып мемлекетті өмірге әкелген большевиктердің қол астына қараған бірде-бір елде ешқашан дәл біздің республикадағыдай «қазақыландыру» сияқты саясат

жүргізу қажеттігі болмаған. Өйткені одаққа кірген үлкенді-кішілі халқы бар басқа республикаларда, сол әу бастан осындай саясатты туғызатын факторларға жол берілмегенге ұқсайды. Сонда өзінің ғасырлар бойы мекендеген ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерінде қазақ ұлтын, өз ұясында «қазақыландаруға» душар еткен не жағдай болды екен деген сұрақ туындайды.

Бұл-сонау өткен 18 ғасырдың басында салынған алғашқы бекініс-қалалардан бастап жүздеген жылдар бойы әр түрлі айлакерлікпен жүргізіліп келген орыстандыру саясаты еді. Осы әккі саясаттың негізін, зұлымдық мәнін сол кезде-ақ Бұқар жырау бабамыз көрегендікпен болжап, былай деген еді:

... Күнбатыстан бір дұспан,
Ақыр да шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Бастығының аты поп,
Күншығысқа қарайды,
Шашын алмай, тарайды.
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ.
Осы сынды бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жаяулап келер жұртыңа.
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа.
Жемірлерге жем беріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды.
Қағазға жазар малыңды,
Есепке салар барыңды.
Елінді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан.
Тексізді төрге шығарып,
Басыңа ол күн туғанда,
Тендік тимес қолыңа

- деген көрегендігі араға уақыт салып, айна-қатесіз келді.²⁹⁴

Үш жүз жылға жуық мерзімді қамтыған империялық қанау еліміздің есін шығарып есеңгіретіп, халқымыздың тұтастығын ту-талақай етіп келді. Тарихта орыстың озбырлығына қазақ сияқты ұрынған халық кемде-кем. Ата-бабаларымыздың ұрпаққа қалдырған жеріне, табиғат сыйлаған асыл қазыналарымызға қызыққандар қазақтарды мәңгірт етіп, бұрынғы құлдық психологиядан арылмауын көздегендер, ең алдымен, өз аяласын жас ұрпақтың санасын улаудан бастағаны белгілі болып отыр. Патшалық Ресей қазақ даласында мектеп, гимназия ашқан болып, білімге сусаған қазақ баласына көз ашқаннан «Библияны» оқытып, христиан дініне баулығаны бүгінде тарихи құжаттармен, басқа да деректермен дәлелденіп отыр.²⁹⁵

Ресей империясы қазақтардың тілін де, өзін де жойып жіберуге ХІХ ғасырдың басында-ақ кіріскені тарихи деректерден тайға таңба басқандай көрінеді. Омбы губерниясындағы қазақтарды орыстандыру мақсатында жүргізілген зорлап шоқындыру нәтижелі болмағандықтан, сол өлкенің генерал-губернаторы Сперанский басқа әдіске көшу керектігін мойындап былай деген: «Біз оның есесіне қазақтардың арасында жаппай орыс мектептерін ашамыз. Сонда олар өз тілін ұмытады. Ал, ана тілін ұмытқан халық оп-оңай орыстанады» деп өз ойларын осылай ашық білдірген көрінеді.²⁹⁶

Қазан төңкерісінен кейін қазақ елі өзін отарлық езгіден босатқан жаңа өкімет-Кеңестердің «қамқорлығына» түсті. Мұндай «қамқорлыққа» ғасырлар бойы ата-бабалары иемденген ұлан байтақ жерді мекендеп, өсіп-өнген, тұтас бір халықтың ұлттық қасиетін айқындайтын ана тілінің тағдыры да енді большевиктердің қолына көшті. Кеңестер өкіметі және оның органдары еңбекші шаруаның, кедей-кепшіктің мүдделерін көздейтіндігіне, солар үшін қызмет ететіндігіне көздерін жеткізу үшін республикада басқару аппараттарын «қазақтандыру» - «байырғыландыру» міндетін күн тәртібіне енгізеді. Оны көбінесе жергілікті тұрғындардың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін білетін сауатты адамдармен ауыстыру көзделді. Бұл қадам сол кездегі Қазақ Республикасының

алдында тұрған күрделі саяси, шаруашылық және мәдени міндеттерді шешу үшін өте қажет еді. Осылай елдегі қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ұлттық теңсіздікті жою жолындағы күрестің бір маңызды науқаны басталып кетті. Бұл жолда қазақ елінің жергілікті халықтарына түсінікті болу үшін Кеңестер өкіметіне сол халықтың өз тілінде сөйлеуі ауадай қажет болды. Осы жергіліктендіру-«байырғыландыру» 1925 жылы өткен V Өлкелік партия конференциясында өзекті мәселе ретінде қайта қаралды. Онда кейбір европалық жолдастардың кеңестерді қазақыландыруды ешбір меңгере алмай-ақ қойғаны. Бұл шараны өздеріне, орыстарға қарсы бағытталған контрреволюциялық әрекет деп түсінгендігі аталды, егер осылай Қытайға Кеңес өкіметі енгізілер болса, онда қытайша сөйлеп, қытайша жазылатыны, онда кеңестерге басшылық жасайтындар да сол қытайлар болатыны сөзсіз екендігі айтылды. Сол сияқты Үндістанда үнділерше, Германияда немісше сөйлеу қажет екендігін әрбір саналы коммунист түсінуі тиіс жағдай деп мысал келтіре отырып, қазақ жеріндегі өкіметті де кеңестендіру үшін оны, ең алдымен, қазақыландыру керектігі сөз болды. Оларды қазақыландырмасақ – (жергіліктендірмесек) онда ол өкімет бөтен болады, патша заманындағыдай губернаторлық билік немесе, әйтеуір, басқаның билігі болады. Ал біздікі Кеңестік болуы тиіс екендігі айтылды.²⁹⁷

Өйткені, большевиктер ойлағандай, пролетариат диктатурасы органы ретінде қазақ ауылдарында кеңестерді құру жергіліктенбегендіктен, үлкен қиыншылық туғызды. Республикада Кеңес өкіметінің іс-қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Ауыл тұрғындарының бұл тілді білмеуінен үкіметтің декреттері, губерния мен уездердің қаулы-қарарлары қазақ болыстарында, ауылдық кеңестерде тек іс қағаздары ретінде ғана тіркелді. Ол құжаттарды оқып, оның мазмұнын түсінетін адамдар санаулы, тіпті, көпшілік жағдайда мүлдем болмады. Осы себептен жергілікті халық, әсіресе, ауыл тұрғындары Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған саяси-әлеуметтік шараларынан бейхабар болды. Мәселен, Жаркент аудандық атқару комитетіне (Ұйғыр ауданы) Алматы округтік атқару ко-

митетінен келіп түскен іс қағаздардың 70 пайызы орыс тілінде жазылған. Аудандық атқару комитетінің қызметкерлері бірнеше мәрте осы орыс тілінде келген әр түрлі құжаттарды ұйғыр тілінде, тіпті болмаған жағдайда қазақ тілінде жіберуді сұрап қайта қайтарған әрекеттері нәтижесіз болып, бәрбір сол қағаздар қайтадан орыс тілінде келіп түсетін болған. Мұндай сорақы қиянаттар Шелек, Еңбекшіқазақ, Октябрь, т.б. аудандарда орын алды. Тіпті бұл аталған аудан басшыларының өздері де орыс тілін білмейтін болған.²⁹⁸ Аппаратты байырғыландырып, қазақша сөйлету жолындағы әрекеттер үкіметтің қаулы-қарарларын жүзеге асыратын жоғары органдардың өздерінің тарапынан осылай тұншықтырылып отырылды. Ескі аппарат тек уақытша жамап-жасқалынды. Жергілікті халықтардың тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық ерекшеліктеріне ешқандай мән берілмеді. Тек жоғарыдан нұсқауларын үсті-үстіне жолдап, өз айтқандарының ғана орындалуын талап етіп отырды. Ал аудандар мен ауылдардағы төменгі буындардағы аппараттар-аудандық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерде қызметкерлердің қабілеті төмен еді. Олардың басым көпшілігінде орысша сауаты жоқ, үкімет пен партияның саясатын түсіне бермейтін адамдар отырды. Ауылдық кеңестердің тек аты ғана болатын, ал іс жүзінде олар талапқа сай жұмыс жүргізе алмады. Ауылдық кеңестердің төрағалары көбінесе сауатсыз болды.²⁹⁹ Ал 1926 жылы жалпы республика көлемі бойынша алғанда орысша сауатты қазақтардың саны 10 пайыздан төмен болған.³⁰⁰

«Қазақтандыру» Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін, дәлірек айтсақ, 1921 жылдан басталған еді. Осы жылдың 2 ақпанында Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде орыс, қазақ тілдерін қолдану туралы» №19 декреті шықты. Декреттің 1-бабында ҚАКСР аймағын құрайтын Семей, Ақмола, Орынбор-Торғай, Орал және Бөкей губерниясы және Адай уезіндегі мемлекеттік мекемелерде орыс және қазақ тілдері тең құқықта қолданылады делінген болса, осы декреттің 3-бабында Республиканың барлық орталық,

губерниялық мекемелеріндегі іс қағаздары және өзара қатынас орыс тілінде жүргізіледі» деп, алдыңғысын жоққа шығаруынан бұдан кейінгі жүргізілген «байырғыландыру» саясатының өзі тек көзбояу болғанын көреміз.³⁰¹ Декреттің шығуы маңызды оқиға болғанымен, ол осы екі тілді тең қолдануға тек сөз жүзінде ғана құқық берді. Оның бір дәлелі осы жылдары қазақ тілінде кітап шығарылмағандығы. Бұл туралы Бүкілқазақтық халыққа білім беру съезінде А.Байтұрсынов мәселе көтерген.³⁰²

Ал 1923 жылдың 22 қарашасында Қазақ Орталық Атқару Комитетінің шығарған декреті бойынша республикада мемлекеттік тіл қазақ және орыс тілдері болып жарияланды. Декреттің 7 тармағында ҚазОАК-тің және губерниялық атқару комитеттері жанынан осы жұмысқа басшылық жасап, бағыт беретін комиссиялар құру қажеттілігі көрсетілген. Осы нұсқау бойынша құрылған бұл комиссиялар мекемелерді «қазақыландыру» ісімен тікелей айналысты.³⁰³ Бірақ олар жоғарыдан түскен нұсқауларды орындаумен ғана шектеліп, орыстарды қазақтармен ауыстырумен әуестенді. Оның өзінде де «қазақыландыруға» тигізетін пайдасы шамалы күзетші, үй сыпырушы, ат айдаушылар секілді қосалқы жұмысшылармен ауыстырылды. Кеңес өкіметінің орталық органдарынан бастап барлық уездерінде декреттер, нұсқаулар мен басқа да құжаттар екі тілде қатар жүргізілетін болып міндеттелді. Бұл міндетті іс жүзіне асыру үшін мемлекеттік аппараттарда екі тілді бірдей меңгерген қызметкерлер болуы қажет еді. Ондай екі тілге маманданған қызметкерлердің жетіспеушілігіне байланысты қазақтар арасынан хат танытындарын іріктеп алып, жергілікті халықтың тілін білмейтін орыстармен ауыстырудан басқа амал қалмады. (Ол кезде бүгінгідей орыс тілді қазақтар болса, саусақпен санарлықтай ғана еді. - Е.Қ.)

Мекемелерді қазақыландыру, яғни ондағы іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу және оған келген адамдармен қызметкерлердің жергілікті ұлт тілінде сөйлесе білу мәселесін дұрыс жолға қою әрбір конференция, жиналыстарда жиі көтерілгенімен, ол сөз жүзінде қа-

лып отырды. Өйткені бұл мәселенің дұрыс шешілуіне Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекиннің өзі де құлықты болмады. Ол «қазақтандыру» жұмысы партиядан басқа мекемелердің бәрінде жүруі керек, партияның қазақылануының қажеті жоқ, өйткені партия Ресейдікі, оның тілі орысша болса да жетеді»³⁰⁴- деуі бұл істің осы жағдайда алға баспайтынын көрсетіп берді. Сөйтіп, «қазақтандыру» тәжірибесі сәтсіз болып, алғашқы қадамдары ешқандай нәтиже бермеді. Осылай Кеңестік аппаратты «қазақтандыру» саясаты Ф.И.Голощекин жүргізген «кіші Қазан» бағытының жетегінде кете барды.

Бұлай болуының өзіндік себептері де бар болатын, өйткені «қазақыландыру» туралы қабылданған декретті өмірде іс жүзіне асыратындай нақты жоспар, тиімді әдістер, тіпті, оған деген ниет те болмады. Болған күннің өзінде олар көзбояу үшін ғана жасалып, көңілдегідей нәтиже бермеді. Аппараттарды «қазақыландыруды» жүзеге асыру міндеті үкімет тарапынан шынайы ықылас пен жүйелі ойластырылған іс-қимылды енгізуді қажет етті. Солай бола тұра «қазақыландыруды» жүргізуде немқұрайлылықпен келеңсіз, ақылға сыймайтын істерге үкімет тарапынан жол берілді. Мысалы, жер шаруашылығы ұйымында екі үй сыпырушы орыс әйелін екі қазақ әйелімен ауыстырса, бұл ұйымда «қазақыландыру» 100 пайыз орындалды деп есептелді.³⁰⁵ 1926 жылдың басында мемлекеттік аппараттардағы «қазақыландыру» нәтижесі өте мардымсыз болды. Көкшетау уезіндегі мекемелерде барлық 477 қызметкердің 38-і ғана, яғни 8 пайызы қазақ болды.³⁰⁶ Бұл жылдары кеңестік аппараттарды «қазақыландыру» республиканың басқа да губерниялары мен уездерінде осы шамалас болған. Ал аппаратты «қазақыландыру» көбінесе қосалқы жұмыстағы адамдармен көбейтіліп, күзетші, шабарман, үй сыпырушы, т.б. есебінен жиі жүргізілгенін байқауға болады. Сөз болып отырған Көкшетау уездік аппаратындағы жоғарыдағы аталған 38 қызметкер қазақтың 12-сі ат күтуші, күзетші, тағы сол сияқтылар болған.³⁰⁷

Комиссия «қазақтандырудың» бірінші кезеңі болып табылатын 1926 жылға дейін проценттік норма әдісімен

жұмыс істеді. Аталған мерзімде әрбір мекемеде жұмыс істеуге тиісті жергілікті халықтың өкілдерінің процентке шаққандағы нормасы белгіленіп, сол іске асырылды. Қандай шара қолданылса да ол мекеме бәрібір қазақша сөйлемеді. Оның себебі билік басындағылардың бұл іске деген немқұрайды қарауы және мекеме басшылары мен ондағы өзге де мамандардың көбі орыс ұлтының өкілдерінің болуынан еді. Орталықтың, оның республикадағы өкілі Ф.Голощекиннің де бұл мемлекеттік мекемелерді «қазақыландыру» ісіне көзқарасы мүлдем өзгеше болғандықтан олар бұл істі алға бастыруға ешбір ықылас білдірмеді, керісінші кедергі жасап бақты. 1926 жылы 8 мамырда Қазөлкекомның бюросы «байырғыландыру» мәселесін талқылаған мәжілісінде «қазақыландыруды» жүргізудегі проценттік мөлшер әдісін сынға алып, осы процент әдісіне сүйеніп, төменгі қосалқы қызметкерлерді қазақтармен алмастыру арқылы көзбояушылыққа жол беріліп отырғанын айыптайды.³⁰⁸ Үш жылға созылған бұл пайызға (процентке) бағынышты жүргізілген жұмыс іс-қағаздарын мемлекеттік аппараттарда қазақ тіліне көшіру де айтарлықтай нәтиже бермеді. Аппаратты байырғыландыру ісіндегі мұндай практиканы дереу өзгертуді өмірдің өзі талап етті.

БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің шешіміне сәйкес проценттік норма жойылып, оның орнына аппаратты қызметтік (функционалдық) жағынан байырғыландыру әдісі енгізілді. Бұл ретте қай қызметке болмасын оның ұлтына қарамай-ақ қазақ тілін білетін, мемлекеттік аппаратты халықпен тікелей байланыстыратын қызметкер тағайындалатын болды. Ондай қызметтің тізімін әрбір мекеме мен ұйым үшін жұмысшы-шаруа инспекциясы органдарының басшылығымен арнаулы комиссиялар белгіледі.

Байырғыландыруды қалыпты жүргізу үшін ҚазОАК-тің Төралқасы 1926 жылдың 20 мамырдағы мәжілісінде бұған дейін қазақыландыру ісін жүргізген Орталық комиссияны таратып, бұл комиссияның міндетін сол кездегі беделді орган деп саналған жұмысшы-шаруа инспекциясы Халкоматына берді. «Қазақыландырудың» екінші

кезеңі 1926 жылдан бастап Қазақстан Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы Халық комиссариатына (ЖШИ) берілді. Сол кезде бұл ЖШИ мемлекеттік аппараттардың үстінен қарайтын партиялық бақылау міндетін атқаратын орган болатын. Мемлекеттік маңызы зор істі қолға алған бұл орган төрешілдікке жол беріп, осы әдісті жүзеге асыру үшін арнайы календарлық жоспар жасады. Жоспар бойынша жергілікті жерлерге арнайы бұйрықтар жіберіліп, оларды да осындай жоспарлар жасауға міндеттеді. Бұл қолданылған «қазақыландырудың» функционалдық әдісі Голощекиннің айтуынша, ең әуелі, жергілікті халықпен тікелей байланысты жүзеге асыратын қазақша білетін қызметкерлер-іс жүргізушілер, хатшылар, есепшілермен қамтамасыз етілуі тиіс болды. Осы әдіспен «қазақыландыру» барысында да бұрмалаушылықтарға жол беріліп, бұл жолы мекемелердегі орта техникалық мамандар буыны ғана қамтылды.³⁰⁹

1926 жылы 19 желтоқсанда ЖШИ Халкомының коллегиясы республикалық Орталық аппаратты «байырғыландырудың» жоспарын бекітті.³¹⁰ Осы жоспар бойынша «байырғыландыру» мерзімі 7 айдан 2 жылға дейін созылды. Кейіннен бұл жоспарланған іс шаралар да сол кездегі талаппен қабыспайтынын көрсетті. Істің ең күрделісі ауыстырылуға жататын қызметкерлердің номенклатуралық тізбесін жасау болды. Осы тізімге республикалық әкімшілік және шаруашылық органдарындағы қызметкерлердің орта буынының құрамын қамтитын 42 қызметтік атаудан тұратын номенклатурасы енгізілді. Осы тізімге дәрігерлер, агроном, экономистерден басқа, көпшілік әлеуметтік-мәдени мекемелердің қызметшілері де кіргізілмеді. Барлығы «қазақыландыруға» 13183 қызмет орны жоспарланды.³¹¹ Бұл сан өзге бір деректерде 13180,³¹² келесі бірінде 1275,³¹³ болып берілген. Тек 1927 жылы ғана бар-жоғы 2300 қызмет немесе жоспардың 18 пайызы ғана қазақыландырылған болып шықты.³¹⁴

Бұдан кейінгі жылдары «байырғыландыруды» жүргізу ЖШИ-ден алынып, атқару комитеттеріне берілді де, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына бұл істі жүргізуде

тікелей жауапкершілік жүктелді. «Байырғыландыруды» жүргізудің бұл жолы да ұтымды нәтиже бере қоймады. Әсіресе, қазақ тілін қолдану барысы сол бұрынғы қалпынан қозғалмады.

Арада бір жыл өтісімен 1927 жылдың 28 наурызында, БК(б)П Қазөлкекомында байырғыландырумен тікелей айналысқан ЖШИ Халкоматының осы мәселені жүзеге асырудағы жұмысы туралы баяндамасы тыңдалып, онда көптеген кемшіліктер сөз болды. Онда «байырғыландыруда» мекеме басшылары тарапынан немқұрайдылыққа жол беріліп, аппаратқа қазақ мамандарын тартуда жіберілген олқылықтар, оларды даярлайтын курстардың уақытылы ашылмағандықтары және т.б. кемшіліктер сыналды. Алайда жіберілген кемшіліктер қайта-қайта аталып көрсетілсе де, қазақыландыруға көзқарас мекеме басшылары тарапынан еш өзгеріссіз қалып отырды. Қолға алынған істі ілгері жылжыту мақсатымен Қазөлкеком бұл мәселеге 1928 жылы 25 қаңтарда қайта оралды. Жүргізілуге тиісті істің тұралауына байланысты аталған мәселені 6 айдан соң 1928 жылы 4 шілдеде тағы қайта қарауға мәжбүр болып, өз қарарында көптеген ұйымдарда (байланыс, көлік және т.б.) қазақыландырудың өте сылбыр жүргізілгені ерекше сөз болады. Жауапты басшы және партия қызметкерлері тарапынан әлі күнге дейін қарсылықтар кездесетінін ескертіп, оны дереу жоюды талап етеді. Жыл аяғына дейін бұл мәселені Қазөлкеком тағы 2 рет өз отырыстарының күн тәртібіне қойып, талқылауға мәжбүр болған. Осы «қазақыландыру» жұмысы бір жыл ішінде ҚазОАК-тің мәжілісінде барлығы 10 мәрте талқыланған болып шықты.³¹⁵ Іле-шала бұл мәселе ҚазОАК пен Халық Комиссарлар Кеңесінің біріккен отырысында да қаралды. Соның нәтижесінде «Аппаратты байырғыландыру туралы» деген біріккен қаулы жарық көрді. Қаулыда қай мекеме өз іс қағаздарына қазақ тілін қай уақытта енгізуге тиістілігі нақты көрсетілді. Бірақ та мұндай мекемелердің саны тіпті аз болды.

Аппаратты қазақыландыру, оның ішінде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу туралы қабылданған қаулы-қарарлардың көпшілігі аяқсыз қалды. «Байырғыландыру» - қаза-

қыландыру төңірегіндегі кемшіліктер Қазақстанның басшы органдарының есептерінде де жиі аталып көрсетілді. Осылай тек кемшіліктерді айтумен ғана шектелу билік басындағы лауазымды қызметкерлердің қазақыландыру ісіне соншалықты ықыласты болмағандығын көрсетті. Өйткені олардың басым көпшілігі еуропалық азаматтар болатын. Оны төмендегі кестеден көре аламыз.³¹⁶

6-кесте

Мекемелердегі “қазақыландыру” жағдайы

Р/с	Мекемелердің атаулары	Жылдар	Қызметкерлердің жалпы саны	Еуропалықтар	оның ішінде қазақ тілін білетіндер	Қазақтар	Басқа ұлттар	пайыз есебімен	
								іс-қағаздары қазақ тілінде жүргізілген	Іс-қағаздары орыс тілінде жүргізілген
1.	Қаз ОАК-ті, Халық Комиссарлар Кеңесі және мемлекеттік жоспарлау Комитеті	1927	93	39	2	34	20		
		1928	79	54	1	21	4		
		1929	82	51	2	27	4	25%	75%
2.	Қаржы Халкомы	01.01.1926 ж. дейін	204	190		14			барлық қағаздар орыс тілінде 100%
		01.01.1927 ж. дейін	193	173		20			
		01.01.1928 ж. дейін	104	86		18			
		01.04.1929 ж. дейін	89	74	3	15			
3.	Жершаруашылығы Халкомының орталық аппараты	1926/27	35	27		8		100 %	
		1927/28	32	29		3		100 %	
		1928/29	32	28		4		100 %	

4.	Қазақ су шаруашылығы және орталық аппараты	1926 1927 1928 1929	279 217 262 74	242 188 231 67	2 2 3 3	37 29 31 7	су шаруашылығы басқармасында 2	98 %
5.	Денсаулық сақтау Халкомының орталық аппараты	01.10.1926 ж. дейін 01.01.1927ж. дейін 1928 ж.	32 22 23	31 21 20		1 1 3		100 % 100 % 100 %
6.	Бүкілодақтық Халықшаруашылығы Кенесінің орталық аппараты	01.01.1928 ж. дейін 01.01.1929 ж. дейін	32 35	28 29	2 3	3 6	1	100% 100%
7.	Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халықтық бақылау комитеті	1927 1928 1929	32 27 29	25 21 20		7 6 9		100 % 100% 100 %

Кестеде келтіріліп отырған мәліметтерден байқағанымыздай, республиканың басшы органдары мен орталық мекемелері барлық округтерде, тіпті, тек қана қазақтар қоныстанған аудандардағы мекемелермен де ісқағаздарын орыс тілінде жүргізген. Сондай-ақ, кестеде көрсетілгендей «қазақтандыру» саясаты жүргізіліп жатқан 3-4 жылда басшы қызметтегі қазақтардың үлес салмағы алғашқы санынан да азайғанын байқауға болады. Үкіметтің «қазақыландыру» саясатын жүргізудегі жоспарының маңызды тұсы еуропалықтардың жергілікті халық тілін меңгеруі еді.

Ол үшін 1926/27 және 1927/28 жылдары Қазақстанда қызмет істейтін еуропалықтарға қазақ тілін үйрететін курстар ашылып, оған 3568 адам қамтылған. Ал, бұл курстар еуропалықтардың қаншасын қазақшаға үйретті, ол белгісіз, өйткені мұндай дайындықтан өткендер тура-

лы есеп жүргізілмеген. Алайда Семей губерниясындағы қазақ тілін үйренуге қатысқан 520 тыңдаушыдан тек 23 адам ғана қазақ тілінде аздап жазуды үйренген.³¹⁷ 1927 жылы Орал округтік халыққа білім беру бөлімі 360 еуропалықты қазақ тілін үйрену курсына оқытуды жоспарласа, іс жүзінде оған оқуға тартылғандар саны 60-ақ адам болған. Олардың өзі бұл курсты аяқтамаған.³¹⁸ Халық ағарту комиссариатының мәліметтеріне сүйенсек, бұл курстар еуропалықтарға қазақ тілін үйретуде айтарлықтай нәтиже бермегенін байқаймыз. Өйткені курсты тыңдаушылардың көпшілігі бұрын бұратана атанған жергілікті халықтың тілі-қазақ тілін үйренуге тіпті де ықыласты болмаған.³¹⁹ Мұндай көзқарастың орын алғандығы 1933 жылы ҚазОАК Төралқасына қарасты фракция мәжілісінде республика мекемелерінің жергіліктендіруді қалай жүргізгені туралы берген есебінде мәлім болды. Үкімет тарапынан жүргізілген директивалар мен қаулыларға қарамастан 1933 жылдың басында мемлекеттік және әкімшілік шаруашылық аппараттарында жергілікті ұлт өкілдерінің саны 39268 адамға ғана жеткен. Бұл дегеніңіз сол кездегі барлық басқару аппаратындағы қызметкерлердің 30 пайызын ғана құрады.³²⁰

«Кіші Қазан» бағытының идеялық негізі болып табылған қазақ даласын орыстандыруды мақсат еткен бұл зымиян саясат, ел өмірінің барлық саласында оның ішінде ұлтсыздануға тезірек жол ашатын мәдениет пен қоғамдық сананы өзгерту арқылы ықпал етуге кірісті. Бұл әрекеттерін большевиктер социализм құруға қажетті қадам деп түсіндіруге тырысты. Биліктің күшімен енгізілген бұл кеңестік жаңалықтар төлтума рухани дәстүрлерді жою арқылы іске асырылып отырылды. Халық мүддесімен санаспай жасалған бұл әрекеттердің басты өлшемі социалистік жүйенің өмір сүруін қалайда қамтамасыз ету болды. Оның бір айқын дәлелі Кеңес өкіметі араб қарпімен тіл сындырып, дәріс алып өскен қазақты, он шақты жыл ішінде бірде латын әрпіне, бірде кириллицаға көшіріп, өткендегі тарихи жазбаларын, кітабын оқи алмайтын күйге түсірді. Араб

әрпіндегі қазақ сөзін оқи алмайтын жағдайға жеткізген соң, кириллица әрпіндегі орыс сөзін оқи алмаушылық ана тілімізді жоғалтуымыздың бастамасы болған еді. Осындай қиянаттың салдарынан бүгінгі ұрпақ өзінің әкесі, одан бұрынғы ата-бабалары жазған жазуды танымайтын жат ұрпақ болып өсті. Сонымен бірге әліпбиді өзгерту қазақтарды басқа түркі тектес халықтардан іргесі сөгілуіне әсер етті. Бұл әлемдік өркениетке тезірек жетеміз деген желеумен істелді.

1930 жылғы 6-8 ақпандағы ҚазКСР Халық ағарту комиссариаты алқасы мәжілісінің «Жаңа қазақ әліпбиін енгізуді жеделдету жөніндегі шаралары туралы» қаулысы шықты. Онда басшы органдардың жаңа әліпбиге көшуді жеделдету және араб әліпбиін Қазақстанның 10 жылдығы қарсаңына қарай мемлекеттік, қоғамдық өмірдің барлық салаларынан біржола ығыстыру туралы нұсқауларын негізге алу тапсырылған. Сонымен бірге Халық ағарту комиссариатының барлық бөлімдері мен органдары оқу-тәрбие, саяси-ағарту, ғылым мен кітапхана, баспа және кеңсе салаларын Қазақстанның 10 жылдығына қарай жаңа әліпбиге толық көшіруді күшті қарқынмен жүзеге асыратын болсын және бұл шараларды дер кезінде жүзеге асыру Халық ағарту комиссариатының орталық аппаратындағыларға да, жергілікті жерлердегі әрбір басшының тікелей жауапкершілігіне жүктелсін³²¹ деген қатаң тапсырма берілді. Бұл әрекеттер бұрын бұратана деп кемсітіліп келген қазақ халқының енді тарихи зердесін мүлдем жоюға бет бұрған кезең болғандығын айғақтайды. Бір халықтың рухани байлығын, ұлттық, мәдени, тарихи ерекшеліктерін паш ететін асыл мұраларды, ғылыми еңбектер мен кітаптарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келген араб алфавиті Орталықтың озбырлығымен 20-жылдардың аяғында латын алфавитіне ауыстырылса, ілешала ол кириллицаға көшірілді. Бұл әрекеттерден біз сол кездегі жергіліктендіру саясатына түбірімен қайшы келетін, осындай ұлт санасын өшіруге бағытталған шаралардың қоса жүргізілгенін көреміз.

Бұл қазақ халқының рухани дамуына жасалған қысастық, оның келешек өсіп өркендеуіне тұсау салу еді.

Өкінішке орай, көнекөзге қымбат, көгенкөзге жұмбақ болған, Әл-Фарабиден бастап арғы Ахметтен (Яссауиден) бергі Ахметке (Байтұрсыновқа) дейінгі небір ғұлама ғалымдар мен ақын жыраулардың, Бабур мен Бейбарыстай батырлардың, Бұқар мен Қаздауысты Қазбектей билердің шешендік дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген сол араб әріптерін Кеңес өкіметі халықтың рухани қазынасын жасаушы емес оны керісінше тек дінді уағыздаушы ретінде көрсетуге тырысып бақты. Оның зардаптарын кейінгі ұрпақ тартуда. Мысалы, қазірдің өзінде жас ұрпаққа өздерінің өткендегі ата-бабасының тарихын оқып білу үлкен қиындық туғызып отыр. Олар мұндай күйге кеңес өкіметінің социалистік құрылысты бірігіп орнатамыз деген желеумен өзге халықтың тағдырына қатыгездікпен араласқан отаршылдық пиғылының барысында, алфавитті екі мәрте өзгерту нәтижесінде түсіп отыр. Бүгінде бұл жасалған қиянаттың тұтас бір халықтың ұлттық санасына кері әсер етіп отырған жайы бар. Бұл жөнінде түркі халықтарының тұтастығын аңсап өткен және сол жолда күрес жүргізген Мұстафа Шоқайдың: «Кеңес өкіметі ата-бабаларымыз он төрт ғасыр бойы қолданған әліпбиді зорлықпен өзгертіп, үлкен мәдени мұрамыздан айырды әрі туыстарымыздың тіліне мүлдем жат емле қағидаларын енгізіп, түркістандықтардың туысқандық тұтастығына зор зиян келтірді»-³²² деген пікірін бүгінде өмірдің өзі растап отыр.

Ал, халқымыздың аяулы ұлдарының бірі «Ауыл тілі» газетінің редакторы Міржақып Дулатов 1926 жылы ҚазОАК-тің сол кездегі төрағасы Жалау Мыңбаевқа қазақ тілінің тағдыры туралы қабырғасы қайыса жазған хатында:»Мен не көрмедім. Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты қосты. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Төңкеріс болды, қазақтың көзі ашылды, оның үстіне «қазақ тілі мемлекет тілі болсын» деген заң шықты. Төбеміз көкке төрт елі жетпеді. Бірақ не керегі бар, босқа қуанған екенмін!» деген толғанысы тұтас бір халықтың тағдырымен байланысты айтылғанын республика басшылары назарға да алмады...³²³

Сол жылдары Қазақстан бойынша «жазылмаған» жалпы орыстандыру саясаты жүргізіліп жатқанда бұл көзбояушылық үшін жасалған «жұмыстар» ағын суға қарсы жүзгенмен пара-пар болды. Айтқанға көніп, айдауға жүретін күйге түскен ұлттық «элитаның» азғана тобы арқылы орыс большевиктері Қазақстанда өздерінің шовинистік пиғылдарын қымсынбай-ақ жүзеге асырып келді. *Сол кезде мемлекеттік мекемелерде жүргізілген іс қағаздарын, қазақша сөйлету барысындағы бұрмалаудан туындаған кедергілер келе-келе асқынып, бүгінде ұлттық егемендікке сай болмай және оны ретке келтіруде бой бермей келеді.*

«Қазақтандыру» саясатын жүргізу барысында орны толмас олқылықтардың жиі қайталанып отырғанын мұрағат сөрелерінен табылған мына бір құжат дәлелдейді. ҚазОАК-тің жанындағы Байырғыландыру комитетінің 1934 жылғы 10 желтоқсанда болған мәжілісіндегі баяндамада: «Бұл болған жәйіттерді ұят та болса айтпасқа болмайды. Осы іске (қазақ тілін үйрететін курстарға) қаншама ақша жұмсалса да, ешқандай нәтиже ала алмадық, бірде-бір еуропалық қазақ тілінде, тіпті, шамалы да түсінік беретін дәрежеге жете алмады»³²⁴ деп дәрменсіздік танытқан. Бұдан біз мемлекеттік мекемелер үшін қазақ тілін меңгерген мамандар даярлау оң нәтиже бермегенін көреміз. Мемлекеттік аппараттарды қазақша сөйлету тек жалаң ұран болып қалды. Оған мысал ретінде 1934 жылғы 14 сәуірде «Қазақ емес мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқу» деген алдамшы қаулысын келтіруге болады³²⁵ Осы шешімдер уақытша, жұртты алдарқату үшін қабылданып, кейін күші жойылып отырды.

1941 жылы 14 шілдеде ҚазКСР Халық комиссарлар кеңесі қазақ тілін білетін басқа ұлт өкілдеріне берілетін жеңілдікті жойса, 19-ында Терминкомды жойды.³²⁶ Іс қағаздары қайтадан орыс тіліне көшірілді. ҚазКСР ОАК пен Халық комиссарлары кеңесі 1938 жылы қазақ мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқу туралы»³²⁷ қаулы қабылдап, сол жылдан бастап барлық қазақ мектептерінде орыс тілі жаппай оқытылатын болды. Осындай орыстандыру саясатының пәрменімен

1955 жылы 4 маусымда Қазақ КСР ХКК «КСРО Министрлер Кеңесінің 1955 жылғы мамырдың 9-да №3147 Жарлығына сәйкес орыс мектептерінде міндетті түрде қазақ тілін оқытудан босату туралы» №450 Жарлығын шығарды.³²⁸ Осындай бейбастақтыққа жол берген билік басындағылардың келісімімен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде де орыс тілі міндетті түрде қолданыла бастады.

Осы кезден бері ұзақ жылдар бойы белгісіз, түсініксіз ұлттар бірлігін күшпен ұстау саясатын берік ұстанған қызыл идеология интернационалдық біртектілікті уағыздап, «ұлттарды араластыру мен біріктіруді» қалыптастырудың волюнтаристік әрекетіне жол беріп, тілдердің даму өрісін қасақана шектеп, әдейі тежеді, олардың қолданылу аясын үнемі тарылтып, бұқаралық ақпарат құралдарында, мерзімді баспасөзде тілдің бейнелеу бояулары жұтатылды.

Кеңес өкіметінің сол кезеңінен бастап бірде үзіліп қалып, бірде үздігіп барып, шешуі табылмай келе жатқан ана тіліміздің түйін-түйнекке айналған толғақты мәселелері бітеу жара күйінде бүгінге дейін жетуі де содан.

Белгілі журналист Ж.Қуанышәлінің «Тарихтан неге тағылым алмаймыз» деген жан айқайы сол 20-30 жылдардағы қазақ тілін мемлекеттік мекемелерде қолдану барысында жүргізілген жалаң үгіт-насихат пен бүгінгі күнгі қазақ тілінің ахуалын, қолдану аясының баяғы қалыпқа түсетін қаупінің мүмкін екендігін салыстыра келіп: «Біз қазір өткен ғасырдағы 20-30 жылдардың «қазақтандыру» науқанында жіберілген қателіктер мен олқылықтарды сол қалпында қайталап отырмыз. Байқасаңыз, о кезде де, қазір де ешкімді, әсіресе, тіл саясатын тікелей жүзеге асырып, қазақ тілін мемлекеттік қызмет саласына енгізуге тиіс лауазым иелерін сол тілді білуге міндеттемейтін, демек олар бұл салада түк істемесе де ешқандай жауапкершілікке шақырмайтын Тіл Заңын қабылдап, тек сол себептен ғана орындалуы мүмкін емес заң актісін жалаң үгіт-насихат арқылы орындауға тырысып, арамтер болып жүрміз. Ол кезде де, қазір де тіл қолданысының барлық саласында дерлік онсыз да өз үйінің босағасынан

сығалап, өгей тірлік кешкен қазақ тілі мен бұл үй үшін ерке бала-орыс тіліне бірден, «тең құқықты» мемлекеттік мәртебе (20-жылдар) мен ресми мәртебе (90-жылдар) беру арқылы алғашқысының қолына кісен, аяғына тұсау салып, тырп еткізбей тастадық»³²⁹ - деп айтқан бағасы бүгінгі күннің ащы шындығы болып тұр.

Уақыттың өзі мемлекеттік тіл мәртебесі бар қазақ тілінің қазірдің өзінде-ақ кәдеге толық жарамай жатқандығын, жаңарған заман талаптарына сай өзгертілуге тиістігін көрсетіп отыр. Жерімізді мекендеп, суын ішіп, сол жерде ұрпақ өсіріп отырған орыс халқының өкілдері шала қазақтармен қосылып, бұл күнде қазақтың ырымдап қойған қасиетті есімдерін Олжасты Алжас, Оразды Араз, тіпті Отан деген қасиетті ұғымды түйенің Атанына балап, намысқа тиетіндей етіп бұрмалап айтулары сол халықты сыйламау болып табылады.

Кезінде қазақты ұлт ретінде жойып жіберуге жанталаса күш салған отаршылдықтың солақай, содыр саясаткерлерінің, ең әуелі, тіліміздің, дініміздің, салт-дәстүріміздің тамырына балта шаппақ болған кешегі неше түрлі құйтырқы амалдарының зардаптарын күні бүгінге дейін тартып келеміз... Қазақ халқы ғасырлар бойы санасына сіңірген ұлттық рухынан, ұлтқа тән қадір-қасиетінен айрылар халге жетті. Әсіресе, кеңес билігі тұсындағы жылдар ішінде ұлт ретіндегі кейпінен айрылуы шапшаңдай түсті. Сөйтіп, ұлт тұтастығына зор нұқсан келтірілді. Жергілікті халықтың дені (әсіресе, қазақ тілінде ғана сөйлейтін ауыл адамдары-Е.Қ.) шикізат өндіретін арзан жұмыс қолына айналдырылып, екінші сортты ұлт қатарына шегерілсе, бүгінде икемсіз саясаттың кеселінен көпшілік қандастарымыз төбесінен жай түскендей мәңгіріп, тентіреп қалды.

Партияның «пәрменді» саясаты арқасында ұлт зиялысының бет-бейнесі, жан-дүниесі өзгертіліп, оның орнына ұлттық мүдделерге шошына қарайтын, өзінің емес, өзгенің пікірін айтуға әбден дағдыланған «тілалғыш», «ақыл айтқыш», қара басының қамынан аса алмайтын басшылар корпусы қалыптасты. Соның салдарынан қазақ тілі және осы тілде жүргізілген іс қағаздары күні бүгінге

дейін шешімін таппай, шерменде болып шетқақпайда қалып жүр.

Еліміз егемендікке жеткен қазіргі кезде іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу өткендегідей тағы да додаға түсіп, өз жерінде өз тағдырын өзі шеше алмайтын күйге түспеуі үшін, қазақ тілінің саяси-әлеуметтік салаға толыққанды араласып кетуіне, мемлекет тарапынан бүгінде қолданылып жүрген шаралардан өзгеше пәрменді қосымша жұмыстар жүргізілуі қажет. Қазақ тілі қалай қолданыстан шығарылды, сондай әдістермен өзінің лайықты орнына қайтарылуы тиіс. Бұл тілді менсінбеушілерге оның маңызына ерекше тоқталып көздерін жеткізетіндей тәсілдер мен тиімді жолдардың экономикалық көздерін тауып пайдалану керек. Саяси тәуелсізбін деп аталған мемлекет, қажетсіз болып бара жатқан ана тіліне қамқорлық көрсетіп, оған жан-жақты әлеуметтік жағдай жасамай бұл маңызды істің ақыры насырға шабуы да мүмкін.

Өткендегі тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, әлеуметтік-саяси, ғылыми және мәдени өмірдің әр түрлі салаларында керексіз болған тілдің құрып кетуі гажжап емес. Ал тілдің құрығаны-тұтас бір ұлттың жоғалғаны. Ана тіл де халықтың ұлттық бейнесін, болмысын қасиетін сақтап, соған нәр беріп тұратын тамыр секілді. Егер табиғат заңына сәйкестендіріп бейнелеп айтар болсақ, қазіргі ана тілінің жағдайы қаңбақ секілді. Қаңбақ тамыры барда көкпеңбек, дәнді, түйінегі қажетті өсімдік болса, тамырынан үзілгенде қаңғырып, ешкімге қажетсіз болып қалады. Осы қаңбақтың соңғы күйіне жеткізбеу үшін, халықтың ұлттық тамыры болып саналатын ана тілі мәртебесі жоғары болуы үшін, әрбір ұлт өкілі осыны терең ойлауы керек. Өйткені бұл жағдай-мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің де кепілі.

6.4. «Интернационализм» негізінде жүргізілген ұлт саясаты

Ұлт дегеніміз-аумақтың экономикалық өмірінде және ұлт мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктерінде көрінетін тілі, психикалық қалпы ортақтығымен адамдардың үлкен бір тобы, деп анықталып келгені баршаға аян.

Осы ұғымға неміс ғалымы Отто Бауэр өзінің «Ұлт мәселесі және социал-демократия» атты еңбегінде: «Ұлт мәселесі дегеніміз-ортақ тағдыр, генетикалық және мәдени мұра негізінде қалыптасқан мінездің ортақтығы»³³⁰-деп, ғылыми анықтама берген болатын.

Ленинизмнің негізін қалаушы пролетариаттың көсемі атанған Владимир Ульянов пен большевиктер партиясының Лениннен кейінгі ізбасары И.В.Сталин ұлт туралы айтылған осы ғылыми қағидаларды бұрмалап, өз мақсаттарына пайдаланды.

Адамзат тарихы жаратылғаннан бері қоғамның даму барысында қалыптасып, әбден ерекшеленген ұлттарды бір-біріне біріктіріп, бір тілде сөйлейтін ортақ мәдениетті мемлекет жасауды мақсат еткен большевиктер ұлттарды жақындастыруды, яғни «интернационализмді» ойлап тапты. Сөйтіп, «жаңа тұрпатты кеңес адамдарын жасауды» көздеген бірегейлендіру саясаты қолдан мәңгүрттендірудің неше түрлі жолын ашып берді.

Орыс империясының отары болып келген қазақтар да басқа ұлттармен бірге Қазан төңкерісінің нәтижесінде билікке келген большевиктер үкіметі болып табылатын пролетариат диктатурасының «қамқорлығына» алынып, саналарына «пролетарлық интернационализм» ұғымы сіңіріле бастады. «Ұлтқа қожалық жасауға болмайды. Оған тек қызмет етуге ғана болады. Ұлтқа қызмет жасай білген адам ғана оның қожасы бола алады»-деген Түркия мемлекетінің Елбасы Ата-түріктің көрегендікпен айтып кеткен сөзінің³³¹ рас екендігін, Кеңестік дәуірді басынан өткізген ұлттардың тарихы дәлелдеп берді. Кеңес дәуіріндегі жүргізілген лениндік ұлт саясаты социалистік мемлекеттің жасанды идеологиясының басты бір бағыты болып еді. Ол бағыттың негізгі мақсаты интернационалдандыру, яғни «орыстандыру». Билікті қолға алған большевиктер мемлекетті құруға болатынын, ал ұлтты қолдан жасауға болмайтынын ескергісі келмеді.

Ұлт-бірегей тарихи қауымдастық, ұзақ тарихи даму нәтижесі. Ұлтты қолдан жасау мүмкін болмаса, дамуына үнемі бөгет жасау, оның толық құрып кетуіне жеткізетіндігі сөзсіз. Қанға сіңген империялық пиғыл

большевиктерді де осы жолға түсірді. Көп ұлтты елде ұлт мәселесі болмай тұрмайды және ол сол мемлекеттің басты мәселесіне айналуы заңдылық еді. Міне, осындай шешуі күрделенген мәселе 20-жылдары КСРО-ның құрамындағы Қазақ Республикасынан орын алды.

Партияның XV съезінің шешімі (1926 ж) ауылды капиталистік даму жолынан аттап өтіп, ондағы тап күресін жоюды талап етті. Одақта «Жеңімпаз лениндік идеялардың нұрлы жарығы» түспеген ешбір түпкір болған жоқ делінді. Сол түпкірдің ең көлемдісі Кеңестік шығыстағы қазақ жері болды. Ол кезде онда 2 627614 шаршы верстке созылған тұтас территориясы, 6,5 миллион халқы болды. Оның 57 пайызы қазақтар, 34,6 пайызы еуропалықтар және 8,4 пайызы басқа да шығыс ұлттарынан құралды.³³² Ал, 1929 жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық құрамы төмендегідей болды.

Шығыс ұлттары:

1. Қазақтар - 55,6 пайыз
2. Өзбектер - 3,6 пайыз
3. Қарақалпақтар - 1,3 пайыз
4. Тараншылар - 1,1 пайыз
5. Татарлар - 1,4 пайыз
6. Қарақырғыз - 0,8 пайыз
7. Өзге де шығыс ұлттары (түркімендер, дүнгендер, қашқарлықтар, тәжіктер - 0,2 пайыз.

Еуропалық ұлттар:

1. Великоросстар - 25,3 пайыз.
2. Украиндықтар - 9 пайыз.
3. Басқа да еуропалық ұлттар (немістер, эстондықтар, еврейлер және басқалар)³³³

Лениндік ұлт саясаты халықтар достығының қай түрінен де ешбір халық зардап шекпеуі керек десе де, Одаққа “біріккен” халықтардың орнын өзінше кесіп-пішкен Орталық қазақтың кең-байтақ жерін көзден таса қылмай ұстады. Сөйтіп, осы “халықтар достығының алғашқы белгісі, нәтижесі ретінде Одақты желеу етіп, жасанды сылтау айтып, қазақ жерінің шекарасын қалауынша өзгертіп, оны Ресейге қосуға кірісті. Тіпті, мұндай қиянатқа жүздеген жылдар отаршылдық саясатын әбден

жүргізіп келген патша үкіметінің де батылы бармап еді. Большевиктер тарапынан бұл қадам қазақ жерлері мен қазақ халқын бірыңғай ұлттық Кеңес мемлекетіне біріктіруде, республиканың экономикасы мен мәдениетін одан әрі дамытуда, қазақ социалистік ұлтының құрылып-топтасу процесін жеделдетуде ерекше маңызды рөл атқарады деп түсіндірілді. Орталықтың осы бағытта жүргізген “қомақты” шараларының бірі Орынбор губерниясын Қазақстаннан бөліп алып, Ресейдің құрамына қосуы еді. 1925 жылы 19 қазанда Қазөлкекомның бюро мәжілісінде Орынбор губерниясын Қазақ АКСР-і құрамынан бөліп алу туралы баяндама тыңдалды. Осы мәселе бойынша сөз алған ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақов:” Жер мәселесі-бізде өткір тұрған мәселенің бірі, онымен біздің республиканың, оның халқының тағдыры тікелей байланысты. Ал Орынбор губерниясының жартысынан астамы орыстар деген неғылған дәлел. Егер осылай ойласақ, онда біздің Қазақ республикасының барлық жерінде жартысынан астамы орыс тұрғындары. *Бізде бірнеше уездер бар, ондағы тұрғындардың 60 пайызы орыс ұлтын құрайды. Міне, осылай болды екен деп, ол жерлердің бәрін Қазақстаннан бөліп алып, РСФСР-дің губернияларына қосудың не қажеті бар? Мұнымен біз ешқандай да келісе алмаймыз және оған үзілді-кесілді қарсылық білдіруіміз қажет деп білем. Бұл шешім Кирреспубликасын жоюмен пара-пар, сондықтан бұл көзқарас ешбір жарамсыз, ол ешқандай сын көтермейді” деп, ұлты үшін басын тігіп, өте қауіпті айтысқа түсті*³³⁴

Осы мәселе Орынбор губерниясының атқару комитетінің баяндамасында айтылғандай, қазақ жерлерінің Ресей қарамағына берілген бойда-ақ, олар қоныс аударушыларды орналастыруға әзір екендіктері белгілі болды. “Мұнысы қалай, сонда?-деп, Н.Нұрмақов таң қалғанын жасырмады. Қазақтардың жері қоныс аударушыларды орналастыру үшін тартып алынғаны ма? Бұлай істеуге ешбір де тиіс емес еді ғой. Бір жағынан БОАК-тың Қазақ республикасына қоныс аударушыларды жібермеу керек деген қаулысы бар да, екінші жағынан, әйтеуір

қандай да бір сылтау тауып, қоныс аударушыларды орналастыру үшін жерлерді тартып алу тоқтамай келеді. Біз бұған үзілді-кесілді наразылық білдіріп, өзіміздің осы мәселеге қарсы екенімізді, оны Орталық Комитеттің саяси бюросына дейін жеткізуге әзір болғанымызбен, өкінішке орай, ВЦИК-тің өзі оларды қолдап отырған көрінеді. Жолдас Голощекин де араға түсіп, бізде бірнеше қателіктер болды деп бұл жерде кінәні қазақтарға аударуда. Олай болған күннің өзінде басқа біреудің біздің сол қателіктерімізді өз мүддесіне пайдалануға құқығы бар ма? Керісінше, қателеспейміз үшін бізге көмектесіп, оның алдын алып, кеткен қателіктерді түзетулері керек еді ғой” - деп ойларын батыл айтады.³³⁵

*Біздің жерлерімізді неге тартып алады,- дейді қырғыз (қазақ) шаруалары. Біз (қазақтарға Е.Қ.) ол жерлерде орыстар көп тұрады деп түсіндірмек болғанымызда, “патшалы Ресей мемлекетінен біздің жерлерімізге баса көктеп кіріп, оны зорлықпен тартып алып, оған өз отаршыларын отырғыз деп ешкім сұраған жоқ еді ғой” дейді олар.*³³⁶ Бұл айтып отырған уәждері де орынды. Осы мәселе төңірегінде кімде-кім Қазақстан еңбекшілерінің жағдайын ойлап, ол жолда ұсыныс енгізіп, мәселе көтеруге тырысушылық білдірсе-ақ болды, ол адам үкімет басында көп отырмайды, тіпті, бір айға да жетпейді екен деген ұзын-құлақ сөздер шындыққа айналуда. Бұл қаңқу сөздер қырғыз қызметкерлері туралы айтылған еді. Жергілікті халықтың ұлттық мүддесін ескермей, өзінше билеуге кіріскен өлкекомның жаңа хатшысы Ф. Голощекинге, сол кездегі бюро мүшелері Ж.Мыңбаев (ҚазОАК-тің төрағасы), Н.Нұрмақов (ХКК-нің төрағасы), С.Сәдуақасов (Халық ағарту комиссары және “Еңбекші Қазақтың” жауапты редакторы) сияқты қазақ халқының ұлтжанды азаматтары тосқауыл болды. Олар қазақ жерін Ресейге беруге келгенде де оған дәлелді мысалдар келтіре отырып шама-шарқынша қарсылық білдіруі, Орталықтың озбыр саясатымен қаруланып келген жауапты хатшыға мүлде ұнамады. Іле-шала осы азаматтар “ұлтшылдар” атанып, қудалауға түсті. Осы бір ұлт тағдыры тәлкекке түскен сәтте С.Сәдуақасов: “Біз,

ендеше, неліктен жерге орналастырудың дұрыстығын сөз етіп кеңестер құрамыз, мәселе көтереміз. Қырғыз (қазақ-Е.Қ) халқының тағдыры үшін тарих алдында, ең алдымен, қырғыз коммунистері жауап береді”- деп ұлтжандылықтың үлгісін көрсетсе, енді бір сөзінде: “Біз қазақ халқының алдында масқара болғымыз келмейді, одан да солай-ақ болғаны жақсы”-деп³³⁷ ел арасындағы өзі туралы айтылған қаңқу сөзден де тайсалмай, керек болса қызметін де айырбастауға әзір екендігін білдіреді.

Бұл мәселеде мен Голощекин жолдастың көзқарасына қосыла алмаймын, Голощекин жолдас “жөні түзу ұлтшылдық”, “жөні қисық ұлтшылдық” деп бөледі. Мен қара басым осы екі ұлтшылдықтың “түзуінен” де, “қисығынан да бөлініп шығамын. Ұлтшылдық бағыт-бір-ақ бағыт. Мұның “түзу”, “қисығы” жоқ. Ұлтшылдық-ұлтшылдық болады”³³⁸-деп кесіп айтады. Және де нағыз ұлтшылдық болғаны үшін ғана партия ұйымының жазылмас дертіне айналып отыр деген баға да береді. Осылай Смағұл секілді олардың бірсыпырасы, сол кезде-ақ өз қара бастарынан көрі халық мүддесін жоғары қоя білген ұлтжанды жайсаңдар болды. Ұлт тағдыры үшін Смағұл секілді ұлдары жанталасып жатқанда “интернационализм” идеясын уағыздаушылар немқұрайдылық қылық көрсетті.

Сол кездегі Қырғыз республикасының бірінші хатшысы Голощекин де жергілікті халықтың тағдырына жаныашымағандық танытып” интернационализмнің” шынайы бет-пердесін ашып берді. Ол біздің партия:” Қырғыз республикасы атанған автономияны, менің ойлауымша, жоққа шығармайды. Егер кейбір жеке мәселелер бойынша, мысалы, Орынбор губерниясының бөлінуі туралы шешім сіздерді қанағаттандырмаса да, ол Қазақстанның көзқарасынан басқа Одақтың көзқарасы арқылы шешілуі мүмкін ғой. Біздің көзқарасымыз арқылы емес, партия тарапынан және кеңестер Одағының ортақ мүддесі тұрғысынан шешілген ғой”, - деп³³⁹ сатқындыққа барып ушыққан мәселені өзге арнаға аударып, жалған ұран “интернационализмге” сүйеніп түсіндірмек болады.

Бірақ осы Орынбор губерниясының Ресейге қарау-

ынан ешқандай Одақтың мүддесі шешілген емес, керісінше, ол таза орыс мүддесін көздегендіктің себебінен туған қадам екендігін көрсетті. Міне, большевиктер партиясының Орталық Комитетінің осы әрекеті-өткендегі патша үкіметінің империялық отаршылдығының жаңа көрінісі, яғни жалғасы болды. Оны мына деректер айғақтайды. 1926 жылғы 24 мамырда БК(б)П Орталық Комитетінің ұйымдастыру бюросының мәжілісінде Орынбор губерниясын, қаласымен қоса Ресейдің қарамағына беру туралы қаулы қабылданды да, сол жылы 4 қарашада Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің Төралқасы Ресейдің құрамына енгізілгелі отырған Орынбор губерниясына Қазақ автономиялы Кеңестік Социалистік республикасының 1924 жылғы болыстық әкімшілік бөлінісі негізінде орналасқан Қостанай губерниясынан 4 болыс, Орал губерниясынан 6 болыс пен Елек қаласын, Ақтөбе губерниясынан Ақбұлақ ауданын, сондай-ақ, тұз өндірілетін жерлер мен алтын шығатын кен орындарын Ресей құрамына қосу туралы шұғыл шешім шығарды. Қазақ АКСР-нен бұл жерлердің алынуы сол губерниялардың ұлттық-саяси ахуалына үлкен өзгеріс енгізіп, зиянын тигізді. Оның зардаптары күні бүгінге дейін жалғасуда. Мындаған қазақтар бас еркінсіз басқа мемлекеттің қол астына қаратылды. Ақтөбе облысының біраз жері Орынбор (ол кезде Чкалов) облысына, Ресейге берілді. Қазір ол территорияда сегіз аудан бар. Төртеуі: Илек (бұрынғы Күйікқала), Соль-Илецк (бұрынғы Тұзтөбе), Беляев (бұрынғы Бөрте), Ақбұлақ аудандары. Ал, Дамбар, Әйке, Құмақ болыстарының орнына, Домбровский, Ясный, Светлый, Адамов атты төрт аудан құрылды.³⁴⁰ Тек бір ғана Ақбұлақ ауданын алсақ, ондағы Ащылысай, Елек, Әлімбет, Бөрлі сияқты болыстарын мекендегендер жергілікті халықтың өкілдері еді. Барлығы 19 болыстан тұратын бұл ауданда қазақтар-55323, орыстар-11789, украиндықтар-54307, татарлар-2025 және тағы да басқа ұлттардың өкілдері мекендеген.³⁴¹ Бір ескеретін жай бұл санақтың қазақтар қыстаудан жайлауға көшкен мезгілде жүргізілгеніне байланысты жергілікті халықтардың көпшілігі оған ілінбей қалды.

Осы зорлықты көріп-біліп отырған мемлекеттік билік басындағы кейбір басшы азаматтар оны тоқтату мақсатымен мейлінше оған қарсылық көрсетіп бақты. Сөйте тұра өздерінің дәрменсіздіктерін де халықтан жасырмады. *Ол жөнінде С.Сәдуақасов: “Сіздер ойлайтын шығарсыздар, яғни біз өлкелік комитетте отыр екенбіз, Өлкекомды біз басқарады деп, жоқ, мүлде олай емес. Қазақстанның саяси жағдайы өте қолайсыз, былайша айтқанда, барлық билік орыстардың қолында, біз, қазақтар, тек дауыс бергенге ғана қатысамыз. Кейде, тіпті, көптеген мемлекеттік және ұлтқа қатысты мәселелер біздің қатысуымызсыз қаралады,”- деп күйзеле мойындайды.*³⁴² Олар тарапынан Қазөлкекомның басшысының бұл бағыты дұрыс емес, ол отаршылдық пиғылда екендігі сол кезде-ақ ашық айтылған еді.

Сол жылдары көп ұлтты Қазақстан жағдайында әр ұлттың әр түрлі экономикалық және мәдени укладтағы тап күресі көбінесе “ұлттық мүддені” қорғау туы астында жүргізілді деп айтылғанымен, ол әміршіл жүйенің ықпалымен іске асырылып отырылды.³⁴³ Мысалы, тарихи қалыптасқан жағдайға байланысты бұрынғы қоныс аударушылар басқармасының жергілікті қазақ халқының пайдаланып отырған жерінің үлкен бөлігін - 20 000000 десятинасын бей-берекетін шығарып тартып алып, жерге орналастыруды қалауынша жүргізудің өзіндік бір сыры және саяси шаруашылық маңызы болды.³⁴⁴ Бұл әрекеттің мақсаты сол, ол қазақ жеріне жаппай орналасып алып, келешекте оған толық билік жүргізу еді. Қалай дегенмен де, сол кездегі Қазақстандағы жер мәселесі тек қана ұлттық мәселе емес, ол сонымен бірге ұлтаралық мәселе де болып табылды. Ұлтаралық болмай, ол ұлттық та бола алмайтын еді. Бұл даулы мәселе патша уақытында орыс ұлты артықшылықта болып, орасан зор жер көлемін иемденіп, қазақтарды шөл-шөлейт құмдарға ығыстырумен байланысты болған. Ал, енді сол процесс керісінше жүргізіліп, алғашқы жерлерді қайта тартып алу мәселесі келгенде, оған кеңестер, партия ұйымдары, ондағы орыс ұлты өкілдері керегінше қарсылық көрсетіп

бақты. Мысалы, Атбасар уездік партия комитетінің мүшелерінің ондағы орыстардың тарапынан қазақтарды ұнатпай шетке қағушылық көзқарастары жиі байқалған. Олар, ең бірінші, орыстарды жерге орналастырудың қажеттілігі мемлекетке пайдалы деп дәлелдеуге тырысып баққан. Орыстардың ауқатты шаруаларының қазақтардың жеріне түпкілікті қоныстануына жағдай жасап отырды. Ондағы мақсат шексіз кең байтақ жерді иемденіп қалу еді.³⁴⁵

Қазақ жерін меншіктенудің екінші жолы өздері мекендеген Ресеймен шекаралас қазақ аудандарын орыстар көп тұрады деген сылтаумен РСФСР-дің құрамына беруді талап еткен арыздардың жиілеуі болды. Мысалы, 1926 жылы Бөкей уезінің Теңіз ауданының орыс казактары, Мәскеуге КСРО Орталық Атқару Комитетіне, елші жіберіп, орыстар тұратын аудандарды қазақ жерінен бөліп алып, дербес облыс жасап, оны РСФСР-дің құрамына енгізуді сұрайды. Олардың пікірінше, қазіргі уақытта ҚазақКСР-нің билігінде тек қана қырғыздар (қазақтар) отыр. Олар кеңес аппараты арқылы орыс-казактарды ығыстырып, өткендегі патша үкіметі кезіндегі казактардың әрекетінен бүгін өш алуға тырысуда деп жазды. Ал Семей губернияларында орыс болыстарын Қазақ республикасынан бөліп әкету мәселесі 1925-26 жылдардағы қайта сайлау науқанында көтеріліп, кейбір болыстық кеңестер съезінде қаралды. Бірнеше болыстар өздері Сібірге қосыламыз деп қаулы да қабылдады. ҚазАКСР-нан бөлінуді аңсағандардың көбі орыс казактары болды.³⁴⁶

Осындай жағдайда ұлттар арасындағы өзара қақтығыс, әсіресе, Жетісу губерниясында шиеленісе түсті. Бұл қақтығыстар көбінесе қазақтар мен орыстар арасында болып тұрды. Ол қақтығыстардың негізгі себебі жер мен суды пайдаланудағы таластан туып отырды. Сол кезде ұлтаралық жанжалдар Семей мен Орал, Ақмола және Қостанай губернияларында жиіледі. Орал губерниясындағы осындай жанжал қазақтар мен орыс казактарының арасында күшейе түсті. Мұндағы орыс казактарының саны аз болса да, жергілікті халыққа

деген көзқарасы басқыншылық ниеттен бір айнымады. Мұндай қақтығыстар Қостанай округы және Ақмола губернияларындағы қазақ және орыс шаруаларының арасында жиі болды. Бұл жерде, керісінше, қазақтардың саны аз болды. Орал губерниясының комитеті мәлімдегеніндей, орыс казактары өздерінің бұрынғы артықшылықтарынан айрылып, қалғандарын қазақтардан көріп, оларға шовинизмнің “көкесін” көрсеткен. Оған қазақтар кінәлі деп есептелінді.

Ал, Жетісу губерниялық комитетінен түскен мәліметтер бойынша: “Жетісу губерниясында ұлтаралық қақтығыс орыс және қазақ тұрғындары арасында жиі болатын болған.” Бұл араздық патша үкіметі тұсынан бері жалғасып келген. 1916 жылғы халық көтерілісін басып, казактар жергілікті қазақ шаруаларының ең шұрайлы жерлерін тартып алған еді. Әйел делегаттары жиналысында Семей губерниясының Қызыл Октябрь болысынан келген хабарда осы жөнінде: “Казак жыртықшы аң сияқты еді, дәл сол күйінде қалыпты”-деп мәлімдейді³⁴⁷ Орыс казактары қазақтардың жерлерін әлімжеттік жасап басып алып, жайылымдарын жыртуға дейін барғанын Қостанай округтік комитеті өз мәліметтерінде жазған. Онда орыс тұрғындары қазақтардың тұтас ауылдарын ығыстырып, жерлерін тартып алғандығы айтылған.³⁴⁸ Сондай-ақ, Ақмола уезі Троицк болысы Богданов селосының тұрғындары Азат болысының № 4 ауылы қазақтарының жерін басып алып, жыртып тастаған. Ал, Воровск болысының Жаңачеркасск селосының тұрғындары Ишим болысының №4 қазақ ауылының жерін зорлықпен тартып алғандығы айтылған.³⁴⁹ Ақмола уезіндегі орыстар мекендеген Карповка поселкесімен қазақтардың Мұрат ауылы арасында бұрынғы поптың иелігінде болып келген 40 десятина жері үшін жанжал шыққан, ол жанжалды шешу мәселесі губернияның жер комиссиясының құзырына берілген де, аяқсыз қалған. Осы ұлттар арасындағы араздықтың басты себебіне айналған жерге орналастыру мәселесі 1927 жылы күзде, яғни VI Бүкілқазақтық партия конференциясына дейін Қазақстанда төмендегідей кезектілікпен жүргізілді.

Әуелі қазақтар, одан кейін еуропалықтар тұрды. Орыстар болса мұндай реттілікке наразы болып, қазақ үкіметіне сенімсіздікпен қарады. Сол кезде Қазақстаннан барлық еуропалықтар қуылады деген өсек таратылып, орыс пен қазақтардың бір-бірімен жанжалдасуын ушықтыра түсті. Олардың араларындағы бұл сөз қарулы қақтығыстарға дейін апарды. VI Бүкілқазақтық партия конференциясы жерге кезекпен орналастырудың бұл принципін жойды. Бұдан кейін жерге орналастыру жаппай-селосы мен ұлтына қарамай орналастырылуы қажет делінді. Бастауыш партия ұйымдары, оның ішінде кеңестер жерге орналастыру ісіне қатыстырылмады.

Осы саяси маңызы өте жоғары істе жер өлшеушінің рөлі ерекше болды. Қазақстанда жер өлшеушілердің бәрі орыстар болды. Оның көбі жерге орналастырудың ұлттық сипатын түсінгісі келмейтін шовинистік пиғылдағылар еді. Көптеген ауылдың (“Еңбекші қазақ”, “Азат” және т.б.) қазақтары жер өлшеуші орыстарға өкпелі екендерін, олардың өздеріне жасаған қиянаттары көбейгенін жиі айта бастады³⁵⁰ Осындай әділетсіз қатынастардан кейін көптеген жерлерде орыс тұрғындарына күдікпен қараушылық күшейді. Петропавл уезінде өткен жер туралы мәселені қараған съезде сөйлеген қазақ: “Жерге орналасып жатқандар тек орыстар, өйткені жерге орналастырушылардың өздері де дерлік орыс ұлтынан. Міне, осылардың бәрін ауыстырып, олардың орнына қазақ қызметкерлерін отырғызу керек, әйтпесе қазақтар еш уақытта жерге орналастырылмайды. Осыны жүзеге асырмай, интернационализм туралы айтқандарының бәрі жалаң ұран болып қалуда”- деді.³⁵¹ Ал, Семей губерниясындағы Түрген өзенінің жоғары ағысында тұратын орыстар мен өзеннің төменгі ағысында тұратын және оның суын пайдаланатын қазақтар арасында жанжал тоқтамаған. Ол жанжал орыстардың өзенге шошқаларын емін-еркін жіберулерінен шықты. Шөп шабатын жерлер мен жайылымдарға талас та ұлттар арасындағы шешілмейтін мәселеге айналды.³⁵² 1925-26 жылдары 7-8 ауылдардың егін салатын және шөп шабатын жерлеріне Бүрлі мекенінде тұратын орыстар малдарын жіберетін

болды. Сонымен қоймай олар ол жерлердің шөбін ұрлап шауып алатынды әдетке айналдырды. Бұлармен қазақ тұрғындарының жанжалдасуға шамалары келмеді. Осындай арадағы кикілжің оларды бір-біріне өшіктіре түсті.³⁵³ Орыстар қоныстанған Хома поселкесімен Жетісу губерниясының сол маңайдағы ауылдары арасындағы араздық нағыз соғысқа апарған. Бұл өңірге орыстарды көп орналастыру патшалық үкіметтің басқыншылық саясатының бұлтартпайтын дәлелі болатын. Қазақтардың айтуынша бұл орыстар тұратын поселка олардың иелігіндегі ең құнарлы жерге орналастырылған. Осыған наразылық білдірген жергілікті тұрғындар еуропалықтарға күдікпен қарап, арадағы араздық асқына түскен. Ұлтаралық қатынастың осылай асқынуына орыс шаруалары бірден-бір кінәлі екендігін үкімет орындары біле-тұра байқағысы келмеді. Бұрыннан осы төңіректегі қазақтарды иелігінде ұстап, оларға билік жүргізіп келген артықшылықтары болса, Кеңес өкіметі тұсында олардың артықшылықтары жойылып, басып алған көлдерді, шабындық жерлерін иелеріне қайтарып беруге мәжбүр болды. Бұрынғы артықшылықтарынан айрылғысы келмеген орыс шаруалары еуропалық басшыларға арқа сүйеп, қазақтарға қарсы қарулы қақтығысқа дейін барды. Осындай жаулық пиғылдан соң қазақтарда орыстардан және басқа да келімсектерден қорғанатындай ұлтшылдық пайда болды.³⁵⁴ Ақтөбе округкомының хатшылығы Шыңгерлі ауданында жайылымдық жерді басып алуына байланысты еуропалық қонысаударушылар мен адай қазақтары арасында қарулы қақтығыстар болып, қазақтар жағынан 2 адам өліп, 2 адам ауыр жарақат алғанын хабарлаған. Осы орайда ұлы державалық шовинистік әрекеттер асқынып, ұлтаралық қақтығыстар өршіген жерлерде коммунистер оларға қарсы күрес жүргізуде әлсіздік танытып, керісінше, өздері де соларды жақтап, қазақтарды ұруға қатысып, жәбірлеушілердің қатарында жүрген.³⁵⁵

Голощекин бұл зорлықтарға өзінше баға беріп: «Жер мәселесі-шаруалар мәселесі, барлық ұлттардың шаруаларынікі, міне, дәл сондықтан бұл мәселе ұлттық және ұлтаралық шаруалар мәселесі болып есептеледі.

Біреуін шешпей, өзгесін шешуге болмайды. Сонымен қоса жер мәселесі таза тап мәселесі болып та табылады, біздің революцияда ол сондықтан басты рөл атқарады», - деп, бұл өзекті мәселеге таптық сипат береді. «Біз де еңбекші шаруалардың помещиктермен күресі тұр» - деп жоқ помещиктер туралы мәселені алға тартады. Ол айтып отырған мәселе кулактардан жерлерді тартып алып оны националдандырып, оған жеке меншіктілікті жою еді. Ол одан әрі «Бұл таза таптық мәселе болып есептеледі. Егер ол мәселе барлық Одақ көлемінде солай болса, онда бізде қалай? Мұнда да солай бірыңғай таптық мәселе болуы тиіс. Егер Қазақстандағы жер мәселесі ұлттық, ұлтаралық және өте-мөте таптық деп қарайтын болсақ, онда оны қандай да біржақты шешу осы үш мәселенің бірін уклонға апарарды. Егер тек ұлттық жағы ғана ескерілсе, онда ол міндетті түрде ұлтшыл уклонға әкеледі. Егер езілген ұлттың мәселесінің ерекше міндеттерін былай қойып, таптық жағын шешетін болсақ, онда отаршылдық пиғылды көздеген болып шығамыз. Егер таптық жағдай еленбесе, онда ол таза буржуазияға әкеледі. Міне, осылай үш уклон бірінен соң бірі тұрады. Қазір қате бағытты қорғаушылардың мұны ұмытуына болмайды. Алайда, мәселелердің шешімдері үнемі бірдей болмайды. Жер мәселесін шешуде осындай аталған кезде нақты жағдай, нақты әдіс қолдануға итермелейді. Жер мәселесін барлық ұлттардың еңбекшілерінің жіктерін біріктірмей ұлттың және ұлтаралық шеңберде бөлшектеп шешуге болмайды. Міне, лениндік қағида осындай. Жер мәселесінде біздің жағдайымызды не қиындатып отыр? Негізінен жерге орналастыру органдарының партия бағытын бұрмалауынан ұлтаралық қақтығыстар тереңдеуде» - деп³⁵⁶ өзінше тың қағида жасап, түпкі ниетін жасырып, ұлт мәселесіне келгенде жерге орналыстырушыларды кінәлап шыға келеді.

Сол кездегі ұлт саясаты қандай болды? Оның таптық мәні Ресей пролетариаты мен кенже қалған қазақ шаруаларын табыстыру болды. Ол табыстыру дегеніміз өткендегі сарқыншақтарды жою, еуропа және қазақ халқымен туыс болып бірге тұратын Қазақстанды кеңестендіру еді.³⁵⁷

Әкімшіл-әміршіл жүйенің сойылын соғушылар қан-

ша тырысқанымен, ұлттар арасындағы кикілжіңді ретке келтіре алмады. 20 жылдардағы қазақ жеріндегі «интернационалистік рухтағы» ұлттар тәрбиесіндегі басты кедергі болған жағдай ол орыстардың өздерінің ұлыдержавалық шовинистік пиғылдарынан арылмауынан еді. Өйткені шовинизм әбден қанына сіңген бұл халықтың кеше ғана қоластында болған «бұратана» халықтармен терезесі тең өмір сүру мүмкін емес болатын. Республиканың қай жерінде болмасын орыстар «интернационализмнің» өзгеше үлгісін көрсетті, олар қазақтарды тіпті адам ғұрлы санамады. Мысалы, Жітіқара (Қостанай) гаражында бір топ жүргізушілер шовинистер-Карудников, Зкадский, Кузнецов, Игнатьевтер, Белекеев, Жүсіпов секілді қазақтарды ұрып - соғып, күн көрсетпей қорлаған, оларды «курица не птица, казах не человек» деп, көздерінше мазақ еткен болса, Голощекин атындағы совхозда бір топ орыс құрылысшылары, құрылыс комитетінің мүшесімен бірігіп, қазақтарды ауыр соққыға жыққан.³⁵⁸

Ұлт саясатындағы бұрмалаушылықтың кеселінен көбінесе қазақтар қасақана жұмысқа алынбаған, оған дәлел Үштөбе станциясындағы 613 жұмысшының 34-і ғана қазақтар болған. Мұның өзі жергілікті ұлт өкілдерінің өз жерлерінде осылай шет қақпай қалғандығын көрсетеді. Аталған станцияның бастығы Чернышев шовинизмді уағыздап, ұлттар арасына өзі от салған. «Қазақтарға ақша берудің керегі жоқ, олар паразиттер, ақша беруге тұрмайды.»-деген сөзін өзге де орыстар қолдап, қолпаштап отыратын болған. Бірде Чернышев қыстың күні Кошенов деген стрелочник қазақтың бар киімін шешіндіріп алып: «Мұндай киім ит сияқты қазақта болғанша, оның нағыз иесінде, яғни орыста болсын»-деп бір орыс жұмысшысына алып беріп қорлаған. Ал Кошенов болса жалаңаш аязда үсіп қалған.³⁵⁹ Мұндай бассыздық, қазақтарды қорлап олардың «иесіміз» деп иемдену, жергілікті халықты бұлай басыну барып тұрған отаршылдық пиғыл еді. Корнецкий деген машинист өзінің көмекшісі Өксікбаевты ештеңе сезбейтін малға теңеп, жүріп бара жатқан паровоздан желкесінен алып

итеріп жіберсе, екінші бір машинист Бердиман Алматыға кетіп бара жатқан паровоздан өзінің қазақ-кочегарын сусыз иен далаға түсіріп кеткен.³⁶⁰ Сондай-ақ, осы станциядағы қазақтар лас, әрі қараңғы суық казармаларда тұрған. Қоймаларда қаланып тұрған матрастар да оларға бұйырмай, сыз жерлерде жатқан. Ал өздеріндей орыс жұмысшылары, керісінше, матрастары бар төсектерде жатып, барлық мүмкіншіліктерді пайдаланған. Қазақ жұмысшыларына тимейтін арнайы киімдер: тон, пима, қолғаптар-тек орыстарға ғана берілетін болған. Қазақ жұмысшыларының осы ауыр тұрмысы туралы 1931 жылғы 24 наурыздағы «Советский степь» газеті «Великорусский шовинизм на ст. Уш-тобе»-деген мақала жариялайды.³⁶¹ Бірақ ол кездегі бұл мақалалар да орыстардың санасына әбден орыныққан және саяси жүйенің тарапынан қолдау көрген шовинистік пиғылдары өзгерте алмады.

Қазөлкелік Бақылау комиссиясына жолдаған Семей губерниясынның ұлтаралық қатынастар туралы есебінде жазылған жағымсыз жәйттердің, оның ішінде шовинистік әрекеттердің етек алғандығынан-ақ, бұл бағытта жүргізілген «интернационалдық» тәрбиенің қауқарсыз болғанын көреміз. Мысалы, Риддер жұмысшылары арасындағы кикілжің өршіп, қазақ жұмысшылары өнеркәсіптік әкімшілік орындарда жергілікті ұлт өкілдерінен басшылар болмауына наразылық білдірген. Олардың берген өтініштері аудармашылардың жоқтығынан үнемі қаралмайтын болған. Өздерінің мұң-мұқтаждарын басшыларға түсіндіре алмай, әуреге түсіп, өз елдерінде өздері осындай қорлық көрген. Қазақ жұмысшылары орыс жұмысшыларымен біліктілігі бірдей болғанына қарамастан, еңбек ақыны өте төмен алған. Олар үнемі шаң-тозаң арасындағы тек ауыр жұмысқа ғана жіберіліп отырылды. Қазақ жұмысшыларының тұрғын жайлары да өте қолайсыз, адам тұрғысыз кейіпте болды. Бір бөлмеде 2-3 семья, оншақты адам бірге тұрды. Сондай-ақ, қазақ жұмысшылары цехтағы жиналыстың және жұмысшы комитетінің мәжілістерінің орысша өтуіне наразы болса да оған ешкім мән бермеді.³⁶² «Интернационалдық»

насихаттың бір жақты жүргізілгендігінен, көбінесе қазақтарды өндіріске, басшы қызметтерге жолатпады. Оған Риддер әкімшілігіндегі 247 қызметкердің ішінде бірде бір қазақтың болмауы дәлел. Сондай-ақ, қазақтарды жұмысшылар қатарына тартуда да үлкен олқылықтарға жол беріліп тұрған. Риддердегі қазақ жұмысшыларының 1926 жылдың 1 қазан айына дейінгі саны 532 адам болып, ол жалпы жұмысшылар санының 20,7 пайызын құраса, ал 1927 жылдың 1 наурыз айындағы ондағы қазақ жұмысшыларының саны 314 адам, яғни 14,9 пайызға төмендеген. Бұл жағдай сол кезде билік басындағылардың қазақ ұлтына деген көзқарастарының немқұрайды болғанын көрсетеді.³⁶³ Тіпті, кейбір еуропалық басшылардың өздері жүргізіліп отырылған ұлт саясатына ашық түрде қарсы шыққан. Әулиеатадағы вино зауытының директоры Давыдов: «Мен сендердің қазақтандыруларыңа бағынбаймын» - деп ашық түрде қазақты жұмысқа алу-дан бас тартқан.³⁶⁴

Осы жылдары Риддерде БК(б)П-ның 128 мүшесі, 45 кандидаты, барлығы 173 адам, оның ішінде 137-сі орыстар да 36-ы қазақтар болды. Райком құрамының 9 мүшесінің тек біреуі ғана қазақ болса, ал, оның аппаратында бір де қазақ жоқ және Риддер коммунистері партияның ұлт саясатының басты принципі саналған интернационализмге пысқырып та қарамады. Оған рудкомның төрағасы Құрықбаевтың: «Қазақстанның 6 жылдығын мейрамдап өткізу үшін аудандық партия комитеті мені жауапты етіп тағайындады, ондағылары, әйтеуір, мейрам қазақтікі, олай болса, қазақтардың өздері тойласын дегені болуы керек. Мейрам күні жалғыз менен басқа ешкім қалмады. Райком қызметкерлерінің көбі Өскеменге, ал, кейбірі аңға кетіп қалды», - деген сөзі дәлел³⁶⁵ Міне, мұндай жағдай Қазақстанның кез-келген жерінде кездесетін оқиға болды. Сол жылдардағы партия тарапынан жүргізілген «интернационализмнің» сыйқы осындай болды. Орыстар мен қазақтардың арасындағы арақатынастың шиеленісуінің тағы бір себебі орыстардың қазақтарды мәдениетсіз деп менсінбей, оларға төменгі сортты адамдар ретінде жиіркенішпен қарауы сол кездегі

сұрқия саясаттың шынайы бейнесін көрсетті. Жергілікті жерлерден келген ақпараттарға қарағанда, деревня мен станицадағы, ауылдар мен қышлақтардағы партия ұйымдары ешқашан мұндай жанжалдарды шешумен шұғылданбағаны мәлім болды. Керісінше, аралас ұлттары бар партия ұяларында олардың ұлт-ұлтқа жіктеліп, ұлттық белгілеріне қарай дербес ұялар құруы көрініс берді. Ондай оқиға Түргенді мекендеген орыстардың арасында кездесті. Ондағы орыс коммунистері «партия қатарындағы қазақтардан құтылу керек», өйткені олар біздің мойнымыздағы жүк секілді, партиядан шығарылса, тіпті де қынжылмаймыз»-деуінің өзі олардың тарапынан жасалған кемсітушілік болатын.³⁶⁶

Партия ұялары қандайда бір әрекеттер жасаса да қазақ және орыс жұмысшылары арасындағы қатынасты жақсарту алмады. Ұлтаралық мәселедегі орыстар тарапынан көрсетілген бұл кемсітушілік Қазақстанның өзге де өңірлерінен орын алып отырды. Мысалы, Түріксібтің солтүстік учаскесінде - Сергиопольде - ұлы державалық шовинизм айрықша көрінгендігі сол, ондағы келеңсіз бұл оқиға алдын ала даярланып, соның барысында 20 қазақ соққыға жығылады. Петропавл округінде 13 ақпанда консерв зауытының жұмысшысы Алешин, басқа екі жұмысшы Тукаев пен Чиковтардың көзінше төменде жұмыс істеп тұрған Қатарбаев деген қазақтың басына кіші дәретке отырып, мазақ қылады.³⁶⁷ Сергиополь ісі бойынша Семей окружкомының шешімінде орыстардың істеген істерінің өрескелдігі соншалықты, кейбір коммунистер мен комсомолецтер (партия мүшесі Мельников және комсомол Епашниковтар) ұрып-соғуды ұйымдастырушылар белгілі болып ұсталғаннан кейін де жұмысшы жиналысын шақырып, кінәлілерді құтқару мақсатында қарар қабылдамақ болып әрекеттенген. Осындай оқиға Риддерде де болып, қазақ жұмысшыларының соңынан қудалау ұйымдастырылғандығы айтылады. Мастер Тагильцев: «Қазақтар кувалдамен ұруды білмейді, бірақ мен олардың тістерін былай қағамын»-деп көрсетіп мақтанған.³⁶⁸ Риддердегі қорғасын зауытында болған жөнсіздіктерді қазақ жұмысшыларының кінәсінен, олардың жұмыс

істей алмауынан деп түсіндірді. Өлкелік БК(б)П Комитетінің нұсқаушысы Содэн тексерген «Атбасцвет» тресі өнеркәсібінде кейбір еуропалық - техникалық мамандар мен жұмысшылар тарапынан ұлы державалық шовинистік, отаршыл пиғылдар жиі болатындығы анықталған.

1929 жылғы 1 сәуірде өткен бюросында Қызылорда Окружкомы еуропалықтар мен қазақ жұмысшылары, қызметкерлері арасындағы ұлтаралық қақтығыстардың жиілеп кеткендігі туралы мәселе көтерді. Онда еуропалық сатушылардың қамбада істейтін қазақ жұмысшыларын, Қызылорда баспаханасындағы еуропалықтардың қазақтарды қорлауы сияқты әрекеттердің көбейгендігі айтылды. Петропавл консерві зауытында қазақ жұмысшысы Қашарбаевты қорлап мазақ еткендер арасында Чиков деген комсомол да болған. Ал бұл бұзақыларды партия мүшесі Морозов жиналыста қорғады. Петропавл округының Булаев ауданындағы №2 диірменнің жұмысшысы Коробейников 2 наурызда үйренуші қазақ Сарбаевты айуандықпен соққыға жығады. Ал бұл оқиғаны көре тұра партия және комсомол ұялары мүшелері білмегендей сыңай танытқан.³⁶⁹

1929 жылы маусымда өлкелік партия комитетінің (V пленумында) меңгерушісі Беспалов «Смычка» атты Петропавл округтік комитетінің органының 1929 жылғы 23 мамырдағы №112 санында төмендегі материалды жариялаған. Онда қазақтарды штаттың қысқаруына байланысты деген желеумен жұмыстан шығару етек алғандығы айтылады. Осындай себеппен 30 қазақ тракторшысын жұмыстан кетірген. Орта техникалық әкімшілік қызметкерлерінің қазақтарға қатысты өрескел әрекеттерге баруы үйреншікті әдетке айналған. Мысалы, бригадир Рудаков жүргізуші қазақты желкесінен алып, машинадан лақтырып жіберген жағдай да болған. Шығыс Қазақстан округындағы қорғасын зауытының партия ұясының хатшысы Петровтың көзінше Скабелев деген орыс Жақсыбеков деген қазақты «ит», «колбит» деген сөздермен балағаттаған.³⁷⁰

Бригадирлер жүргізуші қазақтарды «иттер» деп ашық түрде қорлап, олар өндіріске жарамайды деген пікір

таратқан. Өкініштісі сол оқиғалардың осындай қазақтарға жасалған кемсітушілік пиғылды ұйымдастырудың ұйтқысы болып жүрген шовинист, базаның басшысы Иоффенің өзі болып шығуы еді. Ұлттар арасындағы, әсіресе, орыстар тарапынан жиі көрінетін осындай өрескел қылықтар жасырылып отырылды. Олар өздерінің империялық пиғылдарын басшылар тарапынан қолдау көргеннен соң, осылай ашық көрсетуден еш тайынбайтын жағдайға жеткен.³⁷¹

Семейдің БК(б)П губерниялық комитеті мәліметінде, орыс тұрғындары, әсіресе, орыс казактары тарапынан қырғыздарға (қазақтар) жұмыс малы ретінде қарап, кейде бишікпен ұрып-соғып ұстауға әрекеттенген жағдай бары айтылған. Қазақтар орыстардың дәрежесіне жеткен жоқ, сондықтан олар орыстарды басқаруға мүлдем қабілетсіз деген тұжырым жасаған.³⁷²

1932 жылы Атбасар ауданында лениндік ұлт саясатының өрескел бұрмаланғандығы туралы бірнеше оқиғалар тіркелген. Хрущевка, Ладыженка, Половка селоларында қазақтарды ұрып-соғу әдетке айналып, соның нәтижесінде 6 адам өлген. Ауылдық кеңестің төрағасы, партия мүшесі Коганның өзі шовинистер тобын қазақтарға айдап салып: «Барлық киргиздар-(қазақтар) ұрылар мен жалқаулар, оларды құрту керек»-деп нұсқау берген. Колхоздың малы жоғалды деген сылтаумен жақын ауылдардың бәріне жаппай тінту жүргізілген. Тінту кезінде қазақтардың еттерін, ұндарын тартып алып, өздерін тұтқындап әкеп, қамбаларғаға қамап, бишікпен, таяқпен, тіпті, гирлермен өлімші етіп ұрған кездер болған. Мойындарын керіп, аяқтарын қосып, байлап, көтеріп алып, артымен тасқа ұрған, содан шала-жансар күйінде сыз қамбаларға қамаған.³⁷³

1928 жылы өлкелік партия комитеті өзінің «Қазақстан партия ұйымдарының ұлтаралық қатынастар мен жікшілдігі» туралы жергілікті жерге жолдаған хатында қазақ және еуропалық қызметкерлердің арақатынастарын зерттей отырып, оларды татуластыратын бірнеше шаралар белгіленген.³⁷⁴ Бірақ бұл шаралардың аяғы сиырқұйымшақтанып, ұлтаралық қатынастардағы «интер-

национализм» құр сөз жүзінде қалып отырды. Кейбір өлкелік мекемелерде қазақтандыру саясаты жүргізілмей, ұлт саясатына тиісті мән берілмеді. Мысалы, Алматыда жұмысшы Николаева қазақтарды иттер, ақымақтар десе, байланыс техникумының оқытушысы Коваленко егер қазақтардың оқу үлгерімі 30 пайыз болса, соның өзі жетістік, одан жоғарыға олардың жетуі мүмкін емес деп кемсітеді.³⁷⁵ Онда: Патша заманында қазақтарды қорлау әбден шектен шыққандығын көрсететін деректі белгілі заңгер-ғалым, профессор Сәкен Өзбекұлы мен Атақожа Исмайлов 2005 жылы жарық көрген «Ғұмар Қарашевтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары» деген еңбегінде келтіреді. **«Верный қаласының ресторандары мен көпшілік орындарының есіктерінде, немесе мандайында иттер мен қазақтарға кіруге тиым салды»** деген жазуларды ілуді дәстүрге айналдырғандығы айтылған. (116.)

Ұлтаралық қатынастағы мұндай кемсітушілік билік басындағы орыстардың ықпалымен де жүргізіліп отырды. Оған 1926 жылғы ауыл шаруашылық салығын болыстық бюджетке тапсыру кезіндегі Қостанай губерниясындағы әділетсіздік әрекеттер дәлел. Мысалы: Губерния бойынша 28 қазақ болыстарының 16 болысына, ауыл шаруашылық салығынан болыстық бюджетке 100 пайыз тапсыру қажет болса, 5 болыс 80-95 пайыз, 5 болыс 80-50 пайыз, тек бір ғана болысқа 40 пайыз белгіленді. Ал орыстар мекендеген болыстарға (оның 38-і бойынша) 11 болысқа-14-30 пайыз, 12 болысқа 30-50 пайыз, 7 болысқа - 50-80 пайыз, 1 болысқа 93 пайыз ғана тапсыру міндеттелді. Бұл сәйкессіздіктер қарама-қайшылыққа апарды, басшы белсенділер тарапынан ашық көрсетілмегенімен, қазақтарды іштей жақтырмаушылықтары жиі байқалып тұрды.³⁷⁶ Мысалы, батырақ Өтеков еңбекке жарамсыз болып қалғандықтан, тиісті төлемақысын алу мақсатында ауру, әрі ашыққан күйінде екі жылдай арыз айтып барлық мекемелердің есігін қағады. Ол барған жерлердің бәрінде орысша тіл білмегендіктен, қазақша айтқан арызын күлкіге айналдырып, мазақпен қарсы алатын болған. Егер қазақ үкімет органдарына арызбен келсе, онда ол

аппараттағы күзетші немесе хат жіберушіден өзге ешкім онымен сөйлеспеді, өйткені оны мекемеде ешкім түсінбеді. Қазақтар кәдуелгі арызбен орталыққа немесе округке екі не үш қой алып барып, тек мекемедегі мәселесін шешкенше, ол апарған қойларын жұмсап бітіріп, қалған жерлерге кіре алмай қайтатын жағдайлары жиі болған.³⁷⁷ Бұл жағдай сол кездегі жалпы қазаққа тән ортақ құбылыс болды.

Қызыл идеологияның «төрінен» орын алған социализмнің басты принциптерінің бірі болып саналған «пролетарлық интернационализм» өз қағидаларын өздері жүзеге асыру барысында осылай жиі сүрініп, бұл істі ушықтырып, тапсыз қоғамның ортақ тілде сөйлейтін адамдарын тәрбиелеуде орны толмас қателіктерге жол берді. Оның бірі осы «интернационализм» деп жүргізілген шовинистік пиғылдағы асыра сілтеушіліктен туындаған ұлтшылдық еді. Ұлт үшін күресіп, «ұлтшылдар» деп ат қойылып, айдар тағылғандардың бәрі ұлтжанды алаш азаматтары еді.

Бұдан туатын ой, жоғарыда тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бейнесін өзгертуге тырысушылық, яғни «интернационалдық-бауырластығын» қолдан жасамақ болған большевиктердің әрекеті ақырына дейін жеткізілмей қалғандығында еді. Отаршылдықтың осы түріне қарсы тұрған сол кездегі ұлтшылдық-ұлтжандылық бүгінгі тәуелсіздігіміздің, болашақтағы ұлттық келбеті бар өркениетті ел болуымызға дәнекер болды және бола алады деп айта аламыз. Олар туралы сол ардақты азаматтардың бірі, алаштың жоғын жоқтаушы Ахмет Байтұрсынов былай сипаттайды. Ол қазақ журналистерінің съезіне арналған мақаласында «Қазақ журналистері-халықшылдар, өйткені олар-ұлтшылдар, өз ұлтын жан дүниесімен түсініп, өз халқының қайғысы мен қуанышын бөліскен жандар. Ұлтшыл болмауға болмайды, олай болмаса, онда ол табиғат заңына қарсы. Ұлтшыл емес адам-адам емес, шошқа. Қазан төңкерісі ұлтшыл журналистерден интернационалистер тәрбиелеп шыға алмады. Ұлтшылдар өздерін интернационалистерміз деп атай алмады. Ин-

тернационалды үкімет ұлтшылдармен бірге бола алмайды. Сондықтан қазақтың ұлтшыл журналистері онда жұмыс істей алмады» - деп сол кездегі бір шындықтың бетін ашқан еді³⁷⁸. Осы айтылған пікірден ұлтжандылық еркіндікке апаратынын, егемендігіміз қолымызға тиген кезде ғана, оның шын тәуелсіз ел екенін сезінгенде ғана мойындап отырмыз. Сол ұлтжандылық сезімдер бүгінде әр азаматтың бойынан табылып еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай.

Ұлттық саясаттағы стратегияны жасаушы бірден-бір орган ретіндегі партия Орталық Комитетінің, оның Қазақстандағы өкілі Голощекиннің іс-әрекетіндегі басты қателік мынада болды: олар Қазақстандағы ұлтшылдықтың табиғатын дұрыс түсіне алмай (немесе түсінгісі келмей), оған реакциялық, теріс құбылыс ретінде сыңаржақ анықтама беріп, оны жасанды таптық мүдделерге айтақтап салып, қарама-қарсы қойып отырды. Ұлтжандылықты ұлыдержавалық тұрғыдан талдай келіп, большевиктер осынау тарихи кезеңдегі қазақ этносына әлеуметтік, психологиялық қасірет әкелгендіктерін, олардың аяусыз қырғынға ұшырағандығына өздері жүргізген саясаттың себеп болғандықтарын бір сәт мойындарына алып, оған онша қынжыла да қоймады.

Әміршіл-әкімшіл жүйе жүргізген саясат қазақ халқының болашағына зиянын тигізіп, ұрпақтардың рухани сабақтастығына нұқсан келтірді. Халықтың бойын жаппай үрей биледі, ұлт өкілдері өз пікірлерін ашық білдіруге батылы жетпейтіндей күйге түсірілді. Ұлт бірлігі бұзылып, засырлар бойы қалыптасқан, өзге халықтарда кездесе бермейтін тәрбиенің ұлттық үлгілері, әділ шешімге бой ұсыну, жарлы-жақыбай, жесірлерге қамқорлық жасау, үлкенді сыйлау, құрмет тұту, коллектившілдіктің, отансүйгіштік, намысқойлық, қонақжайлық, шешендік т.б. қасиеттер сорақы бұрмаланып, ұрпақ үшін қажетсіз болып, жоғалудың аз-ақ алдында қалды. Сол кездегі қате саясаттың кесірінен тамыры үзілген осы қасиеттер туралы айтқанда, бүгінгі ұрпақ оған мысқылмен қарайтын жағдайға

жсетті. Сондықтан да бүгінде ұлтжандылық сияқты құндылықтарды өркениеттілік тұрғысынан қайта зерделеу қажеттігі туындап отыр.

Жалпы Кеңестер өкіметі тарапынан жүргізілген коммунистік тәрбиенің өзі ұлт республикаларында отаршылдық сипат алғандығы бүгін құпия болмай қалды. Қызылдар, отаршылдық саясатын патша үкіметі сияқты ашық жүргізбей, оған «социалистік» деген әдемі «киім» кигізді. Сөйтіп, кеңестер саясатының сыртқы түрі социалистік те, мазмұны отаршылдық болып қала берді. Кеңес өкіметі оның Қазақстандағы басшылығы бұл өлкенің халқының табиғи даму талаптарына жауап беретіндей шаралар жүйесін тәжірибеде іске асыруға құлықсыз болды. Қызыл империя социалистік қоғам мүдделерін абсолюттендіріп ұлттар мүдделерін аяқ асты ете отырып, оны ұлттық мұраттарды талқандау үрдістерімен қатар жүргізді. Осы жылдардағы социалистік құрылысты әсірелеп көрсету ісі бүкіл қоғамдық организмді жалғандықпен қоректендіріп, көзбояушылыққа әкелді. Жүріп жатқан қоғамдық процестерді теріс, жалған түсіндіру, жасандылықпен әуестенушілік етек алып оны жұртқа мойындату күшпен іске асырылып отырылды. Мұндай қысымшылықты басынан өткізіп санасына сіңдірген халық бүгін де сол көзқарасынан арыла алмағандықтан, өркениетке ұмтылу жолында ұлттық құндылықтарды таңдауда жалтақтық көрсетіп отыр.

7.4. Комсомол-жастар мен әйелдер арасындағы саяси жұмыстар

Партия 20-30 жылдардағы халықтың түрлі әлеуметтік топтарының өкілдері-жастар мен әйелдерді социалистік құрылысқа белсенді түрде тартуды міндет етіп қойды. Мұны жүзеге асыру үшін аталған әлеуметтік топтарды біріктіретін қоғамдық ұйымдар арасында саяси жұмыстар жүргізу қажеттігі күн тәртібіне енгізілді. Аталған әлеуметтік топтардың бірі-орыстың үш сөзінен құралып комсомол деген тарихи атқа ие болған лениншіл жастар одағы

өмірге «Ұлы Қазан» төңкерісінің нәтижесінде келген болатын. Орталықтағы жаңа үкімет-кеңестерді қолдау үшін құрылған осындай әр түрлі саяси-қоғамдық ұйымдардың бөлімдері, Ресейдің иелігіндегі Қазақстанға да көшіріліп, бұл аймақта да сондай ұйымдар жасақталып социализм құру жолындағы күреске жұмылдырылды.

КСРО кезінде комсомол қоғамдық ұйымдар қатарына жатқызылғанымен, өзі өмір сүрген уақытта ол өркениетті елдер қатарына бастайтындай жетекші рөл атқарып, мазмұнына сай қызмет істей алмады. Негізгі мәніне үңіліп, міндеттерін сараласақ, ол қоғамдық ұйымдар бұл азаматтық қоғамды өмірге әкелетін, онда ең алдымен өз мүшелерінің мүдделерін қорғайтын мемлекеттік емес ұйымдар болуға тиіс болатын. Бірақ ол кездегі қоғамдық ұйымдарды туғызған саяси жүйе, жастар ұйымын басқа мақсатқа пайдаланды. Ол тек партияның айтқанынан шықпай, «ноқтаулы тайлағындай» күй кешті. 20-30 жылдары комсомолдардың жастық албырттығын, сауатсыздығын шебер пайдалана білген әміршіл-әкімшіл жүйе оларға нұсқау беру арқылы, өз мақсатын жүзеге асыру жолындағы тиісті істерге қолбала ретінде жұмсап отырды. Қызыл идеологияның уына уланған олар талай рет көзсіз ерліктерге барды немесе сол идеология ойлап тапқан үлгі боларлық «тұлғалардың» жасанды образдарына иланып, соған еліктеп өмір сүрді. Оған сол жылдары жастарды коммунистік рухта тәрбиелеуде айтарлықтай рөл атқарған, өзгелерге үлгі болған комсомолдар Павел Корчагин, Павлик Морозовтардың «образдарының» кеңінен насихатталып, дәріптелуі дәлел.

20-30-жылдары комсомолдар Кеңестер елінде социалистік құрылысты орнату үшін өте қажет болды және сол іске мүмкіндігінше пайдаланылды. Сол мақсатқа пайдаланылатын комсомолдағы жастар қатарын, әсіресе, кедейлер, қыз-келіншектер, қазақтар есебінен көбейтуге басты назар аударылып, ол бағытта қыруар жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде зерттеліп отырған жылдары республикадағы комсомолдар саны төмендегідей болды:

1925 жылы Қазақстанның комсомол ұйымы қатарында 40380 мүше болды. Оның 8114-і жұмысшы, 21924-і ша-

руалар, 2155-і қызметкерлер, 5017-сі әйелдер және т.б. Олар 1575 бастауыш комсомол ұйымдарына біріктірілген болатын.³⁷⁹ Ал, 1926 жылы комсомол қатарында 23362 мың қазақ жастары болса, 1929 жылы олардың саны 45663 адамға жетті. Олардың 8726-сы жұмысшы және батырақтар болған.³⁸⁰ 1931 жылдың басында республика комсомолының қатарында 152265 мүше болып, олардың тек қана 29384-і батырақтар болған» деген³⁸¹ деректер көбінесе шындықпен жанаспайды. Оның себебі сол жылдардағы ауылдағы бастауыш комсомол ұйымдарындағы, оның ұяларындағы мүшелерінің санын нақты анықтау мүмкіндігі болмағандықтан және сол кезеңге тән мұндай мәліметтерді төмендетіп көрсетушілік құптарлық іс болмағандықтан әдебиеттер мен баспа беттерінде өзге де ұйымдар секілді республика комсомолдарының саны да әрқалай берілген. Ал, шындығына келсек сол жылдары комсомол қатарына өтіп, оған мүше болғандардың біраз бөлігі ол ұйымға өз еріктерімен кірмегендігі, көбінесе ЛКЖО-ның қатарына қазақ жастарын тартуда әр түрлі айла-тәсілдер қолданылғаны белгілі болып отыр. Оның бір себебі комсомол ұйымдарының сол кезде халыққа қарсы жүргізілген науқандарда белсенділік көрсетуі оларды шошындырды. Қазақ жұрты үшін бұл әрекеттер тосын жағдай болып, олардың сенімсіздіктерін туғызды. Осындай себептердің әсерінен қазақ жастарының көпшілігі бұл жылдары комсомол қатарына өтуге енжарлық сыңай танытқан. Мұндай көзқарас әсерінен болса керек, сол жылдары ЛКЖО құрамында жұмысшы қазақ жастары - 5,3 пайыз ғана болса, өзге ұлттардың комсомол қатарындағы жастары-9,4 пайыз. Ал комсомол қатарындағы орыс жастары-22,4 пайыз болған. Сондай-ақ, комсомол қатарындағы қазақ қыздары -29,1 пайыз, өзге ұлттар қыздары-14,7 пайыз, ал орыстар 56,2 пайыз болды. Бұдан біз қазақ жастарының бұл ұйымға кіруге онша құлқы болмағандығын көреміз.³⁸²

Комсомол қатарын өсіру басты міндет саналып, бұл бағыттағы коммунистік тәрбие жұмысы қазақ жастарының арасында да барынша қарқынды жүргізілді.

Алайда қазақ жеріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысты бірден өзгерту оңай болмады.

Сондықтан да Кеңес өкіметі оларды өз айтқандарына көндіріп, яғни социализм құру ісіне тарту үшін оған кедергі болатын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен айыру қажет деп тапты. Тұтас бір халықтың бойындағы осы тарихи құндылықтарды олар ескіліктің сарқыншақтары деп бағалады. Осы жағдайда комсомолдардың қоғамдық жастар ұйымы ретінде өз мәселелерін дербес шешу құқығы тек сөз жүзінде ғана қалды. Олардың тіпті адам ретіндегі құқықтарының шектелгендіктеріне де ешбір мән берілмеді. Мысалы, комсомолға өткен қазақтарға байдың қызына үйленуге тиым салынды. Қазақи салт-дәстүрлерді сақтау, ораза ұстау, қол жаю, құда түсу, тұмар тағу т.б. ескіліктің сарқыншақтары, надандық деп есептелінді, ондай жоралғыларды ұстағандар Кеңес өкіметіне жау адам ретінде танылды. Мысалы, Сырдария округында жастар мен бірнеше комсомолдар, коммунистер ораза кезінде мұсылманның бес парызының бірі - намазға жығылғандығы үшін, осы округтағы ауыл шаруашылық техникумының оқушысы мойнына молла дұға оқып берген тұмар таққаны үшін айыпталған. Ал, Қазалыда бір комсомол мүшесі саудагердің қызына үйленген. Қалыңдығының әкесін тұтқындаған кезде әлгі комсомол мүшесі ГПУ-ға атасын босату туралы өтініш айтып, қол жинағандары үшін кінәлі болған.³⁸³ Осы «ескіліктің сарқыншақтарын» жою жолында комсомолдар арасындағы саяси жұмыстар әр бағытта жүргізілді. Бұл саяси жұмыстардың басты мақсаты социализмнің ірге тасын қалауды жүзеге асыру үшін қажет жастарды тәрбиелеу болды. Осы жұмыстардың негізгілерінің бірі және ең маңыздысы жаппай сауатсыздықты жою деп есептелінді. 1925 жылы 15 мамырда Орынборда Қазөлкелік комсомол комитетінде комсомолдардың саяси-ағарту қызметкерлерінің бірінші өлкелік кеңесі өткізілді. Кеңес комсомолдар арасындағы саяси-ағарту жұмыстарының қорытындысы және келешегі туралы мәселені талқылады. Орталық РЛКЖО мәліметі бойын-

ша 1925 жылдың басында комсомолдардың 12,5 пайызы әріп танымайтын, 80 пайызының саяси сауаты аз болған. Осы жағдайда ауылдағы жүргізілетін саяси-ағарту жұмыстарына басты назар аударылды. Оның ішінде дінге қарсы атеистік тәрбие жүргізу әдістеріне ерекше көңіл бөлінді. БКП(б) Қазақ өлкелік партия комитеті 1928 жылы қаңтар айында жастар арасында дінге қарсы жұмысты жолға қоятын арнайы қаулы қабылдады. Онда бұл мәселелер жөнінде мынандай шешімге келіп, алғашқы кезде қараңғы халыққа оның ғылыми мәнін түсіндіруден гөрі, табиғи құбылыстарды түсіндіру қажет деген нұсқау берді.³⁸⁴ Бұл мәдени жорыққа комсомол асқан белсенділікпен қатыстырылды. 1929 жылы XIV Бүкілресейлік Кеңестер съезіндегі дінге қарсы күресті жандандыру қажеттігіне шақырған ұран Одақтың барлық жерлеріне тарап дереу басшылыққа алынды. Кеңестер жұмысының маңызды бөлігі болып саналған бұл күрестен қандайда бір болмасын бас тарту «оңшыл оппортунизмге ауытқушылық» болып есептелді.

20-жылдардың екінші жартысында Қазақстанда сауатсыздықты жою мектептері мен үйірмелеріне 500 мыңдай адам қамтылса,³⁸⁵ жалпы осы жылдары мәдени жорық нәтижесінде «сауатсыздықты» жою бекеттері 155000 адамның сауатын ашқан.³⁸⁶ Бұл жөнінде БК(б) П Орталық Комитетінің 1929 жылғы 17 мамырдағы «Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы», деген қаулысы үлкен рөл атқарады. БЛКЖО-ның V Қазақ Өлкелік конференциясының қарарында комсомол ауылдағы мәдениеттің қамқоршысы болуға тиіс делінген. Онда «Тазалық үшін, жұқпалы ауруларға, битке, қалың малға, көп әйел алушылыққа қарсы күрес жүргізумен қатар, әйелдер жөнінде оң көзқарасты қалыптастыру-әрбір комсомолдың міндеті және олардың ауылдағы жұмыстарының ең қажетті бөлігі»- деп танылды.³⁸⁷ Осы істе комсомолдарды үлгі етіп, ауыл жұртшылығы олардан үйренуге тиіс болды. 1928 жылы көтерілген бұл ұран, комсомолдың ауыл мен селоларды кеңестендіруге, тұрмыстағы жаңа социалистік қатынастарды, пролетарлық мәдениетті таратудағы жұмыстарының бастамасы

болды. Бұл жылдары әрбір сауатты комсомол мүшесі бір сауатсыз адамды оқытуға тиіс деген бастама көтерілді. Өлкелік ЛКЖО ауылдарда әріп танымайтындарды жою үшін жұмыс жүргізетін мәдени жасақ-отрядтарын құрды. Егер 1932 жылы осы мәдени жасақшылардың 200-і комсомол мүшелері болса, 1935 жылы олардың саны 2413 адамға жетті.³⁸⁸

«Контра»- жаусындар деп өз қандастарына, байларға «қырғидай» тиген комсомолдар, жалған теорияның ұрда-жық шолақ ұрандарымен қаруланғандар, осы айтқандарының мәнін өздері де түсіне алмайтын жағдайда болды. Қызыл идеологияның айдауында жүрген комсомолдардың көбінің сауаты жоқ, тіпті хат танымайтын, осындай екі-үш саяси сөздік қоры ғана бар партияның белгілеп берген қалпынан шықпайтын «тәртіпке» бағынған белсенді топқа айналды. Бұл әлеуметтік топты жаңа қоғам социализм құру ісіне қатыстыру үшін олардың сауатсыздығын жойып, саяси білімдерін көтеру күн тәртібіндегі басты мәселе болып қалды. Аталған іс дереу қолға алынып, 1925-26 оқу жылында осы бағыттағы жүргізілген жұмыс барысында 23504 комсомол саяси оқумен қамтылып, 1926/27 оқу жылында олардың саны 40 мыңға жеткізілді.³⁸⁹ 1925 жылдың басында саяси оқуға тартылған комсомолдардың 59,7 пайызы орыстар да, 35,3 пайызы қазақтар болды.³⁹⁰

БК(б)П Өлкеком хатшылығы 1928 жылы 19 тамызда өзінің қаулысымен өлкелік комсомол комитеті қасынан деревнядағы жастармен жұмыс істейтін бөлім ашты. Комсомол ұйымдарын нығайтуда олардың қатарын БК(б)П мүшелерімен толықтыру және партиялық қамқорлыққа алу әдісі қолданылды. Осы бағытта жүргізілген жұмыс барысында 1928 жылдың соңында өлкелік комсомол ұйымдарының 63218 мүшесінің 3908-і партия мүшесі, ал оның 30,2 пайызы шаруалар да, 11,2 пайызы батырақтар болды.³⁹¹ Комсомол осы жылдары социализм құруға «ауадай қажет» деп саналған ірі шаралардың тағы біріне-байлар мен жартылай феодалдардың малын тәркілеуге белсене қатысты. Бұл жолы мәселе өте өткір қойылды. Өлкелік БК(б)П комитеті бұл шараның саяси

жағына үлкен мән бере келіп, ауылдың әлеуметтік саяси, экономикалық тұрмысының күрт өзгеруі комсомол ұйымдарының осы бағыттағы жұмысының нәтижесіне байланысты екендігін оlaraға міндет етіп жүктеді. Осындай міндет арқалаған комсомол ұялары өз мүшелерінің сауатсыздығын, албырттығын шебер пайдаланды. Кеңес өкіметі оларды тәркіден жасырынған байларды әшкерелеу ісіне пайдаланды. Ал мұндай белсенділік істерде қолдау-қолпаштау көргендердің көбі өздерінің, яғни жастар ұйымының қызыл идеологияны іс жүзіне асыру үшін ғана пайдаланылатын қол шоқпар ғана екендіктерін өздері де түсінбеді.

Колхоздарды ұжымдастыруда комсомол ұяларына көмектесу мақсатымен Қазақ өлкелік ЛКЖО 1929 жылдың 1 қыркүйегімен 1 қараша айларының аралығында ауылға 500 комсомолды жасақтап жіберді.³⁹² Комсомолдардың бұл жасақтары «500-діктер жорығы» деген ат алды. Колхоз құрылысына қатысып, белсенділік танытқан комсомолдар туралы өлкелік БЛКЖО-ның хатшысы А.Бүркітбаев БК(б)П өлкелік комитетінің V пленумында: «Біз осы жылы «500-діктердің жорығын» ұйымдастырдық. Ауыл мен деревняларға біз тікелей 2593 адам аттандырып отырмыз. Сонымен бірге бұлардан басқа 49 екпінді бригада, 21 үгіт-насихат тобы жіберілді³⁹³» деп есеп береді.

Астық дайындаудың бастамашысы және колхоздарды ұжымдастыру науқандарын жүргізу де партияның ең сенімді көмекшісі ретінде де, комсомол ұйымдары республика көлемінде үгіт-насихат жұмысын жүргізуге жаппай қатыстырылды. Жастардың осындай белсенді жұмысы жоғарыда айтылған 1929-1930 жылдары өлкелік комсомол комитеті ұйымдастырған «500»-діктер жорығының негізінде жүргізілді. Мұнда бес жүз белсенді комсомолдар ауыл мен селоларға аттанды. Осындай белсенділердің бірі Павлодар облысының Цюрипинск ауданының комсомолдары болды. Мұнда жорық 1929 жылы 22 қаңтарда басталды. Округтың комсомол комитетінен 5 адам, ал аудандық комсомол комитетінен 15 адам жіберілді. Осы «500-діктер» жорығы мүшелері барған жерлерінде «сұрақ-жауап» кешін өткізді. Жорыққа қатысушылардың басты

міндеті колхоздарды ұйымдастыру мен астық дайындау науқанын өткізу болды. Бұл науқанды өткізу үшін 16 бригада құрылып, 31660 пұт астық жиналды, 53 жүк арба жөнелтілді.³⁹⁴

Өлкелік комсомол комитеті аталған екпінді бригадаларды жасақтау барысында оның қатарын комсомол белсенділерімен нығайтып отырды. Тек 1930 жылдың өзінде ғана қалалық белсенділердің 3140 адамы қосымша жіберілді. Келген комсомолдар 284 бригада ұйымдастырып, 9625 әр түрлі ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндейді.³⁹⁵ Осы жылдары комсомолдар ауылда жаппай үгіт-насихат жұмыстарына қатыстырылды. Үгіт бригадалары құрылып, олар егіс даласында, мал қыстақтарында, еңбекшілер арасында газет оқуды ұйымдастырды. Өлкекомның жаппай ұжымдастыруды іс жүзіне асыру қаулысын орындауға Петропавл, Қостанай округтарындағы комсомол ұйымдары 2 жыл бойы ат салысты. Олар 1929 жылы ауылдар мен деревняларға «500-діктердің» жорығын ұйымдастырып, оған 2593 адам жіберген. Екі айға созылған жорық кезінде 163 колхоз құрылып, оның 6-уы комсомолдардың тікелей қатысуымен ұйымдастырылады. Бұл жұмысқа 3622 адам тартылды.³⁹⁶

Комсомол жастардың осындай белсенділіктері тек өткінші ғана нәтиже берді. Ф.Голощекин белгілеген «кіші Қазан» бағытын іске асыру кезеңінде комсомолдар арасында партияның жүргізген саяси жұмыстарының нәтижесі белгілі бір мақсатқа сай өткізілген осындай қауырт науқандар шеңберінде ғана көрінді. Бұл туралы «Жасасын лениншіл комсомол!», «Жасасын жолдас Голощекин!»- деп орындарынан қол соғып тұрып тындаған 1930 жылғы 12 қарашада өткен Бүкілодақтық БЛКЖО-ның VI конференциясында сөз болды. Алайда бұл жылдары комсомол ұйымдары арасында жүргізілген саяси жұмыстардың нәтижелері мардымсыз болды. Ол туралы БЛКЖО-ның өлкелік комитетінің II пленумында айтылып, республика жастары мен комсомолдарының кейбір жігінің пролетариатқа қарсы топтардың ықпалына ергендігі «дәлелді фактілер» негізінде көрсетілді. Ком-

сомолдар мен жастар арасындағы идеологиялық жұмыс тәжірибелерін үйрету нашар жүргізіліп, идеологиялық майдандағы күреске жеткілікті мән берілмеген деген қорытынды жасалды.³⁹⁷ Оның себебі, біріншіден, бұл ұйымның жасанды идеологияға сүйеніп, өзінің тарихи міндетін атқару барысында қате жол таңдауы. Екіншіден, ұйым мүшелерінің көбінің сауатсыздығы мен саяси саналарының төмендігі. Үшіншіден, ауылдағы қазақ жастарының арасындағы саяси жұмыстың дәрежесі әдіспен, қорқытып-үркіту арқылы жүргізілуінен еді.

Ауылдағы кезекті партиялық-көпшілік жұмыстың міндеттерінде көрсетілгендей, 1930 жылы партия және комсомол қатарындағы сауатсыздықты жаппай жою іс жүзіне асырылуға тиіс болатын. Осы шараны іске асыру мақсатында өлкелік партия комитетінің нұсқауы негізінде ауылға мәдени жорықтар ұйымдастырылды. Ұйымдастырылған бұл бастаманы іске асыру республиканың барлық өңірінде ойлағандай болмай шықты. Ауылдағы партиялық басшылықтың әдіс-тәсілдері қаладан өзгеріссіз көшіріліп, ол ауылдағы тұрмысқа сай жүргізілмеді. Бұл бағытта ауылдағы көпшілік жұмыстар көбінесе әміршіл-әкімшіл басқарумен алмастырылып, кері әсер етті.³⁹⁸ Комсомолдардың көбі сол күйінде сауатсыз қалпында қалды. Ауылдағы комсомолдардың осындай бастауыш ұялары қызметінің төрт аяғынан бірдей тұралауы, жұмыстарының қанағаттанарлықсыз болуы республика көлеміндегі жалпы құбылыс болды.

Мұны комсомолдар мен жастар арасында идеологиялық жұмыс тәжірибелерін үйрету нашар жүргізіліп, идеологиялық майдандағы күреске жеткілікті мән берілмегендігінен көрді.³⁹⁹ Және осы кемшіліктің салдарынан ауыл комсомолы байларды тәркілеу науқанында да өздерін «лайықты» жағынан көрсете алмауына әкелді деген баға берілді. Мұндай кемшіліктер ретінде мынадай оқиғалар аталып сыналды. Ақтөбе ауданынан комсомол Дарбаев бай Жұбаевты тәркілегенде өкіріп жылап оны қолдаған фактілерді идеологиялық азғындаушылықтан туған әрекетке балаған.⁴⁰⁰

Осы жастар мен комсомолдар арасында жүргізілген

саяси жұмыстардың нәтижесінің қаншалықты «тиімді» болғанын, сол кездегі көпшіліктің, оның ішінде, жастардың өз пікірлерінен аңғаруға болады. Мысалы, Атбасар станциясындағы №11 мектептің бір топ оқушы жастары, мектеп жиналысында астық дайындау барысындағы Кеңес өкіметінің кейбір әрекеттерін зорлық көрсету деп айыптаса, Ақтөбе губерниясындағы жеті жылдық Ақбұлақ мектебінің бір оқушысы мектеп журналына Кеңес өкіметінің шаруаларға жасап отырған қысастығына қарсы өлең шығарып соны жазған: (Бұл өлеңнің мұрағаттағы түп нұсқасы орыс тілінде жазылғандықтан, сол қалпында беріліп отыр.)

«Эх, свобода, ты свобода
До чего ты довела.
Что последнюю корову,
Со двора ты увела.
И последний пуд муки,
Ты взяла у крестьян,
Голодать заставила.
Пусть крестьяне плачут, и рыдают,
За это их в тюрьму всех сажают.
И если крестьянин станет
Протестовать, то его заставляют молчать,
И под конвоем держат.
Вот и десятилетие Октября,
Прошло и крестьянское добро все в прорву пошло.
Тут крестьяне плачут и рыдают,
Да зачем же хлеб у нас отбирают?
Эх, свобода, ты свобода,
До чего ты довела
Что последний хлеб. У крестьян ты забрала!»⁴⁰¹

Өлеңде Кеңес өкіметінің шаруаларға жасап отырған зорлық-зомбылық әрекеттері сыналған. Бұдан және басқа да осы мазмұндас мысалдардан біз партияның жүргізген саясатының екіжүзділігін, сайқалдығын аңғарамыз. Мұндай жағдайда көбінесе жастар арасындағы жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижелері өмірде басқаша реңк алып, еңбекші халықтың мүддесіне қайшы келіп жатты. Шынайы өмірде комсомолдар арасында жүргізілген бірақ нәтижесі пайдасыз болған саяси

жұмыстар қазақ жастарының санасын улап, жоққа сендіріп, сенімін адастырып, шатастырғаннан басқа береке бермеді. Олардың еркіндіктеріне тұсау салып, партиядан аса алмайтын дәрменсіздерді тәрбиеледі.

Партия тарапынан осындай саяси тәрбие алған әлеуметтік топтың келесі бірі қазақ әйелдері болды. Жетпіс төрт жыл бойы кеңес мемлекеті әйел мен еркектің тең құқығы сақталып отырған, дүниедегі бірден-бір ел екенін өзінше мақтанышпен санамызға сіңіріп келген еді. Біз қазірде әйел мен еркектің теңдігі деп аталатын өрескел қалып арқылы әйелді үй мен түзге бірдей жегіп, біржола титықтатар жұмыс күшіне айналдырған лениндік саясаттың ащы жемісін татып отырғанымыз шындық.⁴⁰² Осы жауыр болған, көбінесе пайдасынан зияны асып түскен, «әйел мен еркектің құқығы тең» деген мақтаныштан гөрі әр жыныстың өз орнына лайық тәрбиесі ғана әйелдің табиғи өрісін ашатындығына мән берілмей келеді. Әйел-әйел болып, еркек-еркек болып дүниеге келгеннен кейін-ақ, оларды жасанды түрде теңестіру мүмкін емес екендігі ескерілмеуде. Ал адамзат баласы ретінде олардың теңдігі 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Адам праволарының декларациясында» жазылғандай, барлық адам жынысына, ұлтына, жаратылысына қарамай тең болатындығын жарияланудың өзі де жеткілікті еді.⁴⁰³

Ал жаңа қоғамды өмірге әкелген Кеңестер өкіметі әйелді еркекпен теңестіргенде өзінше мақсат көздеді. Онысын іске асыру Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы жүргізген жұмыстарынан-ақ көріне бастады. Кеңес өкіметінің әйелдерге сай жүргізген саясатының негізінде сол жылдардан бастап қазақ әйелдері орыстық үлгімен тәрбиелене бастады. Ондай тәрбие әйелдерді өздерінің жаратылысына тән көптеген қасиеттерден айырып, «жұмыс аты» секілді кейіпке түсірді. Сол кезде үлкен жетістік деп бағаланған ол пікір күні-бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сол кезде шаруа әйелдерін белсенді жаңа қоғам өміріне, әсіресе, ауылдың жаңа өміріне тарту мәселесі де Қазақстан партия ұйымының қызметінен маңызды орын алды. Әйелдер ауылдық жерлердегі халықтың жай

ғана тең жартысы емес, бұрын теңсіздік күй кешкен, ал келешекте социалистік құрылыста маңызды орыны бар бұқараның бір бөлігі деп саналды. Осыны ескерген РК(б) П Орталық Комитетінің (1925ж.) пленумы өз шешімінде: «Кеңес Одағындағы барлық ұлттардың шаруа әйелдерін Кеңес өкіметі мен партия жағына қаратып алу арқылы біз деревнядағы кулак пен ауылдағы бай элементтерді пролетариат диктатурасына қарсы құрал етіп, пайдаланып жүрген кертартпалық пен мешеулікке мейілінше батыл соққы береміз»-деген бағыт ұстанды.⁴⁰⁴

Әйелдерді ескі тұрмыстан жаңа өмірге көшіруді міндет етіп қойған партия олардың социалистік құрылысқа барлық жерде жаппай белсене қатысуына жағдай жасай бастады. Хат танымайтын қазақ әйелдерінің сауатын ашу игілікті іс болып көрінгенімен оның сол кезде Кеңестер өкіметі үшін маңызды жағы басым болды. Большевиктер жүргізген саясат ауылдағы халықтың оның бір бөлігі болып саналатын әйелдер арасында Кеңестер өкіметін қолдайтын көпшілікті тәрбиелеп шығаруға ерекше мән берді. Тілі, діні, ділі басқа қазақтарды ауылдағы социалистік құрылысқа тарту барысындағы кедергіні жоюдың бір тәсілі, ең алдымен олардың сауатын орыс ғарпімен ашып, соның негізінде большевиктік үгіт-насихат жұмыстарының тиімді жүргізілуіне ыңғайлы алғышарттар жасау болды. Мұндай қадамдар сол кезде тиісті нәтижесін де берді. Сауатын ашу барысында Кеңестік рухта тәрбие алған әйелдер қауымынан талай большевик-белсенділер шығып, олар ұрпақпен жалғасып келе жатқан ұлттық рухқа, қазақи болмысқа көлеңке түсірген кездері аз болмады. Бұл дегеніңіз «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деп аталған жаңа «интернационалист» ұлтты қалыптастырудың бастамасы болатын. Оның өзі республикадағы сауатсыздықты жою жұмысынан басталды. 1926 жылғы санақ бойынша, Қазақстандағы әйелдердің 11,8 пайызы сауатты болды, ал, оның ішінде қазақ әйелдерінің арасындағы сауаттылары 5,6 пайыз еді.⁴⁰⁵

Сауатсыздықты жоюға ерекше мән берген Өлкеком 1925 жылы жазда болыстық әйелдер қызыл отауы туралы Ережені қабылдады. Қызыл отауға қазақ әйелдері

арасында сауатсыздықты жойып, саяси-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, құқықтық және праволық-дәрігерлік білімдерді насихаттау, әйелдерді кооперативке тарту ісі тапсырылды. Қызыл отау советіне, әдетте партияның жергілікті ұясының өкілі енгізілді.⁴⁰⁶ Осымен бірге әйелдер арасында жұмыс жүргізудің жаңа түрлері де игеріліп жатты. 1926 жылға дейін «Қызыл отаулар» болмаған жерлерде ашылған әйелдер курстары арқылы көптеген әйелдер әр түрлі мамандыққа даярланды. Мысалы, «Әйел теңдігі» курсы 1200 әйелді қамтыды, 4919-делегат әйелдер, кеңес ұйымдарындағы әйелдер 9600 адам, кәсіподақтарда 25425, оның 1990 қазақ әйелдері болды. «Қосшы» одағына-17493 әйел қамтылды.⁴⁰⁷ 1927 жылдың аяғында «Сауатсыздық жойылсын» атты ерікті ұйымдардың саны 2,5 мыңға жетті.⁴⁰⁸

1929 жылы екі округты қоспағанда Қазақстан бойынша 69 «Қызыл отау» болған. Ал 1930 жылы осы округтар бойынша олардың саны 74-ке жеткен.⁴⁰⁹ Сөйтіп, қызыл отаулар қазақ әйелдері арасында жүргізілетін қоғамдық-саяси жұмыстардың ең тиімді орталықтарына айналды. Осы тұрақты қызыл отаулардан басқа бұл жылдары әйелдер мен жас сәбилерді қорғап кеңес беретін көшпелі отаулар да жұмыс істеген.⁴¹⁰

1925-29 жылдары өлкелік әйелдер бөлімі таза қазақ тілінде 12 атаудан тұратын кітапшалар басып шығарды. Олар -»Ұйымдастырушы әйелдерге жадынама», «Қалың мал жойылған күн», «8 наурыз», «Делегат жадынама-сы», «Әйелдер еңбегі», «Аналар мен сәбилерді қорғау», «Жәмилә өз сауатсыздығын қалай жойды», «Ақбота», «Қазан төңкерісі және еңбекші әйелдер», «Ислам және әйелдер», «Қызыл отау» деп аталады. Бұл кітапшалардың көлемі 25 баспа табақ жалпы саны 48000 данаға жетті. 1925 жылдан «Әйел теңдігі» қоғамдық-саяси әйелдер журналы жарық көрді.⁴¹¹ Республиканың партия мен үкіметі қазақ қыздарының оқу орындарына түсуіне жеңілдіктер белгіледі. Олар үшін арнайы оқу орындары және жоғары оқу орындарына дайындайтын курстар ашылды.

1928 жылы сәуірде БК(б)П Өлкекомының пленумы өтті. Пленум мәдени құрылыстың өзге мәселелерімен

қатар әйелдер білімін көтеруді айрықша атап өтті. Онда: «Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарда, сондай-ақ қышлақтарда қыздар үшін арнайы бастауыш мектептер ұйымдастырылсын»- деген нұсқау берілді.⁴¹²

1928 жылы Қазақстан коммунистік партиясы қазақтардың көшпелі тіршілігін ескере отырып, ауылдарда әйелдерге арналған арнайы көшпелі-мектептер ұйымдастырды. Бұл мектептерде тек жазу мен оқуға, есепке ғана үйретті. Осы жүргізілген шаралардың нәтижесінде 1932 жылы Қазақстанда бастауыш білім алған қыздар саны 42 пайызды құрады. Ал «Қызыл отаудың» бір бөлігінде кеңес беретін заң қызметкерлері құқық мәселелері бойынша әр түрлі көмектер көрсетті. Әйелдерге арналған 178 адамдық арнайы мектептер, 2 акушерлік техникум ашылды. Онда 127-і қазақ қызы оқыды.⁴¹³ 1931 жылы Қазақстанның 42 техникумы мен жұмысшы факультеттерінде 1923 әйел білім алды, яғни бұл студенттердің жалпы санының 29,7 пайызын құрады. Дәрігерлік техникумдарда әйелдер 87,4 пайыз, мұғалімдер даярлайтын техникумдарда-31 пайыз болды.⁴¹⁴ Осылай жүргізілген жұмыс нәтижесінде Қазақстанда 1925/26 жылдары-39376 адам, 1926/27 жылдары-43514 адам, 1927/28 жылдары-72 мың адам, 1928/29 жылдары. 140 мың адам өздерінің сауатсыздықтарын жойды деген мәлімет бар.⁴¹⁵

Республика бойынша бұл бастама қолдау таппады. Өйткені осы жүргізілген жұмыстарда саясатпен астарлас жасандылық басым болды.

Ауылдағы қазақ әйелдерінің арасында жүргізілген бұл саяси жұмыстар көбінесе жергілікті халық мүддесіне сай келе бермеді. Сол себептен де партия тарапынан жүргізілген саяси тәрбие жұмыстары көп жағдайда ойдағыдай нәтиже бермеді. Жүргізілген бұл тәрбие түрлеріне қазақ әйелдері жатсына қарады. Өйткені тарихи қалыптасқан сананы бірден өзгерту оңай болмады. Мысалы, әйелдер арасында байлардың тәркіленуіне жаны ашып, жылап-сықтаған мүсіркеушілік сезімдер жиі кездесті. Ондай жағдайлар тек батырақтар мен кедейлердің әйелдері арасында ғана емес, жалпылама әйелдерге тән құбылыс болып, Қазақстанның өзге де

округтарында орын алған.⁴¹⁶ Бұл оқиғалар осы бағытта жүргізілген жұмыстардың кемшіліктері немесе Кеңес өкіметіне қарсы пиғылдағылардың ісі деп бағаланды. Билік жүргізушілер тарапынан адамдардың жан-дүниесі, адамгершілік қасиеттері есепке алынбады.

1922 жылы 2 қаңтарда шыққан Қазақстан үкіметінің қалың мал мен көп әйел алушылыққа тиым салған декретінен соң-ақ әйел алу барысында қалың малдың мөлшері азая бастады.⁴¹⁷ Ал БК(б)П Қазөлкекомның хатшылығы 1928 жылы 3 шілдедегі бұйрығымен «Қалың мал мен көп әйел алушылық жойылсын» деген Қазақ Өлкелік қоғамының Жарғысын бекітті.⁴¹⁸ 1928 жылдың ақпанында БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің «Жергілікті халықтардың әйелдері мен шығыс әйелдері арасындағы діни жұмыс туралы»-⁴¹⁹ деген қаулысы жарық көрді. Қаулыда көрсетілгендей ауылдар мен қышылақтарда дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарының тиімділігін қадағалайтын арнайы комиссия құрылды. Дінге сенушілер арасында лекция оқытылып, үйірмелер ұйымдастыру көзделді. Ал келесі 1929 жылы паранжа мен шапанға қарсы жаппай күрес жүргізілді. Осы жұмыс барысында Шымкент қаласындағы екі өзбек ауданында 600 паранжа шешілді. Кеңестердің VII Бүкілқазақтық съезі (1929ж.) осы мәселені реттейтін заң керектігі туралы шешім шығарды. Науқан барысында әйелдерді әр түрлі еңбекке, артельдерге, кеңес қызметіне тарту арқылы оларды ерлеріне материалдық жағынан тәуелді етпеу жағы көзделді. Өкінішке орай Қазақстан бойынша осы мақсатпен жоспарланған 547 әйелдің бар жоғы 27-сі ғана еңбекке тартылды.⁴²⁰

БК(б)П Өлкекомның қаулысын алысымен Сырдария округында 1929 жылы 16 қаңтарда 11 адамнан тұратын комиссия құрылды. Олар комсомол мүшелерін паранжаға қарсы шешуші күреске және бостандыққа, еркіндікке жетуді міндеттеген және күндіктен босатуға шақырған үндеу қабылдап, аудандық партия комитеттеріне таратқан. Жоспар бойынша 289 жиналыс өткізіліп, оған 15882 адам қатысқан. Жиналыстар, ең алдымен, коммунистер мен комсомолдардың әйелдерінің, содан кейін батырақтар

мен кедейлердің әйелдерінің арасында өткізілді. Жиналыстарда олардың арасында мәдени-экономикалық қызмет көрсету туралы мәселелер де сөз болды. Паранжаларды шешу коммунистер мен комсомолдардың отбасыларынан басталды. Сондай-ақ, паранжа шешу осылай әр жерде стихиялы түрде жалғасын тауып жатты. Әйелдердің клубтарға, мектептерге, әйелдер бөлімдеріне келіп паранжаларын шешіп тапсыруы жиіледі.⁴²¹ деген мәліметтер көбіне шындыққа жанаспады. Паранжа мен күресте Кеңес өкіметі аяусыз қатыгездік көрсетіп күш қолданды. Осы «жұмыстардың» нәтижесінде округ бойынша 13276 немесе 41 пайыз әйелдер паранжаларын шешті. Олардың 564-і не 64 пайызы коммунистер отбасы да 353-і комсомолдар, қалғаны кәсіподақ, қосшы одақтарының, кедейлер мен батырақтар отбасыларының мүшелері болды.⁴²²

Кейбір қазақ аудандарында «көп әйел алушылықпен қалың мал алу жойылсын» атты «Ерікті» қоғам құрылды.⁴²³ Ақтөбе, Жетісу, Сырдария, Қостанай округтарында әйелдермен жұмыс жүргізу үшін кеңесші әйелдер курстары, «Қалың мал және көп әйел алушылық жойылсын» қоғамдары ұйымдастырылды. Олар өлкелік комитеттің «Көп әйел және қалың мал алушылықпен күрес» туралы шешімінің орындалу барысын тексеріп отырды. Паранжаны шешу туралы жаппай жұмыстар жүргізді.⁴²⁴

Алайда олар бұл жұмыста өздерін толық көрсете алмады. Осындай көп әйел алушылықпен күрес ұялары қалада ағарту орындарының жанынан да құрылды. Жалпы бұл паранжамен жүргізілген күрес Қазақстанның оңтүстік округтарында үлкен қиындықпен жүргізілді.

Әйелдер арасында саяси жұмыстарды партия, негізінен, қызыл отаулар мен делегаттар жиналыстары арқылы жүзеге асырды. Осы аталған ұйымдардың белсенділігімен әйелдерді колхозға тарататын және балалар мекемелерін ұйымдастыратын комиссиялар құрды. Делегат әйелдер жұмысқа орналастырумен, еңбекші әйелдердің тұрғын-үй, тұрмыс жағдайларын реттеумен, олардың арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу-

мен айналысты. 1932 жылы республикада 2090 балалар бақшасы, 248 әйелдер мен балалар емдейтін орындар, 19 балалар үйлері, 48 балалар асханалары жұмыс істеді. Бұл істерді ұйымдастыруда делегат әйелдердің еңбектері айтарлықтай болды.⁴²⁵

Жаппай ұжымдастыру кезеңінде ауыл шаруашылығына әйелдерді тартуда кеңес мүшелері-әйелдер, депутаттық топтар, әйелдер секторларының қызметкерлері белсенділік көрсетті. Тек Аякөз ауданы бойынша 1932 жылдың 9 айы ішінде делегат әйелдер колхоздарға 1790 әйелді тартқан. Ол осы аудан бойынша жалпы колхозшылардың 32,64 пайызын құрады. Бұдан біз сол кездің өзінде-ақ қазақ әйелдері еркектер істейтін ауыр жұмыстарға жаппай тартылғанын көреміз.⁴²⁶

Делегат әйелдердің жиналысы және қызыл отаулар әйелдер арасында жұмыс жүргізудің негізгі формаларына айналды. Делегаттар жиналысын қайта сайлауға байланысты және ол жөніндегі арнайы толық мәліметтің болмауына қарамастан Республиканың барлық аудандарындағы делегаттар жиналыстары мен делегат әйелдердің санының өскендігі туралы деректер төмендегідей. 1926/27 жылдары қазақ делегат әйелдері 4642 болса, 1930/31 жылдары 109 аудан бойынша 2029 делегаттар жиналыстары өткізіліп, оған 45870 әйел қатысқан. Осы 109 аудан бойынша 1930/31 жылдардағы қазақ делегат әйелдерінің саны -18507 де, ал 55 аудан бойынша 1931/32 жылдары -20100 қазақ әйелдері болған.⁴²⁷

Әйелдерді мәдени-саяси тәрбиелеуде партия делегаттар жиналысымен бірге өзге де жұмыс формаларын қолданды. 30-жылдары әйелдер арасындағы саяси жұмыстар өзге де әр түрлі жолдармен жүргізілді. Солардың ішінде, әсіресе, бұрыннан қалыптасып қалған делегаттар жиналысының, әйелдер клубының, қызыл отаулардың рольдері айтарлықтай болды.⁴²⁸ Партия ұйымдары әйелдерді өз қатарларына тартуға ерекше мән беріп, оны күн тәртібінен түсірмеді. Егер 1922 жылы партия ұйымдарының құрамында барлығы 1097 әйел боса, 1926 жылы олардың саны 2093-ке, ал 1930 жылы 4089 әйелге жетті.⁴²⁹ Ал осы 1929 жылғы мәлімет бойынша, партия қатарына алынған әйелдер кәсіптік мамандығы

бойынша былай бөлінеді: жұмысшы мен батырақ әйелдер-37,5 пайыз, олардың ішінде батырақтары-15,4 пайыз, шаруа әйелдер-46,7 пайыз, олардың ішіндегі колхозшылары-5,0 пайыз, қызметкерлер және басқалар-15,8 пайыз, қазақ әйелдері-41,3 пайыз, әріп танымайтын сауатсыздар-19,7 пайыз. Барлығы 259 әйел немесе жалпы әйелдер санына шаққанда 10 пайызды құрады.⁴³⁰

1931 жылы 1 шілдеде Қазақстанда 8871 коммунист-әйел болды. Олардың 3543 қазақ әйелдері еді. Ал осыдан 11 жыл бұрын бірде-бір коммунист қазақ әйелі болмаған еді.⁴³¹ Еңбекші әйелдерді социалистік құрылысқа тартуда бұл жылдары белгілі табыстарға қол жеткізілді дегенмен, ол ойдағыдай болмады.

Әйелдерді басшы қызметтерге көтеру іс жүзінде тұрақты түрде жоспарлы жүргізілгені Орталық Комитеттің 1928 жылғы арнаулы нұсқауынан кейін басталды. Осы уақыт ішінде Өлкеком мен 11 округтың комитеттеріне жауапты қызметке барлығы 104 әйел тартылып, қызметі өсірілді. 85 өлкелік, округтық, қалалық және аудандық дәрежедегі қызметтерге жіберілді. Олар ұлтына қарай былай бөлінеді: қазақ әйелдері-45, еуропалықтар-55, татарлар-47. Әлеуметтік жағдайына қарай олардың жұмысшы әйелдері-14, шаруа әйелдері-37, батырақ әйелдер-3, қызметкерлер-41, қолөнерші әйел-1, үй шаруашылығындағылар-87. Осы 104 әйелдің бірнешеуі өлкелік дәрежедегі қызметке, 1-әйел халық комиссары, қалғаны әр түрлі комиссариаттың коллегия мүшелері және өлкелік кооперациялық орталықтарына қызметке жоғарлатылды.⁴³²

Әйелдер арасынан олардың белсенді тобын даярлау мақсатында өлкелік партия комитеті арнайы қаулылар қабылдады. Сол қаулылардың бірінде БК(б)П Орталық Комитетінің 1928 жылғы 23 шілдедегі «Қазақстанда әйелдерді басшы қызметтерге тарту туралы» шешімін орындау барысында 1928 жылы 10 қазанда әйелдерді өлкелік басшы қызметтерге тарту тізімі бекітілді. 1929 жылы май айында IV әйел қызметкердің өлкелік кеңесі болып, онда әйелдердің белсенді тобын тәрбиелеу мәселесі қаралды. Жүргізілген жұмыс барысында аудандық, округтық және өлкелік аппараттарға, басшылық қызметтерге

200-ден астам белсенді деп танылған әйелдер жоғарлатылды.⁴³³ Мысалы, VII шақырылған ҚазОАК-тің 221 мүшесі мен мүшелікке кандидаттарының ішінде 29 әйел болып, яғни 13,7 пайызды құрады. Ал ҚазОАК төралқасының 21 мүшесінің 3-уі әйел, яғни-14,3 пайызын құрады. VIII шақырылған ҚазОАК-құрамындағы 278 мүшесінің 48, яғни 17,2 пайызы әйел болды. Ал төралқа құрамындағы 36 мүше мен мүшелікке кандидаттардың - 3-уі 8,3 пайызы әйелдер болды.⁴³⁴ Бұлар Қазақстанның барлық округтарындағы жұмысшы және шаруа әйелдер бөлімдерімен кездесіп, кеңестер өткізді. Онда округтарда әйелдермен жұмыстың баяу жүргізілгендігі анықталды.

Қазақстандағы «кіші Қазан» бағыты жүргізілген жылдардағы комсомолдар мен әйелдер арасындағы саяси тәрбие жұмысының негізгі мақсаты жаңа социалистік құрылысты өмірге әкелген Кеңестер өкіметін дәріптеп қалайда оларға мойындату еді. Бұл міндет Кеңестер өкіметінің жан-жақты күш қолданған тегеуірінді саяси, іс-әрекетінің барысында жүзеге асырылды. Оның нәтижесін кейінгі ұрпақтың қоғамдағы іс-әрекетінен, кеңестік идеология улаған сана-сезімдері мен ұлттық психологиясына түскен рухани ақаулардан көріп отырмыз. Жалпы бұл екі әлеуметтік топ арасында жүргізілген 20-30 жылдардағы саяси жұмыстардың олар үшін пайдасынан зияны басымырақ болды. Солардың бірі жалған идеология ойлап тауып жүзеге асырған саяси тәрбие барысындағы ұлттық келбетті айқындайтын факторлардың жойылып, оның ассимиляцияға ұшырауы еді. Ал сол саяси тәрбие алғандардың ұрпақтарының көбі бүгінде ұлттық мұраттарды, рухани-имандылықты, тілді қолдай алмай дәрменсіздік танытып отыр. Ал әйелдер болса өздерінің ұлттық келбетін қалыптастыратын қазақи тәрбиесінен ажырап қалды.

8.4. Тоталитарлық жүйенің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы. Оппозицияны саяси «ауытқушылыққа» айыптау науқандары. Бұқара және оның саяси құқығы

1925 жылы қазақ өлкелік партия комитетіне жауапты хатшылық қызметке келіп, билік тізгіні қолына тиген

Ф.И.Голощекиннің ойы, ниеті, ұстанған саясаты бірден жергілікті халықтың арман-мақсатына, тыныс-тіршілігіне қарама-қарсы бағытталды.

Діні, тілі, ділі басқа, жаратылысы өзге, жат пиғылмен келген ол қазақтардың жағдайымен, тұрмыс ерекшелігімен санасып жатпады, келген бетте қазақтың өмір тіршілігін әбден білетін адамдай іске құлшына кірісті. Бұл кеудемсоқ әрекеттен қазақ халқы өлшеусіз жапа шеккені мәлім. Осының зардабынан қазақ жұрты, кезінде Бұқар жырау көрегендікпен айтып кеткендей,

«Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса, үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер»

- деген күйді кешті.⁴³⁵

Жалпы, тарих тағылымына зерделеп үңілсек, ХХ ғасырдың басында большевиктер өмірге әкелген әміршіл-әкімшіл жүйенің жалған идеологиясы қай халықтың да салт-санасын сан-соқпаққа бұрып, жан дүниесін лайлап, оларды еркінен тыс билеп, бір қалыпқа салып, баққанын көреміз. Осынау жәдігөй саясаттың, әсіресе, қазақ халқына тигізген зардабы ауыр болғанын айту ләзім. Бұл саясат тіпті жергілікті халықты қалай өмір сүру керек екендігіне үйретуге кірісті. «Партия ұйымдары большевиктенбеген екен», «Октябрь революциясы қазақ даласын жанап қана өтіпті», деген негізсіз жалған түсініктермен ойдан шығарылған қисынсыз көзқарастарды қағидаға айналдырды. Сөйтіп, өмір шындығы Голощекиннің қалауынша өзгертіліп, оңды-солды бұрмаланды, қазақи ойдың тұнығы лайланды. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты аяусыз талқандалды. Алайда халқымыз аярлықтың ауанына жығылып, жуас қойдай жүндеуге үнсіз көне берді десек, мұнымыз тарихқа қиянат болар еді. Халық қамкөңіл болып, қасірет шеккен бұл жылдары өз ұлтының асыл арманын, тілек-мұратын білдіруші және ақыры оның жолында зорлықшыл режимнің нақақ құрбанына айналған, ұлтжанды азаматтары өмір сүрген. Олар: Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Жалау Мыңбайұлы,

Нығымет Нұрмақұлы, Ыдырыс Мұстамбайұлы, Жағыпар Сұлтанбекұлы, Әзімбай Лекерұлы және басқа да осы секілді азаматтары болған. Аталған бұл жайсаңдардың әрқайсысы қайталанбас, жеке-жеке шоқтығы биік замана тұлғалары, қазақтың біртуар перзенттері екендіктерін өмірде өздері дәлелдеп өткен жандар екенін тарих мойындап отыр.

Сол кезеңдегі Орталықтың нұсқауымен басқарылатын Өлкелік партия комитетінің өз ішінде де үстемдік етуші билікке қарсы болған, онымен үнемі келісе бермеген Голощекин айыптайтын "шылдар"- дербес партиялық топтар болмаса да, бірнеше мемлекет қайраткерлері, жеке тұлғалар оппозиционерлер атанды. Олар империялық пиғылдағы, ұлттық мүддені соңғы қатарға қоюға әдеттенген Орталықтың саясатына мүмкін болғанша қарсылық көрсетіп бақты.

Адам тағдыры тәлкекке түскен жылдары басқалардың жүрегі дауаламағанда, шындықты жасырмай айтқан, ұлты үшін өз өмірін өлімге тіккен, «малым-жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы»- деген, ақиқаттан аттамай орталықтың өктем саясатына қарсы пікір айттып, туған халқының болашағы үшін заманның қатал қысымынан қаймықпай, балама жол ұсынғандар еді. Әккі отаршы Голощекин өзінің ойын жүзеге асыруға кедергі болатынын біліп, қазақтың маңдай алды оқыған сол азаматтарын Коммунистік партияның сара жолына, социализмге, яғни халық мүддесіне қарсы шығушылар ретінде айыптап, «ұлтшыл», «топшыл», «ауытқушы-уклонист» және т.б. осы сияқты сан-саққа жүгіртіп, түрлі айдар тағып, ақыры «халық жауларына» айналдырды.

Ұлт мүддесі үшін күрескен бұл қайраткерлерді ешбір қатысы жоқ троцкишіл-зиновьевшіл топтың сыбайластары ретінде айыптау зымияндықпен қасақана жасалған, оларды партия қатарынан аластау үшін жабылған жала болып табылды.

1926 жылғы шілде және қазан айларында өткен БК(б)П Орталық Бақылау комиссиясы мен Орталық Комитеттің біріккен пленумдарында троцкийшілер мен зиновьевшілерді партияның сара жолына қарсы шықты

деп айыптайды. Осы біріккен пленумының шешімдері ілешала Өлкелік партия ұйымдарында, партия конференцияларында, жиналыстарда талқыланып, өз іштерінен мұндағылар да осы троцкий-зиновьевшіл топтармен “ауыз жаласқан” сыбайластарды тауып, әшкерелеп жатты. Бұл істе белсенділік көрсеткендердің бірі-Семей қалалық партия жиналысы. Оппозиционерлерді жазалаған Орталық Комитет пен БК(б)П Орталық Бақылау комиссиясының өткізген аталмыш пленумын «партия еркіне сай әрекет еттің» деп дәріптесе,⁴³⁶ Қызылорда партия активі өз шешімінде “партияның алған бағытының дұрыстығына қанағаттанарлық сезімдерін білдірді”⁴³⁷ Ал Шымкент БК(б)П қалалық комитетінің IV пленумы «оппозицияның мемлекеттегі бұрмалаушылық мәнін әшкереледі».⁴³⁸ VIII Жетісу губерниялық партия конференциясы қарарында, “ұлттық мәселе бойынша оппозиция кейбір ұлт-коммунистерін Орталық Комитетке қарсы айдап салуда, бірақ Қазақстан партия ұйымдары лениндік бағытынан ешбір айнымайды”,⁴³⁹ деп атап көрсетті. БК(б)П-ның XV съезінде троцкизмді идеялық талқандағаны туралы шешімді осылай Қазақстан партия ұйымдары да “бір кісідей мақұлдап”, 1928 жылы 5 қаңтардағы Өлкелік бақылау комиссиясының алқасы республикадағы троцкишілдердің сыбайластарын жоюдың міндеттері туралы қаулысын қабылдады.⁴⁴⁰

Қазақстандағы партияға қарсы топшыл сыбайластардың ісін қарау 1928 жылдың сәуір айының ортасына дейін созылды. 39 адам осы троцкишілдердің жақтастары делінген айдар тағылып партия қатарынан шығарылды.⁴⁴¹

Өлкелік бақылау комиссиясы С.Сәдуақасов, Ж.Сұлтанбеков, Ы.Мұстамбаевтардың ісін айрықша қарай келе, оларды ұлтшылдықпен ауырған зиянды топтың өкілдері дей келіп, “партияның сара жолына қарсы шыққан троцкистік оппозициямен ауыз жаласқаны белгілі болды”⁴⁴² деп дәлелсіз айыптады. Ауылдар мен қышлақтарда, тіпті белсенділер арасында да, “оңшыл” және “солшыл” топтар “табылып”, көбінесе, ол қолдан жасалып әшкерелене бастады. Осы орайда Коммунистік партияның лениндік саясатын қолдау мақсатында

жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында троцкишіл-зиновьевшіл топты әшкерелеген мақалалар көбейді. “Оңшыл” деп аталған топ мал шаруашылығы саласындағы қателіктерді, жергілікті жердегі басшылардың олқылығынан кеткен кемшілік деп емес, оны өлкелік партия комитетінің саясатымен байланыстырады. Бұл топтың өкілдері Қазақстан ауылдары үшін бірден социалистік жолға түсу қиындық туғызатынын, байлар қазір де сөз жүзінде айтылып жүргендей соншалықты мықты емес, сондықтан оларды тәркілеумен ғана шектелу қажет деген пікірді ұсынған. Бұл пікір өлкелік партия комитеті тарапынан байларды қорғап, Кеңес өкіметіне қарсы шығушылық ретінде бағаланды.

Ал байлардың ықпалындағы “солшылдар” ауылдардың бәрін бірден екі ай ішінде ұжымдастыруды және дінге қарсы күресудің сорақы әдісін ұсынған. Сөйтіп, бұларды да ауылды социалистік жолмен дамытуға кедергі жасаушылар, сонысымен “оңшылдарға” көмектесушілер деп қана білген. Бұл екі топ та партияның “сара жолынан” ауытқушылар болып есептелді. С.Сәдуақасовтың халық мүддесі үшін айтылған пікірлері Орталық Комитет тарапынан “оңшыл” көзқарасқа бағаланып, байлардың қамқоршысы ұлтшыл ағымның топ жетекшісі де, ал С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков және тағы басқалар оның жақтастары ретінде айыпталды. Кейбір мәселелер бойынша көзқарасының ортақтығынан Т.Рысқұлов та осы “оңшылдарға” телінген. Қазақстандағы “солшылдардың” жетекшісі ретінде С.Мендешев аталған да, ол топқа С.Сейфуллин, О.Жандосовтар кіргізілген. Ал сол кездегі ұлттық мүддені бұрмалаған ұлыорыстық ұлтшылдыққа салынушылық көбінесе кейбір басшы қызметкерлер тарапынан ғана, олардың әректтерінен, сөздерінен ғана анда-сонда байқалады деп бұған онша мән бермеуге, елемеуге тырысушылығы ондай қылықтарды құптағандығының белгісі болды. Қазақ өлкелік комитетінің сойылын соққан М.Қайыпназаров «Қазақстанға 10 жыл немесе БК(б)П қазақ ұйымы тарихының кейбір сәттері деген еңбегінде, V партия конференциясы (1925 ж) қарсаңында біздің өлкелік партия

ұйымының жағдайын большевиктік деп атауға мүлде келмейтін еді. Ұйымның қазақтарды құрайтын бөлігі негізінен 4 топқа бөлінген. Олардың бәрі бірдей ұлтшыл, тегіс зиянды болды⁴⁴³ - деп баға береді.

Бұл топтардың қолдан жасалғандығы, оның 4-уі де бірдей деген бағадан анық көрінеді. Егер олар бірдей болса, ол топтар жеке-жеке 4 топқа бөлінбей-ақ, Қайыпназаров жазғандай, олардың бәрі бірдей ұлтшыл, тегіс зиянды екені рас болса, онда олар бір топқа жатқызылған болар еді. Автор осы топшылдардың ішіндегі ең қауіптісі, байлар мен алашордашылар платформасына жақыны “Сәдуақасов тобы”⁴⁴⁴ деп атап көрсетеді. Өйткені С.Сәдуақасовтың өз ұлтының мүддесі жолындағы күресі дәйекті, әрі шынайы болғанын оның 20-жылдардың басынан-ақ, туған халқы үшін күреске бел байлағанын мына бір мысал дәлелдейді. Бір дерек көзінде өлкелік партия комитеті құрамында 1925 жылға дейін ұлт мәселесіне байланысты топтасқан үш түрлі ағым болды деп көрсетілген: 1-шісі ұлтшылдыққа әбден салынған «оңшыл» ауытқушы топ, оған Киробкомның үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары А.Кенжин, Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары Ж.Сәдуақасов, бұрынғы Жер істері Халкомы Дивеев, Қазақстанның Мәскеудегі өкілі М.Мырзағалиев және т.б. енгізілді. 2-ші «солшыл» ағымға Жер істері Халкомы Д.Темірәлиев, әйелдер бөлімінің меңгерушісі А.Оразбаева, Азық-түлік Халкомы М.Саматов, Әлеуметтік қамсыздандыру Халкомы Ә.Жангельдин және Ә.Әйтиев жатқызылды. 3-ші «орталық топ» деп аталғандардың көпшілігі республика басшылары болды. Олар ҚазОАК-тің төрағасы С.Мендешев, ХКК-нің төрағасы С.Сейфуллин, Халық ағарту Халкомы Н.Залиев, Жоғары сот төрағасы Н.Нұрмақовтар еді.⁴⁴⁵ Міне, осы аталған қайраткерлердің ішінде бірлі-жарымы, оның ішінде саяси көзқарасын өмірінің соңына дейін өзгертпеген С.Сәдуақасов қана болған, ол туралы алда айтылатын болады.

Ф.Голощекиннің қазақ азаматтарын «оңшыл», «солшыл» деп айыптауының арамза астарына көпшіліктің

көзін жеткізу мақсатымен, голощекиншілер құрастырған құжаттардан мұрағат қойнауында сақталған төмендегі тарихи деректерге жүгініп, тың мағлұматтарды сөйлету арқылы шындықтың беті ашылды. Негізгі шындықты жасырып, оны қасақана бұрмалаған сол кездегі Өлкелік партия комитетінің басшылары «қазақ ұлтшылдары революцияға қарсы болған троцкишілер, зиновьевшілер, бухариншілер сияқты жастар арасында іріткі жұмысын жүргізу мақсатымен өздерінің арнайы жасырын орталықтарын құрды»-деп айыптаған. Сол орталықтардың бірін олар V Өлкелік партия конференциясының алдында, тіпті одан сәл ертерек құрған. Оған халық жаулары-Қожанов, Рысқұлов, Нұрмақов, Сәдуақасов, Меңдешевтерге жазылған «Жастар хаты» дәлел деп, шімірікпестен жала жабады. Революцияға, оның жеңістеріне қарсы бағытталған бұл хат-құжатты сол қазақ ұлтшылдарының жасырын орталығы ойлап шығарғандығына ешбір күмән жоқ-деп өздерінше кесіп-пішеді.⁴⁴⁶ Осынау құжаттардағы жо-сықсыз жалаларды рет-ретімен жүйелеп айтар болсақ, мына төмендегідей болып шығар еді: олар (қазақ ұлтшылдары-Е.Қ.) Қазақстанда Коммунистік партия мен Кеңес өкіметінің өмір сүруі заңдылығына күмән келтірген, ұлтшыл-фашистер-Рысқұлов, Қожанов, Нұрмақов, Меңдешев, Сәдуақасов, Сейфуллиндер тыңшы-бүлікшілермен біріккен істерін жасыру мақсатымен өзара бір-біріне қарсы шыққансып, іс жүзінде екіжүзділік көрсетіп, партия мен Кеңес өкіметіне қарсы үнемі бірігіп бір майданда күресуде. Оның бір дәлелі 1924-25 жылдары Қожанов, Сәдуақасов және Меңдешев партия ұйымының басшылығына, әсіресе, партияның Орталық комитетінің бағытын дәйекті жүргізген Ежов жолдасқа қарсы бірігіп күрескен”-деп, жалғандыққа жол, сыныққа сылтау іздеген. Олар қорғап отырған Ежов болса, 1923 жылдың наурыз айында Қазақстанға, оның ішінде, Семей губерниялық комитетіне жіберілген Орталықтың өкілі болатын. Бастауыш кластың 9 айын ғана оқыған “білімі” бар Николай Иванович Ежов 1924 жылы маусым айында Қырғызобкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілігіне жоғарылатылған.⁴⁴⁷ Н.И. Ежов қызметі

барысында Қазақстанға оның тарапынан “шовинистік бағыттағы ұлтшыл-ауытқушылыққа жол беріліп, орны толмас залал келтірілді”⁴⁴⁸-деп жазады тарихшылар. Ол Қазақстандағы социалистік құрылысқа жат пиғылынан туындаған іс-әрекетімен осылай үлкен зиян келтірген.

Қазақстанға келісімен ол “топшылдыққа” қарсы күресті үдетіп, оның жергілікті ұлттық бөлігіндегі «Орталықтың саясатына қарсы шығушыларды» аластауды мақсат етті. Ол Кеңес өкіметіне, партияға адал қазақ коммунистерін бір-біріне айдап салып, араларына іріткі туғызуда әккілік танытты. Оларды топшылдыққа, жікшілдікке айыптап, шынайы интернационалдық ниеттерін бұрмалап көрсетуге әбден әуестеніп алды. Топшылдыққа айыпталып қудаланғандар қатарында С.Мендешов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, М.Мырзағалиев, Н.Нұрмақов, С.Шәріпов және т.б. болды. Осындай айыптаулар 1925 жылы әбден шегіне жетіп, бұл іспен Қазақстанда Орталық Комитеттің Тексеру Комиссиясы мен Өлкелік Тексеру комиссиясы айналысты. Ол И.В.Сталинге, В..М. Молотовқа, Л.М.Кагановичке жазған хаттарында «ұлттық кадрлардың-қазақ коммунистерінің бәрі ұлтшыл-ауытқушылыққа жол берген топшылдық, жікшілдік күреспен әбден шырмалған, бұл өңірде сау партиялық күш жоқ сондықтан оларға «оңшылына» да, «солшылына» да қарсы бірдей жаппай аяусыз күрес жүргізу идеясын көтеріп, сол отқа май құя түседі. Н.Ежовтың қазақ өлкесіндегі қызметі ондағы ұлттық партия саясатын бұрмалауға әкеліп, оған үлкен зиян келтірді. Ол жергілікті коммунистерге менсінбеушілікпен қарап, олардың творчестволық мүмкіншіліктеріне, іскерліктеріне сенімсіздік танытып, араларына жікшілдік отын тұтатып, бірін-біріне айдап салып отырды.

Мысалы, Сұлтанбеков Жағыпарға тағылған айып «Өлкелік комитеттің жер мәселесі туралы саясатымен келіспеген. Сондай-ақ, ұлт саясаты дұрыс жүргізілмейді дегендердің бірі. 1927 жылдың көктемінен бастап троцкишіл оппозиция арқылы Өлкелік партия комитетінің саясатын өзгертуге тырысқан. Ол Сәдуақасов бастаған оппозициялық топтың кеңесіне қатысып, оппозициялық

кітаптар оқитын көрінеді. Троцкишіл Сафаровпен байланыста болып партияның ұлт саясатын жүргізудегі бұрмалаушылыққа апаратын жөнінде материалдар беруге әрекеттенген» - ⁴⁴⁹ деп кінә таққан.

Осы ұлтшыл-фашистік жексұрындардан, әсіресе, Қазақстанның ауыл шаруашылығы зиян шекті. Өлкелік партия ұйымына аймақта жерге орналастырудың зиянды жағын, яғни жерге орналастырудың кезектілігін енгіздірмек болып тырысқандар деп «айыпталды». Оған «халық жаулары» Сәдуақасов, Қожанов, Рысқұлов және «солшыл» ұлтшыл-фашист Мендешевті жатқызып, 1926-28 жылдары шабындық және егістік жерлерді бөлуге қарсылық білдіріп, ауыздары көбіккенше қарсыласты. Жалпы, ауылдағы социалистік қайта құру шараларының барлығына қарсы болды деп айыптады.⁴⁵⁰

Фашистік жалданбалар-қазақтың буржуазиялық ұлтшылдары, троцкистік-бухариншіл жексұрындармен бірігіп, пролетариат диктатурасына, социалистік құрылысқа қарсы шығып, капитализмді қайта орнату жолында қандай да болмасын қылмыс істеуден, жауыздық жасаудан тайынбады. Олар 1929-1932 жылдары Қазақстандағы ұжымдастыру мен ұлт саясатындағы жіберілген бұрмалаушылық пен қателіктерді дұшпандық мақсатқа кеңінен пайдаланды. Осы ұлтшылдар революцияның нәтижелеріне қарсы ауылда азық-түлік тапшылығын туғызып, ауа көшуді ұйымдастырып, малды жаппай қырғызып, саналы түрде көптеген қазақтың шаруашылықтарын бүліншілікке ұшыратты. Қазақтың ұлтшылдары троцкистік-бухариншіл жексұрындармен ауыз жаласа отырып, шетелдік агенттердің әрекеттеріне сүйеніп, Қазақстанда индустрияландыруды жүргізуге кедергі жасап, біздің колхоздарды бүлдірді, сондай-ақ мәдени құрылыс ісіне зиянкестік жасап, жұмысшылар мен колхозшыларды Кеңес өкіметіне қарсы үгіттеді. Сөйтіп, елдің шаруашылық, саяси және әскери қуаттылығына зиян келтірді. Еңбекші халыққа барынша кектенген олар жұмысшыларды, стахановшыларды, колхозшыларды айуандықпен көзін жойып, теміржолда адам өліміне әкеп соққан түрлі апаттар ұйымдастырды.

Сондай-ақ, олар партия қызметкерлеріне және басқа да Кеңес өкіметіне адал берілген қызметкерлерге қастандықтар ұйымдастырды⁴⁵¹-деп халқымыздың озық ойлы перзенттеріне жалған, әрі ауыр айыптар тағып, олардың іс-әрекеттерін сан-саққа жүгіртті, сондарына «шам» алып түсті. Олардың халқына, ұлтына арнаған қызметтері, жанқиярлық еңбектері өрескел бұрмаланып, әр түрлі топшылдықтар ретінде бағаланды. Жұрт алдында жаманатты етіп көрсетілді. Осы жабылған айыптарға үңілер болсақ, олардың жалған жала екендігіне әртүрлі деректер арқылы тағы да көз жеткізіп отырмыз.

Жоғарыда аталғандардың ішіндегі тағдыры қым-қиғаш қайраткер-Ұлт істері Халық Комиссариатының әуелі коллегия мүшесі, кейін орынбасары болып сайланған Т.Рысқұлов қазақ жерін біртұтас етіп біріктіруді тездетуге ұмтылған, жерді пайдалану туралы реформа жүргізген, аштыққа қарсы күрескен азамат болған. Рысқұловтың ұлтжандылық ниеті сол кезде билік тарапынан ұлтшыл болып көрініп, оның Түркістанды-Түрік Совет республикасы етіп атауды ұсынған ұсынысы үшін оны ұлтшыл деп бағалап, пантюркист, панисламист етіп шығарады. Республикалық баспасөз беттерінде пікірталас тудырған, елдің әлеуметтік-экономикалық салаларына арналған әр мазмұндағы өткір мақалалары оны буржуазиялық жікшіл топтың ұйымдастырушысы ретінде айыптап, ауытқушы элемент ретінде бағалауға мұрындық болады. Мақалаларында Қазақстан халқының тәуелсіздік жолындағы күресіне талдау жасап, сол жолдағы ұлттық интеллигенцияның рөліне жан-жақты тоқталған.

Ал 1926 жылғы 19 сәуірдегі «Советская степь» газетінде жарияланған мақаласында Рысқұлов қазақ халқы отырықшылыққа белгіленген бір мерзімде емес, табиғи даму ыңғайына сай біртіндеп ауысуы қажет деген пікір білдіреді. Және қазақтардың өнеркәсіп дамуының жетістіктерін мал шаруашылығы мен егіншілік табыстарымен байланыстыра қарап, жергілікті индустрияның болашағы өндіру мен өңдеу салаларын кеңейтуде деп біледі. Ол БОАК-тің 1928 жылғы сессиясында байларды тәркілеу шарасын онша қолдай қоймады және

Голощекиннің “Қазақстандағы Ұлы Октябрь тәркілеу науқанынан басталды”⁴⁵²-деген тұрлаусыз тұлдыр мәлімдемесіне тойтарыс беруге тырысып бағады.

Осылай ұлт қамы жолында күрес жүргізген тарихи тұлғаға қисынсыз күйе жағудан туған «рысқұловшылдық», оның «жетекшісі» Рысқұловтың есімімен аталған болатын. Осы топты ойлап табушылардың дәлелдеуінше, рысқұловшылдық-Қазақстанда және Орталық Азияның басқа да республикаларында өзінің революцияға, партияға қарсы күресімен әйгілі ұлтшыл топ болған. Ол әуелде Түркістан кеңестік республикасында пайда болып, өз жақтастарын буржуазиялық және ұсақбуржуазиялық партиялардың бұрынғы таратылған мүшелері есебінен толықтырған. Бұл топтың негізгі саяси көзқарасы екі бағыттан тұрды: біріншіден, Қазақстан мен Орталық Азияда социалистік революцияның болу заңдылықтарын жоққа шығарды; екіншіден, империалистік шығысқа бет бұрып, панисламистер мен пантюркистердің реакциялық діни уағыздарына бас ұрып қабылдады. Сондықтан бұл топ өз күресін үнемі партия мен Кеңес өкіметіне қарсы бағыттап, егер Батыста коммунизм дәуірі тумаса, онда әзірше Шығыста да коммунизмнің орнауы мүмкін еместігін қалайда дәлелдеуге тырысып бақты. Бұл революцияны жоққа шығарған троцкистік «перманенттік» теорияның қайталанған өзгеше бір түрі деп бағаланды. Осыдан барып, рысқұловшылдардың есептеуінше, Қазақстан мен Орталық Азияның дамуындағы бірден-бір саяси жол-капиталистік даму жолы, барлық түрік халықтарын Түркияны бас етіп, бір дербес мемлекетке біріктіретін пантюркистік мемлекет құру еді. Дәл осы себептен бұл рысқұловшылдық революция жеңістеріне қарсы буржуазиялық ұйым, «Иттихат Ва Тараки», «Алаш-Орда» және революцияға қарсы татар мен башқұрт ұлтшыл жетекшілері Сұлтан-Ғалиев және Валидовтармен тығыз байланыста болды деп айып тағады.⁴⁵³ Тарихи деректер, шындығында, мұндай топ өмірде болмағанын дәлелдеп отыр. Бұл айыптаулардың төркіні Рысқұловтың Кеңес өкіметінің Түркістандағы жүргізген ұлт саясатының кемшіліктерін ашып көрсетуінен, онда

барлық ұлттарға тең қатынас орнату қажеттілігін талап етуінен туындаған мәселе еді. Ал оның бұл талабы сол кездегі большевиктік саясатқа қайшы келіп, айтыс туғызды.

Кейіннен Тұрар «рысқұловшылдық» жөнінде және оны ойлап табушы Голощекин жүргізген саясат пен “голощекиншілдіктің” зардаптары туралы айта келіп,» РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып қызмет еткеніме, міне, 7 жылдай уақыт болды. Осы жылдар ішінде Орталық комитеттің бағытына адал екенімді еңбегіммен дәлелдедім. Алайда әлі күнге дейін менің атым әртүрлі «шылдармен» бірге баспа беттерінде жүретініне таңым бар. Менің Ф.Голощекинмен ара-қатынасым ерекше болды. Қызмет барысында мен оны сынаған жағдайда ол дереу менің алдыма «рысқұловшылдықты» көлденең тартатын. Ал егер сынау болмаған жағдайда ара-қатынасымыз жақсарып, ол «рысқұловшылдық» туралы есіне де алмаушы еді. Бүгінде мені осылай айыптауға негіз жоқ, қателікке барып ұлтшылдықты жақтаған кезім бұрынғы Түркістанда 1920-22 жылдары Ташкентте қызметте болған уақыттағы өзбек ағайындардың арасында уақыт талабына сай болған, енді оны қайта қоздырудың қажеті жоқ деп білемін дей келіп, Қазақ өлкелік комитетінен оның жаңа басшысы өзіңізден, Л.И. Мирзоян жолдас, бұдан былай мені жөн-жосықсыз қаралауға жол бермеуіңізді өтінемін,- деп, 1933 жылы желтоқсан айында хат жазады.⁴⁵⁴ Бұл хаттың жазылуына «Казахстанская правда» газетінің 1933 жылғы 3 қазанындағы санында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімінің «ҚАССР-нің XIII жылдығына байланысты жазған мақаласындағы: «жат идеологияға тән қожановшылдықты, сәдуақасовшылдықты, рысқұловшылдықты, мендешевшілдікті партия ұйымы кейін ысырып тастады,»⁴⁵⁵ деген айыптауы түрткі болып «рысқұловшылдықтың» өмірде болмағанын осы аталған есімдерге «таңба» тағылып, бұрмалануы оларды тұқырту, айыптау үшін жасалған айла екенін тағы да ескерткен.

Сол секілді «сейфуллиншілдік» те өз жетекшісі

Сейфуллиннің атымен аталған нағыз ұлтшыл топ рысқұловшылдықтың бір түрі болып табылады. Бұл да басқа ұлтшыл топтар сияқты, ауылдағы тап күресін жоққа шығарады, өткендегі кертартпа көзқарастың бәрін дәріптейді, алашорданың реакциялық мәнін барынша өзгертіп, оларды қазақ халқының шынайы қамқоршылары ретінде көрсетті. Сейфуллиншілдік, әсіресе, идеологиялық майданда ықпалды күшке ие болып, халық ағарту, баспа, әдебиет пен өнер саласында да барлық тәсілдерді екіжүзділікпен пайдалана отырып, ұлт араздығын туғызады және олар сонымен бірге өз наразылықтарын ұлы орыс халқына қарсы бағыттауда. Сөйтіп, бұл топ Шығыс елдеріне сүйене отырып, барлық түрік халқын панисламизм мен пантюркизм туы астына біріктіруді ойлады, Қазақстанда ханның, байлар мен молдалардың жағдайларын нығайтуды көздеушілер делінді.

“Солшыл” деп аталынған меңдешевшілер тобы бұрынғы Қырғыз (Қазақ) КСР-ындағы 4-5 жылдай билік құрған аудармашылардан құралғаны айтылған. Олар топ мүшелерінің мүдделерін қазақ еңбекшілерінің мүдделерінен жоғары қойды. Билік басында отырған меңдешевшілер кейбір еуропалық қызметкерлер тарапынан қолдау тауып, ұлы орыстық шовинизммен ауыз жаласып, жақтастарын жоғары жауапты қызметтерге өткізіп, адалдығы мен іскерлігіне қарамастан өзгелердің жолын бөгеп отырды делінсе,⁴⁵⁶ енді бір деректерде С.Меңдешев тобы 1920 жылдан бері әрекет етіп келгендігі айтылған. Ол кезде басшы қызметтерге ұлтшылдарды жолатпау мақсатында жұмыс жүргізіп өз маңына біршама коммунистер топтастырып үлгерген ұйым делінген. Кейіннен бұл топ Меңдешевтің жеке басын дәріптеумен әуестеніп “көсемшілдік” жолға түсті деп баспа беттерінде сынға ұшыраған. Меңдешев тобы партия тарапынан жүргізілген саяси шараларды жеткіліксіз деп санап, байлармен қатар оның жақтастарына да қарсы жазалау шараларын қолдануды талап еткен деген айып тағылған. Сөйтіп, Меңдешевшілердің солшыл сектанттық көзқарастары Кеңес өкіметіне ниеттері түзу буржуазиялық интелли-

генция өкілдерінің бір бөлігін практикалық жұмысқа пайдалануға қарсы болуынан көрінді деп айыпталады.⁴⁵⁷

Солшылдар керісінше ұлттық ерекшеліктерді мойындамай, Ресейдің осы бағыттағы жүргізілген іс шараларын Қазақстанға да сол қалпында көшіру жағдайымен әуестенді. Ұлттық ерекшеліктерді жоққа шығарған олар ұлт мәселесінде ұлы орыстық шовинизмге жол ашты деп бір-біріне кереғар дәлелсіз айыптардың астына алғандығымен көрінді.

Ал, «мендешевшілік»- өзінің партияға қарсы «солшыл» әрекеттерімен белгілі болған ұлтшыл топ. Бұл топ партия қатарында кездейсоқ пайда болған ұсақ буржуазиялық және әр түрлі сенімсіз элементтерден құралған. Мендешевшілдік-Қазақстандағы ұлтшыл топтардың ең қауіптілерінің бірі. Ол әр түрлі «солшыл», «революциялық» көпірме сөздерді бүркеніп, республиканың партия және кеңестер өмірінің барлық салаларында өлкелік партия басшылығына қарсы жұмыстар жүргізді. Бұл топтың сойқан әрекеттерінен социалистік құрылысты дамытатын, марксизммен қаруланған мамандарды жергілікті халықтар ішінен тәрбиелеп шығару ісі қатты зардап шекті. Сөз жүзінде «солшыл» болған бұл топтың күресінің нәтижесі мен оның зиянды салдары, терең жаулық ниеттегі бұл ұлтшылдардың, шындығында, троцкишіл сұмпайы жалдамалылармен ауыз жаласқан нағыз «оңшыл» екендігін көрсетті”,-деген жалпылама баға берілген.

«Қожановшылдық» та Қазақстанда бұрыннан қалыптасқан аса ұлтшыл, большевиктер идеясына, кеңестік тәртіптің барлық түріне бар жан-тәнімен қарсы топ. Бұл топ барлық жағынан шатақшыл және бәрі дерлік қазақ буржуазиясының өкілдері, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ халқының ұлттық сезімін желеу етіп, алдаумен партия қатарына кіргендер, бүгінде Қазақстанда партия мен Кеңес өкіметі жүргізген әлеуметтік-экономикалық шараларға қарсы шығып, ұлт араздығын қоздыруда. Бұл топты жақтаушылар «Ақжол» газетінің төңірегіне бірігіп, сол арқылы өздерінің революцияға деген қарсылықтарын барынша білдіре отырып, «Алаш-Орданың»

идеологиясын уағыздады. Олар қазақтың ақ эмигранты М.Шоқаевпен идеялық жағынан байланыста болды. Қожановшылар, Сәдуақасов тобы сияқты Қазақстандағы Кеңес өкіметінің барлық жетістіктерін жоққа шығарып, орта ғасырлық Қазақстан мен Кеңестік Қазақстанның арасынан ешқандай айырмашылық көрінбейді деушілер. Қожановшылдық өзінің әлеуметтік табиғатынан және күресінің мақсаты жағынан, революцияға қарсы ұлтшыл ағым «сәдуақасовшылдықтың» бір түрі болып саналады деп айыптайды.⁴⁵⁸

Құжаттарда «сәдуақасовшылдық»- бұл да қазақ жерінде ертеден келе жатқан ұлтшыл топ деген баға берілген. Н. Сырғабеков 1929 жылғы 16 қыркүйектегі “Еңбекші қазақ” газетіндегі мақаласында «С.Сәдуақасов бастаған топ Қазақ Совет республикасы болып жариялағандығына 10 жыл толуына арналған Кеңестердің бірінші құрылтай съезінде мемлекет басшысы ретінде А.Байтұрсыновты тану мақсатында белсенді жұмыс жүргізді. Бұлар Орталық Атқару Комитетіне А.Байтұрсыновпен бірге өзге де алашордашыларды өткізбек болды. Міне, осы уақыттан бастап С.Сәдуақасовтың тобы әр түрлі әрекеттерге баруда».⁴⁵⁹ Олар мемлекеттік билікті басып алу мақсатымен партия қатарына өз жақтастарын тартып, Қазақстанда орыстарға қарсы науқан ұйымдастыруға тырысты. Сонымен қатар алашорда мүшелерін ақтаумен де айналысты. Сәдуақасовшылардың мәні-сол, тіпті ол коммунист болса да, кез келген орысқа сенбеушілік, қазақ еместердің бәріне күдікпен қараушылық, ауылдағы тап “күресін жоққа шығару” болып табылады делінген.⁴⁶⁰

Жер мәселесін шешуде кезектілік, таптық әдіспен шешуге қарсы шығушылардың белсенділері Сәдуақасов пен Қожанов болды. Олар бұл жерде ұлттық мүддені қорғады. Патша үкіметінің аграрлық саясаты мен Кеңес өкіметінің еңбекші халықты жерге орналастырудағы революциялық шаралардың ортақтығы мен ұқсастығын көре, айта білді деп айыптады. Олар Қазақстанға бұдан былай елдің басқа аудандарынан қоныс аударушыларды келтірмеу туралы ұсыныс енгізсе, екіншіден, республикада тұратын орыстарды ел территориясынан аластауға

тырысып бақты. Осындай әрекеттерімен Сәдуақасов, Қожанов, Мыңбаев, Мұстамбаев, Сұлтанбековтер қазақ байларының мүддесін жақтады. “Ауылда ешқандай тап жоқ, ауыл дегенің бұйығы бірыңғай көпшілік, онда тап бар деп ойлаудың өзі бекершілік”⁴⁶¹ деген сөзі үшін Сәдуақасовты алашордашылар тезисін қорғаушы етіп шығарған.

Қазақтың балама жол туралы пікір айтқан қайраткерлерін айыптау үшін сыртынан неше түрлі мазмұндағы жалалар жабылды. Партия жолынан тайған «ауытқушы» троцкистік топтарды өздері сырттай кесіп-пішіп, бірге қызметтес, сыйлас болған кездеріндегі таныстығын осы мақсатқа пайдаланды.

Троцкистік оппозицияның Қызылордадағы тобын Тойво, Рознер, Красоткин, Дейхман дегендер құрады. Олар жергілікті ұлтшылдар Сұлтанбеков, Сәдуақасов, Мұстамбаев және тағы басқаларды оппозициялық мақсатқа пайдаланған. Тойвоның Сұлтанбековпен Ақтөбедегі қызметтес болуын, Красоткин мен Сәдуақасовты, Рознер мен Қаратлеуовтің таныстықтары бұл бағыттағы істе екі топты біріктіріп отыр деп сырттай тон пішкен. Сұлтанбеков пен Сәдуақасов оппозициялық топтың жиналыстарына қатынасып, оппозициялық әдебиеттер оқитын көрінеді. Оппозициялық тұғырнама жасау үшін келіссөздер жүргізген. Оппозиционерлердің осындай астыртын әрекеттері партияның бірлігіне қарсы бағытталған деген жалаға толы пікір таратылған. Міне осылай Өлкелік партия комитеті тарапынан жүргізілген арандату барысында қазақтың ұлтжанды азаматы Смағұл Сәдуақасұлы “ұлтшылдардың” жетекшісі деп танылды. Бұл топ өзі өмір сүрген кезден бастап, ұлтшылдықтың шектен тыс түрін уағыздаған, барып тұрған зиянды “оңшыл” оппортунист болыпты-мыс. Бұлар өз жақтастарын, байлар мен Алаш-Орда элементтерінің большевиктік партияға жағынған бөлігіне іш тартып, қанаушы-байларды ауылдың нағыз еңбекқор момын еңбекшілеріне балап, байларды шектеуге және ығыстырып шығаруға, ауылдағы қанаушыларды жеке меншігінен айыруға қарсылық білдірді. Бұл топ өкілдері құрғақ лепірме сөзге

салынып, маркстік-лениндік ілімнің пролетарлық революция, ұлт жөніндегі қағидаларын жоққа шығарып, қоғам дамуындағы буржуазиялық көзқарасты жақтап шықты, яғни бұл ауылды капиталистік жолмен дамыту еді. Бұл топ Қазақстанда социалистік индустрияландыруға, ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға шімірікпестен қарсы шықты⁴⁶²-деуі, шындықты көпе-көрнеу керісінше бұрмалау болды.

Осылай дәлелсіз айтылған жалаң айыптаулар оларды социалистік құрылыстың жаулары ретінде көрсету үшін қажет болды. Мұндай әрекеттің бір мысалы ретінде Ы.Мұстамбаевтың қалай ұлтшыл атанғаны дәлел. Оны “осы топ мүшелері баспасөз беттерінде маркстік тұрғыдан деген желеумен кейбір қазақ әдебиетшілерінің еңбектерін сынап, ұлтшылдардың қарапайым шығармаларын дәріптейді»-деп сөгіп, оған ұлы Абайды мысалға келтіреді. («Советская степь» газетінің 1928 жылғы 22 тамыздағы санында, «Ақын Абай және оның философиясы» деген мақала жарияланған).⁴⁶³ Жоғарыдағыдай, қазақтың біртуар ғұламасы, әлем танып, мойындаған Абайдың шығармашылығы туралы мақала жазған Мұстамбаевты ұлтшылсың деп кінәлаудың өзі көрсоқырлық және қазақ халқы алдындағы қиянат екендігі бүгін ғана айтылуда.

Қазақ халқының мүддесі жолында күрескендері үшін ғана айыпталып, әр түрлі жала жабылған сол қайраткерлердің өздері де дәлелді фактілер келтіріп, жоғарыда аталған топшылдыққа енбегендерін, тіпті ондай ұйымдардың болмағандығын да дәлелдеген. Мысалы, Голощекин айтқан «август блогы» бойынша айтарым мынау дейді Мәскеуден жазған хатында С.Қожанов: Менімен жолдас Ж.Мыңбаев және С.Сәдуақасұлы арасында ешбір одақ, топ тұрмақ ол туралы сөз де болған жоқ. Мен Сәдуақасов жолдаспен 1925 жылдың қараша айынан дұрдараз күйдеміз, ал Мыңбаевпен бір жыл болды кездескем де жоқ. Әр айтылған сөз бұрмаланып, өсек қаулап тұрғанда қазіргі Қазақстанның шындығын ішінен білетін мен саясат төңірегінде бұл азаматтармен әдейі сөйлеспедім.⁴⁶⁴ Өзімнің оппозицияға қызмет ету мүмкіндігін үзілді-кесілді жоққа шығарамын. Мені

Мыңбаев және Сәдуақасовтармен бір топта деген сөздің мүлдем жалған екендігін ашық айтамын.⁴⁶⁵

Ал 20-30 жылдары Голощекин бастаған өлкелік партия комитетінің тарапынан «ауыр» айып арқалаған осы азаматтарға тағылған бұл жалалардың бәрі дәлел-негізсіз, ойдан шығарылған, шылғи өтірік екендігіне көз жеткізу аса қиындық туғызбайды. Оны бүгін тарихтың өзі екшеп, ақ пен қарасын ажыратып беруде. Сол жылдардағы социалистік құрылысты орнатудағы лениндік принциптің бұзылуын уақытында көре білсе де, бұл азаматтар жоғарыда аталғандай, арнайы топтар құрып, батыл іс-әрекеттер жүргізбегенін, оның мүмкін де болмағанын тарихи деректер арқылы, көз жеткізіп отырмыз. Сол кезде өздеріне айып болып тағылып, оның өңі айландырылып халқына жаманатты етіп көрсетілген пікірлері мен көзқарастары бүгінде, керісінше олардың халқы үшін қажетті болған келешекті болжағыш көрегендік жасағанын дәлелдеп отыр. Қазақ зиялыларының халқының басынан өтіп жатқан түбегейлі өзгерістерді жан-жақты талдап түсінуге, ол оқиғаларға Орталықтың тарапынан еріксіз жүргізілген зорлықтарға шама-шарқынша тосқауыл болуға, зиянды істерді тоқтатуға ат салысқандары тарихи шындық. Бірақ, өкінішке орай, билік басындағылардың қалауы бойынша, сол кездегі қызыл идеологияның ықпалымен шындықтың бәрі қарсылыққа қарамай жоғарыда айтылғандай бұрмаланып отырылған.

Оған дәлел, 1923 жылы III Өлкелік партия конференциясында байлар меншігін тәркілеуге байланысты мәселе көтерілгенде, тек С.Сәдуақасұлының пікірі өзгеше болған. Ол байлар қаржысын пайдалана отырып, кедейлерге көмек қорын жасауды ұсынады. Сөйтіп, Смағұл ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды революциялық әдістерімен өзгертуге қарсы болып, ондай әдістің зияндылығын көрсетіп береді. Ал, С.Қожанов болса, ауылда орта ғасыр қалдықтары, феодалдық-патриархалдық ықпал әлі де күшті, текті феодалдар сан жағынан байлардан аз және оларды тікелей байлармен шатастыруға болмайды деп ұлттық-ерекшеліктерге назар аударудың керектігін ескерткен. Сондай-ақ, ол жер-су ре-

формасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат та беру керек деген бағыт ұстанып, Жетісуда жер-су реформасы кезінде революцияға дейін егіншілікке қолайлы ең құнарлы жерлерді иемденген переселендердің жерін жерсіз жергілікті халыққа қайтарып беруді дұрыс деп санайтынын дәлелдеп батыл ой айтқан, сол үшін күрес жүргізген.

Егер қазіргі жағдайға қарасақ «немене орыс генералдары жұмысқа тартылмай жатыр ма, біз де сондай қызметке алашорда мүшелерін шақыруға тиіспіз. Біз саяси мәселелерде олардың көмегінсіз жетімсіреудеміз. Алаш Орда өкілдерінің жұмыс тәжірибелері мол. Қандай болмасын мәселелерде олар әрқашан табандылық танытып, өз дегендеріне жетуде. Өздерінің үстемдіктерін күшейту мақсаты үшін олар бізді алашорда мүшелерінен аластатуға тырысуда. Олар алашорда мүшелерін зиянды жат пиғылдағы адамдар ретінде көрсетуге жанталасуда» деген өткір пікірі үшін Сәдуақасов және оның жақтастары әу бастан коммунистік партия мен Кеңестер өкіметінің органдарындағы «алашорданың жасырын іріткі салушы тыңшысындай» көрінді. Оларға «мемлекеттік билікті басып алуға тырысты, ол үшін партия мүшелерінің қатарын өз адамдарымен толықтырды, орыстарға қарсы Қазақстанда үгіт-насихат жүргізді»⁴⁶⁶ деген айып тағылды.

Ал сол Сәдуақасов өзінің Ә.Байділдаұлына жазған хатында: «Егер олар (билік басындағылар)–Е.Қ.) өкімет билігін уысына алу мен ықпалын арттыру үшін күрессе, дегендеріне жетсін. Біз қалай етсек те, орыстың «бөліп ал да, билей бер» мәтелінің өмірде іс жүзіне асуының себепшісі болмауымыз керек»⁴⁶⁷–деп ұлтжандылығын танытқан.

Жоғарыда аталған азаматтардың бірі–Нығмет Нұрмақов. Ол ХКК-нің төрағасы болып тұрған кезінде 1926 жылы қарашадағы Өлкелік партия комитетінің пленумында «Ауылда кеңестерді құру» деген тақырыпта жасаған баяндамасында: «Қазақ кедейінің жағдайы өте нашар, оның байға барып жалданудан басқа шарасы жоқ. Біз-кеңес мемлекеті бүгінге дейін кедейдің материалдық жағдайын өзгертетін, сол арқылы ауылдағы

байлардың ықпалынан құтылуға көмектесе аларлық шараларды іске асыра алмай отырмыз. Ауылда тығырықтан шығатын жол жоқ, егер болса, ол біреу-ақ, яғни қазақ кедейін экономикалық тәуелсіздіктен құтқару үшін бай шаруашылығын экспроприациялау керек,-деп ойлайды біреулер. Менің пікірімше, Қазақстандағы Совет билігінің 9 жылдық өмірінен кейін, қолымызда пролетаралық мемлекеттің барлық билігін ұстай отырып, ауылдағы байға партия Қазан революциясынан кейінгі алғашқы күндері қолданған әдістерден басқа да әдістермен ықпал ете аларлық күшіміз бар»-деп теріс қолданылып жатқан жолдан сақтандырып, ұлттық мүддені қорғайтын балама жол көрсетіп, салиқалы пікір айтқан.⁴⁶⁸ Бұл жердегі олардың пікірінің түйіні, қалай да болашақта жасалғалы отырған қасіретке апарар революциялық әдістерден бүгін, яғни дер кезінде бас тартып, мәселені бейбіт жағдайда шешу еді.

20-жылдары Қазақстанның саяси өмірінде белсенді рөл атқарған, зибратты өмір кешіп, туған халқы үшін жанпидалыққа барған С.Сәдуақасов өз қарсыластарына: «Қырғыз (қазақ-Е.Қ.) халқының тағдыры үшін тарих алдында ең алдымен қырғыз коммунистері жауап береді»-десе, саяси күрестегі оның жақтастарының бірі, халқымыздың аяулы азаматы Ж.Мыңбаев: «Біз қырғыз елі алдында, тарих алдында әшкерә, мазақ болғымыз келмейді. Біздің мақсатымыз түрлі деректер мен нұсқауларға қол қоюшылар ғана болып отыру емес, іс бітіріп, болашақ ұрпақ «иә, олар шынымен де ұлт мүддесі үшін күрескен екен-ау» дейтіндей абыройға жету»,⁴⁶⁹ - деген сөзі елін, жұртын ойлаған азаматтың ісі еді. Ардақты ағалардың осы жүреу-жарды, намысқа шақыратын өнегелік сөздерін бүгінде билік басындағы әрбір қазақ азаматы естеріне сақтап, ту етіп, өздерін пір тұтып, үлгі етіп жүрсе ғой деген халықтың арман-тілегі әлі орындалмай келе жатқанын айтпасқа болмайды. Ал, халық тілегі жай ғана қалмаса керек...

Құжат-деректерінен байқағанымыздай, сол уақыттағы өктем саясат басшы қызметте жүріп халқының мүддесін қорғаған қоғам қайраткерлеріне әр түрлі жала

жауып, көпшілікке қаралап көрсетіп, ел билігінен аластап отыруды әдетке айналдырды. Оларға жаусың деп шүйлігу сол кездегі қазақ жерін, байлығын, халқын уысынан шығармай ұстамақ болған Орталықтың империялық саясатының жымысқы әдісінің бір жағы ғана еді.

Анығына келгенде билік басындағы кейбір қазақ азаматтарын жоғарғыдай айыптаудың өзі, социализм құруды желеу еткен большевиктер тарапынан туындаған, Қазақстанда жүргізіліп жатқан отаршылдық пиғылдың көрінісі ретінде болғанын білеміз. Тіпті оларға тағылған бұл айыптардың өзі де, негізсіз, ойдан құрастырылған сандырақ екені, тек оларды мұқатып, қаралау үшін ұйымдастырылғаны белгілі. Есімі жоғарыда аталған билік басындағы маңдай алды, қазақ азаматтарына «халық жауы» немесе олардың «жандайшаптары» деп тағылған айыптың қисынсыз, шындыққа ешбір жанаспайтынына ешкім шүбә келтіре алмайды. Осы жабылған жала мен тағылған айыптарды растайтын бірде-бір құжат не басқа деректі материалдар мұрағат қойнауынан және кездеспеді.

Сөйтіп, өз елінде «ұлтшыл-халық жауы» атанған осы азаматтардың, жоғарыда голощекиншілер айыптағандай, «топшыл-ауытқушылар» емес, керісінше, туған халқының бетке ұстар ардақты ұлтжанды перзенттері болғанын уақыттың өзі дәлелдеп беріп отыр.

Қазақ зиялыларын айыптау науқандары

Қай заманда болмасын, бір халықты бағындыру, мойынсындыру үшін қолданылған ең тиімді тәсілі оны бассыз қалдыру болатын. Ең бірінші кезекте оның көсемдерін, оқымысты білгірлерін құртуға тырысады. Қаймағын сыпырып алған сүттің тез ашып, иритіні секілді, «бассыз» қалған халық та жылдам көндігеді.

Қазақстанда осы бағытта жүргізілген саяси қуғын-сүргін үш толқын болып өтті. Бірінші толқын қазақ зиялыларының ең жетекші тобын, әсіресе, алаш қозғалысының көсемдерін жалмады. 1928-29 жылдары А.Байтұрсынов пен М.Дулатов бастаған 44 қазақ интеллигентін Алаш қозғалысына қатысқаны үшін абақтыға

жауып, негізсіз түрлі жазаға тартты. Сөйтіп Әлихан Бөкейхановтан басқалары түгелдей тұтқындалды. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды қазақтың жайсаңдары жазықсыз жапа шекті.

Қуғын-сүргіннің бірінші толқынының екінші иірімі 1930 жылдың күзінде болды. Бұл жолы тағы 40 қазақ зиялысы ең әуелі Абайдың немере інісі Кәкітайдың баласы Даниял Ысқақов, Уәлихан Омаров, Алдарбек Үмбетбаев, дәрігер Жұмағали Тілеулин, атақты қайраткер жол инженері Мұхаметжан Тынышбаев, әйгілі заңгер Жақып Ақбаев, Мұхтар Мурзин, Сейтқазы Қадырбаев, Әбдіхамит Ақбаев, Әшім Омаров, Батыс Алашорда басшысы Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов, Мұстафа Бұралқиев, биолог, ғалым Жұмахан Күдерин, жазушы Қошке Кемеңгеров, Нәзір Қожамқұлов, Біләл Сүлеев, Әбдірахман Мұңайтбаев, ең соңында қазақтың тұңғыш математика саласының профессоры Әлімхан Ермеков абақтыға қамалып, олардың 15-і түрлі мерзімге жер аударылды.⁴⁷⁰ Әлімхан Ермеков пен Мұхтар Әуезов үлкен көрегендік жасап, «ашық хат» жазып құтылды.

Сонымен, 1937 жылғы шілденің аптап күндерінде «ақпанның ызғары соқты...» Алғашқылардың бірі боп республика прокуроры Сүлеймен Есқараев ұсталды. Араға көп уақыт салмай, тамыздың басында Ағарту халық комиссары Т.Жүргенов қамауға алынды. Одан соң ҚазЦИК председателі Құлымбетовті, Егіншілік, Қаржы, Денсаулық наркомдары Сырғабеков, Молдажанов, Нұрмұхаметовтерді, республикалық Совнарком председателінің орынбасары Сәдуақасовты, облыстардағы басшыларды бірінен соң бірін әкетіп жатты. Баспасөз де «науқанға» лайық жаршы болуға тырысты. «Ұлтшыл-фашистерге өмір сүргізбейміз», - деп бір газет ұран көтерсе, «Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек» деп екіншісі дабыл көтерді...

Ежов Залин топтарының ойдан шығарған «айыптарды» тұтқындардың «мойнына қоюы»- қандай айуандық тәсілмен жүргізілгені қазір айтыла бастады. Бірақ, неге екені белгісіз, Залиннің атқарған жұмысы Ежовты «қанағаттандырмаған» сияқты. Залиннің орнына Қазақстанға Реденс келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1938 жылғы ақпанның аяғында өткен пленумында ол бюро мүшесі болады. Мәскеуде 2 наурызда әйгілі «антисоветтік оңшыл-троцкистік блок процесі» басталысымен, Алматыдағы қамауда жатқан «өз троцкистерін» қолға алып, 6 наурызда ашылған жабық сотқа береді де, істі қарауды Мәскеу процесімен бір күнде, 12 наурызда бітіреді. Сот Темірбек Жүргеновті және одан өзге 18 партия, совет қызметкерлерін «Отанға опасыздық істегені, Қазақстанды КСРО-ден бөліп әкетуге, оны шетел империализмінің колониясына айналдыруға тырысқан әрекеттері, терроршылдық істері, зиянкестік және диверсиялық жұмыстары, шетел мемлекеттерінің пайдасына тыңшылық жасағаны үшін, яғни РСФСР Қылмыс заңының 58-1А, 58-6, 58-7, 58-8 және 58-9 статьяларында айтылған қылмыстары үшін» (!?) айыптайды. Бұл туралы: «Қазақ халқын бақытты, қызық дәуренінен айыруға тырысқан ұлтшыл-фашист, троцкишіл-бухариншіл шпион бандиттерді дер кезінде әшкерелеген даңқты чекистерге, олардың сталиншіл наркомы Н.И.Ежов жолдасқа Қазақстан халқы көп-көп алғыс айтады...» деп жазды 1938 жылғы 22 наурыздағы республикалық баспасөздің бірі.

1937-38 жылдар саяси қуғын-сүргіннің (репрессияның) шарықтап, шегіне жеткен кезі болды. Алматыда 1937 жылы 700, 1938 жылы 980 адам атылды. Ақпанда Мемлекеттік қауіпсіздік комиссары Реденстің «рұқсат етемін» деген қарарымен күніне 37-39 адам атылған. Бұл сірә, аздық етсе керек. Наурыздан бастап күніне 53-54 адамнан атылған екен. КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының Алматы қаласында 1938 жылдың ақпан айында өткен көшпелі сессиясының үкімі бойынша 39 азамат 25 ақпанда атылған.

Олардың ішінде : Санжар Аспандияров, Ғабдолла Хәкім Бөкейханов, Сүлеймен Есқараев, Темірбек Жүр-

генов, Ұзақбай Құлымбетов, Сейтқали Меңдешов, Сұлтанбек Садықбеков, Қабылбек Сарымолдаев, Жанайдар Сәдуақасов, Сәкен Сейфуллин, Нығметтола Сырғабеков, Қайсар Тәштитов, Ғаббас Тоғжанов, Зейнолла Төреғожин, Мирасбек Төлепов, Шәкір Юсупов сияқты елдің кеменгер ерлері бар.

1938 жыл - қазақ халқының тарихындағы сойқанды, зұлмат, асқан қаралы кезең. Олай дейтініміз ату жазасы жылдың аяғына дейін толастамай, қынадай қырып жатты. Ол қанды қырғын тек Алматы емес, басқа жерлерді де жайлады, тіпті 1939 жылға дейін жалғасты.

Кейінгі әйгіленген дерек-дәйектерге сүйенсек, оларға тағылған айыптар, негізінен төмендегідей: Кеңес өкіметін құлату, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алу, қазақ буржуазиялық мемлекетін құру мақсатын қойған, Кеңеске қарсы ұлттық террористік арандатушы және бүлдіруші зиянкестік, оңшыл-троцкистік контрреволюциялық ұйым жұмысына қатысқан; сол ойды жүзеге асыру үшін троцкишкілдермен, оңшыл контрреволюциялық ұйыммен байланыс жасап, бір блокқа кірген Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, Ұ.Құлымбетов басқарған орталықтың тапсырмаларын орындаған. Осындай жалған айып атылғандардың бәріне тағылған.

Қызыл «қырғын» кезінде оқыған, білімді 105 мың адам тұтқындалып, 22 мыңы жазықсыздан атылып кетті. Бүгінде бізге 30-шы жылдардағы және 40-шы жылдардың бас кезеңдегі жаппай жазалаулар кезеңінде 40 мыңға жуық адам республиканың көрнекті мемлекет қайраткерлері, интеллигенция өкілдері, коммунистер мен партия да жоқтар зардап шеккеніні белгілі болып отыр.

Сөйтіп, Кеңес өкіметі тұтас бір ұлттың бетке ұстар білімді, бас көтерер ұлтжанды азаматтарын қуғын-сүргінге ұшыратып, әбден тұқыртып тастады.

Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Міржақып Дулатовтар жалған жаламен атылып кетсе, Халел Досмұхамедұлы Воронеж қаласында айдауда, алаш қауымы аузына қараған көсем, Қазақ Республикасының тұңғыш Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынұлы алыстағы Архангельскіде ағаш ағызып жүрді... Тіпті, Ташкентте студент, Тәжікстанда қаржы комиссары, Өзбекстанда

ағарту комиссары боп, араға 10 жыл салып Қазақстанға оралған Темірбек Жүргенов де атылды. Ал әкесі 1928 жылы жетпіс жасында ірі бай ретінде кәмпескеленіп, байырғы ата қонысынан Қарқаралы уезіне жер аударылғанды.

Қазақстанның басынан өткен қасіреті, кеңес мемлекеті жариялаған халықтардың саяси өзін-өзі билеуі құқығының көпірме бос сөз ғана екенін шын мәнінде дәлелдеп берді. 20-жылдардың екінші жартысында сталиндік режим Қазақстандағы оппозиция күштеріне қарсы: интеллигенцияға қарсы және қазақ халқының ұлттық, мемлекеттік егемендігін енді кеңестік жүйе шеңберінде қорғап жүрген партия және мемлекет қайраткерлеріне қарсы ашық шабуылға шығып, оларды қуғын-сүргінге ұшыратып аластады. Сонымен бірге ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерінде неғұрлым ұлтжанды көзқарастағыларды, қоғамдық-саяси қызмет саласынан ығыстыруға және керісінше, орталықтың нұсқауларына сәйкес қызмет етуге дайын немесе, ең болмағанда, өзін «түзу ниетте» ұстайтын, айтқанынан шықпайтын адамдарды өкіметтің жоғарғы тобына тартуға бағыт алынды.

Енді жалпы ұлттық мүдделерді шешу құқығын номенклатуралық төрешілдік әдіс иемденді, ол үшін орталықтың нұсқауларынан жоғары ештеңе болуы мүмкін емес дейтін жағдайға жетті. Голощекин өзінің пікірімен келіспеген не оған қарсы болған партия, кеңес қайраткерлерін аяусыз жазалап, олардың арасына қасақана іріткі тудырып отырды. Ұлттық интеллигенцияға деген ерекше өшпенділік сезімі қалыптасты. Ал айтқанын бас шұлғып, екі етпей істейтін Елтай Ерназаров сияқты жігерсіз жандарды маңында ұстады.

«Кіші Октябрь» бағытына қарсы болған ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілдері мен ұлтжанды қайраткерлерін мұқатудың бір әдісі ретінде Голощекин мен оның маңайындағы жандайшаптары қазақтың осал жері болып табылатын өзара алауыздық қатынастарын арандатып, соған ұйытқы болып, бір-біріне айдап салу арқылы әлсіретті. Жауапты хатшыға

жандайшаптық жасап, өз ұлтының мүддесі үшін күрескендерге тас лақтырушылар аз болмады. Солардың бірі РКФСР Жоғарғы Соты қазақ бөлімінің Төрағасы Сырғабеков болды. Ол: «...біздің қатарымызда бұдан былай да Мұстамбаевтың болғанына, сөйтіп, оның ойдан шығарған түрлі сандырақтары мен «күдіктеріне» шыдай берудің қажеті жоқ. Сол сияқты арамыздан аласталған, бірақ заңсыз түрде біздің партияларымыздың мүшесі атын жамылып жүрген оның идеологы Сәдуақасовқа да шыдамдылық танытуға болмас»- деп Голощекин саясатына қарсы шыққан Б.Мұстамбаевты қаралап, Сәдуақасовты да құртуға дайын екенін білдіріп құлшыныс танытты.⁴⁷¹

Бұқара және оның саяси құқығы

Американың тәуелсіздігі декларациясына енген өзінің тамаша сөзінде Томас Джефферсон демократиялық үкіметтің іргетасын қалайтын негізгі қағиданы атап көрсеткен еді. Демократиялық үкімет, Джефферсон айтқандай, бостандықтың басты түрлерін халыққа сыйлай салмайды, ол әр адам туғаннан бастап ие болуға тиісті бостандықты қорғау үшін құрылады делінсе, адамды адам қанамайтын, барлығы тең деп жарияланған, социалистік қоғамда, яғни Кеңестер елінде адам құқығын қорғау жалған сөз болып шықты.

Большевиктер өмірге әкелген осы мемлекеттік биліктің тоталитарлық жүйесі әбден құдіретті күшіне енген сәтінде Кеңестер Одағы социалистік құрылысты орнату жолында ол қоғамға жат, тұрпайы әдістерді жан-жақты, барынша қолданды. Социализм құру жолындағы ізгілікті көзқарастар, демократиялық қадамдар бұрмаланып, ол құлақ естіп, көз көрмеген зорлық-зомбылықтармен ауыстырылды. Халық билігі деп қаншама айтылғанымен, ол іске аспады. Социализм халық билігі арқылы өмір сүреді деген өткендегі ғұлама ойшылдардың ізгілікті қағидалары жалған ұрандармен алмастырылды. Ол ұрандарды өмірде іске асырушылардың көбінің өрістері тар, білімдері таяз, қатыгез адамдар болғанын өткен тарихтың өзі көрсетіп отыр.

Солардың бірі залымыдғы мен зұлымдығын Қазақстанда ұштастыра жүргізген, 1925-33 жылдары өлкелік партия комитетінің жауапты хатшылық қызметін атқарған Ф.И.Голощекин еді.

Большевиктік құлшыныс тән кезде Шая (Голощекин) Урал Кеңесін басқарды. Патша отбасын ұрып соғуды Свердлов екеуі сол жерде егжей-тегжейлі белгілеген. Жаратылысынан қатыгездікке жаны құштар ол құрбандарды азаптағандары туралы жан түршігерлік әңгімелелер тыңдауға құмар болыпты. Ол қазақ ауылы халқының тең жартысының қырылып кетуіне, жергілікті маңдай алды, бетке ұстар зиялыларының жойылуына тікелей кінәлі болды. Осы зұлымдықтарының бәрін ол 7 жыл ішінде, Қазақ өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы болған кезінде жүзеге асырып үлгерді.

Біз жаратылысынан жан дүниесі қатыгездікке толы Шая Ицкович Голощекиннің (қазақстандықтар Филипп Исаевич Голощекин-Қужақ деп біледі-Е.Қ.) Сталиннің сеніміне әбден ие болған, ол әміршіл-әкімшіл жүйеге құлай беріліп, бас шұлғып қызмет етіп, қазақ жерінде өз қарсыластарын қыбын тауып, аластай отырып, өкімет билігін тез арада, бір өзі иемденіп дара билікке қол жеткізеді. Ол өз саясатын қолдамаған адамдарды халық жауы деп айыптап, әкімшілік немесе заң органдарының күшімен қорқытып-үркіту әдісі арқылы өз ығына көндірумен әуестенді. Социалистік қоғамның талаптары, ондағы өмірге келуге тиісті әділеттілікті қорғайтын заңдылықтар аяқ асты етілді. Халық социалистік қоғамның сот және прокуратура органдарын ақиқатты анықтаушылар, әділеттілікті орнықтырушылар деп танып-бағалау сенімінен айрылды. Өйткені Голощекиннің қол шоқпарына айналған бұл ұйымдар социалистік қоғам кезінде жүзеге асуға тиіс адам құқығын, ар-ожданын, ұлттық-сезімін басқа да азаматтық құндылықтарды қорғаудың орнына қорлады.

Бұл арамза ойын жүзеге асыру барысында ол Конституцияны көпе-көрнеу аяқ асты етіп, тек сталиндік-голощекиндік тәртіпті қорғап, социалистік қоғамға жат әрекеттерді ешбір шімірікпестен жүргізді. Қазақстандағы

мұндай шектен шыққан бастықтар тікелей Ф.И.Голощекиннің келуімен байланысты жаппай етек алды. Мысалы, азаматтарды сайлау құқығынан айыру таптық тұрғыдан өте қатаң түрде жүргізілді. Кеңестер, сот органдары ауылдар мен деревняларда 1925-26 жылдары 20982 адамды сайлау құқығынан айырса, 1926-27 жылдары ондайлардың саны 94377 адамға жеткізілді. Бұл «жазықтылардың» 58 пайызы қазақтар еді.⁴⁷²

Ал Семей мен Ақмола губернияларының кейбір ауылды жерлерінде азаматтарды сайлау құқығынан айыру 40-50 пайызға дейін жеткен.⁴⁷³ Сөйтіп, қазақ жерінде ауылдық кеңестерге қайта сайлау науқаны жүргізілген кезеңде, 18 жастан асқан ересек ауыл тұрғындарының сайлау құқығынан айрылғандарының санын пайызға шаққанда төмендегідей болды.

1926 жылы-0,9 пайыз.

1927 жылы-3,3 пайыз.

1928/29 жылдары-3,8 пайыз

1930/31 жылдары-5,2 пайыз.⁴⁷⁴

Ал қалаларда 1927 жылы-8,3 пайыз, 1929-10,4 пайыз ересек адамдар сайлау құқығынан айрылған, олардың негізгілері жеке меншік иелері, саудагерлер, делдалдар, ал 50 пайызы сотталғандар мен әкімшілік жолмен жер аударылғандар болды.⁴⁷⁵ Осы сайлау құқығынан айырылғандарды мұндай күйге душар еткен қандай себептер болды екен десек, олар төмендегідей жағдайлар еді. Жүргізілген әр түрлі науқандар кезінде адам құқығы аяқ асты етіліп, зорлықпен, заңсыз сайлау құқығынан айырылғандардың ішінде әсіресе орташалар мен кедей-кепшіктер көп болыпты. Мысалы, Сырдария округының Ванновка селосының орташалары мен кедейлерін, мал сатып, алыпсатарлық жасаған саудагерлер деп айыптап, сайлау құқығынан айырса, Ақмола округының селоларында жиналыста белсенділік көрсетіп сөз сөйлегені үшін «басбұзар» деп айыптап, 24 адамды сайлау құқығынан айырған. Жалдамалы еңбекті пайдаланбаса да, май шайқайтын жеке меншік иесін себепсіз сайлау құқығынан айырған. Алматы округының Павловка селосының 96 тұрғынының 62-сі, Архангельск селосының 118 адамы

астық тапсыру жоспарын орындамағаны үшін сайлау құқығынан айрылған. Сондай-ақ, 12 адам бұзақылық жасағаны үшін, бір мұғалиманы сотталған адамның әйелі болғаны үшін сайлау құқығынан айырған. Ал Ақтөбе округында діни сектаның мүшелері болғандары үшін және 11 диханшы екіден әйелдері болғандығы үшін, бұған қоса 55 жастан асқандардың бәрін сайлау құқықтарынан айырған.⁴⁷⁶ Бұдан біз 1929 жылы сайлау құқығынан айрылғандардың саны 1926-27 жылдардағы кеңестерді қайта сайлау кезіндегімен салыстырғанда едәуір өсіп, кең етек алғанын байқаймыз. Егер өткен сайлау науқанында Қаратас ауданы бойынша 227 адам сайлау құқығынан айырылса, кезектен тыс қайта сайлау кезінде олардың саны 1182 адамға көбейген. Сырдария округының 4 ауданы бойынша ғана сайлау құқығынан айрылғандар 3309 адам болған.⁴⁷⁷

Ал бұлардың сайлау құқықтарынан қандай себептермен айрылғандықтары туралы мәліметтерді төменде берілген кестеден көре аламыз:

7-кесте

Сайлау құқығыннан айырудың себептері

Р/с	Сайлау құқықтарынан айырудың себептері	Сайлау құқығынан айрылған адамдар саны
1.	Еңбексіз табылған табыс көзін пайдаланушылар: саудагерлер, жалға берушілер, қанаушылар т.с.с.	1585
2.	Құдайға табынатын діни қызметшілер.	376
3.	Бақсылар	24
4.	Бұрынғы болыстық бастықтар мен байлар	48
5.	Тәуіптер	24
6.	Бұрынғы полицейлер, жандармдар	14
7.	Ақ армияның офицерлері	2
8.	Әкімшілік жолмен жер аударылғандар	44
9.	Ақыл-есі жоқтар	16
10.	Сайлау құқығынан айрылғандар, отбасының мүшелері.	1176
	Барлығы	3576 адам

Кестеде келтірілген «айыпталғандардың» ішіндегі ең соңғы топты сайлау құқығынан айырылғандардың отбасынан шыққаны үшін сенімсіз деп тауып, оларды да сайлау құқықтарынан айырған. Ал 1929 жылдары кейбір жағдайларда белсенділік көрсеткен орташалар сайлау алдындағы болатын кедейлер жиналыстарына жіберілмей, заңсыз сайлау құқығынан айырылып жазаланған.⁴⁷⁸ Осындай сайлау комиссиясының жұмысы барысында адамдардың сайлау құқығын заңсыз айырған кездері тіпті жиі болған.

Голощекиннің Қазақстандағы адам құқығын осылай аяқасты етіп, заңсыздықтарды кеңінен және қатал жүргізуіне 1928 жылдың қаңтар және ақпан айларында И.Сталиннің Сібірге астық дайындауды жеделдету үшін жасаған сапары одан сайын түрткі болды. Ол бұл сапарында сот және прокуратура органдарына РСФСР қылмысты істер кодексінің 107-бабын пайдаланып, астық дайындау жоспарын орындамаған шаруаларды жаппай соттауды ұсынды.

Мұндай тегеуірінді әкімшілік зобалаңы қазақ ауылдарында ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау науқандары барысында тіпті өршіп кетті. Ешбір қисынға келмейтін міндетті түрде астық дайындау, ежелгі мал шаруашылықты аудандардың астық екпейтін шаруашылықтарына да қолданылды. Жазадан үрейленген жұрт малын астыққа айырбастауға және сол астықты дайындау есебіне өткізуге мәжбүр болды.

Бұл салықты өтеу үшін ол қолындағы малын сатып, өзін сотталудан құтқарам десе де бәрібір, оған мал басын кеміткен деп айып тағылып, қылмысты деп есептелді. Қазақ шаруашылығы бұрын-соңды тарихында дәл мұндай қысастықпен жасалған қиянатты көрмеп еді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау көлемдері жоспарлы тапсырмалармен белгіленді, бірақ бұл тапсырмалардың есепті мөлшері халықтың қолындағы нақты мал санынан, астықтан анағұрлым артық болып отырды. Бұған дәлел Орал округының Жымпиты ауданындағы бір ауылдың орташа шаруасы Есенәлинге, орталықтан барған уәкіл 50 пұт ет салығын салып, дереу 10 сағат уақыт ішінде

төлеуін талап етеді. Ол бұл салықтан құтылу үшін жалмажан қолындағы бар 2 сиырын сойып, етін өткізеді. Алайда бұл әрекетін Кеңес өкіметі органдары қасақана мал басын талан-таражға салу деп бағалап, қолындағы барлық үй-мүлкін кәмпескелеп, өзін соттаған.⁴⁷⁹ Дайындау көлемі жоғарыдан жоспарлы түрде түсіріліп, жергілікті жердегі шаруалардың нақты жағдайы, мал басы, оның саны ескерілмеді. Мысалы, 183 мың ірі қара малы бар Балқаш ауданыны тұрғындарына 300 мың мал өткізудің мемлекеттік салғырт жоспарын орындау жүктелген.⁴⁸⁰ Осындай оқиғалар республиканың өзгеде округтарында жиі кездесетін құбылысқа айналды. Қолдан жасалған «қылмыстыларды» топ-тобымен соттады. Мәселен, Шу ауданының халық соты жоғарғыдай малды талан-тараж етті деп бір үкіммен 83 адамды бірден соттаған. Қазақ АКСР юстиция халық комиссариатының 1930 жылғы 1 шілдесіне дейінгі есебі бойынша мал-мүлікті «ысырап» қылғаны үшін 2662 адам сотталған».⁴⁸¹ Дайындау науқандары барысында Қазақстанда шаруаларға қарсы кең көлемде жазалаулар жүргізілді. Осы кезеңде 56498 ауыл тұрғыны әкімшілік-қылмыстық жауапқа тартылды. Оның 34121 адамы сотталды. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті бюросының 1930 жылы қаңтардың басында өткен жабық мәжілісінде Голощекин астық дайындау барысында 1928 жылы 1 қарашадан 1929 жылғы 1 желтоқсанға дейін сотталған 125 адам ату жазасына кесілгенін, ал, Саяси Бас басқарма тарапынан осы кезең ішінде 152 адам атылғанын хабарлайды.⁴⁸²

Деревня мен ауылдарға өлкелік және округтік органдардан аса қатал арнайы нұсқаулар мен құқықтар берілген 4812 уәкіл жіберілді. Өздерінің заңнан тыс еркіндіктерін сезінген бұлар барған жерлерінде қатыгездіктің неше түрлі сорақы үлгілерін көрсетті.⁴⁸³ Мәселен, астық дайындау науқанымен сабақтас жауапқа тартылған қандастарымыздың саны әр бес күн сайын шығарылып отырылған. Әр бес күн сайын Қазақстан бойынша 28 мыңнан 87 мыңға дейін жан басы сотталған екен. Яғни, құдайдың құтты күні 5 мыңнан астам адамға үкім шығарылыпты.⁴⁸⁴

Мұрағаттағы деректемелерде жазылғандай, өтірік ату жазасына кесу, ату жазасына кесілді-міс деген желеумен қасақана бірнеше рет басынан асыра мылтық ату, сөйтіп құрбандықтың үрейін алып, есін шығару, аязда шешіндіру, бүкіл ел алдында жалаң аяқ қар кештіріп айдап өту, мұз ойыққа «шомылдыру», т.б. осы сияқты әдістер жиі қолданылған. Мысалы, Кеңес өкіметі белсенділерінің Жәнібек, Орда, Тайпақ аудандарында өз айтқандарын орындату мақсатында шаруалардың жаппай үй - мүліктерін тартып алуы, суық қораға қамап, үстіне мұздай су құю, әйелдерді зорлау, аязда шешіндіру, жалаң аяқ қармен жүргізу, мұз ойыққа «шомылдыру», тірідей өртеу т.б. осы сияқты жазалау фактілері тіркелген.⁴⁸⁵ Қызылорда ауданында болған уәкілдер ол тұтқындардың қол аяқтарын бір-біріне байлап, үстеріне суық су құйып, қыстыгүні сиыр қораға апарып тастаған. Осындай адамдарды қорлау сол жылдардағы Кеңес өкіметінің уәкілдерінің кез келгенінің шұғылданған ісі болған. Тіпті, кейде мұндай заңсыз асыра сілтеушілік бүтін аудандық партия ұйымдары тарапынан да жүзеге асырылып отырылған. Оған дәлел, астық дайындау науқанында Ақтөбе округының Ақкемер аудандық партия комитеті астықты көрсетілген мөлшерден кем тапсырғаны үшін № 2-3 ауылдың тұрғындарының, оның көпшілігі орташалар мен кедейлердің мүліктерін тартып алу туралы бұйрық берген. Осындай зорлық Ақбұлақ ауданының Ново-Павловский ауылдық Кеңесіне уәкіл болып келген округтық атқару комитетінің орынбасары Кюн тарапынан да орын алған. Келе сала түнделетіп актив жиналысын өткізген ол дереу 22 шаруашылықты тәркілеп, тұрған жерлерінен аластауға бұйрық берген. Іле-шала олардың үйлеріне тінту жүргізіліп, киім-кешек, азық-түліктерін басқа да мүліктерін тартып алғандығы туралы тізім жасамай-ақ, оларды ауылдық Кеңес үйіне тасытқызған.⁴⁸⁶ Ал Гурьев округында уәкілдердің бассыздығында шек болмаған олар бір қойдан 1 пұт жүн алуды талап еткен.⁴⁸⁷

Қазақ ауылдарынан мақта мен жүн жинаудың шектен шыққаны соншалық, олардың жамылған көрпелерін сөктіріп, қомшаларын, текеметтерін өткізуге мәжбүр ет-

кізген. Тіпті, кейбір аудандарда ескі-құсқы тапсыру жоспарланып, ол әрбір от басына міндеттелген. Мысалы, Іле ауданында әрбір семьяға 2 пұт сүйек, ескі-құсқы және бір иттің терісін өткізу жүктелген. Ол кезде Казкрайсоюздың басшысы Решетняк жолдастың қолымен барлық жерлерде жылқылардың құйрығы мен жалын күзеуді дереу ұйымдастыруды талап еткен жеделхат келіп түскен. Қызылорда округының ауылдарында кедей-кепшіктер ескі-құсқы жинаудағы осы шұғыл тапсырмаларды орындау барысында киіз үйлерінің туырлықтарына дейін беруге мәжбүр болған.⁴⁸⁸ Мына бір мұрағат дерегі, кеңестер тарапынан болған зорлық әрекеттер, Қызылорда округының Ақкемер ауданында ерекше болғанын дәлелдейді. Бұл жерде әрбір от басына жеке жоспар жасалып, ол 5 тәуліктен асырылмай орындалуға тиіс болған. Тәркілейміз, тұтқындаймыз деп қорқыту-үркіту арқылы көптеген ауылдарда түйе, есек, тіпті, иттерді де сойдырып, оның сүйектерін тапсыртқызған. Ірі қара малдың мүйіздерін тірідей кестіріп, жылқылардың жалын құйрығын күзетіп, кигіз, қомшаларды, арқандарды тарқатып тапсыруға мәжбүр еткен.⁴⁸⁹

Сайлау құқығынан айыру, аудан ауқымынан қуып жібереміз деп қорқыту, қудалау немесе алдын ала түрмеге қамау секілді мәжбүрлеу әдістері кеңінен қолданылған. Мұндай зорлық, қысым көбінесе қазақ ауылдарында ғана жүргізілді. Оларға қылмыстық кодекстің алуан түрлі баптары қолданылды. Сондықтан да «қулаққа жатқызылған» топқа жүздеген мың жазықсыз адамдар іліктірілді. Ал істі болғандар енші бөлінгендігі, жеке иелігіндегі малды жұтатып алғандығы, астық науқанына салғырт қарағандығы үшін айыпталған. Кеңес өкіметінің сол кездегі қылмыстық істер кодексінде тіпті мұндай бап болмаған. Тәркілеу шараларының заңдық негізі осылай жасанды болған. Онда астық салығына бойұсынбағандарды ыңшыңсыз жауапқа тарту үшін қылмыстық кодекстің 61-бабын пайдаланатынын 1929 жылғы желтоқсан айының 30 күні ескерткен болса, сол ұсыныстан кейін-ақ, ілешала 1930 жылы көкектің 20-нан мамырдың 20-на дейін бір айлық мерзім ішінде ғана Қазақстан бойынша 3859 адам 1248427 сом айып төлеп, 7374 азамат сотталып ұл-

герген. 1 миллион 353 мың 933 отағасының дүние-мүлкі тәркіленген.⁴⁹⁰ Бұл жерде тіпті бір адамның өзін бір ай ішінде бірнеше рет тәркілеп бай, кедей, орташа деп сұрыптап жатпай, науқанға қарсы қылмыскер ретінде істі қылып отырған. Тағы бір құпия мәліметте жоғарыдағы құжаттың 16,58-7, 79,79-1-баптарына амалсыз қосымша түзетулер енгізілгендігі айтылған.⁴⁹¹

Бұл түзетулер заңда бұрын болмаған, халыққа қарсы қолданылған жазалау шараларын ақтау үшін пайдаланылды. Ал осындай жасанды заңдастырылған бұйрықтарды орындаушылардың басым көпшілігі заңнан хабары жоқ кездейсоқ адамдар болды. Оған Қостанай округінде жол берілген төмендегі маскара жағдай дәлел. Ондағы соттар уәкілдер ретінде әртүрлі науқандарға жұмылдырылып, ал, сот қызметтеріне мүлдем дайындығы жоқ кездейсоқ, тек айтқанды екі етпей орындайтын «лайықты» адамдар тандап алынды. Тағайындалған соттарға сол жерде таза бланктерге дереу аты-жөні жазылып, қол қойылған мөрі басылған, сот екендіктерін растайтын куәлік-құжат тапсырылған. Сөйтіп, республика басшысының айтқанын бұлжытпай орындайтын, «шаш ал десе бас алатын» жандайшаптар көбейді. Осындайлардың қолымен Голощекин барлық округтарда әкімшілік және сот арқылы өз мақсатын орындау жолында орташаларды, тіпті кедейлерді де қуғын-сүргінге ұшыратты. Осы науқанда артық астығын тапсырмады деп айыпталып сотталғандардың дені, яғни 51 пайызы орташалар мен кедейлер болды.⁴⁹² Партияның қатаң талап еткен жоспарын орындау тек кулактар шаруашылығына ғана емес, осылай көбінесе орташаларға да жүктелді. Осындай зорлықпен телінген жоспарлардың орындалу барысында Петропавл округының шаруа шаруашылығының төрттен бірі қысқартылып, оның арты орны толмас қиыншылыққа ұрындырылып, азық-түлік тапшылығын туғызды.⁴⁹³

Сол кездегі республика көлеміндегі құрылған комиссияның мүшелері Асылбеков, Жалин, Альшанский, Авилов, Арықова, Раздобреевтердің берген мәліметтері бойынша Петропавл округында азық орнына мысық жесе, Орал округында сарышұнақ тышқандарды жеуге мәжбүр болған.⁴⁹⁴

1930-31 жылдың қысында жергілікті орындарға «қайткен күнде де» астық дайындау жөнінде ызбарлы жаңа нұсқаулар түсе бастады. БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің 1931 жылғы ақпан пленумында өлкелік комитеттің бірінші хатшысы И.Голощекин: «Астық дайындаудың осы науқанында біз жаңа көрініске тап болып отырмыз, бұл-асыра сілтеуден қорқушылық. Асыра сілтеуден мұндай қорқушылықтың астарында барып тұрған оппортунизм бұқпантайлап жатыр... Бұл «оппортунизмді» қалай жеңу керектігі округтік комитеттерге берілген жеделхаттарда көрсетілді: «астық дайындаудың табысты өтуі жолында болмай қоймайтын асыра сілтеулер үшін берілген партиялық жазалар қайта қаралып, қызметкерлер ақталсын. Округтік комитеттер жауапкершілік үшін жалтақтамастан жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» екенін ескертуі, жергілікті органдардың шаруаларға төтенше шараларды қайтадан қолдануына «еркіндік берді».⁴⁹⁵ Зандылық, адам құқығы саясат шылауында кеткен осы 1931 жылы ғана Қазақстаннан тыс жерлерге 5500 шаруа бай-кулак ретінде қуғындалып, айдалып кетті.⁴⁹⁶

Ал астық дайындау науқанында сотталғандардың 45,6 пайызы кулактар, 27,0 пайызы ауқаттылар, 19,0 пайызы орташалар, 5,9 пайызы кедейлер болды.⁴⁹⁷ Бұл сотталғандар Мемлекеттік саяси басқарма бөлімінің (ОГПУ) еңбекпен түзету лагерлеріне жөнелтілді. 1931 жылдың 1 шілдесінде Карлагта 21328 адам тұтқында болған, олардың 2226-кулактар, 5307-орташалар, 5140-кедейлер, 506-батырақтар, 2864-колхозшылар болған.⁴⁹⁸

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма ПП-сының органдары 5 жыл ішінде, яғни 1929-1933 жылдары Қазақ АКСР-інде, толық емес мәлімет бойынша, 9805 істі қарап, 22933 адам жөнінде шешім қабылдаған, соның ішінде 3386 адам ең жоғары жазаға-ату жазасына, 13151 адам 3 жылдан 10 жыл мерзімге дейін тұтқын лагерлерінде ұстау жазасына кесілген. Үштіктің шешімін өлкелік және облыстық партия комитеттері оларды бекітіп отырған.⁴⁹⁹ Ал бұл Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органда-

ры сол кездегі Конституцияға қайшы құрылған ұйым болып шықты. *30-жылдардың басында Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жанынан адам құқығына қарсы бағытталған құпия сектор ашылып, ол сол кездегі саясатқа наразы болғандарды, ұлтшылдарды қисынын тауып белгісіз жағдайда өлтірумен шұғылданға.*⁵⁰⁰

Мысалы, Ақмола округындағы Азат ауданында астық тапсыра алмаушыларды, ұрып-соғу, азаптау мұздай суға шомылдыру фактілері болған болса, Алматы округының Калинин ауданында (қазіргі Шамалған селосында) «қара бойкот» жарияланып, 22 шаруашылықтың есік-терезесі шегеленіп, жабылған, су алуға отын әкелуге тек түнде ғана шығуына рұқсат етілген. Мұндай «қара байкоттар» Петропавл округының селоларында да жүргізілген.⁵⁰¹ Ақтөбе округының Елек ауданында 200-ге жуық орташа және кедей қазақтар астық тапсырмағаны үшін тұтқындалған. Бұл малшы-қазақтар өмірінде ешуақытта егін салмағандар ондай кәсіппен тіпті айналыспағандар еді. Айтқандарын орындатуды мақсат еткен ішкі істер қызметкерлері кедейлердің мойындарына қыл арқан салып, дарға асып өлтіреміз деп қорқытып, азабы жанына бататындай күйге душар еткен.⁵⁰²

Осы оқиғаның арқауы болып отырған шағын деректердің өзі бірінші хатшының, яғни Ф.И.Голощекиннің әміршіл-әкімшіл жүйеге жағынып істеген зұлымдықтарын көрсетеді. Осы зұлымдық, қазақ ұлтын менсінбеушілік, шовинистік пиғыл, империялық астамшылдық көзқарас бұл халықтың жартысына жуығын қырып жіберді. Жат пиғылдан туған жаны ашымастық, жүгенсіздік пен асыра сілтеу жергілікті халықтың шаруашылығын мүлдем күйретіп тынды. Осындай әулекі бассыздық, тұтас ұлтқа бағытталған саясаттың қатыгездігі, шын мәнінде, қазақ ауылынан бай-кулак тұрмақ, орта шаруаның өзін де кездестіру мүмкін болмайтын жағдайға жеткізді. Орталық нұсқаған жергілікті жердегі басшылар қолдап жүзеге асырған бұл саясат халықты жаппай азып-тозып, қырылуға ұрындырды. Осының салдары болған 30 жылдардың басындағы зобалаңдағы адам шығынын, әр зерттеуші әр қалай есептеуде. Біреулері

1,3 миллион, екіншісі 1,5 миллион десе, Ел президенті Н.Назарбаев: «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын»-деген еңбегінде сол 1932-33 жылдары аштық пен індеттен, сталиндік-голошекиндік қуғын-сүргіннен құрбан болғандар 1 миллион 750 мың адам немесе республикадағы қазақ жұртының жалпы санының 42 пайызы»⁵⁰³-деп, дәлелді фактілерге сүйене отырып көрсетіп берді.

Міне, қазақ халқына жасалған осындай геноцид, өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай әлемдік дәрежеде айыпталуы тиіс. Өйткені тұтас бір халыққа жасалған қиянат, геноцид оған кінәлілер осы күнге дейін тарих үкіміне ұшыраған жоқ.

Тіл мен дін қай халықтың болмасын өнер, өсер тиянақты тұғыры екені белгілі. Ал Кеңестер өкіметі 20-30 жылдары қазақ халқын осы құндылықтардан зорлықпен айырды. Ірі байлармен қатар дін иелері оны тұтушы мұсылмандарды да азаматтық құқықтарынан күштеп айырып, оларды жер аударып, молда, қажы тұқымдары қудалауға ұшырады. Коммунистік идея мен дін сыйыспайды деген ұранды желеу етіп, бетке ұстаған жергілікті «белсенділер» ойларына келгенін істеді. Мешіттер мен шіркеулерді жау тигендей қиратты, қасиетті құрандар мен діни кітаптарды өртеді. Сөйтіп, Орталықтан басқарылып, жүргізілген саясат нәтижесінде халқымыздың басым бөлігі өз дінінен, тілінен ажырап қалды. Тарихта тәуелсіз елдің құқығы болмайтынын қазақ халқына қарсы жүргізілген осы жойқын саясаттан көреміз. *Ол саясат қалай жүргізілгені туралы сол кезеңнің куәгері Мұстафа Шоқай: «Кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырату, азаққа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді. Адам баласы мүгедектікке қалай үйренсе, кеңестік Ресейдің қол астында қалған тұрғындар кеңестік шаруашылық саясаты тудырып отырған қыспақтарға да солай көндізуде»*⁵⁰⁴ деп оның бет пердесін ашып берген болатын.

«Біз, қазақтар тек Қазақстан республикасы деген атауға ғана қанағатпыз, ал республика құрлысының

мазмұны-біздің ісіміз емес өйткені оған біз қожа емеспіз... Бұрын билеп келген ұлттың өкілдері революцияға бола өз үстемдіктерінен қалай бас тартпақ... Қазір қазақтар бұрынғыдан кем қаналмайды. Бұрын қазақтарды кімдер қанады, олар қазірде қанауда»⁵⁰⁵ деп сол саясаттың ішінде жүрген арыстарымыздың өздері дәрменсіздіктерін мойындаған еді.

Сол кезде большевиктердің осылай тоталитарлық тәртіпке арқа сүйемеске амалы болмаған, өйткені олардың алға қойған мақсаттарының барлығы қияли, жүзеге асуы екіталай сандырақ болды. Сондықтан зорлық әдісін басты құрал ретінде қолданған олардың басқа шарасы қалмаған.

Кеңес өкіметі өз азаматтарына ождан және діни сенім бостандығын салтанатты түрде жариялай отырып, сонымен қатар, ымырасыз атеистік саясат та жүргізді, ол дінге қарсы тағылықтың шектен шыққан үлгісін көрсетті, мораль мен құқықтың барлық нормалары ашықтан-ашық аяққа басылды. Мәселен, Қазақстанда қысқа мерзім ішінде мешіттердің, намазханалар мен шіркеулердің көпшілігі қиратылды. Халықтың пікірімен және көңіл-күйімен санаспай, селолық аудандарда діни үй-жайлардың (Забия мешіттер) барлығы дерлік құлатылды немесе жабылды. Кеңестендіру жылдарында большевиктер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылдарына енгізуге кедергі жасайтын басты тосқауыл осы ислам діні деп біліп, ол дінді тұтушыларды да тап жауларының қатарына қосып, оларға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Сол күрес Қазақстанда «коммунистік идея мен дін сыйыспайды» деген ұранды желеу етіп жүргізілді. Осы қағиданы бетке ұстаған жергілікті «белсенділер» ойларына келгендерін істеді. Мешіттер мен шіркеулерді талқандап, қасиетті құрандар мен діни кітаптарды өртеді. Оған дәлел тек бір Атырау өңірінде сол жылдары Ахмедияр Халфе, Еркінғали Ахон, Мырзағали, Қарабала, Хасен хазірет, Маман, Жайық бойындағы Тегісбай және Құспан, Ғаббас мешіттері, Толыбайдағы Хасан, Ғұбайдолла, Нарындағы Әйіп мешіттері бұзылып, онда қызмет еткен молдалар, олар-

дың туыстары Кеңес өкіметінің жауы ретінде қуғындалды.⁵⁰⁶ Халық өздерінің діни рухани сұраныстарын қанағаттандыру үшін жасырын жұмыс істеуге мәжбүр болған. 1928 жылы Қазақстанда осындай 286 діни (150 өзбек, 115 қазақ, 11 татар) мектептері жұмыс істеп, оларда 5 жасан 15 жасқа дейінгі 5155 шәкірт оқыған.⁵⁰⁷ Сөйтіп, осы кезеңде қазақтарды өз дінінен ажыратуға қатты күш салынды.

Ол жүргізілген саяси жұмыстар нәтижесіз де болмады. Әбден үрейленген халық оның ұрпақтарына дейін кейінгі жылдары дүниеден қайтқандарының жаназасын жасырын шығаратын, ең аяғы балаларын сүндетке отырғызуға дейін қорқатын күйге жеткен еді. Бұл діннен «бездіру» кейінгі жылдары ұлтты рухани дағдарысқа жақындауын тездете түсті. Өйткені тіл мен дін қай халықтың болмасын, өсіп-өркендеуінің тиянақты тұғыры екені белгілі. Голощекин тіпті араб алфавитінен исламның «иісін сезіп», әседел ғарып өзгертуді де талап етті. Кеңестер дәуірінде большевиктер адамзаттың жабайылылықтан арылу жолында өз заманында прогрестік рөл атқарған адамның рухани-әлеуметтік дамуының көрінісі болған дінді апиын деп халыққа қарсы қойды. Сөйтіп, коммунистік тәрбиемен ауызданған халқымыздың көбі бұдан кейін діннен бойын аулақ салып оған шошына қарайтын болды. Біздің ұлттық қадір-қасиетімізді, тәрбиеміздің нәрі болған «тәубе», «обал», «иман», «сауап», «адалдық», «арамдық», «қарғыс» т.б. осы тәрізді қазақтық болмысымыздан айырып ұрпақтың мәңгүрттенуіне негіз қаланды.

Халықтың санасын үрей билеп, ұлттық тұтастықтан айрылар күйге жетті. Сөйтіп Орталықтан басқарылған жойқын насихат науқанының нәтижесінде халқымыздың дені өз дінінен, тілінен ажырап қалды, ұлттың ділі, болмысы өзгерді. Ал халық санасындағы бұл жасанды өзгеріс бүгінде қазақи ұлттық тамырдан айыруға әкеліп келешекке қауіп төндіруде. Сталиннің әсеке басына табынуды берік орнықтырған, күштеу, зорлау әдістерімен социализмді орнату кезеңі, өзге де тарихи оқиғаларды өмірге әкелді.

**Қазақстан Ұлы Отан соғысы және соғыстан
кейінгі бейбіт өмірге көшу жылдарында
/1941-1950жж./**

- 1.5. Фашизмнің жандануы. Қазақстандықтардың майданға аттануы және олардың қаһармандық ерліктері
- 2.5. Республика экономикасын майдан мүддесіне бейімдеп құру. Халықтың тылдағы ерен ерлігі.
- 3.5. Соғыс жылдарында қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған халықтардың Қазақстанға көшірілуі. Депортация. Сталиндік лагерлер.
- 4.5. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның халық шаруашылығы, қоғамдық өмірінде жүргізілген саяси-идеологиялық науқандар. Жұмабай Шаяхметов-мемлекет қайраткері.

**1.5. Фашизмнің жандануы. Қазақстандықтардың
майданға аттануы және олардың қаһармандық
ерліктері**

Фашизмге (fascismo-итальян сөзі-бірігу деген мағанада) қарсы құрылған антигитлерлік (коалиция) одақтың ұйымдасуының адамзат баласын фашизмнің қанды тырнағынан құтқарудағы тарихи рөлін бүгін айқын көруге болады. Фашизм пайда болған 20-шы жылдың басында осы коалиция неге құрылмады? Неге фашизмнің алдын алмады? Оған жауапты мына жағдайлардан іздестіреміз. Сол кездегі халықаралық аренада беделі күшті ірі державалар мен кейбір мемлекеттердің өз мүдделерін көздеп бірігіп, өзара қимылдаған жасырын әрекеттерінен еді. Гитлерге қарсы ұйым қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің арасында өзара ұзақ аңдысудан кейін, тек фашизм бүкіл адамзатқа қауіп төндіре бастаған кезде ғана мүмкін болды. Егерде, өз мақсаттарын нығайтудағы әр түрлі айлалар, саясаттар, болмағанда, антигитлерлік ұйым ертерек құрылғанда мүмкін ІІ дүниежүзілік соғыс болмаған да болар еді.

Герман фашизмінің агрессияшыл әрекеті тіпті сонау 20-шы жылдары байқалған болатын. Ұлтшыл партия сол кезде өз программасында неміс халқының дамуына

келешекте үлкен территория керек деп көрсеткен еді. 1930 жылдардың ортасында фашизмге қарсы күрес екі бағытта жүргізілді. КСРО бастаған мемлекеттердің бір тобы фашизмге қарсы күштерді біріктіруге тырысты. Осы бағытта Чехословакия мен Франциямен келісім жасалынды. Бұл одақ Испания республикасын құтқару жолында, Жапондардың Қытайға жорығын ауыздықтауға әрекет жасады. Өкінішке орай, КСРО-ның бұл қадамы басқа мемлекеттер тарапынан қолдау таппады. Ол мемлекеттер КСРО-ны әлемдік дүниежүзілік революцияның отын тұтатушы мемлекет, ошақ деп сескенді. Сөйтіп буржуазиялық демократиялық қоғамға зиян келеді деп ойлады. Сондай-ақ КСРО-ға сенімсіздік білдіруге мәжбүр еткен екінші жағдай елдің өз ішінде болып жатқан Сталиндік басқару тәртібі оның жүргізген қатігез саясаты еді.

Ірі державалар фашистік Германияны басқа мемлекеттер арқылы күшін әлсіретіп, саяси билікке өздері қол жеткізуді естен шығармады. Ал мұндай қулық әрекеті шынайы антифашистік коалицияның қатарына жатқызуға болмайтын еді. 1938-39 жылдары батыс мемлекеттері осындай екіжүзділік саясат ұстанды. Англия мен Францияның саясаткерлері фашистік агрессияны ауыздықтауда КСРО-мен немқұрайды ұзын-сонар шешімі нәтижесіз келісімдер ғана жүргізе берді. 1939 жылдың 23 тамызында болған Совет-герман келіссөзі кездейсоқ болған жоқ. Өйткені фашизмге қарсы тұратын нақты күш одақ болмағандықтан, КСРО-ға қауіп күшейгендіктен батыс мемлекеттердің фашистік Германияны КСРО-ға қарсы айтақтауынан, күш жұмсауға көшуі Жапонияның Қытайға соқтығуы, Қиыр Шығыста Совет шекарасына қауіп төнгізуі жақын орналасқан Польша, Румыния, үш балтық мемлекеттерінің КСРО-ға деген жаулық әрекеттері себеп болды. Сондай-ақ 1939 жылы тамызға дейін Англия, Франция және т.б. мемлекеттер Германиямен өзара шабуыл жасаспау туралы келісім шартына қол қойған. Осы жағдайда Сталин мен Молотов ірі дипломатиялық маневрге тәуекел етті. Сөйтіп, төнген қауіпті екі жылға шегерді. Осындай дұрыс қадам жасаған Сталин бұдан былайғы уақытта жыртқыш Германия мемлекетімен жасалған келісімге көзсіз сеніп, басқа одан

кейінде КСРО-ға қарсы жасалған жаулық әрекеттерді мүлдем елемеді.

1939 жылы 28 қыркүйекте КСРО мен Германия арасында шекара туралы, өзара достық туралы, жаңа келісім шарты жасалынды. Осыдан кейін тіпті КСРО-да антифашистік үгіт жүргізуге тиым салынды. Тамыз келісімі дұрыс жасалған қадам болғанымен, екінші қыркүйек келісімі саяси қате қадам болды. Бұл келісімнің зардаптары демократиялық күштердің ашу ызасын туғызды. 1940 жылы қарашада Берлинге барған Молотов Польша маңайына, КСРО шекарасына жақын жерге Германия әскерінің шоғырлануының себебін білгісі келіп қойған сұрағына, ол ағылшын самолеттерінің әуе шабуылынан қорғану үшін істелген дислокация дегеніне сенуі, мүлдем көзсіз сорақылық болды. Бұл жауаптың артында ол кезде КСРО-ға қарсы «Барборосса» жоспары бойынша жасалған соғыс әрекеттері бітуге жақындаған еді.

Екінші дүниежүзілік соғысқа әлемнің 61 мемлекеті, жер шары халқының 80 пайызы тартылды. Соғыс өрті Еуропа, Азия және Африка континенттерін шарпыды. Екінші дүниежүзілік соғыс 30-шы жылдардың ортасында-ақ белгілі болды. Ол 1931-32 жылдары үштік одақтың белсенді мүшесі Жапонияның Солтүстік-Шығыс Қытайды басып алуымен білінді. 1937 жылы Жапон мемлекеті Орталық Қытайды жаулап алды. Фашистік Германияның екінші одақтасы Италия 1935 жылы Абиссиняға басып кірді. Содан кейін герман-итальян интервенттері 1936-38 жылдары Испанияны, 1938 жылы Германия Австрияны басып алды. Сөйтіп екінші дүниежүзілік соғыс басталды.

Бұл соғысқа қарсы жүргізілген Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы, көп ұлтты алып Отанымыздың тарихындағы сұрапыл да қаһармандық кезең болып табылады. Гитлер, оның сыбайластары фашистік соғыс машинасының күшімен Кеңес елін, оның қоғамдық құрылысын құртуды мақсат етті. Фашизм Кеңес Одағын бөлшектеп, «Остландия» (Белоруссия мен Прибалтика), «Московия» (Москва, Тула, Ленинград, Горький, Барна, Қазан, Уфа, Пермь) «Украина» (Украина, Еділ бойы, Воронеж), «Кавказ» (Армения, Азербайжан, Грузия, Солтүстік Кавказ) сияқты отар елдерді, Азия жерінде «Түркістан», «Еділ-

Орал» деген буржуазиялық мұсылман мемлекеттерін құруды көздеді.

Кеңес адамдары өздерінің бейбіт өмірлерін тоқтатуға мәжбүр болды. Сөйтіп кеңес халқының өмірінде жаңа тарихи кезең, неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. 1941 жылғы 29 маусымдағы партияның Орталық комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің директивасында, КСРО-ға, бүкіл адамзатқа қатерлі қауіп төнгенін хабарлады. Кеңес адамдары социалистік Отанды қорғауға аттанды. Кеңес халқының өмірінде қиын-қыстау кезең-неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысы кезеңі басталды.

Жоғарыда қабылданған директивада көрсетілгендей партия және кеңес органдарының бүкіл жұмыстары соғыс уақытының қатал талаптарына сәйкес қайта құру жөніндегі міндеттерін белгіледі. 1941 жылы 30 маусымда БК(б)П Орталық Комитеті, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі бірлескен шешім қабылдап, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетін құрды. Елдегі бүкіл өкімет билігі түгелдей Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қолына шоғырландырылды. Алайда Ұлы Отан соғысы қарсаңында сталиндік қуғын-сүргіннің өршіген кезеңінде (1938-1939жж) Қызыл Армияның әскери құрамындағы негізгі маман әскери басшылар қуғын-сүргінге ұшыратылды. Олардың жоғары лауазымды әскербасшыларының 55 пайызы жазықсыз қудалаудың құрбаны болды. Азамат соғысының от-жалынына шындалған 43 мыңға жуық Қызыл Армия командирлері сталиндік лагерлерде опат болды.

Соғыс алдындағы Советтер Одағының 5 маршалының 3-уі, бірінші рангалы екі армия комиссарының-2-уі, екінші рангалы 12 командармның -12-сі бірдей, бірінші рангалы флоттың 2 флагманының -2-уі, екінші рангалы 15 армия комиссарының 15-і, 67 корпус командирінің 60-ы, 28 корпус комиссарының - 25-і, 199 дивизия командирінің -136-сы, 397 бригада командирінің-221, 36 бригада комиссарының -34 – і атылды.⁵⁰⁸

1937 жылы Қызыл Армия қатарында 1 миллион 470 мың адам болды. 1939 жылы 2 миллионға жуық әскер шоғырландырылды. Ал 1941 жылдың маусым айында 4,5 миллион адам болды.⁵⁰⁹

Қызыл Армияның М.Н.Тухачевский, В.К.Блюхер, И.Э. Якир, И.П.Уборевич т.б. даңқты командирлері, әскер ісінің теоретиктері репрессия тұзағына ілініп, қолбасшылардың қатары сиреді.

Кейінгі ұрпаққа беріліп келген Ұлы Отан соғысы туралы тарихи ақпараттардың шындығымен қоса, шырғалаңға толы бұрмаланған тұстары да аз болмады. Бұның басты себебі сол кездегі кеңестік империялық саясат шынайы тарихты айтуға тиым салды. Ал шындығына келер болсақ бұл соғыс қазақ халқына қатысы жоқ еді, шын мәнісінде ол фашизм мен қызыл империя арасындағы империалистік сипаттағы әлемдік зұлымдық мақсаттағы дүлей қақтығыс болатын. Ал Қазақстан Кеңестік империяның қоластындағы республика болғандықтан соғысқа тартылды.

Ұлы Отан соғысына КСРО-ның басқа халықтары мен бірге қазақстандықтар да соғысқа аттанды. Қызыл Армияның қатарына алынған көптеген ұлт өкілдері мекендейтін Қазақстанның 1 миллион 200 мың ұлдары мен қыздары жан қиярлықпен соғысты. Бұл соғыстан 350 мың қазақ азаматы елге оралмады.

Қызыл Армия қатарына 26 әскери құрама, оның 11 ұлттық бөлімдер етіліп жасақталып жіберілді. Қазақстан соғыс жылдары Қызыл Армияның таңдаулы бөлімшелері мен құрамалары құрылған қуатты әскери лагерге айналды. Жалпы сол жылдары республика аймағында 12 атқыштар, 4 ұлттық кавалериялық дивизиялары, 7 атқыштар бригадалары (мұның ішінде екеуі ұлттық өкілдерден құрылған) құрылып, майданға аттандырылды. Сондай-ақ мұнда әр түрлі әскерлердің 50-ге жуық полктері мен батальондары жасақталды.

Жоғарыда айтылған ұлттық кавалериялық дивизиялар республикалық бюджет және халықтан жиналған қаржы есебіннен құрылды. Алматының түбінде Қызыл Армия үшін тау атқыштарын даярлайтын арнаулы мектептің ұйымдастырылуы Ұлы Отан соғысы тарихының елеулі

бір оқиғасы болды. Мұнда алдында әскер қатарына жаңадан шақырылған жасөспірімдер оқыса, кейін соғыста тәжірибе алған офицерлер, тұтастай әскери бөлімшелер әзірленіп, олар соңынан Карпат, Татра, Бескид, Судет, Трансильвания Аьпісі және басқа таулы аймақтардағы ұрыстарға жіберілді. Қазақстандық құрамалардың жауынгерлік жолы, қаһарлы 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастардан басталып, Сталинград түбіндегі, Курск йініндегі ұрыстарға, Днепрді көктей өтуге, Украинаны, Белоруссияны, Молдово мен Балтық бойы елдерін Еуропа мемлекеттерін фашизм бұғауынан босатуға белсене қатысты. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің ішінде біздің жерлесіміз Рахымжан Қошқарбаев пен Илья Сяновтар болды. Кеңес Одағының батырлары, рейхстагтың орталық күмбезіне Жеңіс туын желбіреткен барлаушы жауынгер Михаил Егоров пен Мелитон Кантарияның ерлігіне өз бағасын бере отырып, шындығында бұл қаһармандық ерлікті алғашқы рет 1945 жылғы 30 сәуірдің 1 мамырына қараған түні өзге де жауынгер-барлаушылар жасағанын ұмытуға болмайды. Соғыс кезінде қазақстандық бес әскери құрамаға гвардиялық құрметті атақ беріліп, олардың жауынгерлік туларына бірнеше ордендер тағылды. Олардың ішінде 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясының даңқы асқақтады. Бұл құрамның қатарында сан ерлік көрсеткен алдында батальон, кейін дивизия командирі Бауыржан Момышұлы мен Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин есімдері соғыс шежіресіне мәңгілікке жазылды.

700 мың адам әскери комиссариаттар арқылы еңбек лагерьлеріне аттандырылды. Сөйтіп республика халқының 30 пайызы тікелей соғысқа қатыстырылды. Ал тікелей соғыс қимылдарына қатысқан 371 мың қазақ азаматы опат болған. Мұндай орасан зор шығынның болуының бірнеше себептері де болды. Біріншіден, соғысқа қазақтар соғыс өнерін жетік меңгерместен аттандырылды. Екіншіден, патша заманынан жалғасып келе жатқан орыс офицерлерінің шовинистік көзқарастарының, әрекеттерінің құрбандары болды. Үшіншіден, сол кездегі кеңестік патриоттық идеологиямен уланған жастарымыз өлген-тірілгендеріне қарамай: «Отан үшін,

Сталин үшін» деп бостан - босқа қырылып қалды. 1930-37 жылдары репрессиядан аман қалған интеллигенция өкілдерінің көпшілігі майданға аттанды. Олардың ішінде журналист-публицист Баубек Бұлқышев, дүлдүл ақын Абдолла Жұмағалиев, сазгер-орындаушы Рамазан Елебаев және басқалар талантары шалқып тұрған шақтарында, сол майданда ерлікпен қаза тапты.

Ақиқат - шындыққа жүгінсек, біздің қазақ жауынгерлері нағыз ерліктің үлгілерін көрсетіп отырған. Белгілі орыс жазушысы Илья Эренбург Мәскеуді ерлікпен қорғап жатқан қазақстандық 316, кейін 8 гвардия болып аталған дивизия жауынгерлері турасында 1941 жылғы қазан айында «Правда» газетінде «Қазақтар» деген мақаласында мынадай факті келтірілген. Тұтқынға түскен бір фриц өз жауабында: «Бізге қарай дауылдай дүркіреп, өлгенірілгендеріне, біздің қарша боратқан оғымызға қарамай бір азиаттар жүгіріп келе жатты. Олардың қазақ деген ұлт екенін кейін білдім»-дейді. Ал жазушы бұл жауапты өз ойымен ары қарай былай жалғастырады: «Қазақтар далада жел жетпес жүйрік аттарын мініп дағдыланған халық, олар қажет болса, батпақты жерлерде саз балшықты белуарынан кешіп жүре береді».

Көрнекті әскери қолбасшы генерал-полковник П.И.Ромашко өз естелігінде: «Қазақтар ақжарқын, ақкөңіл, ержүрек, батыр халық екенін осы соғыста көрсете білді. Егер менің әскери құрамама тек қана қазақтардан құралса, мен өз тағдырыма разы болған болар едім»-дейді.

Ал белгілі ағылшын тарихшысы Александр Берт өзінің: «Ресей 1941-1945 жылғы соғыста» деген кітабында: «Қызыл армияның солдаттарының көбі тек қазақтар болды. Олар өздерінің батыр, ер-жүрек, өжет екендіктерін көрсетті»-деп жазған.⁵¹⁰

Алайда қазақтардың ерліктері дер кезінде әділ бағасын алалмады. Бірінші мысал: 1941 жылы Панфиловтың тірі кезінде Бауыржан Момышұлы Ленин орденімен марапатталуға ұсынылған, ал генерал И.Серебряков 1942-ші жаңа жыл қарсаңында оған «Кеңес Одағының батыры» Атағын беруді ұсынған. Өкінішке орай, белгілі себептерге байланысты бұл екі награда да Баукеңе бұйырмаған.

Жазушы Александр Бек соғыс тақырыбына алғаш жазған «Волокалам тас жолы» романының бас кейіпкері етіп осы Бауыржан атамызды алған болатын. Бұны сол кездегі әскери қолбасшылар К. Жуковтан бастап барлығы ұнатпаған.

Екінші мысал: Марапаттау статусы бойынша дұшпанның 100 солдатын атып өлтірген мерген «Кеңес Одағының Батыры» атағына ие болуға тиіс болатын. Ал сол соғыста қазақ Қ.Адамбеков - 239, Ыбрайым Сүлейменов - 281 жауды, ал атақты мерген Төлеуғали Әбдібеков -397 дұшпанның көзін жойса да бұл атақты оларға бермеген. Ал ақиқатқа жүгінер болсақ Адамбеков екі мәрте, Сүлейменов үш мәрте, ал Әбдібеков төрт мәрте рет Батыр атағын алуға тиіс болатын.

Ы.Сүлейменов соғыста 3 винтовка алып жүрген және екі оқтаушысы болған көрінеді. Бір рота солдат пен жалғыз өзі атысып берілмеген дейді. Екі оқтаушы ертіп жүретіндігі тез көз ілеспейтіндей жылдамдықпен атқандықтан бір винтовка қызып кетіп отырған.

Сұрмерген Төлеуғали Әбдібеков Оңтүстік Қазақстан облысы Пахтаарал аудандық әскери комиссариатының шақырумен майданға аттанған. Туған жері Пахтарал совхозы, Ильич атындағы бөлімше. Ол туралы Мәскеудегі Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери мұрағатынан келген дерек көзінде мынадай жазу бар. «Прославленный и непревзойденный снайпер. Хитрый, озорный, выдержанный, хорошо знающий повадки врага довел свой снайперский счет до 395 уничтоженных гитлеровцев. Подготовил 32 снайпера. Умер от ран в медсанбате 23. 02. 1944 г.» деп жазылған мөр басылып қол қойылған. №2916 винтовкасы елге жіберілген.⁵¹¹

Сталинград үшін соғыста Маңғыстау түбегінің азаматы Исатай Сүйеубаев Ленин орденімен марапатталды. Автоматшы И.Сүйеубаев бір ұрыста 300 ден астам жау әскерін атып өлтірген. Жылыой ауданының азаматы Есқайыр Халиков снайпер винтовкасымен 225 фашистің көзін жойған.

Үшінші мысал: Фашистердің ұясы Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатов болатын. Олар Рейхстагқа дейінгі 300 метр

қашықтықты 7,5 сағат бойы еңбектеп жеткен. Өйткені фашистер олардың басын көтертпей оқты қарша боратқан. Рахымжан аман-есен Жеңіс туын тігіп қайтіп келгенде, дивизия командирі оны құшағына алып құттықтаған. Деревья майдан қолбасшысы Жуковке хабарлайды, оның кімдер екенін естіген қолбасшы ашу шақырып, бүкіл майданда ту тігетін орыс табылмаған ба, неге азияттарды жібердің деп бұзқан-талқан болыпты. Қайтадан Жеңіс туын тіктіріңдер біреуі-орыс, екіншісі-ұлы көсем Сталиннің жерлесі болсын деп бұйырады. Мұны осы дивизияның байланыс бөлімінің командирі аға лейтенант Ә.Тәшкенбаев естіп тұрған. Ертеңінде орыс Егоров пен грузин Кантария екінші рет «Жеңіс» туын тіккен. Ал қазақтардың ерлігі сөйтіп атаусыз қалған. Соғыста КСРО-дан 27 миллион адам шығын болса, немістерден небәрі 6,5 миллион адам ғана шығын болыпты.⁵¹² Майданға Республикадан тыс жерлерден шақырылған немесе әскери құрамаларға қосылған қазақстандықтар да қаһармандықтың сан түрлі үлгісін көрсетті. Жаудың шебінде қоршауда қалған жерлестеріміздің көпшілігі партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Соғыс кезінде олардың саны 3,5 мыңға жетті. Олардың арасында соғыс кезіндегі партизандық қозғалыстың көрнекті ұйымдастырушысы болған Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Тоқтағали Жанкелдин, Ғалым Омаров, Нұрым Сыдықов, Сәтімбек Төлушов, Жылыбек Ақәділов, Ғалым Ахмедияров ж.б. бар. Олармен бірге Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова сияқты әйел-партизандар да соғысты. Сондай-ақ қоршауда қалып, жараланған, жау қолына түскендердің тағдыры өте ауыр болды. Аты аңызға айналған Украинаны азат етуге үлесін қосқан қаһарман партизан Қасым Қайсеновтің ерліктері жас ұрпаққа өнеге.

Соғыс басталған алғашқы кезеңде мыңдаған адамдар ұрыс даласында қаза тапты, тірі қалғандары тұтқынға түсті, ал қалғандары партизан отрядына қосылды. Фашистік командованиенің жетекшілері славян емес елдердің өкілдерінен түрлі құрамалар құрып, өз елдеріне қарсы соғыстыруға әрекет жасады. Олардың бір қатарын жаулап алынған аймақтардағы партизандарға қарсы пайдалану көзделді. Мәселен, өзбектер, қазақтар, қырғыздар,

татарлар және Орталық Азиядағы басқада халықтар өкілдерінен құрылған Түркістан легионы қиын да қасіретті жолдан өтті. Бірақ кейбір деректерге, әсіресе легионерлердің өздерінің айтуына қарағанда, олар немістерге қызмет етуге өз еріктерімен бармаған, оларды ұлттық және діни нанымдары бойынша сапқа тұрғызып легионның құрылғанын бір-ақ жариялаған. Сондай-ақ осындай легиондардың қатарынан қашып, Болгариядағы, Югославиядағы, Италиядағы, Франциядағы партизандық қозғалысқа қатысқан жауынгерлер жайлы мәліметтер аз болса да бар. Міне солардың бірі Кеңес одағының Батыры Зиямат Құсанов, партизандар Бошай Қанапиянов, Юсупов және басқалар туралы деректерді атауға болады. Бұлар соғыстан кейін легионерлер қатарында болғандықтары үшін жазықсыз жауапқа тартылған еді. Қазақстанның 500 ұл-қызы Кеңес Одағының Батыры 100-ден астамы «Данқ» орденінің толық иегері атанды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Леонид Беда, Иван Павлов Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алды.

Кеңес Одағының Батыры атағына 97 қазақ ие болды, соның ішінде Шығыстың қаһарман қыздары, мерген Әлия Молдағұлова, пулеметші Мәншүк Мәметова, ұшқыш Хиуаз Доспановалар бар. 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы Қазақ халқының бір туар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлына қайтыс болғаннан кейін берілді. Көзі тірісінде бағасын ала алмаған абзал ағамыздың әлі де болса ашылмаған сыры мен қыры көп. Баукеңді біз тек елі үшін еңіреп туған батыр тұлға ретінде ғана емес, әскери педагог, білгір соғыс психологы, адамды терең түсінетін жазушы, дүние жүзіне танымал қолбасшы ретінде бағалауымыз керек. Бауыржан Момышұлының қаламынан туған «Қанмен жазылған кітабы» әсіресе оның «Соғыс психологиясы» деп аталатын бөлімі тәуелсіз Қазақстан елінің ұлдарын әскери өнерге тәрбиелеуде баға жетпес оқу құралы екенін ерекше атаған жөн. Партизан қозғалысының батыры Қасым Қайсенов Ұлы Отан соғысының жарты ғасырлық мерейтойы алдында Халық Қаһарманы жоғарғы атағына ие болды. Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев ерлігі де тиісті бағасын алуы керек.

Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Әр тәулікте бұл соғыс орта есеппен 14 мың 104 Кеңес адамның өмірін қиып отырды. Әр сағатта - 588, әр минутта -10, әрбір секунд сайын бір адам жер жастанды. Міне, жан түршігерлік арифметика осындай! Бірақ, қазірде бұл цифрлар нақтылауды қажет етеді. Тарихи оқиғаларды бөлшектеп, кейбіреулерін керексіз етіп лақтырып тастау жалпы көріністі бұзады.

Демографиялық деректерге сүйенсек, тікелей майданға 500 мың қазақ азаматтары аттанған. Солардың 300 мыңынан яғни, 70 пайызы соғыста қазаға ұшыраған.⁵¹³

2.5. Республика экономикасын майдан мүддесіне бейімдеп қайта құру. Халықтың тылдағы ерен ерлігі

Қазақстан соғыс жылдары майданның арсеналына айналды. Еңбекшілер майдан мүддесі жолында жанқиярлықпен жұмыс істеді, біржағынан стратегиялық маңызы зор, түсті металлургия өнімдерін шығарудағы республиканың рөлі артты. Бізде қорғаныс өнеркәсібі үшін аса қажетті мыстың үштен бірі өндірілді. Соғыс кезінде әр он оқтың тоғызы, біздің елде өндірілген қорғасыннан құйылған болатын. Бұл да ақиқат. Қысқа мерзімде тез арада Қоңырат молибден рудниктері, Жезді марганец кеніші, Ақтөбе облысында Хромтау, Ақтөбе ферроқортпа зауыты мен Қарағанды облысында Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары салынып, іске қосылды. Теміртаудағы Қазақ металлургия зауыты, Гурьевтің мұнай айдау зауыты, Алматы ауыр машина жасау зауыттары іске қосылды. Осының нәтижесінде Қазақстан Одақтағы молибденнің 60 пайызын, висмуттың 65 пайызын, полиметалл рудаларының 79 пайызын өндіретін дәрежеге жетті. Майдан марганец, молибден сияқты металдарға зәру болған тұста Жезқазған түбіндегі Жезді кеніші небәрі 37 күннің ішінде ғана іске қосылды. Майданда Қазақстан металы қолданылмаған техника болған емес, жалпы Жеңіс жайы сөз болғанда бұған қол жеткізудегі Қарағанды көмірінің, Ембі мұнайының Шығыс және орталық Қазақстан металлының, Шымкент қорғасынының маңызы ерекше болды. Соғыс жылдарында Қазақстандықтардың жанқиярлық еңбегі

нәтижесінде қысқа мерзім ішінде 466 зауыттар мен фабрикалар шахталар мен рудниктер, олардың ішінен өзге жерден қоныс аударған 220 кәсіпорын іске қосылды. Халықтың ер азаматтарының майданға аттануы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің санын күрт азайтты. Майданды азық-түлікпен, шикізатпен қамтамасыз ету ісінің негізгі ауыртпашылығы әйелдердің, балалар мен қариялардың үлесіне тиді. Сондай-ақ, ол кезде көлікпен техникада елдің қорғанысына жұмылдырылды. Сондықтан жұмыс көбіне қол күшімен атқарылатын. Осыған қарамастан республиканың ауыл еңбеккерлері күрішші Ыбырай Жақаев, тары егуші Шығанақ Берсиевтің есімдері әйгілі болды. Бұл кезде республиканың малшылары да ауыр жағдайда еңбек етті. Сөйтсе де олар Украина мен Ресейден жүз мыңдаған бас малды қабылдап, бағып-күтіп, шығынға ұшыратпай соғыс біткеннен кейін бұрынғы иелеріне қайтарып берді.

Соғыс жылдары халықтың тұрмыс денгейі күрт төмендеп кетті. Халық тұтынатын тауарлар өндіру ондаған есе азайды, олардың бағасы соншалықты көтеріліп шарықтап кетті. Осындай қиыншылықтарды жене білген қалың бұқара бар тапқан-таянғанын майданға жіберіп жатты. Отан қорғау қорына 4 миллион сомнан артық қаржы аударды. Бұл қаржыға «Қазақстан комсомолы» танк колонасы, Советтік Қазақстан әуе эскадрилиясы жарақтандырылды. Оқушылар 4 миллион сом қаржыны «Қазақстан пионері» танк колоннасына жинаса, С.М.Киров атындағы Қазму студенттері «Кеңестер студенті» танк колоннасына 600000 сом жинады. «Қазақстан комсомолы» ұшағын жасауға жастар 3 миллион сом қаржы жинады. Жалпы республика еңбеккерлерінің өз еркімен жинаған қаржысына минометтер мен зениттік қондырғыларды септемегенде, 1890 танк немесе 1790 самолет жасап шығаруға болады екен. Жеңіс үшін мұндай игі іс жасағандардың ішінде, әлемдік атағы бар палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы болды, ол өзінің қартайған шағына қарамастан ел аралап өнер көрсетіп, жинаған ақшасына самолет сатып алып майданға жөнелтті.

Екінші майдан атанған тыл еңбеккерлері Ұлы Отан соғысы жылдары жауынгерлерге 1600 вагон сыйлықтар,

оның 450-і Ленинградқа жіберілді. Жұмысшылар, интеллигенция мен колхозшылар жинаған қаржыға «Қарағанды шахтері», «Қазақстан металлургі», «Түріксібші», «Алдыңғы қатарлы ғылым үшін» және т.б. танк колонналары жасақталып жіберілді. Соғыс жылдары қазақстандықтар майданға 356,4 мың тонна астық, 241,2 мың тонна картофель және т.б. азық-түліктер жіберді. Жауға атылған әрбір оқтың төртіншісі Кентауда жасалды. Қазақстандықтар Қызыл Армияға 110 мың жылқы, ал жаудан босатылған аудандарға 17,5 мың ірі қара малын, 350 мың қой, 22 мың жылқы берді.

Соғыс жылдарындағы Қазақстан интеллигенциясының ерен еңбегі айтарлықтай болды. Жұмысшы табының ауыл еңбеккерлерінің қол жеткен жетістіктеріне өндірістік техникалық ғылыми және агрозооветеринариялық интеллигенция өкілдерінің қомақты үлесі бар. Творчестволық интеллигенция-жазушылар мен ақындар шабытпен еңбек етті. КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы да соғыс мұқтажына жұмыс істеді. Майдан қажетіне байланысты сирек металды зерттеу ісінде Қаныш Сәтбаевтың қосқан үлесі өз алдына бір төбе. 1942 жылы Қ.И.Сәтбаевқа Жезқазған мыс-кен орындарын зерттеу еңбегіне байланысты Мемлекеттік сыйлық берілді. 90-жуық ақын, жазушы майданға аттанып жаумен соғысты. Соғыс жылдарында Ж.Жабаев «Ленинградтық өрендерімді», Қ.Аманжолов «Ақын өлімі туралы аңызды», С.Мұқанов «Өмір мектебін», М.Әуезов «Абай» роман эпопеясының бірінші кітабын жазды. Қазақстанда жасақталған 11 концерттік бригадасы майданда жауынгерлерге өнерлерін көрсетті. Оның құрамында Роза Бағыланова секілді әншілер де болды. Соғыс жылдарында ғылым мен мәдениет майдан қажетіне осылай аянбай қызмет көрсетті.

3.5. Соғыс жылдарында қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған халықтардың Қазақстанға көшірілуі. Депортация. Сталиндік лагерлер

Тарихта бұрын-соңды болып көрмеген, бірден он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдарды бір ұлтқа жатқаны бір тұтас халық болғандығы үшін ата-мекенінен айы-

рып, күштеп, зорлықпен басқа, алыс аймаққа көшіру социалистік ел деп аталған КСРО-да Сталин заманында болды. Сол ата қонысынан көшірілген әртүрлі халықтардың тұрақтаған мекендері кең байтақ өлке, Қазақстан жері болды. Сол жылдар Қазақстанның тұрғындарының тең жартысына жуығы, өзге өлкеден зорлап көшірілген халықтар мен лагерлердегі тұтқындар болыпты.

Кеңестік, оның ішінде Қазақстандық, тарихтың беймәлім беттері «партия мен кеңес өкіметінің өз халқымен күрескен», Қазақстанның түгелдей концентрациялық лагерлер өлкесіне айналдырылған жылдары болатын. Ұлы Отан соғысының ең ауыр кезеңімен тұспа-тұс келіп, майданға оныз да адам күші жетпей қансырап жатқанда жоғарыда айтылған қанды науқан қоса қабат жүргізілді. Социалистік құрылыс басталғаннан бері де Қазақстанға қуғындалған, жер аударылған өзге халықтарды қоныстандыру процесі жүргізіліп келді. Бұл процесс өткен ғасыр басында, столыпиндік реформа тұсында батыс және орталық облыстардан миллионнан астам орыс және украин шаруалары көшіріліп әкелінді. 1916 жылы қытайдан дүнгендер қоныс аударды. 1928-1930 жылдар аралығында Қазақстанда құрылып жатқан шаруашылықтарға елдің әртүрлі аймақтарынан 65 мың отбасы келді. 30-жылдардың аяғында бірқатар этникалық топтар өз жерлерінен қоныс аударылды. Қарағанды облысының аумағында негізінен Осокаровка ауданында 1931 жылы шамамен 25 қоныс-обсервация құрылды. Солардың ішінде тек Жаңа Тихоновка мен Пришахтинскіге ғана Волга бойынан, Воронеж, Курск, Пенза, Орел, Тамбов облыстарынан, Орынбор, Харьков және басқа өңірлерден кулак ретінде қуғындалған 70 мыңдай орыстар орналастырылды. 1932 жылдың күзінде қылмысты деп табылған кубаньдықтар тиелген бірнеше эшелон әкелінді.⁵¹⁴

Сталинизмнің көші-қон саясатының тауқыметін алдымен кәрістер тартты. Бұл сұрқия саясаттың алғашқы тәжірибесі 1935 жылы жүзеге асырылды. Жапон өкіметі соғысқа даярлық кезінде шекара маңайындағы кәрістерге сенімсіздік көрсетіп, оларды елдің ішіне қарай көшірді.

Ал Кеңес өкіметі бұған жауап ретінде кеңестік кәрістерді де бері қарай ығыстырды. Оларға жапон армиясының тыңшылары рөлін атқарулары мүмкін деген қисынсыз айып тағылды. 1935 жылы қоныс аударылғандар қиын тағдырға килікті. Олар көп ұлтты ортаға ұсақ-ұсақ топ болып келді де араласып кетті, сөйтіп өзіндік бет-бейнесін жоғалтып алды. Кәрістердің бір бөлігі Қазақстанға қоныстандырылды. «Чосон (Корея)-Таңғы Самал Елі» міне, кәрістер өздерінің тарихи Отанын осылай дәріптеді. Ал ондағылар біздегі кеңестік корейлерді «коре сарам-кеңес адамы» деп атайды. Олардың қоныс аудару тарихы ұзақ уақытқа созылды.

Бұл құбылыстың келесі толқыны 1937 жылы қайталанды. Олар Орталық Азия мен Қазақстанда топталған күйде қоныстандырылды. 1937 жылы Қиыр Шығыстан бір мезетте 92 (96) мың кәрістер туған, тұрған жерлерінен зорлықпен көшіріліп Қазақстанға әкелініп, Қызылорда мен Қаратал (бұрынғы Талдықорған облысы) өңіріне орналастырылды. Мұның өзі оларға тілі мен дәстүрін, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Кәрістер мұнымен қатар өздеріне тән кәсіппен - күріш егуге, кенеп пен кендір өсіруге, бақша шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік алды. Кәрістер Сталин тұсында сенімсіз халық ретінде танылып, армия қатарына да шақырылмайтын. Мұндай тыйым салу тек 50-ші жылдардың басында ғана алынып тасталды.

30-жылдардың аяғында НКВД Әзірбайжан мен Армениядан Иран, әзірбайжан, күрд және армяндардың 2,4 мың отбасын Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарына қоныс аударып көшірді. Соғыс алдында Батыс Украина мен Батыс Беларуссиядан 102 мың поляктарды және балтық бойы республикалары азаматтарын депортациялау, қоныс аудару жүргізілді. 1940 жылдың басында КСРО-ны мекендеген поляк халқы жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың жартысы Қазақстанға жер аударылды.

1940 жылы Украина мен Ресейдің, әсіресе Мордовия, Чувашия, Татария т.б. республикалардан тілек білдірген шаруаларды ұйымдасқан түрде қоныс аудару басталды. Қазақстанға келген 24,2 мың отбасы тың жерлерде дәнді

дақылдар шаруашылығын дамыту үшін республиканың солтүстік облыстарына қоныстандырылды.

1941 жылы 26 тамызда КСРО Жоғары Кеңесінің Неміс автономия облысын жою жөніндегі М.И.Калинин қол қойған жарлығы шықты. Соғыс қызып тұрған 1941 жылы немістердің Еділ бойындағы автономиялық республикасы жойылып, сол жердегі және Украинадағы, Солтүстік Кавказдағы немістердің бір миллионға жуығы Қазақстанға қоныстандырылды. 1941 жылы соғыстың қақап тұрған сәтінде Кавказдан жарты миллионнан астам шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, курдтар, қалмақтар, дәл сол жылы 4,5 мың қырым татарлары, ал 1943 жылы 2 қарашада 70 мың қарашайлар жүк тиейтін вагондармен әкелінді.

1944 жылдың ақпанында көшірілуге жататын 459486 адам тізімделеді. Операцияны жүзеге асыруға 19 мың солдат пен офицер қатысты. Кейін үш мәрте жүргізілген операцияның нәтижесінде Одақтың әр түрлі аймақтарынан 650 мың чешен, ингуш, қалмақ, қарашайлар көшірілді. Осылардан Қазақстанға 124 эшелонға тиелген 344584 адам, оның ішінде Қарағанды облысына 38 мыңға жуық адам жеткізілді. 1944 жылы 23 ақпанда жер ауып келген шешендер мен ингуштар Солтүстік Қазақстанға орналастырылды.

1944 жылы 8 наурызда Қазақстанға 40 мың балқарлар көшіріліп әкелінді.

1944 жылы 18 наурызда Сібір мен Орталық Азияға 191088 Қырым татарлары әкелінді, оның 4,5 мыңы Қазақстанға орналасты.

1944 жылдың қараша айында Грузияның оңтүстік батысында мекендеген 110 мың месхет түріктері оңтүстік Қазақстанға, Орталық Азияға жер аударылды.

1948 жылы (соғыс біткеннен соң да халықтарды жер аудару, қонысынан айыру тоқтамады) Грузияның оңтүстік шекарасынан «сенімсіз элемент» танылған 27,7 мыңға жуық месхеттік түріктер мен гректер тағы да қазақстанға жер аударылды.

1949 жылы Қара теңіз жағалауындағы гректер зорлықпен көшіріліп, Қазақстанның далалық аймағына орналастырылды.

1949 жылы Молдавиядан, 1951-1952 жылдары Грузиядан, 1951 жылы Литвадан, 1952 жылы Белоруссиядан да қарудың күшімен көптеген халықтар көшірілді.

1950 жылы Грузиядан Қазақстанға ирандықтар көшірілді.

1950 жылы Тәжікстаннан баяғы басмашылардан қалған 950 адамды да Қазақстанға көшірді.

Кейін Кеңес Армиясы қатарынан және тұтқында болған жерлерінен босатылған 23997 адам (олардың ішінде 7976 нәресте де болды) арнаулы эшелондармен Қазақстанға жөнелтілді. Жантүршігерлік суретке үңілсек ел майданда да, тылда да қынадай қырылды. НКВД-ның деректеріне қарағанда жер аудару кезінде 105 мыңға жуық адам қаза тапқан.

Соғыс жылдарындағы қиын-қыстау кезеңге қарамастан, қазақтар мен елді мекендеген өзге де халықтар қоныс аударып келгендерге барынша көмектесті. Бірақ жағдайдың қиындығынан көп адамның ажалына араша түсуге мүмкіндік болмады. Арнайы дайындалып қойған қоныс, тұрғын үйлер болмағандықтан, көшіріліп әкелінгендерге жергілікті халық өз үйлерінде ығысып оларға орын берді. Ашығып арып-ашып келген оларға табиғатынан қонақжай қазақтар ауыздарындағыларын жырып берді.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін де жер аударылған халықтарды қуғындау одан әрі жалғастырылды. Көшіп келушілердің көбі орыстар болды. Аталған қоныс аударғандар республика тұрғындары құрамының интернационалануын тездетті. Мысалы, Түріксібті-30, Қарағанды-25, Балқашты-45, Ақмола-Қарталы темір жол желісін 50 этникалық топ өкілдері салысқан.

Соғыстан кейін венгірлер де өзге халықтар сияқты Қазақстанға күшпен зорлықпен әкелінген. Олардың алғашқы толқыны 1914-1919 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс тұтқындары болатын. Октябрь революциясында олар Қызыл армияның «Венгерлік қызыл бригадалар» деген бөлімшілерін құраған. Бұл бригадаларға қатысушылардың саны жайлы мәліметтер жоқ, тек олардың негізінен Орталық Азия мен Қазақстан тер-

риториясындағы азамат соғысы қимылдарына қатысқаны белгілі. Соғыстан аман қалған венгер азаматтарына еліне қайтуға рұқсат етілмеді. Сол себептен олар Қазақстанда қалып, үйлі-жайлы болып екінші Отанын табады.

Сталиндік репрессия жылдарында бұрынғы қызыл жауынгер-венгірлер төтенше комитет қызметкерлерінің қатаң бақылауына алынып «халық жауы» ретінде лагерлерге тоғытылып, еңбек армияларында жұмыс істеді. Венгірлердің Қазақстанға келуінің жаңа толқынына Ұлы Отан соғысы себеп болды. Венгірлердің Қазақстанға келуінің үшінші толқыны соғыстан кейінгі жылдарға тура келді. Қазақстанға 1956 жылғы Венгриядағы революцияға қатысқандардың кейбір топтары жер аударылды. Жаңа жерде түпкі халық қазақтардың ағайындық көңілдеріне қарамай ұлттық салт - сананы, тілді сақтап қалу қиынға соқты. Өйткені қазақ жеріне венгірлердің ер азаматтары ғана жіберілді. Сондықтан венгірлердің екінші, үшінші ұрпақтары аралас некеге отыру нәтижесінде басқа халықтарға араласып сіңіп кетті. Венгір тілін сақтап қалу да қиынға соқты өйткені аралас некедегі балалар әкесінің тілінен гөрі шешесінің ана тілін меңгеруге бейім болады. Бұл табиғи құбылыс болғанмен, тілін жоғалтқан венгірлер үшін ауыр жағдай еді. Онымен қоса ұлттық дәстүр мен тілді сақтауға кері әсерін тигізген тағы да екі факторды атап өткен жөн. Олар: халық санының аздығы мен олардың бүкіл Қазақстан территориясына шашыраңқы орналасуы еді.

Қазақстан патша заманында еркін ойшылдарды, революционерлерді және әрқилы «бұзақыларды» қойша айдап, жер аударатын өлкеге айналғаны мәлім. Бұл трагедиялық құбылыс өкінішке орай сталиндік дәуірде де өз жалғасын тапты. Қазақстанда күзет мұнаралары қойылмаған, өзге жан кіре алмайтын айналасы тікенек сыммен қоршалмаған мекен табу қиынға соғатын. КСРО Ішкі істер министрілігінің ГУЛАГ - іне («государственное управление лагерей» «лагерлердің мемлекеттік басқармасы» деген сөз) тікелей бағынатын Карлаг, Жезказғанлаг, Степлаг, Өзерлаг, Актюблаг және Песчанлагпен қатар республика аймағында УИТЛК («управление

исправительно - трудовых лагерей и колонии) - «еңбекпен түзеу лагері мен колонияларының басқармасы») дейтін дербес басқарма болған. Бұл басқарма жергілікті ішкі істер министрлігіне бағынышты, оның құрамына жетпіс лагерлер мен колониялардың бөлімшелері кірген. Әрине бұл «мекемелердің» қасында Алжир («Акмолинский лагерь жен изменников Родины») - «Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері») өз алдында жеке тұрды. Бір сөзбен айтқанда, ол кезде осындай қарғыс атқан мекемелер орналаспаған облыс орталығын, үлкенді-кішілі қалашықтар мен басқа да елді мекендерді табу қиын еді.

Мұндай зоналардағы халықтың тығыздығы, барактардағы тұтқындардың көптігі сондай, олар сәкілерде кезекпен ұйықтайтын. Ал өзіне кезек жетпегендер бос суық жерге жата кететін. Бірақ осыған қарамастан тұтқындар толтырылған эшелондар (көбінесе Украина, Белоруссия, Одақтың батыс облыстарынан) Қазақстанға тоқтаусыз ағылып келіп жататын. Осы Гулаг дегеніміз не енді соған қысқаша тоқталсақ.

Карлаг Қарағанды, Нұра аудандарының аймақтарында құрылды. Лагерге арнайы жер бөлінгенде бұл төңіректе бірнеше қазақ ауылдары және 22 мыңға жуық еуропалық тұрғындары бар жеті поселке болатын. Кейін лагерь ұйымдастырылған тұста, бұлардың барлығы облыстың басқа аудандарына көшірілді. Лагерь шаруашылығы тәжірбие станциясы болды. Бұлардан өзге әкімшілік сала ретінде Балқаш, Қарабас бөлімшелері құрылды. Лагерь мұқтажына Қарағанды-Балқаш, Жарық-Жезқазған теміржол желілері қызмет етті. Әуелде қамалғандардың саны 37 мыңға жетті. Бір таңқаларлығы, лагердегі ауыл шаруашылығы еркіндіктегі колхоз өндірісіне қарағанда көп тиімді болды. Мұны Карлагқа еңбекқор деген «кулак» шаруалары, ауыл шаруашылығының білікті мамандары, ғалымдардың қамалғанымен түсіндіруге болады. Мәселен, атақты селекционер кейін академик, екі мәрте Социалистік еңбек Ері болған В.Пустовойт. Ал ғалым А.Лапина болса, Л. Берияның ұсынуымен Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағына ие болды. Бірақ ол бұдан кейін де лагерден босатылмады.

Қазақстан жерінде Карлаг (ерекше режимдегі Қарағанды еңбекпен түзеу лагері), Актюблаг, Жезказғанлаг, Степлаг, Озерлаг, Песчанлаг, Алжир (Отанға опасыздық жасағандардың әйелдерінің Ақмола лагері) сияқты лагерлер құрылды. Тек бір ғана Карлагтың өзінде 2 миллион адам болған. Олардағы тәртіптің қатаңдығы фашистердің концлагерьлерінен ешбір кем болмаған. Қазақстандықтардан жүз бір мың адам «Гулаг» (государственное управление лагерей, яғни, лагерлердің мемлекеттік басқармасы) азабын шегіп, оның жиырма жеті мыңнан астамы атылып кетті.⁵¹⁵

Карлагтың шаруашылық аймағы Францияның көлеміне тең жерді алып жататын. Мұнда ұлы орыс ғалымы В.И.Вернадский, шәкірттері А.М.Симорин мен А.А.Корниловтың ізі қалды.

1940 жылы Кеңір өзенінің жағасында бұрынғы пионер лагерінің орнынан КСРО ішкі істер халық комиссариатының ПХК (НКВД) ірі лагері-Жезқазғанлаг салынды. Ол бірнеше объектілерді біріктіріп «Жезқазған ПХК-ның еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты» деген атауға ие болды. 1942 жылдың 1 қаңтарында лагерде 12040 тұтқын ұсталды. Бұлардың ішінде 1830-ы революцияға қарсы қылмыстылар, 548-і бандитизм және кісі өлтіргені үшін, 108-і шекараны рұқсатсыз бұзғаны үшін, әскери қылмыстары үшін, 9050-і өзгеде қылмыстары үшін сотталғандар болатын.⁵¹⁶

Соғыстан кейін іле шала Жезқазған лагеріне 12 мың Кеңес тұтқындарына, 8 мыңға жуық тұтқынға түскен немістер мен жапондықтар әкеліп қосылды.⁵¹⁷

1948 жылы мұнда тек «халық жауларына» арналған №4 ерекше лагерь-Степлаг ашылды. Мұнда қамалғандар елдің түкпір-түкпірінен жеткізілді, ал әскери тұтқындар мен басқа қылмыстылар бұл жерден әкетіліп, Жезді кенішінде, Балқаш қаласының маңындағы совхоздарда ұсталды.

Ал Қарағандының түбінде Спасск лагері құрылды. Карлагтың бұрынғы қызметкері Н.Сұраубаевтің айтуына қарағанда, мұнда командор М.Блюхердің әйелі, Маршал Якирдің қарындасы, Бухариннің бауыры тұтқында болған. Соғыстан кейін Карлагтағы қамалғандар саны

45 мың болды. Ал олармен қатар 10 мыңдаған арнайы көшірілгендер және жергілікті колхозшылар еңбек етті. Сонда колхоздардың лагерлерден айырмашылығы қандай еді? Бар болғаны колхоздар тікенек сыммен қоршалмағанды. Әйтпесе ондағы тіршілік лагерлерден де ауыр болатын. Колхозшылар азапты еңбегіне ештеңе де алмайтын. Сондықтан да Қарағандыдағы, Балқаштағы және Жезқазғандағы дүкендерде дүние толып тұратын, бағалар жылда арзандатылатын. Лагердегі тұтқындар болса бүкіл елді «Үлкен зона» деп атайтын.

Екібастұз лагері 1949 жылы құрылған. Кеңгір поселкесінде (қазіргі облыс орталығы тұрған жер сол кезде Кеңгір деп аталған) 1954 жылы 8 мың тұтқын май айында бас көтеріп 40 күн бойы лагерді қолдарына ұстап тұрған. Ол көтеріліс мынадай оқиғадан басталады. Жазықсыз бір тұтқынды атқандарға қарысылық білдірген қамаудағылар 16 мамыр күні жұмысқа шықпай қояды. Содан бар тұтқындар өзара қауышып, еркектер мен әйелдердің тұрған барактардағы тұтқындар араласып кетеді. Алайда жөнсіздік бұзақылық болмайды. Олар өздерін өздері бақылауда ұстайды. Маленковты шақыртып өз талаптарын қойғылары келеді. Лагердегілер азық-түлік қорын қатаң нормамен үлестіреді. Лагерь басшылары олардың талаптарын орындаймыз деп уәде беріп алдап соғады. Бір түнде лагерді танктермен қоршап, тұтқындарды жатқан жерлерінде танктердің шынжыр табандарымен жаныштайды. Сөйтіп, Кеңгір көтерілісі 25 маусымда танк табанымен жанышталып басылады. Бұл жолы 700 адам өлтіріледі. Карлагта совет халқына есімдері мәлім, Э.Циолковскийдің досы, ізбасары, ғалым А.Л.Чижевский, балалар театрының негізін салушы Наталья Сац, атақты әнші Лидия Русланова («бұлбұл торда сайрамайды») деп ән салудан бас тартқан), ғажайып математик П.Г.Тихонов, (ол Чижевский екеуі лагерде жүріп «Қан қысымының өзгеруі» деген теорияны зерттеп, космосқа ұшқанда адам қанының қалайша қайнап кетпейтінін анықтаған, кейін оны космонавттар ұшқанда пайдаланды) даңқты биофизик, радиациялық генетиканың атасы Н.В.Тимофеев-Ресовский сол ҚарЛАГ-тың тамұқтарынан өткендердің бірі. Ал оның 26-бөлімшесі деп

аталған «Алжирде» өздері қасірет шеккен белгілі қайраткерлер А.С.Енукидзенің, М.Н.Тухачевскийдің, В.Гамарниктің, ВЦИК мүшелері: Н.Н.Крестинскийдің, А.П.Сребровскийдің, К.Т.Михоношиннің, К.Рютиннің әйелдері, балалары тұтқында ұсталған. Сондай-ақ онда көптеген қазақ қайраткерлерінің әйелдері: Казкрайкомның екінші хатшысы ВКП(б) Орталық Комитетінің ұлт республикалары бойынша нұсқаушысы Сұлтанбек Қожановтың жары Күләндам Қожанова, Қазақ республикасының мәдениет халық комиссары Темірбек Жүргеновтің зайыбы Дәмеш Жүргенова және т.б. қазақ қайраткерлерінің әйелдері Сағадат Тәштитова, Күнжамал Майлина, Әзиза Рысқұлова, Мариям Есқараева, Рәзия Мендешова, Рәбиғаханым Аспандиярова, Айыш Құлымбетова, Бижамал Сырғабекова, Зүпнүн Нұрмақова, Елизавета Сәдуақасова және т.б. болып жазықсыз азапты өмір кешкен.⁵¹⁸

Сол жылдары лагердегі тұтқындарға қорлаудың 31 түрлі әдісі қолданылған екен. Олардың ішінде, адамның бас сүйегін темір құрсаумен қысу, жалаңаш адамды күйдіргіш қышқыл құйылған науаға отырғызу, құмырысқаның илеуіне жалаңаш жатқызу, қандаласы қаптаған қараңғы бөлмеге қамау, ыстық темірді адамның шек-қарнына кіргізу, тырнақтың көбесіне ине жүгірту, аш адамның алдына тәтті тамақты толтырып қойып дәм таттырмау, бірнеше күн ащы балық жегізіп су бермей қаталату, мұздай бөлмеде жалаңаш ұстау, бес-жеті күн бойы ұйықтатпау т.с.с. Осы әрекеттердің бәрі ХХ ғасырда социализм құрған елде болған сұмдық-шындық.

ГУЛАГ 640 зауыт пен құрлыстарды жұмысшы күшімен қамтамасыз етті. Оның қарауында 414 совхоз болған. Бұл жүйеге 425 еңбекпен түзеу және 770 өнеркәсіп колониялары қарады. ГУЛАГ жүйесі адамдарды қынадай қырып қана қоймай, масқара әлеуметтік шығындарға да душар етті.

Сол жылдар Қазақстанның тұрғындарының тең жартысына жуығы өзге өлкеден зорлап көшірілген халықтар мен лагерлердегі тұтқындар болыпты. Қазақстан индустриясын дамытуда еріксіздер еңбегі көп пайдаланыл-

ды. Республика территориясында лагерлер көптеп салынды. Жазықсыз адамдар ГУЛАГ-тың тұтқындарына айналды. 1935 жылы Қарағанды лагерінде отырған 26 мың адам ГРЭС-те жұмыс істеді, теміржолдар салды, ауыл шаруашылығына пайдаланылды. Республика лагерлерлерінде отырғандар молибден, кобальт, калайы, вольфрам концентратын т.б. өндіруге кеңінен пайдаланылды.

4.5. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның халық шаруашылығы, қоғамдық өмірінде жүргізілген саяси-идеологиялық науқандар.

Жұмабай Шаяхметов-мемлекет қайраткері

Кеңес Одағының басқа халықтары сияқты Қазақстан еңбекшілері соғыстың бар қиыншылығы мен ауыртпашылығын көтеріп, ол біткеннен кейін оккупациядан азат етілген аудандарға бүкіл-халықтық көмек көрсетуге қатысып, халық шаруашылығын қалпына келтіруге және одан әрі дамытуға ат салысты. Соғыс жылдарында 1710 қала, 70 мыңдай ауыл-село қираған болатын. Қазақстандықтар зардап шеккен Украина, Белоруссия, Солтүстік Кавказ елді мекендерін, Ленинградты, Сталинградты және басқа қалаларды қалпына келтіруге қатысты және қолдан келген мүмкіншіліктерінің бәрін жасады. 1945 жылы Украинаға ғана 500 трактор және басқа ауыл шаруашылық машиналары, 140 паровоз жіберілді. Қазақстан колхоздары басқыншылар қоластында болған аудандарға 17,5 мың ірі қара мал, 22 мыңдай жылқы және 350 мың бас қойды тегін берді. Республикадан металл, шикізат қорлары, оның құрылыс материалдары, өнеркәсіп тауарлары, азық-түлік және т.б. үздіксіз жіберіліп жатты.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда жүздеген жаңа кәсіпорындар салынды. Оларға мемлекет тарапынан айтарлықтай қаржы бөлінді. Оған республикадағы бай кен орындары негіз болды. Жаңа теміржол желілері тартылды. Ауыл шаруашылығы, мәдениеті дамыды. 1951-1955 жылдардың өзінде 8 жаңа жоғары және 22 арнаулы оқу орны салынып, іске қосылды. Кешкі және сырттай

оқитын мектептер ашылды. Халықтың әл-ауқаты көтеріле бастады. Заттардың бағасы арзандатылды.⁵¹⁹

Ауылшаруашылығына техниканың жетіспеуі, жұмыс күшінің аздығы, әміршіл-әкімшіл жүйенің ықпалы оның дамуына көптеген кедергілер келтірді. Осы жағдайды ретке келтіру үшін ауылшаруашылығына мемлекеттен қаржы бөлінді. 1950 жылы еліміздегі колхоздарда (76 пайыз) МТС-тер (машина-трактор станциялары) жұмыс істеді. Өзін қамтамасыз ете алмайтын колхоздар біріктіріле бастады. 1952 жылы республикада 2047 колхоз жұмыс істеді. Сол 1946-1950 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы үшін аса бір ауыр кезең болды. 1947 жылы елімізде бұрыннан қолданылып келген, халықты азық-түлікпен мөлшерлі қамтамасыз ететін карточкалық жүйе жойылды.

Бірақ соғыстан кейінгі жылдарда да Кеңес Одағының қоғамдық-саяси ахуалы да мәз емес еді. Бұрынғыдай тоталитарлық тәртіп қоғамның барлық саласын бақылауға алып, тек коммунистік идеологияның билеп-төстеген, демократияның шектелген, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа тапталған кезі болатын. Соғысқа дейін басталған саяси қуғын-сүргін тоқталған жоқ. Соғыс кезінде түрлі себептермен жау қолына тұтқынға түскендер анықталып, олардың тірі қалғандары қамауға алынды.

1946 жылы 14 тамызда БК”б”П Орталық Комитетінің “Звезда” және “Ленинград” журналдары туралы” қаулысы шығып, олар бейидеялық шығармалар басты деп айыпталды. Қазақстанда оған дейін-ақ, 1945 жылы ҚК “б” П Орталық Комитеті өзінің арнаулы қаулысында “Қазақ ССР тарихының” бірінші басылымы елеулі қателіктер жіберді” деп көрсеткен. Онда феодалдық дәуір орынсыз дәріптеледі, Қазақстанның Ресейге қосылуы бір жақты бағаланады деген айыптар тағылған.

БК”б”П-ның аталған қаулысы шыққаннан кейін коммунистік идеологияның жандайшаптары тіпті құтыра түсті. Кеңес тарих ғылымында алғаш докторлық диссертацияны қорғаған (1946 ж.) тамаша талантты ғалым Ермұқан Бекмахановтың 1947 жылы “Қазақстан

XIX ғасырдың 20-40 жылдарында” деген монографиясы жарияланды. Енді бүкіл сын соған бағытталды. Себебі, “Қазақ ССР тарихының” басқа мәскеулік беделді ғалымдарынан гөрі өзіміздің жалғыз ағайынды сынау оңай еді. Бұдан кейін қазақ зиялыларына қарсы кезекті қызу майдан басталды. Көптеген қоғамтану саласындағы қазақтың көрнекті ғалымдары мен ақын-жазушылары қуғын-сүргінге түсті. Бұлардың айыпталуына идеологиялық қысымның күшеюі себеп болды. Қазақстан КП ОК «Қазақ Ғылым Академиясы Тіл және Әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы» қаулысы (1947 ж.) негізінде қазақ әдебиет, ғылым және өнер қайраткерлері Қ.Аманжолов, Ә.Әбішев, Қ.Бекхожин, С.Бегалин т.б. қудаланды.

Қазақстанда зиялы қауымды қудалау 1950 жылы қайтадан қарқын алды. 1950 жылғы 26 желтоқсанда КОКП-Орталық комитетінің органы-«Правда» газетінде жарияланған Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуниннің «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыда баяндалсын» атты мақаласы қазақтың алдыңғы қатарлы білімді интеллигенциясын қуғын-сүргінге ұшыратуға бағыт-бағдар, тікелей нұсқау берген негізгі бағдарламаға айналды. Ол мақалада XIX ғасырдың 1837-47 жылдардағы Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының орыс патшасының отарлауына қарсы қаһармандық күресі кертартпа қозғалыс ретінде мүлде қате, теріс бағаланды. Өз еңбектерінде тарихтағы бұл аталған ұлт-азаттық көтерілісін жоғары бағалап, оның басшылары Кенесары ханды, Наурызбайды халық қаһарманы ретінде баяндаған тарихшы-ғалым Ермұқан Бекмаханов және талай ақын, жазушылар, ғалымдар қудалауға түсті.

1951 жылы ғылымда жалғандық жасады деген айып тағып ғалымдарды қуғын-сүргінге ұшыратты. Е.Бекмаханов Мәскеуде «Кенесары Қасымовтың басшылығымен Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған еді. Оның оппоненті академик Анна Михайловна Панкратова болды. Ол сол кездегі ең ірі ғалымдардың бірі болатын.

Тіпті Сталиннің өзі Панкратовадан оқыған көрінеді. Бекмахановты тарих ғылымдарының кандидаты Елтоқ Дильмұхамедовты Мәскеуге шақыртып алып екеуінің де дипломдарын тартып алып, ғылыми дәрежелерінен айырып, партиядан шығарады. Үштіктің шешімімен ғылымдағы жалғандығы және ұлтшылдығы үшін Бекмаханов 25 жылға Қиыр шығысқа айдалады. Екі жыл отырған Бекмахановты А.М.Панкратова құтқарады. Ол сол кезде КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болатын. Анна Михайловна Сталинге Бекмаханов өзінің оқушысы екенін, таланты ғалым екендігіне кепілдік беріп, оның докторлық диссертациясына жетекшілік жасаған өзі екендігін сондай-ақ, оның тағдырына өзі де жауапты екенін айтып Сталинге хат жазған. Ол кінәлі болғанда онда мені КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты етіп неге сайладыңдар? Онда тек ол талантты жас маман-қазақ қана емес, мен де кінәлімін деген Сталинге. Сталин Панкратоваға ол туралы толық түсініктеме жазып беруін сұрап, оны босатқан. Сол бостандыққа шыққан сәтті есіне алған Ермұхан Бекмаханов: «Меня посадили в прилетавший самолет. Садясь в самолет я подумал, что теперь меня сбросят с борта самолета...Прилетели мы сразу Москву, в КГБ. Офицер подходил ко мне и говорит: «Здравствуйте; Ермухан Бекмаханович». «Садитесь, Вы полностью реабилитированы. Можете работать восстановлена Ваша докторская диссертация».⁵²⁰

Ал тарихшы Бекежан Сүлейменов, әдебиетші ғалымдар Қажым Жұмалиев, Есмағанбет Ысмайыловтар нақақтан-нақақ сотталып кетті. 1952 жылы Е.Бекмахановты Қазақ ССР Жоғарғы соты 25 жылға соттап, ГУЛАГ лагеріне айдады. Академик Исмет Кеңесбаев Қызылорда қаласына, тарихшы ғалым Халел Әділгереев Шымкент қаласына жер аударылды. Міне, осы тұста ол азаматтармен бірге ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қуғын-сүргінге ұшырайды. Оны 1953 жылы Қазақтың мемлекеттік университетіндегі және Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтынан қызметінен босатады. Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған Мұхтар Мәскеуді паналап Ломоносов атындағы университетте

филология факультетінің КСРО халықтары әдебиеті кафедрасында профессор болып жұмыс істейді. Оның соңына түсушілердің бірі филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Нұрышев болды. Алматы қаласы интеллигенциясының идеология мәселесіне арналған бір жиналысында Сәбит Нұрышев Әуезовке қарсы шыққан. «Мұхтар 1932 жылы Совет үкіметіне қарсы шықпаймын деп уәде берген, бірақ ол уәдесін орындап жүрген жоқ» деп жазықсыз тиеседі. Сол жиналыста сөз алған Мұхтар Нұрышевке арнап: «Сабит бездарный, бесплодный ученый»- деуі мұң екен жиналысты жүргізіп отырған Орталық Комитеттің жауапты қызметкері И.Т. Храмов «Жолдас Әуезов сізге мұндай сөз айтуға құқық берілген жоқ» деп тоқтатпақ болды. Бірақ Әуезов оны тыңдамай екеуінің де сазайын береді.

Тіпті, сол кездің өзінде дүние жүзіне танылған, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Қ.Сәтбаев Қазақстанды тастап, Мәскеуге бас сауғалап кетуге мәжбүр болды. Сәтбаев 1952-1955 жылдар аралығында өзі ұйымдастырып құрған және оның алғашқы президенті болған республика Ғылым Академиясының басшысы қызметінен тайдырылады. Академияның ғылыми хатшысы Д.В.Сокольскийдің баяндамасы тыңдалып, онда Қаныш Имантайұлын сынап, ғылыми қызметкерлер алдында, ғылыми жетекші ретінде есеп бермейді, ғылым мен өндірістің байланысын әлсіретіп жіберді, кадрлар тандаудың сталиндік принципін бұзды, академияны іскерлік және саяси сенім артуға болмайтын адамдарға толтырды, нәтижесінде үкімет қаржысы далаға кетті деп кіналады.

Сталин өліп, жаппай қуғын-сүргінді ұйымдастырушы және оның белсенді жүргізушісі, бұрынғы КСРО-ның Ішкі Істер Халық Комиссариатының халық комиссары болған Берия ұсталғаннан кейін, қоғам өмірі демократиялана бастады. Бұл жолда әсіресе 1956 жылы ақпанда өткен КОКП-ның XX съезі зор рөл атқарды. КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С.Хрущев және оның серіктестері Сталиннің жеке басына табыну сырын ашып, үлкен ерлік жасады. Тоталитарлық заман-

да қат-қабат болып қатқан қаскөйліктің тоңы жібіп, «жылымық» деп аталатын кезең туды. Бірақ әміршіл-әкімшілдік жүйенің іргесі сөгіліп, оның өрескел жақтары жойылғанмен, тұғыры берік күйінде қалды. Әсіресе, саяси жағынан өзгеше ойлайтындардың артына шам алып түсу тыйылмады. Жеке басқа табыну кезінде жіберілген қателіктер, бұрмалаушылықтың көбі аяғына дейін жойылмады. Қоғамдық өмірдің барлық салалары бұрынғыдай партияның бақылауында қала берді.

Жұмабай Шаяхметов Қазақстан тарихында өз орны бар, республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына қиын-қыстау заманда елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткері.

Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерінің бірі, ол Жұмабай Шаяхметовтің республика басшылығында болған кезең. Бұл кезең Шаяхметовті көре алмаған, трайбализмнің ауруына шалдыққан кейінгі кейбір басшылардың жеке пікірінің ықпалымен Отан тарихының оқулығына күні-бүгінге дейін енгізілмей, қолдан жасалған айыптаулардың негізінде жазықсыз шетқақпай көріп келген тарихи тұлға. Бір кезде Совет халқы Н.С.Хрущевтің бастамасымен «Казармалық социализмнің» авторы, әміршіл-әкімшіл жүйені құрған И.В.Сталинге оңды солды қара жүйе жағылған тұста, онымен қызметтес, сыйлас болған Ж.Шаяхметовке де негізсіз айыптар жаққан күншілдердің әрекетінің барысында, халқына сіңірген шынайы еңбегі аталмай келді.

Ұзақ жылдар Қазақстанның ең жоғарғы басқару жүйесінде қызмет етіп, сегіз жыл республиканың бірінші басшысы болды. Оның орасан ұйымдастырушылық қаблеті әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше байқалды. Халық шаруашылығын майдан талаптарына сай қайта құру, республикадағы әскери-мобилизациялық жұмыстардың ойдағыдай ұйымдастырылуы, майдан шарпыған аудандардан тылға көшірілген кәсіпорындарды, бейбіт халықты орналастыру, соғыс кезіндегі білім мен мәдениет мәселелері, халықтың Отанды қорғау бағытындағы патриоттық қозғалысын ұйымдастыру сияқты аса маңызды мәселелерге Ж.Шаяхметов басшылық етті. Ол 1942 жылы ұлттық айтысты жандандыруға ат салы-

сып, қазақ әдебиетіне, мәдениетіне жанкүйерлік танытты. Оның басшылығымен КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы 1946 жылы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылым Академиясы болып құрылды.

Соғыс жылдары Жұмекең И.В.Сталинмен бір сөйлескенде, «алыс аудан, ауылдардағы қазақ қыздарына білім беру, оқуға тарту үшін ерекше жағдай жасау керек» - деп мәселе қояды. Сталин «Сонда не істеу керек? - деп сұрайды. Ж.Шаяхметов қазақ қыздары үшін арнайы, тегін оқитын оқу орнын ашу керек дейді. Сталин дереу ұсынысты қолдайды. Қазіргі қыздар институтын өз кезінде Жұмабай ағамыз ашуға бастамашы болған екен.

Жұмабай Шаяхметов 1902 жылы 30-тамызда Омбы облысы, Шарбақкөл ауданының 1-ші ауылында дүниеге келген. Ол 1917 жылы Полтавкадағы 3 жылдық орыс-қазақ училищесін бітіргеннен кейін ауыл мұғалімі, 1916-1923 жылдары Теке болыстық атқару комитетінің хатшысы, 1923-1925 жылдары Шалқар қаласында уездік милиция бөлімінің қызметкері, 1925-1926 жылдары Ақмола губерниясы әкімшілік бөлімнің іс жүргізушісі, инспекторы болды. Петропавлда сол кездегі шаруалардың жаппай қоғамдық ұйымы «Қосшы» одағына нұсқаушы болды. Ал, 1926-1930 жылдары Петропавл, Алматы ішкі істер халық комиссары органдарында әртүрлі жауапты қызметтер атқарған.

1938-1946 жылдары Қазақстан КП Орталық Комитетінің 3-ші, 2-ші хатшысы, ал 1946-1954 жылдары 1-ші хатшысы болып сайланады. 1954-1956 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметін атқарды. 1939-1954 жылдары Қазақстан КП ОК-нің бюро мүшесі. БКП(б) XIX съезінің делегаты, сол съезде БКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 2-4-ші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің, 2-4-ші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, 2-4-ші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінде Ұлттар Кеңесінің төрағасы болып сайланған. Кеңестер заманының 70 жылғы тарихы ішінде республиканың бірінші басшылығында болған 14 адамның арасындағы үш қазақтың бірі және алғашқысы.

1954 жылдың ақпанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында Ж.Шаяхметов пен И.П.Афонов республика Компартиясы Орталық Комитеті хатшылары қызметтерінен босатылып, олардың орындарына П.К. Понамеренко мен Л.И. Брежнев сайланды. 1938 жылы Қазақстан Компартиясының үшінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметов соғыс басталар алдында екінші хатшы, 1946 жылдан 1954 жылдың ақпанына дейін бірінші хатшы қызметін атқарды.

Орталық партия Комитетінің пленумында Н.С.Хрущев Қазақстанда мал шаруашылығы артта қалып отыр деп қатты сындар айтып, айыптар таққан, тіпті Ж.Шаяхметовты қатаң жазалау керек деп ұсыныс жасаған. Сонда Жүмекең тұрып: «Дорогой Никита Сергеевич, во время войны вы потеряли Украину, несколько раз без боя немцам сдавали Харьков. Но за все это вас не наказали», - деген екен. Бұл естелік қайраткер қарт Қ.Мұқаметқалиевтің мақаласында келтірілген. («Жетісу» газеті) Ол Н.С.Хрущевтің Қазақстанда тың игеру бастамасына да қарсы болған.

Ж.Шаяхметов 5 орденмен марапатталған, оның 3-уі Ленин және «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендері.

Жүмекеңнің әйелі Майнұр Ғалиқызы Чакабаева 1907 жылы 6 қазанда туған. 1965 жылы қайтыс болған. Әкесі Ғали тобықты руынан. Жұмабай мен Майнұрдың балалары: Рауза (1925ж) (ерте өлген), Равиль (1927ж), Сеиль (1929ж), Ноэль (1931ж), Алма (1934ж), Тарғын (1946ж), және Владимир (ол эшелонмен келген үш жасар украин баласын 1941 жылы асырап алады.) Өйткені ол кезде мемлекеттің соғыстан жетім қалған балаларды асырайтын жағдайы болмады. Жүмекең өзі үлгі көрсетіп, жетімдерді осылай орналастырған.

Шаяхметов Жұмабай 1966 жылы қазан айында дүниеден өтті.

«Шаяхметов Ж. Ұлтшыл да, рушыл да болған емес», - деп жазады естелігінде белгілі қоғам қайраткері Мұхамедқали Сұжықов. Оның КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар палатасының төрағасы болғаны да бекер емес. Жүмекең республиканы басқарған 16 жыл ішінде өзі

байқаған-бағалаған бірсыпыра партия және мемлекет қайраткерлерін тәрбиелеп өсірді. Олар И.Тәжиев, Т.Тәжібаев, Д.Қонаев, Ж.Жанғозин, С.Шәріпов, С.Бәйішев, Қ.Қанафин, Р.Ілияшев, І.Омаров, С.Жанбаев, А.Бородин, Ж.Тәшенов, Ш.Қабылбаев т.б.⁵²¹

Д.А.Қонаев өзінің «Өтті дәурен осылай» атты естелік-эссесінде Ж.Шаяхметовты «айтары жоқ тәртіптің адамы еді. Қия баспайтын, қия да бастырмайтын. Бұған дейінгі бірінші хатшылардан артықшылығы аса ұқыпты әрі қиыннан қиыстыра білетін ұйымдастырушы еді. Оның осы қаблетінің арқасында соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан экономикасы күрт жоғары өрледі»-деген еді.⁵²²

Е.Бекмахановты айыптаған адамдар Ж.Шаяхметовті де кінәлап, ұлтшыл ғалымның қамқоршысы деп жан-жақтан бас салады. Алайда Жүмекең Е.Бекмахановты 1943 жылдан 1951 жылға дейін шамасы жеткенше, қорғайды. Ж.Шаяхметовтің ішкі істер органдарында қызмет атқарған кезі еліміздің басына түскен ауыр, азапты жылдармен тұстас келген еді. Ашаршылық нәубеті, 1936-1937 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін зобалаңы тұсындағы науқандар сол кездегі ішкі істер халық комиссариатының жүйесінде қызмет еткен адамдардың қай-қайсысының да өміріне өз ізін қалдырды. Кейінде жеке басқа табынушылықты айыптаған кезеңде тарих үкімінің тырнағына жазықсыз ілініп, көреалмаушылықтың құрбаны болды. Сталинмен сыйлас болған деген айып тағылып, тарихтағы халқына сіңірген еңбегі бұрмаланып, есімі атаусыз қалдырылды.

III - БӨЛІМ

Қазақстан әміршіл-әкімшіл жүйенің күшейген кезеңінде

6-тақырып.

Басшылықта волонтаризм мен субъективизм кеулеген «жылымық» жылдардағы Қазақстан. /1950 -70жж/

- 1.6. Бейбіт өмірге көшу кезеңіндегі қоғамдағы саяси қарама-қайшылықтар. Орталықтың озбыр саясаты-Қазақ жерлерінің Өзбекстанға берілуі. «Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі облыстардың тағдыры»*
- 2.6. Елдің экономикасын басқарудағы жаңа тәсілдер. 1962-1965 жж. шаруашылық реформалары. «Қырғи қабақ» соғыс жылдарындағы Қазақстан. Ядролық полигондар.*
- 3.6. Ауылшаруашылығындағы қиындықтар. Тың эпопеясының күнгейі мен көлеңкесі: шындығы мен шырға лаңы*
- 4.6. Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықтар*

1.6. Бейбіт өмірге көшу кезеңіндегі қоғамдағы саяси қарама-қайшылықтар. Орталықтың озбыр саясаты-Қазақ жерлерінің Өзбекстанға берілуі. «Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі облыстардың тағдыры»

50-60 жылдары кеңес халқы Сталиннің жеке басына табынушылықты әшкерелеген партияның XX және XXII съездері берген мүмкіншілікті толық мәнінде пайдалана алмады. Кеңес елінде, «жылымықтан» («Оттепель») зәредей қорыққан әкімшілік-партиялық бюрократия демократияландырудың бағытын қорғап қалуға қырағылығы да білімі мен тәжірибесі де жетпеді. Осыны пайдаланған әлгі кертартпа күштер қайтадан әлденіп алып, Венгрия мен Польшадағы оқиғаларды сылтау етіп, елдегі демократиялық өзгерістерді тоқтатып тастады.

Бұған қоса Н.Хрущев жүргізген саясаттың терісқақпай тұстары көп болды, олар саяси қателікке ұрындырды. Ол мемлекеттік билік басында болған 1954-1964 жылдары халық шаруашылығын «жоспарлауды ұзартып» жүзеге асырмақ болды. Осы мерзім ішінде елдің экономикасын дамытудың бірқатар ғылыми негізі жоқ жоспарлары оның ішінде үш бесжылдық, бір жетіжылдық жоспарлар жасалып, олар мақсатына жете алмай аяқсыз қалды. Бұл жоспарлар ұйымдастырушылық негіз болудың орнына халық шаруашылығы мен әлеуметтік саланың тұралап қалуына әкеп соқтырды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына басшылық жасау жүйесін «жетілдіру жолындағы» талпыныстар, мәселен, «совнархоздар» дейтіндерді құру- көздеген мақсатқа жеткізбеді.

Әрине, сталиндік «қасаң бағыттан» бойды аулаққа салу, сөз жоқ бірқатар нәтиже берді. Аграрлық саясатқа КОКП-нің қыркүйек (1953ж) Пленумы енгізген оң өзгерістерге елдегі сондай-ақ, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлері өндірісті елеулі түрде көтеруге қол жеткізді.

1953 жылы республикадағы халық санының өзгерісіндегі негізгі ерекшелік ол халық өсімін 12 жылға тежеген соғыс шығыны қалпына келтірілген жыл болды, сөйтіп демографиялық тоқырау кезеңі аяқталды. 1954 жылғы 1-қаңтар мәліметі бойынша, ауыл халқының саны 1953 жылы 1-қаңтар мәліметімен салыстырғанда 92,2 мың адамға (2,3 пайызға) өсті.⁵²³

КСРО бойынша 50-жылдардың екінші жартысында жүргізілген қайта құрулар қоғамдық дамуымыздың сол кездегі қажеттіліктерінен туған еді. Өйткені 50-жылдардың ортасына қарай елде дағдарыстардың белгілері айқын көріне бастады. Дағдарыс экономиканы, ішкі және сыртқы саясатты, мәдениетті, рухани саланы қамтыды. Ауыл шаруашылығы құлдырау жағдайында болды. Шынайы көрсеткіштер болмады, ізденіс, инициатива үнемі басылып тасталып отырды. Сондықтан ол қайта құрулар өзінің объективті және субъективті жағынан экономиканы басқарудағы күні өтіп бара жатқан әміршіл-әкімшіл жүйені әлсіретуге бағытталды. 50-жылдары қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын қамтыған жаңару процесстері

ең алдымен партия қызметінің демократиялық негіздерін қалпына келтіру жүргізілді. КОКП-ның XX съезі қоғамдық ой еркіндігін туғызды, жеке басқа табынушылықты айыптап, қоғамды кеңінен демократияландыруға бет-бұрыс жасады.

Осы кезеңде КСРО-ның сыртқы саясаттағы бағыты кереғар сипат алды. Социалистік елдерімен (оның ішінде Югославия да бар) ынтымақты нығайтып, АҚШ, Финляндия, Индия, Индонезиямен қарым-қатынасты орнықтырып, үш ортадағы (ғарышта (космоста), жер үстінде және жер астында) ядролық сынақтарды тоқтату жөніндегі кеңес-американдық келісіміне қол қоя тұра, Н. Хрущевтің өзі халықаралық саясатта өрескел қателіктерге ұрынды. Мәселен, ол мемлекет басқарған он жыл ішінде Суэц, Берлин, Кариб дағдарыстарына араласуына байланысты КСРО-ны үш рет әлемдік соғысқа киліктіре жаздады.

Н.Хрущев Қазақстанды ұлттық республика емес, Ресейдің бір аймағы ретінде сезінді. Н.Хрущевтің әсіресе Қазақстандағы кадр саясатын дұрыс жүргізбей сапырылыстыруынан, республика басшылығы «орыстананып» ұлттық салт-дәстүрге зиян келіп, оның табиғи дамуына кедергі әкелді. 1954-1964 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы ОК-нің алты бірінші хатшысы ауыстырылды; Ж.Шаяхметов (1946-1954 жж), П.К. Пономаренко (11.1954 07.1955жж.), Л.И. Брежнев (07.1955- 03.1957жж.), Н.И. Беляев (12.1957-12.1960жж.), Д.А. Қонаев (12.1960-1962жж.), И. Юсупов (12.1962-1964жж.). Әрине, басшы кадрлары бүйтіп сапырылыстыру республикадағы экономикалық қоғамдық-саяси ахуалдың дұрысталуына кесірін тигізді.

50-жылдардан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші және екінші хатшылары болып істеген көптеген адамдар қайта Орталыққа кетті, партиялық және мемлекеттік қызметке жоғарлатылды: П.К. Пономаренко, Л.И. Брежнев, И.Д.Яковлев, Н.Н.Радионов, М.С. Соломенцев, Н.Н.Титов, В.Н.Месяц, А.С.Коркин, О.С. Мирошкин және т.б. Бұлардың әрқайсысы саяси білігі мен ішкі мәдениеті жөнінен халық жадында түрліше із қалдырды.

Н.С.Хрущевтің билік еткен кезеңінің «жылымық» аталуының да өзіндік себебі бар. Тоталитарлық жүйе құрылымдардың күшімен мұқым Одақ халқын қорқыныш пен үрей туғызу арқылы басқарған «казармалық» социализмді, оны құрушы Сталиннің жеке басқа табынушылығын айыптап, Кеңес халқына аз да болса демократияның лебін әкелген Н.С.Хрущев, бұл қадамын аяғына дейін жеткізе алмады. Ол қызметінің басым бөлігінде халық мүддесіне қарсы көптеген реформалардың бастамашысы болды. Мысалы, шаруаларға мал ұстауды шектеуі, жаппай жүгері еккізіп, шошқа малын өсіруді дәріптеуі т.б. с.с. айтуға болады. Оның билік басында болған кезеңінде Кеңес халқына жасаған жақсы-жаман әрекеттерін, әйгілі мүсінші Э.Неизвестный моласының басына қойылған құлпытастың жартысын ақ, жартысын қара түстен жасап, «еңбегінің» қандай болғанын бейнелеген.

Тарихи ақиқатқа жүгінер болсақ қазақ ауылдарының құлдырауы, қазақ мектептерінің жабылуы, жергілікті жерлердегі ұлттық кадрлардың екінші сортты кадрларға айналуы, ата қонысты үлестіру, мақта өсіру үшін суды бейберекет жұмсау, химияландыруды жаппай уландыруға айналдыру, өзен-көл суының тартылуы, ядролық жарылыстар және тағы басқа келеңсіз жағдайлар осы кезеңде басталды, ұлтаралық қатынас шиеленісе түсті. 1959 жылдың жазында Теміртауда еңбекшілер қатысқан көтеріліс бұрқ етті. Бұл наразылықты Л.И.Брежнев бастаған жазалау экспедициясы басты.

Бұл кезеңде қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналды. Мәселен, 1939 жылғы санақ бойынша 2327,6 мың қазақ немесе 36,4 процент болса, 1959 жылы 2787,3 мың немесе 30 процент болып кеміді. Керісінше, орыс, украин, тағы басқа ұлттардың саны көбейді. Сөйтіп, бүгінгі ұлтаралық қайшылықтардың негізі қаланды; 700-ден аса қазақ мектебі орыс тіліне көшірілді.

Елуінші жылдары КСРО тарихында елдің шығыс аймағын игеру жан-жақты жүргізілді. Ол «Ұлы құрылыстар» мол қаржы және орасан зор жұмыс күшін қажет етті. Бұл қажеттілік елдегі миграциялық процестің

күшеюіне әсерін тигізді. Бұл процесс 50 - жылдың екінші жартысында Қазақстанның Орталық аймағында, нақты айтар болсақ Қарағанды облысында, өндіріс орындарын салу басталды. Тентек, Шахан атты жерлерде 19 жаңа шахты, Жаңа арқа ауданында Атасу кен рудаларын игеретін өндіріс орындары және Теміртауда ірі металлургия комбинатының құрылысы басталды. Бұл комбинат 1958 жылы бүкілодақтық екпінді комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Жылдың аяғына дейін Қарағанды облысына Ресейден және өзге де одақтас республикалардан 132 мың құрлысшы келді. Келесі жылы тағы 70 мың жұмыс күші келіп, бұл өндіріс орнына келгендер саны 200 мыңнан асты. Келушілер ұлты, жынысы жағынан әр түрлі болды, олардың көбі бұрын қылмыс жасап, сотталғандар еді. Бұл элементтер осы аймақтағы қылмыстың санын көбейтіп, 14 пайызға өсіріп жіберген.

Сонымен бірге сырттан келуші жұмыс күшіне Қарағанды аймағында орналасқан шахтылар да зәру болатын. Себебі, бұрын бұл аймаққа жіберілген лагерлердегі адамдар Сталин өлген соң ақталып, өз жерлеріне кетіп, шахтылардағы жұмыс қолы дереу азайды. Облыс басшылары осы бос орындарды толтыру мақсатымен 4300 шахтердің қажет екендігін сұрап Орталыққа хат жазған.

Бүкілодақтық бұл құрылыста 1953 жылы 3500 адам жұмыс істесе, 1959 жылы 25,5 мың жұмысшы істеді. Келген жастарды іріктеп тандап алу жүзеге асырылмады. Қысқа мерзім ішінде жұмысқа қабылданған 3000 жұмысшының 1500 кәмелетке толмағандар болып шықты. 1959 жылғы 1-3 тамыздағы оқиға қарсаңында бұл өндіріс орнында мемлекеттік жоспардан тыс 3 мыңнан астам адам болған. Сонымен қоймай трест басшылығы тарапынан жоспардан тыс жұмыс күшін алу жалғаса берген. Осындай ойластырылмай істелген қадамдар барысында, құрылыста өте ауыр жағдай қалыптасты. Мұншама артық жұмыс күштерін орналастыру проблемаға айналды. Оларды тұрғын үймен, тамақпен және басқа да элеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін болмай қалды. Жұмысқа жаңа келгендерге бірден жұмыс табылмады. Алатын жалақылары мардымсыз болды.

14600 жас жатаханаларда тұрды. 1958 жылға дейін бұл жерлерге палатка (шатыр-үй) қоюға рұқсат берілмесе, үсті-үстіне келіп жатқан жаңа құрлысшыларды еріксіз палаткаларға орналастыруға мәжбүр болды. Бұл палаткалардан үлкен қалашық пайда болды. Ондағы әлеуметтік жағдайлар өте нашар болды, жуынатын жер, жататын матрастар жетіспеді. Жаңбырда ол палаткалар пана болмады. Мәдени-тұрмыс жағдай бұл өндіріс орнында 1957 жылы тек 67 пайызға ғана орындалған. Ал 1959 жылы пайдалануға берілуге тиіс 10 объектіде бұл мәдени-тұрмыстық жағдайы 5 пайыз ғана болыпты. Зауыт орналасқан поселкенің кейбір жерінде су құбыры, ішетін су мүлде болмаған. Жұмысшылар тасымалы суды пайдаланған. Теміртаудың шығыс жағында тұратын 31000 мың жұмысшыға 3750 орындық асхана қажет болса, оларда бар-жоғы 1300 орындық асхана ғана болды. Ал бұл дегеніңіз тек 18000 жұмысшыны ғана тамақтандыра алатын болған. Онда үнемі кезекке тұрған жұмысшылар уақытында астарын іше алмайтын болған. Асханаға әкелінетін азық-түліктер, көкөністерді арнайы сақтайтын орынның болмауынан жиі бұзылған.

1959 жылы жұмысшылардың ауыр жағдайға төзе алмауынан 9 мың адам кетсе, олардың орнына осы жылы 13 мың адам келді. Олардың ішінде шетелдіктер, кәрістер, болгарлар да болды. Құрылыс басшылығы, партия комитеті, облыс, қала басшылары мұндай сорақылыққа онша мән бере қоймады, немқұрайды пиғылда болды. Өздері арнаулы коттеждерде тұрды, азық-түлікті арнаулы магазиндерден алып тұрды. Басшылардың осындай немқұрайдылық көзқарастары жұмысшы жастар тарапынан наразылық туғызып, ол күн санап ушыға түсті. Жергілікті басшылар қарапайым халықпен жұмысшылардың, жастардың мұқтаждарын қанағаттандырып, өз міндеттерін атқаруға дәрменсіздік танытты. Бұл әлеуметтік келеңсіз жағдай республикада жалғыз Теміртауда ғана емес екенін 1959 жылы 23-24 қазанда өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумы атап көрсетті. Теміртаудағы наразылыққа, онда жұмысшы жастарға тікелей қару қол-

дануға бұйрық берген, Қарағанды облыстық комитетінің бірінші хатшысы П.Н.Исаев орнынан алынды. Оның орнына бұрын Челябинск облыстық партия комитетінің хатшысы болған М.С. Соломенцев сайланды.

Сондай-ақ, бұл оқиғаға ҚК Орталық Комитетінің бюро мүшелері министрлер кінәлі деп табылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Беляевті қызметінен алып, оның орнына Д.А.Қонаевті қойды. «Жазаланған» Беляев Ставрополь крайкомының бірінші хатшысы болып кетті.

1959 жылы 2 тамызда сенбі күні 100 шақты жастар би кешінен қайтып келе жатып бір цистерна квастан шөлдерін қандырмақ болып, оны аударып тастайды. Бос цистернада іштеме болмаған олар сол маңайдағы дүңгіршек пен асхананы тонай бастайды. Оны тоқтатпақ болған милиционерлерді соққыға жығады. Осыдан басталған бұзақылық өршіп, қалалық милиция бөлімін басып алады. Әскер шақырылады. Бұл наразылықты басу үшін 1400 ішкі әскер пайдаланылды. 16 адам шейіт болып, 27 адам ауыр ауыр жарақат алды.

Қазақ жерлерінің Өзбекстанға берілуі

Өзбектер Бостандық ауданын сұрап, Мәскеуге бірнеше рет хаттар жіберген. Ол кезде Өзбек КСР-нің бірінші хатшысы Мухитдинов болатын. Ол мынадай себептерді алға тартты.: «Біріншіден, Қазақстан бұл ауданға Ташкент арқылы қатынайды (Жол болмаған) Екіншіден, мақта саламыз, мал көбейтеміз, экономиканы көтереміз» деп өзбектер осынау шұрайлы өлкені әйтеуір бір сылтаумен қолға түсіргенше жанталасқан.

КОКП Орталық Комитетінен Шымкент облысының Бостандық ауданын Өзбекстанға беру жөнінде ұсыныс енгізіңдер деген нұсқау болды. Осы мәселе жөнінде Ж.Тәшеновтің төрағалық етуімен арнаулы комиссия құрылды. Оның құрамында М.Бейсебаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Гогосов, В.Шереметьевтер болды. Комиссия жергілікті жағдайды жете зерттеп, «Өзбек КСР-не Мақтаарал ауданының кейбір бөліктерін беруге келісеміз, ал Үкіметтің Бос-

тандық ауданын беру туралы өтінішін негізсіз деп санаймыз» деп шешім шығарады. Бостандық ауданының жері мал өсіруге қолайлы екендігін, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қорларының молдығын... қорғасын, көмір және машина жасайтын өндірістердің жұмыскерлері демалатын санаторийлер ұйымдастыруға өте қолайлы екендігін ескеріп, бұл ауданды Өзбекстанға беруді өте тиімсіз санады». Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын Өзбекстанға беру жөніндегі Өзбек КСР-і өкіметінің сұрауын комиссия негізсіз деп есептейді деген хат Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Брежневке жіберілді.⁵²⁴

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті сол кезде мынадай қаулы қабылдады: 1. Бостандық ауданына қарасты жердің маңыздылығын жоғары бағалай келіп, ҚКП Орталық комитетінің бюросы Ж.Тәшенов басқарған арнайы комиссияның қорытындысымен келісті. Бостандық ауданын Өзбекстанға бермеу жөнінде қаулы қабылданды.

1955 жылдың 12 қарашасында Қазақстан басшыларының қарсылығына қарамастан Н.Хрущев қол қойған КОКП Орталық Комитеті Президиумының қаулысы бойынша КСРО Жоғары Кеңесінің Төрағасы К.Ворошилов қол қойған жарлығымен Қазақстанның Бостандық ауданы Өзбекстанға берілді.

Сөйтіп, Бостандық ауданы ең құнарлы да ұлан-ғайыр территориясымен, 360-370 мыңдай қойымен қоса Өзбекстанға берілді, ал ар жағындағы Бағыс пен Түркістан ауылына қарасты 20 миллион гектардай жайылым карта жасағанда Қазақстан қарамағында қалды.

Сол қалпында Жоғарғы Кеңестің сессиясында қаралып, біраз жер өзбектердің пайдасына шешіліп кете барды... Ол кезде сессия төрағасы Д.Қонаев болатын. Артынша Мухитдинов Саяси бюроға мүше болып Мәскеуге ауысты. Оның орнын Ниязов ауыстырды. Ниязов өндіріс академиясында Н.Хрущевпен бірге оқыған. Сонымен бірге Н.Хрущевтің тамыры Насреддинова Жоғарғы Кеңеске төрағалыққа келе қалды. Ел аралауға барғанда ол екеуі жұп жазбайтын адамдар болған екен. Сол кезде Хрущев

Насреддинова не айтса да қарсы болмайтын болған. Содан олар: «Мынау Мақтаарал, Киров, Речевский-мақталы аудандар, қазақтар мұның бәріне Ташкент арқылы келеді. Осы жерлерді бізге беріңдер»- деп тағы өтініш жасайды. Сол жолы Ж.Тәшеновтің күшімен Қазақстанда қалған қазақ жерлері кейін Өзбекстанға қосылып тынады. Кейін Л.Брежнев кезінде Мақтаарал, Жетісай аудандарының кейбір бөліктері бізге қайтарылып берілді. Өйтсе де өзбектер бұрынғы қосып алған қазақ жерлерінің жартысын алып бермей қалды.

Сөйтіп өзбек басшыларының ұзақ уақыт күш салуының арқасында 1956 жылы Шымкент облысының Бостандық ауданы мен Киров ауданының Тимирязев атындағы совхозы Өзбек КСР-ына берілді. Қазақ жерлерін әуелі арендаға сұрап, кейін басып алу осы 1956 жылы басталды. Өзбекстанның осы басқыншылық ниетпен иеленуі қазақ халқының мүддесіне, әдет-ғұрпына, экономикалық, мәдени, ұлттық қатынастарына нұқсан келтірді.

Бостандық ауданын берген кездегі 418 гектар жер - қазақтікі еді. Мұнда шай плантациялары болды.

Өзбекстан шекарасын кеңейтудің төртінші кезеңі 1963 жылы басталды. Сол кезде Н.С.Хрущевпен жеке достығы бар, ұлтшыл көңілдегі Ш.Р.Рашидовтың ынтасы мен Шымкент облысының үш ауданы Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандары - Өзбек КСР-ы құрамына өтті. Кейіннен осы үш аудан аймағында Ш.Р.Рашидовтың Отаны - Жизақ облысын нығайту үшін тағы жеті аудан ұйымдастырылды.

Киров ауданының алты совхозы өзбектерге берілісімен (Шымқорған, Арнасай, Аманкелді атындағы, Ильич атындағы, Қызылқұм, «Известия» газеті атындағы совхоздары) Фариш ауданының қарамағына жатқызылды. Қазіргі Мырзашөл, Арнасай аймақтары, Фариш ауданының үлкен бөлігі (Шымқорған, Арнасай, Аманкелді атындағы, Ильич атындағы, Қызылқұм, «Известия» газеті атындағы совхоздар) 1963 жылға дейін заңды түрде Қазақстанға қараған. Бостандық ауданы түгелдей және қазіргі Жизақ облысының Мырзашөл, Достық, Октябрь аудандарының, Сырдария облысының Ильич, Ақалтын ауданының аймақтары 1953 жылға дейін Қазақстан аймағы болған.

Сол кездегі Өзбекстан басшыларының аса ықпалат салуымен және қазақтардың ұлттық абыройына Қазақстан басшыларының әдейі енжарлықпен қарауы нәтижесінде ол жерлер негізсіз арендаға Өзбекстанға берілген.

Қазақтардың қайсарлық көрсеткен әділетті талабынан кейін 1971 жылы Шымкент облысының үш ауданы: Мақтаарал, Жетісай және Киров аудандарын аймақ қалпында Қазақстан құрамына беру шешілді, бірақ сол аймақтарды қайтарар кезде Рашидов аталған аудандардың бірқатар жерлерін алдын-ала 1969 жылы-ақ Сырдария облысына беріп жібергенді. Бұрынғы Мақтаарал ауданының жерінде Сырдария облысының Ақалтын және Ильич аудандары ұйымдастырылған, ал Жетісай ауданының жерінде Сырдария облысының Мырзашөл ауданы ұйымдастырылған, Шымкент облысының Киров ауданындағы бес совхоз (Шымқорған, Қызылқұм, Амангелді, Арнасай, Ильич) Сырдария облысының Фариш ауданына берілді, кейіннен жоғарыда аталған қазақ жерінде Өзбекстан Компартиясының бірінші хатшысы Рашидовтың Отаны Жизақ облысы ұйымдастырылды.

Сөйтіп Қазақстанның алты совхозы және жеті ауданындағы көлемді бөлігі Өзбек КСР-ында қалды.⁵²⁵

Ғасырлар бойы басқа халық иелігіндегі аймақтарды бірнеше рет және бірыңғай алып қоя беретін құдіретке ие болған Өзбекстанда әсіресе қазақтар үшін әлеуметтік теңдік болмады. Ұлтшылдық пиғылдағы Ш.Рашидовтың басшылығымен осындай жағдай қалыптастырылды. Егер бұрын партия, совет ұйымдарында және министрліктерінде қазақ өкілдері кездесе, қазір мүлде жоқтың қасы немесе бірен-саран ғана. Рашидов кезеңіне дейін ет-сүт министрлері болып Сарықұлов, Насыров, Ташкент политехникалық институтының ректоры болып Ниязов істесе, аудандық партия комитетінің хатшылығында 20 адам болды, оның алтауы Ташкент облысының аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарған.

Мал шаруашылығының ауыр еңбегіне қамқорлық мүлде жоқтың қасы. Жизақ облысындағы, Бұхар облысының Тамды және Кенимех аудандарындағы шопандардың 99 проценті қазақ, олар 30-40 жылдарға парпар аянышты жағдайда өмір кешуде. Оларға ешкім

қамқорлық жасамаған, жарықсыз, кітапсыз, газетсіз, ана тілінде болмайтының айтпағанның өзінде, теледидарсыз күндерін өткізсе де жұмыс істеп, республика экономикасына қомақты үлес қосып келеді.

Бұрын республикалық 42 жоғарғы оқу орнының онында қазақ тілінде оқытатын факультеттер болатын. Қазір жалғыз Низами атындағы ТМПИ-де ғана қазақ тілі мен әдебиеті факультеті бар, оған жылына 25-ақ студент қабылданады. Бірқатар ауылдарда қазірдің өзінде туған қазақ сәбилерін қоқаңлоқ-қылықпен өзбек деп жазады: Әке-шешесі қазақ, сәбилері өзбек! Жастар мектепті қазақ тілінде бітірсе де, емтиханды өзбекше тапсыру керек деген талап қойылған. Демографиялық мәліметтер бойынша республикада 2 миллионға жуық қазақтар тұрады, бірақ республикалық 1 газет пен 1 баспа ғана бар, республикалық театр, концерт ұйымдары жоқ.

Ал Қазақстанда бірнеше ондаған мың кәрістер, ұйғырлар және немістер тұрады. Олардын барлығында республикалық, аудандық газеттері, республикалық театрлары, ансамбльдері бар. Түрік, дұнған, татар шығармашылық ұйымдары, олардын тиісті бөлімдері баспада, Жазушылар Одағында және Қазақ ғылым академиясында жұмыс істейді⁵²⁶

Өзбекстан миссионерлері отаршыл патша өкметі миссионерлерінен асып кетті. Кіші халықтарды қаншалық ұлттық алауыздыққа ұшыратқан сайын, интернационализм барабанын соншалық қаттырақ даңғырлата соғып, өзінің шовинистік идеяларын өңін айналдырып жалған интернационализмнің шәйі көрпесімен бүркемелеген орыстар секілді, советтік және қазіргі мұстахил (егемен) Өзбекстан әкімдерінің қазақтар туралы саясаты да одан аумаған зымиян жымысқы саясат жүргізуде. Өйткені екеуінің де мақсаты халыққа өз тарихын ұмыттырып, рухани құлға айналдыру. Рашидовшылар Өзбекстан қазақтарының тарихын ұмыттыру мақсатында архивтегі газет, журнал, кітаптарын, документтерді өртетіп жіберген. Мұнда қазақ парасатын талқандап, парықсыз, рухани құлға айналдыру, қазақты ұлтынан бездіру саясатының ізі жатыр.

“Жер тарихы ел тарихы” десек, бұл мекенге қазақ

атаулы аяқ баспаған секілді. Жер - су аттары түгел өзгеріп кеткен. Жаңа ашылған аудан, қолхоз - совхоздардың аты Түйедала, Жантақсай, Ержар, Бөртескен, Жынғылды, Жетімтау, Құлпысары, Балықты болудың орнына кілең маршалдардың аты қатар тізіліп қойыла берген соң бұл өлкеге бұрын-соңды қазақтың аты тұяғын баспаған секілді, қыран ұшпаған құла дүз секілді, ит шөлден өлетін ақ тақыр секілді, жан басып, жан жасамаған жер секілді. Әлімсақтан осында тұрып келе жатқан мына біздің ел - қазақтар анасынан әлі туылмаған секілді. Ел тарихын әдейілеп ұмыттырудың бұл ең төте жолы болды. Оның дәлелін қазақ жеріне орнаған Жизақ облысындағы өзбектің тоғыз ауданындағы шаруашылық аттарымен танысқанда көз жеткізесіз.

Қазақтың XX ғасыр басындағы мәдени ордасы Ташкент болғандығы туралы естеліктер де қалмаған. Ізі білдірілмейтін дәрежеге жеткізген. Осы ордада Мағжан, Мұхтар, Сұлтанбек, Тұрар, Ғани сияқты жүздеген азамат болған қазақ тарихынан ғана білеміз. Басқаны қойғанда бірінші Түркістан республикасының төрағасы, 11 жыл РСФСР Совнаркомының орынбасары болған Т. Рысқұлов атындағы не бір көше, не мектеп жоқ. Керісінше, қазақты өзбектендіруге үлес қосқан қазақ Сұлтан Сегізбаев атында көптеген көшелер, арнаулы оқу орындары, мекемелер, мектептер бар.

Ұлтаралық қатынастарды шиеленістірудің негізгі сыры - Өзбекстан әкімдерінің жергілікті жерді өзбектендіру саясатында жатыр. Жоғарыда айтылғандай, осындай өздеріне қол шоқпар, жергілікті ел тағдырына басы ауырмайтын қайдағы бір қазақты облыс не аудан әкімшілік столына қарауыл етіп қояды да, соның қолымен от көсейді.

Қазақтың азаматтық құқығы аяққа тапталып, жеке бастың творчестволық даму тамыры түбімен шабылғанын былай қойғанда, кейбір тарихи тұлғалар туралы материалдар мұрағатта құртылып, реті келетінін өзбектендіріп жіберген. Мысалы, Отырарлық Фарабиды былай қойғанда, генерал Сабыр Рахимов Қазығұртта туған қазақ. Т. Рысқұловтың семьялық архивын тапсырмақшы болғанда, “өзбек деп жазып берсеңіз қабылдаймыз” деген

талап қойған. Бейбарысты-өзбек, Түркістанды астана деп жазудың да өзіндік сыры бар. Сұлтан Бабыр мен Әмір Темірге ескерткіш орнатылды, кітаптар шығарылды.

Қазақстан жұртшылығы қазақтардың азайып кетуін тек Голощекиннен ғана көрмей негізгі болып табылатын тағы бір себеп - Өзбекстан миссионерлері Ахунбаев, Рашидовтар да жатқанын білгені дұрыс. XX ғасыр басында басым көпшілікті құраған қазақ елі қайда? Оның бір дүркіні Өзбекстан республика болып құрылуы үшін ұлттық деградация құрбаны болды, яғни өзбектеніп кетті. Екінші дүркін, сол 32 жылы аш - жалаңаш босқан елді бір шапан, 1кг. қант, қос уыс жүгері беріп, өзбек деп жаздырып қабылдай берген, қыздар өзбекке тиген, аштан өлгеннен өзбек болғанды дұрыс көріп, “өзбек - өз ағам, неғылар дейсің” деп өздерін - өздері жұбатып, осы мақалды шығарып алған. Үшінші дүркін Сталин өлген соң басталды. Хрущев тұсында халық енді басынан қара бұлт көшкендей, жариялылықтың самалы ескендей сезініп, бұл мәселені қозғаған. “Жығылған үстіне жұдырық” дегендей, халық көңілі тез ақ су сепкендей басылды. Тағы өзбектендіру басталды. Мұның куәсі Самарқан облысындағы біздің ағайындар туған балаларын өзбек деп жазып бере берген. “Көнбесең көшіп кет” деген талап қойған. Сөйтіп елуінші жылдардан арғы ата анасының паспорты қазақ, 50 жылдардың бергі балалардың паспорты - өзбек. Ондағы қазақтар осылай үш дүркін нәубат көріп, жалтақ болып қалды.

Енді демографиялық есепке қаралық, 1897 ж. Ресей империясы жүргізген жалпы санақта **қазақ халқы 4 млн. 84 мың**, ал өзбек халқы 726 мың. Ал 1939 ж. халық санағы бойынша, 1897 жылғы санақпен салыстырғанда өзбектер 5 есе көбейіп кеткен, 3 млн. 900 мыңға жуық болған. Ал қазақтар 5 есе өсудің орнына 2 есе азайып кеткен, яғни 2 млн. 300 мың. 1897 ж. есепке қарағанның өзінде 1 млн. 784 мың қазақ жоқ. Ал демограф ғалымдар 2,5 млн. деп жүр.⁵²⁷ Арнайы зерттеуді қажет ететін бұл мәселені былай қойғанда, жоғарыдағы 2,5 млн. қазақтың бәрі аштан қырылды деуге географиялық факторлар қайшы келеді. Себебі: біріншіден, 1939 жылдың есебінен бұрын әуелгі есептер алынған кезде бұл өлкелер керек десеңіз Ташкент

қаласы да, Қазақстанға қараған. Екіншіден, біздің өлкеде ол жылы басқа жақпен салыстыра қарағанда айтарлықтай аштық болған жоқ. Үшіншіден, қазақтардың оңтүстікте көбірек орналасқаны белгілі. Ал оңтүстіктің халықтары суармалы аймаққа, су жағасына көбірек жайғасқан. Өзбекстанда қалған тап сол, қазақтың құнарлы, суармалы, сулы аймағы және Ташкент облысы, қазақтар көп тұратын Сырдария, Жизақ облыстары. Төртіншіден, 1932 жылы Өзбекстанға қазақтардың аштықтан жөнкіліп келгені тарихи шындық.

Бесіншіден, Ташкент қазақтардың шоғырланған ордасы болған. Онда тіпті 1940 жылы мәдени орталықтары болғаны белгілі. Алтыншыдан, 1932 жылы жөнкіліп келген қазақтар бір үзім нанға өрімдей, жап жас қыздарын ауыстырып кете берген, өздері жалданып жұмыс істеген. Ал, бұл факторлар Өзбекстан миссионерлерінің өзбекті көбейту саясатының жанталасып, өршіп тұрған тарихи дәуіріне өте қолайлы, сәйкес келеді. Жетіншіден, 1939 жылға шейінгі есептерде Қазақстанның есебінде болып, келген өзбекстанда қалған қазақтардың ең қалың шоғырланған аймағы түгелдей Өзбектендірілгенін есептесек, 2,5 миллион жоқ болған қазақтың 1 миллионы Ахунбабаевтың еншісіне тиеді. Аштықтан қазақ ауылдары қаңырап бос қалғаны тарихи шындық болса, қазақтың ең шоғырланған ортасы, құнарлы, шұрайлы, сулы, суармалы жері Өзбекстанда қалып, олардың өзбектенгені де тарихи және географиялық шындық.

Рашидов интернационализмнің жалған ұранын көтеріп, қазақ парасатын түп-тамырымен талқандады. Қай жерде таза қазақ мектебі болса ол сол кездегі интернационализм саясатын арқау етіп, оны араластырып ақыры оны өзбектендіріп отырды. Қай жерде қазақ аудандары болса, сол жерде кадр таңдау да не жергілікті ұлт не еуропалық болсын деген принцип ұсталды. Қазақтан шыққан қыран кадр болса да еуропалық шүрегей кадрға белінді тептіріп үздіріп отырды. Осыдан кейін қазақтар өз ұлтынан «безіп», паспортын өзбек деп жаздырып, қазақша оқыған баласы оқуға түсе алмаған соң басқа тілде оқытуға мәжбүр болды.

«Қазақстанның солтүстік өңіріндегі облыстардың тағдыры»

1960 жылғы 26 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының «Қазақ ССР-і құрамында тың өлкесін құру туралы», ал 1962 жылдың мамырында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының «Қазақ ССР-і құрамында Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан өлкелерін құру туралы» жарлықтары шығарылды. Хрущевтің Т.Соколов сияқты империялық пиғылдағы сыбайластары, осы кезде тың өлкесін Ресейге қосуға әрекет жасады. Ал Қазақстанның оңтүстік субтропикалық жерінің біразы Н.С.Хрущевпен Ш.Рашидовтың және сол кездегі республиканың бірінші хатшысы И.Юсуповтың өзара келісуі нәтижесінде, Өзбек КСР-нің құрамына енгізілді.

Бұдан кейін де Мәскеудегі мәжілістерде Тың өлкесін орталықтан дербес басқару мәселесі қаралды. Ж.Тәшенов Тың өлкесін Қазақстан Республикасының басшы органдарын қатыстырмай, тікелей орталық әкімшілік органдарына бағындыру саясатымен келіспеді.

Сол уақыттағы Тың өлкесінің партия комитетінің бірінші хатшысы Т.И.Соколовтың: «Қазақ халық емес, оларды немістермен будандастыру керек» деген сандырағын қазақтың кейбір босбелбеу зиялысымақтары оны іс жүзіне асыруға кіріскені де шындық. Қостанай облысындағы қандас қызымыз Д. Жақсылықоваға шошқа бақтырып, неміс жігітіне тұрмысқа шығарып, сол үшін Еңбек Ері атағын бергізуі сондай саясаттың куәсі. Осыны үлгі етіп, орыс ағайындарға қосылған биліктегі қандастарымыз жаппай үгіт насихатқа көшті. Оның үстіне орталықтың неше түрлі халықтарды, ұлыстарды елімізге қойша тоғытып, мидай араластырып жіберулерінің кесірінен басқа ұлтпен некелесіп тамырын солдырған, ұлтының мәдениетінен жұрдай, ділін, тілін білмейтін тек төлқұжатында ғана қазақ деп жазылатындар пайда болды. Осындай жасанды тәрбиеден ұлтымыздың мәйегі-қыздарымыздың намысы өліп, көрінгеннің қолтығында оп-оңай кете беретін халге жетті.

Ұлтымыздың әр жерден төбесі көрініп селдіреп, қорлық пен мазаққа душар болғандығы тың игеру кезінде

анық байқалды. 60-шы жылдары «Целинный край» газетінде «Человек в ушанке» деп ұлтымызды қорлап, тіпті есекке теңеп фельетон жазылды да. Тың көтеруге келгендер күні-түні арақтан көз ашпай мас күйлерінде қандастарымызды жануарларды көргендей қуа жөнеліп, тепкілеген көрністерді де тарих ұмытпаған.

Кезінде Т.И.Соколов Н.С.Хрущевпен екеу ара ақылдаса отырып, Қазақстанның солтүстік өңіріндегі алты облысымызды Ресей Федерациясының құрамына қоспақ болған ниетіне, «Этому не бывать!» - деп кесіп айтқан 1960 жылы Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Жұмабек Ахметұлы Тәшенов өз лауазымын тәрік етіп, қарсы шығып ұлтының намысын қорғап ғажайып батылдықы көрсеткен екен. Осы 1960 жылы күзде Ақмолада өткен жиналыста Н.Хрущев Тәшеновке: «Дереу шешетін мәселе-ол республиканың жер көлемі. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алыстық. Олар қолдап отыр. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп отыр» дейді. Бас хатшының бұл сөзіне Тәшенов іле-шала «Никита Сергеевич, бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуына қарсымын!»-деп бетіне айтады. Бұл сөзді естіген Хрущев бір бозарып, бір қызарып алып, Тәшеновке даусын көтеріп дүрсе қоя бастайды. «Саяси бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзің кімсің!? Әрі-беріден соң бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Совет елі-бір мемлекет, қай жерді, қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі!» деп зәрін шашады. Тәшенов тағы тайсалмай «Жоғары кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті орындарсыз кімге беруді дербес шеше беретін болса, онда КСРО Конституциясын жою керек қой. Ал ол Ата заңда әр республика өзінің тарихи жерін, өз меншігі деп пайдалануға құқығы бар. Егер ол заңмен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мемкемелерге дейін шағым беруден де тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар...». Бұл жауапқа Хрущев әрі ашуланып, әрі таң қалып «бұл әңгімеге кейін тоқталамыз»-деп тұрып кетеді. Осы тайталасатан келе жатып Қонаев: «Әй, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз ба-

тырсыз ау» депті. Оған Жүмекең: «Елімнің мүддесі үшін қияметке болса да дайынмын» дейді.⁵²⁸ Осы Хрущевпен болған әңгіме Тәшеновтың келешек тағдырына өзгеріс енгізді. Араға айлар салып оны қызметінен босатып, Кремльдегі мықтылар қайтпас қайсар дала жолбарысын шынжырлап, Шымкент облыстық атқару комитетінің қатардағы орынбасары етіп жібереді.

Мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенев (1915-1986жж)

Қазақ үшін, оның ар-намысы, рухы үшін қиын заманда қабырғасы қайысып жүріп қызмет еткен, ер тұлға **Жұмабек Ахметұлы Тәшенев** жайлы кеңес дәуірінде жазылған оқулықтарда есімі мүлде аталмады. Ел үшін еңбек еткен ол азаматқа тиісті құрмет өз дәрежесінде көрсетілмеді. Оны білетін жұрт оның есімін мақтанышпен айтып, елі үшін еткен еңбегін есіне сақтап келеді. Жұмабек Тәшенев көзі тірісінде ел аузында аңызға айналған, 38 жасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болған, шынайы күрескер халқы үшін, оның болашағы үшін басын бәйгеге тіккен ер азамат, ардақты азамат.

Қазақтың солтүстіктегі астықты, қазыналы алты облысын Ресейге қосуға келісім беріп, өзінен басқасы қолын қойып, мөрін басып дайындап қойған қағазға бұл да қол қоя салмады. Керісінше «Мұндай іске ақмақтар ғана бара алады» деп өз қарсылығын білдіру, ол кезде басын өлімге байлаумен тең еді. Мансаптан кету былай тұрсын, түрмеге де қамалуы мүмкін жағдай еді. Ондай жағдайды біле тұра: «Жаным ата-бабамның қанымен суғарылған атамекеннен артық емес шығар. Туған жерімді соғыссыз, қан төгіссіз біреулер иемденіп алып, төсіндегі ата-баба моласын талқандап, егін егіп, шошқа бағып жүргенін көргенше мен-ақ құрбандық болып кетейін» деп белді бекем буған секілді. Тәшеневтің ерлігі арқасында солтүстіктегі алты облыс аман қалды. Ресей иелігіне өтіп кетпеді. Мәскеу Тәшеневті қызметтен қуды. Бірақ қазақ жерінің тұтастығы сақталды.

Жұмекең империялық өктемдікпен жекпе-жек күресіп, Қазақстанның солтүстігіндегі бүкіл Сарыарқаны алып жатқан алты облысты айдаһардың аузынан аман алып қалды. Сөйтіп қазақтың елінің де, жерінің де тұтастығын сақтап қалды. Оның көрегендігінің арқасында Қазақстан бүгінде жер үстіндегі астық сататын әлемдегі жеті мемлекеттің біреуі болып отыр. Егерде Тәшеновтің қайсарлығы болмаса Қазақстан бүгінде дүниежүзіндегі жер көлемі жағынан ең ірі 9 мемлекеттің бірі болмаған болар еді.

КОКП-ның белгілі XX съезінен кейін Л.И.Брежневті КОКП ОК хатшысы етіп тағайындайды. Қазақ КСР-іне біреуі бірінші, біреуі екінші хатшы болып келген Понамаренко мен Брежнев бір күннің ішінде республиканың 13 министріні қызметінен алып тастаған. Олардың барлығы кезінде Ж.Шаяхметов қойған қазақтар болатын. Сол жолы Тәшенов «біздің бірінші хатшы орыс болса, неге екіншісі қазақ болмайды?» - деп қарсылық білдірген. Артынша Брежнев Алматыға келіп Қазақстан КП ОК бюросын өткізіп онда өзінің орнына бірінші хатшылыққа және екінші хатшылыққа екі орысты дайындап алып келгенін айтады. Олар: И.Яковлев, Н.Журин еді. Сонда бюро мүшелері қазақтар: Д.Қонаев, Ф.Кәрібжанов, М.Бейсебаевтар т.б. үнсіз қалады. Сол кезде арадан тағы суырылып шыққан Жұмабек баяғы би аталарымыз құсап «дат» тақсыр деп өзінің мына атақты сөзін айтады. «Қазақстандағы игерілген тың жер, одан өндірілген астық көлемі әлемге әйгілі. Бұл күрделі өзгерістерді жүзеге асыруда қазақ халқы, партия ұйымы тәрбиелеген кадрлар өздерінің қабылетін көрсетті. Миллиондаған адамдар келіп, жүздеген совхоздар пайда болды. Оларға орысша атаулар берілді. Оған қазақтардың қарсылықтары болмады. Үлкен істе талай саңлақтар өсті. Аудан, облыстарда орталық аппаратта, министрліктерде екінші хатшыға лайық қазақ азаматтары аз емес. Мынау отырған ОК-тің ауылшаруашылығы жөніндегі хатшысы Фазыл Кәрібжанов кімнен кем? Ол екінші хатшылыққа жарамай ма? Сондықтан осындай дайын тұрған кадрларды көзге ілмеу мені таң қалдырады. Мен мұны қазақ кадрларын білгісі келмегендік, не оларға сенімсіздік таныту деп

түсінемін. Бірінші, екінші хатшылық қызметке қазақ кадрларын жолатпау белгілі бір дәстүрге айнала бастады».

Бұл сөз Тәшеновтің жеке басына оқ болып тисе де, қазақ кадрларының ендігі жердегі өсуіне мол ықпал жасайды. Сол Жұмекеңнің сөзінен кейін жылға жетпей Ф.Кәрібжанов екінші хатшы болды. Араға тағы екі жыл салып Д.Қонаевтың қолы бірінші хатшылыққа жетті.

Егер сол жылдары Жұмабек Тәшенев секілді қайсар да бірбеткей, ұлтжанды да шынайы күрескер тұлға билік басында отырмағанда алты облыс Ресей меншігіне айналып кете берер еді. Оны даулап қайтарып алу бүгінгі билікке қиынға соғар еді. Және бөтен елге ата-баба жерінің бір бөлшегін беріп, сол жерде отырған қазақтарды айнала тентіретіп қоюшылық кешірілмес қателік болып саналады. Азуы алты қарыс кеңес өкіметімен алысқан, ел тұтастығын сақтап қалған осы Жұмабек Тәшенев еді.⁵²⁹

2.6. Елдің экономикасын басқарудағы жаңа тәсілдер.

1962-1965жж. шаруашылық реформалары.

«Қырғи қабақ» соғыс жылдарындағы Қазақстан.

Ядролық полигондар

50-ші жылдардың екінші жартысында КСРО көлемінде жүргізілген қайта құрулар қоғамның сол кездегі қажеттіліктерінен туындаған еді. Олар совнархоздарды құру, тың және тыңайған жерлерді игеру, МТС-тарды қайта құру сияқты шаралар көп уақытқа дейін күтілген нәтижелерді бере қоймады. Бұл жылдары жүргізілген барлық экономикалық қайта құруларды іске асыруда таза саяси әдістер мен тәсілдер үстем болып кедергі жасады. КОКП-ның XX съезі қоғамдық ой еркіндігін туғызды, жеке басқа табынушылықты айыптап қоғамды кеңінен демократияландыруға бетбұрыс жасады.

Өнеркәсіп, республиканың барлық экономикасы сияқты, экстенсивті жолмен дамыды. Яғни өндіріс көлемі арттырылды, шаруашылық айналымға шикізаттың жаңа көздерін қосуға баса мән берілді, мамандар санын арттыру қолға алынды. Өндіруші мен өңдеуші салалар арасындағы сәйкессіздік (диспропорция) өсті. Нәтиже-

сінде республикаға өзі шығарған шикізаттан жасалған өнімдер бірнеше есе қымбат бағамен қайта оралып отырды-бұл ұлттық табысты азайтты. Экономиканы әміршіл-әкімшіл жолмен басқарудың өмірге сай еместігі 60-жылдардың өзінде-ақ байқалды. Осыны өзгертуге бағытталған 1965-жылғы реформа өз тиімділігін толық көрсете алмады. Оның сегізінші бесжылдыққа ғана әсері болды.

Қазақстанда бұл жылдары отын-энергетика кешені жанданды. Қарағанды көмір ошағында 10-нан астам ірі шахталар мен байыту фабрикалары іске қосылды. Екі-бастұзда бірінші көмір разрезі игеріле бастады. Осы жылдары Өскемен гидроэлектр станциясы, Жезқазғанда, Шымкентте, Қарағандыда және басқа қалаларда жылу-электр станциялары салынды немесе қайта жасақталды, қуаты арттырылды. Сондай-ақ, Бұқтырма ГЭС-інің құрылысы қолға алынды, Теміртаудағы Қазақстан Магниткасы өнім бере бастады. Осылай, «жылымық» жылдары Қазақстанның экономикалық күш-қуаты өсуіне бірталай жағдайлар жасалды. Тек 1961-1965 жылдардың өзінде республиканың халық шаруашылығында күрделі қаржы кеңес өкіметінің бүкіл бұдан бұрынғы жылдарын қосқандағыдан көп игерілді, соның арқасында республиканың өнеркәсіп потенциалы екі есе өсті. Жүздеген ірі өнеркәсіп орындары мен цехтар іске қосылды. Солардың ішінде Жезқазған байыту фабрикасы, Өскемен машина жасау және конденсатор зауыттары, Соколов-Сарыбай комбинаты, Шымкент гидролиз, электроаппарат зауыттары, Қарағанды, Семей және Шымкент цемент зауыттары, Алматы төмен вольтты аппараттар зауыты, Ермак қайта балқыту зауыты, Семей кабель зауыты және т.б. бар. Қазақстан хромит рудасын шығаруда елде бірінші орын, темір және марганец рудасын шығаруда үшінші орын алды, республиканың болат, прокат, ферросплавтар шығарудағы рөлі артты. Бірақ жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің дамуына тежеу жасалды, шикізат және отын өндіретін салалар озық қарқынмен дамытылды, шамамен өнеркәсіпке жұмсалған күрделі шығындардың 9/10 бөлігі «А» тобын дамытуға жұмсалды.⁵³⁰

1964 жылғы қазанда КСРО-да Н.Хрущевтің жер-жердегі қаптаған бейнелері алынып, тасталынып, оның лауазымдарын өзара бөліскен Л.Брежнев пен А.Косыгиннің портреттері ілінді. Сол жылдың күзінде кейбіреулер ойлағандай уақытша емес, жиырма жылға созылған ең басты мәселе-билік туралы мәселе туындап еді. Бұл жағдаят өкімет билігінің күні кеше Хрущевті баяу ғана қолдап келген кейін «либерал-консерватор» бола қалған партияластарының, кеңінен ойлайтын шенқұмарлардың, орталықтағы және жер-жерлердегі билікті иемденіп қалған шенеуніктердің сондай-ақ, олардың ғылыми және идеологиялық қолжаулықтарының қолына көшкенін көрсетеді.

1964-1970 жылдары қоғамның дамуы бірқалыпты болмады. Бірақ әлеуметтік-экономикалық ахуалды жаңғырту жолдарын іздеу кейінгі жылдарға қарағанда ширақтау болды. Мәселен, 1965 жылы наурыз айында өткен КОКП ОК пленумы ауылшаруашылығының мүдделеріне қарай икемдеу тек уақытша ғана жеңілдік әкелетінін қаперлеріне алғысы келмеді, ал, «әкімшілік-әміршілдіктің тамырына балта шабу керек» деген ұраннан да ештеме шықпады, өйткені мәселе жекелеген тізеге салу мен ауытқушылықта емес, сол кездегі билік жүйесінің өзіндік табиғатында болатын.

1965 жылғы қыркүйектегі Пленум шешімдері одан әрі кетті. Алға міндет етіп шаруашылық есепті жүзеге асыру қойылды. Кәсіподақтардың дербестігі жолында қадам жасалды; жетекші шаруашылық органдары бар құқықты өздері алып, кәсіподақтарға тек орындау міндетін беру дұрыс еместігі мойындалды. Осындай «реформаторлық» талпыныстар дағдарысқа қарай қисая тартып бара жатқан жүйені аракідік «желпіндіріп» қоюмен ғана шектелді. Мұны елдің тарихындағы ең жемісті кезең, «алтын бесжылдық» деп аталған сегізінші бесжылдықтың (1966-1970жж) нәтижелерінен байқауға болады. Өйткені КСРО тарихында қабылданған экономикалық жоспарлар ішіндегі өзі қойған міндеттерді орындаған тек осы сегізінші бесжылдық қана болды.

Қазақстанда бұл жылдары қоғамдық жалпы өнім бір жарым есе, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 1,6 есе өсті.

1970 жылы өнеркәсіп секторы өнімдерінің 76 пайызы өндіріс тиімділігін арттыру есебінен алынды. Бұл көрсеткіш 1965 жылы 40 пайыз ғана еді. Өнеркәсіптің жалпы өнімінде осы заманғы салалардың ара салмағы артты. Мәселен, химия өнеркәсібі өнімнің көлемі 2,4 есе көбейді. Осы кезең ішінде машиналардың 300 жаңа түрлері игерілді. Әсіресе энергетика қауырт өркендеді. Ауыл шаруашылығында да елеулі өзгерістерге қол жетті. 60-шы жылдардың екінші жартысында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда 1,8 есе өсті.⁵³¹

Қазақстан елдің металлургия флагманына айналды, қара және түсті металлургияның, химия өнеркәсібінің ірі орталығы деген атқа ие болды. Әйткенмен, экономиканың сыңаржақ, шикізаттық бағытта болуы көптеген қайшылықтарға әкеп соқты. Экономикадағы кейбір ілгерілеушіліктерге, қуаттың артуына, Сібірдің мұнайдан түскен долларына қарамастан елдің әлемдегі дамыған мемлекеттерден кейін қалуы айқын көрінді-КСРО дағдарысқа қарай жақындай берді. Сол жылдардағы қайта құруларда мейлі экономикада болсын, немесе қоғамдық өмірдің басқа жақтарында болсын, оны жүргізу барысында негізінен, ұйымдық құрылымдық мәндегі өзгертулерге көбірек көңіл аударылды. Кей жағдайда бұл жылдардағы қайта құрулар, жүргізілген шаралар кері әсер беріп, өз дегенінен шықпай қалып отырды. Оған мысал, совнархоздарды құру, тың және тыңайған жерлерді игеру, МТС-тарды қайта құру сияқты шаралар, көп уақытқа дейін күткен нәтижелерге жеткізбеді. Керісінше, олардың бірі саяси және шаруашылық басқару жүйесіндегі қиыншылықтарға, екіншісі-кейінен белгілі болған экологиялық, демографиялық және ұлтаралық шиеленістерге, ал үшіншісі-колхоздардың әлсіреп, онда істейтін адамдардың еңбекақыларының төмендеуіне әкеліп соқты.

Совет адамдарының санасында қалыптасқан коммунизм бейнесі, ол туралы жалпы түсінігі 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басындағы экономиканың шынайы жағдайына және жинақталған проблемаларына талдау жасаудан гөрі, сол кездегі экономикалық және әлеуметтік саясатқа көбірек ықпал жасады. Сондықтан

да болар, КОКП-ның XXII съезінде қабылданған партияның Бағдарламасы совет халқына 20 жылдан кейін коммунизмнің материалдық-техникалық негіздерін құруға бағыттады, уақыттан озбақ болды. Бұл сонымен бірге сол кездегі партия басшыларының масаттану және қоғам дауының теориялық негізін түсінбеушіліктен туындаған жағдай еді. Өткендегі жетістіктерді әсірелеп бағалаудың нәтижесінде бұрынғыдан да биік, көтеріңкі міндеттемелерді қабылдау барысында социализмді коммунизмге жеткізу мақсат етіліп қойылды. Бұл ұшқары қабылданған міндетте ғылыми-техникалық прогресстің рөлі жете бағаланбады. Оған тек өнім өндірудің көлемін арттыру құралы ретінде қарау басым болды.

Бұл жылдардағы Қазақстанның экономикасы, бүкіл қоғамдық-саяси өмірі КСРО-дағы басқа да ұлттық республикалар сияқты, бүтіннің бір бөлшегі ретінде, осы ортақ, ел алдында тұрған Бағдарламада белгіленген міндеттерді шешуге бағындырылды. Өйткені орталықтан жоспарлайтын экономиканың даму заңдылығы, табиғаты осындай еді. Дәл осы жылдардан бастап, республика біржақты, яғни шикізат көзі ретінде ғана дами бастады. 60-жылдардың ортасында жүргізілген экономикалық реформа халық шаруашылығына түбегейлі өзгеріс енгізе алмады. Өйткені, сол кездегі қабылданған шешімдер қалыптасқан әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесін бұзуға бағытталмаған еді. Керісінше, сол басқару жүйесінің одан әрі қарай қызмет ете беруін қамтамасыз ету үшін, оның экономикалық негіздерін жетілдіріп отырды. Кәсіпорындардың мүдделері ескерілмей, олар бұрынғысынша орталық ведомстволардың бұғауында қалып қойды. Кәсіпорындардың қолында бар шаруашылық дербестігін сол ведомствалар шығарған әртүрлі нұсқау мен жарлықтар шектеп отырды. Сөйтіп, партиялық және мемлекеттік басқарудың әкімшілдік-бюрократиялық жүйесі күшейе түсті.

*«Қырғи қабақ» соғыс жылдарындағы Қазақстан.
Ядролық полигондар*

Арнайы деректерге сүйенсек, әлемде 2044 ядролық сынақ өткізіліпті, оның 513-і атмосферада. Соның 52,7

проценті АҚШ-та, 35 проценті бұрынғы КСРО-да, 8,8 проценті Францияда, 2 проценті Ұлыбританияда және 1,6 проценті Қытайдың Қазақстанмен шектес Лоб-Нор полигонында сынақтан өтіпті. Кеңес Одағындағы ең күшті, ең жойқын сынақтар Қазақстан жерінде өткізілген. Қазір жалпы жер көлемі 2,7 млн. шаршы шақырым, 16 миллионан астам тұрғын халқы бар Қазақстан радиозкологиялық жағынан алғанда әлемдегі ең экологиясы лас елдердің біріне саналады. Қазақстан жерінде 19 полигон бар. Соның ішіндегі Семей полигоны ең ірісі, әрі жойқыны 1949 жылы 29 тамызда бірінші плутоний бомбасы, 1951 жылы 18 желтоқсанда бірінші ураннан дайындалған атом бомбасы, 1953 жылы 12 тамызда бірінші сутегі бомбасы Семей өңіріндегі әуеде жарылған. Бұл полигонда 473 ядролық жарылыс жасалған. Оның 90-ны ашық аспанда, 26-сы жер үстінде, қалған 354-і жер астында. Ашық аспан мен жер үстінде сынақ 14 жыл бойына жүргізілді. Бұл жарылыстардан радиоактивті 55 бұлт пайда болып, ол полигоннан тыс аймаққа жел арқылы тараған. Ал жер асты жарылысынан 69 рет аса қауіпті улы газ бөлініп шығып ауаға жайылған. 50 жыл бойы әлемдегі орын алған сынақтардың 1/4 -не жуығы қазақ даласында өткізілген. Ал Қазақстандағы әскери полигон республикадағы 20 млн. гектар егістік жермен тең аймақты алып жатты. Тек бір ғана Семей полигоны 18 мың шаршы шақырымды алып жатты.⁵³²

Қалған полигондар орналасқан жерлер мыналар: Тайсойған, Азғыр, Капустин Яр, Индер, Ембі-5, Арал-5, Приозерск, Сарыөзек, Шалқар. Семей облысының Абралы, Абай, Жаңа Семей аудандарының жері полигонға айналдырылып, мұнда жер үстінде 160 рет сынақ өткізілген. Ал Қызылорда облысында «Арал-5» ракеталық полигоны орналасқан. Осында «Возрождения» аралында химиялық және бактерологиялық қаруларды сынақтан өткізетін лаборатория болған. Бұл атом полигонында жылына 100 сынақтан өткізілген. Сондай-ақ бұл облыс жерінде ракеталық-космостық «Байқоңыр» полигоны тағы бар.

Жезқазған облысының Арал теңізінен Балқаш көліне дейінгі бүкіл оңтүстік бөлігі «Приозерск» сынақ поли-

гоны еншісінде болған. Қырғи қабақ соғыс пен КСРО жанталасса қаруланған кезеңде «Азғыр» атом («Галит»), 929 мемлекеттік ұшыру-сынау және мемлекеттік орталық полигондары құрылды. Соңғы екеуі «Капустин Яр» деген жалпы атаумен мәлім. Республиканың Атырау, Ақтөбе, Жезқазған және басқа облыстарындағы бірқатар полигондар да осы жүйеге кіреді. Олардың орталығы-Ресей Федерациясында-Ахтубинск және Капустин Яр қалаларында, ал қару-жарақты, әскери техниканы сынау түгелдей Қазақстан аумағында жүзеге асырылып отырылды. Нарын аймағында 28 ядролық жарылыс жасалынды. Атырау обысының Құрманғазы ауданындағы қазіргі «Балқұдық» АҚ-ның аумағында орналасқан «Азғыр» полигоны атомды жер астында сынаудың орталығы болды. «Капустин Яр» полигонында атмосферада 11 ядролық жарылыс жасалынды. Қуаты 10 килотонн алғашқы ядролық заряд 10,4 км биіктіктегі атмосферада алғаш рет 1957 жылығы 19 қаңтарда жарылды. Полигонда қару-жарақ пен әскери техниканың 177 түрі сыналған. Радиациядан зардап шеккендер республикада 1,5 миллионға жеткен. 30 жыл өткен соң зерттелген Хиросима топырағының әр килограммында кобальт-60 өлшемі 4 беккерел болса, Семей полигонында ол 72500-ге барған. Аталған уландыратын заттың концентрациясы 13 мың есе артық болып шыққан. Халықтың гені бұзыла бастады. Ғалымдар 90-шы жылдары атом бомбаларының әсерлеріне тап болғандардың дүниеге келе бастағанын, үшінші ұрпақтар арасында 72 проценті орталық нерв жүйесі зақымдалғанын, ал 28 процент сәбилердің сары аурудың өте асқынған түрімен кәріп болғанын айтады. Қазақтар ішінен өзін өлтіру, мүгедек сәбилер, бейнесі өзгерген бұрын кездеспеген қол-аяғы жоқ пішіні адамға да хайуанға да ұқсамайтын кемтарлар туыла бастады.⁵³³

Арал теңізінің ортасында Жаңару (Возрождение) аралында өте құпия бактериологиялық полигон орналасқан, онда бактериологиялық қаруды сынақтан өткізіп тұрған. КСРО 1975 жылы бактериологиялық қаруға тиым салу жөніндегі халықаралық шартқа-Конвенцияға қол қоя отырып, 1992 жылға дейін сынақты жасырын жүргізіп

келген. Мұның қауіптілігі сонша, екі-ақ стақан бактерия өзінің өлтіру күші бойынша 5 тонна жүйені құртатын газбен немесе 100 тонна цианистый калиймен барабар екен. Осындай сынақтар қазақтар тұратын аймаққа орны толмас қасірет әкелді.⁵³⁴

Семей полигонында сынақ жасалған жылдары сол өңірдің кемінде 500 мың тұрғындары ионды радиацияның тұрақты сәулесіне ұшыраған. 1949-1963 жылдары сынақ әуелде жүргізілген кезде полигонға жақын тұрған жергілікті адамдардың арасында әр түрлі аурулар, әсіресе онкологиялық аурулар көп тарады. 1975-1985 жылдары бұл аурулардан -өлгендер тек Семей облысының өзінде ғана 7 есе өсті, бала туу азайды, жынданып ауыру және өзін-өзі өлтіру көбейгені байқалды.⁵³⁵

1957 жылы Семейде «бруцеллезге қарсы 4-диспансер» дейтұғын жасырын атпен арнаулы мекеме құрылды. Алғашқы үшеуінің қайда екенін, не істейтұғынын тірі пенде білмейді. Ал жоғарыда аты бүркеншік атпен аталған мекеменің міндеті ажалды дертке шипа жасау емес, адам ағзасына «әскери радиацияның» әсерін аса бір құпиялықпен тек қана зерттеу болды. Алты мың пақырды андуға қойған төрт дәрігерге мардымсыз ғана қаржы бөлінді. Тас керең тас қорғанға дертке шалдыққандар түгел сия қойған жоқ, ал «жолы болғандардың» сүйегін туысқандарына бруцеллезден өлді деп қайтарып отырды. Немесе, қорытынды анықтамаға тымаудан тырысқаққа дейінгі дімкәстіктің аты жазылып диагноз қойылды. Осы мерзім аралығында он мың адам тұрақты бақылауда болып келген. Қазірде олардың сегіз мыңы опат болған.

Жарылыстың радиациялық әсері жергілікті халыққа Хиросима мен Нагасакидегі радиацияның салдарынан бір де бір кем болған жоқ. Бұл өңірде Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2500 есе қуатты бомба жарылған. Алғашқы сағатта бұл аймаққа түскен радиоактивті қоқымнан соң (Долон селосы) жер бетіндегі сұмдықтың мөлшерлі күші сағатына 200 рентген болған. Гамма сәулесінің адамға сырттан әсер жасайтын мөлшері алғашқы тәулікте 60 рентген, аптасына-100, айына-130, жылына-160 рентгеннен келді. Мұның соңғы,

1951 мен 1963 жылдар аралығындағы жарылыстары, Семей облысының территориясын жыл сайын ондаған рет дүркін-дүркін радиоактивті қоқыммен былғап, халқын иондық радиацияның сәулесімен әр диапазондағы мөлшерде улап, жарақаттап жатты. 1990 жылы тамызда Хиросима митингісінде сөйлеген суретші Кәріпбек Күйіков былай деді: «Жер астындағы жарылыстың саған түк те зияны жоқ деп газеттер» жазды. Мен полигонның іргесінде дүниеге келдім. Жасым жиырма екіде. Жарық дүниеге қолсыз келген жанмын. Мендей ғаріп жандар тек бізде ғана емес, дүние жүзінде толып жатыр, өйткені, қай түпкірде болмасын полигондар адамның ақылынан да, ажарынан да, қолынан да, айырды.»

1945 жыл мен 1989 жылдың 31 желтоқсаны аралығында АҚШ пен КСРО-да жасалған ядролық сынақтың дерегі төмендегідей. АҚШ өз программасын іске асыруға Кеңестер Одағынан төрт жыл бұрын кірісіпті. 1990 жылға дейін 921 заряд жарған екен. КСРО болса 642 заряд жарыпты. Ал 1963 жылға дейін жарылған атомдық, термоядролық қондырғылардың күш-қуатын тұтас алғанда, академик А.Сахаровтың хабарламасы бойынша КСРО қарсыласынан едәуір алға шыққан (451 мегатонна-141 мегатонна). 1989 жылдың 12 ақпан күні Семей іргесіндегі ядролық полигонда сыналған зарядтың қуаты 70 килотоннадан асыпты. «Уақыт» бағдарламасы берген ТАСС хабарында кезекті сынақ сәтті өтті, радиация фоны қалыпты мөлшерден асқан жоқ ... деген уәж айтылды. Ал шындығында Ертіс атырабындағы экологиялық жағдай мүлдем басқаша болған: сынақ жасаушылар жел бағытының теріскейден оңтүстікке қарай соғуын күтіп алып зарядты жаруды әдетке айналдырған (өйткені күшті жарылыс кезінде жер жұлығынан бұрқырап шығатын зиянды газдар түстік атырапқа тарайтын болған. Ал ол жақта ешқандай бақылау жоқ, демек көзге көрінбейтін, иісі сезілмейтін газды бейғам ел елеп-ескермеген, оның ауыр зардаптары кейінен білініп отырылған.) Жойқын жарылыстан 100-150 шақырымдай қашықтықтағы үйлердің терезелері дірілдеп, қабырға сылағы түсіп, кейбірінде саусақ сыйатындай сызаттар пайда болған.⁵³⁶

Семей ядролық полигонда атом бомбасымен қатар сутегі және кобальттық бомбалар сыналған. Осында 1953 жылы 12 тамызда бірінші сутегі бомбасын сынақтан өткізуді өз көзімен көрген осы полигондағы 176 истребительдік ұшақтар полкінің ұшқышы Б.Корняков естелігінде былай дейді: «Мен әрбір жарылыстан кейін самолетпен 5-7 метрлік биіктікте ұшып дозиметрмен сол жарылыстың эпицентріндегі радиацияның қандай екенін білуім керек еді. 11-тамызда түстен кейін мені шұғыл шақыртты. Қасымыздағы чекистпен екеуміз 60 шақырымдай жердегі кішкентай аэродромнан көтеріліп, ертеңгі жарылыс болатын жерге келдік. Онда биіктігі 30 метр суды қысыммен ағызатын мұнара (водонапорная башня), айналасында 12 шақырымға созылатын 5 қабатты үйлер, көптеген неше түрлі соғыс техникасы-танктер, самолеттер, автомашиналар, торпедалық катерлер, тіпті 1 шақырымдық метро жүргізілген. Айнала траншеялар қазылып, онда қойлар, түйелер... кіргізілген. Мен мұнараның үстінен кесе көлденең 4 рет ұшып «көбелек» жасап қайттым. Жарылыс таңғы 7-де болды. Жарты сағаттан соң мен самолетпен сол жерге келгенде кешегі көрген нәрселерден, малдардан дым қалмаған, айнала 30 шақырымға жуық оты сұйық қарақоңыр балқыған жағдайға ұшыраған, бірдемелер жарқырап жатты. Дозиметрист Володя Белоглазов радиацияны өлшегенде ең қуатты радиоактивтік сәулеленуге арналған ВЯЗ приборының стрелкасы шкаладағы соңғы көрсеткіштен асып кетті».⁵³⁷

3.6. Ауылшаруашылығындағы қиындықтар.

Тың эпопеясының күнгейі мен көлеңкесі: шындығы мен шырғалаңы

Әміршіл-әкімшіл жүйенің орнығуы, халықты әбден титықтатқан «жоспаршылдық» соғыстан кейінгі дамуда өз билігін кеңінен жүргізді. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей, ауыл тұрғындарын «өрге сүйреу», барлық адамдарды белгілі-белгісіз әйтеуір бір іске құлшындыру тұрпатындағы саяси-экономикалық науқандар тұтас Ке-

ңес империясы көлемінде жүргізілген эксперименттер деп атауға болады. Осындай ғылыми негізделмеген жоспар бойынша жүргізілген эксперименттерге колхоздарды ірілендіру (1950-1951 жылдар), тың және тыңайған жерлерді игеру (1954-1956 жылдар) және колхоздарды совхоздарға айналдыру (1957-1958 жылдар) шараларын жатқызуға болады.

1957 жылы Н.С.Хрущев «колхозшыларға жеке меншігінде сиыр ұстаудың керегі жоқ, өйткені олар еңбеккүнге керегінше сүт алады» деген нұсқау түсірді. Содан кейінақ Қазақстанда әр шаңыраққа тек бір ірі қара мал, үш ұсақ тұяқ ұстауға ғана рұхсат етілді. Оның бұл тәжірибесі еңбекшілерді күйзелтіп, олардың өкіметке деген сенімін азайтты. Сол жылдары халық аузында:

«Маленков берген байталды,

Хрущев келіп қайта алды» деген шымшыма өлең де шықты.

50-жылдардың бас кезінде Отан соғысы әлсіреткен ауылшаруашылығы, оның ішінде астық жағдайы елеулі алаңдаушылық туғыза бастады. Одақ экономикасының бүкіл дамуына қатер төнді, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісінің даму қарқыны арасында орасан зор сәйкессіздік пайда болды. Бұл қиыншылықтардан шұғыл шараларсыз шығуға болмайды деген тұжырым жасалды. Сол кезде КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан-наурыз Пленумы Тың және тыңайған жерлердің орасан зор алқабын қысқа мерзім ішінде игеру міндетін бірінші орынға қойды. Негізгі үміт Қазақстанның ұланғайыр даласына артылды. Алға қойылған бұл міндетті орындау көп күш жұмсауды қажет етті. Оны іске асыруда әміршіл-әкімшіл жүйенің барлық күш-қуаты жұмылдырылды. КОКП Орталық партия комитетінің ақпан-наурыз Пленумының (1954ж) шешімдері республикалар Орталық Комитеттерінің, облыстық, қалалық және аудандық партия ұйымдарының жиналыстарында жаппай талқыланды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Советі Н.С.Хрущев ұсынған бағдарламаны талқылап, егіс көлемін төрт жылда (1954-1957)

жылдары 6 миллион гектардан аса игеруді міндеттеріне алды. Хрущев бұл мәселені шешуде бірнеше субъективтік қателіктерге жол берді: Біріншіден, Қазақстанның экономикасы оның байлығы тек экономикалық саясат тұрғысынан ғана қаралды. Қазақстанның ұлттық құрамы мен оның ұлттық республика екендігі ескерілмей бұл мәселеге бас хатшы ұлыдержавалық гегемонизм тұрғысынан, империялық көзқараспен қараудан аспады. Екіншіден, ол Қазақстанды патша дәуіріндегідей шикізат өндіруші отаршылдық құрылым болуын ғана қалады. Ал мұндай саясат түптеп келгенде республиканы Одақтың шикізат қоймасына айналдырды. Үшіншіден ол бұл экономикалық жаңалықты енгізу туралы сол жердің иесі болып табылатын жергілікті халық-қазақтармен ақылдаспай өзі шешті.⁵³⁸

1954 жылдың ақпанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында, 1938 жылы Қазақстан Компартиясының үшінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметов соғыс басталар алдында екінші хатшы, 1946 жылдан 1954 жылдың ақпанына дейін республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған ол, Н.С.Хрущевтің «Тыңды игеру» жөніндегі бастамасын қолдамағаны үшін қызметінен кетірілді. Оның орнына тың және тыңайған жерлерді игеруге құлшына кіріскен орталықтың адамы П.К. Понамеренко сайланды.

Дүниежүзілік практикада (тәжірибеде) теңдесі жоқ осынау эксперименттің ауқымы мен қарқыны орасан болды. Алайда оның зияны ескерілмеді. Тыңды игеруді мүмкіндігінше жеделдетуді жақтаушылар, аса көрнекті топырақ танушы В.В. Докучаевтің 1892 жылы ойластырылмай жыртылып тасталған Ресейдің оңтүстік бөлігі құрғап, қу тақырға айналып бара жатқандығын жазған ескертпесіне құлақ аспады. Осы В.Докучаевтің айтқандарына сүйене отырып, Мәмбетәлі Сердалин «Егер Ресейдің еуропалық далаларын қалай болса солай жыртып тастаудың зардаптары осындай болса, онда Сібірдің ұлан-байтақ шалқар даласын жырту қандай қатерлі зардаптарға әкелетінін болжап болмайды» деген пікірі де ешкімді ойландырмады. Сондай-ақ Серда-

лин қазақ даласының мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы екенін ғылыми дәлелдеген адам болатын.

Жоғарыда аталған қаулы бойынша Қазақстанда, Сібірде, Оралда және Солтүстік Кавказда астық дақылдарының егіс көлемін күрт өсіру міндеті қойылды. Бұл аймақтарда 13 миллион гектар, оның ішінде Қазақстанда 6, 3 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру жүктелді. Бұл жерлерден 1100-1200 миллион пұт астық жиналып, егін өнімділігін 14-15 центнерге жеткізу көзделді. 1954 жылдардың өзінде-ақ Қазақстанда 8,5 миллион гектар, келесі жылы 9,4 миллион гектар жер жыртылды. 1956 жылы 20 миллион гектар жер жалпы айналымға енгізілді, мұнын өзі жоспардан үш есе асып түсті. 60-шы жылдардың басына қарай жыртылған егіс алқабы 32 миллион гектардан асып кетті, оның ішінде астықты алқап 22 миллион гектарға жетті. Партия тапсырмасын орындау үшін орталықтан да, республика бюджетінен де қыруар қаржы бөлінді. КОКП Орталық Комитетінің «Тың және тыңайған жерлерді игеруге аттануға» шақыруына байланысты барлық совет халқына арналған үндеуі шықты. Ресейден, Украинадан, Беларуссиядан, Молдавиядан, Балтық өңірі және Закавказье республикаларынан, Орталық Азия аймағынан жастар ағылып келді. 1954 жылдын наурыз айына дейін Қазақстанға 250 мың, ал 1956 жылы оның саны 640 мыңға жетті. Бұдан кейінде тыңға адамдар толассыз келіп жатты. Сол дақпыртпен барлығы республикаға 2 миллионға жуық адам келіп қоныстанып, республиканың демографиялық ахуалын бұзды. 1956 жылы Қазақстан тұңғыш рет миллиард пұт астық алды.

1933-1954 жылдар аралығында Қазақстан колхоздары мен совхоздары Отан қоймасына 1680 миллион пұт астық құйған болса, 1954-1958 жылдар аралығында Одақ Қазақстан тыңынан 2645 миллион пұт астық алды.

Тың игерудің тиімділігі қанша мадақталғанымен, оған орасан зор қаржы жұмсалды. Алғашқы екі жылда оның мөлшері 6105 миллион сомға жетті. Бұл төртінші бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан төрт есеге жуық көп болды. 1954-58-ші жылдары Қазақстанда 337

жаңа совхоз ұйымдастырылды. Оның құрлысына 10814 мың сом жұмсалды. 1960 жылы совхоз саны 881-ге жетті. Елдегі игерілген 41,8 миллион гектар жердің 10 миллион гектардан астамы эрозияға ұшырады. Қазіргі кезде орта есеппен 180 миллион гектар жайылым істен шықты, 55 миллион гектар жердің қыртысы бұзылып эрозияға ұшырады.

Тыңға шабуылды даңғазалы рухта дабылдатудың нәтижесінде егістік пен шабындық жерлердің арақатынасы өзгерді. Егіндік пен тарихи қалыптасқан мал шаруашылығын қатар дамытуды ұсынушыларды ұлтшылдарға жатқызды. Тың агротехникасын түсінбей, еліміздің батыс аудандарындағы тәжірибені қазақ даласына көшіру нәтижесінде жер эрозияға ұшырады. Алғашқы онжылдық ішінде мұндай жерлер 9 миллион гектарға жетті. 1954-1956 жылдардың Қазақстан тыңына келген механизаторлар мен партия қызметкерлерінің саны 600 мыңнан асты. 1954-1959 жылдары тыңға 20 миллиард сом қаржы жұмсалды.⁵³⁹

Ең алдымен бұл күрделі іс терең ойластырылмаған жоспарсыз және ғылыми негіздеусіз жүргізілді. Өндіріс ресурстарын пайдаланғанда көбінесе тимділігі шамалы экстенсивті әдіс негізге алынды. Экстенсивтік әдіс ғасырлар бойы қалыптасқан экологиялық тепе-теңдікті бұзды. Ұланғайыр жер жыртудың салдарынан топырақ эрозиясына ұшырап, жердің ең құнарлы қыртысы (гумусы) жыл сайын желмен көтеріліп, боранға айналып ұшырылып әкетілді. 1954-1960 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстанда 9 миллион гектардан астам жер жел эрозиясына ұшырады. Мұның өзі Франция сияқты астықты мол өндіретін елдің бүкіл ауылшаруашылығы пайдаланатын жер көлеміне тең еді. Ал егер табиғатқа жер бетіндегі 18 сантиметрлік мәдени қыртысын жасау үшін 10 мың жыл керектігін ескерсек, оның маңызының қандай екенін бағамдауға болады.

Бүгінде әртүрлі пікір туғызып, Отан тарихындағы орны ойсырап «ақтандақтардан» әлі арыла алмай келген тарихи мәселелердің бірі, 1954-1956 жылдардағы Қазақстандағы «Тың және тыңайған жерлерді игеру»

науканы. Аталған мәселенің баспа беттерінде көбінесе республикаға тигізген пайдалы жақтары, яғни күнгейі туралы көбірек айтылады да, көлеңкелі тұстары күні бүгінге дейін толық ашылмай келеді. Бұл мәселе төңірегіндегі шындық шым-шымдап қана шығарылуда. Олар мыналар:

Ұлан байтақ қазақ даласының әр түрлі аудандарының өзіндік ерекшеліктері ескерілмеді. Топырақтың құрамы, сапасы, оны өндірудің жүйесі анықталып зерттелмеді. Тың игеру жоспарын орындау мақсатымен тек жайылымға ғана жарайтын Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының құрғақ далалы және шөлейт жерлері де жыртылып тасталды. Осындай бей-берекетсіздіктің себебінен ол жерлер табиғи өсімдіктерінен айрылды. Ол жерлер сөйтіп не егістік, не табиғи жайылым күйінен айрылып, ештеңеге жарамай аңызғақ далаларға айналды. Қуаң және аса қуаң аймақтардағы жайылымдар жүйесіз пайдаланудың, малдың жыл бойы бір жерде бағылуының салдарынан ол алқап азып тозып тақырға айналды. Мамандардың есептеуінше 15 миллион гектар жайылым сондай жағдайға ұшыраған. Ал 63 миллион гектар жайылымның немесе республикадағы бүкіл мал өрісінің үштен бірінің әбден тозығы жеткен. Мал жайылымы мен шабындық жерлердің шұғыл азаюына байланысты мал шаруашылығы үлкен шығынға ұшырады. Жеке меншіктегі малдардың өсуі тежелді. Соның салдарынан ет, сүт, жүн өндіру төмендеді.

Егістікке жарамайтын 10 миллион гектарға жуық жер жыртылып тасталды. Осы себепті бұл жерлер бұрынғы шамалы болса да табиғи өсімдіктерін айырылды. Сөйтіп, не егістік, не табиғи жайылым болып жарытпады. Мұндай жағдайлар аз болған жоқ. Өзендер тасып, кейін арнасына түскенде ол жағалауға көк майса шөп шығатын жерлер де жыртылып, оған егілген дақылдар пісіп үлгермей рәсуа болды. Басқа жер болмағандай сол жерлер де жыртылды. Бірақ онда су кеш тартылып, кеш кебетіндіктен еккен астық пісіп үлгермей, босқа рәсуә болатын. Жыртпасаң жоспарды әдейі орындамадың деп бәлеге қалдыратын заман болған. Осының бәрі әр гектарға шаққанда өнімді азайтты. Бірден бір принцип-«қайтсең де астық бер және

кез келген сападағы астық бер» деген принцип үстемдік құрды. Тек 1992 жылы ғана барынша мол орташа түсім әр гектардан 14,8 центнерден айналды. Тек 13 жылда ғана осы көрсеткіш 10 центнерге жетті. Дүние жүзінде бірде бір ел өзінің ауыл шаруашылығын осыншама шығынмен жүргізбеген. Ғалымдардың есептеп шығарғанындай, қазір, нарықтық қатынастарға көшу жағдайында, астықты әлемдік баға бойынша сату гектарынан 10 центнерден кем түспейтін өнімділік жағдайында ғана тиімді болмақ. Тек алынған бір тонна астық 80-100 АҚШ долларына бағаланғанда ғана тиімді болмақ. Ал осындай түсім беретін талаптар Қазақстанда тек 16 миллион гектар, яғни, жалпы егістік жер көлемінің 65 пайызы ғана.⁵⁴⁰

Тыңның тұсында қазақстандықтар өзге республикадан келген тың игерушілерді, түріне, ұлтына, тіліне қарамай құшақ жая қарсы алды. Тың және тыңайған жерлерді игеру-Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуын өркендетумен қатар, қазақтардың ұлттық санасын да өсірді. Алайда сол кезде жүргізілген интернационалдық тәрбие жасанды болып шықты. Жергілікті ерекшеліктер ескерілмеді. Құрғақ уағыз, даңғазашылдық етек алды.

Сырттан келген келімсектерге жаңадан құрылған кеңшарлар мен басқа тұрғын мекендерде бастарында баспанасы жоқ деп, бірінші кезекте жаңа салынған, жақсы жабдықталған үйлерден пәтерлер берілді. Ол жерлерде тұрмыс жағдайына, әлеуметтік сұранысқа қажетті әп-әдемі объектілер салынды. Ал жергілікті халық көбінде баспанасы бар деп, баяғы тозығы жеткен үй-жайларында қала берді. Барлық күш, материалдық қаржы тың аудандарына жұмсалып, ал тың игерілмеген, тек қазақтар тұрып, мал өсіретін шалғай шаруашылықтарда, шөлейт, жартылай шөлейт аймақтарда құрылыс та жөнді салынбады, жол да тартылмады, халықтың әлеуметтік жағдайы, өмір деңгейі төмен күйінде қала берді. Соның салқыны әлі күнге дейін сезіліп келеді.

Тың игерілген жерлерде басқарушы қызметтерге негізінен келімсек кадрлар орналастырылды. Жергілікті кадрлар орындарынан алынды. Мұның бәрін КОКП-ның Орталық Комитетінің қамқорлығы деп түсіндірді.

Тың және тыңайған жерлерге орыс тілділердің ағылып келуіне байланысты ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың тарихи елді мекен, жер-су атаулары еріксіз орысшаланып өзгертілді. Мұндай саясат баяғы патшалы Ресей дәуірінде қара шекпенділердің келуімен басталған (Верный, Перовск, Павлодар, Петропавловск, Черняев және т.б.). Кеңес өкіметі кезінде ол жалғаса берді. Тың игеру жылдарында тіпті үдеп кетті.

Тың игеру басталысымен бұрынғы қазақ ауылдарын менсінбей, айдаладағы желдің өтіне, көбіне қардың астында қалатын жерлерге жаппай кеңшар (совхоз - советское хозяйство) орталықтарын салып, оған жана тұрғындар жұмысшылардың келген жерінің атымен – «Московский», «Астраханский», «Бауманский», «Горьковский», «Днепропетровский», «Киевский», «Краснодарский», «Краснопресненский», «Кубанский», «Ленинградский», «Львовский», «Одесский», «Ростовский», «Самарский», «Симферопольский», «Тагильский», «Украинский», «Богдан Хмельницкий» атындағы деп өздерінше атағаны нағыз басынғандықтың белгісі болатын.

Көптеген астық совхоздарының қазақша атаулары, жер аттары Орталықтың осындай өктемдігінің салдарынан жаппай жойылып ауыл атаулары өзгеріп кетті. Мысалға, Көктал ауылы Киров селосы болып, Костмар-Херсон, Нұралы-Павловкаға айналды. Новомарковский кеңшарына тәуелді болып қалған Бұжық, Кіші Майдан ауылдары, Краснояр кеңшарының Жаңа ауыл елді мекені, Ленинский кеңшарының Ортақшыл ауылы аз уақыттың ішінде ойран-топыры шығып жермен-жексен болды. Астрахан ауданының Баянды, Талап, Мереке, тағы басқа ауылдары да осылардың кебін киді.

Қазақтар жаратылысынан елді-мекенге лайықты ат қою өнерін шебер меңгерген халық екендігі ескерілмеді. Қазақ елді мекен аттарын қалай болса солай қоя салмайды. Ол жерлердің аттары жоғарғыдай тарихи жағдайларға, ірі оқиғаларға, жер бедерлерінің орналасу ыңғайына оның пейзаждық ерекшеліктеріне, т.б. сәйкес қойылып отырылған. Ол атаулар санамызда бекіп, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жетіп отырған. Басқаша айт-

қанда, ол халқымыздың тарихи зердесін білдіреді. Ал тың және тыңайған жерді игеру барысында қойылған жасанды аттар бүгінде толық бұрынғы нағыз аттарымен ауыстырылмаса, кейінгі ұрпаққа бұл жерлердің қазақ мекені болғандығын дәлелдеудің өзі қиынға соғуы мүмкін. Сол елді мекен, жер-су атауларын өзгерту-халықты тарихи есінен айырумен бірдей күйге түсірді.

Өзен-көл жағасының ығында қар көп түспейтін, мал-жанға ыңғайлы мүйістерінде орналасқан қаншама қазақ ауылдарында ана тіліндегі мектептер жабылды. Сөйтіп оларға әрі жол салынбай, келешегі жоқ ауылдар деген айдар тағылып, өз жерімізде отырсақ та ешкімге қажет болмай тоз-тозы шыққаны да ақиқат. Мысалға, тіпті Астрахан ауданының Қоскөл, Шілікті, Қаратүбек ауылдарындағы қазақ орта мектептері жергілікті халықтың өтініші бойынша деген жалған желеумен орыс орта мектебіне айналып кете барды. «Жасөспірім бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе өз халқына қызмет ете алмайды», деп ескерткен Ж.Аймауытовтың өсиетін ешкім елеген жоқ. Жасөспірімдер кеңшар орталығында орыс мектебінде оқып, интернатында жатып жат психологияда тәрбиеленді.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері аяққа тапталды. Тың игерушілер арасында қазақ халқының ұлттық намысын қорлайтын теріс пікірлер тарады. Тың игеру жылдары қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдениеті, ұлттық руханияттары ескерілмеді. Қазақ мектептері, бала-бақшалар, қазақ тіліндегі газет-журналдар азайды. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды. Тың игеру жылдары келген 2 миллионға жуық басқа ұлт өкілдеріне берілген артықшылықтар қазақ халқын менсінбеушіліктің көрнісі болды.

Калинин атындағы кеңшардың Боранбаев Хамза деген зейнеткері малына шөп шауып әкеле жатқанда оны сол шаруашылықтың директоры П.И.Еренков: «Сен неге ерте шөп шаптың, кім рұхсат берді?»-деп иен даланың шөбін қызғанып, оның шөбін арбасымен бірге өртеп жіберген. Сол Еренков жауыздық қылығы үшін жазаға тартылмай, осы әрекетіңнен тайма дегендей, кейін оны

аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін жоғарлатылды.

Осы жылдары қаншама миллиондаған гектар жеріміз әумесерлікпен ойсыз жыртылып, шаңы аспанға шығарылды. Осынау берекесіздіктің кесірінен аз уақыттың ішінде жеріміздің құнарлылығы 20-25 пайызға дейін құлдырап түсіп кетті. Ол аз болғандай қаншама жеріміз жарамсыз болып, бұл күнде арамшөп басты. Соқаның жүзіне көшпенді мал шаруашылығына негіз болып келген құнарлы жайылым, селеулі дала да ілікті.

Бүгінде, тың игерудің дабылдатқан тұманы сейілген тұста бұл үрдістің тиісті ғылыми негіздемесіз жүргізілгенін мойындаған сияқтымыз. Топырақтық агрохимиялық, гидрологиялық және геоботаникалық зерттеулер көптеген шаруашылықтар ұйымдастырылғаннан кейін ғана жүргізілді. Әуелі жерді жыртып тастап барып, жер құнарлы ма деген әңгіме кейіннен шықты.

Ақмола аймағында қаншама аруақтарымыздың, арғы бабаларымыздың бейіттері жыртылып кетті.

1954-1962 жылдары Қазақстанға, жоғарыда көрсетілгендей, тыс жерден 2 миллионға жуық адам келді. Одан кейінгі жылдары да республиканың өнеркәсібі мен «екпінді құрылыстарына» жан-жақтан жұмысшылар ағылып келіп жатты. Айналып келгенде 1962 жылы қазақтар сан жағынан өз республикасындағы тұрғындардың үштен біріне де жетпей қалды. Егер «1897 жылғы Ресей империясындағы алғашқы жалпыхалықтық санақтың мәліметтері бойынша Қазақстанның қазіргі шекарасының аумағындағы қазақтардың үлесі 81 процент болса, 1962 жылы бұл көрсеткіш ең төменгі нүктеге - 29 процентке кеміген, немесе 65 жыл ішінде 52 процентке төмендеген».⁵⁴¹

Жергілікті жерлерде ұлттық тілде білім беретін мектептер, бала бақшалар жабыла бастады. Газет-журналдардың таралымы кеміді. Іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Қазақ тілі төмен дәрежелі тұрмыс тіліне, яғни, отбасылық - ошақ қасында сөйленетін тілге айналып қалды. Орыс тілі мәдениеті сыңаржақты дәріптеліп мадақталды. КОКП-ның бірінші хатшысы Н.Хрущев:

«Біз бәріміз неғұрлым тезірек орыс тілінде сөйлесек, соғұрлым коммунизмді тезірек орнатамыз», - деп ұран тастады. Соның салдарынан 700-ге жуық қазақ мектептері жабылды. Орыс тілін білмесең жоғарғы оқу орнына түсу, оқу, қызмет атқару қиынға түсті. Мұндай саясат қазақ жастарының көпшілігінің біртіндеп ана тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын ұмытуға, өзінің ұлттық тамырынан, рухани қазынасынан нәр ала алмай, одан қол үзуге әкелді. Бұл қазақ халқының ұлттық мүддесіне, саяси санасына жасалған сұрапыл соққы болды.

Міне орталықтан жүргізілген солақай саясаттың негізінде жүргізілген науқан, тың және тыңайған жерлерді игеру барысындағы қазақтар тартқан зардаптар осындай.

Жалты Қазақстанда тың игеру үрдісі бірнеше кезеңде жүргізілгенін көпшілік біле бермеуі де мүмкін. Бірінші кезең XIX ғасырдың аяғында басталды. Сол тұста Столыпин реформасының пәрменімен Ресейдің азиялық аймағына Ресей мен Украинаның еуропалық аудандарынан қоныс аударушылар қаптап кетті. Бұл алғашқы тың игерушілердің ең құнарлы деген жерлерге орналасып, соқа салғандарын айта кетелік. 1913 жылдың басына қарай Қазақстан мен Сібірде 4 млн. гектарға жуық жер игерілді. Колхоз-совхоз жүйесінің құрылуына байланысты тың игерудің екінші кезеңі басталды. Бірақ, 20-30-шы жылдары құнарлылығы төмендеу алқаптар игерілген болатын. Елуінші жылдардың алдында Қазақстандағы астықты алқап бір жарым миллион гектарға өсті. Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру басталған үшінші кезеңде Қазақстандағы егінжайға 25 миллион гектарға дейінгі алқап бөлінді.⁵⁴²

Агроном-зерттеуші Гиненің 1913 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Көші қон және отарлау» деген кітабында азиялық Ресейдегі астық өндіру жайлы мынадай деректер келтірілген; «Далалық облыстар (қазіргі Қазақстанның солтүстік-шығысы және Сібірдің бір бөлігі) 1901-1905 жылдары 907603 десятина алқаптан 51781 пұт астық берген, бұл әр десятинадан 57,05 пұт алынды деген сөз».⁵⁴³ Қазіргі өліеммен алғанда әр гектардан 9 центнер астық алынған.

Енді салыстырып көрейік. Республика ауылишаруашылығы министрлігінің деректеріне қарағанда, 1986-1990 жылдары 24 миллион 107 мың гектар алқаптан жылына 25,9 миллион тонна, яғни әр гектардан 10,8 центнер астық алынған. Сонда сексен жылдың жотасында 1,5-2 центнер ғана үстеме өнім алады екенбіз деп мал шаруашылығының негізін бұзып, дәстүрлі шаруашылықты қиратып, қолдан демографиялық, экологиялық және техникалық проблемалар туындатқан.

4.6. Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықтар

1959 жылы болған КОКП-ның XXI съезіндегі баяндамасында бірінші хатшы Н.С.Хрущев социализмнің толық жеңгенін, енді коммунизмге аяқ басқанымыз туралы айтты.

Бұл жылдары да мемлекеттік билік азғана топтың қолында болды. Өзгеше пікір айтқандар қуғындалды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының бір мектебінің мұғалімі М.Елікбаев Н.С.Хрущевке ашық хат жазады. Хатта ол Қазақстанның тәуелсіздігі жоқ, қазақ халқының ұлттық мүдделерінің аяқ асты екендігін, қазақ мектептері, қазақ тіліндегі оқу құралдары мен баспасөздің тым аз екендігін баяндайды. Осыдан кейін М.Елікбаев МҚК (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) тарапынан қуғынға ұшырап, азап тартады. 1957 жылы М.Елікбаев партия қатарынан шығарылып, жындыханаға тығылады.

1963 жылы Қазақ КСР-нің барлық депутаттарының Кеңесінің құрамына 98906 депутат сайланды. Бірақ Жоғарғы Кеңес партия нұсқауы негізінде жұмыс істеді.

Кәсіподақ қызметі де бұл кезде жандана түсті. 1966 жылы кәсіподақ құрамында 4 миллионға жуық адам болды. Социалистік жарыстар ұйымдастыру, еңбекшілердің құқықтары мен әлеуметтік жағдайларын реттеу кәсіподақтың міндетіне айналды. Осындай кең көлемдегі істерді атқару құзырында болған кәсіподақ барлық жағынан партияға бағынышты жағдайда болды.

60-жылдардың ортасында комсомолдың беделі де айтарлықтай болды. 1965 жылы республика жастар ұйы-

мы құрамында 1 миллионға жуық жастар болса, оның 400000-ға жуығы өнеркәсіп, ауылшаруашылық, көлік, байланыс жүйелерінде еңбек етті. 1962 жылы Қазақстан комсомолының X съезінде жастар мал шаруашылық саласын қамқорлыққа алды. Сонымен қатар Қазақстанның 8000-ға жуық комсомол жастары екпінді құрылысқа аттанды.

КОКП Орталық Комитетінің қыркүйек айындағы Пленумынан (1965ж) кейін, жаңа экономикалық реформаға көшуге байланысты кадрларды іріктеу, тағайындау және тәрбиелеу ісінде техникалық мамандарға көбірек көңіл бөлінді, де олардың идеологиялық дайындығы ескеріле берілмеді. Гуманитарлық мамандық иелері назардан тыс қалып қойды. Кадр мәселесін шешу ісі-партия комитеттерінің бірінші хатшыларының жеке шаруасына айналды. Және мұндай жағымсыз көрініс республиканың Орталық Комитетінен бастап бастауыш партия ұйымдарына дейін етек алды. Нәтижесінде кадрларды іріктеу мен жоғарлату кезінде партиялық принцип бұзылды, басшы қызметкерлерді тағайындауда көбінесе олардың саяси, іскерлік, адамгершілік қасиеттері емес, жерлестік, рулық, тамыр-таныстық белгілері ғана ескеріліп отырылды.

Кеңес өкіметі экономикалық, саяси отарлаумен қатар қазақ халқын рухани да отарлады. Қазақстандағы жағдайдың шындығын айтуға тиісті «бұқаралық ақпарат құралдары қатаң бақылауға алынды, кейбір проблемаларды жазуға тыйым салынды, сынауға болмайтын аймақтар» пайда болды. Қоғамдық ғылымдарда қазақ халқының тарихы тек 1917 жылдан басталды деген теріс көзқарас қалыптасты. Қазақ тілінің өрісі тарылып, тұрмыстық тілге айналды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев сияқты қазақтың біртуар азаматтарының еңбектерін шығармақ тұрсын, аттарын ататпады. КОКП-ның XXIV съезі адамдардың жаңа тарихы қауымдастығы совет халқы пайда болды деп жариялап, орыстандыру ісін қызу жан-жақты жүргізді. Бұл жөнінде КОКП Саяси Бюросының мүшесі, сол кезде онда жүргізген саясатты өте

жақсы білетін, соның куәгері болған КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі П.Е.Шелест, КОКП ОК-ның идеология бойынша хатшысы М.И.Сусловтың ұстанған бағытын былай баяндайды:... «он очень настаивал на быстрейшем слиянии наций, их языков и культуры».

Тоталитарлық жүйе халқымыздың біртуар зиялыларын қанша қырып, сүттің қаймағындай бөлігін қуғын-сүргінге ұшыратса да, қасиетті қазақ топырағы елдің болашағын ойлайтын, оның намысын қорғайтын аяулы ұлдарын дүниеге әкеліп отырды. Солардың бірі және бірегейі Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің төрағасы болған Жұмабек Тәшенов еді. Хрущев Қазақстанның солтүстігіндегі 6 облысын Тың өлкесі етіп құрмақ болғандағы мақсаты оларды Ресейге қосып алу еді. Оның мұндай арам пиғыл, отаршыл сұрқия саясатына Жұмабек Тәшенов ашықтан-ашық қарсы шыққан. Сол үшін қызметінен айрылды. Бірақ халққының алдында, атабаба аруағының алдында парызын өтеді.

Қазақтың ұлттық саяси санасын оятуда көрнекті орын алатын 1963 жылы Мәскеуде құрылған жоғарғы оқу орындарына оқитын қазақ жастарының бейресми бірлестігі. Ол «Жас тұлпар» ансамблінің негізінде ұйымдасты. Ұйым жетекшісі Мұхтар Әуезовтің баласы Мұрат Әуезов болды. Экономика мен шетелдік байланыстар бөлімін Болатхан Тайжанов, энергетика мен өнеркәсіп бөлімін Алтай Қадыржанов, мәдениет пен өнер бөлімін Сәбетқазы Ақатай, тарих пен демография жағын Мақаш Тәтімов басқарды. Бірлестіктің құрамында 26 оқу орнынан 800-ге жуық студенттер енді. Кейін мұндай ұйымдар Ленинград, Киев, Алматы, Одесса, Рига, Қарағанды, Павлодар, Семей, Шымкент т.б. қалаларда жұмыс істеді. Олар қазақ тілінің жайы, республика экономикасының шикізат шығарумен шектелетіндігі, қазақ елінің өз тағдырын өзі шеше алмай отырғандығы, жергілікті тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту, тың жерлерді игеруге келген басқа ұлт өкілдеріне артықшылықтар жасалатындығы, республикадағы тәуелсіздіктің жоқтығын және т. б. мәселелерді көтерді. Халқымыздың аяулы ұлдары М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев сынды асыл

азаматтардың ақталуын, олардың мұраларын қайта қарап қатарға қосуды жүзеге асыру, нақты баға беру, өмірін, атқарған еңбектерін, тарихын зерттеу керектігін алға тартты. Жас тұлпаршылар Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, Омбы облысының қазақ аудандарында болып, үгіт насихат жұмыстарын жүргізіп, концерттер қойды. Алматыда кездесулер, конференциялар, семинарлар өткізді. Бірақ «Жас тұлпардың» іс-әрекеті КГБ-ның (Комитет Государственной Безопасности-Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті) назарына ілігіп, оған «ұлтшыл қозғалыс» деген баға берілді. Оның мүшелерімен «әңгіме» өткізіліп, оларға қысым жасалды. Бұл бағыттарынан таймаса оқудан, жұмыстан шығарылатындықтары ескертілді. Кейбір басшыларына солай жасады да. Мысалы, Мұрат Әуезов аспирантураны бітіріп, (диссертация тақырыбы «Қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері») Алматыға оралғанда «студенттер аудиториясына жіберуге болмайды» деген шектеу қойылды. Сөйтіп, ол «керексіз маманға» айналды.

Алайда, жас тұлпаршылардың еңбегі зая кеткен жоқ. Бірнеше қалаларда сондай ұйымдар құрыла бастады. Мысалы, Қарағандыда «Жас қазақ», Семейде «Тайшұбар» сияқты бірлестіктер жұмыс істеді. «Жас тұлпар» ұйымы қазақ жастарының саяси сана сезімін, ұлттық ақыл-ойының өсуіне зор ықпал жасады.

IV-БӨЛІМ.

«Кемелденген социализм» қағидасының тұйыққа тірелуі. Қазақстан әміршіл-әкімшіл жүйенің күйреу кезеңінде

7-тақырып.

«Тоқырау» құбылысының ұлғайған кезеңіндегі Қазақстан. /1971-1985жж./

- 1.7. Республика экономикасының дамуындағы қайшылықтар*
- 2.7. Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі сәйкессіздік. Ғылым мен мәдениет саласындағы көзбояушылықтың тереңдеуі. Космополиттік бағыттар. «Кемелденген социализм» қағидасының тұйыққа тірелуі.*
- 3.7. Ауған соғысы және оның зардаптары*

1.7. Республика экономикасының дамуындағы қайшылықтар

Жоғарыда аталған 50-60 жылдардың екінші жартысына дейінгі кезең халық арасында “жылымық”, одан кейінгі 70-80 жылдардың екінші жартысына дейінгі кезең “тоқырау” жылдары деп аталуының өзіндік себептері болды.

Қарастырылып отырған кезеңнің қарама - қайшылығы бұл уақыттың бір жағынан кеңес халқының қажырлы еңбек еткен жылдары болса, екінші жағынан осынау мерзім ішінде шешуін дер кезінде таппай қордаланып қалған көптеген мемлекеттік проблемалардың асқынуы, пайдаланылмаған мүмкіндіктер, қоғам болмысындағы тоқырау құбылыстары ақыры дағдарысқа киліктірді. Дағдарыс шынайы өмір шындығымен санаспай, әміршіл-әкімшілдік басқаруға әбден әуестенушіліктен туындап, реформалар жүргізудегі сәтсіздіктердің салдарынан болды. Мұндай сәтсіздік сонымен бірге шаруашылықты экономика заңдылықтарына кереғар жүргізудің, тізеге салып

басқарудың және идеологиялық бағыттың күңгірттігінің де нәтижесі болып табылады. Бұл келеңсіз құбылыстар бұған дейін уағыздалып келген «**Кемелденген социализм**» қағидасының тұйыққа тірелуін көрсетті.

Республиканың сол кездегі дамуы тек сырттан келген кадрларға байланысты болды да, жергілікті мамандарға жауапты қызметтер сеніп тапсырылмады. 1970-1980 жылдары республикада бірнеше ондаған жаңа министрліктер мен комитеттер пайда болды. Ондаған жылдар бойы одақтық ведомстволар өз саясатын жүргізіп, осы аймақтың мүдделерін мүлдем ескерусіз қалтырып келді. Өндірілген өнім басқа республикаларға өңдеуге жіберілді. Осы ведомстволардың қарамағындағы кәсіпорындар республика бюджетіне бар болғаны 30 миллион сом ғана ақша, яғни 0,03 пайыз ғана үлес қосқан екен. Оның үстіне өндірілген шикізаттың бағасы өте төмен болғандықтан, біздің ұлттық табысымызбен мемлекеттік бюджетімізді қалыптастыруға кері ықпал етіп отырды. Сонымен бірге министрліктер мен ведомстволар өздеріне бағынатын кәсіпорындар шығаратын өнім бағасын өзінше белгілеуге құқылы болып, оны үнемі өсіріп отырды. Халық бағаны белгілеуге қатыстырылмады. Сөйтіп, шығындық механизмдер күш ала бастады. Яғни жоспар қосымша өнім өндіру арқылы емес, тек бағаны өсіру арқылы орындалып отырылды. Орталық ведомстволар өндіргіш күштерді орналастыру саясатына да кері ықпал жасады. Соның нәтижесінде республиканың кейбір аймақтарында әлеуметтік наразылықтар, ұлтаралық шиеленістер пайда болды. Жоспардың ар жағында тұрғылықты халықтың проблемалары елеусіз қалып отырды. Мысалы, **Жаңаөзен** қаласындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің талапқа сай шешілмеуі, жергілікті халықтың ондаған мыңы жұмыссыз жүргенде, Орталықтың бұл жерге вахталық тәсілмен республикадан тыс жерлерден жұмысшылар әкелуіне, ведомствалық үстемдікке қарсы бас көтеру болып, ақыры қантөгіс жағдайға барды.

1975 жылы Қазақстан бірінғай энергетикалық жүйеге енгізілді де, ұзындығы 1380 шақырымдық Өзен-Куй-

бышев мұнай құбыры «Дружба» мұнай құбырына апарып қосылды. Сөйтіп, Маңғыстаудың мұнайы мен газы бүкіл Еуропаға арнасынан асқан өзендей сарқырап ақты. Республика өндірісінің құрылымына ешқандай жаңалық енген жоқ, қайта онда шикізат өндіру жоспары ұлғая түсті. Соколов-Сарыбай кенші құрамында 70 пайыз темірі бар концентратты 26-30 миллион тонна көлемінде өндірді. Ал оның әрбір тоннасы жолға төселетін тастың құнынан да арзанға сатылды. 1971-1985 жылдары өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд. сом немесе халық шаруашылығына арналған қаржының 32 пайызы жұмсалды. Негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артты, оның ішінде химия және мұнай химиясында 6,5 есе, машина жасауда 4 есе дерлік, отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. 1000-ға жуық кәсіпорын, ірі өндірістер мен цехтар іске қосылды. Оның ішінде Лисаков кен-байыту комбинаты, Шерубай-Нұра шахтасы, Павлодар трактор, мұнай өңдеу зауыттары, Целиноградтағы «Казахсельмаш» және Семейдегі арматура зауыттары, Қарағанды резина-техника, Қазақ газ өңдеу, Талдықорған аккумулятор зауыттары, Жәйрем кен-байыту комбинаты, ірі энергоблоктар, бірқатар жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары бой көтерді. Қарағанды металлургия комбинатының ақ қаңылтыр жасау цехы, Қашар тау-кен байыту комбинаты, т.б. өнеркәсіп орындары іске қосылды. Кейін жариялылық заманы туған кезде, бұл өндіріс орындарының экологияға тигізер зияны мол екендігі айқындалды. Олар орналасқан қалалардың барлығы дерлік апат аймақтары екені анықталды.

Ғылыми-техникалық прогрестің жекелеген жетістіктері өндіріске енгізілді. Жаппай орта білім беру ісі жүзеге асырылды. Мәдени мекемелер желісі кеңейтілді, жаңа оқу орындары, техникумдар, ғылыми мекемелер ашылды. Республикадағы осы кезеңде экономика мен мәдениет саласында қол жеткен табыстар да болды. Жүздеген өнеркәсіп орындары қатарға қосылды, Маңғыстаудың газды-мұнайлы байлықтары қысқа мерзімде игерілді, өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жалпы көлемі екі есе көбейді.

Сонымен бірге халық шаруашылығын дамытудағы екпін келе-келе жоққа айналды. Өнеркәсіп өнімдерін өн-

дірудің жылдық орташа өсімі тоғызыншы бесжылдықтағы 8,4 пайыздан он бірінші бесжылдықта 3,8 пайызға дейін, ал ұлттық табыс тиісінше 4,4 пайыздан 1,4 пайызға дейін төмендеп кетті.⁵⁴⁴

Сонау 30-50-ші жылдары қалыптасқан шикізаттық бағытта дамыған өнеркәсіптің біржақты жүйесі сол кезде орталық министрліктер мен ведомстволардың әмірімен одан сайын беки түсті. Мәселен, 80-ші жылдары Қазақстан өнеркәсібінде өндіруші салалардың үлесі КСРО-дағы орта көрсеткіштерден 1,7 есе артық болды. Республика экономикалық қуатының жартысынан астамы одақтық министрліктердің қарауында болды. Одақтық ведомстволар республиканың шикізат қорларын баламасы тең емес бағамен тасып әкетіп отырды. Ол үшін Қазақстанның бюджетіне қаржы бөлінген емес. Мәселен, өз кәсіпорындары жыл ішінде 15 млрд. сом таза табыс тапса да, бөлген қаржылары небәрі 30-ақ млн. сом болған, яғни 1 пайыздан да аз болған. Ол аздай-ақ, жалпы көрсеткіштер қуалаумен жүргенде одақтық ведомстволар Қазақстанда экологиялық тұрғыдан зиянды кәсіпорындар салып, қоршаған ортаны қорғауға, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға, халықтың денсаулығын қорғау ісіне мүлде көңіл бөлмеді.

Аталмыш уақыт ішінде ауылшаруашылығындағы жағдай да дағдарыстық сипат алды. Бұл саладағы экономикалық қарым-қатынастар партия мен мемлекеттің, ондаған жылдар бойғы аграрлық саясаты шаруалардың мүдделеріне сай келмеді. Ауылшаруашылығында экономикалық мүдденің ескерілмеуі, колхоз бен совхоздарға әкімшілік бұйрық беру жолымен басшылық жасау, шаруашылық тетіктерін елемеу, колхоздық секторды қысқарту, колхоздарды жаппай совхоздарға айландыру, мемлекеттік меншікті қаузау – міне, ауылшаруашылығының, тиімділігі төмен болуының басты себептері осылай пайда болды. 1982 жылы құрылған мемлекеттік агроөнеркәсіптік жүйе, салалардың ведомстволық әр тараптығын жоюда, шаруашылық жүргізудің экономикалық тәсілдеріне көшуге, басқаруды демократияландыруға, колхоздар мен совхоздардың дербестігін кеңітуге жұмылдырғанмен, сенімді ақтай алмады.

Экономикадағы дағдарыс әлеуметтік саланы да шарпыды. Халықтың әл-ауқатын көтеру мәселесі мемлекеттік, әлеуметтік саясаттың ең негізгісі делінгенмен ол толықтай жүзеге асырылмады. Экономикадағы әміршіл-әкімшіл жүйе, төрешілдік қоғамның саяси жүйесінің де нысанын өзгертті. Онда идеологиялық төзбеушілік пен ұрандаған қасаң қағидашылдық орын тепті. Партия аппараты жұртшылықтың қазақ халқының тарихи, бірді-екілі талпыныстарын топшысынан қиып отырды. Саяси режимнің арқауы босаңқырағанмен, саяси болмыста демократияға қарсы тәсілдер үстемдік етті.

Сөйтіп, 70-80-ші жылдардың алдыңғы жартысы тоқырау кезеңі ретінде бейнеленді. Бірақ бұл жалпылама анықтаманың ар жағында күрделі де кереғар процестер жасырынып жатты. Мұндай жағдай Қазақстанның сол кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуына да әсер етті. Республика бұрынғыша унитарлы орталықтандырылған мемлекет-КСРО-ның құрамында, әміршілдік-әкімшілдік диктат жағдайында күй кешті. Орталықтандырылған бірегей партиялық-мемлекеттік құрылымдар ұлттық дамудың, қазақ халқының ұлттық санасын өсіру мүдделерімен есептескен жоқ. Өндіргіш күштерді орналастыру мен тіл, мәдениет, білім мәселелерін шешуде ведомстволық және төрешілдік әдіс үстем болды. Қазақстанның еркіндігі басқа республикалар сияқты халық шаруашылығы кешенінде іс-әрекет етті. Ол экономикалық ынталандыруды қажет етпейтін, техникалық прогреске ұмтыла қоймайтын экстенсивті негізде жүрді.

2.7. Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі сәйкессіздік. Ғылым мен мәдениет саласындағы көзбояушылықтың тереңдеуі. Космополиттік бағыттар. «Кемелденген социализм» қағидасының тұйыққа тірелуі

Саяси дамудың кереғар тәжірибесі оң үрдістен басымырақ болған үшінші кезең 70-80-ші жылдардың бас жағын қамтиды. Рас, елде іске жаратар мүмкіншіліктер болды. Тек осы мүмкіншіліктерді жүзеге асыру үшін қоғамда түбегейлі өзгерістер жасау керек еді, оған қоса тиісті саяси жігер де қажет болатын. Бірақ, олай болмады.

Көп жұмыс қағаз жүзінде қалды. Елдің даму қарқыны едәуір баяулап кетті. Экономикада кейін дағдарысқа ұшыратқан көлеңкелі жағдаяттар көбейді. Әлеуметтік және рухани салада да келеңсіз құбылыстар белең алды. Әлеуметтік әділеттік қағидалар аяқ асты болды, халықтың сенімсіздігін туғызды, моралға жат қылықтар аморализм етек жайды.

1978 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Оның жобасы кеңінен талқыланғанмен, республиканың құқықтарын кеңейту, қоғамда демократияландыру, адам құқықтарын сақтауға кепілдік беру қажеттігі жөніндегі ұсыныстар Негізгі Заңда көрініс таппады. Негізгі демократиялық бостандықтар мен адам құқықтары оларды жүзеге асыру тетіктерімен бекітілмеді. Конституцияда Қазақстанның ұлттық республика ретіндегі өзгешілігі жайлы баптар болмады.

КОКП-нің жетекші рөлі тағы да бекітілді. Бұл жағдаят одан басқа қоғамдық-саяси ұйымдар құруға және компартияның әміршілдігінен босануға мүмкіндік бермеді. Қоғамның негізгі салаларын басқаруда нақты билік кеңес және шаруашылық органдарын айырбастау да партия аппаратының уысында болды. Кәсіподақ ұйымдары болса еңбекшілердің мүдделерін қорғайтын органдардан партия ұйымдары мен әкімшіліктің айтқанынан шықпайтын жасанды мекемелерге айналды.

Еңбекшілердің өкілетті органдары болып табылатын халық депутаттарының Кеңестері өз рөліне ие бола алмады. Депутаттыққа үміткерлер формальды түрде еңбек ұжымдарында ұсынылды, бірақ та іс жүзінде депутаттар құрамын партия комитеттері реттеп отырды. Жалғыз партиялық жүйенің үстемдігі халықты таңдау құқығынан айырды.

Әлеуметтік-экономикалық саясаттағы ауытқулар мен қателіктер ұлтаралық қатынастарға да кері әсерін тигізді. Орын алған келеңсіз процесстер жария етілмеді. Елдегі ұлттық саясатта болмысты боямалап көрсету жағы басым болды. Тап осы кезеңде «кемелденген» социализм жағдайында қордаланып қалған ұлттық қатынастарды объективті қоғам талабына сай реттеуге жол ашудың

орнына, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын өз қалаулары бойынша шешу құқығы шектеліп отырылды.

Интернационализмді жасанды дәріптеу ұлттық мүдделермен есептеспеуге, ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, ұлттық психологияға немқұрайды қараушылыққа әкеп соқты. Республиканың өзінің ұлттық кадрларының, демографиялық, миграциялық және тіл саясатын реттеуге, еңбек ресурстарын бөлуге қатысуға мүмкіндігі болмады.

Ұлттық саясат пен интернационаландыру идеяларын насихаттау ісіне теңдік белгісі қойылды. Жер-жерде «шовинизм», «ұлтшылдық», «патриотизм», «интернационализм» ұғымдары теріс пайдаланылды. Осыдан барып идеологиялық саяси тәрбие жұмысында ұлттық нигилизм, космополитизм және тіпті барып тұрған шовинизмнің өзі интернационализм ретінде дәріптелді, ал ұлттық сананың көріністері, этникалық тұрғыдағы жаңғыру мәселесін қою-ұлтшылдық деп айыпталды. Бұл жерде әзірге тоқырау кезеңінің көп мәселелеріне нақты жауап беру қиынырақ өйткені олар әлі де болса тереңірек саралауды әлі де қажет етеді. Социализмдегі ауытқушылықтар, қоғамдық өмірдегі келеңсіз көріністерге де бірінғай баға беру де оңай емес.

Сталиндік өктемдік-террор өктемдігі, қылмысты саяси авантюралық жаппай негізсіз репрессиялар-ол кезде қатардағы жай адам түгіл, жоғары биліктің маңында жүрген лауазымдылардың өздерінің жандарын жанын қайда қоярын білмеген жағдайға түсірген. Хрущевтік өктемдік-валюнтаристік әрекеттері, яғни барлық деңгейдегі мәселелерді «тізеге салып» шешу, ғылымға сүйенбей құрғақ қиялдың жетегінде кеткен ол, қаланы да, селоныда, барлық халық шаруашылығын апаттық жағдайға жеткізе жаздаған.

Брежневтік өктемдік-тоқырауға әкелген өктемдік, жаппай жебірлік, билік сатысын өңкей қызметтегі қылмыскерлер құрап тұрған кез. «Брежневщина»-бұл да жеке басқа табынушылық бірақ бұл үрдіс тарихта халық трагедиясы емес, масқара фарс ретінде із қалдырды. Публицистердің бірі айтқандай, бұл «қансыз табынушылық» болды.

1978 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР-нің конституциясы қабылданды. Бұл кеңестік жүйедегі Қазақстанның соңғы конституциясы болды. Бұл конституцияда да демократия шектелді, адам құқығы еленбеді, қоғамға жат құбылыстарға орын берілді. Ұлтаралық қатынастарда да келеңсіз жағдайлар көбейді. Республикада орыс тілі «ұлы тіл» ретінде дәріптеліп, қазақ тіліне немқұрайдылық күшейді.

Тоқырау жылдарында әміршіл-әкімшіл жүйеге оның келеңсіз әрекеттеріне қарсы тұрған азаматтың бірі – **Хасен Қожахмет**. Ол 1974-1977 жылдары «Жас қазақ» деген жастар ұйымын құруға талпынды. Сол үшін бағдарлама және оның болашақ мүшелерінің антын жазды. Ол қазақ елінің тәуелсіздігі мен егемендігі, өзін-өзі билеу, тілі мен мәдениетінің сақталуы жөнінде бірнеше мақалалар жазды. Соған байланысты «диссиденттігі үшін» 1977 жылы сәуір айында ұсталып, 2 жылға еңбекпен түзеу колониясына айдалды. Одан шыққаннан кейін де ол өз көзқарасынан таймады. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісі кезінде алаңға да шықты. Оны арандатушылық ісі үшін деп тағы да ұстап, соттайды.

Қазақ халқының саяси санасы өсуінің бір көрінісі 1979 жылы Ақмола қаласында болған оқиғада байқалды. Онда Еділ бойынан жер аударылған немістерге сол жылдың көктемінде өткен КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде, Қазақстан үкіметі мен Жоғарғы Кеңесінің келісімінсіз республика аумағында неміс автономиялы облысын құруға шешім қабылданады. Оған Ақмола, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар облыстарының бірқатар жері бөлініп беріліп, орталығын Ерейментау қаласы етпек болған. Тіпті, ол жөнінде сол кездегі Қазақстан Компартиясы ОК-ның хатшысы А.Коркиннің басшылығымен комитет те құрылған. Бұл шешімге республика басшылары қарсылық етпегенмен, хабар ел арасына тез тарады. 16 маусым күні Ақмоланың қазақ студенттері және жұмысшы жастары қаланың орталық алаңына жиналды. Олар «Қазақстан жері бөлінбейді», «Неміс автономиясына жол берілмейді», «Қазақстан біртұтас» т.б. ұрандар жазылған транспаранттармен

шықты. Аланда көп адам жиналған митинг болып, шығып сөйлеушілер КОКП ОК-ның заңсыз шешімін айыптап, ата-бабамыздан қалған жерді ешкімге бермейміз, халықтың ықыласынсыз ешкімнің сырттан шешуге қақысы жоқ деп үндеу қабылдады. Қаланың басты көшелерімен сап түзеп, қарсылықтарын білдіріп, ұрандатып өтті. Орган қызметкерлері митингті, шеруді болдырмауға тырысты, бірақ одан ештеңе шықпады.

19-маусымда Ақмолада шеру өтті. Оған жақын маңындағы аудандардан, басқа да елді-мекеннен көптеген адамдар келіп қосылды. Соғыс және еңбек ардагерлері, сол жердегі қазақтың белгілі азаматтары қол қойған автономия құруға қарсы екендіктерін білдірген үндеу басшыларға табыс етілді. Бұдан кейін наразылық шерулері мен митингілер Атбасар, Ерейментау, Көкшетау т.б. жерлерде де болып өтті. Оқиғаның насырға шабарын байқаған КОКП ОК-ті шешімін күштеп, орындатуға батпады. Әділетсіздікке қаны қас, отансүйгіш, ұлтжанды қазақ жастарының, жоғарғы биліктегі емес, жергілікті жерлерде ардақты абзал аға-жеңгелеріміз қажырлы қайсарлығы, саяси табандылығының арқасында ғана бұл қаскөй саясат жүзеге аспай қалды. Ал ақпарат құралдары мұндай оқиғаның болғанын жарияламады, халықтан жасырды. Халықтың асыл азаматтарының сол бір қиын қыстау күндерде бас сауғаламай, тоталитарлық тәртіпке қасқайып қарсы тұрып, ұлттық ар-намысын, саяси еркі мен бостандығы, елінің тәуелсіздігі үшін күрескендер туралы кезінде айтылмады.

Шеру өткен бұл қаланы кезінде, қазақ сахарасында «ақ» деген қасиетті сөз екенін, «мола» ескі түрік тілінде «қорған» деген мағана беретінін Бөгенбай батыр қайтыс болғанда мәйітін құлын терісіне орап, шиге салып, күнге қақтап, Түркістан шаһарына аттандырғанда Есіл арқылы өткен өткелді халық «Қара өткел» деп атағанын Н.С. Хрущев естісе де оған мән бермей менмендікке салынып, 1961 жылы 20-наурызда Ақмола атанған қаланы Целиноград деп өзгерткен болатын.

Республиканың мәдени дамуы да біркелкі болмады. Бір жағынан, орта және жоғары білім алғандардың са-

ны өсті. Жаңадан театрлар, клубтар, кітапханалар, музейлер, салынды, газет-журналдар мен кітаптардың тираждары көбейді. Алайда, аталмыш жетістіктердің көлеңкесінде ұлттық мәдениет, ұлттық оқу мен тәрбие, ана тілімізді дамыту, салт-санамызды қалыптастыру, ата дәстүрін жалғастыру сияқты ұлттың ұлт болып дамуы үшін өте маңызды мәселелер қалып қойып отырды. Сол кездегі ұлттық деп жүрген оқу жүйеміз, баспасөзіміз аудармалы болды. Кітапханаларымыздың қорында орыс тіліндегі кітаптар саны басым болып кетті. Қазақ тілінде оқитын мектептер мен жоғары орта оқу орындарының саны мүлдем азайды. Көптеген әдет-ғұрыптарымыз бен мейрамдарымызға әртүрлі айдар тағылып, күнделікті өмірімізден аластатылды. Ана тіліміздің қолдану аясы қысқарып, үй іші опшак қасы тілі деңгейінде қалып қойды. Мәдениеттің толыққанды дамуына идеологиялық бақылаудың күшеюі, Брежневтің жеке басын дәріптеу, кедергі жасады. Бұл жылдары ұлттық ерекшеліктерден гөрі советтік салттар көбірек дәріптеліп, қоғамдық санаға енгізіліп отырылды. Кез келген қоғамның табиғи дамуы, оның ерекшелігі мен жетістігі КСРО-да тұратын халықтың ұлттық ерекшелігінде екендігі, біздің еліміз тек осындай әр түрлілігімен мықты екендігі ескерілмеді.

Ұлттық республикаларда өмірге деген көзқарас, оны қабылдау тек евроцентристік негізде қалыптасты. Еуропа мәдениетінен басқа өзіміздің көшпенділер өркениетінің болғандығын, тіптен қала берсе өте бай, көне Шығыс мәдениетінің болғандығын ескерусіз қалдырып мойындағысы келмеді. Осы әлем мойындаған Шығыс мәдениетінің дамуына үлес қосқан асқар таудай алып, ғұлама жерлестеріміз бен қандастарымызды білгіздірмеді. Сөйтіп халық арасында ұлттық нигилизмнің дамуына жағдай жасалынды.

Адамдар арасында ана тілін, ұлттық әдет-ғұрыптарды білмей-ақ, адам болам деген сенім туып ол кең өріс алды. Бұған қоғамымыздың бүкіл саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени басқару жүйесі халықты иландырып көндірді. Нәтижесінде республикада солақай интернационалистердің армиясы пайда болып,

жалғандыққа жол ашты. Олар кез келген нәрседен ұлтшылдықтың белгілерін іздеп тауып, қит етсе болды, өз отандастарына әртүрлі айдар тағуға дайын тұрды. Бұл психология Орталыққа тиімді болды, оның тарапынан үнемі қолдау тауып отырды. Ал, біз болсақ керісінше, өзімізге ығайлы, айтқанымызды істейтін, тамағынан басқаны ойламайтын, ойласа да біржақты, ойлайтын адамдардың типін яғни «тоқырау заманының» өзіне тән психологиясы бар **адамдарын-космополиттерді** тәрбиелеп шығардық. Сталин кезеңінде қалыптасқан басқарудың әміршілдік-әкімшілдік жүйесі қайтадан жанданды. Әрине ол кезеңдегідей ашықтан-ашық жаппай қуғын-сүргін болған жоқ, сөз жүзінде адамгершілік принциптері жарияланды. Бірақ, сол бұрынғысынша нұсқаулар арқылы басқару, социализмнің табиғи даму кезеңдерінен секіріп өту сияқты теориялар жалған қағидалар пайда болды. Елдегі шындыққа айналып отырған дағдарыс дұрыс талданып, бағаланбады. Істелген жартылай шаралардың өздерін орталықтағы басшылық «жеткілікті» деп тауып, реформаның әрі қарай дамуын тоқтатып тастады. Осы жағдай келесі онжылдықтардың даму барысына әсерін тигізді.

Орыстың демократы академик А.Д.Сахаров айтқандай, социалистік елдер шеңберінде қайта құру жасауға бағытталған әрекет 1968 жылы Прагада танкінің күшімен басылып тасталған еді. Сондықтан советтік жүйедегі тоқырау процессінің 60-жылдардың аяғынан ақ басталғанын өзге де мамандар, зерттеушілер осы Чехословакиядағы оқиғамен байланыстырады.

Осы кезден бастап КОКП-ның басшылығына кертартпа, ой өрісі тар күштер келді. 70-жылдардан бастап нақты билік партаппараттың қолына шоғырланып, ол өзінің әмір ету шеңберін кеңейте берді. Күнделікті басқару мәселесіндегі ұсақ-түйек мәселелерге араласып, совет және шаруашылық органдарының қызметтерін өз қолына ала бастады. Партия сөйтіп мемлекеттік аппаратпен тұтасып, біріңғай бюрократтық жүйе құрды. Осы кезде басқа да қоғамдық ұйымдарды, кәсіподақ пен комсомолды мемлекеттендіру процесі жүргізілді. Нәтижесінде олардың творчестволық потен-

циалы төмендеді, дербестігіне нұқсан келді. Олардың жұмысында жасандылық, көзбояушылық, формализм, артық жазу, әсірешілдік тән бола бастады. Советтердің рөлі күрт төмендеп кетті. Сырт қарағанда демократияның белгілері сақталды. Әр деңгейдегі Советтердің, ондағы депутаттардың, белсенділердің, халық жасақшыларының, басқа да қоғамдық құрылымдардың мүшелерінің саны қатардағы адамдардың санынан асып түсті. Алайда осыған қарамастан халық биліктен шеттетілді. Сол кездегі биліктегі жүйе олардың халықтың қажеттіліктерін, мүмкіндіктері мен ынтасын үнемі тежеуменен болды. Бұрынғыға қарағанда әдіс-тәсілдер ғана өзгертілді. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе халыққа қысым көрсету әдісін енді алдап-арбаумен уәделер берумен ауыстырды.

Жеке адамның басына табынушылық енді ол адамның қызмет орнына, лауазымына табынушылықпен алмастырылды. Аталмыш жүйе өзіне ғана жұмыс істеуден аса алмады. Бюрократия өзі өндірімеген байлықтарды иеленіп отырды. Нәтижесінде шығынды және зиянды жобаларға оның сәтсіз нәтижесіне ешкім жауап бермей-ақ, миллиардтаған қаржы мақсатсыз жұмсалды, әртүрлі мейрамдар мен науқандар ұйымдастырылды. Жауапкершілік пен тәртіп құлдырап кетті. Қылмыс, парақорлық, ішімділікке салыну кеңінен тарады. Экономика мен өндіріс адам мүддесіне бағытталудан қалып, жалпы өнімге бағаланды. Сөз бен істің алшақтығы халықтың адамгершілігіне нұқсан келтіріп, қоғамда иманжүзділік қасиеттер тапшылығын туғызды. Сөйтіп, саяси жүйе бұрмаланып, бір орында сіресіп, қоғамдық өмірде болып жатқан жаңа құбылыс-процесстерге дер кезінде лайықты жауап бере алмай, онымен қарама-қайшылыққа түсті. Бұл жағдай қоғамның дамуына кедергі жасай бастады. Мұның өзі елдегі республикадағы экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және ұлттық дағдарыстың шегіне жеткенін көрсетті.

3.7. Ауған соғысы және оның зардаптары

1978 жылы 27-сәуірде Ауғанстан астанасында әскери төңкеріс болып, елдің президенті М.Дауд атылды. Өкімет

билігі Ауғанстан Халық-демократиялық партиясының қолына көшті. Оның басшысы Нұр Мухаммед Тараки Ауғанстан Демократиялық Республикасының орнағанын жариялайды. Оның мақсаты социализм орнату болды. Осы Ауғанстан Демократиялық Республикасын қорғау мақсатымен олардың басшыларының өтініші бойынша КСРО Орталық партия Комитетінің Саяси бюросының мүшелері Л.И.Брежнев, А.А.Громыко, Д.Ф.Устиновтің өзара жеке шешімі бойынша, Шектеулі контингент деген атпен КСРО-дан Ауғанстанға кеңес әскерлері алғашында халықтан жасырын аттандырылды.

«Ауғанстан еліне интернационалдық көмек көрсетеміз» деген сылтаумен Кеңес Одағының Қарулы Күштері Ауғанстан өкіметі жағында азаматтық соғысқа қатыстырылды және кең көлемде әскери іс-қимылдар жүргізді. Осы соғыста Кеңес үкіметінің әскерлері мен әскери техникасы орасан зор шығынға ұшырады. Осылайша, азаматтық соғыс өңірлік (шектеулі) соғысқа ұласып, халықаралық сипат алды. Ауғанстан жеріндегі соғысқа Кеңес әскерінің шектеулі контингентінің құрамындағы 40-шы армия тартылды.

Кезінде Ауған жеріне әскер кіргізген алып екі держава АҚШ пен Кеңес Одағының түпкі мақсаты Ауғанстанға көмектесу емес, теңіз деңгейінен жоғары биіктікте орналасқан таулы мекенді әскери плацдарм ретінде пайдалануға ұмтылудан туындаған әрекет болатын.

1979 жылдың 25 желтоқсаны мен 1989 жылдың ақпан айы аралығында болған Ауған соғысына қатысқандардың 200153 адам мемлекеттік марапаттауға ие болса, оның 10955-і осы соғыста шейіт кетті. Соғыс 110 айға созылған. Сондай-ақ марапатталғандардың 2265-сі қазақ, 635-і қырғыз, 6050-і өзбек, 855-і түркімен, 2710-ы тәжік, 102547-сі орыс және т.б. ұлт өкілдері болды. 86 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның 1 қазақ, 1 өзбек, 1 тәжік, 50 орыс болды. Ал Кеңес Одағының Батыры атағын алған алаш азаматы Орал облысы Жымпиты ауданындағы Тасқұдық елді мекенінде туған Николай Сайынұлы Майданов еді. Ол Саратовтағы ұшқыштар даярлайтын жоғары әскери авиациялық училищені бі-

тірген. Екі рет 1984 - 1985 және 1987-1988 жылдары кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті құрамында Ауғанстанда соғысты. Кейін Шешенстандағы соғыста қаза тапты.

Ауған соғысынан қайтып оралмаған адам шығыны - 14453-ке жетті. Жалпы Қазақстаннан 22 мың адам ауған соғысына қатысты. Олардың 761-і осы соғыста қаза тапты. Олардың ішінде 362-сі қазақ ұлтының өкілдері. 20-адам із түзсіз жоғалып кетті. Олардың 8- қазақ , 1-өзбек, 1-татар, 1-украин, 9-орыс ұлтының өкілдері.

Сөйтіп қазақстандықтар саясаттың құрбаны болып, бостан-босқа шет жерде өмірлерін қиды.

1979 жылы совет әскерлерінің Ауғанстанға қарулы күшпен кіруі де халыққа оңай тимеді. Талай ата-ана боздақтарынан айрылып, талай жас шет елде бейбіт кезеңде көз жұмды. Ауғанстанға совет әскерлерін енгізу ғасырлар бойғы бойына сіңген Ресей империясының басқа елдерге жасап келген экспансиялық саясатының жаңғырығы еді.

8-тақырып.

Қазақстан қайта құру мен демократия жолында /1985-1991жж./

1.8. «Қайта құру» кезеңіндегі республиканың саяси-қоғамдық өміріндегі өзгерістер. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.

Дінмұхамед Қонаев- мемлекет қайраткері.

2.8. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар.

3.8. Демократиялық қатынастардың дамуы. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы. «ҚазКСР-нің Тілдер туралы заңның» қабылдануы.

1.8. «Қайта құру» кезеңіндегі республиканың саяси-қоғамдық өміріндегі өзгерістер. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Дінмұхамед Қонаев – мемлекет қайраткері

КОКП ОК-ның 1985 жылғы пленумында, КОКП-ның XXVII съезінде қабылданған қайта құру бағыты оңай-

шылықпен жүзеге аспады. Жүргізілген көптеген шаралар нәтиже бермеді. Көлеңкелі экономика кең етек ала бастады.

Тоқырау жылдары республикамызда қоғамдық ойлау жүйеміз де ұзақ уақыт тоқырауда болды. Кезінде марксизм-ленинизм классиктері диалектикалық логиканың категорияларын зерттеумен қатар, қоғамдық өміріміздегі кей құбылыстарын жете тану мақсатында оны тұрмыс тіршілігімізге кеңінен пайдаланғаны белгілі. Олар өмір шындығын бұрмалап көрсетуге әуес болды.

Осы жылдары республиканың өмірінің барлық салаларында тоқырау құбылыстары белең алды. Тоқырау жылдары қазақ халқының тек әлеуметтік жағдайы ауыр болмады, оған қоса 6 миллионнан асқан халықтың көбі не дұрыс тарихын білмейтін, не дұрыс ана тілінде сөйлей алмайтын кейіпке түсе бастады. Қазақ тіліндегі газет-журналдардың тиражы өспей қойды. Елдегі ауыр жағдайды сезіп оны айтқан азаматтар қудаланып олардың даусын естірпеді. Осы қиыншылықтар мен саясаттағы бұрмалаушылықтар, әділетсіздіктер халықтың наразылығын тудыра бастады.

Осы өлкенің негізгі иесі қазақтардың өткенде зорлықпен отарланып, экономикалық та, саяси да қаналғандығы жаңа, тың деректер арқылы мәлім болып отыр. Сондай-ақ, өткеннен барлық артықшылықтарды иемденіп, өздерін қожайын, ерекше ұлт қатарына санап келген орыстар кеңес дәуірінде де сол қалпынан айрылғысы келмей, қазақтарға жеріңнен жер бересің, айтқанымызды істейсің деген пиғылдан қайтпады. Осындай ойдағы «шовинизм» ауруымен ауырған бұл ұлт өкілдері мен жергілікті халық арасында кикілжің үнемі болып тұрды. Ондай қатынастарды кеңес өкіметі халықтан үнемі жасырып келді. Осындай ұлт араздығынан туған оқиғалар біздің республиканың тарихында да аз болмаған. Кішігірім тұрмыстық жанжалдарды тізбегеннің өзінде, қарулы қақтығысқа айналып, әлемге әйгілі болған ұлт мәселесінің шиеленісуінен туындаған Целиноградтағы, (Ақмола) Алматыдағы желтоқсан, Жаңаөзендегі толқуларды атауға болады. Осы қан төгілген қақтығыстардың негізгі

себептері-Қазақстанды мекендеуші ұлттар арасындағы Орталықтан жүргізілген саясаттағы бұрмалаушылықтар мен әлеуметтік өмірдегі алалаушылық, шынайы бауырластықты қалыптастырдық деген жасандылықтан туындаған жағдайлар еді. Егер ұлт мәселесінің негізі таптық қатынастармен реттелген жағдайда, ұлтжандылық сезімдерді, ұлттық ерекшеліктерді таптық мүддеге бағындырып, ұлттың бір жартысын екінші жартысына қарсы қойып, ұлтты ыдыратуға дейін апаруға болатынын байқатты.

Міне осылай, социалистік құрылыс жылдары сөз жүзінде интернационализм, ұлттардың дамуы мен гүлденуі сыпыра насихатталғанымен нақты істе олардың ассимиляциялануы мен рухани дағдарысына саналы түрде жол беріліп отырылды.

Лениннен бастап Горбачевке дейінгі кеңестік өктемдік саясаттың, әсіресе оның ұлтаралық мәселесі жөніндегі жемістерін 1920-1992 жылдар аралығында Қазақстанды басқарған бірінші басшылардың ұлттық құрамына назар аудару арқылы байқауға болады. Оны көпшілік біле бермейді, сондықтан олардың тізімін толық келтіреміз. Радус-Зенькович (1920-1922), Г.А.Коростелев (1922-1924), Г.А.Цейшвили (1924-1925), Ф.И.Голощекин (1925-1933), Л.И.Мирзоян (1933-1938), Н.И.Скворцов (1938-1945), Ж.Шаяхметов (1946-1954), П.К.Пономаренко (1954-1955), Л.И.Брежнев (1955-1957), Н.И.Беляев (1957-1960), И.Ю.Супов (1962-1964), Д.А.Қонаев (1960-1962), (1964-1986), Г.В.Колбин (1986-1989), Н.А.Назарбаев 1989 жылдан алдымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 1991 желтоқсан айынан Республиканың алғашқы Президенті. Сонымен бізде басшылықта, поляк, грузин, армян, еврей, украин, ұйғыр, орыс халқының өкілдері болған. Ал қазақ халқының өкілдеріне өз елін билетуге жол берілмегенінен әккі саясаттың ізі көрініп тұр.

1985 жылы КОКП-ның Орталық Комитетінің сәуір Пленумы қаншалықты жаңалықпен қайта құру ұранымен өтсе де, қоғамымыздың ауыр жағдайының себептерін дұрыстап ашық айта алмады. КОКП Орталық

Комитетінің өзінде де жаңашыл топ пен консерваторлар арасындағы күрес шиеленісе түсті. 1985 жылғы КОКП-ның Орталық Комитетінің сәуір Пленумынан кейін де КОКП-ның Орталық Комитеті көптеген әлеуметтік-саяси мәселелерді бұрынғыша шешуге әрекеттенді. Әсіресе ұлт, кадр мәселелерінде көптеген орны толмас олқылықтар жіберілді. Осындай олқылық Қазақстанда да орын алды.

Сөйтіп, Қайта құру ешқандай бағдарламасыз, ғылыми айқындамасыз жүргізілді. Бұл бағыттың қияли болжамдары көп болды. Қайта құру бағыты мемлекетті сол кезде алғышарты қалыптасқан аса ірі дағдарыстан құтқара алмады. Қоғамдағы жағдай күннен-күнге қиындай берді.

1986 жылғы 16 желтоқсанда, Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің небәрі 18 минутқа созылған рекордтық қысқа уақытта өткен пленумы болды. Қазақстанның да, елдің де тыныштығын бұзу үшін бұл уақыт жеткілікті болды.

Жиналғандар екі ондыққа толмас минутта бірауыздан, республика Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы, Л. Брежневтің серігі, Қазақстанға отыз жылдай мерзімде басшылық еткен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты қызметінен алып, оның орнына Саяси Бюроның ұсынысы бойыншы жіберілген Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Геннадий Васильевич Колбин деген орыс ұлтының өкілін бірауыздан сайлады.

Елімізде жарияланған қайта құрудың жиырмамыншы айы өтіп жатты. Ұйымдастыру пленумының айтыстарымен бүкіл номенклатуралық пирамида жаңғыртыла басталды. Орталықтың «демократия» деген сөзді қайта-қайта айтып, сол демократиялық принцип ақылдасып шешуден бас тартып өздеріне ыңғайлы адамды тағайындаулары жергілікті халықтың ашу-ызасын туғызды. Әсіресе, Алматы, Қарағанды, Талдықорған, Көкшетау, Ақмола, Арқалық, Өскемен, Талғар, Павлодар, Шымкент, Қарқаралы қалаларының жастары алаңға шығып өз наразылықтарын білдірді. Алайда, 1986 жылғы желтоқсандағы Г.В.Колбинді республика басшысы етіп қоюына орай алаңға шығып, наразылық білдірулері тек

қана сылтау еді. Ол наразылықтың себептері тереңде жатқан болатын. Сол себептердің бірі-ұзақ жылдар бойы қазақ халқына «Орталықтың кемсіте менсінбей қарауы, оның тілі мен тарихына, жері мен ауасына жасаған «қысып ұстау» саясаты еді.» Ерте ме кешпе бұл желтоқсан наразылығы әйтеуір бір болатындығы заңдылық еді.

Қонаев орнынан алынғаннан кейін бұл мәселенің байыбына жете алмай отырған жастардың ортасына әлде кімдер «от тастап» жіберді. Сезімге берілген жастар алаңға ұмтылды.

17-желтоқсан күні ертеңгілік Орталық Комитет ғимаратының алдындағы Л. И. Брежнев алаңына жастар шықты. Екі күн бойы митингілер өтіп жатты, екі ретінде де ол әдейі ұйымдастырылған тәртіпсіздіктермен аяқталды. Үшінші күні тексеру мен жазалау басталды. Желтоқсанның бұл үш күні Қазақстанды ғана емес, бүкіл Одақты да қалпынан тайдырып жіберді. Еліміз тұңғыш рет ұлтаралық араздық ұғымына тап болды. «Жаңа тарихи қоғамдастық совет халқының», «Біртұтас және бөлінбес» Одақтың үйреншікті бүтін әлемінің ұлттық белгілері бойынша іргесі сөгілді.

Жастардың митингісін жаншуға бірнеше әскери бөлім Алматыға әкелініп, қарулы күштер енгізілді. Фурманов көшесінің бойында бронетранспортерлер пулеметтерін көкке көтеріп, соғыс кезіндегідей тұрды. Бұдан басқа да әскери күштер қаланы жауып кетті. Олардың құрамында: әскери қызметін өтеп жатқан 200 адам, Алматы қаласының ішкі істер басқармасының оперативтік полкінен 640 адам, ведомстволық милиция полкінен 320 адам, қала аудандарының ішкі істер бөлімдерінен 400. Қазақ КСР ішкі істер министрлігінен 300, Орталық Азия әскери округінен - 500, Новосибирскіден бір рота - 200, Мәскеуден КСРО Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары басқарып келген бір әскери бригада болды. Осылардың бәрі Алматыға не үшін кіріп жатқанын біле отырып, Қазақстан үкіметі ешбір әрекетсіз қарап отырды.

Операцияға милиция мен ішкі әскерлердің жеке құрамының 3200 адамы, 11 өрт сөндіру машиналары, әскери округтен 15 БТР қатыстырылды. Жеке құрам ба-

тыл, қайыспастан, нық шешіммен қимылдады (Э.Басаровтың комиссияға берген анықтамасынан. 1989 жылғы 12 мамыр).

15.00. - сағатта Милиция мектебі мен өрт - техникасы училищесінің курсанттарымен күшейтілді.

18.05. сағатта Республика прокуроры Г.Елемесов және Қазақстан ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Э.Басаров сөз сөйледі.

Э.Қадыржанов, алматы Электр техникасы зауытының бұрынғы директоры: «17 желтоқсанда мен зауыттың жасақшыларын жинап, оларды алаңға бағыттау туралы бұйрық алдым. Олар қарсылықты басу үшін шоқпар таяқ, арматура іспетті құрал алуы қажет болды. Бұйрық Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан түсті» деген берген.

Е.Дунаев, электровагондарын жөндеу зауытының слесарі: «Кешкісін мен және зауыттан бірнеше адам ерікті халық жасағы болып кезекшілік еттік. Алаңға беттеген адамдар өздерімен бірге таяқтар, кабель киындыларымен қаруланды»

19.30-да КСРО Прокуратурасының жауапты қызметкерлер тобы келді. Еліміздің ішкі істер министрінің орынбасары, генерал – полковник Б. Елисов алаңда тәртіп орнату жөніндегі бүкіл жұмысқа жетекшілік етті.

23.30 – 0.45. Жастарды алаңнан шығаруға байланысты операция кезінде әскерлердің сапер күрекшелері, шоқпарлар, иісшіл қасқыр иттер пайдаланылды. Қуып – таратудан соң қар үстінде азаматтық киімдегі 150 - ден астам адам қалғанын көргендер бар.

Желтоқсан көтерілісі кезінде 17-18 күндері көзі қанталаған өкімет Алматыға жан-жақтан келген поездарды қалаға кіргізбей, ондағы жолаушы қазақтардан үрейленіп, оны «жабық» қылып олардың көбін жолда түсіріп алып отырған. Тіпті телефон байланысын да әдейі ағытып тастаған. Мыңдаған адам тығыз жиналып, иін тіресіп тұрғаннан кейін орталық жақтан «Гнать!» деген команда берілді. Алдына қалқан шоқпар, сапер күрекшелерін ұстаған қарулы солдаттар лап беріп шабуылға көшті. Топырлаған халық бірін-бірі баса жаныштап қаша бас-

тады. Тайғанақ мұздың үстінде митингіге салтанатпен және әдемі киініп келген өкшелі қыздар жығылып жатты. Солдаттар оларды дубинкамен ұрып, керзі етіктермен тепкіледі. Беломыртқадан ұрды. Тұруға шамасы келмей қалғандарын машиналарына салып, қаланың сыртына қарай әкетті. Асфальттың әр жерінде туфли, орамал сияқты заттар шашылып жатты. Алаңдағы агропром үйінің қабырғасына дейін қан болды. Оның бәрін тез арада су шашатын машинамен «тазалап» отыруға тырысты.

1986 жылғы желтоқсан күндері жаралы болған жас жігіттер мен қыздар жөнінде берген анықтамасында сол кездегі Республика Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Я.А.Клебанов былай деп хабарлады: «Терісі жыртыла айрылып жаралы болғандар - 123 адам, кеудесі соғылғандар 126, қабырғасы сынғандар 19, шабылып кесілген жаралылар - 23, басы жарылып, миы шайқалғандар - 176, жағы сынғандар - 25, жұмсақ еті ұрылғандар - 88, балтамен кесілген жаралылар - 4, оқ тиіп жараланғандар 2, денесіне тесік жара түскендер -23. Барлығы 365 адам” Бұлар сол алаңда біреудің көмегінсіз орнынан тұра алмай, еріксіз милицияның қолына түскендер. Ал аяғынан жүре алатын жаралылар милицияның таяғынан қашып жатақханаларды сауғалады. Оларды ешкім санаған жоқ.

Қуып - таратудан соң милицияға 2401 адам жеткізілді, олардың 516 -сы ғана алаңда ұсталған. Ұсталғандардың бір бөлігі милицияда - ақ соққыға жығылды. Екі жақтан да 768 адам жарақат алды, олардың ішінде 204 -і ауруханаға жатқызылды. Үш күн ішінде ауруханаларға барлығы 510 жәбірленуші жеткізілді.

Алаңдағы жастарды ұру үшін арнаулы темір таяқтар мен өрліктер жасалды. Алматының Ленин ауданына қарайтын кәсіпорын басшылары аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының тікелей нұсқауы бойынша алаңға қарулы жасақшылар жіберіп тұрды. Тұрмыстық электр-приборлар жасау зауытының директоры және оның орынбасары В.Н.Мардышев командасы бойынша алаңға бір рет 100 адамды, екінші рет 50 адамды темір таяқпен қаруландырып жіберген. Электровагондар

жөндеу зауытынан да көптеген жасақшылар жасақтап, оны аудандық партия комитеті өз бақылауымен алаңға жіберіп отырған.

Митингіге қатысқан жастардың барлығына да патриоттық сезім тән болды. **Абай даңғылы мен Мир көшесінің қиылысындағы сандық тастың үстінде бір қазақ қызы «бізге қазақ басшы керек» деп, ұран тастады. Кейінірек білдік, оның аты - Ләззат Асанова екен. Митингіге қатысқаны үшін ол кейін КГБ-ның құрбаны боп кетті.**

17-желтоқсан күні мындаған қазақ жастары өздерінің ұлттық намысын қорғау үшін көтерілгенде оларға қарсы бірінші болып республиканың Бас прокуроры Ғ.Елемесов шығып, қорқыта сөйледі. Алаңдағы жастарды айыптап, «сендер түгелдей қылмыскерсіңдер» деп, қарулы солдаттарды жастарға айдап салды. Артынан ол айтқанын орындауға өзінің бірінші орынбасары А.Д.Мызник екеуі атсалысты. «Ұлтшыл» деген айып тағылған 99 қазақ қыз-жігіттері аз күннің ішінде сотқа тартылды. Қ.Рысқұлбековті ең жоғары жазаға атуға, Т.Тәшенов пен Ж.Тайжұмаевты Қ. Күзембаевті 15 жылға, Е.Көпесбаевті 4 жылға, Хасен Қожа-Ахметті 4 жылға бас бостандығынан айыруға Жоғарғы соттың мүшесі Е.Л.Грабарник үкім шығарды. Сотталғандардың ішінде 23 әйел, кәмелетке толмаған 5 бала болды.

Сол қасіретті басынан өткізгендердің кейбіреуінің есімдері мыналар: Мырзақұл Әбдіқұловты судья Ө. Иханов ату жазасына кескен кейін 20 жылға одан 12 жылға ауыстырылған. Жармұхамбет Тілегенов «қазақша балабақша» жоқ дегені үшін бес жылға сотталды. Сол сияқты жазықсыз қуғынға ұшыраған Алан Есбосынов, Ермек Иманбеков, Арыстан Егізбаев, Расул Құдайбергенов, Қасым Әбілқайыров, Дүйсенбек Байболов, Қайрат Рахметов, Ермұхан Қуандықов, Алик Мұзафаров, Еркін Мейірбеков, Аман Рамазанов, Ерлан Бейсембаевтардың өмірі өз алдына бір-бір хикая.

«Жалпы алғанда, қылмыстық жауапкершілікке 99 адам тартылған, соның ішінде 80-і Қазақ КСР-нің қылмыстық кодексінің 60 және 65 статьялары (ұлттық және

нәсілдік тепе - теңдікті бұзу, жаппай тәртіпсіздік) бойынша айыпты деп танылды. Сотталған 99-дың 83-і бас бостандықтарынан айырылған. Әкімшілік қамауға 707 адам алынды, 1400 адамға ескерту жасалды, партиядан 53 адам шығарылды. Партиялық тәртіппен 210 адам жауапқа тартылды, комсомолдан 758 адам, жоғары оқу орындары мен техникумдардан 266 студент шығарылды, 1164 адам комсомолдық сөгіс алды». Алайда, мұнымен де іс бітпеді. Қазақстанның жаңа тарихына «процентшілдік» деген атпен енген науқан басталды. Алғы шенке сенімді кадрлар қойылды: студенттермен басшы қызметкерлердің саны жедел түрде сәйкестендірілді. Милиция «процентсіздендіріле» бастады. Мәселен, егер 1985 жылы Қарағандыдағы КСРО Ішкі істер министрлігінің Жоғары милиция мектебі абитуриенттерінің 61 проценті қазақтар болса, 1988 жылы бұл көрсеткіш 27,5-ке дейін төмендеді. 1990 жылғы халық санағында «процентшілдік» нәтижелері тіркелді. 90 мыңға жуық жас қазақтар басқа республикалардан жұмыс және оқу іздеп, Қазақстанның солтүстік және батыс облыстарынан кетуге мәжбүр болған.

Сол күндері қазақтың он екіде бір гүлі ашылмаған қыздары мен бозбалалары итке таланып, түрмелерде тұншығып жатқанда кейбір ағаларымыз Г.В.Колбинге жағымпазданып атақ сұрап, машина, пәтер сұрап Д.А.Қонаевті күстаналап, Орталық Комитеттің есігін тоздырған. Сол күндерде алаңға топтасқан жастар өздері жентек қармен ұрып, әрі қуып тастаған талай ағаларының ертең басқаша сөйлеп құбылып шығатындарын білмеген еді. Есіл боздақтар мықтысынған ағаларының Колбин өткізген пленумда өзін ақтау үшін өткен-кеткенді қазып, бірін-бірі жамандай жөнелетіндерін де білген жоқ. Ресейден «қаңғып келген шүрегейдің» алдында қазақ деген ұлттың намысын аяққа таптап, кресло үшін, қу қарақан бастары үшін неден болса да тайынбайтын сатқындықтарын көрсетті... Атақ үшін неден болса да тартынбады, адал адамдарды жәбірлеуге, қорлауға, айдауға дайын тұрды.

1987 жылы желтоқсанның 23-де Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің облыстық партия комитет-

терінің бірінші хатшылары қатынасқан жабық бюросында сөз сөйлеген КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі М.Соломенцев: «Алматы қаласында тұратын қазақтар саны бұрын 18 проценттен кем болатын, қазір 20 проценттен асып кетіпті, бұл не қылған бейбастақтық, қазақтардың Алматыдағы санын көбейтуге кім рұқсат берген!»-деп айқай салды деп жазған 1987-88 жылдары ҚКП Орталық Комитетінің екінші хатшысы болған бір ағамыз. («Ана тілі газетінің 2002 жылғы қарашаның 14 жұлдызында жариялаған «Арпалыспен өткен екі жыл» деген естелік мақаласында»). Автор ары қарай, «Қазақстан Одақтың шикізат базасы ретінде ғана өркендеді. Өндіргіш күштерді өркендету, ұлттық табыстарды молайтуға, ұлттық экономика-қаржы жағдайын қалыптастыруға бағытталмады. Өнімдерді өңдейтін машина жасау, тауар өндіретін зауыт, фабрикаларды салуға көңіл бөлінбеді, Одақтық үкімет Қазақстанның ішкі қажеттілік мақсаттарының өркендеуіне үнемі тежеу қойылды. Қазақтарға мал бағындар, егін салындар деді»-деп сол кезде өзі ішінде болған биліктің сорақы қылығын, Орталықтың зорлығын жазған. Міне, осындай қазақ рухын мазақ ететін сөздерді естіп отырып, сол жиында бірде-бір қазақ басшысы бір ауыз сөз айтуға жарамаған...

Осылай коммунистік тәрбиемен сусындаған ағаларымыз «Торғай жаңбыр жауса балапанын қорғайды, бұршақ жауса басын қорғайды» дегеннің кебін киіп өз қара бастарының қамын ойлаумен болғанда, керісінше кеңестік идеологияның «апиынына» уланбаған елдерде қазақ рухы бой көрсетіп, ұлттық намысты қорғауға шығыпты. Мысалы, Ауғанстанда: «Қазақ жастары 1986 жылы желтоқсанда көтерілгенде Құндыз, Қандағар, Кабул қалаларында тұратын қазақтар көшеге қара жамылып шыққан. Оған ешкім де қарсы тұра алмаған. Жалпы мұндағы қазақтар бірінші құран, екінші қазақ деген рухты ешуақытта жоғалтпаған оны әрқашанда жадында ұстайтындықтарын көрсетті»-дейді соны көзімен көрген Махмудәлі деген данагөй қарт.⁵⁴⁵

Қазақ жастарының басына қауіп төнген сол бір ауыр кездерде республика басшылары принципсіздікпен өз

бастарын қорғап, жалтақтап жүргенде КСРО халық депутаттарының I сессиясына (1989ж) желтоқсан көтерілісі туралы хат жазып үлкен азаматтық ерлік көрсеткен **Кәрішал Асанов** (мәтіні кейін, Мәскеуде, сәл «жұмсартылып», редакцияланған), апарып берген – **Рашид Нүгішев, Алмас Естеков** және т.б. азаматтар болған. Ол хатқа елге белгілі **7 адам қол қайған**. Ал, Қазақстанда бұл мәселені жоғары мінберден ресми түрде алғаш көтерген, **М.И.Есенәлиевті**, сыртқы істер министрі қызметінен алып, қудалауға түсірген. КСРО халық депутаттарының I сессиясында хатты оқыған **М.Шаханов** көптеген фактілер келтіріп, Алматының орталығында жазықсыз жастарды саперлік күрекшелер мен резина шоқпардың астына алып, қантөгіс жасағанын айтып, дүниеге жария қылды. Студенттер шерулер мен ереуілдер жасайтындықтарымен сес көрсетті. Толқулардың қауіп - қатерімен республика Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1990 жылғы 31 қаңтардағы жарлығымен жұмысшы тобы Алматыда 1986 жылғы 17 18 желтоқсанда болған көтеріліске байланысты жағдайларды түпкілікті бағалау жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Комиссиясын қайта құрды.

Алайда, комиссияға жаңа қиындықтар кездесті. Түрлі кедергілер, астыртын іріткі салушылар пайда бола бастады. Желтоқсан оқиғаларына тікелей қатысты көптеген құжаттар, соның ішінде Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті мен Ішкі істер министрлігінің архивіндегі фото және киноплёнкалар да жойылып жіберілген боп шықты.

Әр заманның оқиғасы өз тұсында жазылып, жазба құжат түрінде қалуға тиіс. Ал қазіргі ұрпақтың көз алдында өткен 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ халқының «қасіреті, мақтанышы, намысы» болған тарихи оқиғаны біртіндеп ұмыттырып, халықтың жадынан өшіруге тырысып келе жатқандар да бар. Бірақ ондағы қазақ рухы өшірілмек емес. Өйткені қазақтар ата-бабасы өсиет етіп қалдырған, өз жерін мекендеген байырғы халық. Тәуелсіздік жолындағы сол көтерілістің біраз шындығын ақын Мұхтар Шаханов өзінің 1987 жылы шығарған «Әке мен баланың әңгімесі атты» өлеңінде астарлап беріп, жа-

старды сатқындықтан сақтандырып, өз ұлтын сүйеге, намысты қолдан бермеуге шақырады:

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер,
Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер...

Алаң шетін қоршап тұрған шыршаларға ала көк,
Жас бүлдіршін, сезіміңді жанар етіп қарап өт.
Сол арадан сатқындық та елестейді қара бет,
Қара беттің көбі-бүгін дара тұлға, дара бет.
Жас бүлдіршін, мұз құрсаңған шыршаларға қарап өт,
Заманыңның жеңісі мен жеңілісін санап өт...

-деп Желтоқсанда көтеріліске шыққан рухы биік қазақ жастарының ерлігін жас ұрпаққа таныстырады.

Тарихымыздың «ақтаңдақ беттері» болып табылатын «Желтоқсан» көтерілісін 20 жыл өткізіп барып кеш мойындасақ та, «шырылдаған шындықты» айту бүгінде ұрпақ алдындағы парызымыз болмақ. Ол Президент айтқандай болашақты жасайтын жастарға ауадай қажет. Жастар өз қандастарының, аға ұрпақтың, зиялы қауымның, билік басындағылардың ұлт тағдыры қыл үстінде тұрғанда қандай күй кешкенін, көпшілігінің бұғып қалып қорқақтық танытқанын саралап, ұлтына опасыздық жасаушылардың қайтадан қайталанбауы үшін бұл «шытырман» «жұмбақтың» сырын білуге тиіс.

Сол жылдардағы, сол мазмұндағы зымиян саясаты жалғастырып, қазақ халқының ұлттық келбетін өзгерту жолында әккі саясатқа салып дамуына шектеу қойды. Ал ол кездегі біздің билік басындағы көкелеріміз көбі өз бастарын күйттеп, ата-бабаларының өрлігін, намысқойлығын қайталай алмай жігерсіздік танытты. Ұлттың рухы жүдеді.

Сол кезде қауіпсіздік комитетінің адамдары жазушы, ақындарды мазалап, «Ұлтшылдық туралы не ойлайсың?», «Өлеңдеріңде қазақ деген сөздер көп көрінеді» - деп қисынсыз тиісіп сорақылық көрсеткен уақыт болған.

Аласапыран күндері алғашқы ақпарат хабарда былай делінді: «...ұлтшыл элементтердің арандатуымен

жастардың санасыз бөлігі)... Газеттер үсті - үстіне жаңа жаңалықтарды әдіскерлікпен бере бастады: «Мафия. Коррупцияланған тамыр таныстық. Астыртын ұлтшыл ұйым». Алғаш рет «қайта құруға қарсы күштер» ұғымы айтылды. Ақыр соңында, «қазақ ұлтшылдығы» туралы жолдар жазылған КОКП Орталық Комитетінің қаулысы қабылданды. Уақыт өтіп жатты. Істер архивтерге өткізілді. Сотталған «декабристер» өздерінің тиесілі мерзімдерін өтей бастады. Үш жылдан кейін Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің XV сессиясы КОКП Орталық Комитетінің қаулысын, желтоқсан оқиғаларына берген «Қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген принципсіз бағасын бірауыздан айыптады. Жастардың алаңға шығуы басқа халықтарға қарсы бағытталмағандығы нақтылы айтылды.

Алайда, желтоқсан көтерлісін асқан қатыгездікпен басып-жаншығандығы, оған қатысқан жазалаушылардың бейбіт халыққа жасаған қиянаттары әшкереленудің орнына, олар үкімет тарапынан әр түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болды. Сол жолғы жауыздықтары үшін қызметтері жоғарлатылып, орден, медальдар, грамоталар алды. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» 1996 жылғы 27 қыркүйектегі санында мынадай мәлімет келтірген. Мысалы, «Алматы қаласындағы қоғамға жат тәртіпсіздіктерді жою кезінде көрсеткен ерліктері үшін» көп адам 1987 жылы 3 ақпанында мемлекеттік наградалармен марапатталды. Солардың ішінде Қызыл Жұлдыз Орденімен-5 адам, (М.Айдарқұлов, О.Әлімбаев, Э.Басаров, Н.Мотин, В.Петров), «Ерен еңбегі үшін» медалімен-6, «Үздік еңбегі үшін» медалімен-5, «Қоғамдық тәртіпті қорғаудағы үздік қызметі үшін» медалімен-160 қызметкер және 28 халық жасақшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен-30 қызметкер және 15 жасақшы, «Ішкі істер министрлігіндегі үздік қызметі үшін» белгісімен- 217 қызметкер, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен-113 қызметкер және 30 халық жасақшысы, кезектен тыс шенге (КСРО ПМ-інің бұйрығымен) -ақшалай сыйлықпен-561 қызметкер марапатталған. Бірақта бұлардың ешқайсысы, «мен бұл награданы алмаймын» деп

айтпаған. Тек бір қырғыз солдаты ғана медалін қайтарып берген.

Бұдан кейін КОКП Саяси Бюросы 18-мамырда тыныш қана, еш шусыз қазақ халқынан ұлтшылдық айыбын алып тастады. Осыдан сәл бұрын сотталған «декабристердің» істері қайта қаралды: 32-сін «қылмыс құрамы жоқтығына» сәйкес түрмеден босатты.

Осылай көтеріліске ұласқан оқиғаға себеп. Экологиялық босқындары бар Арал, ядролық зардап шеккен Семей, бүкіл еліміздегі сияқты инфрақұрылымнан іс жүзінде бөлектелген, әсіресе селолық тұрғындардың күрт кедейленуі, белең алып келе жатқан парақорлық, тамыр-таныстық болды. Селоның қаладан бір ерекшелігі, оның 80 проценті қазақтар. «Декабристер» де солардан шықты...⁵⁴⁶

Күннен-күнге сөз бен істің арасы алшақтай берді. Әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде ұлттық саясат өрескел бұрмаланды. Халықтың сенімі азайды. Тек кінәратты моральдық-саяси ахуал ғана емес, сонымен бірге республикамыздың экономикалық дамуындағы елеулі кемшіліктер де еңбекшілердің наразылығын туғызды. Өнеркәсіптің қалыптасқан құрылымы, біріншіден, ұлттық табысты арттыруға септігін тигізе алмады, екіншіден, республикамызда қаржы мен қаражатты көп қажет ететін салалардың басым болуы-қордың жиналып қалуына (яки жұмсалмай) әкеп соқты. Мұндай қор республикамызда халықтың жан басына шаққанда Одақтағы орташа деңгейден 14 пайыз жоғары болды. Ал халықтың жан басына шаққандағы тұтыну қоры еліміздегі жалпы деңгейден 12 пайыз төмен болды. Өкінішке орай осы көрсеткіш іс жүзінде Одақ ыдырағанға дейін, 1970 жылдың деңгейінде қалып келді. Осының салдарынан республикамызда еңбекші халықты тұрғын үймен, мектептермен, балалар мекемелерімен денсаулық сақтау объектілерімен және әлеуметтік мәдени мақсаттағы өзге де мекемелермен қамтамасыз ету жалпы одақтық деңгейден төмен болды. Өз республикамызда дайын өнім шығару жолға қойылмағандықтан сыртқа шикізатты (39 пайыз), отынды (13 пайыз), жартылай фабрикаттарды

(30 пайыз) және т.б. өте көп мөлшерде шығарды. Ал дайын өнімдердің (50 пайызын) сырттан тасыдық. Сырттан әкелінетін товардың өзі 1987 жылы 5,7 миллиард сомға жетіпті. Дайын өнімнен түскен пайда, шикізаттан түскен пайданы он есе орап алатын еді.

Желтоқсан көтерілісінен кейінде де халық наразылығы толастамады. Маңғыстау облысының **Жаңаөзен** қаласындағы мұнай, газ, кен орындарына жұмыс күшін үкімет сырттан әкелді. Сырттан келгендер мен байырғы тұрғындар арасында әлеуметтік әділетсіздік орын алды. Мұндай әділетсіздіктер тұрғын үй, азық-түлік бөлуде де тіпті күшейді. Жастар арасында жұмыссыздық көбейді. Тұрғын үй кезегі ұзаққа созылды. Жергілікті басшылар қазақ жастарын жұмыспен қамтамасыз ете алмады... Сырттан келгендер қазақ халқының ұлттық мүддесімен санаспады. 1989 жылы 16 маусымда Жаңаөзенде кешкі сағат 8-9-да дүрбелең басталады. Қаладағы «Степные зори» деп аталатын би алаңында таулық жігіт қазақ қызын биге шақырып, билеуден бас тартқаны үшін оны шапалақпен жағынан тартып жібереді. Олардың әбден басынған қылықтарына не істерін білмей жүрген ашулы жастар, әлгі жігіттің сазайын береді, сөйтіп көп адам қатынасқан төбелес басталады. Үлкен көшенің бір жағында ашу-ызаға булыққан жастар да, екінші жағында сап түзеген тәртіп сақшылары тұрған. Коменданттық сағат енгізіледі. «Жаңа өзен» газетінің 1992 жылғы 23 маусымдағы санындағы мәліметке жүгінер болсақ, Ішкі әскерлер, генерал Князевтің бұйрығымен көтерілісші жастарға оқ атқан, 40 шақты адам жараланып, 3 қазақ, 2 лезгин қаза тапқан. 1989 жылғы Жаңаөзен қаласындағы қазақтар мен сырттан келген Кавказ ұлттарының өкілдері арасындағы қантөгіске ұласқан қақтығыс, сол кездегі партияның ұлт саясатының екіжүзді сөзі мен ісі қабыспай жатқан жалған екендігін дәлелдеп берді. Қақтығыс әскерлердің көмегімен басылды.

Осы 1989 жылы шілдеде Қарағанды көмір кенінде жұмыс істейтін кеншілер ереуілі болды. Ереуілге 15000-ға жуық адам қатысты. Олардың талабы: жалақы өсіру

мәселесін шешу, Семей ядролық полигонын жабу, орталықтың монополиясын тоқтату т.б. болды.

Дінмұхамед Қонаев – мемлекет қайраткері.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 12 қаңтарда 1912 жылы Верный (қазіргі Алматы) қаласында туған. Үлкен аталары Күрті мен Іле өзендерінің бойында мал баққан. Үлкен атасы Азнабайдың 4 ұлы болған. Ағайындарымен келісе алмаған ол Балқаш асып Аягөз жеріне қоныс аударған. Сол жаққа жайғасқан Азнабай екінші ұлы Қонайға тобықты руының қызын әпереді. Одан Жұмабай атты ұл, Бұлантай атты қыз туады. Кейін Азнабай өлген соң Қонай өз елі Жетісуға қайтып оралады. Жұмабайдан Меңліахмет, одан Дінмұхамед туады.

Дінмұхамед Алматыда №19 мектепте оқиды. 1931 жылы Қазкрайкомның комсомолдық жолдамасымен Мәскеудің алтын және түрлі түсті металлдар институтына түсіп, 1936 жылы аталған институттың тау-кен факультетін бітірді. Оны Қоңырат-Балқаш құрылысына жұмысқа жібереді.

1952 жылы 17-сәуірде ҚазКСР Ғылым Академиясының Президенті болып сайланады.

1955 жылы 31- наурызда ҚазКСР-нің Министрлер Советінің Төрағасы болып тағайындалады.

1964 жылы 7-қарашада Қазақстанның Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

1986 жылғы 16 - желтоқсанда, Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің небәрі 18 минутқа созылған рекордтық қысқа уақытта өткен пленумында бірауыздан, республика Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қызметінен алынды. Ол бұл қызметті 25 жыл бойы атқарды. 21 жыл КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі болды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 3 11 шақырылымдарының депутаты. 8 мәрте Ленин орденімен және басқа да ордендермен марапатталған. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағы бар Димаш Ахметұлы 1993 жылы 25 тамызда дүниеден өтті.

Әйелі Зухра Шәріпқызы 1990 жылы қайтыс болды.

2.8. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар

1980-1990 жылдары Қазақ республикасының әлеуметтік-экономикалық ахуалы өткен жылдарымен салыстырғанда ауырламаса жеңілдей қоймады. Әлемде жер көлемі жағынан 9-шы орын алатын, онда Менделев таблицасындағы барлық элементтер шығатын елдің тұрғындарының ахуалының төмендеу себептері төмендегідей болды. Оның бірінші және негізгі себебі ХХ ғасырдың 80-ші жылдары біздің елде өзіміз көзіміз жеткен «казармалық» социализмнің әбден орнығуы еді. Мұндай қоғамда миллиондаған халық өзін-өзі басқарудан шеттетіліп, жерінің байлығы талан-таражға түсіп, осыншама байтақ ел КСРО бір орталыққа бағындырылып ат төбеліндей бюрократиялық топтың басқаруында болды. Бұл кезеңде әміршіл-әкімшіл жүйенің әбден қатайған тұсы болатын. Осы жүйенің ең жоғарғы буыны Орталық Комитет және Саяси Бюро мүшелері совет қоғамының ауыр экономикалық-әлеуметтік жағдайының себептерін іздеп, оны дұрыстаудың орнына, бір-бірін марапаттап, бір-біріне ескерткіштер қойып, орден, медаль үлестірушілікпен айналысты. Осы жылдары Л.И.Брежнев, К.У.Черненко, жолдастар қайта-қайта Алтын Жұлдыз тағып, онымен қоймай осындай сыйлықтарды Н.Чаушеску, Э.Хоннеккер, Т. Живков сияқты «шынайы» коммунистерге таратумен әуестенді.

Басында билігі жоқ «қуыршақ» республика-Қазақстан тек қана Орталықтың айтуымен жүріп, солардың нұсқауларын орындаумен ғана шектелді. 1981 жылдың 4-6 ақпанында болып өткен Қазақстан Коммунистік партиясының XV съезі мен 1986 жылы өткен XVI съездерде республика өмірінде болып жатқан ақиқат айтылмады. Мысалы, бұл съездерінде бүркемеленіп айтылмай қалған ақиқаттың бірі-ауылдың халқының тұрмыс жағдайы еді. 80-жылдары ауыл тұрғындары үймен 76 пайыз, балабақшамен 46 пайыз, мектептермен 68 пайыз, клубтармен тек қана 50 пайыз қамтамасыз етілді. Ауылдық жерлердегі баспаналардың 70 пайызы

тұруға келмейтін ескірген үйлер болатын. Мұндай құлауға жақын үйлерде 400 мыңнан астам адам тұрып жатты. Ал халықтың тұрмысы (осы көрсеткіштер бойынша) әсіресе, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда облыстарында аса ауыр болды. 670 ауыл мен аймақтың тұрғындары тасылған суды ішіп, ауыл тұрғындарының 15 пайызы республика теледидарын тамашалай алмады, ауыл тұрғындарының 80 пайызы телефон пайдаланбады. Республиканың осыншама ауыр жағдайының зардабын молынан көрген шопандар болды. Мысалы, 1987 жылғы қысты Шымкент облысының 500 шопан отбасы балаларымен бірге кигіз үйде өткізді. 200 шопанның үйінде электр жарығы болмаған.

1987 жылдан бастап Қазақстан халық шаруашылығы құлдырай бастады. Өндіруші өнеркәсібі басым Қазақстан көптеген аса қажетті тауарларды сырттан тасыды. 1988 жылы сырттан тек қана Қазақстанға 13,8 млрд. сомның тауары әкелінді. Ал экспортқа шығарған өнімдер құны 6,7 млрд. сомды құрады. Жалпы, еліміздің экономикасында экстенсивті даму басым болды. Халық шаруашылығына жұмсалған көптеген қаржылар өзін ақтамады. Барлық іс-әрекеттер, орындалған нәтижелер тек қағаз жүнінде ғана болды. Қазақстан тарапынан экспортқа шығарылатын өнімдердің 97 пайызы шикізат болды. Осылар терең дағдарысқа алғышарт жасады.

3.8. Демократиялық қатынастардың дамуы. Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы. «ҚазКСР-нің Тілдер туралы заңның» қабылдануы

Бүгінгі таңда қоғамда, ескінің жаңамен алмасу кезеңінде яғни өлара шақта, оның саяси өмірінде болып жатқан өзгерістердің ең маңыздылары арасында, демократиялық бағытты бетке ұстаған оқиға ішіндегілерінің бірі, түрлі қоғамдық қозғалыстардың өмірге келуі болып табылады. Өткенде кеңестер кеңістігінде әр түрлі қоғамдық қозғалыстардың тууына «заманымыздың ақыл-ойы ар-ожданы» болған КОКП-ның мүмкіндік бермегені белгілі. Ал бүгінде тәуел-

сіздік қолға тиген жағдайдағы республиканың, оның халықтарының, әртүрлі ұлттарының, топтары мен әлеуметтік жіктерінің өздерінің мақсат-мүдделерін, талаптарын жүзеге асыру жолындағы түрлі қоғамдық ұйымдарға бірігуінің жиілеуі заңды құбылыс болды. Өйткені республикамызда бірлесу бостандығы құқығы адам мен азаматтардың аса маңызды және конституциялық құқықтарының бірі болып табылды. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының Конституциясының 23-бабында көрсетілген. Онда Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар делінген. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. Осыған орай, Қазақстанда бір ортақ мақсатқа жетуді көздеген ерікті негізде құрылған мемлекеттегі заңдарға қайшы келмейтін саяси партиялар, әртүрлі кәсіподақ ұйымдары, бұқаралық қозғалыстар және басқа да одақтар, ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер деп танылды. Олар 1990 жылғы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрып, жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды.

Республикадағы осы бұқаралық қозғалыстардың тарихына көз жүгіртсек олар 80-жылдардың аяғында, әлеуметтік-ұлттық және таптық белгілері бойынша емес, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты және саяси мүдделері негізінде құрыла бастады. 1989 жылдың аяғы мен 1990 жылдары республикада 100-ге тарта ресми тіркеуден өткен, өтпеген қоғамдық ұйымдар өмірге келді. Мысалы, саяси белсенділік орталығына айналған Алматы қаласында 1986 жылғы Желтоқсан құрбандарын ақтау жолында құрылған «Желтоқсан» қоғамдық комитеті, азаматтық «Бірлестік» қозғалысы, тарихи-ағартушылық «Ақиқат» қоғамы, «Қазақ тілі» қоғамы, тәуелсіз «Бірлесу» кәсіподағы және т. б. пайда болды.

1990 жылы азаматтық «Азат» және ұлтаралық «Единство» қозғалыстары құрылды. Бұл қозғалыстарға ғылыми-техникалық интеллигенция өкілдері кірді.

Осы жоғарыда аталған кезең аралығында республика халқы үшін өзекті мәселе болып саналған-экологияны қорғау, тәуелсіздікке жету жолында, ядролық қаруға қарсы «Невада-Семей», «Арал-Балқаш», «Азат» қозғалыстары саяси сахнаға шығып, маңызды мәселелер көтеріп, олардың шешілуіне септігін тигізді. 1989 жылы қазақ ұлтының тарихына жеріне назар аударуына, ұлттық сананың өсуіне, желтоқсан оқиғаларынан кейін бас көтеруіне әсер еткен Халықаралық экологиялық «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысының рөлі ерекше болды. Оған белгілі қоғам қайраткері ақын Олжас Сүлейменов пен Кешірім Бозтаевтар басшылық жасады. Бұл қозғалыстарда халық үлкен белсенділік көрсетті. Соның арқасында бұл бұқаралық қозғалыс табысты нәтижеге жетті.

1990 жылғы көктемдегі КСРО халық депутаттарының шешімі саяси бірлестіктердің ашық түрде жұмыс істеуіне жол ашты. Онда КСРО Конституциясының 6-бабы-бірпартиялық кеңестік жүйесін жою туралы шешім қабылданған еді. Сөйтіп 1994 жылдың аяғында Қазақстанда 500-ге жуық әртүрлі қоғамдық бірлестіктер тіркеуден өтсе, 2004 жылы оның саны 5000-нан асты. Олардың ішінде жоғарыда аталған жұртқа танымалы болған қоғамдық (бұқаралық) қозғалыстар да бар. Олардың заңды мемлекеттік тіркеуден өткендері 15 шақты. Мысалы, 1990 жылы 1 шілдеде болған құрылтай жиналысында Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысы өмірге келді. «Азат» қозғалысының 1991 жылдың 10-қазанында өткен 1-ші съезінде М.И.Есенәлиев оның төрағасы, Ж.Қуанышәлі, Д.Көшім орынбасарлары болып сайланды. Келесі жылы Есенәлиев денсаулығына байланысты босап, қозғалыстың төрағалық міндетін Ж.Қуанышәлі 1994 жылдың наурызында ҚР Парламенті депутаты болып сайланғанға дейін атқарды. Қозғалысты алғашқы ұйымдастырушылар М.Есенәлиев, С.Ақатай, Ж.Қуанышәлі, Ж.Кенебай, М.Шорманов, Ж.Бабалықұлы, Б.Дәрімбет және т.б. болды.

Бұл қозғалыс кеңес өкіметінің соңғы кезеңіндегі құрылған алғашқы жалпыхалықтық қозғалыс болды. Ол

эртүрлі қоғамдық ұйымдар төрағаларының ұсынысымен құрылды. («Демократиялық одақ», «Ақиқат», «Әділет», «Азамат», «Шаңырақ», «Мұсылман әйелдері одағы» т.б. бірлестіктер) Бұл қозғалыстар барлық прогресті демократиялық ағымдағы республиканың тәуелсіздігі үшін күрес жүргізу жолына бірікті. «Азат» қозғалысы өздерінің бағдарламасында өзін тәуелсіз демократиялық Қазақ Республикасы үшін және дүниежүзі елдерімен халықаралық құқыққа сәйкес тепе-тең байланысқа түсуі үшін күресетінін атап көрсетті.

1991 жылы шілде айында «Аттанайық Ақ Жайыққа» штабы құрылды. Оның төрағасы мамандығы дәрігер ұлтжанды азамат Орал Сәулебай болды. Штаб қазақ радиосының Орал облысы бойынша меншікті тілшісі, «Азат» қозғалысының облыстық бөлімшесі басшыларының бірі, Айсұлу Қадырбаеваның Алматыға неше рет келіп, казачествоның сепаратистік жоспарлары туралы дамылсыз дабыл қағуына байланысты құрылды. Орал казактарының 15 қыркүйекте 400 жылдық мерейтойларын қаладағы «Зенит» мәдениет үйіне өткізуге келе жатқан нөпір халықтың алдына ант берген **113 азамат** шеп құрып, кесе-көлденең тұрды.

Сондай-ақ, Гурьев (Атырау) мен Орал облыстарындағы **Жайық өзенінің екі жағалауын ала отырып казак автономиясын құруды** осы тойда жарияламақ екендігі мәлім болды. Әсіресе, Орал жастары екі жоғары мен кәсіптік-техникалық оқу орындары студенттері тіпті мектептің жоғарғы сынып оқушылары да жалпы халықтық шеруге белсене қатысты. Оқиға барысында жалпы алғанда көшеге шеру тартқандардың саны 30 мыңға жуық болды. Қалың нөпір жұрт қару кезенген полицияға қарсы қозғалды. Қантөгісті болдырмауды ойлаған штаб жетекшілері арасынан, Жамбылдан 4 жасар қызын ертіп келген Хадиша Кәрібаева деген келіншек басындағы ақ орамалын алдыға қарай лақтырып жібергенде үтіктелгендей болып жайылып түскен орамалды көрген жұрт кілт тоқтады. Осы кезде халық тоқтап, жағдай біршама саябырсыған соң барып, штаб мүшелері, тізіліп отырып, сол орамалға маңдайларын

тигізіп, дұға оқып, бас иген. Осы мезетте жүгіріп келіп «Газик»-машинасының үстіне шыққан Орал мешітінің имамы Зейнолланың **Құран оқуы** көпшіліктің тынышталуына үлкен септігін тигізді.

Осы Орал оқиғасының ушығып кетпеуіне «Алла тағала, Қасиетті Құран, халқымыздың ақ ниеті және ақ орамал көмектесті». Осы көрініс полицияға екі қадам қалған қалың нөпірді кілт тоқтатты. Сөйтіп ақ орамалдың құдіреті халықты қантөгістен аман сақтап қалды.⁵⁴⁷

«Азат» қозғалысы Республика өзінің тәуелсіздігін алғанан кейін мемлекет басқару жүйесіне қатысу мақсатымен қозғалысты партияға айналдыру қажет деген шешімге келеді. Осындай ойдан кейін 1991 жылы 4 қыркүйекте республикалық «Азат» партиясының құрылтай конференциясы болып, онда «Азат» **республикалық партиясы** өмірге келді. Оның төрағасы болып Сәбетқазы Ақатай сайланды. 1992 жылы 26 ақпанда партия ресми тіркеуден өтті.

Партияның мақсаты-Қазақстанда бейбіт реформалар арқылы дүниежүзілік мемлекеттермен терезесі тең тәуелсіз демократиялық Қазақ Республикасының негізін қалау болды. Партияның «республикалық» деп аталуы соған байланысты. ҚР «Азат» партиясы саяси тәуелсіздігін, шекарасының тұтастығын және экономикалық дербестігін қорғап қоймай, оның әлемде өзінің тиісті орнын алуын қалады. Кейінірек «Азат» республикалық партиясы екіге бөлініп, ақыры тарап кетті.

1990 жылғы КСРО-ның «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңына сәйкес ортақ мүдде жолында халықтың бірігу мүмкіндігінің заңдастырылуы, қоғамда саяси ұйымдардың құрылуына жол ашты. Сол кезде олардың басым көпшілігі уақыт көрсеткендей, биліктің қажетіне жарайтын саясатты жүргізуге лайықталған қолдан жасалған «куыршақ» партиялар болды. Жалпы саяси партия-пікірлестердің ұйымдасқан тобы, ол халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, оған мемлекеттік билікке келу немесе оны жүзеге асыруға қатысуға мүмкіндік жасайды, соған жетуді мақсат етіп құрылатындығы әлемдік тәжірибеде әлдеқашан дәлелденген.

Ал, осы тәжірибеге сай құрылған, мүдделес адамдардың бірігуінен пайда болған Қазақстандағы партиялар саны 90-жылдардың бас кезінде 3-4 ден аспады. Олар Коммунистік, «Алаш», «Азат» республикалық партиясы, Қазақстанның Социалистік партиясы және т.б.

Еңбекшілер мүддесін көздеуді мақсат тұтқан **Қазақстанның Социалистік партиясы, (ҚСП)** компартияның атын Социалистік партия деп өзгерту жөніндегі кезектен тыс съезден соң (7 қыркүйек, 1991) республиканың саяси өміріне араласа бастады. Сондай-ақ партия Еуразия кеңістігіндегі Одақты конфедеративтік негізде қайта құруға мүдделілік танытты. ҚСП мүшелері дүниедегі адамгершілік, ізгілік принциптері-әлемдегі социалистік теориялардың түрлі бағыттағы тұғырнамаларының негізі болды деп есептеді. Оның тең төрағалары болып, Петр Своик пен Ғазиз Алдамжаров сайланды.

Қазақстанның Халық конгресі партиясы (ҚХКП) 1991 жылдың қазан айының 5-де дүниеге келді. Оның құрылтайшылары-Семей-Невада, Арал-Азия-Қазақстан, Әйелдер Одағы, Тәуелсіз Бірлесу кәсіподағы, Қазақ тілі қоғамы мен республика Жас құрлысшылары ассоциациясы және ұлттық мәдени орталықтар болды. Тең төрағалары болып Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов сайланды. Кейін екеуінің де елшілік қызметке кетулеріне байланысты партияның төрағалық қызметін В.Роголев, Г.Ерғалиевалар атқарды. (бүгінде жоғарыда аталған екі партия да өз жұмыстарын тоқтатқан).

Қазақстанның Коммунистік партиясы (ҚКП) 1991 жылдың күзінде, кезектен тыс XIX съезде дүниеге келді. ҚКП мүшелері өздерін 1903 жылы құрылған РСДРП-ның құқықтық, заңды мұрагеріміз деп жариялап, осы XIX съезде партияның атын Социалистік партия деп өзгертушілерге қарсы шыққан топтан құралғандар болды. Екі жолғы сәтсіз талпыныстан соң, 1994 жылдың ақпан айының 28-де Әділет министрлігінен тіркеуден өтті. Алғашында бұрынғы ҚКП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының директоры академик Б.А.Төлепбев кейін, 1996 жылы сәуір айында

ҚКП ОК бірінші хатшысы болып Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы төрағасы Серікболсын Әбділдин сайланды. Компартияның хатшылығына мәжіліс депутаты - Төлен Тохтасынов кейін Ғазиз Алдамжаров сайланды. Қазірде ҚКП қатары өзгерген. Екінші хатшы Мәжіліс депутаты болған В.Косарев 2004 жылы ол және партияның өзге де 11 мүшесі партия қатарынан шығып, 2005 жылы жеке партия-**Қазақстанның Коммунистік Халықтық партиясын** құрды.

Қазіргі саясатта мемлекеттік билікке әсер ететіндей ықпалды ұйымдасқан қоғамдық қозғалыстар, мүдделес топтар әрекеті, мемлекеттік емес және саяси партияға жатпайтын бірлестіктердің көбею мүмкіншіліктері байқалып отыр. Оған дәлел, 1998 жылдың тамыз айының аяғындағы Алматыда құрылған «Әділ сайлау жолында» қоғамдық қозғалысы (тең төрағалары Д.Көшім, С. Жабанов т. б.) мен қыркүйек айының басында ұйымдасқан «Денсаулық сақтау, білім беру және өнеркәсіп қызметкерлерін әлеуметтік-құқықтық қорғау жөніндегі қозғалыстардың» өмірге келуі. Соңғы қозғалыс мүшелерінің өздерінің құрылтай конференциясында жасаған баяндамасында Қазақстан Республикасының Конституциясын қайта қарауға талпыныс жасалды. Осындай әр түрлі пікірдегі топтардың саяси ұйымдарға бірігуінің өзі біздің еліміздің құқықтық демократиялық мемлекет құру жолымен келе жатқанының дәлелі. Осы қоғамдық қозғалыстардың кейбіреулері өздеріне тән, яғни әлеуметтік құрамы мен мақсат мүдделерінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ең бастысы ұйымшылдығы, үкімет құрылымдарымен, олардың өкілдерімен белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесін қорғау барысындағы, арадағы қарым-қатынастарының принципті берік болуымен көрінеді. Мысалы, бұл қатарға зейнеткерлерді әлеуметтік қорғайтын «Поколения» қозғалысын, «Лад» республикалық қоғамдық славян қозғалысын, Жұмысшы қозғалысын және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Қазақ тілінің жағдайы республикада өте төмен дәрежеде болды. Іс қағаздарының көпшілігі орыс тілінде

жүргізілді. Қазақ мектептерінің саны азайды. Қазақ тілінің қолдану аясы күнен – күнге тарыла бастады.

1987 жылы белгілі қоғам қайраткері Ж.Қуанышәлі пен Дос Көшім екеуі Қазақтың Абай атындағы педагогикалық университетінде кейін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына негіз болған «Ана тілі» ұйымын құрды. Осы ұлтжанды азаматтардың бастамасымен құрылған ұйым нәтижесінде 1989 жылы ана тіліміз бұрын жетпеген мәртебеге ие болды.

1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСР-де «Тіл туралы» заң қабылданды. Заңның бірінші бабында республиканың мемлекеттік тілі-қазақ тілі, екінші бабында ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі деп көрсетілді. Заң қабылданғаннан соң қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде пайдалану барысында бірнеше игі шаралар жүзеге асырылды. Қазақ тілінде білім беретін 155 мектеп, 4 кәсіптік – техникалық училище, 482 балабақша ашылды. Республикада өзге де тілдердің дамуына мүмкіндік жасалды. Бірнеше телеарналар мен радиоларда 6 тілде хабар беріле бастады.

V - БӨЛІМ.

Қазақстан Тәуелсіз мемлекет

9-тақырып.

Қазақстанның тәуелсіздік тұғыры

- 1.9. КСРО-ның ыдырауы. Қазақстанның ішкі саясаты. Елдегі демократиялық қадамдар. Мемлекеттік рәміздер
- 2.9. Қазақстан Республикасының Егемен ел жағдайындағы әлеуметтік экономикалық ахуалы. Нарықтық қатынастарға көшу
Нұрсұлтан Назарбаев елдің тұңғыш Президенті
- 3.9. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жүргізген сыртқы саясат және елдегі демографиялық өзгерістер
- 4.9. Шет ел ғалымдары қазақ тарихы туралы

1.9. КСРО-ның ыдырауы. Қазақстанның ішкі саясаты. Елдегі демократиялық қадамдар. Мемлекеттік рәміздер

1991 жылы 19 тамызда КСРО үкіметінің жоғарғы билігінде азғана топ денсаулығына байланысты КСРО Президенті М.С.Горбачевті қызметінен босатып, оның орнына вице-президент Г.И.Янаевтің тағайындалғаны туралы мәлімдеме жасады.

Мемлекетті басқару үшін 8 адамнан тұратын КСРО-дағы Төтенше Жағдай Жөніндегі Мемлекеттік Комитет (ТЖМК) құрылды. ТЖМК-ның басында КСРО вице-президенті Г.И.Янаев, премьер-министр В.С. Павлов, қорғаныс министрінің бірінші орынбасары О.Д.Бакланов және Д.Т.Язов, Б.К.Пуго, В.А.Крючков секілді лауазымы жоғарғы биліктегілер тұрды. Олар «Кеңес халқына үндеу» жолдап, ТЖМК өз билігін республиканың барлық жеріне енгізетінін, онда өз өкілдерін қоятынын мәлімдеді. Барлық қоғамдық-саяси қоғалыстардың қызметіне тиым салынды. Бұл әрекет-мемлекеттік төңкеріс еді. Қырымда дем алып жатқан КСРО Президенті М.С.Горбачев бұл оқиғадан бейхабар болды. ТЖМК-ға КСРО құрамындағы

республикалар мен әлемдегі басқа мемлекеттер де түрліше көзқараста болды. ТЖМК-ны құрғандардың үстінен қылмысты іс қозғады. Сонымен тамыз бүлігі іске аспай құлады.

ТЖМК бүлігі басылған соң М.С.Горбачев Мәскеуге келіп, билікті қолына алды. Алайда бұл тамыз төңкерісі КСРО-ның күйреуін тездетті. КОКП басшылығы қолдаған ТЖМК-ның күйреуі КОКП-ны аса ауыр жағдайға душар етті. КСРО Президенті М.С.Горбачев пен Ресей Президенті Б.Елциннің арасындағы Кеңестік империяға ықпалын жүргізу үшін тартысы, үш славян мемлекеттерінің басшыларын 8 желтоқсанда Б.Елцинді (Ресей), Кравчукті (Украина), С.Шушкевичті (Белоруссия) Беловежье орманындағы кездесуге әкелді. Олар онда КСРО-ны тарату туралы шешім қабылдады. Осы жолы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы келісімге қол қойылды.

1991 жылы 23 тамызда Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаев КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюро мүшелігінен шықты. 1991 жылы 7 қыркүйекте Алматы қаласында өткен төтенше съезде Қазақстан Коммунистік партиясын тарату туралы шешім шықты. Оның орнына Социалистік партия құрылды. Бірақ оның тұғыры берік болмады. Партиядан кейін 1991 жылы қазан айында болған Қазақстан комсомолының XVIII съезі шешімімен Қазақстан комсомолы тарауға мәжбүр болды. Енді оның орнына Қазақстан жастар одағы құрылды. Комсомолдан кейін Қазақстан пионер ұйымы да тарайды. Республика кәсіподағы көптеген ұсақ ұйымдарға бөлінді.

1990 жылы 24 сәуір айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақстан өзінің алғашқы Президентін-Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевты сайлады.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстан өзінің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады.

1991 жылы 29 тамызда Президенттің Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Осы жылы қазан айының 2 жұлдызында ғарышқа тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ұшты.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Президентін сайлаған жалпыхалықтық сайлау өткізілді. Президент болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.

Бұған дейін Қазақ Советтік Социалистік Республикасы деп аталып келген атау 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы болып өзгерді.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Бұл күнді Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Серікболсын Әбділдин Тәуелсіздік күні деп жариялады.

1992 жылы Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік пен Үнтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) мүше болды. Осы жылы 27 қаңтарда Өскеменде қорғасын-мырш өндіретін комбинатта 10,5 килограмдық тұңғыш қазақстандық алтын құймасы (слитогы) құйылды.

1992 жылы 3 наурызда Қазақстан республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданды.

1992 жылы 29 қыркүйекте Алматыда Дүниежүзілік қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткізілді.

1993 жылы қараша-желтоқсан айларында Ұлттық теңге айналымға енгізілді.

1993 жылы қаңтар айында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды.

1995 жылы 29 сәуірде бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзартылды. Бүкілхалықтық референдумға сайлаушылардың дауыс бергендердің 95,4 пайызынан астамы Президенттің өкілеттілігін ұзартуды қолдады.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Қазақстан таза Президенттік республикаға айналды, қос палатадан тұратын тұрақты Парламент құрылды. Ал басқарудың бұл Президенттік формасы 2008 жылы өткен Парламент сайлауы алдында **Президенттік – Парламенттік басқару формасына**

ауысты. Сөйтіп еліміз әлемдік тәжірибеде бар Республиканы аралас басқару түрін таңдап соған көшті.

1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы республика астанасы болып жарияланып, Алматыдан астана Сарыарқадағы Ақмола қаласына көшірілді.

1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласы Астана болып атауы өзгертілді.

Мемлекеттік аппаратты қайта ұйымдастыру мен жетілдіру қажеттілігі уақыт талабы болса да, бұл процесті неғұрлым жеделдету қажет делінгенімен оған оң қадам жасалынбады. Қазақстанда нарықтық экономика үшін оңтайлы болатын мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымының осы заманғы, тиімді жүйесін жасау, басым мақсаттарды іске асыруға қабілетті үкімет құру, ұлттық мүдделердің сақшысы бола алатын мемлекет қалыптастыру бағытындағы талаптар мемлекетті кеулеп алған «жемқорлық пен тамыр-таныстық» принципін кесірінен орындалмай қалды.

Үкіметтің тиімділігі өзара байланысты үш факторға: оның құрылымдық ұйымына, стратегиялық үйлесімділігіне және кадрлар даярлығының дәрежесіне негізделеді. Таяу болашақтағы міндетіміз стратегиялық жоспарлау әдістерін меңгерген қабілетті әрі адал кадрлардан тұратын шағын, оңтайлы аппарат құру.

Егемендік алғаннан бастап Қазақстанда көп партиялық жүйе қалыптасу кезеңін басынан кешіруде, әлбетте бұл жүйеге өтпелі кезеңге сай тұрақсыздық та тән болды.

Қазақстанның Республикалық партиясы 26 ақпан 1992 жылы құрылды. 1999 жылы қыркүйекте, яғни сайлау алдында, бұл партия «Алаш» ұлттық партиясы болып өзгерді. Ұлттық бағыттағы бұл партияға біраз қазақ зиялыларының өкілдері енді. Мақсаты қазақ ұлтының мүдделерін қорғау деп ашық айтылды. (алайда бұл партия санда бар сапада жоқ күй кешті). Партия лидері Сәбетқазы Ақатай 2003 жылы өмірден өтті. Ол 60 жылдары Мәскеуде қазақ жастары құрған атақты «Жас тұлпар» студенттік ұйымның белсенді мүшелерінің бірі болған.

Қазақстанның Халық бірлігі партиясы (ҚХБП) парламенттік партия есебінде Халық бірлігі Одағының

негізінде 1993 жылдың ақпан айының 6-да құрылды. Оның алғашқы төрағасы Жоғарғы Кеңес депутаты Серік Әбдірахманов болды. 1993 жылғы қазан айынан бастап партияның төрағалығы премьер-министрдің орынбасары Қуаныш Сұлтановқа тапсырылды. Одан кейінгі төраға Президент Әкімшілігінің бөлім меңгерушісі Ақан Бижанов болды. 1999 жылы наурыз айында бұл партия «Отан» партиясының құрамына кірді.

Халықтық-кооперативтік партия (ХКП) өздерін аса ірі, таптық және әлеуметтік жіктелулерден ада, негізінен кооперация мен ауыл шаруашылығы саласындағы қызметкерлерге арқа сүйеп отырған бірден-бір партиямыз деп жариялады. 20 ақпан 1994 жылы құрылды, төрағасы У.С. Сарсенов, кейін ресми тіркеуден 1995 жылдың ақпан айының 20-да өткен. Төрағасы бұрынғы Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы Сәбит Байжанов болды.

Қазақстанның Дәуірлеу партиясы (ҚДП) өздерін парламенттік типтегі партия деп атады. Партия төрайымы болып 1995 жылдың қаңтар айының 27-де өткен құрылтай съезінде Алтыншаш Қайржанқызы Жағанова сайланды. ҚДП-ның басты ұстанар жолы-руханилық пен ізгіліктің қайта жанданып, дәуірлеуіне күш салу болды.

Қазақстанның Демократиялық партиясы 1995 жылдың 1-шілде айында құрылды. Партияның бастапқы кезеңіндегі төрағалары президенттің кеңесшісі Төлеген Жүкеев және Алтынбек Сәрсенбаевтар болды. Бұлар да 1999 жылы наурыз айында алдынала жоспарланғандай «Отан» партиясының құрамына кірді.

Қазақстанның Республикалық Еңбек саяси партиясы - «Қазақстан инженерлер Одағы» қоғамдық саяси қозғалыс негізінде 10 қаңтар 1996 жылы құрылған. Алғашында филиалы 11 облыста жұмыс істеді. Олар өздері центристік бағыт ұстайтындарын мәлімдеді. Мақсаты-демократиялық мемлекет құру. Әлеуметтік базасын инженер-техникалық интеллигенция құрады. Партиялық тізім бойынша Парламент сайлауына қатысып, 1,38 пайыз дауыс жинады. Алғаш төрағасы- Мәжіліс депутаты Ө.Жолдасбеков, кейіннен Б.Т. Жұмағұлов болды.

«Азамат» Қазақстанның демократиялық партиясы 1996 жылы 20 сәуірде өмірге келген «Азамат» қоғамдық қозғалысының негізінде құрылған. Тең төрағалары-М.М. Әуезов, Ғ.Әбілсейітов, П.В.Своик. Жетекшілерінің әртүрлі қызметтерге ауысуына байланысты партия өз жұмысын тоқтатқан.

«Азаматтық партия», төрағасы-Перуашов А.Т. Ол 1996-98 жылдары Президент әкішілігінде Стратегиялық зерттеулер орталығының сектор меңгерушісі қызметінде болған. Партия 1998 жылы 17 қарашада Ақтөбеде өзінің құрылтай съезін өткізді. Бұл партияны құрған бастамашылар «Алюминий Қазақстан» АҚ (Павлодар), Жезқазған мыс қорыту заводы, Ақтөбе ферросплав заводы, Балхаш тау-кен байыту комбинаты, «Восточный» Екібастұз көмір разрезі, Рудный «ССГПО» АҚ, Ақсу Евразиялық энергетикалық корпорациясы кәсіпорындарының ұжымдары. Партия әуел бастан Президенттің саяси курсына қолдайтынын ашық жариялады. Ал Президент өзі бұл партияның құрылтай съезіне қатысып, ол партияның саяси лидері болуға келісімін де берді. Кейін «Отан» партиясына қосылды.

Қазақстанның Аграрлық партиясы (ҚАП)-Р.Р. Мадиянов-мәжіліс депутаты. 1997-99 жылдары бұрынғы Премьер-министр Н.Балғымбаевтің кеңесшісі болған және партия жетекшілігін қатар атқарған. Қазақстанның Аграрлық партиясы өз құрылтайын 1999 жылы 6 қаңтарда өткізді. Ал Әділет министрлігінен тіркеуден өткен куәлігін осы жылы 16 наурызда алды. Қайта тіркеуден 2003 жылы 6 наурызда өтті. Идеологиялық жұмысының басты міндеті ретінде ол ауылдың дағдарысқа ұшырауын одан әрі болдырмау деп біледі. Сондай-ақ халықтың әлауқатын көтеруді де өзіне міндет етіп алған.

90 жылдары әсіресе Президент сайлауы қарсаңында сан түрлі бағыт ұстанған партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, азаматтық қозғалыстар мен ұйымдар, кәсіби және өзге де одақтар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары өмірге келді. Мысалы, соның бірі **«Қазақстанның Республикалық Халықтық партия-**

сы» (ҚРХП) төрағасы экс премьер Әкежан Мағжанұлы Қажыгелдин болды. 1998 жылы 17 желтоқсанда құрылды. Оның шет елге кетуге мәжбүр болуына байланысты, партияны оның Саяси кеңесінің төрағасы Әміржан Қосанов басқарады. Бір кездері партия жеткешілігінде болған Ғазиз Алдамжаров 2001 жылы қаңтар айында кенеттен бұл партиядан шығып, Президент Әкімшілігіне қызметке ауысты, кейін Қазақстанның Беларусь мемлекетіндегі елшісі қызметіне ауыстырылды. Партияның алға қойған мақсаттарының бірі адамның құқығы мен бостандығы сақталатын құқықтық мемлекет құру деп жарияланды. Партия мемлекеттік биліктің бір қолға шоғырлануына қарсы шықты. Бұл бағытта бірнеше шаралар жасауға талпыныс та білдірді. Партия мүшелерінің қайта тіркелуі үшін 50 000 мүшесі болуы керек деген заң талабына бойкот жариялап, өз жұмысын тіркеуден өтпей-ақ, астыртын жалғастырып, кейінен тарауға мәжбүр болды.

Республикалық социал-демократиялық «Отан» партиясы 1999 жылы ақпан айында Алматыда өткен құрылтай съезінде Қазақстанның Демократиялық партиясы, Қазақстанның халық бірлігі партиясы, Қазақстанның Либералдық және «Қазақстан-2030» қоғамдық қозғалыстарының бірігуі барысында құрылды. Партияның әлеуметтік базасы бюджеттік ұйымдар, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер, ғылыми және творчестволық интеллигенция, орта және кіші бизнес өкілдерінен тұрды. Құрылтайға 400-ге жуық делегат қатысты. Съезд партияның лидері етіп **Нұрсұлтан Назарбаевты, төрағаның орынбасарлығына экс премьер С.Терещенконы сайлады.** (кейін Республикалық «Отан» саяси партиясын-партия төрағасының міндетін атқарушы Амангелді Дінұлы Ермағияев басқарады.) 2004 жылы 12 наурызда өткен кезектен тыс 6 съезінде партия төрағасының орынбасарлары болып Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы Жармахан Тұяқбай мен бұрынғы вице-премьер Александр Сергеевич Павлов сайланды. Күзгі Парламент сайлауының қорытындыларымен келіспеген Ж.Тұяқбай партия төрағасы орынбасары қызметінен және спикерліктен кетіп, оппозиция қатарына

өтті. Оның орнына бұрынғы Президент әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, Б. Жұмағұлов сайланды.

2006 жылы 23 желтоқсанда Республикалық «Отан» саяси партиясының 700 делегат қатысқан, кезектен тыс X съезінде Аграрлық (Мадинов Р.) және Азаматтық партиялар (Перуашев А.) «Отан» саяси партиясының құрамына енді. Осы съезде «Отан» республикалық саяси партиясының атауы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партия болып өзгерді.

«Нұр Отан» партиясы өз бағдарламасында халықтың әл-ауқатын жақсарту, қоғамға зиянды, елдегі етек алып кеткен сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізу секілді кезек күттірмейтін мәселелерді шешуді мақсат етіп қойды.

Кейінде ол қызметке Президент Әкімшілігінің жетекшісі Әділбек Жақсыбеков, одан кейін 2008 жылы қазан айында Президент Әкімшілігінің жетекшісінің орынбасары Дархан Аманұлы Калетаев, одан кейін Нұрлан Нығматулиндер басшылық жасады.

«Қазақстан әйелдері ұйымдарының саяси бірлестігі» партиясы-1999 жылы маусым айында құрылтай съезі болды. Негізгі мақсаты Қазақстан әйелдерінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау және жүзеге асыру деп жариялады. Бұлар Аграрлық партиямен бірігіп партиялық тізіммен Парламент Мәжілісіне сайлауға қатысты. Партия жетекшісі-Сарсембаева Раушан Бергібайқызы. Партия тарап кетті.

Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясы 2000 жылы 30 қаңтарда өткен құрылтай съезінде құрылды. Алғашында Шаруалардың социал-демократиялық «Ауыл» деген атпен құрылған партия осы жылғы 30 наурызда Әділет министрлігінен тіркеуден өткен соң, біраздан кейін өзінің атын «Қазақстандық» деп өзгертті. 2000 жылдың 1 тамызында ҚСД «Ауыл» партиясының қатарында 10 000 мүше болған. Олардың көпшілігі фермерлік шаруашылықтардың басшылары мен шаруалар болды. «Ауыл» партиясының негізгі мақсаты ауыл еңбеккерлерінің мүддесін қорғау, аграрлық

секторға мемлекеттік қолдауды күшейтуге ат салысу. Қоғамды одан әрі демократияландырудағы саяси және экономикалық реформаларды жүргізуді тездету. Елдегі тұрақтылықты баянды ету болды. Партияның төрағасы-Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғани Әлімұлы Қалиев.

2002 жылы 29 қаңтарда, **Қазақстанның демократиялық «Ақжол» партиясын құру туралы** ол кезде әлі ҚДТҚ-ның («Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы) қоғамдық саяси кеңесінің мүшелері мәлімдеген болатын. Қазақстанның демократиялық «Ақжол» партиясының құрылтай съезі 2002 жылы 16 наурызда болды. Сөйтіп ҚДТҚ-ы екіге бөлінді. Бұл қозғалысты құрушылардың екінші бөлігі радикалды оппозициялық бағытқа түсті. Ал «Ақжолды» құрушылар ұстамды саясат ұстанды. «Ақжол» өзінің негізгі мақсаты етіп Конституциядағы адам құқығы мен бостандығының толық сақталуын және билікті орталықсыздандыруды қойды. Оның ішінде барлық деңгейдегі әкімдерді сайлап қоюды іс жүзіне асыруды көздеуде. Партия қатары 115 мың мүшеге жетті. Негізінен олар мемлекет қызметкерлері, кәсіпкерлер, бюджет саласында істейтіндер мен интеллигенция өкілдері. «Ақжол» партиясының құрылтайшыларының ішінде Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясының төрағасы Даулет Сембаев, директорлар кеңесінің төрағасы Нұржан Суханбердин және т.б. элита өкілдері болды. Тең төрағалары бұрынғы Парламент Мәжілісінің депутаты Болат Мұқышұлы Әбілов, бұрынғы Еңбек министрі Әлихан Мұхамедияұлы Байменов, бұрынғы вице-премьер Ораз Әлиұлы Жандосов, кейін тағы екі тең төраға қосылды, ол сайланғандар бұрынғы Қазақстанның Ресейдегі елшісі Алтынбек Сәрсенбаев және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың бас директорының бірінші орынбасары Людмила Аркадьевна Жуланова.

2004 жылы қаңтар айының аяғында «Ақжол» демократиялық партиясы ішінде жік пығып екіге бөлінді. 2005 жылы ақпан айында Б. Әбілов, А.Сәрсенбаев, О. Жандосовтар оппозициялық бағыт ұстанып, 2005 жылы

9 наурызда құрылған «Әділетті Қазақстан» атты саяси қозғалысқа қосылды.

Өткендегі партияның тең төрағалары болып келген Ә.Байменов пен Л.Жуланова «Ақжолда» қалып, қалған төрағалар Б.Әбілов, А.Сәрсенбаев, О.Жандосовтар **«Нағыз Ақжол» партиясын** құрды. 2006 жылы 17 наурызда «Нағыз Ақжол» партиясы мемлекеттік тіркеуден өтті. 2008 жылы ақпан айында Алматыда өткен партияның IV съезінде «Нағыз Ақжол» «Азат» деп атын өзгертті. Партияның төрағасы болып Болат Әбілов сайланды. 2008 жылы 17 сәуірде «Нағыз Ақжол» атауы «Азат» болып ауысқаны мемлекеттік тіркеуден өтті.

Қазақстанның «Патриоттар» партиясы (ҚПП)- Ғани Есенкелдіұлы Қасымов Мәжіліс депутаты, бұрынғы Кеден комитетінің төрағасы-генерал. Партия 2000 жылы 1 шілдеде өзінің құрылтай съезін шақырып өмірге келгенін жариялады. 2003 жылы 21 наурызда Әділет министрінен қайта тіркеуден өтті. Алайда партияның бірінғай нақты әлеуметтік негізі жоқ оның мүшелері жеке лидердің беделінің төңірегіне ғана топтасқан. Олар қазақ ұлтының топтасып, бірігуіне олардың отанды сүюшілік сезімдерін қалыптастыруға ат салысатындықтарын, оны рухани тәрбие арқылы іске асыратындықтарын жариялады.

«Руханият» қоғамдық бірлестік партиясының құрылтай съезі 2003 жылы 5 сәуірде өтті. Ол сол жылы 6 қазанда Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. Партия қатарында 53 000 мүше бар деп жарияланды. Оның 65 проценті әйелдер болды. Өз қызметінде бұл партия бюджеттен қаржылыланатын сала қызметкерлері мен ғылыми, мәдени, техника саласының өкілдеріне және студенттермен әйелдерге сүйенетіндігін мәлімдеді. Ал шындығына келер болсақ бұл партия 1995 жылы 17 қаңтарда құрылған «Дәуірлеу» партиясының мұрагері болды. Өйткені бұл аталған екі партияның басшылығында да екі жолы да Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова - «Көші-қон» және демография агенттігінің төрайымы болды. «Руханият» партиясы үшін басымдылық болып табылатын мәселелер ол қоғамның аз қорғалған бөлігі негізгі

рухани байлықты жасаушылар мәдениет, ғылым, білім, денсаулық саласының қызметкерлерінің мүддесін қорғау болып табылды.

«Асар» қозғалысы 2003 жылы 25 қазанда саяси партияға айналды. Партиясының құрылтай съезіне 1200 делегат қатысты. Партия жетекшісі Дариға Назарбаеваның айтуынша **«Асар» партиясы** центристтік бағыт ұстанады. 2006 жылы 4 шілдеде «Асар» партиясы «Отан» республикалық саяси партиясына қосылды.

21 ақпан 2004 жылы **«Қазақстанның демократиялық таңдауы» халықтық партиясының** құрылтай съезі Алматы қаласындағы «Анкара» қонақ үйінде өтті. Оған ҚТД-ның 1200 мүшесі атынан сайланған 167 делегат қатысты. Құрылтайда ұйымдастыру комитетінің төрағасы Асылбек Қожахметов баяндама жасады. Халықтық партия Қазақстанның саяси билік жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізу арқылы, оның демократия жолына біржолата түсуін қамтамасыз етуді басты мақсат етіп қойып отыр. Ғалымжан Жақиянов бір ауыздан партияның лидері болып танылды. Құрамы 33 адамнан тұратын Саяси кеңес пен құрамы 7 адамнан тұратын Саяси кеңес Төралқасы сайланды. Осы құрылтай съезінде партия Саяси Кеңесінің төрағасы болып Асылбек Қожахметов сайланды.

2004 жылдың басында пайда болған **«Құқықтық Қазақстан»** азаматтық қозғалысын ұйымдастырушы-Заң академиясының ректоры, бұрынды Республиканың Бас прокуроры, Жоғарғы Соттың төрағасы және басқа да лауазымды қызметтерде болған Мақсұт Нәрікбаев 29 сәуірде 2004 жылы өзінің 300 мың мүшесі бар бұл ұйымын **«Қазақстанның демократиялық партиясы»** деп жариялады. Ол партия қатарында 50 мыңнан астам мүше бар екендігін хабарлады. Алғашқы құрылтайына 398 делегат қатысты. Партияның негізгі мақсаты азаматтардың елдің тәуелсіздігін баянды ету жолында топтасу деп санап отыр. ҚДП-ның төрағасының орынбасары белгілі диссидент, бұрынғы «Азат» қозғалысының басшыларының бірі Хасен Қожа-Ахмет болды. Кейін ол партия мүшелігінен шықты. Бұл партия кейін атын «Әділет» демократиялық партиясы деп өзгертті.

2006 жылы 10 қыркүйекте Алматыда 2463 делегат қатысқан **Жалпы ұлттық социал-демократиялық партияның (ЖСДП)** құрылтай съезі өтті. Съезд партияның төрағасы етіп тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Бас прокуроры болған әділет генерал-полковнигі, бұрынғы Парламент Мәжілісінің спикері Жармахан Тұяқбайды сайлады. Партия төрағасының орынбасарлығына оппозиция лагерінде мол тәжірибе жинаған Әміржан Қосанов сайланды. Партияның гербінде социал-демократияның нышандарының бірі болып саналатын раушан гүлі салынған. ЖСДП бағдарламасында халықты дәулетті өмірге жеткізген әлемдік социал-демократияның озық үлгілерін дамытуды көздейтіндіктері жазылған. Сондай-ақ партия әрбір қазақстандық азаматтың әлеуметтік қорғалуын, лайықты өмір сүруін қамтамасыз етпек. Зейнеткерлікке шығу жасын шегеріп, әйелдерді 55 жасқа, ерлерге 59 жас белгілеу үшін, жас ұрпаққа тегін білім беруді қамтамасыз ету үшін күресетіндерін міндет етіп алған.

2005 жылдың наурыз айында 35 оппозиционер құрылтайшы болған «Әділетті Қазақстан» қоғамдық қозғалысы, «Алға ДВК», секілді партиялар өз құрылтайларын өткізді. 2006 жылы 27 қазанда Алматыда «Атамекен» саяси партиясының құрылтай съезі өтті. Оған Қазақстанның әр аймағынан 1200 делегат қатынасты. Партияның төрағасы болып Ержан Досмұхамбетов сайланды. Аталған партиялар белгісіз себептермен мемлекеттік тіркеуден өте алмады.

Елімізде құрылып әр жылдары өмір сүрген, жоғарыда біз саралап өткен саяси партияларды әлемдік тәжірибе тұрғысынан қарап, зерделегендегі тұжырым төмендегідей. Халық мүддесі жолында құрылған біренсараны болмаса, жоғарыда аталған саяси партиялардың басым көпшілігі биліктің сценарийі бойынша «құрылған» жасанды партиялар болды. Оларды билік сайлау кезінде сайлаушылардың (электораттың) дауысын бөлу мақсатында ғана пайдалануда. Сондықтан да келешекте осы аталған партиялардың талайы бір-бірімен қосылып, аттарын өзгертуі әбден мүмкін.

1994 жылы 7 наурызда тұңғыш Парламентке 177 депутат сайланды. Онда 70-депутат біріккен «Прогресс» атты оппозициялық ресми депутаттық топ белсенді жұмыс істеді. 1995 жылы 11 наурызда Конституциялық соттың шешімінің негізінде Президент жоғарыда сайланған Парламентті тарату жөніндегі Жарлыққа ол қойды.

1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция бойынша Қазақстан Парламенті екі палатадан Сенат (жоғарғы) пен Мәжілістен (төменгі) тұрды. Конституцияға енгізілген соңғы 2006 жылғы өзгерістерге байланысты Парламенттің Жоғарғы Палатасы - Сенат 47 депутаттан тұрады, әр облыстан 2 депутат ал, 15 депутатты Президент тағайындайды. Төменгі Палата Мәжіліске 107 депутат сайланатын болды, оның 98 партиялық тізім арқылы сайланса 9 депутат Қазақстан Халықтары Ассамблеясынан сайланды.

2002 жылы «Саяси партиялар туралы» заң қабылданды. 2009 жылдың қаңтар айындағы мәлімет бойынша Қазақстанда мемлекеттік тіркеуден өткен партиялар саны 10 болды:

Қазақстан Коммунистік партиясы;

Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясы (ҚСДП);

«Ақжол» демократиялық партиясы;

Қазақстанның «Патриоттар» партиясы (ҚПП);

«Руханият» партиясы.

Қазақстанның Коммунистік Халықтық партиясы

«Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы;

«Әділет» демократиялық партиясы;

Жалпы ұлттық социал демократиялық партия. (ЖСДП);

Қазақстанның «Азат» демократиялық партиясы, (бұрынғы «Нағыз Ақжол»);

2009 жылы 24 қазанда Қазақстанның «Азат» демократиялық партиясы мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиялар өздерінің бірігу съезін өткізді. Сөйтіп демократиялық күштер «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармақ болды» Құрылтайда Болат Әбілов пен Жармахан Тұяқбай тең төраға, ал Әміржан Қосанов

бас хатшы болып сайланды. Сөйтіп партиялар саны кеміп 9 болды.

2005 жылы Қазақстанда 1824 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс Қазақстанның “Азат” демократиялық партиясы, (бұрынғы “Нағыз Ақжол”);

2005 жылы Қазақстанда 1824 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істеді, оның 1202-сі газет, 483-журнал, 124-теледидар мен радиохабарлар тарататын станциялар. БАҚ-тың 85 пайызы үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардікі болды. 11-басылым партия мен саяси қозғалыстардікі, 10-діни ұйымдардың басылымдары. БАҚ, телерадиохабарлар 11-ұлт пен халықтар тілінде таратылды.

Оппозициялық бағыттағы “ДАТ”, “СолДАТ”, “Тас-жарған” (редакторлары Ермұрат Бапи, Бақытгүл Мәкімбай) және “Свобода слова” (редакторы Гүлжан Ерғалиева) басылымдары жарық көрді.

Мемлекеттік рәміздер

Әлемдік тәжірибемен негізделген әр мемлекеттің міндетті түрде өзінің тәуелсіздігін айшықтап тұратын Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны болады. Бұл салада 1992 жылы 4 маусымда өзінің Егемендігін көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің дүниеге келген күні болып саналады. Ал ол белгілердің өмірге келу тарихы мен олардың өзіндік мазмұнын білу осы мемлекеттің әр азаматының міндеті.

Аталған рәміздердегі бейнеленген әрбір элемент белгілі бір идеологиялық ой төркініне жетелер жүк арқалап тұратыны мәлім. Осы Мемлекеттік атрибутиканың мазмұнын терең білу әрі түйсіну ғана біздің еліміздің болмысындағы осынау маңызды белгілерге деген ықыласты арттырып, қастерлеу мен мақтаныш сезімдерін күшейте түседі.

Егемендік деген ұғым - рухани дүние тылсым (категория). Ол адамның жан дүниесі, рухы мен ар - ожданының азат болуынан туындайды. Ол дегеніңіз әр халықтың-ұлттың өз табиғатына сай тіршілік ету қажеттілігі. Тәуелсіз рух, ұлттық қадір-қасиет, дербес мемлекеттік құрылым жаңа сипатқа ие болғанда осы құндылықтарын рәміздер тілімен бейнелеп жеткізу міндетіне ие болады.

Тәуелсіз рух, дербес мемлекеттік жүйе жаңа сипатқа көшкен тұста жаңа идея мен идеология, оларды ұлттық нышандағы рәміздер тілімен суреттеп, мемлекеттің жаңа атрибутикасын өмірге әкелді.

Рәміздер тарихына үңілсек, халықтар өзге елдермен қарым-қатынастардың қағидаларын, өздерінің мақсаттары мен мүдделерін, дүниетанымы, тіршілігі, шаруашылығы мен тұрмысының ерекшеліктерін бағзы заманнан бері бояулар мен сызықтар, дыбыстар, саз тілімен бейнелеген. Әртүрлі тотемдік белгілер, тастағы бейнелер мен дыбыстық зікір салу сияқты нышандар осыған куә бола алады. Бұл нышандар әлемдегі барша халықтың арасында кеңінен тараған. Этникалық мәдени нышандардың туындауына әрбір халықтың, тайпа мен рудың әлеуметтік, психологиялық ерекшеліктері әсер етті. Мұның баршасы өзіндік ғылыми бағыттардың бастау алуына жол ашты.

Осы тарихи нышандардан негіз алған елтаңбаларды зерттейтін ғылым саласын *геральдика*, туларды зерттейтін ғылымды *вексилология* деп атайды. Бұл ғылымдар туралы мәліметтер XVI ғасырдан мәлім. Геральдика туралы мағлұматты негіздеген XVI ғасырда өмір сүрген француз ғалымы, тарихшы Менестрэ болды.

Бүгінде кеңінен қолданылып жүрген «герб» деген термин немістің «ебро» сөзінен, яғни қазақша «таңба» деген ұғымды білдіреді. Осы сөзді қазқашаға аударғанда «таңба» (орысша тамга-знак) деген ұғымды білдіреді екен. Бұл терминнің тарихына үңілсек ол сөз ежелгі Түрік қағанатында (551-630ж.ж.) қолданылғанынан хабардармыз. Махмуд Қашқари өзінің әйгілі «Диуани луғат ат-түрік» атты сөздігінде «таңба» сөзін «ел билеушілердің ерекше белгілері» деген мағынада қолданған. Бұл сөзді XVII ғасырға дейін орыс княздері де билік белгісі ретінде қолданған көрінеді.

Осы таңба ұғымы қазақтардың арғы тегінен әр рулардың өзіндік белгілері ретінде қолданылып келгендігін тарихи ескерткіштер мен деректер дәлелдейді. Мысалы, тік сыңар сызық-қаңлылардың, тік қос сызық-қыпшақтардың, тік қосылған сызықтар-керейлердің, бұ-

рыш бейнелі белгі-наймандардың, дөнгелек-дулаттардың және т.б. рулардың елдік рәміздері болып табылған. Мұндай белгілер Отырар, Тараз, Қазақстанның ортағасырлық басқа қалаларында шығарылған металл теңгелерде де бейнеленген.⁵⁴⁸

Егемен Қазақстанның бүгінгі Елтаңбасының авторлары белгілі архитекторлар Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уалиханов. Олар Елтаңбаның 245 жобасы мен 67 суреттемесі бәсекеге түскен жарыстан таңдап алынған туындының авторлары.

Елтаңбаның геометриялық пішіні толық шеңбер кескінін береді. Әлемдегі ең жетілген форма шар екені белгілі, ал оған ең жуық элемент шеңбер болса, оны көшпенділер өте қастерлеген. Шеңбер геральдикада кеңінен тараған кескін болғанымен, шығыс көшпенділері оны аса құрмет тұтқан. Ол-тіршілік, мәңгілік символы. Шеңбер ішіндегі нышан белгі, біздің Елтаңбамыз идеясының басты жүгін арқалап тұрған, ол шаңырақ. Шаңырақ-Қазақтың ұғымында отбасы амандығының, бейбітшілік пен тыныштықтың айғағы. Елтаңбада киіз үйдің барлық құрылымдық элементтері геральдика тілімен айқын жеткізілгенімен, оны тура көшіріле салған сурет деп қабылдамау керек. Авторлар барлық элементтерді шеңбер ішінде шендестіре отырып, Елтаңба идеологиясын ашудың тиімді тәсілдерін пайдалана алған.

Шынайы шеберлікпен салынған түндік-көк аспан күмбезіндегі асыл шырақ-күн бейнесін елестетсе, уықтары, одан тарап жатқан алтын сәулелердей әсем әсер қалдырады. Қисыны табылып керегелердің де көрінісі берілген. Әр бөлшегі әдемі айшықталған шаңырақ алдымен өз халқымыз, одан қалды бірге тіршілік кешкен басқа ұлт өкілдерінің бәрі бірлесе тізе қосып, күш-жігер жұмсап, аяғынан тік тұрғызуға кіріскен қасиетті де ортақ отауымыз-тәуелсіз Қазақстанды мегзейді.

Елтаңбада елдің тарихы, дәстүрлері мен рухы көрініс тапқан. Қазақта «Шаңырағың биік, керегең кең, босаған берік болсын» дейтін мәні зор мәтел бар. Міне, осынау тілектер біздің Елтаңбамыздан жан-жақты көрініс тапқан. Шаңырақ дегеніміз қазақ үшін ең қасиетті ұғым. Кез кел-

ген отбасы, тайпа мен ру шаңырағы барда ғана ғұмыр сүреді, шаңырағынан айырылса олар да жоғалады. Киіз үй көшпенділер мәдениетінің ғажайып туындысы ғой. Бүкіл әлем оны сәулет өнерінің теңдесі жоқ үлгісі деп мойындаған. Ол туралы көне тарих бастауында тұрған Геродот, жағрапия ғылымының негізін салушы Страбон, медицинаның атасы Гиппократ және басқалары сонау ықылым заманда-ақ жазған. Киіз үй көшпенділердің ішкі (рухани) және сыртқы табиғи, ғарыштық дүниетанымдарының жиынтық белгісі іспеттес. Өздерін табиғат перзенттері деп таныған біздің ата-бабаларымыз тұрмысын, әдеп ғұрыптары мен шаруашылығын қоршаған ортаның өз баспаналарына деген көзқарастары Еуропа тұрғындарына қарағанда өзгешелеу. Сондықтан, киіз үйде тұратын адам табиғаттан, айналадағы ортадан оқшауланбайды.

Киіз үйді XVI ғасырдың басында ибн Рузбихан былай деп суреттеген «Мен бұрын киіз үйді білмеуші едім, енді оны алғаш рет Яссы (Түркістан) қаласының маңайынан көрдім. Мен олардың құрылымына қайран қалдым, кейбір түрлі түсті киізбен өрнектелген киіз үйлер тура арбалардың үстіне қойылған екен. Сопақша келген киіз үйлер ғажап шеберлікпен жасалған, тап бір ауа кеңістігінде қалқып тұрғандай әсер қалдырады, түп - тура әлгіндей әсемдіктен басың айналғандай...»

Елтаңба композициясын құрап тұрған және бір маңызды бөлік-ай мүйізді, алтын қанатты қос тұлпар бейнесі. Елдік нышандарда арғымақ бейнесін пайдалану өте ертеден келе жатқан үрдіс. Осыдан үш мың жыл бұрын қолға үйретіліп, адам баласының ең бір жақын жан серігіне айналған жылқы-көшпенділер үшін айрықша қасиетті жануар. Оның төзімділігі мен ұшқырлығы, балдай қымызы мен дәмді еті, жануарлар ішіндегі ақылдылығы ақын – жыраулардың сан ұрпағына жыр көзі болған.

Қазақстан аймағындағы қазба жұмыстары кезінде табылған «Алтын тәж» сияқты туындылар ірі ғалымдарды таң тамаша қалдырса, ерте заманғы сақтар, үйсіндер мен қыпшақтардың өте жоғарғы мәдениетті халықтар болғанын дәлелдейді. Бұл алтын әшекейлерде қанатты

тұлпарды суреттейтін детальдар толып жатыр. Осыған орай көшпенділер өркениетінің дамуына жылқының, тұлпардың ерекше әсер еткені дау туғызбайды. Жылқы ғасырлар бойы елімізді жат – жұрттық жаулаушылардан қорғау ісінде аса маңызды рөл атқарған. Сондықтан көшпенділердің эпостары мен ертегілерінде батырлармен бірге олардың даңқы жер жарған тұлпарлары қоса жырланған. Бұл тұрғыда Мұхаммед пайғамбардың Пырағы, Әзірет Әлінің Дүлдүлі, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы, Абылай ханның Ақтабаны, Ақан серінің Құлагері еске түседі. Арғымақтарға біз ғана емес, өзге халықтар да ден қойған, оған Александр Македонскийдің Буцефалын, Шыңғысханның өзі табынған Ақ Сүлдесін, Көроғлының Кер атын, Манастың Аққұласын мысалға келтірсе де жеткілікті. Ал, ақын-жазушы, сазгерлердің дем берушісі қанатты Пегасты да еске аламыз. Сөйтіп жылқының алтын қанатты бейнесінің біздің Республика Елтаңбасына енгізілуіне негіз жетіп артылады.

Арғымақтардың алтын қанаттары сонымен қатар астықтың алтын масақтарын бейнелейді, яғни бұл еңбектің, молшылықтың белгісі іспеттес.

Тарихта жалпы қазақтардың ешқашан өз тарапынан қауіп төндіріп, ұран салып соғыс ашпаған халық екені белгілі. Олар әрдайым жат жерлік жаугершілер мен басқыншылардан шаңырағы мен ошағын, туған өлкесін қорғауға мәжбүр болған. Елтаңба авторларына ортақ Отанымыз - Қазақстанды, елімізді, жерімізді, өз мекенімізді қорғап қалуға мүмкіндік беретін күш-құралдарды бейнелеу қажет болды. Әрі біздің бейбітшілік сүйгіш пиғылымызды әскери атрибутика, соғыс қаруларынсыз көрсеткен.

Елтаңбаның дәл ортасында бес бұрышты жұлдыз орналасқан. Бұл біздің құшағымыз бен жүрегіміз бес құрлыққа бірдей ашық деген сөз. Қазақстан әлемдік өркениет көшіне өз болмыс-бітімімен енгендігін көрсетеді. Ал бес бұрышты жұлдыз бізге бұрыннан таныс. Мұндай белгі атақты Күлтегін ескерткішінде де (731ж.) кездеседі.

Елтаңбаның негізгі бояуы алтын түстес, ал оған зеңгір көк нұрдың қосылуы мемлекеттік нышанды айрықша әрлендіріп, бедерлендіріп тұр. Алғашқы бояу біздің халықтарымыздың жарқын да айқын болашағын бейнелейді. Көк аспан болса әлемнің барша халықтарына ортақ деген сөз. Бұл бояу біздің планетадағы барлық елдермен бейбітшілікте, достық пен бірлікте өмір сүргіміз келетіндігін баяндайды.

Осындай мемлекеттік Елтаңбаны қадірлеу, қастерлеу-тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Сол жағында өрнек салынған, ортасында алтын түстес күн мен шарықтаған бүркіттің бейнесі бар көгілдір ту бүгінде республикамыздың барлық әкімшілік үйлерінің төбесінде желбіреп тұр. Ол сонымен қоса тәуелсіз Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінде, Біріккен Ұлттар Ұйымы мекенінің қасында тігілген. Оны бұл күнде баршамыз бостандықтың, тәуелсіздік пен егемендіктің символы ретінде қабылдаймыз.

Тудың авторы-суретші Шәкен Ниязбеков. Мемлекеттік тудың жобасын жасауға жарияланған байқауға 600-ден астам ұсыныс түскен.

Әкімет пен мемлекеттің белгісі ретінде тулардың пайда болуының көне тарихы бар. Ту бейбіт уақытта адамдарға тыныштық пен сенім әкелсе, соғыс кезінде ерлікке, өршеленген рухқа шақырып тұратындай сезім шақырған. Археологиялық ескерткіштер мен әдеби жазбаларға қарағанда, көне египеттіктердің ондай символы құдайлар мен патшалар болған. Гректер болса Пегасқа табынған. Қысқасы, әр уақытта әр халық осы мақсатта өгіздің, тасбақаның, бүркіттің, жыланнның, айдаһардың бейнесін және басқа да жанды-жансыз дүниелерді пайдаланған.

Екіншіден, мұндай символдар қандай да болсын рулар мен халықтардың намысын жанитын басты құралы болуымен бірге, сол белгі арқылы әлгі халықтардың кімдер екенін білдіруге тиіс болатын. Сол туға қарап олардың соғыс құмарлығын немесе бейбіт өмір сүйгіштігін, шаруашылық пен тұрмыс жағдайын, олардың күш-қуа-

тын білуге болатын еді. Вексилологтардың (туды зерттеуші мамандар) айтуы бойынша әлемде туды пайдалану біздің эрамызға дейінгі XII ғасырда көне Қытайда Чжоу династиясы патшалық етіп тұрғанда пайда болған. Ол тудың түрі ақшыл-қара болған. Одан беріректе Индияда қызыл тулар өмірге келген және ортасында қасиетті малдың суреті бар жасыл тулар пайда болған.

Кейін уақыт өте келе туларды пайдалану ережесі өмірге келіп, олардың көлемі анықталады. Мұндай тәртіп алғашқы рет XI ғасырда Византияда жүзеге асқан. Сондағы құжаттардың талабы бойынша орта ғасырлық Еуропада императорлар ұзындығы 6 фут, корольдер 5 фут, барондар 3 фут туды ұстауға хұқылы болған. Мұндай символдардың мемлекеттік белгі болуының да өзіндік тарихы бар. Ерте уақытта елдер мен оны билеушілерді жеке символдары бойынша танитын болған. Ал бұларға мемлекеттік мазмұнмен мән-мағына беру кейініректе пайда болған. Мысалы, әйгілі шығысты жаулаушы Фридрих Барбароссаның шежірешісі, епископ Отган Фрезинский (XII ғ.) халықтарды, елдерді, жерлерді билеу жөніндегі өкімет келесі адамға туды беру арқылы жүзеге асқаны туралы жазады.

Ту ұстаған адамдардың бейнесі бар суреттер Қазақстан территориясындағы жақпар тастардан да кездеседі. Бұған қарап қазақ халқының көне мәдени дәстүрінің болғанын байқауға болады. Тарихта белгілі саяси қайраткерлердің қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен жетекшілердің, батырлар мен хандардың өз туы болған. Бұған мысал ретінде Абылайханның ақ туын айтуға болады.

Әлемге беделді анықтама кітаптардың бірі Вейсбергтің сөздігінде ту туралы мыналар айтылады. Ту дегеніміз бір түсті немесе көп түсті матадан тұрады. Әрі төрт бұрыш формалы болады. Ол ұлттың символы, әрі оның бірлік белгісі ретінде пайдаланылады.

Олай болса мемлекеттік тудың басты элементі оның түсі. Орта ғасырлардан бері бояуларды түрге бөлу қалыптасқан. Кең тараған пікірлерге қарағанда, қызыл түсті ерліктің, батырлықтың, күрестің, қауіп-қатердің,

көтерілістің белгісі. Ақ түс бейбітшілікке ұмтылу, қарсылықты тоқтату, қара түс-қайғы-қасыреттің белгісі. Бояулардың діни маңыздары да бар. Христиандар ақ түсті, мұсылмандар жасыл түсті, буддистер сарғыш-қызыл түсті құрметтейді.

Сонымен қоса бояуларға ұлттық рең беру жөніндегі ұғымдар да бар. Әр халықтың көңіліне, табиғатына, өмірді түсіну қабілетіне ыңғайлы бояу түрлері болған. Ондай түрлердің ескі тарихи түп-тамыры мен дәстүрлері олардың киімдеріне, өрнектерінде кеңінен қолданылған. Әдетте ұлттық бояу сол халықтың сипатын көрсетеді. Қайта өркендеу мен ұлттық сананың дамуы кезінде ұлттық бояуды анықтауға деген ұмтылыстың өсіп тұрғанын ескеретін болсақ, біздің тудың бояуын дәл басып табудың қаншалықты қиын болғанын түсінуге болады. Алдымен ашық көгілдір бояудың ерте кезден бастап адамдар ойында анық, әрі түсінікті бояу ретінде қолданылып келгенін айтпасақ болмайды. Бұл кездейсоқтық емес. Себебі мұндай бояу табиғатта көп кездеседі. Бұл кемпірқосақтың қасиеті жеті түрінің бірі, әрі аспан мен судың түсі.

Бұл бояуға ерте дүниеден бастап үлкен маңыз берілген. Танымдық тұрғыдан келгенде қызыл түс-оттың, жылудың, қанның түсі. Жасыл-шөптің, өсімдіктің түсі. Қара-жердің, суықтың, қараңғылықтың, ал ақ-судың, тазалықтың түсін білдіреді. Ашық көгілдір бояу жер мен аспанның бірлігін аңғартады. Ансельмнің анықтамасы бойынша ол адалдықты, тазалықты, кінәсіздікті білдіреді. Осы тұрғыдан келгенде өзінің мемлекеттік туы ретінде ашық көгілдір түсті таңдап алған елге деген халықаралық сенім мен түсіністік күшті болуға тиіс.

Сонымен ешқандай қоспасы жоқ біздің тудың таза көгілдір бояу халқымыздың бірінғай мәдени-этикалық тұтастығын, әрі мемлекетіміздің де біртұтастығын меңзейді. Көгілдір бояу сонымен бірге үлкен планетаралық жалпы адамдық біртұтастықты, оларға көгілдір аспанның бір екендігін көрсетеді. Әлем көптеген халықтар мен ұлттарға, діндерге бөлінеді, бірақ та аспан олар үшін біреу-ақ.

Күн-өмір мен қуаттың-энергияның көзі. Сол себепті күннің бейнесі өмірдің бейнесі болып табылады. Адамдар мәңгі бақи өмір сүрмейді. Олардың өмірге келіп кетуі уақытпен өлшенеді. Ал уақыттың өлшемі көшпенділер үшін күн болып табылады. Күннің шығуы мен батуы бір тәуліктің өткенін білдіреді, осылайша көптеген есе қайталану арқылы апталар, айлар, жылдар, ғасырлар өтеді. Күннің қозғалысы жыл мезгілдерінің алмасуын да білдіреді. Көктем, жаз, күз, қыс. Сонымен қоса, әлемнің төрт бұрышы да күннің қозғалысымен анықталады. Ол аспан тәрізді адамзаттың бәріне ортақ. Түптен келгенде геральдика заңы бойынша күн-байлық берекенің белгісі. Сол себепті біздің тұдағы күннің шұғыласы өсіп тұрған бидай дәндері бейнеленген. Ал, аспан түсті ашық көгілдір түс көшпенділердің болмысындағы бейбітшілікті, молшылықты білдіреді.

Көшпенділердің өмір тану ұғымында даланың бүркіті мен сұңқары ерекше орын алады. Қазақстанда тұратын ұлттар түрлі этникалық топтардың тулары мен елтаңбаларында мұндай белгі бұрыннан бар. Мысалы, тарихшы Рашид-ад-диннің айтуы бойынша Өгіз-хан өзінің үшінші ұлына жер бөліп бергенде оның иелігіне бөлінген ұшы-қиыры жоқ далаға биліктің белгісі ретінде бүркіттің суретін елтаңба етіп берген.

Символдар тілінде бүркіт мемлекеттің күшін, еркіндікті және қырағылықты білдіреді. Далалықтар бұл белгіні бостандықтың, биікке ұмтылудың, болашаққа қол созудың нышаны ретінде қабылдайды. Сонымен қоса, бүркітте өзіне қастандық жасағанға лайықты қарсылық көрсетуге жететін күш-қуат та бар. Бүркіттің біздің туымызға енуіне жас, тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениет биігіне ұмтылуы да себеп болған.

Біздің туымызды ерекшелендіріп тұратын тағы бір элемент-оның таяқшасының қасында орын тепкен ұлттық өрнек. Бұл арада қазақтың қошқар мүйіз оюы салынған. Біріншіден, ұлттық өрнекті алып тастаса тек қана күн мен самғап келе жатқан бүркіт қана қалады. Бұл екі белгінің қандай ұлтқа жататындығын анықтау қиын болғандықтан Қазақстанның туын өзге мемлекеттер туларынан айыру

мүмкін болмас еді. Екіншіден, ою-өрнек қазақтардың қолданбалы өнерінің аса озық жетістіктерінің бірі. Мамандардың пікірі бойынша, онда әлем мен сұлулықты түсінудің эстетикалық заңдылықтары қамтылған. Сол себепті қолданбалы өнер заттарының бәрінде ұлттық ою-өрнек пайдаланылады. Біздің тұрағы ою күнделікті тұрмыста жиі кездесетін оюдың түрі емес, қайта ұлттық ерекшелікті айқын білдіру үшін арнайы жасалған күрделі туынды. Сонымен Туды құрметтеу-елді, халықты, тарихты құрметтеу болып табылады.⁵⁴⁹

Мемлекеттің тағы бір рәмізі ол Әнұран (Елұран-Е.Қ.). Ол қандай болмасын халықтың қасиетін, тарихын, арманы мен мүддесін, мақсаты мен мұратын өзіне сіңірген музыкалық шығарма. Сол себептен де мемлекет басшыларының барлық ресми кездесулері сол елдің әнұранын орындаумен басталады. Сол әуенмен өлең және музыка тілінде белгілі бір халық туралы алғашқы сипаттама беріледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны «Менің Қазақстаным» 1956 жылы 25 қазан айында жазылған өлең. Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов және Нұрсұлтан Назарбаев, әнін шығарған Шәмші Қалдаяқов. Кейін Елбасы осы өлеңнің алғашқы Жүмекен Нәжімеденов жазған мәтініне өзгертулер енгізді.

Бұл ән сол жылдары солтүстік облыстарды Ресейге қосу туралы Орталықтың озбыр саясатына қарсылық ретінде жазылған. Тың игеру науқаны басталғаннан кейін 50-ші жылдардың орта тұсында еліміздің теріскейіндегі бірнеше облысты Ресейге қосу жөніндегі Н.С.Хрущевтің жымысқы ойына қарсылық ретінде, отаншылдық сезімнің бұлқынысымен дүниеге келген өзіндік тарихы бар. Ол кезде Шәмші Қалдаяқов жиырма алты, ал ақын Жүмекен Нәжімеденов небәрі жиырма бір жастағы жігіттер екен.

Аты аңызға айналған композитор Шәмші Отырар жерінде, Сарыкөлдің бойында, Сырдың жағасында 1930 жылы Қалдаяқтың отбасында дүниеге келген.

Міне осы әннің құдіреті соншалықты, «Менің Қазақстанымды» айтқан кезде жан-дүниесі сергіп, жатқан

жалың көтеріліп, қаның тасып, бойыңа ерен қуат, жігер мен қайрат бітіп аруақтанып арқаланып кететін күйде боласың. Сондай рухы күшті ән. Бұл ән патриоттық сезімнің құнарлы алқабынан нәр алып, нұрлы сәулесін бойына сіңіріп, саф ауасымен дем алып тұрғандай. Әндегі туған ел мен туған жерге деген аса ұлы сүйіспеншілік пен махаббаттың күштілігі сол бүкіл жан-жүйеңе әсер етеді. Ән асқақтай түскен сайын, тұла бойыңды шымырлатып, белгісіз бір күш өзінді шетсіз-шекіз, мәңгілік кеңістікке жетелеп ала жөнелетіндей күй кешесің. Сол тұста жан-жүйеңді туған еліңе деген мақтаныш сезімі кернейді.

2006 жылы 6 қаңтарда қос палатаның бірлескен отырысында, Парламенттің қарауына Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы ұсынылды. Ол өзгеріс жаңа әнұранның мәтіні болатын.

2.9. Қазақстан Республикасының Егемен ел жағдайындағы әлеуметтік - экономикалық ахуалы.

Нарықтық қатынастарға көшу

Нұрсұлтан Назарбаев - елдің тұңғыш Президенті

1999 жылы Қазақстанда халық санағы жүргізілді. 1989 жылғы санақпен салыстырғанда халық саны 1 246 023 адамға өсіп, 14 953 131 адамнан көбейіп, 16 199 154 адамға жеткен. Осы 10 жыл аралығында қазақтар 22,9 пайызға өскен.

Қоғамымызды құруымызға қарай азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін денсаулығының мықты болуына және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін күш салу керек делінсе де, бұл мақсатты іске асыру оңайға соқпады. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екені жалаң сөз болып қалды. Оған 2006 жылғы Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Спид (синдром приобретенного иммуно-

дефецита), ЖҚТБ (жұқтырылған қорғаныс тапшылығы белгісі), ауруына шалдыққан жас сәбилер мен аналардың тағдыры куә.

Сонымен бірге КСРО кезінде басталған экономикалық дағдарыстарды жою және басқа елдермен тиімді сауда-экономикалық байланыстар жасау және нарықтық экономикаға көшу, жас мемлекет Қазақстанға оңайға соққан жоқ. Нарықтық экономикаға көшіп оның дамуын жеделдету мақсатында бірінші кезекте мемлекет меншігінен алып, жекешелендіру бағдарламасы жасалды. Қазақстандағы жекешелендіру, салық салудың жаңа реформасымен, бағаны қалыптастыру, еңбекті өтеу, еркін бәсеке және халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету саясатымен қатар жүргізілді. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің алғашқы жылдарында қателіктер мен қиыншылықтар да болмай қойған жоқ. Халықтың көп бөлігі ұзақ жылдар бойғы еңбектеріне қарамастан қоғамдық үлестен құр алақан қалды немесе азын-аулақ қана несібе тиді. Инфляция күшейіп, жұмыссыздық етек алды, көптеген өнеркәсіп орындары жабылып, бұрынғы ішкі және сыртқы экономикалық байланыстар үзілді. Елде тауар жетімсіздігі байқалды. Алда елдің жеке дербес экономикалық жүйесін құру керек болды. Ол мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізу, яғни жеке меншік институтын енгізу жолымен ғана ол жеткізуге болатын болды.

Мемлекет жекеше сектор басты рөл атқаратын нарықтың заңды шеңберлерін құра отырып, экономикада маңызды, бірақ шектеулі рөл атқаруға тиіс болатын. Яғни, меншік құқықтарын ресімдеуге, бәсекелес рынок пен монополияға қарсы күресті реттеудің сенімді құралдырын құруға, фискальды және монетарлық саясатты қолдауға, әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуға, қажетті инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтауды дамытуды қамтамасыз етуге және мықты экономикалық саясат жүргізуге бағытталған құқықтық және нормативтік база жасау қажеттілігі айтылғанымен олар талапқа сай жүргізілмеді. Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін біз мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен

сапасын едәуірге көтере алмадық, жекеше сектор мен ұлттық капитал табысты жолға бағытталмады.

Шетел инвестицияларын тиісінше қорғауды және пайданы кері қайтарып алу мүмкіндіктері бұрынғысынша назарда бірінші кезектегі мәселелер деп айтылғанымен ол сөз жүзінде қалды. Егер еркін рынок шын мәнінде еркін болса, ол елде жаңа өндірістер туғызар еді, бірақ ондай көріністер соншалықты айқын байқалмады. Құнсыздандыруға қарсы бағдарлама қабылданды. Мемлекеттің инвестициялық қабылеті төмендеді. Жұмыссыздық өсті. Жалақы уақытында төленбеді. Ауыл шаруашылығында меншік түрі өзгерді.

1990 жылдың екінші жартысында да халықтың әлеуметтік жағдайы дұрыстала қойған жоқ. Зат бағасы өсіп, сапасы төмендеп кетті. Ақшаның құны түсті.

Осы ауыр жағдайдан шығу мақсатында, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 1997 жылдың қазан айында өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасын ұсынды. Ұзақ мерзімге арналған бұл стратегия 7 басым бағыттардан тұрады.

Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы.

«Мен сіздерге, Қазақстан халқына, қоғамымыздың болашағы мен мемлекетіміздің мұраты хақындағы өзімнің пайымдауларымды жолдап отырмын»- деп басталған жолдауында Президент осынау болашаққа қол жеткізіп, өз мұратымызды іске асыруға жәрдемдесе алады-ау деген сенім ұялататын стратегияны ұсынатынын мәлімдеді. Онда «өзіміздің басым мақсаттарымызды дұрыс айқындап, тиісті стратегияларымызға таңдау жасап, осы жолмен жүру үстінде ерік-жігер мен төзімділік таныта отырып, біз өзімізді бұралаң-бұрылысты сенделістерден, күшқуатымызды, уақытымыз бен ресурстарымызды жөнсіз зая кетіруден сақтандырамыз»-деп атап көрсетілді.

Бүгінде елімізде мынадай артықшылықтар бар.

Бірінші, тәуелсіз егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар, олар өз тәжірибесін одан сайын ширата түсуде.

Екіншіден, біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді аулақ салдық.

Үшіншіден, қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де өзгеру үстіндеміз. Ол жүйе әлеуметтік жағынан да осал болып шықты, өйткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі тұрмыс деңгейден төмен еді. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті.

Төртінші артықшылық, біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде - адам ресурстарының сапасы бар. Ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өресі биік халқымыз бар.

Бесінші артықшылық, табиғи ресурстарымыз-орасан зор байлық.

Алтыншысы, біздің ауқымды алқаптарымыз, ауыл-шаруашылығы жерлеріміз.

Жетіншісі, қоғамымыздың саяси тұрақтылығы.

Сегізіншісі, қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігі, олардың кеңпейілдігі.

Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз ең алдымен, еліміздегі географиялық, геосаяси және геоэкономикалық қолайлы жағдайы.

Бүгінгі дауымызға кедергі келтіретін тұстары. Олардың көбі өтпелі уақытша.

Бірінші, коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған біздің діліміз.

Екінші, экономикалық реформаларды жүзеге асыру.

Үшінші, экономикалық құлдырауымыздың салдарынан болған азаматтардың табысы мен өмір сүру деңгейлерінің төмендеуі.

Төртінші, ішкі капитал мен жинақталымдардың жеткіліксіздігінен Қазақстан шетелдік капиталға, қаржы институттарына тәуелділігі.

Бесінші, әміршілдік экономикадан нарықтық экономикаға өтудегі қиындық туғызған кедейлік пен жұмыссыздық.

Алтыншы, демографиялық өсудегі тоқраушылық.

Жетінші осал жеріміз, мемлекеттік басқарудағы олқылықтар. Бүгінде көптеген проблемалардың шешімі осы факторға келіп тірелуде.

2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады.

Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары

Біздің еліміз аталған перспективаларға, қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдылықты іске асыруы қажет.

1. Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның қалыптасуы. Ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық тұтастықты сақтап, нығайту.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген Экономикалық өсу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым. Әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. **Кәсіби мемлекет.** Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті. Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Нұрсұлтан Назарбаев - елдің тұңғыш Президенті

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді. Экономика ғылымдарының докторы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, халықаралық инженерлік академияның (1993), Ресей Федерациясы әлеуметтік ғылымдар академиясының (1994), Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының академигі (1995), Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университетінің құрметті профессоры. Беларус ғылым академиясының құрметті мүшесі. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің құрметті профессоры. Аталғандардан басқа да 20 шақты әртүрлі шет ел оқу орындарының құрметті профессоры, академигі атақтары бар.

Елбасының Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі және шетел басшылары марапаттаған 30-ға жуық ордендері бар.

1960-1969 жылдары Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.

1969-1973 жылдары Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол қызметтерінде болды

1973-1977 жылдары Қарметкомбинаттың партком хатшысы.

1977-1979 жылдары Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы.

1979-1984 жылдары-Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.

1984-1989 жылдары Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы.

1989 -1991 жылдары - Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы, 1990 жылы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР

Жоғары Кеңесінің төрағасы болды. 1990 жылдың сәуірінен - Қазақстан Республикасының Президенті.

1991 жылдың 1 желтоқсанында тұғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауында, Н.Назарбаев басым дауыспен (98,7 пайыз) жеңіске жетті. 1995 жылдың 29 сәуірінде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды.

1999 жылдың 10 қаңтарында өткен халықтық сайлаудың нәтижесінде Н.Назарбаев 79,8 пайыз дауыс алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

2005 жыдың 4 желтоқсанында сайлаушылардың 91,5 пайыз даусын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып төртінші рет қайта сайланды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Қарулы күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы. Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының төрағасы.

Жұбайы-Сара Алпысқызы Назарбаева, халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорын басқарады. Президенттің үлкен қызы Дариға- саясаттану ғылымдарының докторы. Ортаншы қызы-Динара Н.Назарбаев атындағы білімді қолдау қорын басқарады. Кіші қызы Әлия бизнеспен айналысады, «Элитстрой» құрылыс компаниясын басқарады.

3.9. Тәуелсіз Қазақстан жүргізген сыртқы саясат және елдегі демографиялық өзгерістер

Адамзат дамуының бүкіл тарихи тәжірибесі мемлекеттің алға басуы және тұрақты өсуі жүзеге асырылатын қажетті шарттардың бастауында, оның ұлтының қауіпсіздігі мен мемлекеттілігінің сақталуы тұрады. Бостандық пен тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны табанды түрде қорғап, нығайтып, ұрпақтарға қалдыру қажеттілігі басты мақсат болуы тиіс.

Қауіпсіздіктің басымдығы өте жоғары, егер еліміз қауіпсіздігін сақтамаса, онда тұрақты даму жоспарлары туралы сөз қозғауымыздың өзі қисынсыз. Бабаларымыздың

өз мемлекетінің іргетасын қалауы мен дамыту тарихын зерделегенде, олардың өз мемлекеттілігін сақтап қалу үшін ауыр да қиын - кескі күрес жүргізгенін байқаймыз.

Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен берік және достық қарым-қатынаста болуға тиіспіз. Сондықтан ең жақын және тарихи көршіміз Ресеймен арадағы сенім мен теңқұқылы қарым-қатынасымызды дамытып нығайту бағытындамыз. Қытай Халық Республикасымен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастыру ниетіндеміз. Қазақстан Қытайдың гегемонизмге қарсы, көршілес елдермен достыққа бағытталған саясатын құптайды.

Біз Орталық Азия мемлекеттерімен интеграциялық процестерді күшейтуге мүдделіміз.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен де қарым-қатынастарымыз тиісті деңгейде нығайту жолындағы саясаты ұстанып отырмыз.

Біздің стратегиямыздың екінші бағыты – Америка Құрама Штаттарын қоса алғанда, басты демократиялық индустриясы дамыған мемлекеттермен байланысын күшейту.

Үшіншіден, БҰҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік, Азиялық, Еуропалық және Ислам даму банктері сияқты халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен қолдауын барынша пайдалану ниетіндеміз, бұл Қазақстанға халықаралық қауымдастық тарапынан қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді

Біздің стратегиямыздың төртінші элементі – еліміздің ұлттық егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін сенімді негіз бола алатын бай табиғи ресурстарды игеру.

Бесіншіден – біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамыту міндетін алға қойдық.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезге сай әрі тиімді армиясын, әскери әуе және әскери теңіз күштерін құру үшін бізге материалдық негізді, жеке құрамды және оны оқыту жөніндегі жұмысты нығайту қажеттігі

ескерілуде. Қауіпсіздік пен мемлекеттің тұтастық мәселесінде біз үнемі қырағы болуға тиіспіз.

Қоғамның негізі болып табылатын бұл басымдықты жүзеге асырудағы біздің стратегиямыздың мынадай құрамдас бөліктері бар:

- еліміздің барлық азаматтары үшін мүмкіндіктердің теңдігіне негізделген біріңғай азаматтығымызға кепілдік беру;

- этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету;

- өтпелі және кейінгі кезеңдерде пайда болатын әлеуметтік проблемаларды ұдайы шешіп отыру;

- ұзақ мерзімді болашақта саяси тұрақтылықты да, қоғамның топтасуын да қамтамасыз ететін бай Қазақстанды барынша жігерлі түрде қалыптастыру;

- адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту;

- әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту.

Біздің моделіміз басқа модельдердің элементтерін сабақтастыра отырып, бірақ негізінен, өзіміздің ерекшеліктерімізге, тарихымызға, жаңа азаматтығымызға және даму кезеңдерінің нақтылығын еске ала отырып, ұмтылыстарымызға сүйеніп, өзіміздің жеке даму жолымызды белгілейтін бағыт ұстанамыз. Ежелден көрші Қытай Халық Республикасы мен өзара түсіністік саясат ұстану ниетіндеміз.

Аспан асты елінің басты мақсаттары әуел бастан белгілі. Ол -Қазақстан жерінде қытай халқының көптеп қоныстауына жағдай жасау. Алпауыт мемлекетке мұнай ауадай қажет. Ал олар бүгінде Қазақстанда өздерінің көздеген мақсаттарына оңай қол жеткізуде!

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылғанына біраз жыл болды. Бұл Ұйым ең әуелі Ресей мен Қытайдың мүддесіне ғана қызмет етуде. Қазақстанға бұл Ұйымға мүше болу соншалықты тиімді емес. Қазақстан Қытаймен арадағы саяси экономикалық байланысты жақсарту үшін ғана шикізат сатып отыр.

Қытайдың өз концепциясы бар. Олар соған жүгінеді. Қытай болып туылсаң – сен-бақыттысың. Бұл-осы елде көп жылдардан бері қалыптасқан ұлттық идеологияның негізі. Сондай-ақ қытайда негізінен екі ұғым бар. Ол жуньго және ханьзо. Алғашқысы қытай мемлекетінің тұрғындары деген ұғымды білдіреді. Ал ханьзо-қытайлықтардың өздері. Қазіргі қытай біз ханьзо болып бөлінбейік, тұтас жуньго болайық деген саясат жүргізіп отыр.

Қытайда бір сәтте қуатты әскерге айнала алатын өндіріс-құрылыс бригадалар контингенті бар. Бұл 18 ғасырдан бастап қалыптасқан қуатты күш. Қытайда Ши-хидзы деген қалада 1 миллион 300 мың адам тұрады. Қала тұрғындарының барлығы құрылыс бригада контингентінің құрамында істейді. Бір тәуліктің ішінде қуатты әскерге айнала алатын мүмкіндіктері бар. Осы қаланың тұрғындары бір ғана дивизияны құрайды. Ал қытайлық өлшемде 19 дивизия бір бригада. Қытай бойынша 19 бригада бар көрінеді. Қала тұрғындарының барлығы өз міндеттерін жүзеге асырады. Ал Пекиннен бұйрық түссе жаңағы адамдардың барлығы жауынгерлерге айналады.⁵⁵⁰

Қазақстанның халықаралық қатынастардағы алатын орны мен рөлін анықтау үшін еліміздің географиялық, геосаяси және геэкономикалық жағдайы мен мүмкіндігі ерекше маңызды. Ең бастысы-Қазақстанның Еуропа мен Азияның түйіскен аймағындағы жолдардың торабында орналасқан географиялық жағдайынан туындайды. Таяу көршілер Ресей, Қытай және Ислам мен Орталық Азия мемлекеттері, Таяу және Орта Шығыс елдері маңызды әлемдік орталықтар болып табылады.

Қазақстан республикасы Ресеймен (6457 шақырым), Қытай Республикасымен (1460 шақырым), Өзбекстанмен (2300 шақырым), Қырғызстанмен (980 шақырым), Түркменстанмен (380 шақырым) шекаралас жатқан мемлекет.

Бірде-бір мемлекет әлемдік қауымдастықтың мүдделерін есепке алмай, бір жақты іс-әрекет қабылдауға ерікті емес. Сондықтан, бейбітшілік прогресс жолымен алға жылжуы үшін халықаралық қатынас шеңберінде ол барлық елдер мен халықтардың мүдделерінің балансына жетуге ынталы.

Қазақстан халқы Ресейге бодан болғаннан бастап, Кеңес заманында да негізінен сырттан келген келімсектер көші-қоны нәтижесінде өсіп, 1897 жылғы 4.147.7 мыңнан 1989 жылы 16.464.4 мыңға жетіп, осы 92 жыл ішінде 4 есеге жуық көбейді.

1915 жылы қазақтардың саны 6 миллион адамға жетті. 1945 жылы олардан 2,5 миллион ғана қалды. 1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АССР-і құрылған кезде, қазақтардың өз территорияларындағы құрамы 65 пайыз еді. 1962 жылы қазақтар пайызы 29-ға дейін кеміді...

Қазақтардың Қазақстандағы басқа ұлттар арасындағы үлес салмағы 1926 жылғы 57,1 пайыздан 1939 жылы 38 пайызға төмендеді, ал орыстардың меншікті салмағы 40,2 пайызға жетті. Олар республикадағы саны жағынан ең көп этникалық топқа айналды.

1955 жылы Қазақстан кеңшарларына 240 отбасы (39467 адам, соның ішіндегі еңбекке жарамдысы 13508 адам) көшіп келді. Сондай-ақ, ұжымшарларға қоныс аударған «кеңес азаматтары» саны 2529 отбасы (16016 адам, оның 8407-сі еңбекке жарамды, 1261 - еңбекке жарамсыздар мен қарт кісілер, 8 жасқа дейін балалар 3835 адам, 8 жас пен 16 аралығындағы балалар 2515 адам) болды. Қытайдан келген «кеңес азаматтары» негізінен, жұмыс қолы жеткіліксіз және мал шаруашылығымен айналысатын Павлодар, Қостанай, Көкшетау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарының ұжымшар, кеңшарларына жіберілді. Сол сияқты, құрылыс пен көлік салалары бойынша да орналасты.

Барлығы 1955 жылдары Қытайдан 500 мыңнан аса адам келді. 1955 жылы Қазақстан халқының саны 8 млн. 421 мың адам деп есептелді. Сонда 1955 жылы Қытайдан келген «кеңес азаматтары» республикадағы халықтың 2,8 пайызын құрады деген сөз. Яғни, Қытайдан келген «кеңес азаматтары» республика халқының құрамына өзгерістер енгізді.

1958-1962 жылдарғы «ұлы секіріс» кезінде Қытайдан қайтқандар саны көп болды. Тек, 1962-1963 жылдары Қазақстанға 24202 отбасы, яғни 118926 адам көшіп келді. Олардың басым көпшілігі Семей (38993 адам), Алматы

(38604), Оңтүстік Қазақстан (15209), Қарағанды (9842), Жамбыл (7657) облыстарына орналасты. Ондағы «мәдени революция» жылдары (1966-1969 жылдары) Шыңжан өлкесінде мешіттер мен ұлттық мектептер қиратылып, мұсылман дегендерді қудалау күшейген кезде де бұл көші-қон тыйылған жоқ. Ал, 1969-1980 жылдары Қытайдан 300 мыңнан аса адам Қазақстанға қайта оралды.

Елімізге көшіп келушілерден гөрі көшіп кетушілердің басым бола бастауы 1970 жылдардан басталғанымен, республика халқының саны табиғи өсім (қазақ, өзбек, ұйғыр және т.б. тұрақты тұрғындар есебінен) нәтижесінде 1980 жылдардың аяғына дейін өсуде болды. Осы жылдар арасында 1.675.5 мыңға, яғни 12,9 пайыз көбейген-ді. 1989 жылы халық санағы бойынша республикада қазақтар - 39,7 пайыз, орыстар - 37,8 пайыз, украиндар - 5,4 пайыз, белорустар - 1,1 пайыз, немістер - 5,8 пайыз, татарлар - 2,0 пайыз, өзбектер - 2,7 пайыз, ұйғырлар - 1,1 пайыз, кәрістер - 0,6 пайыз, әзірбайжандар - 0,6 пайыз, басқа ұлт өкілдері - 3,8 пайыз еді.

Көші-қон толқындары Қазақстан халқының ұлттық құрамына үлкен әсер етіп, олардың үлестік ара салмағын күрделі түрде өзгертіп жіберді. Қазақтар 1939 жылдан кейін өз Отанында көпшілікке айналып, 1999 жылы 53,4 пайызға жетті, бұрын басым болған орыстардың үлесі 30,0 пайызға тоқтап, төмендей түсті. 2005 жылдың басында Қазақстан халқының саны 15 миллионнан асып, ұлттық құрамы төмендегідей болды: қазақтар саны – 8 725 206 адамға жетіп, үлесі 57,9 пайызға көтерілді, ал орыстар – 4.024357 26,7 пайыз, украиндар - 458993 3,0 пайыз, өзбектер - 419529 2,8 пайыз, немістер - 228123 1,5 пайыз, татарлар - 231236 - 1,5 пайыз, ұйғырлар - 226513 1,5 пайыз, кәрістер - 100982 - 0,7 пайыз, белорустар - 94214 - 0,6 пайыз, әзірбайжандар - 86138 - 0,57 пайыз, түріктер 84035 0,55 пайыз, басқалар 395441 -2,6 пайыз.

Қазақстанда адамдарының өмір сүру ұзақтығы 1991 жылы 67,6 жас болса, 1998 жылы 64,4 жасқа төмендеп, 2003 жылы - 65,8 жасқа жетті. Бұл жағынан Қазақстан жеті ТМД елдері арасында Ресейден жоғары алтын-

шы орынға ие болғанды. Басым көпшілігі ауылдық жерде тұратын қазақтардың өмір сүру ұзақтығы орыстардан кем, бұған Арал, Семей және басқа экологиялық апат аймақтарының зардаптарын қоссақ, қазақтардың өмір сүру ұзақтығына тигізетін теріс әсерлердің көбейе түскенін байқауға болады.

Білім деңгейінде де қазақтар өз Отанында алдыңғы қатарда тұрған жоқ, Мысалы 1999 жылғы санақ бойынша республикадағы 44 ұлт өкілі бойынша қазақтар жоғары білім бойынша 8 орында, аяқталмаған жоғары білім бойынша - 10 орында, арнайы орта білім бойынша - 27 орында, ал орта білім бойынша - 11 орында, бастауыш білім бойынша - 34 орында болды.

Қазақтардың жалпы саны мен үлесінің өсуі (1989 жылдан-2005 жылға-2 млн. 190,6 мыңға, яғни 18,2 пайыз) біріншіден, табиғи өсімнің басқа ұлт өкілдерінің салыстырғаныда жоғарылау болуына, екіншіден, республиканың егемендік алуымен басталған шетелдегі қазақтардың өз тарихи Отанына қайту көші-қонына тығыз байланысты еді.

Қазақтардың Дүниежүзілік қауымдастығы жинаған мәліметтер бойынша 40-тан астам шетелдердегі қазақтардың саны 5 млн. 600 мыңнан астам, деп көрсетілген. Оның ішінде, жақын шетелдерде 3 млн. 137 мың; алыс шетелдерде 2 млн. 529 мың 800. Қазақтар көп шоғырланған мемлекеттер: Қытай - 2.260 мың; Өзбекстан 1.750 мың; Ресей 1.100 мың; Моңғолия 150 мың; Түркіменстан -150 мың; Қырғызстан - 95 мың; Ауғанстан - 30 мың; Түркия - 15 мың; АҚШ - 14 мың; Тәжікстан - 10 мың; Иран - 10 мың; Германия - 9 мың және т.с.с.

1991 жылдан бастап Қазақстанға ТМД республикаларынан және алыс шетелдерден қазақтар көшіп келе бастады. 1991 жылдан 1995 жылға дейінгі аралықта республикаға 137919 қандасымыз көшіп келді. Олардың басым көпшілігі (50,6 пайыз) таяу шетелден, негізінен Ресейден, Тәжікстаннан, Кавказ өңірінен келушілер болды. Алыс шетелден Моңғолиядан, Ираннан, Түркиядан, Қытайдан, Ауғанстаннан келген иммигрант қазақтар 49,4 пайыз.

1991-1993 жылдары Моңғолиядан келген оралмандар саны 60 мыңға жетіп, кейінгі жылдары олардың легі біртіндеп бәсеңдеді. 1996-1999 жылдары аралығында Моңғолиядан келген оралмандар 2259 адамды құрап, бұрынғымен салыстырғанда 25,1 есеге азайды. Осы жылдары олардың 623 адамы кері көшіп кетті. Жалпы 1989 жылдан 1999 жылдары аралығында республикаға Моңғолиядан 43057 оралман (21636 ер азамат және 21421 әйел) келіп қоныстанды. Олардың басым көпшілігі (76,8 пайыз) Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облысындағы ауылды жерлерге орнықты.

Мұндай жағдай Түркиядан 1775 келген қазақтарға да тән. 1989-1999 жылдары республикаға Ираннан 2968 қазақтар, Түркиядан 1755 қазақтар келіп қоныс тепті.

Өз тарихи отанына оралушылар үшін 1993 жылы 10 мың отбасына (50 мың адамға) квота бөлінсе, ол кейінгі жылдары қысқара түсіп, 1994 жылы 7 мың отбасына, 1995 жылы 5 мың отбасына, 1996 жылы 4 мың отбасына, 1997 және 1998 жылдары 3 мың отбасына, 1999 жылы 500 отбасына, 2000 жылы 600 отбасына ғана квота бөлінді. Кейінгі жылдары ғана квота көбейсе түсті.

Қазақтар ежелден кеңпейіл, бауырмал халық болды. Қонағына төрінен орын беретін, өзінен бұрын өзгені құрметтейтін жұрт. Мысалы, Тарас Шевченко-украин халқына қалай қымбат болса, Махамбет есімі де-қазақ халқына дәл солай қымбат. Ал республикада Махамбет есімімен аталатын бірде - бір қала жоқ болғанымен, украин қобзарының атымен аталатын екі қаламыз бар. Міне, бұл - қазақ халқының қанына сіңген қонақжайлығының, бауырмалдығының іс жүзіндегі көрінісі⁵⁵¹

4.9. Шет ел ғалымдары қазақтар туралы

Қазіргі әлемдік дамуда еуразия кіндігінде орналасқан қазақ мемлекетін құрып отырған қазақтар туралы, олардың ұлттық қадір-қасиетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын мойындап әлем тарихшылары әр кезеңдерде өз пікірлерін білдіріп отырған.

Батыс ғалымдарының ішінде бұдан жеті ғасыр бұрын қазақтар туралы ең алғаш қалам тартып, шынайы

лебiз бiлдiргендердiң бiрi жазушы iрi саяхатшы, **Италия ғалымы Марко Поло** (1254-1324) болатын. Ол өзiнiң «О разнообразии мира» деген кiтабында дүние жүзiндегi әр түрлi халықтардың тұрмыс-тiршiлiгiн, салт-дәстүрiн әңгiмелей келiп, қазақтардың бие сүтiнен қымыз ашытатынын, «ер азығы мен бөрi азығы жолда» деген тәуекелмен жүре беретiнiн, малға ен, таңба салатынын, жоғалса немесе ұрланса, сол белгiлер арқылы тауып алып, ұрлаған адамға 7-ден 300-ге дейiн қамшымен дүре соғу айыбын кесетiнiн сөз етедi. Ол: «Қазақтардың қарулары садақ, семсер және шоқпар, олар садақ тартудың шеберi болғандықтан оны жиiрек қолданады... Өте айлакерлiкпен және батыл соғысады... Соғыста арнамысын жоғары ұстайды. Қашып бара жатып қуғыншы дұшпанын нысанаға дәл алып, бетпе-бет тұрғандай соғысады» деп қазақтардың мергендiктерiн, ержүрек жауынгер екендiктерiн сүйсiне жазады.⁵⁵²

Ал, венгр ғалымы А.Вамберидiң «Орта Азия очерктерi» (М., 1868), «Орта Азияға саяхат» (СПб...1865) деген еңбектерiнде Бұхар Хандығындағы қазақтар туралы: Бiздiң бiлетiнiмiз-олар Сiбiр, Қытай, Түркiстан және Каспий теңiзi аралығында ұлан-ғайыр сары даланы мекендейдi. Бiздiң аса бiр таң қалғанымыз олардың музыка мен поэзияға ерекше бейiмдiлiгi, екiншi жағынан байқағанымыз: текшiлдiгi: екi қазақ жолықса, мiндеттi түрде алғашқы сұрауы «Жетi атаң кiм болады?»-деп келедi, тiптi сегiз жасар бала болса да, жауапқа мүдiрмейдi, олай болмаған күнде жетесiздiгiн көрсетедi».⁵⁵³

Қазақтар және Орталық Азиядағы басқа да көшпелi халықтардың өмiрi **француз тарихшысы Жозеф де Гиньнiң (1721 - 1800)** «Ғұндардың, түрiктердiң, монғолдар мен басқа да батыс татарларының ерте кездегi жалпы тарихында» баяндалады. Атақты ғалым бұл еңбегiнде ғұндарды түрiк тiлдес халықтармен туыс деп көрсетедi. Сонымен қоса ол үйсiндердi Орталық Азияның көне де iрi халықтарының қатарына жатқызады.

Француз академиясының профессоры А. Жарри де Монси қазақтар туралы; «Көне заманда бұл халық бiлiмдi болған... Ислам дiнiн қабылдағаннан кейiн жоғалтып

алған олардың өзге белгілермен берілетін Оңтүстік Сібір, Обь өзені мен Енисей аралығында табылған таңбаларға өте ұқсас жазуы да болыпты. Қырғыз тілі (қазақ-Е.Қ.) – түрік тілдерінің ішіндегі өте тазасы. » деп көрсетті.⁵⁵⁴

Батыс Еуропада, Скандинавия мен Америкада жарық көрген еңбектердің ішінен ағылшын суретшісі **Томас Уитлам Аткинсонның** тарихи, этнографиялық, географиялық зерттеулерін атауға болады. Аткинсон дала тұрғындарының ақындық, рухани, моральдық түсінігінің жоғарылығы, поэзияға деген елдің құрметі, ақындардың абыройлылығы туралы былай деп жазады; «Өткен өмірдегі батырлық туралы мына ақынның жырын бақташылардың ықылас қоя тыңдағаны соншалық, тіпті кезінде Гомер де мұндай ілтипатқа бөленбеген шығар. Қазақ ақынының өз халқына ықпалы Гомердің гректерге ықпалынан кем емес. Бастапқыда таулар мен далалардың сұлулығы, қазақтың сәйгүліктері туралы жырлағанда тыңдаушылар үн түнсіз ақ отырғанда, ал даңқты айқастар туралы жырлай бастағанда олардың жүздері өзгеріп сала берді. Тіпті кейбірі орындарынан атып тұрып айбалталарына жармасты. Міне сауаты жоқ дала жырауларының өз бауырластарының жан дүниесін баурап алар күші осындай. Оның шабытты өлеңдерін мен ұзақ тыңдадым.»⁵⁵⁵

Ал американдық дипломаты Юджин Скайлер қазақтарға үлкен құрметпен қарап былай деген. «Қырғыздар басқа азиаттықтарға қарағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін қырғыздарды (қазақтарды-Е.Қ.) құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шамаң қалмайды. Орталық Азияда тұрған халықтардың ішінде қырғыздар басқа тайпалардан жоғары тұр» деген пікір айтады. Осы уақытқа дейін ғылыми айналымға ене алмай келе жатқан **шығыстанушысы О.Прицактың** Қазақстан жерінде өмір сүрген ерте феодалдық мемлекеттер мен олардың тайпалық құрылымы жөніндегі ізденістері ерекше тоқталуды қажет етеді. Ғалымның «Орта ғасырлық Еуразия тарихы туралы зерттеулері» ерекше маңызды. Прицак Қараханид, Қарлұқ, Түргеш, Ұйғыр қағанаттары туралы деректі зерттеулерінде келтіреді.

Француз ғалымы Элизе Реклю (1830-1905) «Арал-Каспий көлбеуін мекендеуші халықтар» (1880) атты еңбегінде қазақтар туралы жоғарыда айтылған пікірлерді қуаттай отырып: «...бүкіл Ресейдің көлеміндей жерді Еділ жағалауынан Алатауға дейін. Әмударияның аяғынан Ертіске дейінгі өңірді алып, жатқан екі миллиондай адамы бар (халық саны ол кезде 4 миллионнан астам болатын-Е.Қ.) қазақ ұлты Азияның көшпелі нәсілінің ішіндегі ең өсіп-өнген ел, бірақ бөлшектенуі де шексіз: қазақтар өздерін жел қанша ұшырса да, мұрты сынбайтын теңіз құмына теңейді. Бұл халықтың өкілдерін тіпті Тибет пен Үндістан шекараларынан да кездестіруге болады. Бұлардың тілінде мұсылман діні арқылы енген аздаған араб, парсы сөздері мен монғол тілінің аз-маз әсерінің байқалғаны болмаса, бөгде әсерге ұшырамаған ең таза тілді түркі халқына жатқызуға болады» дейді.⁵⁵⁶

Ал, Э.С. Вульфсон деген дат ғалымы өзінің «Қазақтар» очеркінде (1901) қазақтың қыз қуу, ат жарыс, жорға жарыс, т.б. ұлт ойындарын сипаттай келіп; «тап қазақтардай бүкіл өмірінде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл...» деп, олардың өнерді қастерлеуін кең сарада көшіп-қонып еркін жүруімен байланыстырады. Қазақтың балаларды кішкентайынан инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелейтініне сүйсінген ғалым: «Қазақ өз баласына - егер қарттарды сыйласаң құдай сені сыйлайды деген нақылды кішкентайынан миына құйып өсіреді, егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жасы кіші түрегеліп бас иеді және әзіл-қалжың кілт тыйылады»-деп жазды.

Қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет - ғұрпын зерттеген неміс оқымыстысы **Василий Василиевич Радлов (1837-1918)** өзінің «Из Сибири» деген еңбегінде «... менің деп жазды ол,- қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрлерімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат-бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, бас бұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұрарлық халық емес. «Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқарастан басқа көзқараспен қарау керек... Олардың өмірге көз-

қарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыпы, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан жыл бойы көшіп-қонуға негізделген... Ойды бейнелеп беруі және ашық-айқын өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды) тіпті Батыс Азияның француздары деуге болады», деп, қазақ мәдениетіне аса жоғары баға берген.

Қазақтардың жөнінде Ресейде алғаш монографиялық еңбек жазған-Алексей Ираклович Левшин (1792-1879) қазақтардың табиғат қаталдығына төзімділігін, күнкөріс кәсібін төрт түлік малмен байланыстыра былайша сөз етеді: «...табиғатпен етене өмір сүрген, қарапайым тамақ ішіп, жайбарақаттықта, таза ауамен тыныстаған қырғыздардың денсаулығы мықты, көп жасайды, күшті де қуатты, аштыққа, ыстық-суыққа шыдамды келеді. Күннің ыстығы қаперлеріне де кірмейді. Айналасын көргіш, қырағылығы таңдануға тұрарлық: тегіс жерде тұрып кішкентай заттарды он не одан да көп шақырымнан көре береді. Көздері аса өткір көреді. Еуропалықтар заттарды бұлдыр көріп әзер байқайтын жерден, олар заттың сұлабасы мен түсін (әсіресе, малдың түсін) жақсы ажырата біледі. Бала күннен ат құлағында ойнауы олар ат үстінде туғандай әсер қалдырады, ең асау жылқыны өте шебер ауыздықтай біледі. «... ауылға сырттан қонақ келсе, бәрі жиналып соны тындайды, берген тамағына ешкім әңгімеден басқа ақы сұрамайды. Қырғыздар үшін меймандостық қастерлі заң» деп, қазақтың қонақжайлық салт-дәстүрін мадақтаса, олардың психологиялық ерекшелігіне орай: «... қайырымдалық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету-олардың ең жақсы қасиеті, халықтың даңқын шығарған ұлдарына батыр деп ат беріп, өлсе де ұмытпай үлгі тұтады. Қырғыздар туған жерін, атамекенін қатты қастерлейді. Кір жуып, кіндік кескен жерін тастап ешкім ешқайда кетпейді»-деп, елін-жерін сүюшілік олар үшін ұлттық сезімнің ең қасиетті белгі екенін айтып, қазақтың билік адамгершілік қасиеттерін ерекше атап өтеді.

А.И. Левшин қазақ әйелдерінің инабатты, шаруақор, іске шебер, еріне адал болатындығын дұрыс бағалай

білген. «Қырғыз әйелдері,- деп жазды ол,-түйе жетектеп келе жатып та жасы үлкен ерлерге ізеттілік көрсетуді ұмытпайды. Олар ерлерден гөрі бейнетқор, малға қарайды, киім тігеді, ері үшін бәрін жасап, оны кетерде атына мінгізіп аттандырып салады. Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй-ішіндегі өнердің бәріне үйретеді».

Поляк халқының көрнекті өкілі қайраткер ақын, революционер Вильно университетінің түлегі **Адольф Янушкевич** (1803-1857) (оның нағашысы атақты Костюшко Польшаның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен адам болған.) 1832 жылы 4 наурызда А.Янушкевичті дворян атағынан айырып, өлім жазасына кесіп, оны кейін 25 жылға жер аудару мен алмастырады. Ол 1832-1849 жылдары Тобыл, Есіл бойларында, Омбыда айдауда жүріп қазақтардың өмірі туралы естелік еңбектер жазады. 1846 жылы А.Янушкевич Семей, Аякөз, Жетісу өлкелерінде мал-жан санағын өткізуге Омбыдан арнайы шыққан шекаралық бастық, генерал Вишневский басқарған экспедиция құрамында болып, қазақтардың ауылдарын аралап, көрген-білгенінен «Қазақ даласынан жазған хаттар» деген естелік құрастырады. Мұнысы 1861 жылы Парижде поляк тілінде басылып шығады. А.Янушкевич осы еңбегінде Ресей империясы шенеуніктерінде қазақтар жөнінде сол кезде қалыптасқан «тағы-көшпелілер» дейтін теріс көзқарасты әшкерелеп, дала тұрғындарының өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі бар, шешендік, ақындық өнерге келгенде ақыл-ой тапқырлығы жағынан Еуропаның ең мәдениетті деген елдерінен кем түспейтіндігін нақтылы деректер келтіре баяндайды. Бұл жөнінде ғалым: «... мереке кезінде мен ең алғаш рет өлеңшілерді тыңдауға мүмкіндік алдым. Қазақтардың өлең шығаруы мен орындау дарыны осы халықтың ақыл-ой қабілетін тамаша айқындайды». «Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры естімеген шешендердің сөз сайысына таң қалып қол соққанмын. Ал бүгін оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды.

Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады» дейді. А.Янушкевич қазақтардың ас пен тойын, ат баптауын, қымыз ашытатын, ақындар айтысын, келін түсіру, ұлға енші беру, өлікті жөнелту, барымта сияқты әдет-ғұрыптарын да терең сипаттап, сүйсіне сөз етеді. Демократ А.Янушкевич: «...өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің құрметті орын алатын кезі келді» деп, көрегендік пікір айтқан.

Дәрігер антрополог ғалым Н.Л. Зеланд (1833-1902) Орынбор, Омбы, Семей қалаларында болып, қазақтар туралы «Қазақтар» этнографиялық очеркін жазды. Ол қазақтарға психологиялық мінездеме бере келіп: «қазақ-қызу қанды жан. Оның рухына жайсаңдық пен ізгілік тән, ол ылғи да жайдары жүреді, жалпы сергек, әрі еліктегіш келеді. Алайда жүйкесі көнбісті, ашушандыққа бара бермейді. Олардың қызу қанды болуының себебі, бәлкім, көшпенділердің өмір салтынан да болса да керек. Қауырт та шапшаң дене қозғалысы, үнемі ат үстінде жүруі қан айналымы мен зат алмасуына қолайлы болуы тиіс, бұған қосымша дала тұрғындарының дене қызуының жиі алмасуы, олар жұтатын таза ауа да, шөлейтте жол шеккенде сусынды көп ішуі, діни жоралғыларға байланысты тағамдар таңдауы асқазан және ішек жолы қызметін жақсартуға көмектеседі. Бұл айтылғандардың рух күшін сақтауға маңызды ықпалы зор: ақыр соңына арақпен, апиынмен және темекімен жүйкесін жұқартуға әдеттенбеудің де біраз пайдасы бар» деп, қазақтардың әдет-ғұрпы мен тамақтану ерекшеліктеріне ғылыми-медициналық талдау жасайды. Ол қазақтар алғыр: «...математикаға басқалардан гөрі жетік келеді, оларда аналитикалық ойлау қабілеті күшті» дейді. Ол сондай-ақ қазақтардың адамгершілік қасиеттерін сөз ете келіп, «әйелдер иманжүзді олар ақылдылығымен көзге түседі. Бұл-қазақ қыздарының тәрбиесіне от басында ерекше көңіл бөлуге байланысты» деп тұжырымдайды.

Василий Радлов (1837-1918). Ол Гамбург университетін бітіргеннен кейін, Ішкі істер Министрлігінің жол-

дамасымен Барнаулға келеді. 1860-1880 жылдары Алтай өлкесі мен қазақ даласын атпен кейде өгіз арбамен аралап, қариялардың аузынан аңыз әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, тұрмыс-салт жырларын жазып қалдырады. Кейін «Из Сибири...» деп аталатын бір томдық зерттеу еңбегін жазады. Автор қазақтардың ұшы қиырсыз жалпақ далада үнемі көшіп-қонып, жерін қорғап жүріп, өздерінің салт-дәстүрлері мен тілін, мәдени асыл мұрасын мүлтіксіз сақтап қалуы-олардың патриоттығы мен жауынгерлігінің ерекшелік белгісі деп қарайды.

Ресей империясына екі жүз алпыс жылдай бодан болған дала халқының дәм-тұзын татқан оларға шын тілеулес болып, жылы жүзбен қараған осынау жат жұрт зиялылары (И.Ганвей, М.Готовицкий, А.Брем, В.Анчиков, А.Васильев, А.Седельников, Л.Майер, А.Костин, М.Шестаков, Ф.Щербина, т.б.т.с.) кеңбайтақ өлкені тек тамашалап қана қоймай, мұнда мекендеген елдің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, өнері мен мәдениетін, әдебиеті мен ем-домы жайлы бағалы еңбектер жазып қалдырды. Мәселен, И.Кастанье дала тұрғындары туралы былай дейді: «...қазақтар өте қонақжай, өзі аш қалса да, соңғы етін қонаққа ұсынады». Ал И.Ганвей: «... қырғыз (қазақ -Е.Қ) күшті де ержүрек халық. Олар танымайтын адамдарға да кішіпейіл, қонақты ренжітуді үлкен ұятсыздық деп біледі» десе. Ф.Щербина: «...қазақ керемет өсімдік танығыш, ол әртүрлі өсімдіктің жылдың әр мезгіліне қарай қай түлікке жағымды келетінін жақсы біледі» дейді. Қазақтардың эстетикалық, сұлулық түсінікталғамдары туралы айтылған небір ғылыми сипаттамалар аз емес. Мәселен, П.Пашино: «Өлең, жыр-қазақтардың жан серігі, қарапайым адамдар суырып салып айтуға бейім тұрады» десе, С.Рыбаков: «...қазақ поэзиясы жалпы сапасы тұрғысынан, тілінің анықтығы, ойларының бейнелілігі, лирикалық қасиеті жағынан айрықша даралана түседі. Ал оның музыкасы қазақтың рухани өмірінің байлығы» дейді.

Қазақ халқының тіл байлығы туралы атақты түрколог С.Малов «түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл,

образды тіл-қазақ тілі қазақтар өзінің шешендігімен, әсем ауыз әдебиетімен де даңқты» десе, шығыстанушы П.Мелиоранский: «...қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілге жатады. Қазақтар шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері ...Қазақтардың халық әдебиеті аса бай, әрі жан-жақта» дейді. Орыстың тағы бір зиялысы А.Брем: «шешендік, тіл өнеріне жеттік-бүкіл қазақ халқының негізгі психологиялық ерекшелігі» дейді: «Қазақтар, - деп жазды ол, - сөз өнеріне аса жетік келеді. Бұл-жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет».

XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап қазақ жеріне еміне, ентелей енген орыстарға ілесіп батыс саяхатшылары, көпестері мен дипломаттары келе бастайды. Олардың ішінде Кіші жүз қазақтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуге мол үлес қосқан 1735-37 жылдары Орынбор экспедициясының құрамында орыс қызметінде болған ағылшын суретшісі Джон Кэстльді ерекше атаған жөн. Д. Кэстльдің баяндауымен жазылған саяхат күнделігі неміс тілінде «Орыс тарихының материалдары» атты жинаққа қосымша ретінде 1784 жылы Ригада жарық көрді. Күнделікте суретші қазақтар өмірінің барлық саласынан Кіші жүздегі саяси ахуал, бұл оқиғаға әлеуметтік топтардың көзқарастары, қазақ халқының қолөнері, киім - кешегі, тұрмыс - салты, шаруашылығы, Орталық Азия халықтарымен сауда, материалдық, рухани қатынастары жайлы құнды деректер жинаған. Оның еңбектерінде қазақтар «орта бойлы, қара шашты, денсаулығы мықты, төзімді де күшті, қонақжай болып көрінеді.»⁵⁵⁷

Суретші Әбілхайыр ханмен, оның Орынборда орыстарда аманат ретінде отырған баласы Ералы сұлтанмен кездесіп, олар және ханды қоршаған көптеген батырлар жайлы қызықты мәліметтер қалдырған. Олардың ішінде Ералы сұлтанның, Әбілхайыр ханның, Бопай ханымның гравюралары бар.

Қазақ жерінің ең шұрайлы, нулы, атып алар аңы, сүзіп жер балығы көп өлкелеріне қазақтар мен орыстар мұжықтары келіп орналасты. Қазақтар болса шөл-шөлейтті далаларға ығыстырылды. Бұл жөнінде аме-

рикан ғалымы **Джордж Делеко** «1896-1916 жылдарда Қазақстанды орыстардың отарлауы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ал ағылшын тарихшысы **О. Кэроу** «Кеңес империясы; Орта Азия түріктері және сталинизм» деген еңбегінде зорлап отырықшыландыру қазақтарды фабрика мен кеніштердегі жұмысшыларға, не мемлекет бақылауындағы отырықшы колхозшы малшыларға айналдыруды көздеген Кремльдің ресми саясаты - деп жазды.

Ресеймен шекаралас аз халықтарды жаулап алуда белсенді рөл атқарған, әсіресе қазақ жерінде отаршылық тәртіптің қарулы сақшысы болған Орынбор, Сібір, Орал, Жетісу казактарының қандыбалақ тарихының жылнамасы іспеттес америка профессоры **Роберт Макнилдің** «Патша мен казак 1855-1914 жылдар» және ағылшын ғалымы Альберт Ситонның «Даланың аттылы адамдары немесе казактар тарихы» - деген еңбектері қазақтар туралы талай құнды мәлімет бар. Батыс әлемінде пайда болған алғашқы еңбектердің өзінде-ақ Түркістан мен қазақ даласында Кеңес өкіметі зорлықпен орнатылғаны және оған жергілікті халықтың, оның большевиктер ықпалына түскен азын-аулақ өкілдері болмаса, қатыспағандығы, бейтарап қалғандығы айтылады. Мұндай тұжырымдар француз тарихшысы **Ж. Кастеннің** жиырмасыншы жылдары жазған еңбектерінде жазылған.

«1917 жылдың қарсаңында, деп жазды **американ тарихшысы А.Парк**, 1917-1918 жылдардағы Түркістандағы большевизм» деген еңбегінде, марксистер Түркістанды әлеуметтік революция үшін ең бір қолайсыз орта деп санаған.

Қазақстанда орнаған пролетариат диктатурасының алғашқы күндерден отаршылық сипат алғаны **Р. Пирс**, **М. Ривкин**, **А. Беннигсен**, **Коррер д Анкос**, **Д. Гейгер**, **М. Ферро**, **Р. Суни**, т.б. еңбектерінде нанымды суреттелген. Қазақ қоғамының тарихы күн тәртібінде отаршылдық қанаушылықтан құтылу, азат ел болу мәселелері тұрды. Қазан төңкерісінен кейін орыс қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды қазақ қоғамына күштеп таңу, жарлы-

ны байға, халықты құдайға қарсы қою әрекеттері қазақ халқына да зор қайғы қасірет әкелді. Американ ғалымы Р. Смаль-Стоцкицдің «1917 жылы шындығында Ресейде екі революция басталды. Оның бірі этнографиялық жағынан алғанда орыс территориясында орын алған, ең алдымен саяси, содан кейін әлеуметтік мақсаттар көздеген орыс революциясы да, екінші этнографиялық жағынан орыстарға қарамайтын территориядағы қаналған халықтардың орыстарды өз жерлерінен қоныс аударуды көздеген орыстарға қарсы революция болды» - деуі бүгінгі күн талаптарымен сабақтасып жатқан пайымдаулар.

Тың және тыңайған жерлерді игеруді Лондон университетінің профессорлары Р.Лэйрд пен Дж. Чэпел, т.б. батыс ғалымдары Столыпин реформаларының жалғасы ретінде бағалады.

Принстон университетінің оқытушысы Э.Дэйли; «Мәдениет саласында, әсіресе орыстар діні тұрғысынан Орталық Азия мен Кавказ халықтарынан өздерін әлдеқайда жоғары тұрмыз деп есептеді.»-деп жазды. Мұндай негізсіз астамшылық орыстардың Орталық Азия мен Қазақстандағы барлық жоғары басшылықты өз қолдарына ұстауынан, сонымен қатар мұсылман халықтарын «жусата» түсуге бағытталған атып-асу, қуғын-сүргінге салу шараларынан айқын көрініс тапты. 1916 жылы полковник Иванов өзінің жазалаушы отрядтарына «орыс солдаттарының етігінің тағасы мыңдаған жергілікті қаңғыбастар өмірінен бағалы деп нұсқау берген».⁵⁵⁸

1986 жылы желтоқсанда Алматыда Э.Коррер д.Ан-костың сөзімен айтқанда «қазақтар тұрмайтын қазақ астанасында» болған шыдамы таусылған қазақ халқының толқуы туралы Англияда, Францияда, АҚШ-та бірнеше кітаптар мен мақалалар жазылды. Оның ішінде Колгейт университетінің профессоры Марта Брилл Олкоттың «Қазақтар» атты монографиясын ерекше атауға болады. Онда қазақ халқының Батыс түрік қағанатынан бастап желтоқсан көтерілісіне дейінгі кезеңі баяндалады.

Кеңес империясы кезіндегі Қазақстан тарихының ба-

тыс тарихнама мектебінде зерттелген негізгі мәселелері осындай.

Қазақ халқына жасалған отаршылдық үстемдік дүние жүзілік тарих ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, қазақтың шынайы тарихын жазуға мүмкіндік бермеді. Отаршылық тәртіптің идеологиялық сақшылары Қазақстанның қоғамдық ғылымдарын Батыстың қоғамдық ой пікірінен барынша қорғап, оқшау ұстап келді. Осының салдарынан АҚШ, Англия, Франция, Германия, тіпті сонау Скандинавия елдерінде де қазақ халқының тарихы мен мәдениеті өткен ғасырдан бастап зерттеліп келгеніне қарамастан, ол ғалымдардың еңбектері бізден жасырылып отырылды. Кеңестік тарихнама өкілдері ондай еңбектерді «ғылыми құндылығы жоқ идеологиялық тұрғыдан зиянды» деген желеулермен соңғы кезге дейін, кітапхана мен архивтердің арнаулы қорларында тығып келді. Осындай қырағылық бізді қазақтарды дүниенің бәріне орыстың терезесі арқылы қарауға дағдыландырды.

Кеңес дәуірінде жазылған Қазақстан тарихы ғылымының сұлбесін құраған көптеген тұжырымдар мен болжамдардың уақыт сынынан өте алмай қалғандығы ақиқат. Қазіргі тәуелсіздікке жеткен тұста қазақ тарихын біртұтас дүниежүзілік тарих ғылымының ажырамас бөлігі ретінде қарастыру кезек күттірмейтін міндетке айналды. Сонымен қатар Қазақстан тарихын, оның шетелдік тарихнамасын кең көлемді зерттеу мен оны жоғары оқу орындарының бағдарламасына жеке ғылыми пән ретінде енгізуді қазақ халқының шынайы тарихын жасаудағы ізгілікті ізденістердің бірі ретінде қарау қажет болып тұр. Өйткені ол жас ұрпақтың жадағай идеологиялық ұрандардан, жалған түсініктерден арылтып, оларды өз халқының ұлттық мүддесі туралы ойлауға жетелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н., Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын.//Ақиқат-1998. № 3.-8 б; Егемен Қазақстан. 1998, 16 қаңтар.
2. Исторический опыт трех российских революций, 1-том, Изд. полит. литературы. Москва: 1985-575с. (84).
3. Труды ЦСУ. 1926, т.26, вып. 1-2, 80-б.
4. Мазгунова Е.А. О численности и составе промышленных рабочих в Казахстане накануне Октябрьской революции//Изв. АН КазССР. Сер. Истории, археологии и этнографии. 1959, вып. 2(10), 41-50-б.; Асылбеков М.Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905-1907)А. 1965, 36-б.; Ділмұхамедов Е. пен Ф.Мәліковтің есебі бойынша, 1916-1917 жылдардағы Қазақстандағы өнеркәсіп жұмысшыларының саны 65 мыңнан көп болды. Дилмұхамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. А., 1963, 267-б
5. Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. А.,1972, 68-б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том.- Алматы, «Атамұра» баспасы 2010.-569-бет.
7. ЦГА РФ, ф. 102, оп.203,д.2, ч.39, 1906. л. 57 и об.
8. М. Құл-Мұхамед. Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Проводец. А.,1995. 43-б
9. Шафиро Ш.Я. Первые группы РСДРП и начального профсоюзного движения в Казахстане (1905-1907гг.) А.,1964, 49-50бб.
10. Ә.Ыдырысов. Бағдарымыз-өркеніет өрісі. Алматы: Атамұра, 2000-128б. 84-87 беттер.; Қазақ әдебиеті. 1989 ж. 9 июнь.
11. Сонда, 91-95 беттер.; Егемен Қазақстан, 1993, 28 қаңтар.
12. Қазақ газеті, 1916 ж. 11 тамыз.
13. Ә.Ыдырысов. Бағдарымыз-өркеніет өрісі. Алматы: Атамұра, 2000-128б. 95-98 беттер
14. Дәуірдің жарық жұлдызы. “Ұлы тұлғалар”(Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаев) ғылыми-библиографиялық серия. Орталық ғылыми кітапхана. Алматы 2001 жыл. 194-б.
15. Ә.Ыдырысов. Бағдарымыз-өркеніет өрісі. Алматы: Атамұра, 2000-128б. 102-104 беттер.
16. Демократия бастауында. Ақиқат 1996. №10,11. 45-50 б., 40-45б.; Қазақтардың мемлекеттік Думаға сайлануы.Егемен Қазақстан, 2006,15 ақпан.
17. Восстание киргизов и казахов в 1916г. Бишкек. 1988. 13-б

18. Восстание 1916г. в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов и материалов. М., 1960, 490-491-бб.
19. Қазақ ССР тарихы, III том. 466-б.
20. Ақиқат, 1996. №4, 25-26-б.
21. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы, «Атамұра» баспасы 2010.-645-бет.
22. Қазақ тарихы, 1996, .№5, 35-б.
23. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы, «Атамұра» баспасы 2010.-647-648 бб.
24. Сонда.
25. Қазақ ССР тарихы, III-т,479-б.
26. Кейкі батыр. Ақиқат - 1993. №10,11. 54-58б.,38-44 б.
27. *Бекмаханов Н.Е.* Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-ые годы XIXв -1917г.) М., 1968, 180-181 - сс.
28. *Ә.Такенов.* Он алтыншы жылғы ойран. Қазақ тарихы. 1993., 55-57 беттер.
29. *М. Чокаев.* Туркестан под властью советов, Алматы, Наука 1993 г.
30. Вестник временного правительства. 1917ж, 20-апрель №15.
31. *Нұрпейсов К.* Алаш һәм Алашорда. А., 1995 ж. 81-б.
32. Қазақ. 1917ж, № 238, 31 шілде.
33. Қазақ тарихы, 1999, .№6, 53-55-беттер.
34. *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. 1995. 293-299 б.
35. *Ө.Әбдіхалықұлы* «Общественная позиция», №30. 01 қыркүйек 2010 ж..
36. «Общественная позиция» №31, 08 сентября 2010г.
37. *Мұстафа Шоқай.* Таңдамалы-Алматы:Қайнар. 1 т., - 1998. - 512б. (33)
38. *Бухарин Н.И.* Проблемы теории и практики социализма.- М.: Политиздат, 1989.-512с.(298)
39. *Мұстафа Шоқай.* Таңдамалы. Алматы: Қайнар. 1т., 1998. - 512 б. - (483)
40. *Мұстафа Шоқай.* Таңдамалы-Алматы: Қайнар-1т., 1998. - 512б. (30)
41. Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағаты, (бұдан әрі ҚРПМ) 141-қор. 1-тізбе. 1036-іс. 143-парақ.
42. VI Всеказахстанская конференция ВКП(б). Стенографический отчет 15-23 ноябрь, 1927 Кызыл-Орда, - 94 с; ҚРПМ. 141к., 1т., 38 іс. 188-189пш.

43. Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане. Сборник статей и речей (1925-1930гг.).-М., А.-А.: Госиздат РСФСР, 1930.- 72с.
44. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 2963 іс. 142 п.
45. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 2963 іс. 148 п.
46. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1036 іс. 143 п.
47. ҚР ПМ, 811қ., 23 т., 187 іс. 31 п.
48. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 2409 іс. 28 п.
49. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 5538 іс.102 п.
50. Еңбекші қазақ, 1928. 3 желтоқсан.
51. ҚР ПМ, 141 қ.,1 т., 1455 іс. 38 п.; 141 қ., 1 т., 2963 іс. 141 п.
52. Голощекин Ф.И. VII Бүкілқазақтық конференция материалдары. //Советская степь, 1930. 7 июнь, № 124.
53. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 731 іс. 9 п.
54. СОКП қарарлары... 1931, 1 басылым. Б.8.
55. Қараңыз; БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті III пленумының қарарлары, Б.19
56. СОКП қарарлары... 1 бөлім, 416 б.
57. Кучкин А.П., Советизация Казахского аула 1926-1929гг. - М.: Изд-во АН СССР. 1962-С.124.
58. Казахстанская правда. 1991,- 5 январь.
59. ҚРПМ, 141 қ.,1 т., 2431 іс. 12-13,21 пп; 3236 іс. 62 п.
60. Мәліметтер аталған мұрағаттан алынды:141 қ., 1т., 2413 іс. 20п; 3262 іс. 20п.
61. Вопросы истории.- 1946, №10, С.8
62. Большевик. - 1926, №13, С.73.
63. Советская степь, 1926, 29 қараша, № 273, 2с.
64. Сборник важнейших решений Казкрайкома БК(б)П, Кызылорда,1927.- 11с.
65. Кучкин А.П. Советизация казахского аула. 1926-1929гг. М.: 1962. (133).
66. ҚРПМ, 811 қ., 23 т.,186 іс. 91 п.
67. Казахстан в полосе социалистической реконструкции. Отчет. Доклад Казкрайкома ВК(б)П VII Всеказахской партконференции А.: 1930 - 62с.
68. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ҚРОММ). ҚРОММ, 5 қ., 11 т., 215 іс. 5-п.
69. Қожақов Ө. //Ақиқат, 1993. № 6, Б.65-68.
70. Систематическое собрание законов КАССР - А: 1930- 39с.
71. ҚР ПМ, 811 қ., 20 т., 861 іс. 35-36 пп.
72. ҚР ПМ, 141 қ.,1-141 т.,1820 іс. 58 п.

73. ҚР ПМ, 141 қ., 1154 іс. 81 п.
74. Советская степь, 1927. 5 июля №151; Красный Урал, 9 июнь - №130, 143; 148. 1927. июль.
75. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1036 іс. 142-п.
76. Правда. 1927, 12 тамыз. №182 46; 1927, 30 желтоқсан № 299, 46.
77. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1929 іс. 1-4пп.
78. ҚР ОММ. 5 қ., 7 т., 153 іс. 68-бума. 66п.
79. Советская степь, 1927. 22 июнь, №140, 2с.
80. Советская степь, 1927. 22 июнь, №140, 2с.
81. ҚР ПМ, 141 қ., 1-141 т., 1159 іс. 15 п.
82. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1156 іс. 99-100 п.; Советская степь, 1927. 21 қыркүйек.
83. Справочник партработника вып. шестой. 1927, 1928 г. - 239с.
84. *Қучкин А.П.* Советизация казахского аула, (191)
85. ҚР ОММ, 1235 қ., 106 т., 433 іс. 25п.
86. ҚР ПМ, 141 қ., 1-141 т., 1356 іс. 108 п; 141 қ., 1 т., 1677іс. 48п; 2404 іс. 14п.
87. ҚР ПМ, 141 қ., 1т., 3234 іс. 94п.
88. Бұл да сонда, 141 қ., 1 т., 1677 іс. 48п; 3234 іс. 95-100 пп.
89. *Ақишева З.* Экономические и политические предпосылки и результаты конфискации собственности крупных баев-полупфеодалов в Казахстане. - Известия АН Каз ССР, серия. экон. 1949. вып.1. 21с.
90. VII Всеказахская парт.конф. Стен. отчет А, 1930, 120-121б.; 3-я юбилейная сессия ЦИК Каз ССР.А.:1931. 23с; ҚР ОММ, 74 қ., 4 т., 85 іс. 103-113пп; 4 т., 1214 іс. 135-143-пп;
91. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1677 іс. 48 п; 3234 іс. 95-100 пп.
92. ҚР ПМ, 811 қ., 20-т., 667 іс. 195 п.
93. Дахшлейгер З.Г., Нурпейсов К. История крестьянства советского Казахстана. - А.: Наука. 1985, (128).
94. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1677 іс. 42п.
95. Материалы к отчету ЦИК КАССР на 3-й сессии ВЦИК 13-го созыва. - Кызыл-Орда, 1928, 21с.
96. ҚР ПМ, 141 қ., 1-141 т., 1356 іс. 17 п.
97. Сборник важнейших решений о работе комсомола Казахстана, принятых за период с IV по V краевую конференцию ВЛКСМ. - Кызыл-Орда, 1928. (75)
98. ҚР ПМ, 141 қ., 1-141 т., 1881 іс. 18п.
99. Резолюция V съезда Всеказахского съезда Советов. - Кызыл-Орда, 1925.(7)

100. *Кучкин А.П.* Советизация казахского аула. (162)
101. V-я Всеказахская конференция РК(б)П. Стенографический отчет и резолюций. Кызыл-Орда, 1925. (32)
102. *Кучкин А.П.* Советизация казахского аула. (171)
103. ҚР ОММ, 1235 қ., 105 т., 464 іс. 95 п.
104. ҚР ОММ, 1235 қ., 105т., 464 іс. 95 п.
105. Аталған мұрағат, 2963 іс. 200-201 пп.
106. ҚазОАК-тің алтыншы шақырылған II сессиясының қаулысы. Қызылорда.1928, 3-4б.
107. ҚР ОММ, 1235 қ., 43 т., 62 іс. 110 п.
108. ҚР ПМ, 141 қ., 1-141 т, 2201 іс. 22 п.
109. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1677 іс. 42 п.
110. *Мұстафа Шоқай.* Таңдамалы-Алматы: Қайнар - Т - 2 - 1999. - 520 б. (233)
111. Исторический опыт трех российских революций, 1-том, Изд. полит. литературы. Москва: 1985-575с. (75с).
112. *Погорельский П., Батраков В.* Экономика кочевого аула Киргизстана. - М.:Изд-во. СНК КАССР, 1930. -16 с.
113. *Зверяков И.А.* От кочевания к социализму. - Алма-Ата-Москва: 1932. - 42с.
114. Материалы к отчету ЦИК Каз АССР на 3 сессии ВЦИК 13 созыва ЦИК Казахстана.- Кызылорда: 1928, (18).
115. ҚР ПМ, 139 қ., 1 т., 541 іс.137-140 пп; Тарих тағылымы не дейді? (12)
116. ҚР ПМ, 139 қ., 1 т., 541 іс. 137-140 пп.
117. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 485 іс. 25-26 пп; Тарих тағылымы не дейді? (59)
118. ҚР ПМ, 141 қ., 485 іс. 25-26 пп.
119. ҚР ОММ, 769 қ., 9 іс. 16-17 пп.
120. ҚР ПМ, 141 қ., 485 іс. 56 п.
121. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 38 іс. 220-221 пп; Тарих тағылымы не дейді? (58)
122. Тарих тағылымы не дейді? (60б.).
123. Қараңыз: Отчет краевого комитета VI Всеказахской партконференции. (146)
124. Еңбекші қазақ, 1928. 5 қыркүйек.
125. Еңбекші қазақ, 1928. 5 қыркүйек.
126. Кестедегі мәліметтер ҚР ПМ мен ҚР ОММ-Мұрағатарынан алынды. 141 қ., 1 т., 1930 іс. 4 п; 196 қ., 2 т., 59а іс. 22 п; Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933гг. Сборник документов и материалов. Вступ. статья и сост.

К.С.Алдажуманов, М.К.Кайргалиев, В.П.Осипов, Ю.И.Романов.- Алматы: Фонд «XXI век», 1998.-35с.

127. ҚР ПМ, 141 қ.,1т., 1687 іс. 39 п.

128. *Мұқтарұлы С.* Кәмпеске. - Алматы: Жалын, 1997.(201)

129. *Мұқтарұлы С.* Кәмпеске. - Алматы: Жалын, 1997. (201).

130. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1988 іс. 78-80 пп.

131. *Сапарбекұлы С.*, Кәмпеске қорытындысы. - Қызылорда, 1929.(20).

132. ҚР ОММ, 135 қ., 1 т., 11 іс. 121,139 пп;

133. ҚР ОММ, 135 қ.,1 т.,91 іс. 67 п.; 89 іс. 28 п; 9 іс. 57 п; 12 іс. 7 п;

134. *Сейсен Мұқтарұлы.* Алматы: Жалын, 1997. Кәмпеске, 267б.

135. ҚРОММ, 135 қ., 1 т., 904 іс. 107 п; 9 іс. 58п.

136. *Сейсен Мұқтарұлы.* Кәмпеске, Бірінші кітап- Алматы: Жалын.1997, (200).

137. Сонда. Б. 200

138. ҚР ОММ, 135 қ.,1т., 1 іс. 66 п.

139. ҚР ОММ, 135 қ., 1 іс, 66 п.

140. ҚР ОММ, 135 қ., 1 іс. 45 п

141. ҚР ОММ, 135 қ., 23 іс. 86 п.

142. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 2067 іс. 199 п.

143. *Сейсен Мұқтарұлы.* Кәмпекске. 146 б.

144. Сонда.

145. ҚРОММ, 135 қ., 1 т., 10 іс. 82-88 пп.

146. *Сапарбекұлы С.*, Кәмпеске қорытындысы, Қызылорда. 1929,10б.

147. *Жақшиева С.А.* «Бай-полуфедаль» в Казахстане на рубеже 20-30 гг. XXв., Автореф. дисс. на соиск. уч.ст. к.и.н. Алматы, 1996, 20 с.

148. Кестедегі мәліметтер ҚР ПМ мен ҚРОММ-нан алынды. 141 қ. 1т., 1930 іс. 4п; 196 қ, 2 т, 59а іс., 22п.

149. *Сейсен Мұқтарұлы.* Кәмпеске, (119)

150. ҚРОММ.135 қ,515 іс.1-2 пп; 28 іс.11п; Қызыл Қазақстан. 1928. № 8-10. Б.8.

151. ҚРОММ, 135 қ., 515 іс. 1-2пп; 28 іс. 11п.

152. ҚР ПМ, 141 қ.,1т.,1665 іс, 323 п.

153. *Сейсен Мұқтарұлы,* Кәмпеске,(139).

154. *Сейсен Мұқтарұлы,* Кәмпеске, (124)

155. ҚРОММ, 135 қ., 1 іс. 125-126, 185-186-пп.

156. ҚРОММ, 135 қ., 244 іс. 138 п; 10 іс. 83 п;12 іс.100-101пп.

157. ҚР ПМ, 141 қ. 1 т. 2136 іс. 48 п.

158. ҚР ПМ, 811 қ. 20 т. 861 іс, 37п.; ҚРОММ. 5 қ., 10 т. 192 іс. 26 - 30 пп.
159. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 2136 іс. 42п.
160. ҚР ПМ. 141 қ., 1т. 1644іс, 29п.; 141қ. 1т. 2336іс. 38п.
161. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 1988 іс. 78-80п.
162. ҚР ПМ, 141 қ. 1 т. 1644 іс, 17п.
163. *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (204).
164. ҚР ПМ. 141қ., 1т. 1677 іс, 49 п; 2413 іс, 23п.
165. *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (206).
166. Сонда. (207).
167. *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (286-287).
168. *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (261).
169. Бұл да сонда, (118).
170. ҚР ОММ, 135 қ. 1 іс. 109 п; *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (291).
171. ҚР ПМ, 141 қ., 1т., 1644 іс. 13п.
172. Сонда, 15 п.
173. ҚР ПМ, 141 қ., 1т. 1677 іс. 49 п.
174. *Сейсен Мұқтарұлы*, Кәмпеске, (16)
175. ҚР ОММ, 135 қ., 11 іс. 195 п.
176. *Голощекин Ф.И.* Қазақ ауылында Октябр төңкерісі // Еңбекші қазақ. 1928. 3 желтоқсан.
177. ҚР ОММ, 135 қ., 10 іс. 131п.
178. Очерки истории коллективизации сельского хозяйства в союзных республиках. М.: 1963. 278с.
179. ҚР ОММ. 1380 қ., 2 т., 297 іс, 19п.
180. Ленинский кооперативный план и борьба партии за его осуществление. М.: 1969, 143 с.
181. Страница Истории Советского общества. Факты Проблемы, Люди. М., Издательство политической литературы, 1989. 206с.
182. Қараңыз: Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам 1-т., М.: 1967, 508с.
183. СОКП съездерінің, конференцияларының шешімдері 2-т. 1917-1924. М., 1970, 434-439 беттер.
184. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Бүкілқазақтық VII партия конференциясындағы есебінің материалдары, Б-72.
185. 10 лет Казахстана. Сб. Госплана КазССР. 1930. С.139.
186. *Рыскулов Т.* Собр.соч. в 3-х томах. Том.3-Алматы: Казахстан. 1998. 444с. (341).
187. *Рыскулов Т.* Собр. соч. в 3-х томах. Том. 3-Алматы: Казахстан. 1998. 444с. (342).

188. Страница Истории Советского общества. Факты Проблемы, Люди. М., Издательство политической литературы, 1989. С-224.

189. «О национальностях и националах» Большевик. 1928, № 1. Б. 56-64.

190. Правда Востока. №230, 1927. 7 октябрь.

191. Большевик. 1928, №1. Б.56-64.

192. Правда Востока. 1927, 7 октября. №230

193. Большевик. 1928. №1. С.56-64

194. VI Бүкілқазақтық партия конференциясындағы (1927 ж. 15-23 қараша) жасаған Өлкелік партия комитетінің есепті баяндамасында-Қызылорда, 1927. 56-59 беттер

195. Қазбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер.- Алматы; Санат. 1999. 336б. (192); VI Бүкілқазақтық партия конференциясындағы (1927 ж. 15-23 қараша) жасаған өлкелік партия комитетінің есепті баяндамасында - Қызылорда, 1927. 56-59 беттер.

196. Сонда, 56-59 беттер

197. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің III пленумындағы сөзі, 1926. 25-30 қараша; ҚРПМ. 811 қ., 20 т. 658 іс.100-101пп.

198. *Исаев У.О* национальностях и буржуазных националах.// «За партию» 1928. №3, С.15; ҚРПМ. 811 қ., 20 т. 658 іс. 128п.

199. *Исаев У.О* национальностях и буржуазных националах. // «За партию» 1928. №3, С.14.

200. *Исаев У. О* национальностях и буржуазных националах. // «За партию» 1928. №3, С.14-15.

201. VI Бүкілқазақтық партия конференциясындағы (1927 ж. 15-23 қараша) жасаған өлкелік партия комитетінің есепті баяндамасында) Қызылорда, 1927.56-59б; Дәрімбетов Б. Смағұл Сәдуақасов «Ағыш өткен бір жұлдыз», Жалын, 1990, №3, Б.21.

202. Советская степь. 1928. № 42, 20 ақпан.

203. Советская степь. 1928. №42, 20 ақпан.

204. ҚР ПМ. 811 қ., 20 т. 658 іс. 96-103пп.

205. *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағлымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993.-104 б; *Қойшыбаев Б., Қайраткер Сәдуақасов.* // Қазақ әдебиеті.

1988. 2 қыркүйек.: Ана тілі, 1993.-12 б; Аталған мұрағат, 139к., 1т. 541 іс. 137-140 пп.

206. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңдамалы шығармалары. 3 томдық. 1т. - Алматы: Қазақстан, 1976. 622б. (584)

207. *Ленин В.И.* Шығар. Толық жинағы 29 т. - 417 б.

208. *Тогжанов Г.* Буржуазные и мелкобуржуазные теории об ауле. // Народное хозяйство Казахстана -1931, №5. С.22-28 .

209. *Голощекин Ф.И.* Доклад о работе Казахстанского Крайкома ВКП (б) VI Всеказахстанская Партконференция. Об аульном середняке. Советская степь. 1927. 20 ноябрь; ҚРПМ, 141 қ., 1 т.1645 іс.199п.

210. *Дахилейгер Г.Ф.* Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана(1921-1929 г.г.).-Алма-Ата: Наука,1965 -535с.(237-238).

211. Сонда, (237-238).

212. Очерки истории Компартии Казахстана.- Алма-Ата: Казахстан. 1984.- 185 б.

213. Очерки истории Компартии Казахстана. Алма-Ата: 1984. (180).

214. *Асылбеков А.* За советизацию аула. Алма-Ата: 1930. (6).

215. *Голощекин Ф.И.* Доклад о работе Казахстанского Крайкома ВКП(б) 6 Всеказахстанская партконференция. Об аульном середняке.//Советская степь. 1927. 20 ноябрь.

216. Кестедегі деректер 1927. 10 ноябрьдегі Советская степь, газетінің мәліметтері бойынша жасалды.

217. *Қайытназаров М.* Орта шаруа және онымен одақтасу туралы. Қызылорда: 1930-46 б.(32)

218. *Сириус М.* О расслоении аула.//Советская степь. 1928. 25 январь.

219. *Қайытназаров М.* Орта шаруа және онымен одақтасу туралы. Қызылорда: 1930.-46б.(30)

220. *Қайытназаров М.* Орта шаруа және онымен одақтасу туралы. Қызылорда:1930-46б.(30)

221. Сонда, (30).

222. Еңбекші қазақ, 1928. №285; Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937г.) В двух томах. Том1. - Алматы: ТОО Казахстан: 1999. - 400с. (252-256); Т.2. (85-87).

223. *Дахилейгер Г.Ф.* Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана/1921-1929г.г/. - Алма-Ата: Наука. 1965. - 535 б. (361)

224. ҚР ПМ,141 қ.1 т. 1677 іс. 73 п.

225. *Ленин В.И.* Шығ. Толық жинағы. 7 т. 365-366 б; 25-т. - 146 б.

226. *Қозыбаев Қ.* Шындық тағылымы. // Қазақ әдебиеті. 1988. 8 сәуір.

227. Еңбекші қазақ, 1928, №285.

228. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 1645 іс. 185 п.

229. ҚР ПМ, 141 қ.,1 т.1645 іс. 193п.

230. Бұл да сонда, ҚР ПМ. 141 қ.,1 т. 1645 іс. 199 п.

231. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 1699 іс. 140 п.
232. ҚРПМ. 141 қ. 1 т., 1699 іс. 112 п.
233. ҚРПМ. 141 қ., 1 т., 1699 іс. 134, 139 пп.
234. VII Бүкілқазақстандық партия конференциясының Стенографиялық есебі.- Алма-Ата: 1930, 110 б.
235. Казахстан в полосе социалистической реконструкций. Отчет докл. Казкрайкома БК(б)П Всеказахской партконференции. Изд-во РСФСР. Казахское Краевое Отделение. Алма-Ата: 1930.
236. ҚРПМ. 141 қ., 1 т., 2571 іс. 2 п.
237. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 1040 іс. 470 п.
238. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана, ч. I, (288).
239. Голощекин Ф. Партийное строительство в Казахстане. Речи и статьи. (272).
240. Шәкәрім тағлымы. // Ақиқат. 1993, №12. 64 б.
241. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 38 іс. 329,445 пп.
242. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 38 іс. 330 п.
243. Красный Урал. 1929, 20 декабрь.
244. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 1455 іс. 16 п.
245. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 1644 іс. 97 п.
246. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 2963 іс. 198 п.
247. Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937г.) В двух томах. Т. 2.- Алматы: ТОО Казахстан, 1999.-304с. (56).
248. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 1036 іс. 151 п.
249. Қызыл Қазақстан. 1928. №11,12. (76-77).
250. Советская степь. 1928. 17 октябрь
251. Қазақ әдебиеті. 1991. 14 маусым
252. Жас алаш. 1998. 6 маусым
253. Егеменді Қазақстан. 1992. 22 желтоқсан.
254. Егеменді Қазақстан, 1992. 27 маусым
255. Егеменді Қазақстан, 1992. 30 мамыр
256. Бесеудіңхаты. (Ф. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышевтардың хаты) // Қазақстан коммунисті. - 1990. - №7.
257. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті. 1992. (37).
258. Народное образование наука и культура в СССР. стат. сб. М., 1971,(22).
259. Очерки истории Казахской советской литературы.- Алма-Ата. 1958.27).
260. Литературная энциклопедия. 1-т. 1929.

261. *Бейсембиев К.* Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. - Алма-Ата: Казахстан. 1970. (201).

262. Қызыл-Қазақстан, 1927, №1, 40 б.

263. Еңбекші қазақ. 1925. 14 қаңтар.

264. Бүкілқазақстандық РК(б) П конференциясы. Қызыл-Орда. 1925, 44б.

265. *Майлин Б.* «Екі оқушыға жауабым // Социалды Қазақстан, 1934.12 маусым.

266. Қызыл-Қазақстан.1927. №1. Б.38-39.

267. БК(б)П Казкрайкомның V пленумының қаулылары мен қарарлары. А.,1929. 82б.

268. Сонда, (82).

269. Бұл да сонда, (82).

270. Казахстанская правда. 1932. 21 апрель, № 91.

271. Казахстанская правда. 1932. 21 апрель, № 91.

272. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2387 іс. 168 п.

273. *Михайлов В.,* Хроника Великого Джута, Алматы. СП. «Интербук».1990. 205с. (91)

274. *Ленин В.И.* Биографическая хроника.- М.,1976. т.7. 541с; 1977. т. 8. (108).

275. *Кудерина Л.Д.* Геноцид в Казахстане.-АО «Скорпион» М.: 1994. (8).

276. Қазақ әдебиеті, 1989, 26 мамыр.

277. Советская степь. 1932, 20 январь, № 17.

278. Лениншіл жас. 1927. 21 қазан.

279. Лениншіл жас. 1927. 21 қазан

280. Лениншіл жас. 1937. 4 тамыз

281. Лениншіл жас,1937. 18 шілде

282. Лениншіл жас, 1937. 8 тамыз

283. Лениншіл жас, 1937. 12 қыркүйек

284. Лениншіл жас. 1937. 16 қазан

285. Социалистік Қазақстан, 1937. 15 тамыз

286. Қазақ әдебиеті, 1937. 26 сәуір

287. Қазақ әдебиеті, 1937. 26 сәуір

288. Қазақ әдебиеті. 1937. 31 тамыз; Лениншіл жас. 1937, 12 қараша.

289. Лениншіл жас, 1937. 21 қаңтар.

290. Лениншіл жас, 1988. 1 қазан.

291. Ақиқат. 1997. № 5. Б.20.

292. Ақиқат. 1997. № 5, Б.20.

293. *Байтұрсынов А.*, Шығармалары. «Жауға түскен жан сөзі». - Алматы: Жазушы. 1989. 320б. (33).
294. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалар. Алматы. 1992. (32).
295. ҚР ОММ. 64 қ., 436 іс.9-10,38пп.; 747 іс.4п.
296. ҚР ОММ, 5955 іс. 41п.
297. ҚР ПМ. 141 қ.1 т. 2963 іс, 72 п.
298. ҚР ПМ. 141 қ.,1т. 2963 іс. 73п.
299. Большевик Казахстана, 1931. №1, Б.24 .
300. *Дәрімбетов Б.* Смағұл Сәдуақасов «Ағып өткен бір жұлдыз», - Алматы. Жалын: 1990, №3 18-23 беттер.
301. КирАССР Орталық Атқару комитеті халық комиссарлар кеңесі декреттерінің №1 жинағы. 1921. 174-175 б; ҚРОММ. 740 қ.,1 т. 1 іс. 4п; 17 іс.176п.
302. ҚР ОММ. 30 қ.,1 т.147 іс. 13п.
303. ҚР ОММ. 5 қ., 9 т. 79 іс. 17п.
304. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 5538 іс. 103-104пп;
305. Кучкин А.П. Советизация казахского аула. М.: 1962.(314)
306. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т., 592 іс. 186 п.
307. ҚР ПМ. 141қ. 1 т. 592 іс. 186п.
308. ҚР ОММ. 17 қ., 7 т. 1 іс. 95п.
309. Казахстанская организация БК (б) П в решениях ее конференций и пленумов. (1920-1925гг) - А., - М.: ВКП (б). Казах-танский краевой комитет, 1931. вып.1. 152с. (35).
310. ҚР ОММ. 44 қ., 7 т. 31 іс. 123п.
311. ҚР ОММ. 44 қ., 8 т. 152 іс. 65 п; 5 қ. 9 т.19 іс. 14п.
312. ҚР ОММ. 44 қ., 8 т. 31 іс. 89 п; 20 іс.12п.
313. ҚР ОММ. 5 қ., 11 т. 217 іс. 57п.
314. ҚР ОММ. 44 қ., 6 т. 72 іс. 75п.
315. Степная правда. 1930. 25 август.
316. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 5538 іс. 103-104пп.
317. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 2963 іс. 72 п.
318. Советская степь. 1929. 7 қазан. № 204
319. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 2963 іс. 72 п; 877 қ., 1 т. 56 іс.73 п.
320. *Асылбеков А.* О ходе коренизации//Большевик Казахста-на. 1933.№11-12.
321. Қазақстандағы мәдени құрылыс (1918-1932жж.) - Құжат-тар мен материалдар жинағы. 1 т., Алматы: 1965, 75б.
322. *Мұстафа Шоқай.* Таңдамалы Алматы: Қайнар-Т-2 1999. - 520б. (247).
323. Ауыл тілі. 1926. 27 шілде

324. ҚР ОММ. 877 қ., 1 т. 86 іс. 28 п.
325. ҚР ОММ. 5 қ., 17 т. 21 іс. 2-3 п.
326. ҚР ОММ. 1137 қ., 6 т., 7 іс. 212 п.; 22 іс. 164 п.
327. ҚР ОММ. 1692 қ., 1 т., 19 іс. 3-5 п.
328. ҚР ОММ. 1137 қ., 1 т., 346 іс. 159 п.
329. *Қуанышәлі Ж.* Міндеттемейтін заң-заң емес. // Егемен Қазақстан. 2001. 6 қаңтар.
330. *Бауэр О.* Национальный вопрос и социал демократия. СП.б., 1909. С.117-118, 163.
331. Алашорда, 1992. №3
332. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 1644 іс, 55 п. Всесоюзная перепись населения 1926г. Казахская АССР. М, 1929. С.18.
333. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т, 1666 іс., 12 п.
334. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т., 18 іс. 238 п.
335. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 18 іс. 239 п.
336. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 18 іс. 242 п.
337. ҚР ПМ. 141 қ., 1-т., 18 іс. 242 п; Тарих тағылымы не дейді? - Алматы. 1993, (7).
338. *Смағұл Сәдуақасұлы.* Таңдамалы. Т-2. Біріккен қазақ-монғол «Атхан». - Алматы. 1993. - 256б. (72).
339. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 18 іс. 243, 249 пп.
340. Нарымбаев Қ. Бізге де ортақ бұл тарих. // Ана тілі. 1992. 17 желтоқсан.
341. ҚР ОММ. 196 қ., 1 т., 199 іс. 199, 202 пп.
342. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 38 іс. 123 п.
343. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 38 іс, 561 п.
344. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 23 іс. 12 п.
345. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 680 іс., 40 п.
346. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 671 іс. 53 п.
347. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 680 іс. 17 п.
348. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2386 іс. 234 п.
349. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 680 іс. 37 п.
350. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1677 іс. 42 п.
351. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 680 іс. 28 п.
352. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 680 іс. 20 п.
353. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс. 21 п.
354. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2386 іс. 234 п.
355. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2386 іс. 135 п.
356. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 194 іс. 196 пп.
357. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 28 іс. 70 п.
358. Советская степь, 1931. 5 октябрь

359. Советская степь, 1931. 24 март. № 66
360. Бұл да сонда.
361. Советская степь, 1931. 24 март
362. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс. 48 п.
363. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс., 47 п.
364. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 5127 іс. 96 п.
365. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс. 49 п.
366. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс. 39 п.
367. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2886 іс. 135 п.
368. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2386 іс. 136 п.
369. ҚР ПМ. 2386 іс. 136 п.
370. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1666 іс. 145 п.
371. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2386 іс. 138 п.
372. ҚР ПМ. 2386 іс. 234 п.
373. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 5613 іс. 150, 151 пп.
374. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 5613 іс. 161 п.
375. ҚР ПМ. 5127 іс. 96 п.
376. ҚР ПМ. 680 іс. 41 п.
377. ҚР ПМ. 2963 іс. 73 п.
378. Еңбекші қазақ, 1922. № 297
379. Ленинский комсомол Казахстана в цифрах и фактах, 1921-1981. С.64, 77, 87, 101.
380. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2387 іс. 168 п.
381. ҚР ПМ 143 қ., 1 т. 1928 іс. 71-72 пп.
382. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2409 іс. 52 п; 1677 іс. 64 п.
383. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1677 іс. 63 п.
384. ҚР ПМ. 142 қ., 1 т. 398 іс.1-9 пп; VI съезд РЛКСМ стенодчет М-Л.: 1924. (10).
385. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Бүкіл қазақтық VII партия конференциясындағы есебінің материалдары 73,92,95-беттер.
386. Снова в культурный поход.//Советский степь. 1929. 26 сентября. Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937г.) В двух томах. Том 2.-Алматы: ТОО Казахстан, 1999. - 304с. С.145; Халыққа білім беру ісі туралы БК(б)П Директивалары мен Кеңес үкіметінің қаулылары, 2-ші кітап, 127-130 беттер.
387. ҚР ПМ. 143 қ., 1 т., 2152 іс. 22-23 пп.
388. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің өлкелік VI партия конференциясына берген есебінің материалдары. 191, 195-66; 141 қ., 1т. 1307 іс. 169-176 пп.
389. ҚР ПМ. 142 қ.,1 т. 398 іс.1-9 пп.; VI съезд РЛКСМ стенодчет М-Л.:1924. (18).

390. ҚР ПМ, 143 қ., 1 т. 671 іс. 20 п.
391. Лениншіл жас, 1929. 19 тамыз.
392. Лениншіл жас, 1929. 16 желтоқсан.
393. Қызыл Қазақстан. 1929, тамыз; Коллективизация сельского хозяйства Казахстана, ч.1 С.247-248.
394. Павлодар ОП комитетінің мұрағаты, 10 қ., 3 т. 6 іс. 6-8 пп.
395. ҚР ПМ. 143 қ., 1 т. 1314 іс. 7 п.
396. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2962 іс. 38-39 пп.
397. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2963 іс. 83 п; 2409 іс. 46п.
398. ҚР ПМ. 811 қ., 23 т. 186 іс. 102 п.
399. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2963 іс. 83 п.
400. ҚР ПМ. 811 қ., 20 т. 861 іс. 37п.
401. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1677 іс. 63 п; 811 қ., 20 т. 861 іс. 37 п.
402. Литературная газета, 1993. 13 октябрь.
403. Всеобщая Декларация прав человека.//Аргументы и факты. 1989. №49.
404. СОКП қарарлары, 3-том.(166).
405. Годы мужания. - Алма-Ата: 1970. 276 с.
406. ҚР ПМ. 139 қ., 1 т. 1264 іс. 34-36 пп.
407. Өлкелік комитеттің VI Бүкілқазақтық партия конференциясының есебі, - Қызылорда: 192. (115).
408. ҚР ОММ. 5 қ., 11 т. 214 іс., 19-22 пп.
409. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 3608 іс. 22 п.
410. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 3597 іс, 70 п.
411. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 3608 іс. 13 п.
412. Резолюция и постановление VII Всеказахстанской конференции. - Алма-Ата: Казгосиздат. 1930, 30с.
413. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2963 іс. 81 п.
414. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 4917 іс. 17 п.
415. ҚР ОММ. 81 қ., 3 т. 7 іс. 1 бума. 8 п.
416. ҚР ОММ, 5 қ., 11 т. 10 іс. 116 п.
417. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2339 іс. 91 п.
418. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2409 іс. 40 п.
419. О политики партии государства в области религии и ее последствиях в 30-40 годы. Труды Международной научно-практической конференции «Проблемы духовности и место религии в современном обществе» 2-т. С.115-117.Шымкент. 2001.
420. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2369 іс. 265 п.
421. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 1677 іс. 60 п.
422. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2612 іс. 54-55 п п.
423. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 5538 іс. 112 п.

424. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 3608 іс. 22 п.
425. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 5640 іс. 77,185 пп.
426. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 6304 іс.14 п.
427. ҚР ПМ.141 қ.,1 т.3607 іс. 1 п; 5646 іс. 63 п; 3593 іс. 35 п; 1 т. 4997 іс.6 п.; 5648 іс. 5, 6 пп.
428. ҚР ПМ. 141 қ. 1 т. 3607 іс.1 п.
429. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2737 іс. 4 п.
430. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 4911 іс. 53 п.
431. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2963 іс. 81 п.
432. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 3608 іс. 4-5 пп
433. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 5648 іс. 11 п.
434. ҚР ОММ. 30 қ., 6 т. 167 іс. 21 бума. 40,59 пп.
435. Бұқар жырау Қалқаманұлы шығармалары.- Алматы. 1992.(13).
436. Советская степь. 1926, 31 август.
437. Советская степь. 1926, 4 август.
438. Советская степь. 1926, 13 октябрь
439. Резолюция VIII Джетысуйской губернской партконференции ВКП(б) А.,1927. С. 17.
440. ҚР ОММ. 719 қ., 1 т. 1047 іс. 2 п.
441. ҚР ОММ. 719 қ., 966 іс. 47-51, 52,60, 63 пп.
442. Советская степь. 1928. 22 май.
443. *Қайыпназаров М.* Қазақстанға 10 жыл немесе БК(б)П Қазақ ұйымының кейбір сәттері. А., 1930, Б.45
444. *Қайыпназаров М.* Қазақстанға 10 жыл немесе БК(б)П Қазақ ұйымының кейбір сәттері. А., 1930, Б.45
445. *Елмурзаева Р.С.* Жизнь и деятельность С.Садвакасова. Дисс. На соиск. уч.ст. к.и.н -Алматы. 1997. (174-175).
446. ҚРПМ. 811 қ. 12 т. 58 іс. 42 п.
447. ҚРПМ 141 қ., 1 т. 10 іс. 2 п.
448. О прошлом-для будущего: (Некоторые актуальные проблемы истории Компартии Казахстана в свете гласности)-Алматы, 1990. С. 256.(176)
449. ҚР ПМ. 811 қ., 12 т. 32 іс. 37-38 пп.
450. ҚР ПМ, 811 қ., 12 т. 58 іс. 43 п.
451. ҚР ПМ. 811 қ.,12 т. 58 іс. 45 п.
452. Советская степь. 1926. 17 мая; Еңбекші қазақ. 1926. 9 июля; Из прошлого о казахской интеллигенции Рыскулов Т.Р. Избранные труды. -Алматы: 1984 с.148-153; ҚР ПМ. 708 қ. 708 т. 110 іс. 37-38 пп.; Ордалы Қоңыратбаев Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі.- Қазақстан, 1994. 448 б.

453. ҚРПМ. 811 қ., 8 т. 962 іс. 28 п.
454. Рыскулов Т. Собрание сочинений в 3-х томах. Т.3-Алматы: Казахстан. 1998. 444с. (424), (356-357).
455. Казахстанская правда. 1933, 3 октября; Қойгелдиев М. Ақтауы емес, ақиқаты осы. Т. Рысқұловтың Мирзоянға хаты. // Қазақстан коммунисті. 1991. №8, 31б.
456. ҚР ПМ. 811 қ., 20 т. 660 іс. 108 п.
457. Қызыл Қазақстан. 1929, № 4, Б.44; Очерки истории Коммунистической партии Казахстана, с.20б.
458. ҚР ПМ. 811 қ., 8 т. 962 іс. 26 п.
459. Еңбекші қазақ 1929. 16 қыркүйек.
460. Еңбекші қазақ. 1929. 8 қаңтар.
461. Советская степь, 1927. 22 ноябрь.
462. ҚР ПМ. 811 қ., 20 т. 646 іс. 105 п; 811 қ., 8 т. 962 іс. 26 п.
463. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2958 іс. 2 п.
464. ҚРПМ. 141 қ., 1-т. 1129-іс, 86-87пп.
465. ҚРПМ. 141 қ., 1 т. 1129 іс. 87 п.
466. Еңбекші қазақ, 1929. 16 қыркүйек
467. Қамзабекұлы Д., Смағұл Садуақасұлы. Тарихи тұлғалар. - Алматы: Қазақстан. 1996. 256 б. (245).
468. Тарих тағылымы не дейді.-А.:1993.(59).; 141 қ.,1 т. 485 іс. 25-26 пп.
469. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті. 1992. (37).
470. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы. // Егеменді Қазақстан, 1992. 27 маусым
471. Большевик Казахстана. 1932, № 5. С.24
472. ҚР ПМ, 811 қ., 27 т. 108 іс. 196 п.
473. ҚР ПМ 141 қ., 1 т. 1450 іс. 220 п.
474. Мәліметтер аталған мұрағаттан есептелініп алынды: 141 қ., 2413 іс. 20 п; 3262 іс. 20 п.
475. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2413 іс. 21 п.
476. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2431 іс. 12-13 пп; 3236 іс. 62 п.
477. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2388 іс: 490 п.
478. Мәліметтер аталған мұрағаттан есептелініп алынды: 141 қ., 1 т. 2431 іс. 12-13 пп.
479. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т., 2951 іс. 5 п.
480. Қозыбақова Ф., Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптардың» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы және салдары. (1928-1933ж.ж.) Тарих ғыл. канд. дисс...авторерефераты. - Алматы. 1997. 25б.(21);

481. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 5 п.
482. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы, Егемен Қазақстан. 1992. 22 желтоқсан.
483. *Төлепбаев Б., Осипов В.*, Тарихи шындық тұрғысынан. // Социалистік Қазақстан, 1989. 14 қаңтар.
484. ҚР ОММ. 135 қ., 23 іс. 80, 90 пп.
485. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 2951 іс. 6 п; 3234 іс. 90 п
486. ҚР ПМ, 141 қ., 1 т. 2951 іс. 3,7,23 пп.
487. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 3,23 пп.
488. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 5 п.
489. ҚР ПМ 141 қ., 1 т., 2951 іс. 5 п.
490. *Сейсен Мұқтарұлы*. Кәмпеске.1997. 283-б.
491. *Сейсен Мұқтарұлы*. Кәмпеске.1997. 283-б.
492. ҚР ПМ, 141-қ. 1-т. 2951-іс.3-п.
493. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 3, 23 пп
494. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 3, 23 пп.
495. Нәубет. Асырмай да жасырмай айтылар шындық. – Алматы Жалын: 1990, 94 б.
496. История советского крестьянства, 2-т. 224 б.
497. *Омарбеков Т.* Қазақ шаруаларын жекеменшік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы. Доктор. дисс. қолжазбасы. – Алматы: 1994-85 б.
498. История для всех об охвате в колхозы.// Индустриальная Караганда. 1989. 2 июня.
499. Егемен Қазақстан, 1992. 30 мамыр.; История Казахстана. Алматы. 1993. С.308
500. *Конквест Р.* Большой террор, 1-том. Рига. Изд. «Ракстникс» 991, с.61-63.
501. ҚР ОММ. 1380 қ., 2 т. 297 іс.16 п; ҚРПМ. 141қ., 1 т. 2951 іс. 4п.
502. ҚР ПМ. 141 қ., 1 т. 2951 іс. 6 п.
503. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын.//Қазақ әдебиеті. 1998. 20 қаңтар
504. *Мұстафа Шоқай*. Таңдамалы. -Алматы:Қайнар-Т.2-1999-520б. (8).
505. Большевик Казахстана. 1932, № 5. С.24
506. Қазақ әдебиеті, 1995. 5 қыркүйек; Атырау. 1992. 18 желтоқсан.
507. Советская степь. 1928. 17 октябрь
508. Октябрь журналы №1. 1988ж.
509. Комсомольская правда, 1989г. 6 октябрь, № 279.

510. «Прогресс», М. 1967 ж.
511. Зекен Темірғалиұлы соғыс ардагері. Азат. 2005ж. 11 мамыр.
512. М. Тәтімов. Қазақ әлемі. А. 1993, 55-б
513. Қазақстан тарихы. Ақтандақтар. А., 1991,226-б.
514. «Комсомольская правда», 1991г, 19 февраль.
515. «Казахстанская правда», 1992г,19 декабрь.
516. «Казахстанская правда», 1993г.,19 апрель.
517. *Нәубет*. Публицистикалық ой-толғаулар. Алматы, «Жалын», 1990. 145-б.
518. Күрделі заманның қайсар қайраткері. Астана-2002. - 13-21бб.; Қазақ жерінің зиялы азаматтары. Дәуір. - А. 2002.
519. «Өтті дәурен осылай». Д.А.Қонаев. 112 бет.
520. Ф.33, оп.686044, д.4689 л.300
521. ҚР ОММ. 698-қор, 14-тізбе, 293-іс,59-парақ.
522. ҚР ОММ. 125а-іс, оп.22, 1137-фонд. 107-109 пп. 1 маусым 1955 жыл.
523. М. М. Ерімбетов. АЗАТ газеті. 30 наурыз 2005 ж.
524. М. М. Ерімбетов. АЗАТ газеті. 30 наурыз 2005 жыл.
525. В. Козлов. Национальности СССР. М: 1983г.
526. «Жұлдыз», 1997ж. №4; «Ана тілі», 2003, 9 қаңтар №1.
527. Кәрішал Асан Ата. Шынжырда өткен жолбарыс...Алматы: «Үш Қиян», 2004. 79,126-беттер.; Егемен Қазақстан 8.04.1995.
528. Экономика Казахстана за 60 лет (1917-1977гг.) А., 1977, 69-б.
529. Учебное пособие по Истории Казахстана с древнейших времен да наших дней. Под. Рук. М.Козыбаева. Алматы. 1992 с.142.
530. «У истоков исторической науки».«Общественная позиция» №31, 08 сентября 2010 г.
531. Ақиқат, 1998, № 6. 84-86 беттер; // Егемен Қазақстан. 1996, 21 маусым; «Известия», № 274, 3 қазан 1990 жыл.
532. К.Көбейсінов «Нарын қасірет» Атамекен. 1993ж. 24 көкек. №8.
533. «Комсомольская правда», 1992, 19 қыркүйек.
534. Бюллетень Международного конгресса: «Избиратели мира против ядерного оружия» А., 1990, 14-26 мамыр.
535. «Известия», № 274, 3 қазан 1990 жыл.
536. «Аргументы и факты», 1991, №21.
537. М.Қ. Қозыбаев. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, «Қазақ университеті», 1992. 250-252 беттер.
538. Н.С.Хрущев. СССР-дегі коммунизм құрылысы және ауыл шаруашылығының дамуы. Алматы, 1963, V-том 203-бет.

539. «Халық кеңесі», 1994, 1 наурыз.
540. *М.Тәтімов*. Қазақ әлемі. А., 1993, 19-б.
541. «Егемен Қазақстан», 1992, 4 желтоқсан.
542. Қазақстан тарихы. Очерктер. А., 1994. 376-б.
543. Бұл да сонда, 147 б.
544. Азат, 2003ж. 3 қыркүйек
545. Лениншіл жас. 1990 жыл 4 қыркүйек. №170
546. Азат. 2006 жыл №6. 16 ақпан,
547. *Ә.Әбдәкімұлы*. Қазақстан тарихы. (ерте дәуірден бүгінге дейін) Алматы-Республикалық баспа кабинеті. 1997. -328-330-бет.
548. Сонда, 328-346-бет.
549. *М. Әуезов*. Қытайдың басты тірегі. Ақжол Қазақстан. 17 маусым, 2005 ж.
550. *М.Асылбек*. Егемен Қазақстан, 28 қыркүйек 2005 ж.
551. *Марко Поло*. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері. Антологиясы кітабынан. А., Рауан. 1994. 220-бет.
552. *А.Вамберидің* «Орта Азия очерктері» (М., 1868), «Орта Азияға саяхат» (СПб...1865) 224-бет.
553. *К.Есмағанбетов*. Қазақтар шет ел әдебиетінде. Алматы, 1994. 36.
554. *К.Есмағанбетов*. Көне Қазақстанды көргендер. Алматы. 1979.
555. *К.Есмағанбетов*. Действительность и фальсификация: Англо-американская историография о Казахстане. Алматы 1976, Что писали о нас на Западе. Алматы, 1994.
556. *Реклю Элизе*. “Арал-Каспий көлбеуін мекендеуші халықтар” 121, 132-133 бб.
557. *А. Марков*. Ақтар қозғалысының энциклопедиясы: көсемдер, партиялар, майдандар, жорықтар және Ресейдегі Кеңес өкіметіне қарсы жалпы Гувер институтының архиві. Стенфорд университеті.
558. *Ә.Әбдәкімұлы*. Қазақстан тарихы. (ерте дәуірден бүгінге дейін) Алматы-Республикалық баспа кабинеті. 1997. -371-бет.
- Аталған оқулықты жазу барысында Т.Омарбековтың, Ж.Қасымбаевтың, М.Қозыбаевтың, Ә.Әбдәкімұлының, С.Мұқтарұлының, Д.Жамбыловтың еңбектеріндегі кейбір деректер пайдаланылды.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Кіріспе	5

І-БӨЛІМ

XX ғасырдың басындағы Қазақ елі

1-тақырып.

XX ғасырдың басындағы Ресей империясының құрамындағы Қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайы

1.1. XX ғасырдың басындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық ахуалы. Қоныстандыру саясаты	10
2.1. Қазақ елі 1905-1907 жылдардағы орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде	15
3.1. Қазақ халқын азат ету жолында күрескен Ұлт зиялылары. Думаға сайланған қазақтар	20

2- тақырып.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары мен ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңіндегі және одан кейінгі Қазақ елі

1.2. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақ елі. 1916 жылғы халық көтерілісі оның ошақтары	36
2.2. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қос өкімет жағдайындағы Қазақ елі. «Алаш» және «Үш жүз» партияларының құрылуы	46
3.2. XX ғасырдың басындағы Қазақ мәдениеті мен оқу ағартуы	52

II-БӨЛІМ

Қазақстан КСРО құрамында. Тоталитарлық жүйенің қалыптасуы

3-тақырып.

1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісі.

Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы және азамат соғысы

1.3. Кеңес үкіметінің елдегі жүргізген алғашқы саяси шаралары. Жалпықазақтық екінші съезд. Алаш Орданың құрылуы	68
2.3. Қазақстанның азамат соғысына тартылуы. «Әскери коммунизм» саясаты. /1918-1920жж/	73

3.3. Автономиялық Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы (ҚазАКСР). Қазақ жерлерінің ҚАКСР - ің құрамына бірігуі.....	77
4.3. Жаңа экономикалық саясат. (ЖЭС). 1921 жылғы ашаршылық, Жер-су реформасы	84
5.3. КСРО-ның құрылуы. Орталық Азияның ұлттық-мемлекеттік межеленуі	87

4-тақырып.

**20 жылдардың II-ші жартысы мен
30 - жылдардағы Қазақстан**

1.4. Қазақстанда жүргізілген «Кіші Қазан» бағыты және ауылды жаппай кеңестендіру	90
2.4. Дәстүрлі шаруашылықты жаппай күштеп ұжымдастыру. Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, жерге орналастыру саясаты. Ірі қазақ байларын тәркілеу	118
3.4. Индустрияландырудың Кеңестік нұсқасы. Түріксіб.	175
4.4. Ауылдың таптық жіктелуі. Ашаршылық нәубеті	192
5.4. Мәдени құрылысты идеологияландыру және байырғыландыру (коренизация) саясаты.....	212
6.4. «Интернационализм» негізінде жүргізілген ұлт саясаты....	250
7.4. Комсомол-жастар мен әйелдер арасындағы саяси жұмыстар	272
8.4. Тоталитарлық жүйенің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы. Оппозицияны саяси «ауытқушылыққа» айыптау науқандары. Бұқара және оның саяси құқығы.....	290

5-тақырып.

Қазақстан Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі бейбіт өмірге көшу жылдарында /1941-1950жж./

1.5. Фашизмнің жандануы. Қазақстандықтардың майданға аттануы және олардың қаһармандық ерліктері	329
2.5. Республика экономикасын майдан мүддесіне бейімдеп қайта құру. Халықтың тылдағы ерен ерлігі.....	339
3.5. Соғыс жылдарында қуғын-сүргінге (репрессияға) ұшыраған халықтардың Қазақстанға көшірілуі. Депортация. Сталиндік лагелер.....	341
4.5. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның халық шаруашылығы, қоғамдық өмірінде жүргізілген саяси-идеологиялық науқандар. Жұмабай Шаяхметов-мемлекет қайраткері.....	351

III - БӨЛІМ
Қазақстан әміршіл-әкімшіл жүйенің
күшейген кезеңінде

6-тақырып.

Басшылықта волонтаризм мен субъективизм
кеулеген «жылымық» жылдардағы Қазақстан. /1950 -70жж/

- 1.6. Бейбіт өмірге көшу кезеңіндегі қоғамдағы саяси қарама-қайшылықтар. Орталықтың озбыр саясаты-Қазақ жерлерінің Өзбекстанға берілуі. «Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі облыстардың тағдыры» 360
Мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшенов (1915-1986ж)
- 2.6. Елдің экономикасын басқарудағы жаңа тәсілдер. 1962-1965жж. шаруашылық реформалары. «Қырғи қабақ» соғыс жылдарындағы Қазақстан. Ядролық полигондар 378
- 3.6. Ауылшаруашылығындағы қиындықтар. Тың эпопеясының күнгейі мен қолаңы: шындығы мен шырғалаңы..... 387
- 4.6. Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықтар..... 398

IV-БӨЛІМ

«Кемелденген социализм» қағидасының тұйыққа тірелуі.
Қазақстан әміршіл-әкімшіл жүйенің күйреу кезеңінде

7-тақырып.

«Тоқырау» құбылысының ұлғайған кезеңіндегі
Қазақстан. /1971-1985жж./

- 1.7. Республика экономикасының дамуындағы қайшылықтар..... 402
- 2.7. Қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі сәйкессіздік. Ғылым мен мәдениет саласындағы көзбояушылықтың тереңдеуі. Космополиттік бағыттар. «Кемелденген социализм» қағидасының тұйыққа тірелуі..... 406
- 3.7. Ауған соғысы және оның зардаптары..... 413

8-тақырып.

Қазақстан қайта құру мен демократия жолында
/1985-1991жж./

- 1.8. «Қайта құру» кезеңіндегі республиканың саяси-қоғамдық өміріндегі өзгерістер. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Дінмұхамед Қонаев – мемлекет қайраткері..... 415

- 2.8. Республикадағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар..... 431
- 3.8. Демократиялық қатынастардың дамуы.
Саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуы.
«ҚазКСР-нің Тілдер туралы заңның» қабылдануы 432

V - БӨЛІМ

Қазақстан Тәуелсіз мемлекет

9-тақырып.

Қазақстанның тәуелсіздік тұғыры

- 1.9. КСРО-ның ыдырауы. Қазақстанның ішкі саясаты.
Елдегі демократиялық қадамдар. Мемлекеттік рәміздер... 440
- 2.9. Қазақстан Республикасының Егемен ел жағдайындағы
әлеуметтік - экономикалық ахуалы.
Нарықтық қатынастарға көшу.
Нұрсұлтан Назарбаев - елдің тұңғыш Президенті 463
- 3.9. Тәуелсіз Қазақстан жүргізген сыртқы саясат және елдегі
демографиялық өзгерістер 469
- 4.9. Шет ел ғалымдары қазақтар туралы 476
Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:.....488

Қадірлі оқырман! Аталған кітап туралы пікірлеріңіз болса мына телефон арқылы хабарласуларыңызға болады. Алматы қаласы, **2-92-38-38**

Есенғазы Қуандық

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Басуға 08.08.12. қол қойылды. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі “Таймс” Пішімі 84x108/32. Офсеттік басылыс.
Баспа табағы 32,0 Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 857.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru